

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Әдістемелік құрал

Астана 2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 15 маусым № 7 хаттама)

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 608 б.

Әдістемелік құралда жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын инклюзивті білім беру жағдайына бейімдеудің ерекшеліктері қарастырылған, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018.
Национальная академия
образования им. И.Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім беру саласында бірқатар жаңалықтардың пайда болуына себепші болды. Олардың арасында барлық білім беру процесіне қатысушылардың психофизикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, оларды мектеп өміріне қосумен байланысты жаңалықтарды атап көрсету керек, бұл инклюзивті білім беру мәселелерінде әкімшілік пен педагогтардың кәсібилігі мен құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. Егер білім беруді инклюзия призмасы арқылы қарастыратын болсақ, онда бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала проблема болып табылады деген түсінікті білім беру жүйесінің өзі өзгерістерге мұқтаж деген түсінікке өзгерту қажет екенін білдіреді.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік құқықтық базасы білім беру ортасын білім алушының жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтамасыз ететін, педагогикалық әдісті ескере отырып, олардың тұратын жері бойынша барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделеді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңында (2017 жылғы 11 шілдедегі №91-VI өзгерістермен және толықтырулармен) «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині ауыстырылды және мынадай анықтама енгізілді: «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» (21-4) тармақ). Бұдан әрі 1-баптың 21-5-тармағымен «инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ұғымы енгізілді. 8-бапта «мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз ететіні» айтылған.

Осылайша, Қазақстанда инклюзивті білім беру Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1] басымдықтарының бірі болды, онда «2020 жылға инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі 70% құрауы тиіс» деген міндет тұжырымдалған.

Біздің елімізде инклюзивті білім беруді дамыту процесі жүйелі және қисынды кезеңдерден өтуде. Әлемдік практиканың теориялық және практикалық тәжірибесі мен еліміздің арнайы мектептері тәжірибесінің негізінде жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу қызметтері командалары құрылды. Арнайы сыныптар ашу ерекше қажеттіліктері мектеп оқушыларын жалпы білім беретін процеске қосу және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің

ұйымдастырушылық негіздерін іріктеуге мүмкіндік берді. Әдіснамалық қамтамасыз ету, бағалау, инклюзивті білім берудегі аттестаттау сияқты маңызды мәселелер де одан әрі дамыту үшін зерделенеді және қайта қаралады.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту проблемасы өзектілердің бірі болып табылады. Маңызды аспекті өзгерістердің анықтамасы болып табылады, оның сапасын қамтамасыз ету үшін оларды білім беру ортасында жүзеге асыру керек, өйткені ол ортаға барлық қатысушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының қосылуына байланысты. Инклюзивті құндылықтарды қабылдау барлық педагогикалық процеске қатысушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта арнайы білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру саласында үлкен ғылыми-әдістемелік әлеует жинақталған. Онымен қоса мамандандырылған мектептерде нәтижелі тәжірибе бар. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге белсенді қосылуда.

Бұл бағыттағы көп жылғы тәжірибе еліміздің жалпы білім беретін мектептеріндегі мұғалімдерге жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға кірісуге мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер үшін қолданыстағы білім беру бағдарламалары инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі бойынша және барлық білім беру процесінің субъектілерін, негізі инклюзивті мәдениет, саясат пен практика болатын, қосушы ортаны дамытуға дайындауды жүзеге асыру бойынша өте бағалы ресурс болып табылады.

Қызмет процесінде «қосушы» инклюзивті ортаны құру жүйесін мақсатқа сай конструкциялауға мүмкіндік беретін, жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді дамыту үшін жеке (бейімделген) білім беру бағдарламаларын құру проблемасы өзекті.

Осы әдістемелік құралдың мақсаты шет елдердің тәжірибесі негізінде, сондай-ақ біздің еліміздің арнайы білім беру ұйымдарының педагогтары жинақтаған тәжірибенің негізінде мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру процесін ұйымдастыру үшін жеке (бейімделген) жоспарлар мен бағдарламалар жасауды ұсыну болып табылады. Өзірleme білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына мектеп ортасында «жалпыға бірдей білім беру» принципін іске асыруда пәрменді практикалық көмек көрсетуге арналған.

I. Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу ерекшеліктері

Қоғамдық құбылыстардың аясындағы білім беру еңбір көп қырлы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл саланың дамуын, келешегін зерттеу инклюзивтік білім беру аясының туындау, қалыптасу және жетілуіне дайындықты қалыптастыру жолын ретроспективтік-тарихи талдаудың қажеттілігін білдіреді. Бір жағынан педагогиканың өткен тарихи кезеңдері туралы білімсіз мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу тарихын түсіну және түсіндіру мүмкін емес. Бір жағынан, білім беру жүйесін дамыту тарихы бойындағы жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, білім беру жүйесінің даму келешегін негіздей отырып болжау қажет, соған орай қоғамның заманауи талаптарына сәйкес бұл жүйені қайтадан құру жолын жасау қажет.

Білім беру жүйесі қоғамның мәдени нормасы мен бағдарының құндылығы бейнеленетін және жүзеге асырылатын ерекше түрі ретінде туындайтын және дамитын мемлекеттік институт болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінің әрбір кезеңі бүтіндей қоғам дамуының тарихи кезеңдеріне тәуелді болады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды кез келген тарихи дәуірдегі қолдау тәсілдемесі, ең алдымен сол кездегі қоғамның бұл адамдарға деген көзқарасын бейнелейді. Бірнеше жүздеген жылдар бойы болып жатқан өзгерістер негізінен әлемнің көптеген елдері үшін ортақ құбылыс болып табылады. Шетелдік ғылыми жұмыстарды талдау Еуропа елдері мен АҚШ-тағы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген қоғамның басым көзқарасын барынша ашық бейнелейтін кезеңдерді ерекшелеуге мүмкіндік береді.

Қоғамның мүмкіндіктері шектеулі балаларға деген қатынасы көптеген факторларға: елдің әлеуметтік-экономикалық құрылысына, осы балаларға қатысты мемлекеттің саясатына, білім беру саласындағы заңнамалардың мазмұнына, ғылымның жағдайына, сондай-ақ нақты қоғамның мәдени және діни ерекшеліктеріне тәуелді болады [2].

Еуропа елдері мен АҚШ-тағы инклюзивтік білім берудің бар тұжырымдамаларын зерттеуді екі аспектіде жүргізген тиімді болады: философиялық және аналитикалық, себебі зерттеудің бұл түрі кез келген әлеуметтік саладағы қанадай да болмасын бір әлеуметтік құбылыстың қалыптасу тарихын есепке алып қана қоймайды, сонымен бірге осы құбылыстың ары қарайғы дамуы мен пайда болуын дайындайтын қоғамның философиялық түсінігінің жетілуін көрсетеді. Оқушылардың жетістіктерін жақсарта отырып, мектептің оқу жоспарын енгізу (мысал).

Литва мектептерінің жалпы оқу жоспарларында оқушының оқу жоспарларына және қолайлы білім беру ортасын құруға аса маңызды назар аударылады. Білім беруде көмек ұсыну және оқушылардың жетістіктері мен прогресін бағалау процесінде мыналарға назар бөлінеді:

- оқушының тұлғасын тәрбиелеу;

- оның белсенді рөлі және оқу процесіндегі саналылығы;
- білім берудегі көмек;
- маңызды өмірлік құзыреттерді тәрбиелеу.

Оқушының жеке жетістіктері (ОЖЖ) жүйесін құру белгілі кезеңдерден өтеді:

I кезең – оқушыға көмек моделі;

II кезең – сынып «термометрі»;

III кезең – ОЖЖ жүйесі;

IV кезең – оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау.

Бұл ретте барлық кезеңдерде оқушыға қиындықтарды жеңуге көмектесу қажет. Бірінші кезеңде педагогтар мен мамандардың ынтымақтастығы келісілген тәсілдермен балаға көрсетілетін жеке көмекті айқындауға мүмкіндік береді. Ортақ құзыреттерді қалыптастыру жүйелі қадағалау мен икемді көмектің (оқып үйрену, әлеуметтік, тұлғалық және т.б.) негізінде өтеді.

Барлық осы іс-әрекеттер талдау жүргізуді және алдағы жұмысты айқындауды талап етеді. Бұл тек командалық жұмыс кезінде ғана мүмкін. Екінші кезеңде сыныпта орын алған жағдайды түсіну үшін өз алдына ерекше «сынып» термометрін» құру пәрменді көмек көрсетеді.

«Сынып» термометрі» деген не?

- Айына бір рет, сынып жиналысы кезінде өткізіледі;
- Өзін-өзі бағалау және құпиялылық;
- Нәтижелерді талдау, пікірталастар, оқушыларды шешімдер қабылдауға тарту;
- Әлеуметтік педагогпен, басқа да әріптестермен ынтымақтастық;
- Өзгерістерді қадағалау мүмкіндігі;
- Ата-аналар жиналыстары, сынып жиналыстары кезінде ата-аналармен әңгімелесулер үшін тең түпнұсқалық материал.

4-кестеде «Сынып» термометріне» мысал келтірілген.

- Оқушының өзін-өзі баллмен бағалауы: 0 – ешқашан, 1 – сирек, 2 – жиі, 3 – өте жиі

4-кесте

№	Тұжырымдар	Баға
1	Мектеп өміріне белсенді қатысамын	
2	Сыныпта өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	
3	Менің сыныпта достарым бар	
4	Сыныптастарым маған көмектеседі және қолдайды	
5	Мен барлық сыныптастарымды қабылдаймын	
6	Сыныпта ұнамсыз және шеттетілген оқушылар жоқ	
7	Мен өз сыныптастарыма көмектесемін	
8	Менің сынып жетекшім мейірімді	
9	Мен сабақ үстінде ынтымақпен жұмыс істеймін	
10	Мұғалімдер сабақтарды жақсы түсіндіреді	
11	Сабақ үстінде мен ешкімге кедергі келтірмеймін	
12	Мектепке сабақтарға дайындалып келемін	

13	Мен не үшін баға алатынымды білемін	
14	Үйде менде оқу және демалу үшін барлық жағдайлар бар	
15	Үйде мені әрқашан тыңдап алады	
16	Маған менің мектебім ұнайды	
17	Мектепте өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	
18	Маған сыныптан тыс жұмыс ұнайды	
19	Маған мектеп ортасы ұнайды	
20	Мен мектеп мүлкіне ұқыппен қараймын	

Бұдан әрі оқушының жеке жетістіктерін айқындау үшін сұрақтарға жауаптар алу қажет (ОЖЖ жүйесі):

- Оқушының жеке поргресін біз қайдан көріп тұрмыз?
- Оқушы туралы ойлап, біз неге қуаныштымыз?
- Оқуда қиындықтар сезінетін оқушы туралы ойлағанда, сөйтсе де бізді не қанағаттандыратынын ойлаңыздар. Оны не үшін мақтауға болады және бұл оған қалай әсер етті?


ОЖЖ жүйесі мынадай басты мақсаттарды көздейді:

1. Өзінің жеке жетістіктері мен ілгерілеуін бағалауы, не қолынан келеді және неге ұмтылу керектігін түсінуі бойынша әр оқушының іс-әрекеттерін көтермелеу.
2. Сабақтарда да, сыныптан тыс қызметте де оның жалпы құзыреттерін дамыта отырып, әр оқушының жеке ілерілуіне талдау жүргізу үшін мұғалімге жағдай жасау.

Оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау мыналарды қамтиды:

- Әрбір мұғалім әр оқушының ілерілеуін тіркеп отырады;
- Айына бір рет әр оқушы өзінің ілерілеуін баллмен бағалайды және рефлексиясын жазып отырады;
- Семестрде бір рет мұғалімдер кеңесі ұйымдастырылады, онда әр оқушының жағдайы талқыланады;
- Бұл деректер жеке көмек үшін және мектептегі кедергілерді жеңу үшін пайдаланылады.

Төмендегі сызбада (1-сурет) жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұны ұсынылған.



1-сурет. Жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұнының сызбасы. *Қадағалау жүргізілетін өзгерістер:* Өзінің оқуына саналы және жауапты қарауды қалыптастыру;


- Оқушылардың жетістіктері мен ілгерілеуі;
- Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық;
- Мұғалімдер мен мамандар арасындағы ынтымақтастық;
- Оқушылармен және ата-аналармен жауапкершілікті бөлісу;
- Мұғалімдерді кәсіби дамыту (өз практикасынан тәжірибе алу).

Келесі кезеңмен педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық аспектілерде баланың арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және арнайы білім беруді тағайындау тәртібі айқындалады. Оны Литваның Білім және ғылым министрлігі заңнамалық деңгейде регламенттейді.

Мақсаты оқыту кезінде көмекке және көрсетілетін қызметтерге баланың қажеттілік деңгейін және оқу бағдарламасын тиісінше бейімдеу үшін ұсынымдарды айқындау; педагогикалық-психологиялық қызметтер, техникалық құралдар, оқыту кезінде балаға оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында оқыту ортасын өзгерту арқылы білім беруде қолдау көрсету болып табылады.

Бағалауды:

- Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК);
- Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі;
- Саңыраулар мен нашар еститіндер орталығы;
- Зағиптар мен нашар көретіндер орталығы;
- Білім және ғылым министрлігінің жанындағы арнайы педагогика және психология орталығы жүзеге асырады.



2-сурет. Үш деңгейлі педагогикалық-психологиялық қолдау моделі
 Үш деңгейлі педагогикалық-психологиялық қолдау моделі сызбада (2-сурет) көрсетілген

I-ші деңгей. Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК) жақын айналасында баланы бастапқы арнайы білім беру және психологиялық қолдау үшін, мұғалімді әдістемелік қолдау үшін, психологиялық қолдау және мектеп қауымдастығы мен отбасыларға білім беру іс-шараларын өткізу үшін құрылады.

Комиссияның мақсаты – мамандардың қажетті білім беру қызметтерін көрсетуі бойынша алдын ала жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. Комиссияның жұмысы Литваның Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен регламенттелген.

Комиссияның құрамына: оқу орнының басшысы (немесе басшының орынбасары), әлеуметтік педагог, психолог, арнайы педагог, логопед, сынып жетекшілері, мұғалімдер/тәрбиешілер кіреді. Сонымен қатар комиссияның құрамына оқушы мен ата-аналар, жергілікті қауым өкілдері, басқа да мүдделі тұлғалар (егер қажет болса) кіреді.

Комиссияның функциялары:

- Балалардың мектептегі амандығына ықпал ететін барлық аспектілерге талдау жасайды (ортаның қауіпсіздігі, мектеп қауымдастығы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың сапасы және т.б.);
- Мектепте жағымды микроклимат құруға қамқорлық жасайды;
- Әр баланың табысты дамуы үшін қолайлы орта құруға бағытталған алдын ала іс-шаралардың өткізілуін үйлестіреді;
- Балалардың амандығына байланысты мәселелер бойынша мектеп ұжымын оқытады;
- Педагогтардың біліктілігін арттыруды жүргізу үшін қажетті тақырыптарды ұсынады;
- Ата-аналардың рұқсатын алып, дамуында бұзылулары бар, оқуда қиындықтарды сезінетін балалардың ӘҚЖ-сын бастапқы бағалауды жүзеге асырады;

- Оқушының ӘҚЖ-сын өте жақсы қанағаттандыру мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар береді;
- Ата-аналарға ППҚ-да кеңес алуды және т.б. ұсынады;
- Балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырады және үйлестіреді, оның мазмұны мен формасы туралы ата-аналармен және мұғалімдермен кеңеседі;
- ӘҚЖ бар балалар үшін оқыту бағдарламасын өзгертуді ұйымдастырады және үйлестіреді.

II-ші деңгей. *Муниципалдық деңгейдегі педагогикалық және психологиялық қызметтер* жағдайдың күрделі болуына байланысты мектептегі БАК оны қамтамасыз ете алмаған немесе Комиссияда мамандар жеткіліксіз болған жағдайда арнайы білім беру және психологиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі (ППҚ).

Қызметтің құрамына: арнайы педагог, логопед, психолог, балалар неврологы, элеуметтік педагог және қызмет басшысы (директор) кіреді. ППҚ-ның тағайындалуы – балалардың ӘҚЖ-сын бағалау, арнайы педагогикалық көмек пен балаларға білім беру қызметтерін ұсыну.

Психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) функциялары:

- оқыту, мінез-құлық, қарым-қатынас саласындағы қиындықтарды; жеке тұлғалық сипаттағы проблемаларды; мектептік кәмелет деңгейін және т.б. бағалайды.
- 21 жасқа дейінгі адамдарға психологиялық, элеуметтік-педагогикалық, арнайы педагогикалық көмек көрсетеді;
- ата-аналарға, мектептерге, педагогтарға ақпараттық, сарапшылық және консультативтік көмек көрсетеді;
- қажетті мамандары жоқ мектептерге психологиялық, элеуметтік-педагогикалық және арнайы педагогикалық көмек ұйымдастырады және көрсетеді.

III-ші деңгей. *Ерекше қажеттіліктерге арналған ұлттық білім беру және арнайы педагогика және психология орталығы (НҚОСПП).*

Орталықтың мақсаты білім беруді қолдау стратегиясын ұлттық деңгейде жылжыту және іске асыруға көмектесу болып табылады.

НҚОСПП негізгі функциялары:

- Арнайы педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесінің 1-ші және 2-ші деңгейлерін үйлестіру;
- ППҚ мамандары үшін оқу бағдарламаларын қалыптастыру;
- ППҚ-ны әдістемелік қолдау;
- ППҚ мамандарын сертификаттау;
- Оқулықтарды бейімдеуді бағалау;

Арнайы білім беруді және білім беруде қолдауды қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) басшысы тағайындайды. Білім беруде қолдауды мектеп деңгейінде мектеп басшысы тағайындайды. Мысалы: Егер бала мектепке бармаса, онда ата-аналар ППҚ-ға жүгінеді. ППҚ бағалау жүргізеді. Содан кейін ППҚ арнайы оқыту немесе білім беру ортасын тағайындайды.

Егер бала мектепке (б/б) барып жүрсе, онда мұғалім бақылау формасын (б/б) немесе сауалнама (мк) толтырады. Мұғалім мектептегі бала амандығы комиссиясына жүгінеді. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, бағалау жүргізеді.


Егер комиссия білім беруде оқушыға қолдау көрсету қажет деп анықтаса, онда комиссия қызметке жүгінеді. Қызмет басшысы баланы ерекше қажеттіліктерді (ЕК) қолдауға арналған тізімге қосу туралы құжатқа қол қояды. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, ерекше қажеттіліктерді қолдауды ұсыну туралы анықтама толтырады. Комиссияның шешімінде оқыту бағдарламасын оқушыға бейімдеу қажеттігі туралы қорытынды қамтылуы тиіс. Ата-аналардың келісімі қажетті шарт болып табылады, осыдан кейін ғана комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін анықтау үшін қызметке жүгінеді, оларды да ата-аналармен және мұғалімдермен талқылайды. Жоғарыда сипатталған кезеңдерден өткеннен кейін ғана комиссия арнайы немесе ерекше қажеттіліктер туралы қорытынды шығарады.

Егер оқушының есту қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Саңырау және нашар еститін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті. Егер оқушының көру қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Зағип және нашар көретін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті.

Қайта бағалау қажеттігі туралы мәселе туындайтын жағдайлар болған кезде, мектеп комиссиясы қызметке жүгінеді. Мұндай сәттер бірнеше жағдайларда болуы мүмкін:

- Бірінші бағалау кезінде екінші бағалау қажет болатыны көрсетілгенде;
- Комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін нақтылағысы, оқыту бағдарламасын өзгерткісі келгенде;
- Баланың ата-аналары жүгінген кезде;
- Егер ата-аналар қызметтің бағалау нәтижелерімен келіспесе, олар Арнайы педагогика және психология орталығына жүгінеді.


Төмендегі сызбада (3-сурет) оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі келтірілген.



3-сурет. Оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі.

Командалық тәсіл педагогтардың әрекетіне талдау жасап, жүйелі тәсілді жетілдіре отырып, білім беру процесін әр жағынан қарауға мүмкіндік береді. Келесі сызбада білім беруде оқушыға қолдау көрсету бойынша командалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі көрсетілген.

Мұғалімнің/тәрбиешінің айналасындағы команда



4-сурет. Білім беруде оқушыға қолдау көрсету бойынша командалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі.

Мектепті аяқтаған және тиісті білім алған кезде оқушыға білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген құжат (Аттестат) беріледі (*LR švietimo ir mokslo ministro 2007 m. vasario 20 d. įsakymu Nr. ISAK-236 (Žin., 2007, Nr. 25-944; 2010, Nr. 30-1404)*). Мектепті аяқтаған, бірақ тиісті білім алмаған оқушы білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген сертификат алады.

Инклюзивті процестерді енгізу бойынша Литваның және басқа да ТМД елдерінің тәжірибесін талдау, арнайы педагогтардың жинақталған тәжірибесін қолдаусыз, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу мүмкін еместігін көрсетеді. Қазіргі уақытта, жалпы біздің қоғам үшін де, педагогикалық қауымдастық үшін де инклюзивті білім беру жаңа леп болып табылатын кезде, логопедтердің, дефектологтардың және басқа да мамандардың көпжылғы жинаған тәжірибесі ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу үшін негіз болады. Сонымен бірге халықаралық тәжірибені талдау басқа елдердің комиссиялары мен қызметтерінің жұмысында қазақстандық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК), мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның (МППК) функцияларымен ұқсастықтар бар екенін көрсетеді.

Маңызды сәттердің бірі бұрын арнайы мектептер жалпы білім беретін бағдарлама бойынша жұмыс істегендігінде, олар әр санаттың қажеттілігіне қарай бейімделген. Бүгінгі күні Қазақстанда арнайы мектептер үшін үлгі оқу бағдарламалары әзірленген. Бағдарламаларда білім беру процесін ұйымдастыру

бойынша қажетті ресурстар мен әдістемелік ұсынымдар ескеріле отырып, балалар санаттарының білім беру қажеттіліктері ескерілген.

Инклюзивтік білім берудің дамуының философиялық зерттеу арнайы педагогикалық қызметтің дайындығын анықтауды және талдауды, білім беру үлгілерін негіздеу мен сынауды, мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жүйесін дамытудың болашағы мен басым жағын анықтауды білдіреді.

Білім беруге қатысы бойынша философия екі жағдайда: педагогикалық құбылыстың эволюциясын негіздейтін адам және оның әлеуметтік тұрмысы туралы жалпы түсініктер жүйесін қамтитын дүниетанымдық іргетасжәне инклюзивтік білім беру үдерісін зерттеуде әмбебап қағидалар мен тәсілдерді қолдануды білдіретін әдіснамалық негіз ретінде әрекеттенеді [2, 3].

Философияда қоғамдық сананың бір түрі ретіндегі негізгі дүниетанымдық аспектілер ерекшеленеді: онтологиялық аспект болмыс құрылымындағы инклюзивтік білім берудің орнын анықтайды, аксиологиялық аспект педагогикалық басымдылықтардың қалыптасуына және білім берудің құнды дайындықтардың ашылуына көмектеседі. Мүмкіндігі шектеулі адам туралы ғылыми мәліметтер философиялық-антропологиялық аспектілердің негізінде жинақталады. Педагогикалық мәселенаманың тарихына деген философтардың көзқарасын қайтадан құру тарихи-философиялық аспектінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік-философиялық аспект инклюзивтік тәсілдеменің әлеуметтік мәдени мәнмәтінде қалыптасуын қарастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған аспектілерді есепке ала отырып, инклюзивтік білім берудің орнын анықтау берілген тәсілдемені жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді [2-6].

Философиялық көзқарастардың қалыптасу тарихы дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалардың қоғамдағы орнына, оларды әлеуметтендіру және бейімдеу мәселелеріне қатысты сан алуан көзқарастарды біледі. Ерте заманда ауытқушылықтарға қатысты көзқарастар жалпы философиялық орныққан пікірдің құрамдас бір бөлігі болып табылған. Көне философияға кемтар және ауру балалардан құтылу қажеттілігі туралы пікір тән болатын. Ерте заманғы Спартада ауытқушылық фактісінің өзі адамды тек қоғамнан аластату ғана емес, сондай-ақ оны өмірінен айыру үшін негіз болып саналған.

Гераклит еңбектерінде азап туралы адам өмірінің қайырымдылығы мен беймаралдылығының өлшеуі ретінде айтылған, адам өмірінің мақсаты – азаптан құтылу. Ертедегі грек философиясында адамның өзіне-өзі қол жұмсауының этикалық мағынасыазап пен дәрменсіздіктенқұтылу құралы ретінде түсіндірілетіні де сондықтан болар.

Платонның ауытқушылық мәселесінің әлеуметтік мәні бар, алайда оның бұл мәселе жөнінде идеясына қарама-қайшылық та жоқ емес. Платон бойынша, ауытқушылық адамды жан мен тән үйлесімділігінен айырады, оны өзіне, сондай-ақ қоғам үшін пайдалы болу мүмкіндігінен айырады. Аристотель өз еңбектерінде ауытқушылықтардың пайда болуының мүмкін болатын себептері мен аурудың алдын алу жолдары туралы талқылайды. Оның «алтын орта» деген атақты тұжырымдамасының аясында денсаулықты сақтау мен оны сақтаудағы жетістіктер, соның ішінде адамдардың тұратын жері, неке қию уақыты, бала туудың тиімді жасы, балаларды тамақтандыру мен дамытуға және

т.б. қатысты ұсынымдар берілген [2-6].

Негізінен діни түсініктер мен идеяларға негізделген орта ғасыр философиясы, «ауытқушылықты» күнәға бату нәтижесі, тәртіпке бағынбауға берілген жаза ретінде қарастырылған, яғни дамуында ауытқушылығы бар адамдарға деген көзқарас та осыған сәйкес болатын. Дін дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға сайтан қонған деп санаса, қарапайым халық олардың бұл көзқарасын құптамай, ондай адамдарды «диуана», «мүсәпір» деп, қолдарынан келгенше көмектесуге тырысқан. Сол кездің өзінде «керексіз» адамдарға күтім жасау ізгілік іс, қайырымдылық көрсету деп саналған. Осындай қоғамдық көзқарастың терең түбінде ауытқушылықтары бартұлғаларға деген ізгілікті істердің бастамасы жатқан.

Қайта өркендеу дәуірінде алдыңғы қатардағы қоғам мүшелерінің діни санасыздықпен, көлгірлікпен күресуінің негізінде дамуында ауытқушылықтары бар тұлғаларға қатысты адам сүйгіштік сарындар дамуы жалғасады. Бұнда дәрігерлердің рөлдері өте үлкен болады. Осы кезеңдегі зайырлы ғылыми трактаттарда психикалық ауру және ақыл-ойы дамымаған адамдардың жан-дүниесіне кіруге, жан күйзелістерін емдеуге, дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге деген алғашқы талпыныстар байқала басталды [3-7].

Педагогика өкілдерінің ішінде атақты педагог Я.А. Коменский дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту және тәрбиелеу қажеттіліктері туралы алғашқы рет өз пікірін айтты. Ян Амос Коменский ауытқушылықтары бар барлық балаларға білім беру мүмкін екендігі туралы сенімді болды:

«Естімейтін, көрмейтін балаларды, сондай-ақ дене даму кемшілігі бар басқаларға білімді толық көлемде меңгерту мүмкін бе деген сұрақ туындағанда, мен: адамзаттық білім беруден адам еместерден басқа ешкімді де алып тастауға болмайды деп жауап беремін» [2-7].

Сонымен кейінгі орта ғасыр философиялық ұғынымдар дамуында сол кезде-ақ ауытқушылықтары бар тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктері туралы идеяда болды.

Дамуында ауытқушылықтары бар тұлғаларға педагогикалық-медициналық көмек көрсету тәжірибесінің дамуымен даму бұзылыстары бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесіне философиялық көзқарастың да дамуы дәйекті бола бастады және Жаңа заман кезеңінде ойша теориялық пайымдаудан практикалық мәліметтерді жүйелеуге көше бастады. Ағарту дәуірінің атақты өкілдері Дидро, Руссо кедейлерге, мүгедектер мен ауруларға мемлекеттік қайырымдылық көмегінің қажеттілігі туралы пікірлерін білдіреді. Олар дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалар туралы қамқорлық мемлекеттің міндеті және өркениетті қоғамның белгісі болып табылады деген тезисті ұстанды. 1789-1793 жылдарда болған Француз революциясы дамуында ауытқушылықтары бар адамдардың мәселесіне ізгілікті көзқарас қалыптастыруға үлкен әсер етті. Бұл кезеңде бірінші рет «кем ақыл» жіктеуі пайда болды, ақыл-ойы дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу қағидалары сипатталады. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларға жаңа көзқарас қалыптастыруда француз дәрігерлері Ф. Пиннель, Ж. Эскироль,

Ж. Итар, Э. Сегеннің еңбектері зор болды. Олардың тәжірибесі даму ауытқушылықтары бар балалармен жұмыстағы медициналық-педагогикалық тәсілдеменің қалыптасуына және медицина мен педагогиканың синтезіне негізделген емдік педагогиканың пайда болуынанегіз болды [7-12].

Сонымен қоғамдық пікір қойнауында жетілген өткен кезеңнің ізгілікті философиясы дамуында ауытқушылықтары бар балаларға медициналық-педагогикалық көмек көрсету тәжірибесінің туындауы және дамуы үшін қажетті әлеуметтік-мәдени негіз дайындады.

Соңғы жүз жыл бойында дамуында ауытқушылықтары бар адамдардың мәселелерінің философиялық тәсілдемесі сан алуан түрлі және көп жағдайда осы мәселеге қарама-қайшы көзқарастармен баюды жалғастырды.

И. Кант өзінің антропологиялық тұжырымдамасында адамның жан- дүниесінің әлсіздігі мен ауруын жіктеуді жалғастырды және кедейлер мен мүгедектерге мемлекеттік қайырымдылық көмегінің қажеттілігі туралы атап көрсетті. Г. Гегель ауытқушылық мәселесін адамзаттық субъективтілік пен әлемнің объективтілігінің арасындағы қарама-қайшылықтың нәтижесі деп айтты. Философиялық ойлаудың фаталистикалық бағытының өкілдері Ф. Ницше мен А. Шопенгауэр ешқандай түзете араласудың қажеті жоқ деп ойлады, бұл философтар түзетудің барлық әдістерін табиғатқа қарсы және пайдасыз деп санады. Дамудың патологиялық ауытқушылығының әлеуметтік- экономикалық негізін ашып көрсеткен материализм өкілдерінің де (К. Маркс, Ф. Энгельс) пікірлерін ескере кету керек [2, 9-12].

Даму ауытқушылықтары бар тұлғаларға көмек көрсету аясының кеңеюіне экзистенциализм, психоанализ және постмодернизм өкілдерінің де көзқарастары мен идеяларының әсері үлкен болды. Экзистенциализм философиясында адамның өмір сүруінің шынайылығының шартына оның еркіндігінің басқа адамдардың еркіндігімен үйлесуі деп саналды (К. Ясперс, А. Камю және т.б.). Психоанализде А. Адлердің даму бұзылысы бар баланың дамуы туралы идеясы әлеуметтік бейімдеу мен әлеуметтік олқылықтың өтеміне бағытталған үдеріс ретінде дамыды. Постмодернизм өкілдері (М. Фуко, Ж. Делез және т.б.) қалыпты және патологиялық құбылыстардың, ессіздік пен сананың арасындағы шекараның жоқтығына баса назар аударады [2, 8, 9].

XIX ғасырда Еуропа елдері мен АҚШ-та болған саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру саласында мемлекеттік саясатты өзгертуге, жетілдіруге және кеңейтуге үлкен әсер етті. Еуропа елдерінде жалпыға бірдей міндетті ақысыз бастапқы білім беру туралы заңның қабылдануы осы санаттағы балаларды оқытуға арналған арнайы мекемелер жүйесінің құрылуына негіз болды, қаржыландыру көздерін анықтады, оқытудың мақсаттары мен тәсілдерін әзірлеуге көмектесті. Осылайша, көптеген еуропалық елдерде даму ауытқушылықтары бар балаларға арналған алғашқы оқу мекемелері ашыла бастады. Бұл кезде Австрия, Англия, Германия, Франция, Дания, Италия және басқа да елдерде дамуында ауытқушылықтары бар балаларға арнайы білім беруді ендіру туралы заңнамалық актілер қабылданды [3, 8-10].

Даму бұзылыстары бар балаларға қатысты қоғамдық санада үлкен өзгерістер

болғанымен, заңнамада бұндай санаттағы балалардың жалпыға ортақ бастапқы білім алуына деген заңнаманың бекітілгенімен, қайырымдылық ұйымдарының өкілдерінің, ағартушы философтардың, сол замандағы озық педагогтарының ағарту жұмысын белсенді жүргізгендеріне қарамастан Еуропадағы көптеген елдер мен Америкадағы сегрегациялық мекемелер жүйесінің дамуына қатысты қоғамда сегрегация идеясы үстем болды. Даму бұзылыстары бар балаларды қоғамнан сегрегациялау саясаты тарихтың ары қарайғы кезеңдерінде, мемлекет пен үкіметтің пікірі бойынша толық дамымаған адамдарды арнайы мекемелерге күштеп жіберулері, кейіннен

«ұлттық тектік қорды былғау көзі» ретінде дамуы бұзылыстары бар адамдарды міндетті түрде ұрықсыздандыру бағдарламасын әзірлеуге түрткі болды. Бұндай шаралар аймағына психикалық арулары бар, қояншық ауруы бар адамдарды, қайыршыларды, қылмыскерлерді, лас жерлерде тұратын қоғамның дамуына қауіп төндіретін белгілі бір санаттағы адамдарды жатқызды.

Н.Н. Малофеев өз еңбектерінде бұл кезде Еуропа елдерінде және Америкада дамуында бұзылыстары бар балаларды қабылдап, нормативтік- құқықтық қор құрды, арнайы мектептерді қаржыландыру көздерін анықтады деп атап өтті [2-3].

XX ғасырдың екінші жартысында қоғам дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға оң көзімен қарай бастады, бұған соғыстан кейінгі белсенді демократиялық үдерістер себепші болды. 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» қабылданғаннан бастап, әлемдік қауымдастық өз өмірлерін ізлікті түрдегі халықаралық құқықтық актілерге сәйкес құра бастады.

Сонымен, тарихи-философиялық аспектіде инклюзивтік саясаттың құрылу үдерісі даму ауытқушылықтары бар тұлғалардың мәселелеріне даму ауытқушылықтары бар адамдар үшін әлеуметтік маңызды және әлеуметтік бағыттылықты жаңа тәсілдемені сапалы түрде қалыптастырумен сипатталады. Инклюзивтік білім берудің әлеуметтік-философиялық негізі қалыптасады.

Негізін құрайтын даму және либералдық-демократиялық қайта құру болып табылатын осы кезеңнің жаңа әлеуметтік-мәдени мәнмітінінде мемлекет және үкімет жағынан даму бұзылыстары бар балалардың білім алудағы мәселелеріне назар аударылуымен сипатталады. Аталған кезеңдегі Еуропадағы білім берудің ұлттық жүйесінің дамуының жалпы тенденциясы деп арнайы білім берудің заңнамалық негізін жетілдіру және мектептердің түрін және арнайы білім беру түрлерін жіктеуді санауға болады.

Осыған байланысты барлығын білім берумен қамтамасыз етуге, ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған ертедегі бастамалар символдық қағида ретінде қаралды деп айтуға болады. Аталған кезеңнің ерекшелігі қоғам идеологиясының мүмкіндіктері шектеулі адамдарды «жаппай азғындау қауіпі» ретінде қараудан ұзақ уақыт емдеу мен күтімді қажет ететін адамдар деп қабылдауға көшуге қатысты болып табылады. Еуропа елдерінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінің тереңінде туындаған мүгедек балалармен жұмысқа арналған тәсілдеменің медициналық үлгісі кеңінен қабылданып, дами бастады [8].

Еуропада интеграциялау үдерісі күшейе бастады және де 1957 жылы Еуропаның батыс елдері ғылым, мәдениет және білім беру мәселелеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін Еуропалық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісімге келді. 1961 жылы қабылданған Еуропалық әлеуметтік хартия «дене бітімі мен ақыл-ойы дамымаған жұмысқа қабілетсіз тұлғаларды кәсіптік дайындау, жұмысқа қабілеті мен әлеуметтік оңалтуды қалпына келтіру құқығын» бекітеді.

БҰҰ бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған төмендегі құжаттар құқықтық негіз болды: «Баланың құқығы туралы декларация» (1959 ж.); «Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенция»

(1960 ж.); «Ақыл-ойы дамымаған тұлғалардың құқықтары туралы декларация» (1971 ж.); «Мүгедектердің құқықтары туралы декларация» (1975 ж.);

«Мүгедектерге қатысты әрекеттердің дүниежүзілік бағдарламасы» (1982 ж.); «Баланың құқығы туралы конвенция» (1989 ж.) [13-17].

Осы заңнамалық құжаттарға сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының жүйесі жетілдіріледі және оқуда қиындықтары, эмоционалдық бұзылыстары, әумесерлік мінез-құлқы, әлеуметтік және мәдени депривациясы бар балаларды тізімге қосқандағы арнайы білім алуға қажеттіліктері бар балалардың санаттарын жіктеу жанартылады және нақтыланады, арнайы білім беру мектептерінің түрлерінің бір шама көбейгені, сондай-ақ арнайы білім берумен қамтылған балалар пайызының артқаны байқалады, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің жас шамасының аймағы кеңейді, мектепке дейінгі және мектептен кейінгі мекемелер құрылады, даму бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына әлеуметтік және сабағаттық көмек көрсететін қызметтер, сондай-ақ қайырымдылық, кәсіптік, қоғамдық ұйымдар, одақтар мен қауымдастықтар ұйымдастырылады [7-10].

Алайда арнайы білім беру жүйесіндегі барлық жағымды стратегияларды назарға ала отырып, арнайы білім беру мекемелерінің мәні мен құрылымы бұрынғыдай сегрегациялық қалыпта қалғаны халықаралық құқықтық құжаттардың іргелі базасы болып табылатын ізгілік қағидаларға қарама-қайшы келеді, арнайы білім беру жүйесі жалпы білім беру жүйесінен оқшауланған. Зерттеушілер балаларды арнайы білім беру мектептерінде оқшаулау оларды сегрегациялау және олардың құқықтарын бұзу деп қарастыра басталғанын байқады [9].

Осыған байланысты 1960-1970 жылдарда Еуропа мен Америкада мүгедек адамдардың, дамуында бұзылыстары бар балалардың ата-аналарының, сондай-ақ қоғам мен білім беруде кемсітушілікпен күресуге бағытталған адвокаттар коллегиясы мүшелерінің жаппай қарсылықтары туындай бастады. Өткізілген шаралардың нәтижесінде 1960-1970 жылдарда Швецияда, содан кейін басқа да жоғары дамыған елдерде дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға арналған ірі интернаттар, психиатриялық ауруханалар жабыла бастады.

1970 жылдары Швецияда Психикалық денсаулықты қорғаудың Дат қызмет басшысы Н. Бенк-Миккельсон және ақыл-ойы дамымаған адамдардың Ассоциациясының директоры Б. Нирье «нормалау» түсінігін ендіреді.

Нормалау қағидасына мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білім алуға, жұмыс істеуге, сондай-ақ өмірдің қалыптыға жақын жағдайына құқығы туралы ереже негіз болады [8].

Нормалау тұжырымдамасы медициналық үлгінің негізінде жатқан түсінікке балама болды. Нормалау тұжырымдамасының негізгі ережелері:

1) мүмкіндігі шектеулі баланың қажеттіліктері барлық балалардың қажеттіліктерімен бірдей, олардың ең бастысы – махаббат пен оның дамуын ынталандыратын жағдайды қажетсіну;

2) дамуында ерекшеліктері бар бала, ең бірінші кезекте ол бала, яғни ол қалыптыға барынша жақындатылған жағдайда өмір сүруге міндетті;

3) бала үшін ең жақсы жер оның туған үйі, жергілікті үкіметтің міндеті – дамуында ерекшеліктері бар балалардың жанұяда тәрбиеленуіне көмектесу;

4) барлық балалар оқи алады, баланың даму бұзылысы қаншалықты ауыр болғанымен, оған білім алуға мүмкіндік берілуге тиісті.

Нормалау тұжырымдамасының негізін құраушы өзегі баланың міндетті түрде өзі өмір сүретін қоғамда қабылданған мәдениеттілік нормаға сәйкес тәрбиеленуі болып табылады.

Аталған тұжырымдама АҚШ-да, Канадада, содан кейін басқа елдерде қабылданды және қосымша зерттелді. Ол келесі 15-20 жыл бойы мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты саясатты анықтады. АҚШ-да В. Вольфенсбергер

«нормалау» терминінің баламалы нұсқасын ұсынды. В.

Вольфенсбергер, Б. Нирьенің мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға табысты бейімдеуге көмектесетін әлеуметтік бағдарламалар мен қызметтерді әзірлеу қажеттілігі туралы пікірін қолдай отырып, барлық

адамдардың құқығын нақтылау, адамдарды бірдей бағалау үшін «әлеуметтік рөлдерді сезіну» түсінігін ендіреді, яғни ол адамдарды нормативтік икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру мен қолдау, анықтау арқылы нормалауға болатыны туралы ашық жариялайды. Б. Нирье нормалауды осылай түсіну қате деп санады, нормалау қалыптының синонимі болып табылмайды және адамдардың нормалануға міндетті дегенді білдірмейді. Бұл бірінші кезектенормалаудың қоғамның өзі үшін мәні бар екенін баса көрсете отырып, қоғамның мүгедек адамды қабылдауын білдіреді. Негізінен нормалау үлгісі бала оны мектепке және қоғамға қабылдауға дайын болуға міндетті деп санады, бірақ қоғамдағы жеке ерекшеліктердің

кең спекторын есепке алмады, норманың өлшемі туралы сұрақтар туындады [8, 18]. Қоғамдық институттарды ізгілендіру мүмкіндігі шектеулі

адамды әлеуметтік оңалтуға жаңа көзқарастарды туындатуда жетекші рөл атқаратын өмірдің тәуелсіз түрін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалардың барынша дербес болудағы жетістіктерінің идеяларының өзектілігі тұлғаның әлеуметтік пайдалылығынан тәуелсіз, оның мүддесінің қоғам мүддесінен басымдылығына шартты болады.

Өмірдің тәуелсіз бейнесінің тұжырымдамасы мүгедектің қаржылық жағынан тәуелсіздігін ғана емес, сонымен бірге оның барлық әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға (қатынас, қозғалу, физиологиялық қажеттіліктерін жүзеге асыру және т.б.) да тәуелді болмауын нақтылайды. Мүмкіндіктері шектеулі

тұлғалардың бұл тәуелсіздікке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын құқықтар:

- материалдық қамсыздандыру мен қанағаттандырылғы өмір деңгейіне құқығы;

- өзінің құрдастарының әдеттегі өмір жағдайынан аса ерекшеленбейтін, мүмкіндігі шектеулі адам өзін жайлы сезінетін жағдайда өмір сүруге деген құқығы;

- қанау, қиянат етушілдіктен және қорлаудан қорғау құқығы; барынша дербестікке қол жеткізуге мүмкіндік беруге арналған шараларға (оның ішінде білім беруге) құқығы;

- олардың ерекше қажеттіліктеріне экономикалық және әлеуметтік жоспарланудың барлық сатыларында назар аударылуға деген құқығы [2, 8].

Сонымен тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы әрбір адамның «әлеуметтік пайдалылығы» деген түсініктен ерекше әлеуметтік маңызыдылығын нақтылайды. Тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы бойынша ең бастысы мүмкіндіктері шектеулі адамды қоғамның дені сау басым бөлігінің, оның әлеуметтік институттары, оның қоғамдық сана жағынан әлеуметтік-экономикалық және адамгершіліктік-этикалық тұрғыдан қысуды жою болып табылады.

Тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы, біздің пікірімізше, бұл түсініктің аясында мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға кіріктіру идеясының қалыптастырылумен маңызды болады.

1974 жылы Ұлыбританияда Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың одағы (UPIAS) құрылды, ол мүгедектерді сегрегациялауға қарсы тұруға бағытталған. Осы одақтың мүшелерінің жарияланымдарында шектелген мүмкіндіктерді ұғынудың жаңа әлеуметтік тұжырымдамасы нақты қалыптастырылды: қоғамның құратын кедергілері мүмкіндіктері шектеулі адамдарға (әсіресе балаға) толық құнды өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. Берілген тұжырымдама ары қарай мүгедектіліктің әлеуметтік тұжырымдамасы ретінде өз дамуын жалғастырды.

АҚШ-да ХХ ғасырдың 60-ншы жылдарының өзінде балаларды бірге оқыту жүйесін жүзеге асыру мүмкіндігі іздестіріле бастады. Егер Еуропада оларға көптеген заңнамалық актілермен қолдау көрсетілсе, АҚШ-да бірге оқыту идеясы жаңа педагогикалық жолдар мен тәжірибелер арқылы зерттелді. Сонымен, 1962 жылы АҚШ-да М. Рейнольдс мүмкіндіктері шектеулі балалардың «ерекшеліктер әдеттегілерге қарағанда көп емес» қағидасы бойынша жалпы білім беру үдерісіне қатысудағы жетістіктер қарастырылатын арнайы білім беру бағдарламасын жариялады. 1970 жылы американдық ғалым И. Дено ұқсас тұжырымдаманы «Каскад» үлгісін ұсынады [8]. Бұл тұжырымдамамен мүмкіндігі шектеулі балаға жалпы үдерісте (mainstream) мүмкіндігінше тиімді өзара әрекеттенуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-педагогикалық шаралар жүйесі көтеріледі. 1975 жылы АҚШ-да «Мүгедек балаларға білім беру туралы» 94-148 заңдарының қабылдануларына байланысты білім берудегі интеграциялау үдерісіне құқықтық негіз берілді. Бұл заң мелекеттік мектептердегі мүгедек балалардың федералдық бюджет есебінен

ақысыз білім алу құқығын қамтамасыз етті.

Англияда 1978 жылы Даму ауытқушылықтары бар балалар мен жасөспірімдерді оқыту жағдайын зерттеу бойынша комитет М. Уорноктың баяндамасын жариялады, бұл баяндамада инклюзивтік білім беруді мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне кіріктіру арқылы дамыту келешегі белгіленді. 1981 жылы Білім беру туралы заң бұл бағытты бекітті. М. Уорнокқа дейін мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты «ақыл-ойы дамымаған» және «оқи алмайтындар» деген терминдер пайдаланылды. М. Уорноктың зерттеу жұмыстары сыныптағы бес баланың біреуінің қандай да бір сәттерде оқуда қиындықтарға кездесетінін, яғни оқуда қиындықтары бар балалардың оларға аңғарым қойылып, емдейтін жетіспеушілік үлгісі аясында болуға тиісті емес екенін көрсетті. М. Уорнок оқудағы сәтсіздіктер баланың мінездемесі және сарапшы мамандар емес, баланы оқытуда маңызды рөл атқаратын мұғалімнің педагогикалық әрекетінің нәтижесімен өзара әрекеттестікте және өзара шарттылықта тығыз байланыстыра қаралу керектігін дәлелдеді. Комитет «ақыл-ойы дамымаған» терминді «оқу материалын меңгерудегі қиындықтармен» ауыстыруды ұсынды.

М. Уорнокқа үндес зерттеушілер Р. Кролл, Д. Мосис и С. Данлоп «оқу материалын меңгерудегі қиындықтар» түсінігін оқытумен байланысты мәселелердің бір түрі ретіндегі «бейәлеуметтік тәртіп» түсінігін ендірумен біршама кеңейтті [8]. 1981 жылы Білім беру туралы заңға М. Уорноктың көптеген ұсыныстары енді, «мүгедек балалар» терминін «ерекше қажеттіліктері бар балалар» деген түсінікпен ауыстырылды, осы санаттағы балаларды жалпы білім беру мектебінде оқытудың қажетті түрімен қамтамасыз етуге шақырды. Ерекше балаларға көмек пен қолдау көрсету мақсатында мектептік үйлестіруші лауазымы ендірілді.

Бұл кезде АҚШ білім беру саясатында заманауи америкалық саясаттың бағытын анықтайтын, жалпы және арнайы білім беруді біріктіруге негізделген бір қатар заңнамалық актілер қабылдады:

- мұғалімдерді мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жауапкершілігін алуға шақырған үндеуі бар 1980 жылғы білім беру реформасы;
- Білім беру сапасы бойынша мәселелер бойынша ұлттық комиссияға ұсынылған Р. Рейганның «Ұлттық қауіптер: білім беру реформасына арналған императив» тақырыбындағы баяндамасы (1983 ж.);
- даму бұзылыстары бар мүгедектерге білім беру туралы заң (1990 ж.).

Алайда АҚШ жалпы мектептеріне интеграциялық білім беру инновациясын тәжірибеге ендіру, ең алдымен жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерінің білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін қажетті талаптармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың құрдастарымен қатынасқа дайын еместігіне байланысты бір қатар мәселелер туындады. Сол кездегі жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша мұғалімдердің кәсіптік әрекеттің жаңа түріне және оларға артылған жаңа жауапкершілікке дайын еместігін анықтады. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жағдайларды құруға бағытталған интеграциялау үдерісінің білім беру мен оқу-тәрбиелеу үдерісінің бұрынғы қалыптасқан жүйесі аясында

жүріп жатқаны қиындық тудырды. XX ғасырдың екінші жартысында көптеген елдерде мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы білім беру мектептерінен жалпы білім беру мектептеріне жай ғана көшіру жолымен жүргізілген осы санаттағы балаларды интеграциялау талпыныстары тиімсіз болды [8-10].

Заманауи әлеуметтік-философиялық мағынадағы интеграция әдеттегі адамдардың және қоғам және оның жүйе бөлігі (білім беру институттарының жүйе бөлігі) қолдайтын және дамытатын (немесе қолдамайтын) мүмкіндіктері шектеулі адамдармен бірге тіршілік етуінің түрі ретінде түсіндіріледі, қоғамның барлық мүшелерінің қатысуға қатысты таңдау құқықтары бар.

Әлеуметтік тірлік түрі ретіндегі интеграция ерекше қажеттіліктері бар адамның барлық әлеуметтік үдерістерге, білім берудің барлық сатыларына, дем алу үдерісіне, жұмысқа, әр түрлі әлеуметтік рөлдер мен атқарымдарға шексіз қатысу және оның мөлшерін, түрін және тәсілдерін еркін таңдау құқықтарын қарастырады. Бұл құқықтар әлемнің көптеген дамыған елдерінде заңнамамен бекітілген.

Шет елдік зерттеулер менинклюзивтік білім беру тұжырымдамасының негізінде педагогиканың теориясы мен әдіснамасында шет елдік педагогикадағы инклюзивтік білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі болып табылатын, өзінің дамуында даралыққа, әлеуметтік феноменологиялық және әлеуметтік-экономикалық сияқты бағыттар берген интербелсенді тәсілдемеге ауысатын философиялық экзистенциализм, прагматизм, постмодернизм, феноменология идеялары жатыр. Мысалы, экзистенциализм философиясы орталық идеяны – экзистенцияны, яғни өзіне және қоршаған әлемге қатысты өзінің әрекетіне жауапты әрбір адам жеке тұлға, қайталанбас және еркін тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік беретінін адамның негізгі өзегі «Мен» идеясын көтермелей отырып, мүмкіндігі шектеулі адамға, оның жеке және әлеуметтік тірлігіне, жаңа көзқарас ұсынды. Феноменология мен экзистенциализм инклюзивтік білім берудің педагогикалық технологиясында әзірленген ізгілікті педагогиканың философиялық бастауы болдым [9-12, 19].

Әлеуметтік және білім беру талаптары мүмкіндігі шектеулі адамның барынша дербес, тәуелсіз болуына, белсенді және жауапты, өмірлік ұстанымы бар, өзін осы қоғамда көрсете білетін, қоғамның тең құқылы мүшесі болуына көмектесуге бағытталған. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың дербес және тәуелсіз өмір сүру тұжырымдамасы бүгінгі күні инклюзивтік білім берудің мақсаты мен мазмұнын анықтайды. 1994 жылы Испанияда (Саламанка қаласы) өткен ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша дүниежүзілік конференция әлемдік педагогикалық қауымдастық үшін маңызды оқиға болды. Педагогикаға «инклюзия» термині ендірілді, инклюзивтік білім беру қағидалары жарияланды. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру қағидалары, саясаты және практикалық әрекеті туралы саламандық декларация халықаралық құжаттарға негіз болғандардың бірі. Саламанкалық декларацияны қарастыра отырып, білім беру аясындағы жағымды тәжірибені жинақтайтын осы құжат инклюзияны білім беруді дамытудың басты бағыты деп декларациялайды, оның қағидалық ерекшелігіне білім беру жүйесінің әрбір баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес иілімді болуға міндетті

екендігі жатады [21].

Дакарлық әрекеттер жоспары (Dakar Framework for Action) және жаңа мың жылдықтағы білім беруді дамыту Мақсаттары (Millennium Development Goals on Education) барлығына арналған білім берумен қамтамасыз етудің заманауи және толық тәсілдемесін ұсынады [22].

Сонымен бірге, инклюзивтік білім беру мәселелерін талқылау халықаралық форумдарда мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы алаңдаушылықтың күшеюінде маңызды рөл атқарды, оны мүмкіндіктері шектеулі балаларға ғана қатысты тұжырымдама немесе жалпы білім беру тәсілдемесі ретінде емес, барлық топтардағы балалардың, мысалы, қызбалалардың, сыған балаларының немесе жұмыс істейтін балалардың білім алуға деген құқықтарын жүзеге асыру тәсілдемесі ретінде қарастыру керек. 2008 жылы ЮНЕСКО инклюзивтік білім беру қағидаларын жүзеге асыру үшін инклюзивтік білім беру тұжырымдамасын кеңінен түсінуді мәлімдеді, «қоғамның барлық топтарын тең құқылы білім беру мүмкіндігімен қамтамасыз ету және өмір бойы оқыту, тұрақты дамыту мақсатында білім беруді қолдаудың басты қағидасы ретінде қарастыруға болады». Сонымен бірге, мүмкіндіктері шектеулі балалар біртекті топ емес. Оларды жалпы жіктеу қағидасы бойынша жынысына, экономикалық жағдайына, этникалық тобына немесе олардың үйлесімділіктеріне қарай жіктеуге болады. Осы балалардың осы топтардың біреуіне немесе бірнеше топтарына жатуы қиындықтарды арттырады, сондықтан білім беру құқығын жүзеге асыру үшін қаржы бөлгенде осындай көптеген әлсіздіктерді есепке алу қажет болады [23].

Инклюзивтік білім беру контексінде АБҚ бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын және бағдарламаларын дамытудың құрылымдық және мазмұндық аспектілері

Инклюзивтік білім берудің негізгі іргелі тұжырымдамасы әрбір тұлғаны оның дене тұрғасындағы жағдайына тәуелсіз, оның құндылығын және ерекшелігін тану және мүмкіндіктері шектеулі балалардың табысты әлеуметтенулерін қамтамасыз ететін арнайы жағдайларды туғызу бағыттылығы болып табылады.

Қорытындылай келе, әлемнің әр түрлі елдеріндегі инклюзивтік тәсілдемелерді қалыптастыру үдерісі нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларды және басшының саясаттық еркін есепке алынып жүргенін байқауға болады. Педагогикадағы инклюзивтік тәсілдеме құбылысының әлеуметтік мәдени мәнмәтінін қарастыруға көмектесетін тарихи-философиялық аспектінің инклюзивтік білім берудің заманауи жағдайын түсіну үшін үлкен мәні бар. Инклюзивтік білім беру – бұл оны жүзеге асыру үшін оның жүйелілігін және дәйектілігін, үзіліссіздігін және кешенді тәсілдемесін талап ететін білім беруді дамытудың ұзақ мезімді стратегиясы.

Инклюзивтік білім беруге тұжырымдамалық тәсілдемелер

Инклюзивтік білім берудің мағыналық педагогикалық парадигмасы әр түрлі халықаралық ұйымдармен түсіндіріледі.

ЮНЕСКО инклюзивтік білім беруді «барлық оқушылардың сан алуан түрлі қажеттіліктерін олардың оқуға, мәдени әрекеттенуге және қоғам өміріне қатысуларын кеңейту жолымен, сондай-ақ білім беру жүйесінің аясында әлеуметтік оқшаулау деңгейін төмендету және одан шығып қалуды болдырмау жолымен қанағаттандыруға бағытталған үдеріс. Бұл үдеріс мазмұнындағы өзгерістермен және қайта құрулармен, тәсілдемемен, құрылымдар мен стратегиялармен байланысты, ал жас шамасы сәйкес барлық балаларды қамтитын жалпы тұжырымдама және барлық балаларды білім берумен қамтамасыз ету мемлекеттік міндет деген сенімділік оның ерекшелігі болып табылады».

Инклюзивтік білім беру нормадан ауытқуды немесе бұзылыстарды есепке алатын тәсілдемемен ерекшеленетін педагогикалық тәсілдемені пайдалдануды қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда, осы тәсілдеменің аясында төмендегілерді тірек етеді:

- әрбір оқушының когнитивтік дағдылар жүйесінде емес, білім алу бойынша мүмкіндіктерін ашу;
- оқушылардың кемшіліктеріне назар аудару қажеттілігіне емес, оқыту бағдарламасы мен пәнаралық педагогиканы қайта құру;
- мұғалімдердің кәсіптілігінің негізгі дәлелі ретіндегі пән бойынша арнайы білімнің болуына емес, оқушының оқу үдерісіне белсене қатысуын қамтамасыз ете білу;
- үлгерімі нашар оқушыларға арналған оқытудың барабар бағдарламасын әзірлеуге емес, сараланған және\немесе дараланған оқытудың негізіндегі барлығына арналған жалпы оқу бағдарламасын құру;

- оқушыларды оқшаулайтын емес, инклюзияны жүзеге асыратын мұғалімдерді [23].

Дүниежүзіндегі әлсіз және бақытсыз балалар жергілікті мектепке қолжетімділікке деген өзінің құқығын жүзеге асыра алулары үшін білім беру жүйесін, сондай-ақ білім беру саласында жұмыс істейтін адамдардың құндылықтары мен қағидаларын түбегейлі өзгерту керек.

Инклюзивтік білім берудің ең басты тәсілдемесі батылдық:

- инклюзия құндылықтарын практикада жүзеге асыру;
- әрбір баланың өмірін бірдей құнды деп санау;
- қатысу сезімі бардың әрқайсысына көмектесу;
- балаларға оқыту және сабақ беру үдерістеріне қатысуға көмектесу;
- оқшаулау аймағын, кемсітушілікті және оқу мен қатысуға бөгет болатын кедергілердің санын азайту;
- әрбір балаға қатысты сан алуан және сыйласымдылық және тең құқықтық қатынасты қалыптастыру мақсатында мәдениеттілікті, саясат пен тәжірибені дамыту.

Инклюзияның артықшылығын адам құқығын сақтауға байланысты туындайтын ізгілік ниеттерден, сондай-ақ адамдардың білім алу арқылы қоғамға тигізер пайдасынан да байқауға болады:

- инклюзия барлық балаларды бірге оқыту арқылы мектептегі алуан-түрлі қарым-қатынасты жақсартып алады және сонысымен әлеуметтік үлкен ұйымшылдыққа көмектеседі;
- мүмкіндіктері шектеулі балалар стигматизацияға азырақ ұшырайды, ол оларды әлеуметтік кіріктірумен қамтамасыз етеді;
- мүмкіндіктері шектелмеген балалар шыдамдылыққа, ерекшеліктерді тануға, сан алуандылықты сыйлауға үйренеді;
- мүмкіндіктері шектеулі балалар арнайы мектептердің оқу жоспарымен салыстырғанда оқытудың кең бағдарламасымен оқу мүмкіндігін алады;
- инклюзия жеке мекемелердегі сегрегациялау жағдайымен салыстырғанда балалардың оқудағы үлгерімдерінің жоғарылауына көмектеседі. Оқу түріндегі инклюзивтік білім беру барлық балалар үшін тиімді, себебі ол жоспарлау әдістемесіне, мектептік білім беруді жүзеге асыру және оны бағалауға маңызды өзгерістер ендіреді, білім беру адамдарды өзінің құқықтарын жүзеге асыруға, оларды қоғамда қорғауға және қоғамда, сондай-ақ білім беру саласында демократизациялау және даралау үдерісіне өз үлесін қосумен қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Сонымен бірге, инклюзивтік білім беру пайдасына экономикалық дәлелдемелер де келтіріледі. 1997 жылы қазан айында өткізілген Бала құқығы бойынша комитет өткізген Мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқық мәселелерін жалпы талдау күнінің нәтижесі бойынша жасалған тұжырымданың біреуі – ол мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғам үшін масыл емес, олар да қоғамға өз үлесін қосатын қоғам мүшесі екендігін мойындаудың маңыздылығына қатысты болды. Дүниежүзілік банкінің бағалауы бойынша, әлемдегі кедейлердің шамамен бесеуінің біреуі мүмкіндігі шектеулі тұлға

болып табылады (1999 жыл), ал өзінің 2005 жылғы зерттеулерінің нәтижесінде Дүниежүзілік банкі: «мүмкіндіктері шектеулі балалардың оларға жоғары пайда алуға мүмкіндік беретін адамдық капиталды – тәжірибе мен білімді алуға деген мүмкіндігі болуы бірталай, сол себептен тіршілік әрекетінің шектелуін бір жағынан ұзақ мерзімді кедейлікпен де ассоциациялауға болады», – деп тұжырымдама жасады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру – жақсы инвестиция. Дүниежүзілік банкінің баяндамасында бұл адамның әлеуметтік қажеттіліктеріне кететін шығынды және адамның қазіргі кезде де болашақта да мемлекетке тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді деп аталып өтті. Сонымен бірге, бұл жанұяның басқа мүшелерін оны күтуіне қатысты міндеттемеден босатады, оларға өз уақытын жұмысына және өнімдік әрекеттің басқа түрлеріне жұмсауға мүмкіндік береді [24].

Жоғарыда қаралып өткен құжаттар оларды міндетті түрде орындау қажеттілігін білдірмейді, алайда кейбір елдер оларды өздерінің ұлттық заңнамаларына ұсыным ретінде кіргізген. Білім беру сияқты маңызды саланы қалыптастыру әрбір нақты елдің әдет-ғұрпы мен даму деңгейіне тәуелді болады, сондықтан халықаралық актілер қатысушы елдердің жалпы бағыты мен қағидаларын анықтайды.

Білім алудағы ерекше қажеттіліктерді дамыту бойынша Еуропалық Агенттік теориялық вариативті көзқарасты ұсынады. Аталған халықаралық ұйымның тұжырымдамалық идеологиясы инклюзивтік білім беруді әр түрлі қалыптан қарастыру мүмкіндігіне негізделеді. Осылайша барлық балаларға арналған инклюзивтік білім беру білім алу үшін орынды таңдау (мультивариативті) ретінде, білім берудің ерекше жүйесі (екі жақты тәсілдеме) немесе бір орта шеңберінде жалпы білім беру мектебі немесе сыныбы (EADSNE) ұсынылатын қызмет спектрі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Инклюзивтік білім беруді педагогикалық қырынан түсіндіру әр түрлі нормативтік актілер атрибуты болатын белгілі бір құқықтық аспектілерде бейнеленеді. Оқыту түріндегі инклюзивтік білім алудың мазмұндық жағы «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру аясындағы қағидалар, саясат және тәжірибелік әрекеттер туралы Саламанкалық Декларацияда» ашып көрсетіледі. Оның ережелеріне сәйкес барлық балалардың ерекшеліктері, оқуға бейімділігі мен қажеттілігі болады. Сондықтан барлық оқушылардың сан алуан ерекшеліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында аталған құжатта оқытудың инклюзивтік білім беру түрін құрудың тиімділігі дәлелденеді, себебі инклюзивтік білім беру жүйесі мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтену келешегін кеңейту үшін, оларды кемсітушілік элементтерін жоюға және мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамның тіршілік әрекетіне белсенді қатысуына көмектесетін, білім берудің сапалы қызметтерімен қамтамасыз етуге жақсырақ жағдай жасауға мүмкіндік береді [21].

Бала құқығы туралы конвенция балалардың жеке ерекшеліктеріне тәуелсіз білім берудегі оқшаулау элементтерін жойып, барлық балалар үшін инклюзивтік қауымдастық құрудың логикалық жалғасы болып табылады. Сонымен аталған Конвенцияның 28-бабында барлық мемлекеттер баланың

білім алу құқығын мойындайды, ал белгіленген құқықтарды жүзеге асырудың құралдық тактикасы ретінде ақысыз пен міндетті бастапқы білім беруді, сондай-ақ әр түрлі формадағы орта білім алуға қолжетімділікті ендіреді, ал бұл барлық балаларға өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және инклюзияның тәжірибелік стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді [18].

Мүгедектер құқығы туралы конвенцияда да оқшаулау сәттерді жоюдың педагогикалық орталық механизмі ретіндегі инклюзивтік білім берудің мағыналық элементтері бар. Әдеттегідей еместің бір түрі ретіндегі мүгедектілік инклюзивтік білім берудің жетістіктері мен әлеуметтендірудің тиімділігі үшін ерекше кедергі болады.

Халықаралық қауымдастықта барлық балаларды оқытудың тиімді тактикасы ретінде танылған инклюзивтік білім беру әрбір бала өзінің қажеттілігі мен мұқтажына сәйкес көмек алатын, сапалы қолдау көрсететін кешенді құрылымды білдіреді.

Талдау барысында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивтік оқытудың ұсынылған интерпретациясын оқытудың инклюзивтік түрін коммуникативті-интербелсенді кешен ретінде сипаттауға болады [17].

Ағылшын зерттеушілері Т. Бут, М. Эйнск және А. Дайзонның әзірлеген инклюзия индексіне сәйкес инклюзивтік білім беру үдерісі баланы дамытудың оқулық, әлеуметтік, психологиялық, тұлғалық міндеттерінің өзара байланысын білдіреді. Инклюзивтік білім беру кеңістігінің атқарымының табыстылығы мен сәтсіздігі аталған мақсаттық ұстанымдарды шешу деңгейіне негізделеді. Олардың тиімді шешілуі бұл нормалау тенденциясын белсенді ендіруге жеке ерекшеліктерді оқу әрекетін жүзеге асыруға қажетті күштің шектелуі ретінде түсіндірілмей, керісінше білім беруде инклюзияны құрудағы жағымды ынталандырамалар сапасында анықталуы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаға өзін құрдастарының арасында еркін сезінуге мүмкіндік береді [25].

Зерттеушілердің инклюзивті білім беру ортасының орталық компоненттерінің ерекшелеген мәліметтерін тірек ете отырып, біз тәжірибелік ендірудің педагогикалық мақсаттылық жағынан бірқатар жағымды сәттерді құрайтынын байқадық.

1. Барлық оқушылардың және білім беру мекемелерінің персоналдарын тең бағалау. Бағалауды тек академиялық жоспарлау жағынан емес, оның әлеуметтік ынталандырамалар жағынан түсіну өзара әрекеттенудің педагогикалық әдептілік түрін құруға мүмкіндік береді. Әрбір баланың әлеуметтік бағалылығын тану мен инклюзивтік сынып мұғалімінен тұратын екі сатылы көрініс инклюзия индексінің көрсетілген аспектісінің жағымды сәті болып табылады. Бұндай тәсілдеме инклюзивтік білім беру ортасын бүтіндей ырықтандыруға және білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің әрбір субъектісіне қатысты үлгіні құруға мүмкіндік береді.

2. Мектептік инклюзивтік қауымдастық өміріндегі барлық балалардың қатысуын кеңейту және оларды мектептің мәдени өмірінен шығарып тастауды азайту. Барлық балаларды инклюзивтік сыныптың бар әлеуметтік жағдайларына қосуды арттыру барлық балаларға өздерінің жеке ерекшеліктерінің айқындығына тәуелсіз өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін

барынша ашуға мүмкіндік береді. Берілген үдерістің педагогикалық мағынада позитивтілігіне академиялық және әлеуметтік нәтижелерді жақсарту үшін ынталандырма болып табылатын әрбір баланың уәждемелік-қажеттілік аясының біршама баюы жатады. Мектеп ұжымының өміріне тікелей қатысу жағдайында ғана барлық балалардың өзінің әлеуметтік субъективтілік деңгейін арттыра отырып, әдеттегідей емес сыныптасына қажетті қызметтерді тең деңгейде алу және ұсыну құқығы болатын инклюзивтік сыныпты қолдаудың өзара байланысты жүйесін құру мүмкін болады.

3. Инклюзивтік білім беру ортасын құрудағы білім алудағы қажеттіліктерді теориялық түсінудің және практиканың, мәдениеттің қайта құрылымдалуы. Мектептік инклюзивтік қауымдастық барлық ауытқушылықтар жеке тұлғаның бөлінбес атрибуты ретінде қарастырылатын, әдеттегі еместердің кез келген түріне қатынасты дәйектілікпен қайта қараудан тұратын, эволюциялық тұрақты әрекетті білдіреді. Аталған құбылыстың педагогикалық позитивтілігі тіршілік көзінің әдеттегідей емес байқалымдарына толеранттылықтың, адамдық абыройды сыйлаудың, қабылдаудың тәртіптің стратегиялары көрсетілетін білім беру үдерісінің жаңа сапалы ізгілікті жолын құрудан тұрады. Бұндай тұжырымдамалық қайта бағалаудың тәрбиелік рөлі

«ерекше» баланы балалардың ұжымына қосуды нормалауға кедергі келтіретін бүлдіргіш күштер элементімен емес, позитивтілік атқарымдылық тұрғысынан түсіндірілетін әлеуметтік естілімнің сапалы жаңа қалпымен анықталады.

4. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың ғана емес барлық балалардың оқуы мен қатысуына қатысты кедергілерді азайту. Кедергілерді жою әрбір бала оқытатын қауымның дамуына қосуға шамасы келген үлесіне қарай бағаланатын, иілімді қабылдау ортасын құруға мүмкіндік береді.

5. Барлық оқушыларды әр түрлі себептерге қарай әлі де жойылмаған кедергілерді жеңудің тиімді стратегияларына үйрету. Бұл әр түрлі жағдайларға байланысты әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық немесе дене тұрғысынан қарама-қайшылықтарға кездескен мүгедектердің өмірге ерекше төзімділігіне үйретеді. Педагогикалық компоненті кедергілерді уақытша қиындық деп түсінуден білінетін ішкі және сыртқы өнімділіктен анықталады. Оларды жеңуде инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінде өзін-өзі реттеудің айқын механизмі қалыптасады, алайда бұндай құбылыс барлық оқушыларды тұлғалық және дене тұрғысы түріндегі туындауы мүмкін қайшылықтарға мақсатты бағытта жеңуге дайындаған жағдайында ғана мүмкін болады.

6. Оқушылардың арасындағы айырмашылықты қалыпты әлеуметтік және академиялық үдерісті тежейтін қиындық ретінде емес, адамзаттың саналуандылығының табиғи механизмі ретінде түсіну. Білім алудағы ерекше қажеттіліктердің сан алуандылығы әрбір адамның өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, оқуға деген қабілеттері мен белгілері болатын кез келген адам аясында, тұлғалық-бағдарлық өзара иілімді әрекеттенуі мектептік инклюзивтік қауымдастықтың сәтті өмір сүруінің негізі деп қабылданады.

7. Оқушылардың сапалы білім алуға берілген құқығы туралы білімін кеңейту. Бұл балалардың заңнамалық мүмкіндігінің өзіндік спектрі туралы тұрақты құқықтың біліміне негізделеді. Құқықтары мен міндеттері бар өзінің құқықтық мәртебесі туралы қарапайым негізгі білімді меңгеру балаларға танымдық қорды интериоризациялауға көмектеседі. Бұндай ұстаным мүмкіндігі шектеулі балаға инклюзивтік білім беруді мемлекеттің сапалы біліммен қамтамасыз ету міндеттемесі ретіндегі табиғи үдеріс ретінде емес, қайырымдылық акциясы ретінде қабылдаудан, инклюзивтік білім беруді педагогикалық-филантропиялық қабылдаудан құтылуға мүмкіндік береді.

8. Жалпы мектеп жүйесін оқушылар үшін ғана емес, сондай-ақ инклюзивтік білім беру кеңістігінің мұғалімдері үшін де жақсарту. Мектептік құрылым көптеген сыртқы факторлардың әсеріндегі иілімді интербелсенді жүйе ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайдағы педагогикалық сәйкестілік мұғалімнің өз жұмысының тактикасын орта талабына қарай барынша жылдам өзгерте білу қабілетімен анықталады.

9. Жергілікті қауымдастықтың кеңеюі мен шынайы инклюзияның жетістікке жетуіндегі мектептің рөлінің артуы. Мектеп әлеуметтік қатынастылықты ендіру үшін тәжірибе алаңы болатын өзіндік микросоциум ретінде түсіндіріледі. Барлық балалар алдымен ерекше қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттену тәжірибесін меңгереді, содан кейін нормадан кез келген ауытқушылықты эмпатиялық тұрғыда қабылдайды.

10. Мектепте және қоршаған ортада алынған тіршіліктегі әлеуметтік дағдылармен арасындағы өзара байланыс. Қандай болмасын шектеулер әлеуметтік-тұрмыстық түрдегі практикалық икемділіктер мен дағдыларда жетіспеушілікті тудырады. Сондықтан инклюзивтік түрдегі білім беру әрқашанда кез келген даму бұзылыстары бар бала мектепте алған білімі мен икемділіктерін шынайы өмірде байқап көру кезінде туындаған мәселелерді бүтіндей көруі үшін құрылады. Инклюзивтік білім беру индексінің көрсетілген құрылымдық элементінің педагогикалық құндылығы оның заттық-атқарымдық жағын күшейту мүмкіндігінде болады.

11. Инклюзивтік білім беру фактісін қоғамға кіріктірудің кешенді механизмін құру бөлігі ретінде түсіну. Көрсетілген бөлшектеу инклюзивтік сынып мұғаліміне білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланың ары қарайғы өмір сүруіне қажетті дайындық түрін таңдауға мүмкіндік береді. Педагогикалық тұрғыдан бұндай жағдай баланы оның тіршілік қарекетінің әр түрлі аймағына қосуға арналған жағымды жағдай тудыратындықтан, инклюзиядағы фрагменттік пен тұрақсыздықты жоюға мүмкіндік береді [25].

Шет елдік түсіндірмелер аясындағы инклюзияның индексін талдау бірыңғай ортақ желіні – оқытудың инклюзивтік стратегиясын табысты жүзеге асыру үшін негізгі талап ретіндегі ортаға көзделуді анықтайды. Философиялық-педагогикалық түрдегі инклюзивтік білім беруді батыстық түсіндірулер жалпыланған, тұжырымдалған және оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің даралығы мен дербестігіне үлкен бағытталу жағдайында бүтіндей көру ұсынылады.

Инклюзивтік білім беруді мазмұнды түсіну оның құрылымдық-болмыстық сипаттамасын нақты ұғынуға негізделеді. Оқытудың инклюзивтік түрінің

құрылымдық тұжырымдамасын ұстана отырып, Е.К. Сликер және Д. Дж. Палмер білім беру үдерісінде бар инклюзивтілік деңгей туралы дәлелдейтін, барлық балаларды инклюзивтік оқытудың белгілі бір компоненттерінің біріккен жиынтығын ерекшелейді:

- баланың жеке қажеттілігін бағдарламалық көздеу мағынасы бойынша сәйкес келетін және иілімді оқу модульдерін құруды білдіреді;

- барлық балаларды инклюзивтік оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға бағытталған мектептік қоғамның барлық мүшелерінің жалпы жағдайын қалыптастырудан тұратын оқытудың инклюзивтік тактикасына айқын бағыттау;

- мүмкіндігі шектеулі баланы мектеп ұжымына қосу қажеттілігін дәлелдеген инклюзивтік білім берудің әрбір субъектісінің қабілетінде болатын оқытудың инклюзивтік тактикасын қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру;

- инклюзивтік білім беру ортасын құруға барлық субъектілер тартылатын, ведомство аралыққа негізделген, инклюзивтік білім беру кеңістігін құрудағы тактикалардың ынтымақтастығын есепке алу қажеттілігі;

- «ерекше» балаға бір мезгілде оқу әрекеті мен сыныптағы әлеуметтік өмірдің барлық түріне қосылу және табысты әлеуметтенуге қажетті өзінің икемділіктері мен дағдыларынбайқатуға мүмкіндік беретін пилоттық бағдарламалардың болуы;

- нақты балаға өзінің мүмкіндіктерін барынша ашып көрсетуге мүмкіндік беретін, оған сәйкес келетін әлеуметтік белсенділіктің түрін таңдауға көңіл аудару;

- инклюзивтік білім беру кеңістігінің барлық субъектілерін әрбір бала балалардың микросоциумына қабылданылатын, инклюзивтік сынып жүйесіне тиімді қосылудың практикалық дағдыларын меңгеруді білдіретін плюралистік ортадағы тіршілік қарекетінің және өзара әрекеттенудің дағдыларына үйрету;

- әрбір баланың жеке жетістіктері арқылы инклюзивтік білім беру үдерісін нақты және тіркелген бақылаудан тұратын мониторингінің кезеңді үдерісі;

- инклюзияның жақын арадағы және алыс келешектегі салдарын көре білетін ұжымның барлық мүшелерінің қабілеттерімен берілетін оқытудың инклюзивтік тактикалары [26].

Инклюзивтік білім берудің мониторингілік, кешендік, тұлғалық-даралық белгіленген компоненттері мен тепе-теңдік элементтерінің үйлескенін білдіреді. Бұндай көзқарас инклюзивтік білім беруді бір атқарымның жеткіліксіз орындалуы немесе түрленуі басқа құрылымдық атқарымдарды бұзуға және берекесін кетіруге әсер ету аясындағы жүйе ретінде тұтастай көруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқытудың инклюзивтік түрін осылай түсіндіру әдепті болады, себебі инклюзивтік сынып мұғаліміне балалар ұжымын тиімді басқаруға және сыныптың барлық мүшелерін инклюзияға тартуды мүмкіндік береді [26].

Психологиялық-педагогикалық талдау инклюзивтік білім беруді түсіну әр түрлі бағыттағы тұжырымдамалардың жиынтығын білдіретінін анықтады. Батыс зерттеушілері Б. Дорис пен Б. Халлер инклюзивтік оқытудың

нарративтік-құндылық түсініктемесін ұсынады, бұл міндетті түрде орташалық және жеке бастық аксиологиялық детерминанттары бар эволюциялық-дамыту механизмі ретіндегі барлық балаларды инклюзивтік оқыту үдерісін қарастыратын тұрақты ұғынымдар мен теориялардың жиынтығын білдіреді. Инклюзивтік білім берудің атқарымдылық құндылығы мүмкіндіктері шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудің жағдаяттық жағдайы түрінде әдеттілікті көруді білдіретін ұжымдық және даралық аксиологиялық сәттердің жиынтығынан байқалады. Әр түрлі ерекшеліктер өзгертуге жатпайды, оларды берілген деп қарап, инклюзивтік сыныптағы жұмыстың педагогикалық жеке түрін жанаастыру қажет болады. Б. Дорис пен Б.

Халлер инклюзивтік білім беру мазмұнының мәнін құрайтын бір қатар аксиологиялық элементтерді ерекшелейді:

- әрбір баланың инклюзивтік сыныпқа қосылу қалауы міндетті түрде қанағаттандырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру педагогикалық және экономикалық тиімділік мәнмәтінде қарастырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру үдерісінде негізгі адамдық құқық пен еркіндік қанағаттандырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру алыстатылған немесе тікелей кейіпте үнемі өзін-өзі ақтап шығады;
- инклюзивтік білім беруді кез келген мектепте кез келген адамдық, техникалық, зерделік, материалдық және басқа да ресурстарда жүзеге асыруға болады;
- оқытудың инклюзивтік үлгісін құрған кезде мектептің негізгі міндетіне әдеттегідей еместерге қатынасты нормалау жатады;
- инклюзивтік білім берудің мазмұны әдеттегі емес баланың әлеуметтік және академиялық білім жинағын меңгеруіне негізделеді;
- инклюзивтік білім беру білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланың жай ғана сыныпқа баруымен бітпейді, ол баланың балалар ұжымының барлық әрекеттеріне қатысуынан байқалатын, өмірлік белсенді көқарасын көрсетуін білдіреді [27].

Берілген теориялық әзірлеме позитивті, себебі ол барлық балаларды инклюзивтік білім беру жүйесіне қатысты құндылықты түрлендіруді тірек етеді. Бұндай өзгертулер білім беру жүйесін ары қарайғы түрлендіру және әдеттегі емес балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инклюзивтік тактикаларын құру үшін ынталандырма және өзек болады.

Сонымен, инклюзивтік білім берудің барлық ұсынылған теориялық тұжырымдамаларын қорытындылау барысында, батыстық философиялық-педагогикалық пайымдаудың инклюзивтік білім беруді білім алуда кез келген қажеттіліктері бар барлық балалардың жеке қажеттіліктері мен мұқтаждықтары қабылданатын инклюзивтік білім беру ортасын құру арқылы түсіндіретіні туралы тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ талдау барысында инклюзивтік білім берудің негізгі тәсілдемелері қарастырылды. Берілген тәсілдемелерді талдаудың мақсаттылығы инклюзивтік оқыту жүйесінің барлық балаларды оқытудың

орталық тәсілдемелерінен мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру үдерісіне қосудың біршама өнімді стратегиялары мен тәсілдеріне дейін сапалы қызмет етуінің тұтастығына шартты болады.

Инклюзивтік білім берудің әр түрлі үлгілерін қарастырғанда, жүйелік, командалық, орталық, кондуктивтік, жекеше сияқты тәсілдемелері ерекшеленеді. Олардың тұтастығы, біздің пікірімізше, құрдастарынан қандай да бір белгілері бойынша ерекшеленетін балаларды барынша қабылдауға арналған барлық педагогикалық талаптардың жиынтығы бар болатын инклюзивтік білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Берілген тәсілдемелерді қарастырып өтейік.

Жүйелік тәсілдеме инклюзивтік білім беруді құрастырудың қажетті шарты ретінде өзінің бейнесін көптеген зерттеулерден табады. Идеялық құрылыстардың жалпы көрінісі инклюзияның әдіснамалық арсеналының орталық диспозициясы түріндегі жүйелілікті анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдемені берілген талдау аясында қарастырудың мақсаттылығы, біздің пікірімізше, инклюзивтік білім беру кеңістігінің сан алуан компоненттерінің өзара байланысы мен өзара әсерін байқауға мүмкіндік береді.

Батыстық реалия жағдайындағы жүйелік тәсілдеменің мазмұны У. Бронфенбреннердің қоғамның әлеуметтік дамуының экологиялық теориясы арқылы түсіндіріледі. Осы теорияға сәйкес жергілікті қауымдастық бір-бірімен өзара байланысқан мекемелердің, құрылымдардың, ассоциациялардың және әрбір баланы табысты дамумен кешенді түрде қамтамасыз ететін және оған нормадан ауытқуларын өтеуге мүмкіндік беретін құндылықтардың жүйесі арқылы анықталады. Бұл жерде ерекше рөл мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік жағдайға қосудың сапалы сатысымен қамтамасыз ететін және құрамына тұлғалық жеке микро жүйелер кіретін инклюзивтік мектептерге беріледі. Бұл балаларды қоғамға ары қарай қосу мен барынша бейімдеу үшін жергілікті қауымдастықтың барлық субъектілер жұмысының бірлескен тактикаларының қажеттілігі байқалады. Бұл жағдай құрамында балаларды әлеуметтендіруге қатысушылардың барлығы бар қоғамның ерекше қажеттіліктерді қабылдауға бағытталғаны айқын байқалатын, қажетті көмекті көрсетуді жалғастыратын инклюзивтік бастаманың мезодеңгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы деңгейде кеңейтілген жанұялық орта мүмкіндігі шектеулі балаға оның жеке ерекшеліктері және немесе ортаның әсеріне шартты тәртіптің тиімді үлгісін құруға, жеке тұйықтығын жеңу үшін қоғаммен қатынасты орнатуға көмектеседі [28].

Эко жүйе мезо- және макро деңгейлердің арасындағы аралық жағдайға ие болады, бірақ сонымен бірге оның атқарымдық мәні толық, әдеттегідей емес баланың әлеуметтенудің бір сатысынан басқа сатысына өтуінің бейресми жүйесін пайдаланудан құралады, инклюзивтік мектепте танымдық қорды және әлеуметтік-практикалық тәжірибені меңгерген бала өзінің әдепті тәртібін көрсете отырып, макро деңгейге көшуге қабілетті болады.

Сонымен бірге макро жүйе мүмкіндігі шектеулі баланың өзінің тәртіптік паттерінің жеке әсері болып табылмайды, ол қоғамда басым болатын аксиологиялық императивтерге, белгілі бір әдеттер мен салттардан байқалатын

мәдениетке, сондай-ақ білім беру мәселелері бойынша халықаралық деңгейдегі заңнамаларға және әдеттегідей емес баланың өмір сүріп жатқан нақты мемлекетке тәуелді болады.

Инклюзивтік білім беру мекемелері барлық балаларды қосудың кең алаңын ендіруге арналған ынталандырма болған жағдайдағы интербелсенді синтезде мүмкіндіктері шектеулі балалардың барабар дамуы туралы түсінікті тудыруы мүмкін, ал ол оларда қоғамға қосуға арналған қажетті негізді қалыптастырады.

Инклюзивтік білім беруді құрастырудың батыстық нұсқасындағы жүйелік тәсілдемені талдау баланың өмір тіршілігі өтетін, жағдайдың тұтас көрінісін құруды білдіретін жүйелілікті түсінудің бірлігін дәлелдейді. Бұл жағдайда жүйелік тәсілдеме инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық құрама тізбектерін біріктіруге мүмкіндік беретін модуляциялық буын ретінде қарастырылады.

Инклюзивтік білім беру әдіснамасында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеудің тұтас жүйесіне қосудың жоғары деңгейіне жету үшін инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің күштерінің жиынтығы ретінде түсіндірілетін **командалық тәсілдеме** жетекші

рын алады. Инклюзивтік білім беру кеңістігін құру кезіндегі командалық әсілдеме оның кешенділігіне қарай ол жеткілікті көлемде түрленеді және сан алуан түрлі екпінді қойғанда жіктеледі деп түсіндіріледі. Командалық тәсілдеменің канадалық өкілдері М.А. Мastroпиери, Т.Е. Скраггс, Р.С. одемски және т.б. инклюзивтік сыныптағы қолдауды инклюзивтік білім берудің әр түрлі субъектілерінің күшінің кешенді түрде бірігуі деп нықтайды, бұндай жағдайда мүмкінділіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін өнімді шешуде сыныбында осындай бала бар бір мұғаліммен ғана тұйықталмайды. Аталған ғалымдардың пікірінше инклюзивтік білім беру жүйесін құру кезіндегі командалық стратегияны жүзеге асыру педагогтардың тұлғааралық қатынасында ақпараттық және практикалық материалдармен үнемі алмасуы арқылы жүреді, бұл әрине мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқудағы үлгерімі мен әлеуметтік құзыретін арттыруға тікелей әсер етеді. Оқытушылар мен бұндай қатынастың мақсатты ұстанымының арасындағы диалогтың мазмұнды жағынан қарағанда инклюзивтік сыныптағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың әр түрлі командалық түрлері ерекшеленеді [29-30].

Батыстық үлгілерде командалық тәсілдеменің «екеулеп оқыту» түрі жиі пайдаланылады, бұл әдеттегі мұғалім мен мұғалімнің ассисентінің араында тығыз байланыс орнатуды қарастырады. Бұндай тәсіл мүмкіндігі шектеулі алаңың жеке бағдарламасының мазмұнын барынша сапалы қалыптастыруда өзара жауапкершілікті бөлісу жүйесін құрастыруға көмектеседі. Біздің пікірімізше, жұмыстың бұндай түрі өте өнімді, себебі бұл жағдайда командалық тәсілдемені жүзеге асыру жалпы және арнайы білім беру элементтері құрамдасатын иілімді оқу бағдарламасын қалыптастыруға негіз олады, бұл бір жағынан мүмкіндігі шектеулі баланың жеке қажеттілігін, ал бір жағынан бала меңгеруге тиісті оқу пәнінің мазмұнын есепке алуға мүмкіндік береді.

Ағылшын зерттеушісі Э. Паттерсонның командалық тәсілдемесінің басқа ұсқасы білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара рекеттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Ерекше маңызды сәттер сапасында «маман-маман» жүйесіндегі өзара әрекеттену ерекшелінеді, ілімнің әр түрлі салаларының инклюзивтік білім беру аясында үйесуі инклюзивтік білім беру стратегиясына және оларды мектептік бірлестікке практикалық ендіруге арналған өнімді негіз құруға мүмкіндік береді [31].

Э. Паттерсонның көзқарасына сәйкес оқудың инклюзивтік түрін құруда педагогтардың өзара әрекеттенуінің тұрақтылығының артықшылығы зор, ол екеше оқыту элементтеріне ендіруге өзінің көрінісін табады:

- мүмкіндігі шектеулі баланың жеке ерекшеліктері бойынша жалпы және арнайы педагогтың күшін тұрақты біріктіру есебінен, оқытудың уақытша бағдарын ұйымдастыру;

- мектептің барлық мұғалімдерінің уәждемелерін біріктіру жолымен әрбір оқушыны қолдаудың жеке жүйесін құру;

- балаларды инклюзивтік білім беру ортасына қосуға кедергі болатын олардың барлық ерекшеліктерін кешенді түрде есепке алу аясында жүретін кәсіптік негіздердің тығыз өрілу есебінен әрбір баланың психофизикалық ерекшеліктерін ұғыну;

- жалпы қабылданған нормадан ауытқулары бар балаларды оқытудың тиімді стратегиясы бойынша басқа мұғалімдермен тәжірибе алмасу есебінен оқу материалын меңгертудің жекеше-темпоралды ерекшеліктерін рефлексивтік қабылдау мүмкіндігі .

Командалық тәсілдемені әр түрлі бейінді мамандардың өзара байланысы арқылы қарастырудың жағымды мәні бар. Инклюзивтік мектептің мұғалімдерінің арасындағы өзара әрекеттенудің толық құнды болмауы инклюзивтік үдерістерді жүзеге асыруға кедергі болады, сондай-ақ бұл жерде баланы жалпы білім беру мекемесіне шынайы қосу туралы айтуға болмайды. Инклюзивтік тәсілдеменің мәні педагогтардың арасындағы тұрақты өзара байланыс пен ұйымшылдықты ерекше баламен өзара әрекеттенудің қажетті тәжірибесін алу, сондай-ақ өзінің әріптесіне беру командаға қатысушылардың шеберлігін өзара байыту тәсілдері деп ұсынады.

Инклюзивтік білім беруді құрастырудың басқа жетекші талабына аксиологиялық тәсілдемені мәнмәтінде қарастыру жатады. Берілген тәсілдеменің мазмұнының мәніне әдеттегідей еместің кез келген түрі әлеуметтік позитивтік перцепияға ұшырайтын, ал мүмкіндігі шектеулі балада бар әлеуметтік-педагогикалық ақтаңдақ тұрақты негативті жеке мінез ретінде қабылданбайтын инклюзивтік сыныптың коммуникативтік құрылымының құндылықты-нормативтік негізін ендірумен беріледі.

М. Сапон-Шевин, С. Пэк және т.б. зерттеушілер аксиологиялық тәсілдеменің мағыналық мазмұнын сипаттай отырып, әрбір оқушының ерекшелігін барынша қабылдау және эмфатикалық қатынастарды апробациялау көзделген инклюзивтік сыныптың барлық мүшелерінің өзара байланыстарын реттеу механизмінің құндыдылығын түсінеді [32, 33].

Аксиологиялық тәсілдеменің ұғымын түсіну мектептің берік бірлестігін

қалыптастыру кезінде жетекші көрсеткіштерге тәртіптік, жекше-темпоральдық, мағыналық, жанжалсыз негіздердің синтезін жүзеге асырғанда мүмкіндігі шектеулі баланың балалар ұжымына қабылдау атмосферасы құрылатынын көрсетеді. Жүргізілген талдау бізге мектептік ұжымдағы келесі маңызды аксиологиялық элементтерді жалпыланған түрде ерекшелеуге мүмкіндік береді:

1. Қатыстылықтың айқын байқалған сезімі. Инклюзивтік сыныптың әрбір баласында өзін мектептік қауымның бөлінбейтін мүшесі ретінде сезінуін және өзін ұжыммен сәйкестендіруін қалыптастыруды білдіреді.

2. Мектептік қауымдағы инклюзияның шынайы мәдениеттіліктің болуына эмпатия, толеранттықтың құндылығын бөлісетін нормативтік негіздің белсенді қымет атқаруы кепілдеме болады.

3. Барлық оқушылардың жауапкершілікті және ұжымның дамуына өз үлесін қосу қажеттілігін сезінуі. Инклюзияны жүзеге асырудағы жағымды моральдық-адамгершіліктік негізді түсінуге инклюзивтік білім беру континуумының барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің дұрыс бөлінуі негіз болады.

4. Шешімді қабылдау кезіндегі шынайы демократияны байқату.

Аксиологиялық негіздер интеракцияның либералдық тактикаларына негізделеді, бұл әрбір балада жеке бастық әлеуметтік, философиялық, мәдени идеяларды ашық көрсете алатын мүмкіндік пайда болады және бір тұтас қауым болып қызмет атқаратын инклюзивтік сыныпта міндетті түрде демократияның қалыптасуының қажеттілігін білдіреді.

5. Барлық оқушылардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, олар үшін бірдей болжалдың көрінуі. Бұл аксиологиялық жағымды эмоциялық көңіл күй жағдайындағы мұғалім либералдылығын көрсете отырып, барлық оқушылардан әлеуметтік талаптардың барынша бірдей деңгейін қалыптастыруға тиісті. Бірақ сонымен бірге мұғалімнің стратегиясы иілімді және мобильді болуға міндетті, бұлар баланың шынайы мүмкіндігіне, оның қызығушылығы, қалауы мен қажеттілігіне қарай өзгеріп тұруға тиісті [34].

Сонымен батыс елдеріндегі инклюзивтік білім берудің аксиологиялық тәсілдемесінің мәні ізгілікті және толерантты білім беру ортасын құрудың жетекші элементі ретіндегі моральдық-адамгершіліктік мағыналардың анықтамасымен беріледі. Аксиологияның мақсатты ұстанымы барлық балалардың жеке құқықтарын бір мезгілде сақтай отырып, әрбір баланың белгілі бір ерекшелігінің болуына тәуелсіз оның құндылығын танудан, мектеп әрекетінің кез келген аспектілеріне әлеуметтік, мәдени, философиялық көзқарастарды ашық білдіруден тұрады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тиімді оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға жақын арадағы микро әлеуметтік әсерді есепке алуды білдіретін кондуктивтік тәсілдеме аксиологиялық қағидаларды жүзеге асырумен тікелей байланыста тұрады. Бұндай жағдайда инклюзивтік білім беру құрамына инклюзивтік оқуды сапалы жүзеге асыру үшін қажетті дайындықты қалыптастыратын ата-ана да кіруге тиісті.

Инклюзивтік білім беруді құрудағы жанұяның рөлін анықтағанда, батыстық

зерттеушілер У. Монтогомери және М. Мооре жанұялық әсерді мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру ортасына қосудағы басымдылық факторы ретінде сипаттайды. Жанұялық факторды есепке алу баланы балалар ұжымына қосу барысында біршама артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- мүмкіндіктері шектеулі балалардың инклюзивтік білім беру практикасын жүзеге асыруға деген уәждемесін арттыру;

- тиімділеу білім беру бағдарын әзірлеуге;

- жанұяны білім беру үдерісіне қосу есебінен мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыстың стратегиялық тактикаларының бірін-бірі толықтырушылығы мен біріне-бірінің тәуелділігі;

- мектепте алынған әлеуметтік дағдыларды үй жағдайында жаттықтыру арқылы оқу үдерісінің академиялық және әлеуметтік құрамының арасындағы өзара байланыстың тұтастығын құру;

- ата-аналардың мамандар үшін баланың жеке ерекшеліктері туралы шынайы ақпарат беруі.

Кондуктивтік тәсілдеменің негізгі құрамын талдау, біздің пікірімізше, жанұялық қауымның табысты қызмет атқаруы жанұялық қатынастың когеренттілігі мен үйлесімділігі деңгейіне тәуелді болатын жанұялық жүйенің бір тұтастығын білдіреді. Берілген жағдай инклюзивтік білім беру жағдайына және әрбір баланың қосылу деңгейіне позитивті әсер етеді, себебі жанұялық қатынасты желіге тарту барлық балалардың құрдастарының ұжымына кіру үдерісін жеңілдетеді. Үйлесімді жанұяда өскен мүмкіндігі шектеулі бала психоәлеуметтік түрдегі позитивті эмоциялық қолдау алу мүмкіндігіне ие болады, бұл оны балалар қоғамына және бүтіндей қоғамға қосудың табыстылығын анықтайды.

Кондуктивтік тәсілдеменің инклюзивтік білім беруге қатысты позитивтік ерекшелігіне жанұялық құрылымның ашықтығының сипаттамасы жатады, бұл көрініс балаға оқытудың инклюзивтік түріне қосуға арналған ең қажетті модификацияның спектріне жетуге мүмкіндік береді.

Инклюзивтік білім берудің бөлшектік көрінісі мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру үдерісіне қосуға арналған негізгі педагогикалық талап ретіндегі жекеше тәсілдемені тірек студі білдіреді. Т.Е. Смит мен Б. Волкер білім алуда ерекше қажеттіктері бар балаларға қатысты жекеше тәсілдеменің мазмұндық негізін қарастыра отырып, білім алуда ерекше қажеттілігі бар бала мен мұғалімнің арасындағы өзара әрекеттену үдерісіндегі тұлғалық-бағдарлау негізін жүзеге асыру туралы айтуға мүмкіндік беретін бір қатар жасаушыларды ерекшеледі:

- әрбір балаға уақытты оның кейбір ерекшеліктерінің барлығына тәуелсіз жеткілікті көлемде бөлу;

- мүмкіндігі шектеулі баланың адамдық абыройына нұсқан келтіретін әділетсіз мазақтамалардың болмауы;

- барлық оқу-әлеуметтік мәселелер бойынша мұғалім мен мүмкіндігі шектеулі баланың арасындағы өзара тығыз байланыс;

- мұғалімнің ашықтығы мен кез келген уақытта қажетті көмек көрсетуге дайындығы;

- қандай да бір қиындықтар туындаған жағдайда оқушыларды қолдау және оның қабілетіне деген сенімін білдіру;

- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі баламен қатынаста позитивті болуға ұмтылысы;

- мүмкіндігі шектеулі бала үшін қолжетімді болатын, ақпараттық және сонымен бірге экспрессивтік-эмфатиялық атқарымы бар сөйлеу тілдік коммуникацияны пайдалану;

- мұғалімнің диалог құруға қажетті ыңғайлы оқу кеңістігін ұйымдастыруы;

- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балаға өзінің көзқарасын білдіру үшін мүмкіндік тудыруы;

- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі баламен ынтымақтыстыққа дайындығының белгісі ретіндегі сөйлеу тілдік емес қатынасты қолдауы;

- мұғалімнің жақсы шешен мен тыңдаушы ролінде болуы, қарым-қатынас жағдайына қарай өз рөлдерін өзгерте білу қабілеті;

- балаға өз ойын аяғына дейін жеткізуге және орынды жерде дәлелдеуге мүмкіндік беру;

- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балаға өзінің жасырын мүмкіндігін

жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, қатынас мәнмәтінің аналитикалық-жүйелік көрінісі дағдыларын меңгеруі;

- өзара әрекеттену барысында мүмкіндігі шектеулі баланың күшті жақтарын тірек ету;

- нақты сұрақ бойынша диалогтың тең құқылы қатысушысы ретіндегі мүмкіндігі шектеулі балаға өз көзқарасын нақтылауға көмектесу үшін риторикалық сұрақтары пайдалану [37].

Жекеше тәсілдеменің өзектілігі әрбір баланың ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу бағдарамасын құру үдерісінде байқалады. Канадалық және американдық зерттеушілер Р. Зиглер және т.б. әрбір баламен өзара әрекеттенуді даралаудың мәнін сипаттай отырып, оқу бағдарламасының жекешілік бағдарын жалпы оқу және түзету бағдарламаларының элементтерінің жағымды бірігуі жүретін табысты қызмет атқаратын инклюзивтік сыныптың негізгі педагогикалық талабы ретінде қарастырады. Сонымен инклюзивтік сыныптағы мүмкіндігі шектеулі бала оқу бағдарламасын меңгерген кезде, өзінің құрдасының лидерлік жағдайда болғанына қатысты, өзін жолы болмайтын адам ретінде сезінбейді [38].

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы ұсынылған тәсілдемелерді салыстыру жекешілік бағдарлау оқу стратегиясының үлкен педагогикалық маңызының бар екенін дәлелдейді. Олардың әдістемелері мен тәсілдерінің көмегімен инклюзивтік сынып мұғалімі сан алуан стандарттары құра алады, оқыту нәтижесін жеке тәртіпте бағалауға, сонымен бірге оларды орынды жерде сыныптық жалпы академиялық прогресспен салыстыруға қабілетті болады. Әрбір баладан бірдей нәтиже күтілетін және оқытудың тактикасы барлығы үшін бірдей болатын, қағидалары қатал әдеттегі немесе стандартталған оқытуға қарағанда инклюзивтік білім беру ортасы

иілімді болады, ал жекеше тәсілдеме әрбір бала үшін тиімді жағдай құрудың педагогикалық стратегиясын анықтайды. Балалар ортасында әлеуметтік топтасуды құруға және өзара қолдау мен өзара көмек қатынастарының сапалы түрін қалыптастыруға мүмкіндік беретін осындай тәсілдеме қауымның әрбір мүшесіжағымды жағынан және қоғамға өз үлесін қосуға қабілеттілік жағынан қарастырылатын, жаңа әлеуметтік-педагогикалық шынайылық философиясы негіз болатын инклюзивтік механизм қызметін атқарады.

Зерттеушілер М.Л. Вейхмейер, Л.Г. Гуверлер де оқу жоспарының жетекші атқарымын әрбір балаға арналған жеке тәсілдеменің жасаушысы ретінде көрсетеді және оқу бағдарламасының мүмкіндіктері шектеулі балаларды тиімді оқыту үдерісіне арналған басымдылық мәнін анықтайды. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың жеке бағдарламасын әзірлеу баланың өзінің мүмкіндігінің психологиялық-педагогикалық диагностикалық анамнезі бар, бір-бірімен өзара тығыз байланысқан бірқатар кезеңдерден құралатын логикалық тізбекті білдіреді. Оқытудың академиялық, әлеуметтік міндеттеріне немесе олардың құрлымына акцент жасалатын бағдарламаны құру логикасы осыған тәуелді жүреді [39].

Мүмкіндігі шектеулі балаға арналған жеке оқу бағдарламасын әзірлеу нұсқаларын талдау берілген шараның кешенділігін, вариативтілігін және күрделілігін көрсетеді.

Батыстық педагогтармен көрсетілген, оқу бағдарламасын әзірлеудің қадамдық көрінісі өзінің негізінде айқын сындарлылыққа ие, бұл инклюзивтік сынып мұғаліміне ғана емес сонымен бірге білім беру үдерісінің барлық субъектілеріне де мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін және әрбір баланың жүзеге асыруына міндетті әлеуметтік және академиялық түрдегі кейбір нормаларды беретін орталық детерминат пен стандарттарды негізгі алатын құрамдас есепке алуға бағдарланған инклюзияның мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының нәтижелілігін бағдарлаудағы жетекші сәті білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің сарапшылар рөліне енуінде, олардың баланың мектеп өмірінде ғана емес, сонымен бірге үй жағдайына да бейімделу мәселесін кешенді түрде түсінулері мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды әлеуметтік ортаға қосу үшін маңызды дайындықты құруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің инклюзивтік сыныптағы жұмысының негізгі педагогикалық талабы ретіндегі жекеше тәсілдемеге бағдарлау мүмкіндігі шектеулі баланы оқытудың вариативтік өлшемі мен параметрін ендірудің қажеттілігін ұғындырады, себебі қашан да болсын нормадан ауытқу баланың оқу міндеттері мен нормаларын меңгеру ерекшелігінде өз ізін қалдырады. Көрсетілген тәсілдемені жүзеге асыру жағдайында ғана коммуникативтік жетіспеушіліктің жойылуы мен құрдастарымен бірге әрекеттенуге қабілетті және әлеуметтік-психологиялық дамудың нормативтік деңгейін, құндылықтың қорын меңгерген жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады.

Жеке тәсілдеменің құрамы ретіндегі жеке оқу бағдарламасы түсініктемелерін шет елдік салыстыра талдау олардың жалпы және ерекше

сәттерін анықтады. Берілген бағыттағы қарастырылған көзқарастарының ішіндегі жалпы негіздерінің оқу бағдарламасының көп атқарымдылық рөлін инклюзивтік білім беру үдерісінің құраудың негізгі талабы ретінде түсіну болып табылады.

Жеке оқу бағдарламасын түсіндіру сипаттамасының ішінде батыстық ұғымның нақты құрылымдалғаны ерекшеленеді. Жеке оқу бағдарламасы шет елдік педагогика үшін мүмкіндігі шектеулі баланың өмірлік жағдайларға бейімделуінің жалпы элементтеріне қатысты бір қатар сұрақтарға жауап біртіндеп берілетін кезең. Оқу бағдарламасының балалардың ерекше қажеттіліктеріне бейімделуіне қарай оның үлгілігі, түрі мен берілген өзгерістердің өлшемі бойынша баланың жеке-темпоролдық ерекшеліктері мен орта жағдайларының бірігуіне тәуелді түрленеді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жетекші педагогикалық талабы түріндегі жекеше тәсілдеменің батыстық көрінісін талдау берілген түсініктердің арасындағы ортақ негізін анықтайды: оқу үдерісін әрбір бала үшін жекешелендіру қажеттілігінің рөлін ұғыну, оның нормадан ауытқушылықтарына тәуелсіз жеке ерекшеліктерін позитивті интериоризациялау, әрбір балаға қолданылатын иілімді оқу бағдарламаларының, күту және бағалау жүйесінің қажеттілігін тану. Сонымен бірге батыс педагогикалық рефлексия оқудағы жеке тәсілдемені талдауға бағытталған.

Орталық тәсілдеме мүмкіндігі шектеулі баланы инклюзивтік сыныпқа қосудың мүмкін болатын деңгейіне жету және оқу-тәрбиелеу үдерісінің оптимумын қалыптастырудағы әлеуметтік мәнмәтіннің әсерінің мәнін түсінуге негізделген. М. Дж. Петерсон инклюзивтік білім берудің қалыптасуындағы ортаның атқарымдық рөлін сипаттай келе, инклюзивтік білім берудің оқу-тәрбиелеу жасаушысын нормалау үшін қажетті, микро әлеуметтік ортадағы белгілі бір педагогикалық талаптардың жиынтығын ерекшелейді:

- сыныпты әдеттегі емес балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін кедергісіз архитектуралық ұйымдастыру;
- инклюзивтік сыныптағы әдеттегідей емес кез келген түрді қабылдауға бағытталған жағымды психоэмоциялық атмосфера;
- әдеттегі емес балалардың инклюзиясын жылдамдатуға мүмкіндік беретін оқу-тәрбиелеу үдерісін әдіснамалық тұрғыдан кеңінен қамтамасыз ету;
- инклюзияның барлық субъектілерінің арасындағы ынтымақтастық тактикасының болуы;
- инклюзивтік үдерістің барлық қатысушыларының қажетті орталық нұсқасын қабылдауға дайындығы;
- инклюзивтік білім берудің сапасын жақсарту үшін мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру;
- әдеттегі емес баланың өзінің балалар ұжымына қабылдануға деген бағыттылығы [40].

Орталық тәсілдеменің құрылымдылығы туралы атап өтуге болады, көрсетілген педагогикалық талаптардың жиынтығын практикалық тұрғыда ендіру балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға

арналған жағымды психоэлеуметтік және нақты орталардың тиімді үйлесуіне қол жеткізген кезде инклюзивтік білім беру практикасын барабар апробациялау үшін анықтаушы фактор болып табылады. Ортаны архитектуралық және эмоционалды жасаушы етіп бөлуге акцент қою мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру жүйесіне қосуға арналған негіз ретіндегі орта талаптарын бөлшектеп нақты талдауға мүмкіндік береді.

Е.К. Смит және Е.А. Половей инклюзивтік білім беру үдерісін әрбір балаға өзін балалар ұжымымен сәйкестендіруге және академиялық және элеуметтік шамасын ашуға мүмкіндік беретін жағымды орталық ұйымды құрастырудың сатылы механизмі ретінде қарастырады. Олардың көзқарастарына сәйкес, кедергісіз ортаны құру қажетті орталық өзгерістерді ендіруге және сұрақтарға бірізділікпен жауап беруге негізделеді [37, 41].

Орталық тәсілдеменің түсіндірмесін талдау мүмкіндігі шектеулі баланы инклюзивтік білім беру үдерісіне қосу үдерісінің ортаны сәйкес ұйымдастырумен үзілмес байланыста тұрғандағы оның айқын позитивтілігін көрсетеді. Ортаның бұндай көрінісі оқу-білім беру әрекетін және инклюзивтік практиканы жетекші педагогикалық талаптармен бірізділікте табысты жүзеге асырудың қажетті талабы ретінде беріледі.

Берілген мәнмәтінде мұғалімнің ұсынған тапсырмалар жиынтығын мүмкіндіктері шектеулі балалардың сапалы орындауы үшін ортаны оның әдеттегі емес балалардың білім алудағы қажеттілігіне сәйкестігін кезең-кезеңмен диагностикалау қажет. Кейбір орталықта кемшіліктер болған кезде орталық арсеналын әдеттегі емес баланың ерекше қажеттіліктеріне қарай бейімдеу талап етіледі. Қорытынды нәтижесіне мүмкіндігі шектеулі баланың өзінің сыныптастарымен инклюзивтік ортада табысты қызмет ету мүмкіндігі пайда болған жағдайдағы оның тәртіптік, перцептивтік, жеке тұлғалық жақтарын барынша мүмкін болатын бағдарлау жатады.

Орталық тәсілдеменің батыстық түсіндірмесін талдау мүмкіндігі шектеулі бала академиялық жән элеуметтік табысты нәтижелерге бірдей деңгейде жетуге қабілетті болғанда, оқу-тәрбиелу әрекетін нормалаудың орталық педагогикалық талаптары ретіндегі ортаны анықтауға болатын ортақ белгілердің барлығын анықтайды. Ортаның негативті әсерін азайтуға және жағымды элеуметтік сәттерді арттыруға мүмкіндік беретін түрлендіру жиынтығының маңыздылығын таниды.

Батыстық зерттеушілердің орталық тәсілдеменің инклюзивтік білім беруге қатысын түсінулерінің айқын модуляциялық табиғаты болады, бұнда кейбір өзгертулерді оқу әрекетіне ендіру үдерісі жете әзірленген және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды ендірілетін орталық өзгерістерге біртіндеп сәйкестендірудің сатылы механизмі ұсынылады. Орталық тәсілдемені батыстық түсінуіне әрбір элементтің жіктелген атқарымдық рөлдері бар ортаның әр түрлі деңгейлерін кешенді түрде көру тән болады. Әр түрлі құрлымдардың әсерін реттеу мүмкіндігіне байланысты бұндай көзқарастың жағымдыреңкі айқын болады, ол инклюзивтік сыныптың оқу-тәрбиелу үдерісін ұйымдастыруға құрылымдық әсер етеді.

Жүргізілген талдау инклюзивтік білім берудің тәсілдемелерінің

кешенділігін білдіреді. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланы оқу әрекетіне барынша қосуды жүзеге асыру үшін тәсілдемелердің әрқайсысының білім беру үдерісінің жалпы бағыттылығына әсер ететіндігіне байланысты, оған барлық қарастырылған тәсілдемелердің синтезін ендіру қажет болады.

Сонымен, ұсынылған тәсілдемелерді батыс елдеріндегі инклюзивтік білім беруді талдаудың әдіснамалық бірлігі ретінде талдау қарастырылған әрбір тәсілдеменің ізгілікті бағыттылығын және олардың білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланың даму мәселелерін шешуге мақсаттылығын анықтады.

Инклюзивтік білім беру субъектілері талдаудың тағы бір құрамдас бөлігі болып табылады. Инклюзивтік білім беру бір мезгілде барлық балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқытудың негізгі детерминанттары болып табылатын әр түрлі компоненттердің бір біріне өзара әсер етуі және өзара әрекеттену үдерісі және нәтижесі болып табылады.

Берілген мәнмәтіннің ортақ мағынасы барлық балаларды инклюзивтік оқытудың аксиологиялық тұрақты қорын құруға мүмкіндік беретін инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің жеке тұлғалық мінездемелерін еспеке алуды жинақтау болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған түрдегі көрсеткіштердің жиынтығын қамтитын субъектілік бірлік

бойынша батыстың инклюзивтік білім берудегі тәжірибесін талдаудың мақсаттылығы халықаралық тәжірибенің жағымды ресурстарын зерттеу және осының негізінде барлық балаларды инклюзивтік оқытуға және бүтіндей инклюзияға қатысты жаңа құндылықты қатынасты құру.

Субъектілік бірліктің мазмұндық негізі бірнеше көрсеткіштерден тұрады:

- барлық субъектілердің инклюзивтік білім беруге деген уәжін қалыптастыру;

- мүмкіндігі шектеулі баланың дамуының субъективті жағдайы;

- инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің мәртебелік-рөлдік тәртіптік паттерлері;

- инклюзивтік сыныптағы мұғалімнің әрекетінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

Өнімді инклюзивтік білім беру практикасының ынталандыру негізі ретіндегі уәждемесі жеке тұлғалық фактордың жалпылама мінездемесінде жетекші буын болып табылады.

Л.А. Блум оқытудың инклюзивтік түрінің құрылу үдерісіндегі уәждеменің рөлін анықтай отырып уәждемелік ұстанымдарды олардың мақсатты қолданысының аясында түсіндіреді. Осы айқындамаға негізделе отырып, уәждеме ынтымақтастықтың техникасын ендіруге, инклюзивтік сыныптық үйлесімділігіне түрткі болады. Сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі баланың қалаған академиялық және әлеуметтік жетістікке жетуі инклюзияның әрбір субъектісінің жеке уәжінің бірігуі жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл жағдайда инклюзивтік білім берудегі сапалы жұмыстың басты педагогикалық талабы болып табылатын қажетті және бөлінбес негіз қалыптасады [42].

Берілген көзқарас позитивті болып бағаланады, себебі балалар тобында инклюзивтік микроклиматты сапалы жүзеге асыру үшін инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің өзара уәжі қажет болады. Бұл жағдайда

мектептік команданың әрбір мүшесінің өз құндылығы пайда болады:

1. Мүмкіндігі шектеулі бала өзінің академиялық және әлеуметтік үлгерімін және жалпы бейімдеу шамасын арттырады. Инклюзияға деген позитивті көңіл күй оқудағы жетістіктерге, әлеуметтік болашаққа және оқытудың педагогикалық және орталық жағдайына бейімделу деңгейіне тікелей байланысты болады. Балалар ұжымына қосылу мақсаттылығы балаларға персоналдық белсенділік деңгейін арттыруға, оқуда және тәрбиелеуде қалдық қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді, ол оқу-тәрбие жүйесінің жағдайлық реалияға жалпы дайындығын қалыптастыру барысына кепіл болады.

2. Инклюзивтік негізді ендіруге деген мектеп әкімшілігінің уәждемесі барлық балалардың оқу-тәрбиелеу әрекетін басқару және үйлестіру стилін таңдау үшін қажетті дайындықты қалыптастырады. Жалпы білім беру ұйымның әкімшілігінің жағымды көзқарасы инклюзивтік практиканы жергілікті деңгейде қолдау үшін негізгі талаптарды құрады, ал бұл барлық балаларды инклюзивтік оқыту жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық ақтандақтардың санын кеміте отырып, оған қонымды және реттелген түр береді.

3. Мектеп мұғалімдерінде уәждік ұстанымды қалыптастыру әдеттегі

сынып түзіміндегі мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыстың әдіс-тәсілдерін тиімді апробациялауды кеңейтуге және оқу үдерісін нормалауға арналған қажетті жағдайларды тудырады. Айқын байқалған уәждің болуы мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру ортасына қосу қажеттілігі туралы филонтропиялық түсініктерден шығып, инклюзивтік оқыту барысында мейнстримизациялау (қандай да бір құбылыстың әдеттегідей болуы және жалпы қабылданған нормалардан ауытқымауы) әсеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың сыныптастарындағы инклюзивтік білім алуға деген нақты уәжін құрастыру айқын байқалатын аксиологиялық бастау пайда болатын, тату психоэмоциональдық ортаны құруға мүмкіндік береді. Әрбір қалыпты дамыған баланың оның мүмкіндігі шектеулі сыныптасының жалпы білім беру түрі бойынша оқуының міндетті екенін түсінгені, оған педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді жоюға көмектеседі.

5. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-анасының уәждемесі болуы баланың академиялық және әлеуметтік табыстылығының бір тұтастығына, сондай-ақ жағымды нәтижелерге жету үшін оның ішкі шама күшін күшейтуге мүмкіндігін береді. Уәжеделмелген жанұялық қолдау балалардың жағымды позитивтік эмоциялық бағыттылығын жалпы бекітуге қажетті негізді құрайды, сондай-ақ олардың танымдық, коммуникативтік, тәртіптік икемділіктері мен дағдыларына жағымды әсер етеді.

6. Әдеттегі балалардың ата-аналарында инклюзияға уәжеделген бағдар құру мүмкіндігі шектеулі баламен толеранттық өзара қатынасты нығайтуға көмектеседі. Бұл жағдайдағы балаларды үйде тәрбиелеудің дұрыс таңдалған

стилі мүмкіндігі шектеулі сыныптасын әр түрлі мектептік шараларға қосу кезінде өзіне тең серіктес етіп қабылдауға және олардың жеке тұлғалық жетілуіне мүмкіндік береді [42].

Практиктердің пікірі бойынша уәждемені инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру үшін негізгі талап ретінде түсіну барлық қатысушылар үшін тиімді болады. Дж. Нельсон, Л. Лотт және С. Глен оның семантикалық негізін талдай отырып, оларды қалыптастырудың нақты әдіс-тәсілдерін үнемі бірге пайдалану жағдайында құрылатын динамикалық білім берудің уәждемелік ұстанымдары деп анықтайды. Инклюзивтік білім беру қауымдастығының әрбір субъектісінің мақсатты бағыттылығын құруда ғана мүмкіндігі шектеулі баланы қосуға қатысты әдеттегідей еместің кез келген түрін әлеуметтік тұрғыда қабылдау үшін жағымды жағдайы туады.

Уәждемені құрудың пайдаланылатын тәсілдері мектеп ұжымының әрбір мүшесіне өзінің көзқарасын тануға, жеке тұлғалық атқарымдық қоланысын ұғынуға, әрбір бала қабылданатын білім беру ортасының үйлесімді болуына барынша күш салуына көмектеседі [43].

Барлық балалардың инклюзивтік оқуының қалыптасуын анықтайтын педагогикалық факторлардың негізгі спектріне мүмкіндігі шектеулі баланы субъектілік тұрғыдан дамыту жатады. Субъективтіліктің мазмұндық ерекшеліктерін қарастыра отырып, А. Кохн мен Н. Кунс инклюзивтік негіздің табысты құрылуының баланың өзінің сыныптастарымен және өзі үшін маңызды ересектермен өзара байланыс кезіндегі патерналистикалық стратегиялардан кетіп, айқын белсенді сипат алатын жаңа жағдайының қалыптасуына тәуелділігін дәлелдейді. Балада тұлғалық толысқан сипатты біртіндеп қалыптастыру үшін оның әрбір бала үшін қолжетімді болатын мектептік әрекеттерге қатысу аймағын біртіндеп кеңейту арқылы интербелсенді оқшаулау тактикасынан қашықтау қажет болады. Әрекеттену шекарасын тұрақты түрде біртіндеп азайта беру, инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінде жалпы қабылданған нормадан кейбір ауытқушылықтары бар балаларды субъективті қабылдауға мүмкіндік береді. Осымен бірге мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы мектептік шараларға қатысу үлесін арттыру олардың инклюзияға деген жеке көңіл күйін тұрақтандырады, өзінің күшіне деген сенімділігін арттырады, олардың академиялық және әлеуметтік келешектерін үйлестіреді [44].

Инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің мәртебелік-рөлдік тәртіптік паттерндері барлық балаларды инклюзивтік оқытудың тиімділігін артырудың жетекші детерминанты ретінде анықталады.

Білім берудегі инклюзияның барлық мүшелерінің мәртебелік-рөлдік сипаттарын ерекшелей отырып, М. Дж. Петерсон инклюзивтік ұжымның барлық мүшелерінің әрекеттерімен тікелей арақатынаста болатын кеңейтілген мәртебелік атқарымдарды орындау қажеттілігін ескертеді. Бұндай атқарымдылық біртіндеп бекітіледі және тұрақтандырылады, соның нәтижесінде инклюзивтік сыныптағы әрбір тұлғаның мәртебелік-рөлдік механизмі жіктеле және дәлелдене түседі. Инклюзивтік білім берудің әрбір

субъектісінің рөлдік байқалымдарының жиынтығы париттеті реңкте және олардың инклюзивтік білім беру үдерісін жалпы демократиялауға ішкі талпынысы болуға тиісті. Мүмкіндігі шектеулі балаға филонтроптық және автономдық қатынастың арасындағы өзара байланыс қажетті деңгейде және инклюзивтік сыныптағы барлық мүгедектердің әлеуметтік әрекеттері нақты бекітілгенде, орта жағдайы өзгерген жағдайда түрлене алатындай, динамикалы болған жағдайда инклюзивтік білім беруді құру мүмкін болады [40].

Сонымен, мәртебелік-рөлдік атқарымның париттеттілікке ұмтылысы инклюзивтік ұжымның әрбір мүшесінің жеке тұлғалық факторын толық көлемде ашып көрсетуге мүмкіндік беретін, жағымды педагогикалық талаптардың спектрлерін қалыптастыруға арналған қажетті негізді құрайды. Инклюзивтік сыныптағы мұғалімнің кәсіптік құзыретінің мазмұны сапалы инклюзивтік білім беру негіздерін қалыптастырудағы негізгі элемент болып табылады. Инклюзивтік білім берудің педагогикалық құзыреттілік аспектісін сипаттай отырып, батыстық зерттеушілер Дж. Оноско және К.М. Джоргенсен педагогтың сыныптағы әрбір баламен тиімді қатынасты құру үшін бөлінбес қор сапасындағы кәсіптік білім, икемділіктер мен дағдылардың жиынтығын меңгеруін қарастырады [45].

Оқытудың инклюзивтік түрін жүзеге асырған жағдайда педагогтың кәсіптік құрылымының құзыреттілігінің мәні екі есеге өседі, себебі мүмкіндігі шектеулі баламен бір қатар оқу және әлеуметтік міндеттерді табысты шешу мұғалімнің жалпы білім беру жүйесіндегі осы балалардың атқарымдарының ерекшеліктері туралы гносеологиялық түсініктер спектрінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болады. Өзінің құрдастарынан ерекшеленетін баланың инклюзиясында табысты нәтижеге жету үшін инклюзивтік сынып мұғалімі өзінің жеке құзыреттілігінің деңгейін үнемі жетілдіруге және қажет болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздестіруге байланысты ол үнемі кәсіптік динамикада болады. Зерттеушілер инклюзивтік сынып мұғалімінің кәсіптік құзыреттілігінің келесі мазмұнын ерекшелейді:

1. Танымдық компонент. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудың барынша тиімді әдіс-тәсілдері бойынша кең көлемді білімді меңгеру. Мүмкіндігі шектеулі баланың құрдастарының ұжымымен өзара байланысының педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік механизмдерін түсінуді білдіреді.

2. Коммуникативтік компонент. Мұғалімнің мүмкіндіктері шектеулі балалармен қатынасқа сәйкес келетін сөйлеу тілдік стратегияларды меңгеруі. Оқу үдерісін сөйлеу тілдік құралмен жүргізу барлық оқушыларға ақпараттармен алмасуға және өздерінің экспрессивтік-эмфатикалық сезімдерін ашық білдіруге мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі бала үшін сыныптағы коммуникативтік қатынастың дұрыс құрылуы ондағы әлеуметтік оқшаулау мен депривацияны жеңуді білдіреді, ол оған оқу әрекетінде қалаған нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

3. Тәртіптік компонент. Мұғалімнің инклюзивтік жүйенің тәртіптік стратегиясының тиімді құралдарын меңгеруі сыныптағы барлық балалардың өз

әлеуметтік жағдайларын дұрыс түсініп, инклюзивтік сыныптағы рөлдік атқарымдардың нормативтік бөлінуіне көмектеседі, ал педагог қажет болған жағдайда оларды түзетеді және инклюзивтік білім берудегі тұлғааралық жүйелік құрылымды реттейді.

4. Практикалық компонент. Мұғалімнің туындаған жағдайды шешудің сәйкес тәсілдерін қолдануы, мүмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтік-педагогикалық ақтаңдақтарын өтеу арқылы инклюзивтік сыныптағы әрбір субъектіге сәйкес келетін өзара әсер ету тактикасын таңдау қабілеттілігін білдіреді.

5. Болжамалы компонент. Мұғалімнің әдеттегі сынып жағдайындағы мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі кездегі ғана емес, сондай-ақ болашақтағы келешегін көре білуі. Балалардың жеке тұлғалық мінезінің өзгеруінде өзара әрекеттену стратегиясының түрін икемді өгертуге көмектеседі, бұл инклюзивтік білім беру ортасының ізгіліктілік деңгейінің артуына мүмкіндік береді [45].

Субъекті бірліктің көрсеткіші ретіндегі инклюзивтік сынып мұғалімінің кәсіптік құзыреттілігін талдаудың батыстық нұсқалары мұғалімнің жоғары біліктілігі мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудің сапалы

нәтижелеріне қол жеткізуге, олармен өзара әрекеттенудің сәйкес келетін түрін анықтауға, соған сәйкес олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқудағы және әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін жетекші буын ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Субъекті бірлікті талдау көрсеткіштерінің барлық жиынтығы мектептік білім беру қауымдастығының әрбір мүшесін өзін-өзі өсіру мен өзін-өзі дамытумен қамтамасыз етуден құралатын, инклюзивтік білім берудің мақсаттық қолданысының көрсеткіші болып табылады. Барлық әлемде инклюзивті білім берудің идеялары мен практикасына барынша көңіл бөлінеді. Кез келген демократиялық қоғам білім беру процесін қоғамдастықтың барлық азаматтары үшін еркін және қол жетімді етіп ұйымдастыруға ұмтылады. Әрбір мемлекетте білім беру жүйесі азаматтардың барлық санаттары үшін тиімді білім беруді қамтамасыз етумен байланысты проблемаларға тап болады. Жалпы алғанда, барлық елдер денсаулығындағы ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, әлеуметтік қатыстылығына, этникалық шығу тегіне, тіліне, дініне, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарамастан қоғамды ізгілендіруге, барлық балаларды жалпы білім беретін процеске қосуға бағытталған стратегияларды іске асырады.

Қазақстан Республикасы барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, яғни денсаулық жағдайымен (психофизикалық бұзылулар, ВИЧ және СПИД жұқтырған балалар, т.б.); қоғамға әлеуметтік бейімделу проблемаларымен (жетімдік, девианттық мінез-құлық, отбасының төмен әлеуметтік-экономикалық немесе өзге де әлеуметтік-психологиялық мәртебесі: аз қамтылған отбасының, босқындардың, оралмандардың, аз ұлттардың және т.б балалары) байланысты сапалы білім беру құқығын қамтамасыз етуге міндеттеледі. Барлық әлемде қоғам ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде кемсітуге жол бермеу ұғымына бірден тез келді деп айтуға болмайды.

Әрбір елдің аталған мәселені дамыту бойынша мәдени, ұлттық және ғылыми принциптерге негізделген өзіндік тарихы бар. Көптеген елдер адам құқықтары саласындағы БҰҰ конвенцияларының ережелерін, декларациялары мен ұсынымдамаларын басшылыққа алады. Инклюзивті білім беруді дамытудың тарихи-философиялық аспектілерін терең ұғыну біздің қоғамға қолданыстағы білім беру жүйесі мен балалардың жалпы білім беретін мектептерге қол жетімділігін ашуды қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру оқытудың жоғары стандарттары әрбір білім алушыға қол жетімді болуымен жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты бірде бір халықаралық құжатта ұлттық білім беру стандарттарын азайту бойынша ұсынымдамалардың жоқ екенін атап өту қажет. Атап айтқанда, инклюзия тиімді жаңа форма, яғни кез келген адамға өзінің әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білім беру ретінде қарастырылады.

Бұл үлкен дайындық жұмыстарын өткізуді және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді дамыту деңгейлерін есепке алуды білдіреді. Инклюзивті білім беруді құқық ретінде қарастыра отырып, білім беру инклюзияның қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға анағұрлым кең көлемдегі процестің маңызды шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу жөніндегі шетелдік тәжірибені шолу кезінде кеңестік дефектологиялық ғылым мен арнайы білім беру жүйесі бойынша бай мұрасы бар жақын шетелдік тәжірибелерге назар аударылған. Бұрынғы кеңестік республика елдері қазіргі таңда өзгеріс пен кіріктірулі процестерін негізге ала отырып, білім беру жүйелерін жаңғырту жолында. Осы күрделі процестердің ұқсас мәніне қарамастан практикада әрбір ел өз жолымен келе жатыр. Көптеген тиімді кіріктіру моделдері арасындағы айрықша ерекшеліктер инклюзивті білім беру қоғамдастығын ұйымдастыру тәсілдеріне, оқыту технологияларына, ұнамсыз мінез-құлықты түзеу және алдын алуға, қосалқы персоналдар рөліне, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бағдарламаларының түрлену және бейімделу тәсілдеріне қатысты болып отыр.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Литваның тәжірибесін зерделеу ерекше білім алуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдарына кезең-кезеңімен қосу мен жүйелі тәсіліне назар аударуға мүмкіндік берді.

Литвада арнайы білім беру қажеттілігі (бұдан әрі - АБҚ) дегенді айрықша қабілеттері немесе туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болатын оқу процесіне көмек немесе қызмет көрсету қажеттіліктері деп түсінеді.

Инклюзивті білім беруге ықпал ететін негізгі факторлар ретінде литвалық сарапшылар төмендегілерді атап көрсетеді:

- Инклюзивті білім берудің саясаты мен әдіснамасына ықпал ететін заңнамалық базаны;

- Мұғалімдерді даярлау – АБҚ бар балалар туралы мұғалімдерге қажетті ақпараттар ұсыну;

- АБҚ бар тұлғалармен нақты интеракция – эмпатия, толеранттылық тек интеракция процесінде өзгеше қалыптасады;

- Кемсітушілікті азайту, «өзге», «ерекше» баланы қабылдамау және оны басқаларға қосу мен интеракция жасауға және оның қатысуына (әртүрлі жағдаятта) ықпал ету тәрізді педагогтердің оң тәжірибесімен алмасу;

- Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің бағдарламаларды бейімдей білуі және АҚБ бар балаларды оқытуда баламалы әдістерді қолдануы және т.б.

Литваның білім министрлігі мұғалімдерді даярлау бойынша оқу жоспарына «Арнайы педагогика», «Инклюзивті білім беру» және т.б. арнайы пәндерді енгізуді ұсынды. Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша (2017) жоғары санатты алуға ұмтылған әрбір мұғалім «Инклюзивті білім беру» (60 академиялық сағат) курсына тыңдауы және практикалық тапсырмалар орындауы тиіс. Мамандарды кәсіби даярлау фокусында орын алған өзгерістер, төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

	Өзгерістерді салыстыру	
Студия	Олигофренопедагогика	Педагогика
Біліктілік	Арнайы мектептің мұғалімі	Арнайы педагог
Нысаналы топ	Ақыл-ойының дамуында кешеуілдеуі бар балалар - гомогендік топтар	Балалардың ерекшеліктері және олардың қажеттіліктері
Мекеме	Мамандандырылған мектепте жұмыс істеу	Жалпы және арнайы білім беру жүйесінде жұмыс істеу
Өзара әрекет ету	Бағыт: мұғалім – бала	Екі жақты өзара іс-қимыл: мұғалім - бала
Білім беру мақсаты	Білімді беру, танымдық дағдыларды дамыту	Әлеуметтік дағдылар
Қоршау	Құрылымдау, оқшаулау	Икемді, инклюзивті
Фокус	Бұзылу /еңбекке жарамсыздық диагнозы	АҚБ /жеке қажеттіліктер және /дәлсіздік
Рөл	Сарапшы	Командалық жұмыс, әріптестік, ата-аналармен ынтымақтастық

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер елімізде жаңа білім беру шынайылығын құрды. Мұғалімдер мен арнайы педагогтерді даярлауға арналған бағдарламалар ұдайы жетілдіріліп отырады. Осыған сәйкес, негізгі мақсаты студенттерге құзыреттіліктерді дамытуға, кәсіпқойлар үшін қажетті:

- инклюзивті білім беруде әртүрлі балалармен;

- ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатумен;
- АҚБ жеке, командалық және институционалдық деңгейге сәйкестігін үйлестірумен жұмыс істеушілерге ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламаларды жетілдіру тек жаңа мазмұн мен пәнді білуге бағытталмаған, сонымен қатар құндылықтар мен болашақ мамандардың дүниетанымына көңіл аударылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында жұмыс істеу үшін даярлау кезеңінен бастап болашақ литовтық педагогтерді білім беру қажеттіліктерінің топтары бойынша білім алушыларды бөлумен таныстырады.

Ұсынымдамаға сәйкес топтар (OECD – organization for economic cooperation and development/ ЭЫДҰ – оэкономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы):

- 1) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities/ Мүгедектік*);
- 2) Мінез-құлығымен және эмоциялық проблемаларымен оқуда қиындық келтіретін балалар (бір немесе одан да көп пәндер) (*Difficulties/ Күрделілік*);
- 3) Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын балалар – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептер (*Disadvantages/Жемісшеушіліктер*).

Әрбір топ мынадай денсаулық бұзылыстарына тұрады.

- 1) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities*)
 - Интеллектінің бұзылуы;
 - Көру қабілетінің бұзылуы;
 - Есту қабілетінің бұзылуы;
 - Физикалық және неврологиялық бұзылуы;
 - Дамудың жан-жақты бұзылуы (*аутизм; әдеттегі емес аутизм; Rett синдромы; Аспергера синдромы; т.б.*);
 - Саңырау-соқыр;
 - Кешендік бұзылулар.
- 2) *Интеллектінің бұзылуы*
 - Интеллектінің шағын ғана бұзылуы;
 - Интеллектінің орташа бұзылуы;
 - Интеллектінің айрықша бұзылуы;
 - Интеллектінің барынша айрықша бұзылуы.
- 3) *Оқуда қиындық келтіретін балалар (Difficulties)*
 - Оқудағы жалпы қиындықтар;
 - Оқытудағы спецификалық қиындықтар (оқу, жазу, математика);
 - Мінез-құлығы және эмоциясымен байланысты қиындықтар (белсенділік, назар аударушылық, алаңдаушылық, көңіл күйі және т.б.);
 - Сөйлеуіндегі қиындықтар.
- 4) *Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын қиындықтар (Disadvantages)*
 - Ана тілінде оқымайды;
 - Денсаулық проблемасы;
 - Эмоциональдық дағдарыстар;

- Қолайсыз әлеуметтік жағдайлар.

Соңғы екі топ педагогтердің оқушылардың білім беру қажеттіліктері мен инклюзивті білімге деген көзқарастарын кеңейте түседі.

Қажеттіліктер бойынша топқа бөліну кезінде арнайы білім беру қажеттіліктерін (АБҚ) немесе ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау сияқты маңызды мәселелер туындайды.

АБҚ (ЕБҚ):

- айрықша қабілеттер;
- туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар;
- қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болған, оқу процесіне көмек және қызмет көрсету қажеттіліктері.

Көмек пен қызмет көрсетудің сипаты мен қарқыныдылығына қарамастан АБҚ 4 деңгейге бөлінеді:

- шағын,
- орташа,
- ірі,
- өте ірі.

АБҚ деңгейі Литваның Білім және ғылым министрлігі белгілеген өлшемшарттар бойынша анықталады

Мектеп жасындағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

1. Өзгертілген бағдарламалардың көлемі.
2. Оқу нәтижесі (оқушы жетістігі).
3. Оқу жоспарының өзгерісі.
4. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
5. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
6. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
7. Техникалық құралдар қажеттілігі.
8. Арнайы педагогикалық көмек.
9. Арнайы көмек.
10. Психологиялық көмек.
11. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

1. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
2. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
3. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
4. Техникалық құралдар қажеттілігі.
5. Арнайы педагогикалық көмек.
6. Арнайы көмек.
7. Психологиялық көмек.
8. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Өзгертілген бағдарламалардың көлемі

Оқыту өз-өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше жұмыс істеуге, әлеуметтік дағдыларға және т.б. бағытталған жағдайда 1-2 пәннен бастап немесе мазмұн түбегейлі өзгергенге дейінгі салалар. 1-ден бастап 4 балға дейін бағалау.

Бағдарламаның өзгеруі

Бейімделген жалпы бағдарлама. Мазмұн – сол сыныптың оңайлатылған және жеңілдетілген бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты бағдарламалық талаптарды қанағаттандыру деңгейінде меңгерген оқушы жетістігі болып табылады. Бейімделген бағдарламаның негізгі мазмұны бала контекстен «қалып қоймайтын» барлық сынып жұмыс істейтін бағдарламаға сәйкес келуі керек. Сол бағдарламамен оқиды, бірақ пәндегі тақырып мазмұнының көлемі мен тереңдігі жағынан айырмашылығы бар.

Дербестендірілген бағдарлама. Бұл интеллектісінде бұзылыстары бар балалар оқитын бағдарлама. Бағдарлама мақсаты жалпы талаптарға сәйкес келмеуі мүмкін.

Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады (IQ 69 и <). Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады. Оқушы оның сыныптастары оқыған тақырыптық мазмұнның талаптары қалады. Кейбір жағдайларда (интеллектінің орташа бұзылысы IQ 49 и <) оқыту әлеуметтік және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған жалпы бағдарламаларға сәйкес келмейді.

Оқу нәтижесі - оқушы жетістігі.

Егер оқу пәні бойынша оқушы жетістігі қанағаттанарлық деңгейден төмен болса, 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келмесе бағдарламаның өзгеруі мүмкін.

Оқу жоспарының өзгеруі.

АБҚ-ның бұзылыс сипаттамасы мен деңгейіне байланысты оқу жоспары 15-тен 30%-ға дейін өзгеруі мүмкін.

Сол себепті:

- Жекелеген пәндерден сабақтар саны көбеюі немесе азаюы;
- Кейбір пәндерді оқыту жеке ұйымдастырылуы мүмкін.

Литваның Білім және ғылым министрлігі жекелеген оқушылардың топтары бойынша оқу жоспарын өзгерту жөнінде ұсынымдамалар дайындады.

Оқыту әдістерін іріктеу.

Әдеттегі оқыту әдістері баламалы (басқа мүмкін болатын) әдістермен байланысатынын көрсетеді.

Баламалы әдістерді әдеттегі әдістермен оқыту кезінде егер оқушы жекелеген оқу пәндері бойынша оқи, жаза, санай алмаған жағдайда қолдану ұсынылады. Баламалы әдістердің маңыздылығы әсіресе бағдарламаны барынша меңгеруге ұмтылу кезінде маңызды болып табылады.

Баламалылығы зерделенеді/ АБҚ бар баланы оқыту кезінде қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі. Қолданылатын әдістердің баламалылығы мен тиімділігін психолог, арнайы педагог бағалайды.

Осыған сәйкес:

- Бала оқыту процесі кезінде көретін қиындықтардың сипаттамасы.
- Ұқсас қиындықтардың әртүрлі себептері болуы мүмкін екенін есепке ала отырып, қиындықтардың мүмкін болатын себептері анықталды (арнайы педагог, логопед, психолог бағалайды).
- Бала қандай стратегияларды пайдаланатынын белгіленеді (ол қалай

оқиды?).

- Оқушы қандай стратегияны пайдаланыты туралы мұғалімнің ақпараты.
- Мұғалімнің баланы оқыту кезінде қолданатын әдістері (*мұғалім қалай оқытады?*) және олардың баланың қажеттілігіне сәйкестілігі ескеріледі.

Оқулықтарды, оқу құралдарын, іріктеу, оқу материалдарын дайындау.

Оқу ресурстары оқушы білім алатын оқу жоспарын, бағдароама мазмұнын, бағдарлама өзгерістерін және т.б. есепке ала отырып, іріктеледі. Арнайы оқу құралдары: АҚБ бар балаларға арналған оқулықтар; қаріптері үлкейтілген кітаптар, көзі көрмейтіндерге арналған оқу құралдары (Брайль бойынша); таңбаларды пайдаланатын оқу құралы (ыммен сөйлеу); бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы дәлбедерлер, жазулары бар бейне материалдар, оқу компьютерлік бағдарламалар және т.б.

Орынды іріктеу және ортаның бейімделуі.

Орын мен ортаны іріктеу моторлы-қозғалыс аппараты, есту, көру бұзылулары, дамуында жан-жақты бұзылыстар, мінез-құлығында бұзылыстар және т.б. бар балалар үшін өзекті болып табылады. Орын мұғалімге тақау таңдап алынады (дыбыс көзі, тақта), арнайы жарықтандыру, парталардың биіктігін реттеулер мен т.б. пайдаланылады.

Техникалық құралдар қажеттілігі.

Техникалық құралдар тірек-қозғалыс аппараты бұзылулары, есту, көру және т.б. бұзылулары бар балалар үшін таңдалып алынады.

Компьютерлік өтемдік техниканы қолдану.

Арнайы педагогикалық көмек.

Арнайы педагогтің, тифлопедагогтің, сурдопедагогтің, логопедтің көмегі қажетті көмектің қарқындылығы бойынша анықталады (аптасына 1 сабақтан 5 сабаққа дейін).

Арнайы көмек.

Мұғалімнің көмекшісі бұзылыстарының салдарынан оқу процесіне өз бетімен қатыса алмайтын, орташа, ірі және өте ірі АБҚ бар оқушыларға көмек көрсетеді.

Көмекші өзіне-өзі қызмет көрсету, тамақтану салаларында оқушыға (немесе топтарға) көмектеседі, үй-жайларда бағыт-бағдар алуға, жүруге, оқу құралдарын пайдалануға көмектеседі, мәтінді оқиды, конспекті жасайды басқа да қызметтер көрсетеді.

Аудармашы ыммен сөйлеу арқылы ауызша сөйлеуді ыммен сөйлеуге және керісінше аударады. Арнайы көмек қарқындылығы бойынша бағаланады (күніне 1 сағаттан 8 сағатқа дейін).

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктері.

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктерін бір реттіктен тұрақты түрде көрсетілетін көмектің қажетті қызметінің қарқындылық деңгейі бойынша психолог және арнайы педагог бағалайды.

Мектеп жасындағы балалардың АҚБ деңгейі

Жинаған балдарының қорытындысы бойынша АҚБ деңгейі анықталады:

- ✓ Шағын 7 - 22
- ✓ Орташа 23 - 52

- ✓ Ipi 53 - 82
- ✓ Θτε ipi 83 -112

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтары мен деңгейлерін анықтау тәртібі. 2-қосымша

АБҚ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТОПТАРЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДАН БАСҚАСЫ)

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
1. Оқытудың жалпы бағдарламаларының мазмұнын бейімдеу көлемі (2 коэф.)	Жалпы бағдарламалар мазмұнының көлемі өзгермейді, оқушылардың үлгерім және жетістіктерін бағалау критерийлері бейімделуі мүмкін	1-2 пәннің немесе 1-2 оқу салаларының бағдарламаларын бейімдеу	3-5 пәннің немесе 3-5 оқу салаларының бағдарламаларын бейімдеу	Пәндердің мазмұны өзгереді және оқыту өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше, әлеуметтік дағдыларды және т.б. қалыптастыруға бағытталған
2. Оқушы жетістігі (3 коэф.)	Қанағаттанарлық деңгейдегі оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келеді	Қанағаттанарлық деңгейден төмен оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келеді	Қанағаттанарлық деңгейден айрықша төмен оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келмейді	Оқу пәні бойынша оқушы жетістігі мұндай жастағыларға тән және оқыту кезеңі оқушы жетістігіне сәйкес келмейді
3. Оқу жоспарын бейімдеу (1 коэф.)	Оқу жоспарының 20 пайызға өзгеруі	Оқу жоспарының 25 пайызға өзгеруі	Оқу жоспарының 30 пайызға өзгеруі	Пәндер бойынша оқушыны оқытудың жалпы бағдарламасының орнына қызметтің жекелеген түрлері бойынша ұйымдастырылады

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
. Оқыту әдістерін бейімдеу (1 коэф.)	Оқытудың әдеттегі әдістері қолданылады, оқытудың баламалы әдістері жиі-жиі қолданылады	Оқытудың әдеттегі әдістері ұдайы баламалы әдістермен байланысады	Оқытудың баламалы әдістері әдеттегі әдістермен қосылады	Оқытудың баламалы әдістері

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
5. Оқулықтар мен оқу өқралдарын таңдап алу, оқу материалдарын бейімдеу/ дайындау (2 коэф.)	Оқу пәндері бойынша әдеттегі оқулықтар мен оқу құралдарымен қатар арнайы оқу құралдары қосымша пайдаланылады	Пәндер бойынша әдеттегі оқулықтар мен оқу құралдары пайдаланылады, қажеттілігіне қарай АҚБ бар балалар үшін арнайы оқу құралдары пайдаланылады	АҚБ бар оқушылар үшін арнайы дайындалған оқулықтар, оқу материалдары өолданылады	Жеке таңдалып алынған/ дайындалған оқу материалдары қолданылады
6. Оқытудың орны мен бейімделу ортасын таңдап алу (4 коэф.)	Сыныптағы қолайлы орын таңдалып алынады	Сыныптағы қолайлы орын таңдалып алынады немесе жеке кабинеттен орын таңдалып алынады (жеке пәндер бойынша оқыту арнайы педагогтің кабинетінде өткізіледі)	1. Оқушы арнайы мектепте немесе жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында оқиды 2. Оқыту ортасын бейімдеу	Жеке оқыту ортасы арнайы құрылады
7. Оқыту кезінде техникалық құралдарға қажеттілігі (3 коэф.)		Техникалық құралдар кейбір сабақтарда эпизодтық тұрғыдан пайдаланылады	Техникалық құралдарды ұзақ мерзімде пайдалану	Техникалық құралдар және/немесе олардың амалдары ұдайы қолданылады

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
8. Арнайы педагогикалық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 2 рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 2-3рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 4 рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына кемінде 5 рет ұсынылады
9. Арнайы көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Қажеттілігіне қарай арнайы көмек ұсынылады	Оқушыға арнайы көмек күніне 2-3 сағат көрсетіледі	Оқушыға арнайы көмек күніне 4-5 сағат көрсетіледі	Оқушыға арнайы көмек күніне 6-8 сағат көрсетіледі
10. Психологиялық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек
11. Әлеуметтік педагогикалық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтары мен деңгейлерін анықтау тәртібі. 3-қосымша

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АБҚ ТОПТАРЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
1. Оқыту әдістерін таңдап алу (1 koef.)	Оқытудың әдеттегі әдістері қолданылады, оқытудың баламалы әдістері жиі-жиі қолданылады	Оқытудың әдеттегі әдістері ұдайы баламалы әдістермен байланысады	Оқытудың баламалы әдістері әдеттегі әдістермен қосылады	Оқытудың баламалы әдістері
2. Қажетті дағдыларды дамытуға көмектесетін оқу құралдарын, ойын материалдарын таңдап алу/ бейімдеу/ жасау (1 koef.)		Жалпы оқу құралдарымен қатар арнайы білім беру материалдары пайдаланылады	Арнайы білім беру материалдары жалпы оқу құралдарымен қосылады	Жеке дайындалған/ бейімделген немесе құрастырылған оқу құралдары, арнайы оқу құралдары
3. Оқытудың орны мен бейімделу ортасын таңдап алу (4 koef.)		Жалпы топқа сәйкес келетін орынға бейімделеді	1. Бала арнайы мектепте немесе арнайы топта оқиды 2. Егер бала жалпы білім беретін балабақшада оқыса, оқыту ортасы бейімделеді	Жеке оқыту ортасы арнайы құрылады
4. Оқыту кезінде техникалық құралдарға қажеттілігі (3 koef.)		Техникалық құралдар кейбір сабақтарда ғана пайдаланылады	Техникалық құралдар барлық сабақтарда пайдаланылады	Техникалық құралдар және/немесе олардың амалдары ұдайы қолданылады (тек сабақ кезінде ғана емес)
5. Арнайы педагогикалық көмек қажеттілігі (3 koef.)	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 2 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 3 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 4 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 5 рет (практика) ұсынылады

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
6. Арнайы көмек қажеттілігі (3 koef.)	Қажеттілігіне қарай арнайы көмек ұсынылады	Балаға арнайы көмек кейбір сабақтарда аптасына 2-3 сағат көрсетіледі	Балаға арнайы көмек әр күн сайын сабақ кезінде көрсетіледі	Балаға арнайы көмек ұдайы көрсетіледі (тек сабақ кезінде ғана)
7. Психологиялық көмек қажеттілігі (3 koef.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек
8. Әлеуметтік педагогикалық көмек қажеттілігі (3 koef.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек

Инклюзивтік білім беру технологиясы

Мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру мен тәрбиелеудің жалпы ортасына қосудың кешенді механизмі ретіндегі инклюзивтік білім беру баланы жалпы білім беру мекемесіне, содан кейін одан да кең әлеуметтік ортаға инклюзиялауға арналған технологиялық ресурстар спектрі бар стратегиялық кең аланды тірек етеді. Инклюзивтік білім беру практикасы мүмкіндігі шектеулі баланың өзіндік ерекшеліктері мен инклюзивтік сыныптағы барлық балалардың өнімді қатынасының мазмұнын білдіретін орталық детерминанттарды есепке алатын технологияның, әдіс-тәсілдердің белгілі бір спектрін пайдаланғанда ғана тиімді жүзеге асуы мүмкін.

Инклюзивтік білім беру технологиясының батыстық жиынтығын талдау инклюзивтік мектептегі шетелдік жұмыс тәсілдер мен практикалық тактикалардың кең көлемде вариативтік екенін дәлелдейді. Батыстық педагогикадағы инклюзивтік білім беруді құру тәсілдері мен құралдарын талдаудың технологиялық бірлігін ерекшелеудің негізгі көрсеткіштері:

- технологияны педагогикалық басқару;
- тьюторлық технология;
- әлеуметтік қолдауды демократиялау технологиясы;
- білім алуға ерекше қажеттіліктерді қанағаттандырудың технологиялық қызметі.

Батыстық зерттеушілер М. Фуллан, Д. Тайак және Л. Кубан өз еңбектерінде инклюзивтік сынаптағы стратегиялық және тактикалық басқару технологияларын сипаттады [46, 47]. Ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында инклюзивтік сынаптағы педагогиканың тиімді басқару технологиясын бірқатар орталық оқытушыларының пікірлеріне негіздейді, оларды кешенді түрде жүзеге асыру инклюзивтік білім беру қауымының атқарымдық механизмдерін тура және жанама түрде жақсартуға мүмкіндік береді:

1. Кез келген өзгерістердің нақты сипаты болады. Берілген постулат сан алуан түрленімнің нақты мақсатты негізіне бағдарлауды білдіреді. Бұл мұғалімнің ендірген әрбір оқушының жеке қажеттілігі мен мұқтажын есепке ала отырып құрылуға міндетті өзгерістердің жүйелілігін, мақсатты бағыттылығын және релеванттығын білдіреді.

2. Ендірген өзгерістер шектелген сипатта болмауға тиісті. Бұл факт инклюзивтік білім беру ортасын ұйымдастырудағы түрленім лимитінің болмауын білдіреді. Сонымен бірге ендірілетін инновация аса көлемді болмауға тиісті, себебі ондай жағдайда оқушы жүзеге асырылатын жаңа өзгерістерге бейімделуге үлгермейді.

3. Мұғалім инклюзивтік сыныпта туындайтын мәселелер мен қиындықтарды еңсерілмейтін қарама-қайшылық ретінде емес, мүмкіндіктері шектеулі балалардың құрдастарының ортасына қосылудың жағымды динамикасына қол жеткізудің позитивті жолы ретінде қарастыруға міндетті. Бұл қағида кез келген мәселелердің жағымды жағында бекітіледі және туындайтын мәселелер туындаған қиындықтардан шығу мүмкіндігі ретінде

бағаланады.

4. Педагогикалық практикалық әрекеттер және мұғалімнің рефлексивтік көруі бір-бірімен толық көлемде үйлесуге міндетті. Берілген жағдай инклюзивтік сыныптағы барлық субъектілерге психоәлеуметтік және эмоциялық жағымды атмосфера жағдайында өздерін жайлы сезінуге мүмкіндік береді. Қарастырылған педагогикалық икемділікті қалыптастыру – әрбір бала қабылданатын және өзінің шамасын жүзеге асыра алатын шынайы инклюзивтік сыныпты құруға арналған негіз.

5. Мұғалімнің өзінің жеке күші мен нормативтік инклюзивтік микросоциумды құру бойынша балалардың топтық өзара әрекеттенуі арасындағы өзара барабар байланыс инклюзивтік білім беру қауымының басымды стратегиясы болып табылады. Сыныптағы инклюзияның көрсеткішіне инклюзивтік әлеуметтік кеңістік құруға өзара үлесін қосу қажеттілігін түсіну жатады. Бұл инклюзивтік практиканы жүзге асыруға арналған құқық пен жауапкершілікті барлық субъектілердің арасына тең бөліп беруге мүмкіндік береді.

6. Инклюзивтік сыныпты тігінен және көлденеңінен басқару стратегиясының үйлесуі. Білікті мұғалім өзінің жұмысын оқушылардың жеке тұлғалық қалаулары мен басқарудың директивалық тактикаларын қиыстыру негізінде құрайды. Бұндай нұсқа инклюзивтік білім беру қауымының өмір сүруін нормалайды, оның атқарымдық қолданысын орындау үшін жағымды жағдай тудырады.

7. Инклюзивтік мектеп жергілікті қоғаммен тығыз байланыста өзара әрекеттенген және олардың ынтымақтастық жағдайында ғана бір тұтас білім беру үдерісі жүзеге асады. Қарастырылған өзіндік сипат инклюзивтік білім беруді мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік қатынастардың желісіне қосудың бір бөлігі ретінде ұғынуға мүмкіндік береді

Американдық зерттеуші У. Хитзингом өз еңбектерінде «педагог – бала» жүйесіндегі педагогикадағы басқару технологиясының микроәлеуметтік мәнмәтінін қарастырып өтті. Оның пікірінше, балалық-оқытушылық өнімді өзара әрекеттену жағымды педагогикалық басқару технологиясында ғана құру мүмкін болады, бұл мүмкіндігі шектеулі баланы оқу үдерісінің жеке құрамдық бөліктерінде де жағымды әлеуметтік бейімдеуді білдіреді [48].

Педагогикадағы басқару технологиясын берілген батыстық көрінісін талдау оның жалпы позитивтілігін анықтайды. Басқару негіздерін логикалық ұғыну мүмкіндіктері шектеулі балалардың және мұғалімнің арасындағы қауіпсіз және қабылдау қатынасын дамыту, жеткен жеке жетістігін бекіте отырып, оқушыны бағалауда барабар тәсілдерді пайдалану икемділіктеріне негізделетін инклюзивтік білім беру үдерісінің мәнін түсінуі туралы дәлелдейді. Инклюзивтік мектептегі баламен мұғалімнің арасындағы қатынасты жүзеге асырудың маңызды сәті мүмкіндігі шектеулі баланың қосылуда белсенді орын алуында туындайтын мәселелерді жеңу үшін барлық субъектілердің күшінің жиынтығының құрылымы ретінде бағаланатын табыстылықты сезінуге жағымды көзқарас қалыптастыру болып табылады.

Инклюзивтік білім беру ортасын қалыптастыруды басқару аспектілерімен

мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік қолдаудың демократиялық желісі тікелей байланыста тұрады. С. Дж. Сэлент осы көрсеткіштің маңызды мәнін инклюзивтік сыныптағы демократиялау үдерісін коммуникативтік, тәртіптік, перцептивтік, жеке тұлғалық түрдегі өнімді негіздердің бірігудегі қарастырады.

Инклюзивтік сыныптағы балаларды әлеуметті қолдауды демократиялау ұйымдық, аксиологиялық, стратегиялық сондай-ақ тактикалық мәндегі интербелсенді интервенцияның жиынтығын қолдануға негізделеді. Баланың білім алуындағы ерекше қажеттіліктері инклюзивтік білім беру ортасындағы түйіспелік негізде өз ізін қалдырады, осыған байланысты желілік қолдауды демократиялау технологиясы жалпыланған түрде бір қатар келесі элементтерді қамтуға міндетті:

- инклюзивтік кеңістікте бірлік сезімін құру;
- барлық субъектілердің баланың білім алуындағы жеке ерекшеліктерін елеудегі икемділік;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдау үшін барлық мүшелерінің үйлестірілген әрекеттерін жүзеге асыру;
- көрсетілетін қызметтің жан-жақтылығы;
- демократиялық негіздің қалыптасуындағы көп деңгейлілік [49].

Зерттеушілердің мәліметтерімен ерекшеленген элементтер, қолдаудың желілік технологиясы бірін-бірі ауыстыратын кезең түрінде беріледі және инклюзивтік оқытудың тікелей қатысушылардың аясында «мұғалім – мүмкіндігі шектеулі бала – әдеттегі бала» үштігі арқылы қарастырылады.

Берілген үштік инклюзивтік сыныпта демократияны құрудың кезеңдік түрін көрсетеді, бір кезең мүмкіндігі шектеулі баламен басқаларға қарағанда сапалы демократиялық өзара әрекеттену ретінде жүзеге асады. Бұндай кезеңнің соңғы нәтижесіне баланы және оның өзіндік ерекшеліктерін қабылдаудан тұратын инклюзивтік білім берудің мақсатты ұстанымын жүзеге асыру жатады. Мұғалім жағынан, сондай-ақ сыныптастарының жағынан шынайы толерантылықты көру мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқудағы және әлеуметтік түрдегі жетістіктерге жетуімен қатамасыз етеді, бұл әлеуметтік қатынастың тұрақты дағдылары және танымдық кең әлеуеті бар, жан-жақты дамыған тұлғаны құруға, яғни білім беру үдерісінің атқарымдық негізін барынша жүзеге асыруға болатынын дәлелдейді.

Оқушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудың қызметтік технологиясы балаға оны жалпы білім беру ортасына қосуға мақсатталған, қажетті қызметтерді көрсетудің сәйкес механизмін білдіреді. М. Маннинг, Г. Маннинг және Р. Лонг берілген көрсеткіштің мазмұндық ерекшелерін сипаттай отырып, инклюзивтік сыныптағы қызметті әрбір баланың өзінің таңдауын жүзеге асыруға және өзінің ішкі шамасын ашуға арналған кейбір тәсілдер мен практикалық құралдардың жиынтығы ретінде қарастырады. Белгіленген талаптарға сәйкес қызметтің негізгі технологиялық элементтеріне қатыстылар:

- әрбір оқушыға мұғалімнің басшылығымен оқуға қажетті материалдың көлемін өздігінен анықтау мүмкіндігін беру;
- барлық балаларға сыныптағы демократиялық негіздерді пайдалануға

және оларды құрастыруға мүмкіндік беру;

- сыныптық ережелердің икемді жүйесі, әрбір баланың оларды құру субъектісі ретінде және сонымен бір мезгілде қалыптасқан норманың интериоризациялық нысаны болуы;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивтік білім беру ортасына қосудың бекітілген мақсатын, осыған сәйкес білім беру немесе әлеуметтік қызметті анықтау;

- барлық балалардың сыныптағы экспрессивтік-эмфатиялық атмосфераны қалыптастыру субъектілерінің рөлінде болуларына және инклюзивтік сыныптың эмоциялық қызметін алушы жағдайында болуларына жағымды жағдай тудыру;

- әрбір балаға өзінің саналы таңдауын жасауға мүмкіндік беру;

- инклюзивтік сыныптағы коммуникативтік қызмет түрлерін белсенді пайдалану.

Бұндай тәсілдеме мүмкіндігі шектеулі балаға инфантилдік байқалымдардан қашықтауға, бір уақытта белгілі бір қызметтерді алу және өндіру сапасында болуға мүмкіндік береді, бұл оның жеке тұлғалық белсенділігін дамытады, нәтижесінде барлық балалардың жеке қажеттіліктеріне бағдарлау жүретін үйлесімді оқу үдерісін құруға көмектеседі.

Инклюзивтік сынып жағдайындағы тьюторлық қолдау ретіндегі талдаудың технологиялық бірлік көрсеткішінің рөлін сипаттай отырып, батыстық зерттеушілер Т.Е. Смит, Г. Банч және Д. Митчелл тьюторды (арнайы мұғалім) тиімді инклюзивтік білім беруді құрудың жетекші субъектісі ретінде анықтайды [37, 51-52]. Оның атқарымдық қолданысы барлық балалардың олардың бұзылыстарының айқындығына байланыссыз олардың сан алуан түрлі қабілеттері мен мүмкіндіктерін теңестіру болып табылады.

Технологиялық жоспарда тьюторлық қолдау бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Лайықты оқу тапсырмаларын әзірлеу. Баланың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін нақты білетін, осындай баламен жұмыстағы арнайы педагогикалық технологияларды меңгерген тьютордың сыныпта болуы мұғалімге балалар үшін деңгейі сәйкес келетін оқу материалын таңдауға көмектеседі. Бұның нәтижесінде барлық оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері қанағаттандырылады және барлық балалардың мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекшеліктерін түсініп, қабылдаған жағдайында, балалар ұжымының ынтымақтастығының қажетті деңгейі қалыптасады.

2. Кез келген туындаған мәселені тиімді шешу. Бұл жағдайда тьютор әдеттегі мұғалімнің серіктесінің рөлін атқарады, арнайы білім, дағды және икемділіктердің жоғары деңгейін меңгерген ол мұғалімге қажетті кеңестер береді. Тьюторлық қолдау кейбір әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді өнімді жеңуге қажетті ресурс ретінде анықталады. Барлық балаларды білім беру ортасына табысты қосуға көмектесетін балалар ұжымындағы өзара қатынасты құру тьютордың жеке көзқарасына да байланысты болады.

3. «Треккинг» (мүмкіндігі шектеулі баланы оның білім алуда ерекше қажеттілігіне байланысты басқа оқушылардан уақытша оқшаулау) және

«стримингтің» (мүмкіндігі шектеулі баланы инклюзивтік сыныпқа және онаң қандай да бір табыстарға жеткен оқу және\немесе әлеуметтік әрекеттердің компоненттеріне қосу) стратегияларының бірігуі.

Тьютор мұғалімнің көмекшісі ретінде оқытудың құрамдастырылған тактикаларын жүзеге асыруға көмектеседі, балалар жеке оқу пәндері бойынша өздерінің қабілет деңгейіне сәйкес топтасқанда, сыныптың әлеуметтік аспектісі және басқа да кейбір оқу пәндері, қабілеттері әр түрлі оқушылар жалпы топтарға біріктірілген мейнстриминг мәнмәтінінде өтеді. Осыған байланысты тьютордың рөлі әрбір бала үшін бірыңғай бастау сәтін ұйымдастырудың және қалыптастырудың медиаторлық стратегиясын жүзге асырумен байланысты болады. Бұл мәнмәтіндегі тьюторлық көмекті жүзеге асырудың негізгі талаптарына арнайы мұғалімнің өзінің икемділігі және көмекке мұқтаж баланың жеке ерекшеліктеріне бағдарлау жатады.

4. Жақсартуды жете қадағалау. Мүмкіндігі шектеулі баламен тьютордың жүргізген жеке жұмысы оған оқыту үдерісінің динамикасын терең сезінуге және баланың әлеуметтік және оқудағы жетістіктерін ерекшелеуге мүмкіндік береді. Инклюзивтік сынып мұғалімі үшін берілген талдау балалардың жеткен жетістіктерін есепке алуға және жаңа талпыныстарын ескеруге мүмкіндік береді, бұл балаларға әлеуметтенудегі өздерінің келешектерін жақсартуға және қоғамға қосылуға көмектеседі.

Инклюзивтік сыныптағы тьютордың рөлін бұлайша түсіну тиімді, себебі мүмкіндігі шектеулі баланы қолдаудың терең жүйесін құруға және осымен бір мезгілде инклюзивтік сыныптың бірыңғай команда ретінде қызмет атқаруына көмектеседі. Тьютордың сыныпта болуы мұғалімнің ұйымдық және үйлестіру жұмыстарын жеңілдетеді, осыған байланысты инклюзивтік оқыту-тәрбиелеу жұмыс стратегиясын толық әзірлеуге қол жеткізеді.

Инклюзивтік сыныптағы тьютордың атқарымдық қолданысын ұғынуды педагогикалық технология ретінде талдау жұмыстың тьюторлық стратегиясын жалпы білім беру үдерісіне ендірудің қажеттілігі мен тиімділігін дәлелдейді, бұл жағдайда инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілеріне қатысты белгілі бір өнімділікке қол жеткізуге болады. Тьюторлық рөлді барабар түсіну оқу-тәрбиелеу жұмысындағы жалпы психоэмоциялық атмосфераны тұрақтандырады, бұл педагогикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, барабар қызмет атқарушы тьютор мұғалімнің жеке және топтық сабақтарды өткізу мүмкіндігін жеңілдету үшін балалар ұжымында командалық атмосфераны құруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бұндай практика әдеттегі сыныптағы мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту фактісін нормалайды, ол жергілікті инклюзивтік қауымды құруға мүмкіндік береді.

Сонымен, инклюзивтік білім берудің әр түрлі технологияларын талдау барлық балаларды оқытуға болатын инклюзивтік білім беруді мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру үдерісіне қосуға көмектесетін белгілі бір педагогикалық тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке келген кезде оның даму ерекшеліктерін

анықтау және оқытудың қолжетімді ортасын ұйымдастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық кешенді диагностикалау жұмысы жүргізіледі. Осыдан кейін инклюзивтік білім беру кеңістігінің психоэмоционалдық,

сондай-ақ табиғи орта сияқты түрленімдерін ендіреді. Инклюзивтік білім берудің жетекші педагогикалық технологиясына білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің ынтымақтастығын, балалардың мүмкіндіктері мен оларды академиялық және әлеуметтік білім алу қажеттіліктерінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес әрбір оқушының жетістіктерін жеке бағалау жүйесін құру қағидаларын сақтау жатады.

Инклюзивтік білім беру идеясын жүзеге асыру үшін инклюзивтік білім беру жүйесін дамытудағы жаңа кезең болып табылмайтын елдердің тәжірибесі өте маңызды болады. Әсіресе инклюзивтік үдерістерді ендірудің көп жылдық тәжірибесі бар АҚШ және еуропалық елдердің практикалары өте пайдалы. Осы күнге дейін инклюзивтік білім беру мәселелерін шешу жолын іздестіру көп жылдық тәжірибесі бар АҚШ, Батыс еуропа және Австралияға ғана емес, сондай-ақ шығыс еуропалық, азия, африка және латын америкалық мемлекеттерге де тән.

Сонымен бірге, Уганда, Лесото, Вьетнам, Лаос, Иордания, Палестина, Марокко, Египт және Йемен сияқты дүниежүзіндегі ең кедей елдерінде де батыл және жылдам өзгерістердің болып жатқанын да айтып өту керек. Сондай-ақ Уганда мен араб елдерінде мүмкіндіктері шектеулі балалар мен бірге қыз балаларды да жалпы білім беру мектептеріне кіріктіру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Бұл динамика аталған елдерде ЮНЕСКО-ның бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуымен түсіндіруге болады. Ірі бағдарламаларының бірі «Білім алу барлығы үшін» – бұрын мектепке баруға, білім беру үдерісіне қатысуға мүмкіндіктері болмаған балаларды тартуға бағытталған. Бұл үдеріс басынан бастап-ақ мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне кіріктіруді білдіреді.

Сонымен бірге, аталған бағдарламалардың аясында инклюзивтік білім беру үдерісін Словения, Хорватия, Македония, Болгария және Румыния елдерінде ендіру жұмыстары жүргізілуде, бұл жерде Швеция, Норвегия, Ұлыбритания елдерінің мамандары көмек көрсетуде. 80-ші жылдары ЮНЕСКО педагогтарды және әкімшіліктерді дайындауға арналған бірнеше ақпараттық құжаттар мен басшылықтарды, сондай-ақ сыныптағы жұмыс және т.б. бойынша практикалық ұсынымдарды әзірледі.

Ұлттық және жалпы дүниежүзілік тенденциялардың мәнмәтініндегі инклюзивтік білім беру аясындағы заманауи жағдайларды талдау білім берудегі инклюзияны даму үдерісінің экономикасы дамыған елдердің өзінде ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқанын көрсетті. Яғни әр түрлі елдерде ортақ түрі мен ерекшеліктері бар бұл үдерістің ұзақ та қиын екенін білдіреді. Американдық авторлар атап көрсеткендей, инклюзивтік мектеп – бұл шешім қабылдағанда ынтымақтастықты, жеке сан алуандылықты (сонымен бірге оқушылардың қабілеті) қабылдауда демократиялық қағидаларды ұстанған, кең қауымның өміріне қатысқан, балалардың дамуына сәйкес, икемді мектептік бағдарламалары бар ұйым.

Зерттеушілер Ұлыбританияның, Австралияның және АҚШ-ның табысты тәжірибелерін қарастыра отырып, жетістікке жету үшін қажетті талаптарды ерекшелейді. Бұл сыртқы күштер қолдаған инклюзивтік мектептік қауымдастықты құруға деген бастапқы уәждеме, персонал мен оқушылардың арасындағы айырмашылықтарды кедергі емес ресурс ретінде қабылдау,

оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің арасындағы ынтымақтастық және командалық рух, әрқайсысының дамуды қолдауға қатысуы және ең соңында, инклюзияны әрекеттің әлеуметтік және саяси бағдарламасы ретінде түсіну. Инклюзия идеяларын жүзеге асыру, сондай-ақ барлық оқушылардың қажеттіліктеріне жауап бере алатын педагогиканы дамыту оңай іс емес. Ғалымдар бұрынғы зерттеу жұмыстарына сүйеніп, инклюзияны жалпы алғанда табысты деп айтуға болмайтынын ескертеді, соған көптеген себептерді де келтіреді. Осы себептердің ішіндегі ең маңыздысына жалпы білім беру мен арнайы білім берудің арасында байланыстың жоқтығы деп есептейді, қазіргі кезде инклюзияға бағытталған күштерге инклюзивтік құру үдерісіне қатысушылардың ортақ құндылығы мен ортақ тілінің болмауын, ал оларсыз ынтымақтастық мүмкін болмайтыны да кедергі келтіретіні де айтылады [52, 53].

Қазіргі кезде көптеген елдерде білім беру саласындағы саясат стандартталған тестілер арқылы өлшенетін үлгерімді басшылыққа алған кезде мектептік инклюзивтік қауымдастықты құру орындалуы қиын міндетке айналды. Ғалымдар заманауи білім беру саясатының осы белгісін әлеуметтік неолиберализм деп аталатын тұжырымдаманың әсерінің таралуымен байланыстырады. Бұл тұжырымдама нарықтық логикаға тәнбәсекелестік, тиімділік және т.б. түсініктер кіретін қоғамдық қатынастың барлық түрлерінің нарықтық қатынастарына негізделген.

Осы шолуда дүниежүзілік үдеріске тән, әлеуметтік, саяси және экономикалық беталысындағы әр түрлі елдердегі инклюзивтік дамудың негізгі үрдісін ашып көрсетуге тырысамыз. Білім беру саласындағы АҚШ-ның заманауи саясаты жалпы білім берумен арнайы білім берудің бірігуін ұсынумен тұжырымдалады. Бұндай бірігудің негізгі үш тәсілдемесі ұсынылады: «негізгі бағыт», «жалпы білім берудің ықыласы», «қосу». Бұл тәсілдемелер мамандар арасында пікірталас және дау туғызды. «Негізгі бағыт» мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру сыныптарына қосуды білдіреді. Бұның қажеттілігін бұл балалар ақыр аяғында қоғамда қалатын болғандықтан, оларға әлеуметтік және оқу әрекетіне қосылуға көмектесу үшін оларды мектепке жіберу керек деп негіздеді. АҚШ-нда білім беру жүйесіндегі баланың оқудағы қажеттілігіне сәйкес келетін оқуды ақысыз оқуға кепілдік беретін Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру туралы актісі (1990 ж.) әрекет етеді. Ата-аналар мектептен баланың дамуында бұзылыстардың барлығы немесе жоқтығы туралы негіздеме берілетін, баланың оқудағы мүмкіндіктері туралы тұжырымдаманы талап ете алады.

Мектепке мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтау міндеттемесі жүктеледі. Заң арнайы білім алуға ғана емес, сондай-ақ қосымша қызметтерді (транспорт, логопедиялық сабақтар, психолог көмегі, аудиологиялық тексеру және т.б.) алуға да құқық береді. Заң бойынша әрбір балаға жазбаша тұжырымдама және жеке оқу бағдарламасы құрылады, даму бұзылыстары бар балаларды міндетті түрде мүмкіндігінше жалпы білім беру мектептерінде оқытуға, сондай-ақ оларды бұзылыстары аз ортаға қосуға міндеттеме алады.

2001 жылдан бастап білім беру саясаты «Бір бала да заңнан тыс қалмайды» («No Child Left Behind Act» – NCLB) құжатымен реттеледі. Бұл

заң оқушылардың үлгерімі білім беру стандарттарына сәйкес болуын талап етеді.

Бұл бағытта «жыл бойында ілгерілеуді» көрсетпеген мектептер жазаланады – мемлекеттік қаржыландырудан шығарылады. АҚШ-да оқушылардың әр түрлі топтарына: ағылшын тілі туған тілі еместерге; мүмкіндіктері шектеулі балаларға; кейбір жеке жағдайларда афроамерикандықтарға арналған әр түрлі стандарттар әрекет етді. Бір топтың оған қойылған мақсатқа қол жеткізе алмауы себебінен бүкіл мектеп қатал бақылауға алынуы мүмкін.

Чикаго университетінің зерттеушілерінің пікірі бойынша мәселе білім беру мекемелерін сәйкестендіру үрдісінің күшеюінен, дүниежүзіндегі осы сала бойынша саясат білім беру мекемелерін менеджерлер басқаратын (менеджерлер үлгісі) бизнес ұйым ретінде қарауынан және бірінші кезекте есеп беруді талап етуінен асқына түседі .

Соңғы уақыттарда американдық зерттеушілер бұл үрдіст мектептің «макдоналдизациялануы» деп атайды. Мектептер бір-біріне ұқсас бола бастауымен жалпы тұрғыда қоғамның «макдоналдизацияланған» азаматтарын шығара бастауы мүмкін. Мектептерге үлгерімнің стандартталынған көрсеткіштеріне жетуге қатысты талаптарды күшейту – бұл макдоналдизацияланудың бір белгісі болып табылады. Бірақ бұндай жағдайларда, авторлар балалардың оқуға деген уәжі төмендеп, қобалжушылығы арта түседі депескертеді .

Америкалық зерттеушілер қазіргі кездегі байқалатын үрдістердің көп жағдайда АҚШ-да инклюзивтік мектептік қауымдастықтарды құруға кедергі келтіретінін атап өтеді. Иллинойстегі мектептерге әлі де оқушыларды олардың шығу тегіне және үлгеріміне қарай сұрыптау тән. Бұл сұрыптау бұрынғыға қарағанда аса байқалмағанымен, ол бұрынғыдай мектептік білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады.

Американдық мектептердің менеджеризмі және үлгерімді тірек етуі фрустрацияның артуына әкеліп соқтырады, ал білім беру қызметкерлері мектеп білім беру органдарының биылғы берген бұйырығы бойынша прогреске жете ме жоқ па деген мәселеден басқаға көңіл аударуға қабілетсіз.

Швецияда инклюзивтік тәсілдемелерді талдауға және оларды мұғалімдердің, ата-аналардың, барлық тұрғындардың меңгеруіне қатысты көпжылдық әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізілді. Бұнда да АҚШ-да сияқты интеграция «төменнен» өсті, социал-демократиялық қозғалыспен, елдің әлеуметтік-экономикалық жағымды дамуымен инталандырылды және қолдау көрсетілді. 1990 жылдардың ортасында шведтер қоғамында әлеуметтік акцент ұжымдық құндылықтан тұлғалық құқық пен персоналды таңдауға қарай ауысты. Сондай-ақ жаңа қаржылық жүйені ендіру ресурсты ұлттылықтан басқарудың және бақылау механизмінің жаңа түрімен жергілікті деңгейде қайтадан бөлуі де көп көмек етті.

Швеция – инклюзивтік білім берудің әр түрлі түрлері белсенді дамыған ел. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың 80%-ы әдеттегі мектептерге барады, олар үшін арнайы білім беру бағдарлары әзірленген. Мүмкіндіктері шектеулі барлық балалардың басым бөлігі әдеттегі балабақшаларға барады. Алайда әдеттегі мектептерге көру және есту мүмкіндіктері жоқ немесе өте төмен,

сөйлеу тілі

мүшелерінің бұзылыстарының немесе ақыл-ойы дамымағандығы себебінен бара аламайтын балаларға арналған арнайы мектептер бар.

Шведтік білім беру жүйесінде жалпы ұлттық жоспарлау және басқару элементі өте маңызды. Оқытудың мақсатын, ұзақтығын, білім беру бағдарламаларын қаржыландыруды Парламент шешеді. 1989 жылға дейін үкімет те жалпы білім беру бағдарламаларын құруға қатысты.

Соңғы жылдары Швецияда білім беру саласында көптеген реформалар жүргізілді. Оның ішінде ең бастысы жүйеге және жеке оқу орындарына үлкен дербестік беру, сондай-ақ оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатындағы орталықтандыру жатады. Мектепте оқыту бойынша көптеген мәселелерді шешуге қатысуға муниципалитеттер ғана емес, оқушылар ұжымы мен ата-аналар да құқық алды. Енді Білім беру министрлігі оқыту бағдарламаларының тек жалпы мақсаттарын қана бекітеді. Оқыту әдіс-тәсілдерін, материалды таңдау, жұмыс талабы мен жалақы мөлшерін, оқу үдерісін ұйымдастырудың барлығы қазір мектеп директорлары мен мұғалімдердің құзыретінде. Сонымен, ата-аналардың мектепті өз баласының жеке ерекшеліктеріне қарай таңдау мүмкіндіктері кеңейді.

Швецияда балалық шаққа көмек көрсету жүйесі жоғары құрамдастырылған, құрылым орталықтандырылған. Көмектің әрбір түрі әкімшілік, құқық және қаржылық тұрғыда дербес мәртебесі бар арнайы мемлекеттік мекеменің бақылауында болады. Аймақтың кеңесі (коммуна) жанында әрекет ететін муниципалдық Балаларды оналту орталығының арнайы педагогы ата-аналар мен мектеп мұғалімдеріне кеңес береді. Баланың мүмкіндігіне қарай, олар бірігіп, орындалуы үшін мектеп мұғалімі жауап беретін, жеке оқу жоспарын құрады. Қажет болған жағдайда педагог-ассисент шақырылады.

Шведтік Арнайы білім беру агентігі (SIN) жанұя мен мектептерге кеңес беру мен оларға қолдау көрсетуге жауап береді; практикада сабақттылықты нақты баламен жұмыс істейтін кеңесші жүзеге асырады. SIN кеңесшісі оқу пәндеріне қатысты ұсынымдар береді; муниципалды өкіметке мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды тиімді ұйымдастыруға көмек береді.

Жалпы миграцияға байланысты Швецияның білім беру жүйесі, көптеген еуропа елдеріндегі сияқты соңғы екі он жылдық ішінде ауыр қысымға түсті. Бұл экзогендік есеңгіреу этникалық Швецияны мәдениеттердің алуандылығы мен жаһандану дәуіріне өзгертті. Бұл демографиялық жылдам өзгерістердің жағымсыз жағына этникалық сегрегация мен теңсіздіктің туындауы жатты, бұл әсіресе орталықтандыру мен бәсекелестіктің салдарынан әлеуметтік топтардың арасында бұрыннан теңсіздік құбылыстары бар үлкен қалаларда айқын байқалды. Бұл білім беру жүйесіндегі үлкен мәселе болды, себебі шведтік қоғам көп ұлттық, көп тілдіге айналып, тұрмысы нашар жанұялардың балаларының саны біршама арта бастады.

Ұлыбританиядағы инклюзивтік білім беру осы елде ертедегі тарихы мен әдет-ғұрпы бар арнайы білім берумен өзара әрекеттестілікте тіршілік етеді. Инклюзивтік білім беру заңнамадада бекітілгенмен, арнайы білім беру мектептері де қызметтерін жалғастыруда және ата-аналары олар үшін оқытудың осы түрін таңдаған балаларға арналған білім беру кеңістігінің бір

бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда арнайы білім беру мектептерінің санының азаюы байқалады. Жағдай бір жерден басқа жерге қарай күрт өзгереді. Лондонның Ньюхэм аймағында барлық арнайы мектептер жабылған, ал Англия мен Уэльсте мектеп жасындағы барлық балалардың 1,2% ғана арнайы мектептерге барады, территориялардың арасындағы айырмашылық 0,32 және 2,6% арасында құбылып тұрады. Арнайы мектептерді жабу және балаларды жалпы білім беру мектептеріне ауыстыру туралы шешімді аймақтық білім беру басқармасы (LEA) қабылдайды, арнайы білім беру мектептерін жабу білім беруді либерализациялаудың жалпы үдерісіне ауыр тиеді.

Ф. Армстронг бұл үдерісті этнографиялық кейс-стади тәсілін қолдана отырып зерттеді; ол арнайы білім беру мектептерінің біреуін жабу және барлық оқушыларды жалпы білім мектебіне көшіру туралы шешім қабылданғаннан кейінгі жергілікті білім беру басқармасының шенеуніктері мен мұғалімдерінің сабағаттық және педагогикалық мәжілістеріне, кездесулерге тікелей өзі қатысып отырды. Автордың пікірінше, бұл үдеріс жаңа менеджерлік тәсілдеме мен инклюзияның арасындағы қарама-қайшылықты ашты, мектеп қосымша ассигнования алу үшін пайда әкелуге және тиімді болуға тиісті және өзінің табыстылығына дәлелдеме келтіруге міндетті. Бұндай жағдайда оларға «өнімсіз оқушыларды қабылдамауға немесе оларды шошытуға» қатысты ойлар келуі әбден мүмкін болады. Педагогтардың кеңесінің отырыстарынан алынған жазбаларда мұғалімдердің бұзылыстары бар балалардың стандарт деңгейін төмендетіні, әдеттегі балаларға жетісе алмайтыны, мұғалімдер үшін масыл болатындары, басқа балалардан кесе отырып, оларға өздерінің қосымша уақыттарын бөлу қажеттіліктері туралы айтқандары көптеп кездеседі. Білім беру басқармасының шенеуніктері мен жалпы білім беру мектептерінің әкімшіліктері өздерінің дәлелдемелерінде инклюзияның мәдени және әлеуметтік мәнмәтінің бір шетте қалдырып, мектептің тек қаржылық жағына ғана қатысты «келісемін» және «қарсы» терминдерін пайдаланды. Армстронг қарама-қайшылықты инклюзияның үлкен мәдени өзгеріс болғанымен, осындай тәсілдемеде «лайықты», «бұзбайтын» және «ресурстарды тиімді пайдалануға» сәйкес экономикалық тиімділік терминдерімен ғана қарастырыла бастайтынын көріп отыр.

Инлюзияны алға жылжытуға институттардың сегрегациялық жүйесін қолдауға мүдделі әлеуметтік топтың (саясаткерлер, кәсіпқорлар) болуы ғана емес, сондай-ақ білім берудің сегрегациялық құрылымын құратын құндылық, қарым-қатынас және практика да қарсы тұрады. Сонымен, Ұлыбританияда инклюзивтік білім беруді дамытуға білім беру саясатындағы либералдық үдерістердің әсері осы үдеріске қатысушы мұғалімдердің кәсіптік тұрғыда өзін-өзі тану мәселесінің маңыздылығын арттырады; соңында мектептің әкімшілігі мен мұғалімдер кез келген білім беру саясатының тікелей жолбасшысы болады. Стандарттарды көтеру деңгейіне қойылатын талаптар мен білім берудің мәдени өзгерістерінің адамгершіліктік талаптарының арасында туындаған қарама-қайшылық білім беруді демократиялау үдерісін және оның құрамы ретіндегі әлеуметтік интеграциялау үдерісін барынша күрделендіреді .

Норвегияда инклюзивтік білім берудің үлкен тәжірибесі бар. Норвегиялық заңнамаға сәйкес білім берудің инклюзивтік түрі бұл стратегиялық мақсат. Бұл мектепке дейінгі және орта білім беру барлық оқушылар үшін олардың әлеуметтік-мәдени қатысына және әлеуетіне тәуелсіз қолжетімді екенін білдіреді. Барлық оқушылар үлкен әлеует иесі ретінде қабылданады. Білім беру мекемелерінің жұмыс қағидасы ретіндегі инклюзия жеке мүмкіндіктер мен әлеуетті тұрақты түрде есепке алу мен оған сәйкестігін білдіреді. Білім беру заңының ережелеріне сәйкес бастауыш және орта мектеп оқушыларының жергілікті жердегі мектепте оқу құқығы бар. Заңда сондай-ақ оқушылардың бейімделме оқуға және әрбір нақты жағдайға қарай білім берудің тиімі бағдарламасын анықтай алатын көмекші персоналдың қызметіне құқығы бары туралы бірқатар қағидалар берілген.

Талдау барысында барлық оқушылардың оқуы әдеттегі сыныптарда немесе топтарда өтетіні, сонымен бірге қажет болған жағдайда арнайы жағдайда да оқу мүмкіндігінің барлығы туралы аталып өткен. Норвегиядағы білім беру қызметтері оқушының емес, оқыту ортасының өзгеруіне бағдарлаған. Норвегиялық мектептердің басты міндеті «барлығына арналған білім беруді», сонымен бірге міндетті білім беру жүйесімен қамтылған барлық бала оқи алатын мектепті құру болып табылады. Оларды құру жұмысы бейімделме оқыту әдістемелерін (Jakhelln, 2013.) қолдана отырып, құрамы аралас-құралас оқушыларды оқыту үшін тең талаптармен қамтамасыз ету жолымен жүреді.

Инклюзивтік сынып мұғалімдерін педагогикалық институттарда дайындайды. Университеттердің студенттері түзету педагогикасы курсы тандай алады, педагогикалық мамандықтағы студенттер оқушылардың кездесуі мүмкін қиындықтар туралы білім алады; мектепте құрамы аралас-құралас оқушылармен қалай жұмыс істейтінін және бейімделме оқытудың арнайы оқытудан айырмашылығы қандай екенін талдайды. Мақсаты – оқу-тәрбиелеу үдерісін оқушылардың әлеуеті, қабілеті, мүддесі мен әлеуметтік мәдени қатысына сәйкес бейімдей білетін, сондай-ақ балаларды оларға түсінікті оқу тапсырмаларын беру және әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ынталандыра білетін маманды дайындау [61-62].

Қазіргі кездегі Финляндиядағы ұлттық білім беру жүйесінің негізгі құндылықтарына міндеттілік және ақысыздық, теңдік пен инклюзивтілік жатады. Финляндияның Білім беру министрлігі білім беру жүйесін тегістеу саясатын жүргізеді, бұл білім беру қолжетімділігі мен мазмұны бойынша барлық жерде және барлығына қолжетімді, яғни білім берудің кез келген деңгейіндегі тең мүмкіндіктерді білдіреді. Финляндиядағы инклюзивтік білім беру 20 жыл бойы даму үстінде және оларды маңызды ғылыми зерттеу жұмыстарымен қолдайды.

Елдегі барлық оқушылар үшін Ұлттық стандарт бекіткен бірыңғай білім беру бағдарламасы бар. Бұнда білім беру саласының негізгі мазмұны, күтілетін нәтижелер мен бағалау өлшемдері берілген. Финляндиядағы негізгі оқыту «мектеп барлығы үшін» қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Инклюзивтілік – білім беру жүйесіндегі қағидалардың бірі бола отырып, білім берудің барлық балаларға (мигранттарға, шет аудандағы балаларға,

мүмкіндіктерді шектеулі балаларға және т.б.) міндеттілігі мен қолжетімділігі арқылы жүзеге асырылады. Барлық балалар өзінің мүмкіндігіне сәйкес негізгі мектепте оқиды. 2010 жылдан бастап негізгі жалпы білім беру мектебіндегі әрбір бала деңгейлік сипаттағы қолдаудың үш түрінің бірін алуға құқығы бар. Қолдаудың бірінші деңгейі – жалпы қолдау. Оны сынып мұғалімі жүзеге асырады. Ол кез келген балада (мысалы, аурудан кейін) кездесуі мүмкін қандай да болмасын әр түрлі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Оқудағы анықталған қиындықтар баланың ата-анасымен, сондай-ақ мектептегі мамандармен талданады. Педагог оқыту үдерісінде балаға жеке көмек көрсетудің әр түрлі (жалпы және арнайы) тәсілдерін және технологияларын меңгерген. Егер жалпы қолдау оқудағы туындаған мәселелерді шешу үшін оқушыға жеткіліксіз болса, онда қолдаудың екінші деңгейі ұсынылады. Бұл қарқынды қолдау. Оның қажеттілігі туралы шешімді мультитәртіптік команда қабылдайды. Ұлттық түрдегі педагогикалық командалық бағалау жүргізіледі. Қарқынды қолдау тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге мектеп мамандарымен (арнайы педагог, әлеуметтік қызметкер, мұғалімнің көмекшісі) де жүргізіледі. Бұл кезеңде мектеп мамандары қолдаудың жеке жоспарын (жарты жылдыққа) құрастырады. Осы бала оқитын сыныпқа педагог көмекшісінің қажеттілігі туралы сұрақ шешіледі. Мұғаліммен бірге сабақ жүргізетін арнайы педагог та мұғалімге көмектесе алады. Қолдаудың екінші деңгейінің мақсаты – бағдарламаны меңгеруге көмектесу, үлгермеушіліктің алдын алу және жеңу. Егер баланың мәселесі 6 айдың ішінде шешілсе, онда ол қолдаудың бірінші деңгейіне ауыстырылуы мүмкін. Егер қарқынды қолдау жеткіліксіз болса, онда ол арнайы қолдаудың үшінші деңгейіне ауыстырылады.

Баланы қолдаудың үшінші деңгейіне көшіру үшін білім беру бойынша комитеттегі консилиуммен жүргізілетін сыртқы медициналық-психологиялық тексеру қажет болады. Оны жүргізу үшін алдыңғы қолдау сипатталатын педагогикалық негіздеме құрылады. Мектептің инклюзивтік білім беруді үйлестірушісі сыртқы тексеру нәтижелері бойынша оқушыға қолдаудың үшінші деңгейін көрсету керектігі туралы шешім қабылдайды.

Егер оқушы қолдаудың үшінші деңгейіне көшірілсе, онда оның қандай жағдайда: арнайы (шағын топта) сыныпта немесе жалпы сыныпта (сыныпта екінші педагог, қажет болған жағдайда көмекші болғанда) оқитыны туралы анықталады. Қолдаудың үшінші деңгейінде жеке оқу жоспары және әрбір пән бойынша жеке оқу бағдарламасы құрылады. Жеке жоспар мен бағдарлама мульти-тәртіптік командамен коллегиялды түрде жасалады. Олар жарты жылдыққа немесе бір жылға жасалады, қажет болған жағдайда қайтадан қарастырылады.

Сонымен, Финляндияда міндетті негізгі білім беру деңгейіндегі оқуда әр түрлі қиындықтарға кездесетін оқушыларды қолдауға арналған арнайы тиімді шаралардың жүйесі құрылған.

Италияда жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың 90%-нан астамы оқиды. Зерттеушілердің пікірінше, Италия басқа елдер үшін білім берудің инклюзивтік түрін апробациялау алаңы болды.

Италяндықтар инклюзияның ерте кезеңін «жабайы интеграция» деп атайды. Алайда бұндай жағдайда «интеграция» мен «қосу» сөздері шартты түрде болады. Негізінде бастапқы кезде оның өзі қосуға жақын болады, сондықтан бұл жердегі басты мақсат балаларда қатыстық сезімін тудыру үшін оларды мектептік қауымға әлеуметтендіру және бейімдеу болды. Басынан бастап-ақ айырмашылықтарды қабылдау және сыйлау тұлғаның бөлінбес сипаты ретінде бірінші кезекке қойылды. Сол бірінші кезеңді естеріне түсіргенде, италияндық педагогтар барлық сұрақтардың толық жауабын білмей, тек алға қарай жүргендері туралы айтады.

1971 жылы «Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы білім беру мектептерінде оқу құқығы туралы» №118 бірінші заң қабылданды. Онда: «мүгедек оқушылардың ақыл-ойы немесе дене бітімі бойынша бұзылыстарының ауырлық деңгейіне байланысты әдеттегі сыныптарда оқуы немесе қосылуы өте күрделі болған жағдайлардан басқа жағдайда мүгедек балалардың білім алуы мемлекеттік мектептердегі әдеттегі сыныптарда жүруі керек», – деп бекіткен. 1977 жылы білім беру әркетінің «оқушылардың жеке тұлғасының толық қалыптасуында алға жылжу» бағыттылығы мен белгілі бір нормативтерді анықтау мақсатында «Жалпы мектепте оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқығы» туралы (№ 517) заңға өзгерістер енгізілді. Осы заңға сәйкес барлық балалар ешбір шектеусіз жалпы білім беру мектептеріне қабылдануға және олардың сапалы білім алуларына арналған барлық жағдайларды тудыруға міндетті.

1992 жылы қабылданған «Жалпы мектепте оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқығы» туралы (№ 104) жаңа заң әлеуметтендіруді ғана емес, сондай-ақ академиялық пәндерге сапалы оқытуды басты міндеттердің қатарына жатқызады. Мысалы, 13-бапта «арнайы педагогтардың әрекетін қолдауға» кепілдік береді, бұндай оқытушылар «олар жұмыс істейтін сыныбында мұғаліммен бірге оқытады, білім беру бағдарламаларын құруға және оқытуға, сынып және колледж кеңестерінің әрекеттерін талдауға және тексеруге қатысады» деп көрсетілген. Көмек көрсету жиынтығына балаға арналған жеке бағдарламаны құруға жанұяның да қатысуына қатысты кепілдік кіреді. 2003 жылы Білім беру министрлігі қосудың ұлттық саясатын өмірге ендіруді жетілдіру мақсатында, барлық директорларды жұмыстан қол үзбей тренингіге қатысуды міндеттейді. Барлық мұғалімдерге жылына 40 сағатқа есептелген, біліктілігін арттыру курстарынан өтуді міндеттейді. Италияндық тәсілдемелер мектептің диагностикалау мен терапияны жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласына қатысты ұйымдардың мамандарымен өзара әрекеттестікте болуымен ерекшеленеді. Бұл мамандардың арасында дәрігерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медбикелер, логопедтер, атқарымдық және физикалық терапевтер кіреді. Бала дамуын бағлаудан басқа диагностикалауда жанұяны тірек ету үшін олардан кейбір эмоциялық ресурстар талап етіледі.

Диагностикалаудың бұндай тәсілдемесінің мақсаты – бұзылысты анықтау емес, қазіргі кезде көптеген елдерде қабылданған, тұтас көріністі алу. Оны «экологиялық» деп атайды.

Жеке оқу бағдарламасын әзірлеген кезде оқушының жеке тұлғалық

ерекшеліктері, білім алудағы қажеттіліктері; жанұяның ерекшелігі есепке алынады; оқушының нақты қажеттілігін есепке ала отырып, қолдау мамандары (дефектолог, логопед, психолог) анықталады. Мектепке баратын мүгедек оқушыларды негізгі үш топқа бөлуге болады:

а) әдеттегі бағдарлама бойынша оқитын және оқуды бітіргені туралы әдеттегі диплом алатын, алайда оқу бағдарламасын өзінің сыныптастарымен (мысалы, есту немесе көру қабілетін толық немесе жартылай жоғалтқан немесе тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары оқушылар) бірге өту үшін арнайы қолдауды қажет ететін оқушылар. Бұл жағдайда оқушыларға оқыту үдерісіне, сабақтарда және тестілік тапсырмаларды орындауға көмектесетін арнайы және\немесе қосымша құралдар беріледі; шынайы себептер бойынша бұл оқушыларға әр түрлі тапсырмаларды орындау үшін әдеттегіден артық уақыт беріледі (№104 заң, 1992);

б) біршама түзетілген және\немесе жеңілдетілген бағдарламалар бойынша оқитын оқушылар. Бітіру емтихандарының қорытындысы бойынша бұл оқушыларға қалған оқушыларға берілетін дипломдардан біршама айырмашылығы бар, бір оларға баламалы құжат беріледі;

в) әдеттегі бағдарламамен оқуға мүмкіндік бермейтін, дене бітімінде және\немесе психикалық дамуында бұзылыстары бар оқушылар. Мектепті аяқтағаннан кейін олар өздерінің жұмыс тәжірибелерінің, икемділіктері мен дағдыларының толық сипаттамасы бар, мектепке барғаны туралы анықтама алады.

Мүмкіндіктері шектеулі барлық оқушыларға сынып бөлмесінен шығу және жеке оқу мүмкіндігі болатын икемді кесте жасалады .

Алғаш рет Францияда «мектептік интеграция» ұзымы 1975 жылы бірінші бабында «мектептік интеграция» тұжырымдамасы берілген заңның қабылдануына байланысты пайда болды. Заң шығарушылар мектептік интеграция идеясын мүгедек балаларды оқу үдерісіне қосқан кездегі оларға қатысты қорғау шарасы ретінде қарастырды. 1982 және 1983 жылдардағы Әлеуметтік істер бойынша министрлік пен Халыққа білім беру министрлігінің дайындаған нұсқауларында мектептік интеграцияның маңыздылығы нақтыланып, осы үдеріске қатысушылардың рөлдері анықталды. Халыққа білім беру министрлігінің бірқатар нұсқауларында мектептік интеграция саласындағы әлеуметтік білім беру қызметі мен үйде көрсетілетін қызметтердің рөлі нақтыланды. 1991 жылы сәйкес министрліктер мен мүгедектер ісі бойынша мемлекеттік секретариат мүгедек балалар мен жасөспірімдерді интеграциялау үдерісіне бағытталған нұсқауды жариялайды. Осы нұсқауға сәйкес мектеп директорларына бастауыш мектепте мектептік интеграциялау сыныптарының: ақыл-ойы дамымаған балаларға, көру және есту қабілеттерінің бұзылыстары бар және тірек-қимыл аппаратарының бұзылыстары бар балаларға арналаған төрт түрін ашуға өкілеттік берілді; бұл сыныптар бұрынғы тегістеу сыныптарын ауыстырды.

1995 жылы жалпы орта білім беру жүйесінде, лицейлерде және колледждерде директордың шешімімен ділдік бұзылыстары бар жасөспірімдерге арналған педагогикалық бөлімшелер ашыла бастады.

Франциядағы инклюзивтік білім берудің құрылуына 2005 жылы 11 ақпанда қабылданған № 20056 102 «Мүгедектігі бар тұлғалардың құқығы пен

мүмкіндіктерінің, азаматтық орны мен қатысу теңдігі бойынша» заңының үлкен маңызы болғанын атап өту керек. 2005 жылғы заңның маңызды жетістігіне мүгедек баланың әлеуметтік ортадағы жағдайын, мүгедектіліктің әлеуметтік көрінісін қарастыру болып табылады. Заң шығарушылардың пікірінше, бұдан екі қағида туындайды: қолжетімділік (барлығы үшін барлығына қолжетімділік) және өтемділік (құқық пен мүмкінділіктердің теңдігін құратын жеке шаралар).

Мектептік оқу саласында қолжетімділік, мысалы, тұратын жеріне жақын орналасқан оқу орнына жазылу мүмкіндігі; оқытудың бейімделген даралық және ұжымдық жоспары бойынша білімге қолжетімділік; мектептік оқуды жүзеге асыруға арналған барлық қажетті жайлар мен материалдарға қолжетімділік; мектептік, мәдени және спорттық құралдарды сәйкес нормаға (кедергісіз оқу ортасын құру) келтірумен анықталады. Өтем мектептік ортаға мектептегі көмекшінің қолдаумен қосуды, баламен медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлерінің жұмыстарын, баланың көлікке деген құқығын ұйымдастыра алады.

2005 жылғы 11 ақпанындағы заңмен «Мүгедектерге арналған территориялық орталықтар» деп аталатын орталықтар құрылды, олар мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар мен олардың жанұяларын қолдаумен байланысты барлық өкілеттікті қамтиды. Орталықтарда мүмкіндігі шектеулі әрбір оқушының қажеттіліктерін бағалайтын, оған мектепте оқудың жеке жоспары кіретін өтемнің жеке жоспарын ұсынатын мульти-тәртіптік команда әрекет етеді. Мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары және автономдығы бойынша комиссия (CDAPH) мамандардың мульти-тәртіптік командасы жүргізген бағалауының негізінде қажетті шараларды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Оқытудың жеке жоспары (PPS) мүмкіндігі шектеулі оқушының мектепте оқу жағдайын, сондай-ақ оның ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін педагогикалық, психологиялық, тәрбиелік, медициналық және парамедициналық (кинезиотерапевттер, логопедтер, психомоторлық даму саласындағы мамандар және т.б.) шараларды анықтайды. Жоспарда баланың өзінің және оның ата-аналарының қалаулары есепке алынады, ол мектептік білім берудің дәйектілігі мен үзіліссізділігін қамтамасыз етеді. Мүгедектігі бар тұлғалардың автономдығына құқықтары бойынша комитет осы оқытудың жеке жоспарының негізінде мүгедектігі бар оқушының білім беру бағдары, яғни оны жалпы немесе арнайы білім беру мектептерінде оқыту туралы шешім қабылдайды. Референт мұғалімге мүгедектігі бар баланың жеке оқу жоспарын ендіру және оның орындалуын бақылау тапсырылады. Референт мұғалім

Территориялық орталықпен, мүгедектігі бар оқушымен жұмыс жүргізетін мұғалімдер командасымен, медициналық қызметтермен және персоналдармен байланыс орнатады. Ол сондай-ақ оқушының жанұясымен тығыз байланыста болады және ата-аналарға ақпарат береді.

2005 жылғы 11 ақпанындағы заңда мектептік оқыту жағдайына қатысты, онда мүгедектігі бар баланы әдеттегі ортада, яғни бастауыш немесе орта мектепте жеке бағдарлама бойынша оқытудың артықшылығы туралы ескертеді. Заңмен қарастырылған әдеттегі сыныпта оқу оқушының

денсаулығына байланысты мүмкін болмаған жағдайда, ол бастауыш мектептегі мектептік инклюзиялық сыныпта немесе орта мектептегі мектептік инклюзияның жергілікті бөлімінде оқи алады. Оқушы арнайы оқытылған педагогтың басшылығымен оның ерекше қажеттіліктеріне бейімделген бағдарлама бойынша білім ала алады.

Баланы мектептік оқыту барысында оқытудың төменде берілген әр түрлі тәсілдерін кезектестіруге немесе құрамдастыруға болады: толық күндік немесе жартылай оқыту, әдеттегі ортада немесе арнайы ұйымдарда, үйде оқыту немесе Ұлттық орталықтың көмегімен қашықтықтан білім беру.

2012 оқу жылының басында Францияда «мұғалімдер және медициналық немесе әлеуметтік қызметкерлердің пікірлерін есепке ала отырып, әрбір баланың аңғарымын» әзірлеу мақсатында жаңа құрал «Мектептегі оқушылардың қажеттіліктерін бағалау бойынша басшылық» (GEVAS) ендірілді. Бұл басшылықтың артықшылығы оның авторлары оқушылардың мүгедектігін емес, олардың қалдық атқарымдарын негізге алды, мектепте оқуға бөгет жасайтын кедергілерді анықтауға тырысты. Онысына қарамай, бұл тәсілдеме Территориялық орталықтың оқытудың жеке жоспарын әзірлеу (өтемдік жеке жоспардың оқулық бөлігі) үдерісіндегі элементтерінің біреуі ғана болып табылады

Франциядағы инклюзивтік білім беру үдерісі «мектеп өміріндегі көмекшілер» деп аталатындармен қамтамасыз етіледі. Атқарымдық міндеттеріне қарай көмекшілер екі топқа бөлінеді – оқушыны педагогикалық және онсыз қолдау. Бұл көмекшілер нақты бір балаға бекітілген жеке болуы да орта мектептің интеграциялық сыныбының оқушылар тобының барлығын қолдайтын ұжымдық болуы да мүмкін.

2014 жылдан бастап мектептегі инклюзивтік үдерістерді күшейту бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Бұл шаралар осы үдеріске кіріктірілген қызметкерлердің кәсіптілігін нығайтуға, мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды қолдау үдерісін күшейтуге, мүгедектілігі бар жастардың кәсіптік жұмыстылығын жеңілдетуге және білім алуындағы ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін сандық технологияны жұмылдыруға бағытталған.

Израилдегі инклюзивтік білім беру жоғары заңнамалық деңгейде бекітілген. Израилдің білім беру және медициналық жүйелерінің басты қағидасы – мүкіндігі шектеулі бала 6 жасында жалпы білім беру мектебіне бара алатындай, оған ерте жастан барынша көмек көрсету. Израилде инклюзивтік білім берудің бірнеше нұсқалары бар. Даму бұзылыстары аса ауыр емес бала мамандардың бақылаумен қарқынды түзету көмегін ала алатын, әдеттегі балабақшаға барады.

Бұл тұрғыда «MA'AGAN» қарқынды ерте түзету көмегін көрсету бағдарламасы өзін жақсы жағынан көрсете алды – бұл төмендегілер әрекет ететін, ұлттық тренингілік ойындар:

1. Баланың топтың өміріне барынша кірігуіне қол жеткізу үшін тәрбиешілер мен ата-аналарға көмектесетін, баланың атқарымдық қиындықтарын анықтайтын және оларды жеңуге көмектесетін мамандардың мульти-тәртіптік командасы.

2. «Мабитим» – тәртіптік талдауға негізділген: балаларды табиғи

ортада бақылау. Жүйелік мониторингке арналған құрал (журнал), мәліметтерді жинау түрі, жұмысты жоспарлау түрі, кері байланыс пен бағалау түрі.

3. Команданың барлық мүшелері үшін супервизия және әдістемелік көмек.

Арнайы күтімге мұқтаж балалар түзету балабақшасына барады, әдеттегі балабақшаға бір-екі күнге келеді. Ең алдымен, мемлекет ерте диагностикалау «From prevention to inclusion» («Ескертуден инклюзияға») бағдарламасына үлкен назар аударады. Израилде дүниеге келген барлық балалар ай сайын денсаулық жағдайының скринингісінен өтеді. Баланы бірнеше мамандардан (педиатр, психиатр, немесе клиникалық психолог, сөйлеу тілін дамыту бойынша маман) құрылған арнайы комиссия тексереді. Комиссия әдеттегідей жергілікті жердегі ерте жастан дамыту орталықтарында болады. Егер балаларда даму бұзылыстары анықталса, мысалы, денсаулығы ауыр жағдайдағы, дамуында әр түрлі «ділдік және дене бітіміндегі бұзылыстар» бар балалар 4 айдан үлкен балаларға арналған жеке меншіктегі хоспистерге жіберіледі.

Балалар 3 жасқа дейін даму орталықтарында мамандардың көмегін ала алады. Одан ары қарай бала арнайы балабақшаға немесе инклюзивтік бағдарлама бойынша жалпы балабақшаға жіберіледі. Бұл мәселе бойынша шешімді ата-аналар баланың жағдайын жан-жақты тексеру және оның жақсы бейімделу мүмкіндіктерін зерттеу негізінде мамандармен бірлесе қабылдайды.

Әсіресе бірінші сыныпқа баратын әрбір бала мұқият тексеріледі. Мектепке барардың алдында бір жыл бұрын барлық балалар балабақшаға баруға міндетті, мұнда 5 жастан бастап, міндетті түрдегі психологиялық тексеруден өтеді, бұл үшін әрбір балабақша психологпен келісім шартқа отырады.

Қарқынды түзетуден кейін жалпы бітім беру мектебіне бару мүмкіндігі бар балалар үшін «Транзитті бірінші сынып» бағдарламасы ұйымдастырылған. Бұл әдеттегі мектептегі арнайы сынып, онда оқитын балалар саны 12-ден аспайды. Балалар өздерінің қарқыны бойынша оқиды, психолог, дефектологтың және сөйлеу тілін дамыту маманының көмегін алады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін балалар 2-сыныпқа көшіріледі, немесе 1-сыныпта қалдырылады, кейбір балалар арнайы мектептерге жіберіледі. Даму динамикасы нақты қадағаланады. Әдеттегідей, білім беру ұйымдарына жолдама беретін комиссия көктемде жүреді. Ал желтоқсанда тәрбиешілердің сауалнамасы мен баланы тексеру жұмысы жүргізіледі. Бұл оқыту сапасын және басқа орынға көшіру мүмкіндігін, сондай-ақ балаға қолдаушы маман немесе тьютордың қажеттігін анықтайды. Сонымен бірге, мектепте қыркүйек айында мамандар мен ата-аналардың «Жеке жоспар» (Individual plan) құру бойынша кеңестер беріледі. Жеке оқыту жоспарын құру кезінде қолданылатын технологиялар: оқу ортасы мен оқыту технологиясын түрлендіру және арнайы көмек көрсету.

Израилде мүмкіндіктері шектеулі балалардың әдеттегі мектепке бейімделуіне үлкен көңіл бөлінеді. Практика баланың өзінің дені сау сыныптастарымен салыстырғанда өзін қандай да бір жақтан кеммін деп сезінбейтіндігін көрсетті. Бұл мектепте балалардың ақпараттылығын арттыру

бағдарламаларын жүргізу есебінен мүмкін болды, ата-аналар жыл басында сыныпқа келіп, өздерінің балаларының денсаулықтары мен тәртіптерінің ерекшеліктері туралы түсіндіреді. Егер ата-ана ондай қадамға дайын болмаса, оны психолог немесе дефектолог, медбике немесе баланы қадағалайтын терапевт орындайды. Сынып мұғалімі сыныпты оны талқылауға итермелейді. Орта және жоғары мектептерде баланың өзі өзінің жағдайы туралы түсіндіре алады, мысалы, «Мен туралы» (презентация) немесе мектеп газетіне мақала жазады. Сондай-ақ сыныптастары оларды әдеттегі жанұя ретінде қабылдаулары үшін мектепке бүкіл жанұясымен келу де жақсы салтқа айналды. Бұндай бағдарламалар баланың ұжымға сіңуін жеңілдетеді және сыныптастары жағынан түсіністік пен көмектесуге дайындық шақырады. Мұғалім де әңгімеден көптеген пайдалы ақпараттарды ала алады және оларды сыныптың ынтықтастығын арттыру және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қолдана алады [64].

Сонымен, осылайша құрылған білім беру жүйесі балаға заманауи қоғамда өмір сүру үшін қажеттіліктердің барлығын өзіне ыңғайлы түрде алуға мүмкіндік береді.

Данияда мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалардың саны өте көп. 2007 жылы онда 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың 96% тәрбиеленді, ал 6-9 жастағы оқушылар баратын қосымша білім беру ұйымдарында балалардың 84% оқыды. Инклюзияға үлкен мән берілетін және сонымен бірге, балалардың өзіндік әлеуеттілігімен жүйелі жұмысты жүргізуді және олардың өзін бақылауға деген қабілетін дамытуды талап ететін мемлекеттік ережелер қолданысқа ендірілді. Көптеген зерттеушілер олардан маргинализациялық және эксклюзиялық жаңа механизмдерді құру қауіпінің жоғарылауына байланысты алаңдаушылыққа деген негізді көреді, олар «баланы нормалау» талабының қайтадан пайда болғанын ескертеді. Жалпы алғанда, ғалымдардың пікірінше, даниялық білім беру ұйымдарын сандық қатынасқа қарай инклюзивтіліктің жоғары деңгейінде деп сипаттауға болады. Ал сапалық жағынан «теңдікті, әлеуметтік әділеттілікті іздеу, қоғам өміріне қатысу және эксклюзиялық талаптар мен практиканың барлық түрлерін жоюға» бағытталған инклюзивтік педагогиканы жүзеге асыру әлі де орындалуы қиын міндет болып қалады.

Авторлар инклюзия идеясын жүзеге асыруға байланысты мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің қандай қиындықтарға кездесетіндерін түсінуге

талпыныс жасайды. Бес балабақшаның педагогтарынан алынған сауалнамаларды талдау нәтижесінде өзара шиеленіскен екі пікір ерекшеленді: эссенциалистік және релятивистік, олар инклюзивтік тәжірибенің құндылық бағдарын әр түрлі құрастырады.

Эссенциалистер «мәселелі» балаларда әлеуметтік құзыреті жетіспейді (мәселе балада) деп сенеді. Релятивистер өзара әрекеттену үшін бала-педагог (және бала-бала) жағдайы, сондай-ақ осы өзара әрекеттестікті құру әрбір баланы (мәселе ұйымдық сипатта және өзара әрекеттенумен байланысты) тәрбиелеу және дамытудың кешенді тәсілдемесінің міндеттеріне сәйкес келмейді деп санайды.

Осыған сәйкес бұл екі пікір өкілдері мәселені шешу үшін де әр түрлі

стратегияларды қолданады. Эссенциалистердің стратегиясы – баланың тәртібі мен жеке басын өзгерту, егер бұл өте қиын болса, онда оны оқшаулау керек. Қатал ережелерді ендіру; балаға аңғарым қойып, баланы арнайы мекемеге немесе арнайы топқа ауыстыру үшін оны бақылауды ұйымдастыру.

Релятивистердің стратегиясы – рефлексивтік педагогика және басшымен жағдайды жақсарту туралы келіссөз жүргізу, мысалы, педагог пен балалардың сандық арақатынасын қайтадан қарастыру. Өзара әрекеттестіктегі өзінің үлесін сынай бағалу, мысалы, әлдеуметтік кеңістіктің қалай құрылғаны туралы, мекемедегі бала деген не екенін ойлау; үдерістің барлық қатысушыларына күтілімнің және оларға қойылатын талаптардың қандай екені туралы жеткізу; өктемшілдік стилі мен айыптаудан қашқақтау; қаржыны қысқартудың және балалардың «нормалау» өлшемін қанағаттандыруын талап ететін саясаттың жағымсыз әсері туралы лауазымды тұлғаларға хабарлау.

Әрбір балабақшада екі пікір де болуы мүмкін, бірақ олардың арақатынасы әр түрлі болады. Дискурсивті алаңды талдау білім беру органдарының инклюзия жағдайындағы жұмысты жетілдіру талпынысының тәжірибе жұмысында емес, идеологиялық тұрғыда табыстылығын көрсетеді. Авторлардың пікірлері бойынша, бұндай жағдайдың себебінің біреуіне педагогикалық тәжірибе жұмысының өзгеруінің қиындығы жатады деп түсіндіріледі. Егер теория мен тәжірибені «оқытудың қос кезеңі» деп қарастырса, онда іргелі өзгерістер мүмкін болады, онда қателер анықталып, түзетіліп қана қоймайды, сонымен бірге қабылданған тәжірибенің негізіндегі құндылықтарға, нормаларға, ережелер мен міндеттерге де күмән туады. Бұл шынайылық ретінде қабылданатын идеологияны қайтадан ойластыру үшін уақыт пен жағымды мүмкіндіктерді талап етеді. Бұл үшін қазіргі кездегі жағдай жағымсыз: экономикалық ресурстарды шектеу персоналдардың үнемі қысқаруын білдіреді. Экономикалық қиындықтармен бірге, есеп беруге деген талаптар да жоғарылайды. Бұның бәрі «инклюзивтік» балалар мекемелеріндегі жағдайдың қарама-қайшылығымен және эссенциалистік көзқарастың басым болуымен түсіндіріледі. Дискурсиялық алаңда инклюзияның құндылықтары байқалғанына қарамастан, оларды өмірде жүзеге асыру үшін идеологиялық әсер түріндегі қолдау, қос кезеңдік оқуды жүргізуге деген мүмкіндіктің берілуін талап етеді.

Австралияны. Бұл елде бала жалпы мектепте білім алғанда, инклюзивтік оқыту үрдісі басым болады. Сондай-ақ Австралияның үкіметі инклюзивтік білім беру аясындағы бағдарламаларды жүзеге асыруда және мүмкіндіктері шектеулі балаларды қолдауда, көп елдерден озық тұрады.

1988 жылдан бастап, бірқатар авторлардың зерттеулерінде Австралиядағы білім беру жүйесі қымбат және шығынды, бұл интеграциялаудың тиімділігінің жолындағы кедергілердің бірі болып табылады. Басқа автор инклюзивтік бағдарламалар өте қымбат, алайда мектептердің бұл ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндіктері бар деп ескертеді. Мүмкіндіктері және ерекшеліктері әр түрлі балаларды мектепте оқыту үшін қосымша қаржыландырудың қажеттілігі бұрыннан талқылануда.

Мұғалімдерді және олардың инклюзивтік сыныптардағы балалардың сан алуан түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілеттерін дайындау тақырыбы

Австралиядағы инклюзивтік білім берудегі негізгі мәселелердің біреуі болып табылады. Graham L. және т.б. жүргізген зерттеулерде Викториядағы орта білім мектептерінің мұғалімдері өз бойларынан мүмкіндіктері әр түрлі оқушыларға арналған оқу жоспарын түрлендіруді жүзеге асыру үшін талап етілетін дағдылардың жетіспеушілігін байқады, бұл салада арнайы дайындықтың өте қажеттілігі туралы хабарлады.

Австралия ғалымдары инклюзия тәжірибесін зерттей отырып, мұғалімдердің басым бөлігіне бастауыштан орта мектепке өткен кезде арнайы немесе қосымша білімнің және кіріктірілген оқушыларға арналған оқу жоспарын түрлендіруді жүзеге асыру үшін мамандардың қолдауының қажеттілігін атап көрсетті.

Мұғалімдерді дайындауда олардың мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты жағымды қарым-қатынастарын қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінуге тиісті. Бұл балаларға қатысты позитивтік көзқарас инклюзивтік бағдарламаларды жүзеге асырудың негізі болып табылады; бұндай қарым-қатынасқа мұғалімдерді оқыту арқылы қолдау көрсетіліп, олардың осы санаттағы балалармен өзара әрекеттену тәжірибесі арқылы алынуы мүмкін және тиісті де. Зерттеу жұмыстарында Батыс Австралия мұғалімдерінде анықталған негативтік қатынас баланың даму бұзылысының ауырлық деңгейіне қарай арта түсетіні дәлелденген. Бұндай жағымсыз қатынас осындай балалармен өзара әрекеттену тәжірибесінің пайда болуымен және мұғалімді ары қарай дайындаумен азая түседі.

Ғалымдардың соңғы зерттеулері соңғы 15 жылда түзету мектептерінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың санының біршама артқанын анықтады. Балада мінез-құлықтық девиация болған және оны оқыту кешенді қолдауды қажет еткен жағдайда инклюзиямен ерекше қиындықтар туындайды. Авторлар сегрегацияның өсуі екінші сатыдағы (7-12 сыныптар) мектепке тән екенін көрсеткенімен, бастауыш мектеп директорларының ассоциациясы өздерінің есептерінде осыған қатысты бірінші сатылық (1-6 сыныптар) мектепке арналған жаңа ережелердің жиынтығын әзірлеуге шақырады.

Осы есептердің әрқайсысында қиындықтар мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды білім беру үдерісіне қосудың теориясы мен тәжіриесіне байланысты талаптардың жоғары деңгейімен және директорлардың сөздеріне қарай «көп ресурстарды соруымен» түсіндіріледі. Инклюзивтік білім беруге қатысты НЮУ штатында неге осындай мәселелердің туындайтынын жақсы түсінуі үшін авторлар осы мәселеге қатысты директорлардың көзқарастарын зерттеуден бастады.

Австралиялық мамандар 13 мектеп директорынан алған сұбхаттарын талдау нәтижелерін көрсетті. Мемлекеттік бастауыш мектептерінде мектеп жасындағы балалардың 2\3 оқиды. Олардың 6,7%-ының дамуында бұзылыстары бар, қолдау туралы ережелер қамтитын аңғарымдары бар оқушылар. Білім беру жүйесі қиындықтардың деңгейлеріне қарай олар үшін келесі мүмкіндіктерді қарастырады: оқу мерзімі бойы жалпы білім беру мектебінің әдеттегі сыныптарында оқу, сол мектептің «қолдау көрсетілетін» сыныптарында оқу, түзету мектебінде оқу.

Авторлар әр түрлі мектептердегі жағдайларды қарастыра отырып, мектеп

директорының көзқарасымен және мектептік орта жағдайының жиынтығымен, ал бұл білім беру органдарының мектептік үлгерімге қоятын талаптары және ресурстарды бөлудің жүйесі бар, оқушылардың құрамы, оқыту үдерісі мен инклюзивтік қауымдастықты құруға персоналдар мен ата-аналарды тарту деңгейімен анықталатын инклюзияның шынайы жағдайда өтіп жатқаны туралы айтады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалармен байланысты мәселелер барлық ұйымдарда, мектептерде кездескенімен, тұрмысы нашар аудандардағы «ерекше қажеттіліктер» көрінісі өте күрделі. Ол жанұялардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесімен, олардың этникалық және тіліне қатысты анықталады.

Авторлар нақты мысалдарды сипаттаумен ғана шектелмейді, олар инклюзияның тұжырымдамалық мән-маңызының мәселелерін де қарастырады. Олар қолжетімділік ұғымын: қолжетімділік өлшемі және қолжетімділік жағдайы деп екі жасаушыға бөледі. Олар ендірген түсініктерін түсіндіру үшін қарапайым мысал келтіреді. Егер балаға жоғары сөреден кітап алу қажет болса, оның қолжетімділігінің өлшемдеріне оның бойы, қол жеткізе алуы немесе биікке секіре алуы жатады. Сонымен бірге орындықтың болуы да қолжетімділікке жатады. Сонымен, инклюзивтік сыныпта оқу үшін оның қолжетімділік өлшеміне оның қабілеттілігінің деңгейі жатса, басқа қолжетімділіктің түріне (орындыққа) түрлендірілген бағдарлама, бейімделген оқу ортасы және т.б. жатады [53, 67-69].

Хорватия Республикасының заңнамасы мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды жалпы білім беру мектептеріне интраграциялау үдерісін дамытуға көмектеседі. Инклюзивтік білім беру мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды ғана емес, сонымен бірге білім алуда әр түрлі қажеттіліктері бар оқушыларды: әр түрле сенсорлық, қимыл-қозғалыстық, коммуникативтік қажеттіліктері бар, этникалық, мәдени тұрғыда әр түрлі, діні, нәсілі бойынша және басқа топ балаларын да кіріктіруді білдіреді.

Хорват мамандарының пікірі бойынша инклюзияның сипатының ерекшелігіне мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың арнайы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жауапкершілік қоғамға емес, жергілікті қауымға жүктеледі, себебі жергілікті қауым әрбір жеке тұлға өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, сондай-ақ өзінің толық дамуын ала алатын орта болып табылады. Хорватиядағы дамып келе жатқан инклюзивтік білім берудің басты идеясы осымен тұжырымдаланады.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім беруге қатысты заңнамалық нормалар Хорватияның конституциясында (1990 ж.), Бастуыш білім беру туралы заңында (№ 59/91, 27/93, 7/96), Білім беру министрлігінің даму мәселелері бар балаларды міндетті түрде педагогикалық тексеру нұсқаулығында (Білім беру және мәдениет журналы, № 2/93), Даму мәселелері бар оқушыларға бастауыш білім беру туралы қаулысында (№ 23/91), Бастауыш мектепке қабылдау туралы қаулысында (№ 13/91), Орта білім беру туралы заңында (№ 19/92, 26/93, 27/93 және 50/95), Оқуда қиындықтары бар оқушыларға орта білім беру туралы қаулысында (№ 86/92), Дамуында үлкен қиындықтары бар оқушыларға білім беруге арналған оқу жоспары мен бағдарламаларда (Білім беру және спорт журналы, № 4/96),

Білім беру және спорт министрліктерінің бастауыш және орта мектептердегі даму мәселелері бар балаларға арналған тексеру және емтихан өткізу бойынша нұсқаулықтарында (Білім беру және спорт журналы, № 4/96) өздерінің көріністерін тапты.

Мектепке дейінгі тәрбие 6 айдан 6-7 жасқа дейін жүзеге асады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды балабақшаға қабылдау үшін жеңілдіктер берілген. Хорватияда интеграцияның бірнеше үлгісі бар, мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпы балабақшаларға немесе кейбір сабақтар жалпы топта жүргізілетін арнайы топқа бара алады. Жалпы балабақшада білім беру әдеттегі бағдарлама немесе қосымша оңалту бағдарламасы бар бейімделген немесе арнайы бағдарлама бойынша жүреді. Қосымша білім беру қызметтерін мемлекет төлейді (сомасы баланың балабақшада болған уақытына байланысты болады). Күніне 4, 6, 10 сағатқа есептелген тәрбиелеу бағдарламалары болады. Ата-аналар әдетте төрт сағаттық бағдарламаны таңдайды, себебі ондай жағдайда мүгедектігі бар бала қосымша зейнетақы алады, егер бала балабақшаға күніне 4 сағаттан артық барса, онда жанұя бұл қаржылық қолдаудан айырылады.

Бала бастауыш сыныпқа барар алдында, дәрігерден, психологтан, арнайы білім беру және жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерінен құралатын комиссия оның психикалық дамуын бағалайды. Комиссияның бағлау негізінде балаға оның мүмкіндігіне сәйкес бағдарлама бойынша оқыту ұсынылады (жалпы білім беру, бейімделген немесе арнайы) немесе мектеп әзірлеген бағдарлама бойынша сыналатын оқыту үдерісінде жүретін педагогикалық тереңдетілген тексеру тағайындалады. Тексеру бағдарламасы баланың оқу бағдарламасын меңгеру мүмкіндігін анықтауды, баланы қолдау үшін қажетті оқу жұмысын ұйымдастырудың тәсілі мен құралдарын таңдауды, мұғалімнің ата-аналармен ынтымақтастық түрін және бақылау кезеңінің ұзақтығын анықтауды жүзеге асырады. Заңға сәйкес тексерудің ұзақтық мезімі 3 ай, одан кейін оқыту бағдарламасының түрі анықталады.

Оқушының даму бұзылыстарының күрделілігіне қарай мектеп білім беру интеграциясының әр түрлі үлгілерін: толық немесе жартылай (Даму мәселелері бар оқушыларға бастауыш білім беру туралы қаулысы, 1991 ж.) ұсынады. Нормативтік құжаттарда міндетті білім берудегі басымдылық толық интеграциялауға берілуге тиістілігі аталып көрсетілген.

Толық интеграциялау үлгісінде мүмкіндіктері шектеулі балалар әдеттегі сыныптарға қосылады. Әдеттегі сыныптың оқушыларының саны 25 адамнан аспаған жағдайда, сыныпқа мүмкіндігі шектеулі оқушылардың үшеуін ғана қосуға рұқсат етіледі. Интеграциялаудың аталған үлгісіндегі мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпы немесе бейімделген бағдарламалар бойынша оқытылады. Бейімделген бағдарлама оқушының даму мен шектелу ерекшеліктерін есеп ала отырып, жалпы білім беру жоспарының негізінде құрылады. Ол көлемі ықшамдалған, аса күрделі емес оқу материалдарын қамтиды, сондай-ақ оқытудың сәйкес келетін бейімделген әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануды білдіреді. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған жеке оқу жоспарын мұғалім арнайы білім беру мұғалімімен бірлесе отырып құрайды. Дефектолог мамандардың қосымша көмегі жеке тәсіл немесе арнайы білім беру жұмысымен, сондай-ақ оқушыны оңалту бойынша

(арнайы түзете дамыту сабақтары) арнайы сабақтар үдерісінде жүзеге асырылатын білім берудің толық интеграциясын қолдауға мүмкіндік береді.

Егер бала жалпы бағдарламаны меңгере алмаса, онда оған негізгі пәндерді бейімделген бағдарламалар бойынша арнайы сыныпта, ал сурет салу, музыка, дене шынықтыру сабақтарын жалпы бағдарламалар бойынша әдеттегі сыныпта жүргізілетін жартылай интеграциялау үлгісі ұсынылады.

Даму бұзылыстары айқын байқалатын балаларға да толық және жартылай қосылу үлгілерін ұсынады. Соңғысы инклюзивтік білім берудің әр түрлі үлгілеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін. Жартылай қосылудың мүмкін болатын үлгілерінің бірі ретінде пән сабақтарының бір бөлігі әдеттегі сыныпта, ал басқа бөліктері арнайы сыныптарда оқытылатын жалпы білім беру мектебінде оқыту ұсынылады.

Басқа үлгі жалпы білім беру мектебі жағдайындағы арнайы сыныпта (бұндай сыныптар 6-10 оқушыдан құралады) оқыту ұсынылады, ал сабақтан тыс уақытындағы әрекеттері әдеттегі сынып оқушыларымен бірге ұйымдастырылады. Үшінші үлгі бойынша жалпы білім беру мектептеріндегі ұзартылған мектептік сағаттармен ұйымдастырылған оқу үдерісі 5-10 оқушыдан құралатын арнайы топтарда (сыныптарда) жүргізіледі.

Оқушыларға қандай да бір мүмкіндік туған жағдайда оқытудың бір үлгісінен басқасына еркін көшу мүмкіндігі берілген. Ақыл-ойы дамымаған оқушылар, аутист балалар, даму бұзылыстары күрделі балалар мектепте 21 жасқа дейін оқи алады. Бұл балаларға қатысты қатал оқу жоспары, оқу бағдарламасы нормаланған сыныптар болмайды. Олар үшін балалардың жеке мүмкіндіктері есепке алынған бейімделген бағдарламалар құрылады.

Заңға сәйкес оқушылар көлікпен тасымалдаумен және оқушылардың жағдайына сәйкес көмекші персоналдың бөлінуімен қамтамасыз етіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға оқушының дамуындағы ауытқушылықтардың зардабын төмендетуге арналған қосымша білім беру және немесе оналту жұмыстарын қамтитын арнайы көмек ұсынылады.

Сонымен, заңнама мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім беру үдерісінің әр түрлі мүмкіндіктері мен ұйымдастыру түрлерін ұсынады, бұл әрбір оқушыға өзінің қабілетіне сәйкес және оны дамытуға ынталандыратын білім беру үлгісін табуға және ашық әлеуметтік қоғамда көмір сүруге дайындауға мүмкіндік береді.

Хорватияда орта білім міндетті болып табылмайды, сондай-ақ бұл мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға да қатысты болады. Конституцияға (1990) сәйкес орта білім жоғары білім сияқты оқушылардың қабілеттеріне сәйкес барлық оқушылар үшін тең жағдайда қолжетімді. Оқушылар орта білім ұйымдарына орта мектептің бірінші сыныбына кандидаттарды таңдау Білім беру министрлігінің жыл сайынғы Орта білім беру туралы заңының негізіндегі өлшемге сәйкес қабылданады. Бұл Заңда мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды тікелей (яғни түсу етихандарынсыз, ата-анасының өтініші бойынша) қабылдау туралы да айтылған. Тікелей қабылдау туралы шешім (оқушыны мектепке қабылдаудағы) Аймақтық білім беру департаментінің, әлеуметтік қызметтердің, оқытуды ұсынған басқа да құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Хорватиядағы білім беру жүйесі Винко Бек (көру қабілетінің

бұзылыстары бар тұлғаларға арналған), Голяк (тірек-қимыл аппараттарының бұзылыстары бар тұлғаларға арналған), СУВАГ (есту қабілетінің бұзылыстары бар тұлғаларға арналған) сияқты орталықтардың болуымен ерекшеленеді. Бұл орталықтардың мамандары үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ жалпы білім беру мұғалімдеріне кеңес береді, балалармен арнайы сабақтар жүргізеді. Даму бұзылыстары ауыр оқушылар аталған орталықтарда білім алады.

Сонымен бірге, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды жалпы білім беру үдерісіне қосуға қатысты барлық мәселелер шешімін тапты деп айтуға болмайды. Хорватияда арнайы білім беру ұйымдарының әлеуеттері пайдаланылатынын айтып өту керек, бұл ұйымдар ресурстық орталықтар мәртебесін алған және мүмкіндіктері шектеулі интеграцияланған балаларды қолдау, кадрларды дайындау, инклюзивтік білім беруді әдіснамалық қамтамасыз етуді құру бойынша үлкен жұмыстар жүргізеді [70].

Белоруссиядағы адам мен қоғамның дамуы үшін жағдай тудыратын әлеуметтік жүйені білім берудің жаңа құндылығы деп қабылдау интеграциялау үдерісін дамытуға үлкен үлесін тигізді. Арнайы білім беру мекемелері мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ғана жүзеге асырмайды, сонымен бірге, олар осы санаттағы тұлғаларды толық әлеуметтендіру мен қоғамға интеграциялауға бағытталған. Интеграция елдегі арнайы білім беруді дамытудың жетекші бағытына айналуға.

Белорусь Республикасындағы «Бала құқығы туралы» заңда қабылданатын әрекеттердің негізгі бағыттары белгіленген: мемлекет мүгедек балаларға, ақыл- ойы дамымаған немесе дене бітімінде даму бұзылыстары бар балаларға арнайы

медициналық, дефектологиялық және психологиялық ақысыз көмекке, ата- аналарға оқу мекемесін, негізгі және кәсіптік білім беруді таңдау мүмкіндігіне, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес жұмысқа орналастыруға, әлеуметтік оңалтуға, олардың жарамдығын қамтамасыз ететін жағдайдағы толық құнды өмірге, қоғам өміріне белсенді қатысуға көмек көрсетуге кепілдік береді.

1995 жылы «Психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларды интеграциялық оқыту туралы уақытша ережелер» қабылдануымен оларды әдеттегі балалармен бірге оқытуға және оларды оқшаулауды жеңуге арналған бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін дайындықтар жасалды. Бұл міндеттерді табысты шешу үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің барлығы екінші, дефектологиялық білім алуға тиісті.

Белоруссияда мектеп жасындағы балаларды оқытудың кіріктірілген үш түрі (үлгісі) анықталды және мемлекеттік қолдау көрсетілді:

1. Жалпы білім беру жанындағы арнайы сыныптар. Оларда психофизикалық дамуында әр түрлі ауытқушылықтары бар балалар оқиды. Оқытуды ұйымдастырудың бұл түрі сыныптан тыс жұмысты арнайы мектеп (мектеп-интернат) жағдайына қарағанда, интеграциялық кең көлемде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. Интеграциялық оқыту сыныптары. Сыныпта даму бұзылыстары бір текті балалар оқи алады. Арнайы сыныптарды және интеграциялық оқыту

сыныптарын құру үшін мектептегі түзете дамыта оқу үдерісін ұйымдастыру және жағымды түзіммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білікті мамандар, қажетті жағдайлар мен құрал-жабдықтардың болуын талап етеді.

3. Оқыту түріндегі арнайы ұйымдастырылған түзете педагогикалық сабақтандыру. Бұл түр шағын мектептерде оқитын, психофизикалық ерекшеліктері бар балаларға және оқуда үлгерімі нашар және тұрақты атқарымдық өзгерістерді білдіретін ұзақ аурудан кейінгі уақытша көмекті қажет ететін балаларға арналған. Түзете педагогикалық көмектің мазмұны мен көлемі оқушының жеке қажеттіліктеріне тәуелді болады. Көмек жүйелі, тұрақты немесе ұзақ уақытқа емес, дүркін-дүркін көрсетілетін түрде болуы мүмкін. Дефектолог мұғалім баламен баланың қабілетін дамытуға және ондағы бар даму ауытқушылықтарын түзетуге бағытталған жеке бағдарлама бойынша сабақ жүргізеді. Өтем қабілеттерін дамыту – мүмкіндігі шектеулі баланы заманауи қоғам өміріне бейімдеудің міндетті талабы болып табылады.

Белоруссия мамандарының бақылаулары бойынша білім беру интеграциясының табыстылығы оқу-тәрбиелеу үдерісінің әлеуметтік бағыттылығының дұрыс ұйымдастырылуына, баланың психофизикалық бұзылыстарының түрі мен айқындығының есепке алынуына тәуелді болады.

Белоруссияда заманауи жағдайда білім беру интеграциясының табыстылығын және арнайы мектептердің қатар өмір сүруінің қажеттілігін мойындайды. Арнайы білім беру жүйесінің икемділігі мүмкіндіктері шектеулі балалардың сан алуан түрлі мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, арнайы және жалпы білім беруді байланыстыратын, сәйкес білім беру қызметтерімен қамтамасыз ететін, даму бұзылыстарын түзететін және мектеп бітірушілерді қоғамға табысты

кіріктіретін интеграциялау жүйесі көлеміндегі әлеуметтік оқытуды күшейтуді ұсынады .

Соңғы жылдары Молдова Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивтік білім беру үгілерін алға жылжыту мақсатында көптеген қадамдар жасалды. Инклюзиялық тәжірибе азаматтық қоғам, сондай-ақ кейбір педагогикалық кадрлар, еріктілер мен ата-аналардың жағынан көрсетілген құлышыныстың арқасында бірқатар табыстарға жетті.

Осыған байланысты Молдова Республикасының үкіметінің Молдова Республикасында инклюзивтік білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдауы мемлекеттік органдардың инклюзивтік білім беруді ұлттық және жергілікті деңгейде дамытуды қамтамасыз етуге қатысты жауапкершілік алуын білдіреді.

Осы бағдарламаға сәйкес инклюзивтік білім беру кооперацияға, серіктестікке, әлеуметтік білім беруге және жеке тұлғалық қатынастарға назар аударылатын жаңа бағытты білдіреді. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері және түрлері, қандай да бір әр түрлі себептерге байланысты шеттетілген немесе білім беру бағдарламасы мен оны жүзеге асыруға қосу үдерісінен шығып қалған балалардың, жастардың және ересектердің құқықтарын сақтауға қатысты ұлттық саясаттың ережелері

қарастырылды.

Инклюзивтік білім беру балалардың сан алуан түрлі мінездемесіне және оларға сәйкес білім беру қажеттіліктеріне жауап беруге және жалпы білім беру жүйесінің аясындағы интеграциялау негізінде балалармен жастарға сапалы білім беру үшін білім беру жүйесін үздіксіз өзгерту мен бейімдеуді қарастырады.

Инклюзивтік білім берудің нормативтік базасы Keystone Moldova әзірлеген, Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру әдіснамасына сәйкес дамыған.

Keystone Moldova әдіснамасы инклюзивтік білім беруді ендірудің келесі кезеңдерін ұсынады:

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жіктеу;
- Мектепішілік көп бейінді комиссия құру және жанұялық білім беру ортасын бағалау, бастапқы бағалау және кешенді бағалау, ЖДБ әзірлеу;
- инклюзия үдерісінде балалар мен жанұяларға көмек көрсету;
- инклюзиялық ортаны әрбір мектептен педагогикалық кадрларды, көмекші педагогтарды, көп бейінді комиссияның мүшелері мен орталықтардың үйлестірушілерін оқыту; ата-аналардың, сыныптастары мен қоғам мүшелерінің назарын аудару арқылы дамыту;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруді мониторингілеу мен бағалау.

Әдіснаманың ережелеріне сәйкес Инклюзивтік білім беру мекемелерінің қызмет істеу стандарттары мен типтік ережелері әзірленді.

Ереже бойынша білім беру, мониторингілеу және бағалау және т.б. ақпараттандыру, құжаттандыру, сабақтандыру, білім беру бойынша жекелендірілген жоспарларды жобалау және әзірлеу бойынша арнайы қызмет көрсететін, мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім алудағы қолжетімділікпен қамтамасыз ететін әрекеттердің институционалдық ортасы болып табылатын Мектепішілік көп бейінді комиссия инклюзивтік білім беруді ендіруде үлкен рөл атқарады.

Сондай-ақ инклюзивтік білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру және әлеуметтік инклюзияда қолдау бойынша қызметтерді көрсететін білім беру қызметтері (көмекші педагог, психолог, педагог және т.б.) әрекет етеді.

Ережелерге сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру үдерісі көмекші педагогтың қолдауымен жүзеге асырылады. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылар Мектепішілік көп бейінді комиссия әзірлеген және бекіткен қысқартылған бағдарлама бойынша оқи алады.

Инклюзивтік жалпы білім беру мекемесінің қызмет істеу стандарттары инклюзивтік білім беруді ендіру бойынша нормативтік негізді құрудағы маңызды құжаттардың бірі болып табылады. Стандарттар Молдова Республикасының инклюзивтік жалпы білім беру мекемелері үшін міндетті норма болып табылады, олардың қолданылуы инклюзивтік білім беру үдерісінің ең төменгі міндетті сапа деңгейімен қамтамасыз етуге кепілдік береді.

Стандарттың инклюзивтік жалпы білім беру мекемелерінің қызмет істеуін анықтайтын жеті көрсеткіші бар, олар: инклюзия; тиімділік; ден

саулық; қауіпсіздік пен қорғау; қаржылық қаражаттар; адамдық ресурстар; дене ресурстары; мектеп пен қауымдастықтың арасындағы қатынас.

Әрбір стандартқа инклюзивтік жалпы білім беру мекемелерінің белгілі бір сипаттамасына қол жеткізуге бағытталған нақты сапалы көрсеткіштер сәйкес келеді.

Стандарттар мектептік мекемеге инклюзивтік білім беруді дамыту жолын көрсететін, барлығын қамти алатын ресурс болы табылады. Сонымен бірге, мектептің пікірі бойынша жалпы бастауыш және орта білім беру мекемелері үшін баланың жеке ерекшелігін (жобалау кезеңінде) есепке алатын, жақын арада әзірленген сапа стандарты белгілі бір салалар мен белгілер бойынша тәжірибеде жүзеге асатын Білім беру инклюзиясының көрсеткіші болып табылады.

Стандарттардың рөлі:

- қызмет істеуді қамтамасыз ету мақсатында жалпы құқықтық негізді белгілеу;

- инклюзивтік жалпы білім беру мекемелері;

- инклюзивтік жалпы білім беру мекемелерінің өз нәтижелерін тәуелсіз анықтаудағы өзін-өзі бағалау үдерісінде бағдарлауы және берілген нәтижелерді жақсартуға тиісті салаларды анықтауы;

- өздік бағалау туралы институционалдық есептері құрастыруға арналған негізді ұсыну;

- оларды сыртқы бағалау үшін негіз ретінде пайдалану .

Украинадағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялауға көмектесу бойынша шаралар Украина президентінің «Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіптік оңалту және жұмыспен қамтудың ұлттық бағдарламасы туралы»қаулысымен қарастырылған. Украинаның Білім беру министрлігі Арнайы білім берудің мемлекеттік стандартын, «Украинадағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға жақын жылдар ішінде және келешекте арнайы білім беру» және «Дене бітімі мен ақыл-ой даму бұзылыстары бар балаларды оңалту» тұжырымдамаларын бекітті, арнайы бастауыш білім беру стандартын жасау жұмысы аяқталды. Бұл мәселелерді шешудегі экономикалық саясат мекемелердегі арнайы білім беруді қаржыландырумен қамтамасыз етуге емес, бір оқушыны инклюзия жағдайында оқытумен (қосуға) байланысты кеткен шығындарға бағытталған, сонымен бірге, бұл жерде оқыту түрін, білім беру деңгейі мен ауқымын ата-аналардың өздері таңдайды.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепте оқыту курсының мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі анықталған арнайы оқу жоспарымен жүзеге асырылады. Оқу жоспарының инварианттық бөлігінде білім беру және түзету блоктары ерекшеленген, ал вариативтік бөлігінде оқушылардың танымдық қажеттіліктерн есепке ала отырып, дайындауды жүзеге асыратын, қандай да бір мекеме қызметінің ерекшелігі көрініс табады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған сабақтар, жеке және шағын топтық түзету сабақтары, таңдау бойынша сабақтар жүргізіледі. Мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін барлық жағдайлар құрылады.

Біріктірілген және инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру

аясында «Украинадағы арнайы білім беру туралы» заң жобасы әзірленген. Мектепке дейінгі және мектептік білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балалар біріктірілген (психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсетілетін дамуында ауытқушылықтары бар балаларға арналған арнайы сыныптар), сондай-ақ инклюзивтік (психофизикалық даму бұзылыстары бар балаларды мұғаліммен және дефектологиялық білімі бар және түзету технологияларын меңгерген көмекші ассистентпен бірге бір сыныпта) білім беру түрлері жүзеге асырылады. Инклюзивтік білім беру сыныптарындағы оқушылар санын келешекте азайту ұсынылады.

2009 жылы Украинада мүгедектілік мәселелерге қатысты қоғамдағы көзқарасты түбегейлі өзгертуге шақырған, әдеттегі балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларды бірге оқытудың «Украинадағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған инклюзивтік білім беру» бірінші жобасы басталды. 2010 жылы Инклюзивтік білім беруді дамыту тұжырымдамасы бекітілді.

Соңғы жылдары елде қалыпты дамыған балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларды бірге оқытудың үлгісі қалыптасуда, бірақ бұл үдерісті реттейтін заңнамалық негіздің жоқтығы, инклюзивтік білім берудің дамуындағы негізгі кедергілердің бірі болып табылады [75, 76].

Қазіргі кезде Ресейде білім беру саласындағы әлеуметтік саясат үлкен өзгерістерге ұшырап, қайта құрылуда, бұл жағдай мүгедек балалардың инклюзивтік оқуының қалыптасуы мен даму үдерісінде қарама-қайшылықты тудырып, үлкен әсер етеді. Бір жағынан өзгерістегі идеологиялық және әлеуметтік мәдени жағдайлар әлеуметтік аздық топ өкілдерін кемсітушілікпен олардың құқығына нұқсан келтіруге қарсы тұратын заңдарды қабылдауды және ізгілікті бастаулардың пайда болуын ынталандырады. Ал басқа жағынан алғанда, қолайсыз экономикалық жағдайлар, заманауи ресейлік қоғамның стратификациялық құрылымы әлеуметтік аздық топтарға, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты шектеуліктер мен теңсіздіктерді күшейте түседі.

Инклюзивтік білім беру саласындағы ресейлік зерттеушілер мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялау ерте кезден тұрақты және табысты тәжірибе болған елдердің білім беру саясатында болған әлеуметтік-құқықтық өзгерістердің мәнмәтінін толық зерттеді. Ең алдымен, біріктірілген білім беру либералдық-демократиялық реформалардың және кемсітушілікпен күрестің мәнмәтінін, қоғамдық моральдық жаңа нормалардың және адамдар арасындағы айырмашылықтарды сыйлаудың қалыптасуымен қарастырылады.

Көптеген зерттеушілер Ресейде ұзақ уақыт «стихиялық» немесе оны кейде «амалсыз» интеграция деп аталатын тәжірибе өмір сүретіні туралы айтады. Оның пайда болуына әдеттегідей түзете білім беру мекемелерінің болмауы немесе оның баланың тұрып жатқан жерінен алыс орналасуы, диагностикалаудың дұрыс жүргізілмеуі немесе оның мүлдем болмауы, ата-анасының баласын арнайы мектепте оқытқысы келмеуі және елдегі демографиялық дағдарыс жағдайында кез келген оқушының қабылдауға деген жалпы білім беру мектебінің мүддесі себепші болады. Бұл ең алдымен

аздаған сенсорлық бұзылыстары немесе психикалық дамуының тежелуі жеңіл деңгейдегі оқушыларға қатысты болады. Біріктірілген білім беру институтын дамыту ісі қазіргі кезде Ресейде мәселелер мен қарама-қайшылыққа толы, оларды шешу үшін кешенді түрдегі арнайы шаралар қажет болады.

Академик Н.Н. Малофеевтың пікірінше: «... тиімді біріктірілген оқытуды ұйымдастру үшін, міндетті түрде педагогикалық кадрлардың арнайы дайындығы қажет». Оның мақсаты жалпы мектептер мен балабақшалардың педагогтарын арнайы психология мен түзету педагогикасының негіздеріне оқыту, оларға әдеттегідей емес балаға жеке тәсілдеме құруға мүмкіндік беретін арнайы оқыту технологияларын меңгерту. Бұндай дайындық ішінен бірнеше негізгілерін ерекшелеуге болатын өзара байланысқан міндеттерді білдіреді.

Ең бірінші кезекте, жалпы балабақшалар мен мектептердің педагогтарында мүмкіндігі шектеулі баланың пайда болуына сәйкес қатынасты: ұнатушылықты, қызығушылықты және осы баланы оқытуға деген шын пейілді тудыру.

Екіншіден, мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашу қажет. Бұндай балалардың арнайы ұйымдастырылған қолдау жағдайында өздерінің көптеген құрдастарының даму деңгейіне жетуі, тіпті оларды озуы да мүмкін екенін көрсету және дәлелдеу қажет.

Үшіншіден, мұғалімнің кіріктірілетін баланы ең алдымен бала ретінде қабылдауы оның психикалық дамуын, танымдық әрекетінің ерекшеліктерін, оның әлсіз және күшті жақтарын анық түсінуімен үйлесуге міндетті.

Төртіншіден, ата-аналармен және жақын қоршаған ортасымен өзара әрекеттенуге, ынтымақтастыққа және серіктестікке арнайы үйрету керек.

Ең соңында, педагогтарды мектепке дейінгі және мектептегі интеграциялық оқыту жүйесіндегі баланы түзете қолдаудың нақты әдіс-тәсілдерімен таныстыру қажет».

Бұл міндеттер жалпы түрдегі білім мекемелеріне кіріктірілген есту қабілетінің бұзылыстары бар балалармен жұмысқа жалпы мектепке дейінгі және мектептердің педагогтарын дайындаудың құрылған бағдарламасында жүзеге асырылуда.

Қазіргі кезде Ресейде РБА Түзету педагогикасы институтының жетекші мамандарымен әзірленген Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы федералдық мемлекеттік білім беру стандарты (АФМБС) бекітілген.

АФМБС тұжырымдамалары қарастыратын білім берудің сараланған деңгейлері мен нұсқалары арнайы (түзету) мектептерде, сондай-ақ біріктірілген немесе инклюзивтік жағдайларындағы жалпы білім беру мектептерінде оқитын денсаулығында әр түрлі ауытқушылықтары бар балаларға арналған арнайы стандарттың негізі болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы федералдық мемлекеттік білім беру стандарты қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікті жеңуге бағытталған. Стандарттың орталық идеясы білім беру мүмкіндіктерінің теңдігі мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім беру үдерісін жүзеге асыруға жағымды жағдай тудыру және белгілі бір нәтижелерге жетулері үшін олардың арасындағы ерекшеліктерін есепке алуды білдіреді. Басты мақсат

пен біріктіру нәтижесі бұл жеке тұлғаны білім беру құралдарымен әлеуметтік мәдени дамыту. АФМБС жалпы білім беру стандартының ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Ресейлік зерттеушілердің пікірінше, жергілікті білім беру басқармасы органдарының мысалы, Самара, Поволжье облыстары, біріктірілген білім беру кеңістігін құру туралы шешім қабылдауларына қатысты, осы аймақтық бастамалар жаңа құбылыс болып табылады. Самара облысында ерте араласу орталықтары арқылы даму ауытқушылықтары бар балаларға ерте жастан көмек көрсетуді ұйымдастыру басты рөл атқаратын біріктірілген білім беру туралы ережелерді, сондай-ақ мектептік біріктірілген білім беру кеңістіктерін ұйымдастыруға арналған арнайы нормативтерді әзірледі.

Сонымен бірге, зерттеушілер инклюзивтік білім беру мүмкіндіктері шектеулі балалар қосылған балалардың сыныптық қоғамы мен мұғалімдердің өзара әрекеттену стратегиясын ауыстыру, сондай-ақ жалпы және арнайы білім беру педагогтарының өзара әрекеттену жүйесін құру арқылы макро деңгейде ғана емес, жергілікті қауым, мектептік ұжымдар деңгейінде де өзгерістерді талап етеді. Мүгедек оқушылардың сан алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қажетті талапқа жеке оқу жоспары мен қызметтер континуумының болуы жатады. Бұған көлік, логопедия, аудиология, терапия, қолдау педагогтары мен көмекшілері, мектептік әлеуметтік қызметкер, ата-аналарды сабақтандыру мен дайындау жатады.

Жағдайды талдау нәтижесінде, ресейлік зерттеушілер жалпы және арнайы білім беру мұғалімдерінің кәсіптік өзін-өзі анықтау деңгейінде интеграцияның құндылығын қабылдамайынша инклюзивтік білім берудің ең алдыңғы қатарлы заңнамасын әзірлеу мен қабылдау және қаржыландыру мүмкін болмайды деп тұжырымдады

Білім беру аймағына қатысты Бала құқығы туралы конвенцияны қосқандағы халықаралық құжаттардағы сапалы білім алуға берілген құқықтар адамның әлеуетінің, адамгершіліктік және өзін-өзі сыйлау сезімдерінің және демократиялық қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігінің толық дамуына көмектеседі.

Инклюзивтік білім беру білім берудің жоғарғы стандарттары әрбір балаға қолжетімді болатындай етіп жүзеге асырылуға тиісті. Сондай-ақ инклюзивтік білім беруге қатысты халықаралық құжаттардың қайсысында болмасын білім берудің ұлттық стандарттарын төмендету бойынша ұсыныстар берілмеген. Керісінше, инклюзияның өзі кез келген адамға өзінің әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім берудің жаңа тиімді түрі ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде үлкен дайындық жұмысын жүргізуді және халықаралық тәжірибе жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен салт- дәстүрлердің даму деңгейін есепке алуды білдіреді. Инклюзивтік білім беруді құқық ретінде қарастырғанда, білім берудің мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға кең инклюзиялаудың басты талабы болатынын есте сақтау керек.

Инклюзивтік тәсілдемелерді ендірудің дүниежүзілік тәжірибесін талдау кейбір тұжырымдамаларды жасауға мүмкіндік берді:

Біріншіден, инклюзивтік білім беру идеясы әлемнің көптеген елдері үшін өзекті болып табылады. Инклюзивтік білім берудің шетелдік

тәжірибесін зерттеу барысында осы тақырыпқа арналған зерттеулердің көптігі шетелдік мамандардың инклюзивтік білім беру мәселелеріне үлкен қызығушылық танытқандарын дәлелдейді. Батыстық зерттеулердің бастапқы кезеңдерінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуғағы әлеуметтік теңсіздік фактілері анықталған, ал заманауи зерттеулерде инклюзивтік білім беру идеясын жүзеге асырудың әдіснамалық тәсілдемелерін, үлгілерін, жолдарын және тәсілдерін әзірлеу кең көлемде баяндалған.

Екіншіден, Батыс Еуропа және АҚШ-да мүмкіндіктері шектеулі балаларды бірге оқытуды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдемелері мен ережелері жоқ. Азаматтық қоғамы қалыптасқан, экономикасы дамыған және өмір сүру деңгейлері жоғары мемлекеттердің өздері инклюзивтік білім беру мәселелерін әр түрлі тұрғыда түсінеді және шешеді. Инклюзивтік білім берудің дүниежүзілік тәжірибесінде бірі-біріне біріктірілген оқыту ұйымдарының тәсілдемелеріне, сыныптық қауымдастықтарды қалыптастыру тәсілдеріне, оқыту әдістеріне, білім беру бағдарламаларын түрлендіру тәсілдеріне, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған көмекшілердің болуына және т.б. қатысты үлкен айырмашылықтары бар кіріктірудің көптеген тиімді үлгілері бар.

Үшіншіден, инклюзия идеясын білім беру тәжірибесіне тиімді ендіруге кедергі келтіретін көптеген мәселелер бар. Инклюзивтік білім беру қағидаларын жүзеге асыру теориялық-әдіснамалық бір қатар мәселелерін өзектендірді, бұл инклюзияны түсінудің негізінде жатқан ұғыну аппаратын, әдіснамалық тәсілдемелер мен тұжырымдарды нақтылау. Инклюзияның аксиологиялық аспектілерінің мағңыздылығы ерекшеленеді, себебі олар мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қабылдаудың әлеуметтік-мәдени таптаурындарын жеңу және құндылық жүйесінің «барлығына арналған білім беру» жаңа парадигмасындағы іргелі өзгерістерін білдіреді.

Батыстық зерттеушілер қоғамдағы инклюзивтік үдерістерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін мәселелердің арасында педагогтардың санасының қайта құрылуының төменгі қарқыны, олардың рефлексияға деген консерватизмі мен пікірінен таймауы кездеседі.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ең күрделісі құндылықтың өзгеруі: бұл білім беру философиясының «білім беру білім беру үшіннен» «дамытуға арналған білім беруге» дейін өзгеруі; мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдаудағы әлеуметтік және кәсіптік таптаурынды жеңу; әрқайсысының құндылығы жалпы жетістіктің негізі болып табылатын, өзінің барлық қатысушыларын дамытуға ынталандыратын, теңдік пен қабылдау идеяларын бөлісу. Бұл барлық қауымға және білім беру үдерісіне қатысушыларға тікелей қатысты болады.

Инклюзивтік білім беру үдерісін әр түрлі елдерде ендіру тәжірибесін талдау әлемдегі әлеуметтік және саяси өзгерістер, мәдениеттің, тілдің сан алуандығы, мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының айырмашылығы инклюзивтік білім беруге көшуді күрделендіреді және ұзартады.

Қазіргі кезде, инклюзивтік білім беру біздің қоғам және педагогикалық қауымдастық үшін жаңа бағыт болып табылады, оның қалыптасу үдерісі даму деңгейінде, осыған байланысты инклюзивтік білім беру мәселелерін

ары қарай да зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынас жасау үлгілері Дамуларында ауытқулары бар адамдардың қоғамға кірулері қоғамның бұл адамдарға деген қарым-қатынасына, айналадағылардың мүгедектердің ерекшеліктері мен өмірлері туралы ақпараттануларына байланысты. Тарихи тәжірибе көрсетеді: кез-келген елдің дамудың жаңа жолына аяқ басуы, даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қатысты мемлекеттік саясат қағидаларын қайта қараумен қатар жүреді.

Әдебиеттерге жасалған талдаулар көрсеткендей, социумның дамуының түрлі сатыларында мүгедектік туралы түрлі ұғымдар қалыптасып отырған: діни, медициналық, әлеуметтік. Осыған сәйкес, түрлі зерттеушілермен даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамдық қарым-қатынас үлгілерінің түрлі жіктеулері ұсынылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, мүгедектіктің түрлі үлгілерін жіктеуде мүгедектер құқығын қорғау саласындағы белсенді қайраткерлер, қазақстандық авторлар А. Е. Думбаев пен Т.В. Попованың [5] ұсынған үлгілері мейлінше нақтылылығымен және кәсібилілігімен ерекшеленеді. Бұл зерттеушілер Е.Р.Ярская-Смирнова мен Э.К. Наберушкина

[6] ұсынған мүгедектіктің тарихи және қазыргы заманғы он екі үлгілерін негізге ала отырып, мүгедектікті келесі түрлерге бөледі:

I Дамулары бұзылған адамдарды оқшаулаудың сан алуан түрлерінің үлгілері бірнеше үлгілерде қарастырылған, олар, дамуларында ауытқулары бар балаларға деген көне замандағы қарым-қатынастарды айтпағанда, "адамсымақ үлгісі", "қоғамға қатер", "аяныш тудырушы", "еріксіз қайырымдылық нысаны" аттарымен белгілі.

II Мүгедектіктің моральдық (діни) үлгісі – тарихи жағынан ең көнесі және қазыргы кезде аз қолданылатыны, мүгедектікті масқара және күнәлары үшін берілген діни жаза деп қарастыру. Сырқаттанушылар толық дамымағандар, назар аударуға тұрмайтындар ретінде қабылданған. Мүгедек адам айналадағылардың бейтарап қарым-қатынастарына да үміттен алмаған, себебі саңыраулық, соқырлық, есінен адасушылық, туа біткен кемтарлық адамға күнәсі үшін берілген жаза деп есептелген. Мүгедектіктің моральдық, діни үлгісі мүгедектікті «күнәсі үшін берілген жаза», жындарға берілу, дуалаудың және жаман карманың (өткен өмірінде жамандық жасаған), салдары деп есептеген немесе, керісінше, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды ерекше қабілеттері бар азап шегушілерге теңеген. Кейінгі көзқарасқа сәйкес, бұндай адамдарды періштелер, делқұлылар, диуаналар, басқа адамдарға бата берушілер деп атаған. Талдау барысында көрсетілгені - мүгедектікті діни үлгіде (күнәсі үшін берілген жаза ретінде) қарастыру мүгедектердің қоғамда оқшаулануларына алып келді және оларда кері әлеуметтік сәйкестіктің қалыптасуына ықпал етті. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бұл үлгі мейлінше ауыр болып табылады, себебі ол әлеуметтік құғын-сүргін мен өзін-өзі жек көрушілік сезімін тудырады. Бүгінде бұл үлгі елдердің шынайы әлеуметтік саясатында қолданылмайды, дегенмен бұл мүгедектікті қабылдаудың қоғамда тараған бір түрі болып қалуына кедергі келтірмейді.

III Мүгедектіктің медициналық үлгісі. Бұл үлгіге сәйкес

психофизикалық және интеллектуалдық ауытқулары бар адам науқас деп саналады. Мүгедектіктің медициналық үлгісі мүгедектікті медициналық феномен ретінде анықтайды («науқас адам», «ауыр жарақаты бар адам», «интеллектуалдық дамуы шектеулі адам» және т.б.). Бұл үлгіге сәйкес, мүгедектік дерт, ауру, патология ретінде қарастырылады. Бұл бұндай адамда ақау бар, ол медициналық көмек көрсетуді және оны емдеу әдістерін анықтауды қажет етеді дегенді білдіреді. Социумда мүгедектікті ауруға теңеу денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың «науқастың» әлеуметтік рөлін меңгерулеріне жағдай жасады, оған ұзақ мерзімді күтім мен ем қажет, ал оларды медициналық мекемелерде жүзеге асырған дұрыс болады. Мүгедектіктің медициналық үлгісі медицинаның әлеуметтік институт ретінде туындауымен қатарлас 18 ғасырда қалыптасты. Мүгедектіктің медициналық үлгісі патологиялық ауытқуларды және ақауларды, демек «жарыместік» терминдеріндегі (Preiffer D.A.) [7] адамдар арасындағы тұлғалық және психикалық ерекшеліктерді қарастырады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды күзіретті емес, өздері үшін жауап бермейтін, жұмыс жасай алмайтын, бақылауды қажет ететін, және қоғам үшін қауыпты болуы мүмкін деп қарастыру, медициналық үлгінің ерекше көзқарасы болып табылды. Бұндай көзқарас мүгедектердің қалыпты әлеуметтік әрекеттерге қатысуларын өздігінен-ақ жоққа шығарады, осыған байланысты ерекше медициналық орталықтар, оқшауланған арнайы интернаттар мен түзету мектептерін құру қажет болады. Сонымен қатар, олар арнайы әлеуметтік жеңілдіктерге, жәрдемақыларға мұқтаж, бұлар әдетте олардың материалдық жағдайының ең төменгі деңгейін ғана қанағаттандыра алады. Бұндай көзқарас мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік деңгейінің төмен болуына ықпал етіп, олардың жалтақтығы мен сенімсіздіктеріне қатысты әлеуметтік таптаурынды күшейтті. (Campbell F.) [8]. Бұл үлгіде мүгедектер әлеуметтік саясаттың субъектілері емес объектілері ретінде қарастырылады. Медициналық үлгі мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен қамқоршыл сипаттағы (демек, қоғамның шектеулі-қорғаушы позициясы) жұмыс жасау әдістемесін анықтайды және емдеуді, еңбекпен емдеуді, адамның күн көрісіне көмектесетін арнайы қызметтер құруды (мысалы, бала интернатта білім алған жағдайда немесе мүгедек адам ұзақ уақыт бойы медициналық мекемеде еріксіз болған жағдайда) білдіреді. Мүгедектері бар адамдар үшін білім алуға, экономикалық өмірге қатысуға, демалуға жол жабық болып табылады. Арнайы білім беру мекемелері, арнайы кәсіпорындар мен санаториялар мүгедек адамдарды қоғамнан оқшаулайды, олардың құқықтары кемсітіледі. Мүгедек балаларға арналған арнайы білім беру орындары да медициналық үлгінің бейнесі болып табылады – әрбір мұқтаж балаға үйден білім беру мүмкіндігі болмағандықтан, білім беру қызметі балаларды өзіне «тартады».

А.Е. Думбаев пен Т.В. Попованың ойларына [5], медициналық үлгіде 3 негізгі нысандарды бөлуге болады: мүгедектіктің классикалық медициналық, оналту және экономикалық үлгілері. Бұл кезде авторлар оларға келесі сипаттамаларды береді:

А) Мүгедектіктің классикалық медициналық үлгісі (немесе «әкімшілік үлгі») патологиялық ауытқулар мен ақаулар, демек «жарыместік»

терминдеріндегі адамдар арасындағы тұлғалық және психикалық ерекшеліктерді қарастырады. Тұлғаның кейбір қызметтерді дендері сау адамдармен қатар атқаруға қабілетсіздігін кемтарлық деп қарайтын функционалдық кемшілік анықтамасы мүгедектіктің классикалық медициналық үлгісінен шығады. Жекелегенде, АҚШ 1975 жылғы «Дамуларында кемшіліктері бар тұлғалардың құқықтары туралы» заңында мүгедектердің функционалдық кемшіліктері адам қызметінің үш немесе одан да көп салаларында байқалуы мүмкін делінген: өзіне күтім жасай алмау, қарым- қатынастағы шектеулер, оқудағы, жүріп-тұрудағы, өзін-өзі бақылаудағы шектеулер, кемтарлығына байланысты экономикалық жалтақтық, тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігінің болмауы және басқалар.

Мүгедектікке байланысты, әлеуметтік мәселелерді қосқандағы, барлық мәселелердің адам ағзасының функционалдық ерекшеліктері терминдерінде сипатталуына мүгедектіктің медициналық үлгісі ықпал етті. Осы үлгіге сәйкес, мүмкіндіктері шектеулі адамның қоғамның толыққанды мүшесі бола алмауы оның бойындағы кемтарлықтың тікелей салдары деп қарастырылды. Медициналық үлгіде мүгедектердің барлық мәселелерін шешу, олардың ағзасындағы «жетіспеушіліктері» үшін бар күшті мүгедектерге деген түрлі өтемақыларға шоғырландыруға сайып келеді. Олар үшін әдейі оқшауланып жасалған арнайы интернаттар мен түзету мектептерінің желілері құрылды. Бұндай көзқарас мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік деңгейінің төмен болуына ықпал етіп, олардың жалтақтығы мен сенімсіздіктеріне қатысты әлеуметтік таптаурынды күшейтті. Мүгедектер әлеуметтік саясаттың субъектісі емес, объектісі ретінде қарастырылды. Медициналық үлгінің идеологиясы заңға, әлеуметтік саясатқа және әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға күні бүгінге дейін белгілі әсерін тигізіп отырғанын атап өту қажет.

Б) Мүгедектіктің оңалту үлгісі (функционалдық шектеу үлгісі). Оңалту үлгісі мүмкіндіктері шектеулі адамның басты мәселесін емдеу мен оңалтуды қажет ететін науқастың бойындағы «қалыпсыз» денесі немесе жүйкесі деп қарайды. Емдеу мен оңалтудың мақсаты – пайда болған функционалдық бұзылуды жою немесе өтеу. Еңбекпен қамту қызыметі және мемлекеттік қызмет сияқты әлеуметтік институттар, ең алдымен дені сау адамдардың қажеттіліктері үшін жасалған деп ойлауға болады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қалыпты жұмыс жасаудың өзі мүлдем қолжетімсіз болып саналды. Қоғам, бұл институттарды барлық адамдардың қажеттіліктеріне қарай бейімдеудің орнына, мүгедектерді арнайы жасалған қатарлас кеңістікке оқшаулай отырып, басқа жолмен жүріп келеді. Бұл қатарлас кеңістіктегі мүмкіндіктері шектеулі адамдар – көбіне жұмыс жасамайтын зейнеткерлер, немесе мүгедектерге арналған ақшасы аз, әрі мәртебесі төмен болып келетін шеттетілген «арнайы» жұмыс орнындағылар. Оңалту үлгісінің түп негізі – мүгедекті социумға бейімдеу, ыңғайландыру, ал социумды мүгедектің мүддесіне қарай өзгерту және оның әлеуметтік дәрежесін көтеру міндеті қарастырылмайды. Мүгедектіктің медициналық және оңалту үлгілерінің араларында ағайындық байланыс барын айта кеткен жөн. Көптеген зерттеушілер, мүгедектіктің медициналық үлгісі туралы айтқанда, бұл екі үлгінің аралас сипаттарын меңзейді.

В) Мүгедектіктің экономикалық үлгісі қоғамның түрлі топтарының арасында табысты қайта бөлуді білдіреді, бұнда әдіснамалық негіз ретінде мүгедектіктің медициналық анықтамасы қабылданады. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар кемтарлар немесе жүйке аурулары барлар ретінде қарастырылатындықтан, олар дендері сау адамдарға қарағанда аз жүктемемен жұмыс жасай алады немесе жұмыс жасауға тіптен қабілетсіз деген қорытынды шығады. Сонымен, бұл «кемтар» тұлғалар нәтижесіз және экономикалық жағынан жарымжан. Олар өздерін қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде қор жасай алмайды және, сондықтан, қоғам үшін масыл болады. Мүгедектіктің экономикалық үлгісінің әсерін әлеуметтік саясаттың ұлттық тұжырымдамаларының келесі мысалдарынан анық байқауға болады - мүгедектікті еңбекке жарамсыздық деп анықталып, мүгедектердің еңбекпен қамтылуларына шектеулер енгізу. Егер мүгедек адам еңбек өнімділігінің ережелерін орындауға қабілетті болса, оның денсаулығында тұрақты ауытқулардың болуына қарамастан, заңды түрде оның мүгедектігін «алып» тастауға болады.

IV. Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі.

70-ші жылдары Скандинавияда "медициналық үлгінің" баламасы ретінде "қалпына келтіру" түсінігі пайда болды. Қалпына келтіру тұжырымдамасы дамуында ерекшеліктері бар бала туралы келешегі кең, жаңа түсінік енгізді және баланы өзі өмір сүретін қоғамда қабылданған мәдени ережелер рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. Бұл түсінік АҚШ мен Канадада қабылданды және бұдан бұрын қоғамнан тыс қалғандардың мәдени өмірлерін қалыптастырудағы катализатор болды. Дамуларында ерекшеліктері бар балалардың дамуы қалыпты қатарларының ортасына кірігу үдерісі осы кезеңмен байланысты. Бұл мәтіндегі бірігу, әдетте, адамнан басым мәдениетке тән ережелерді қабылдап, өз іс-әрекеттерінде сол ережелерді ұстануды талап ететін, үндесу, ұқсау үдерісі ретінде қарастырылды. "Қалпына келтіру" түсінігінің негізінде келесі ережелер жатты: мүмкіндігі шектеулі бала – бұл түрлі қызметтерді игеруге қабілетті, дамып келе жатқан адам. Демек, қоғам бұны мойындауы керек және қалыпты жағдайға мейлінше жақын келетін жағдай жасауы тиісті.

Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісінің одан әрі дамуы мәселені нормативтік құжаттарда көрсетілген аурулар, ауытқулар мен патологиялардың шектеулі тізімдерін қарастыру арқылы емес, әлеуметтік қызмет жасау қабілетінің болуы мен оны жоғалту дәрежесіне қарай жүзеге асырды. Сәйкесінше, мүгедектікке байланысты мәселелерді шешу, ең алдымен функционалдық ауытқулары бар тұлғаларға көмек көрсету, кешенді және арнайы әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер жүйесін құру арқылы жүзеге асыруды білдіреді, Тіршілік әрекетін шектеудің әлеуметтік үлгісі бұл сұраққа әлеуметтік мәселе ретінде және, ең бастысы, жеке тұлғаны қоғамға толық кіріктіру мәселесі ретінде қарайды. Әлеуметтік үлгіге сәйкес тіршілік әрекетін шектеу саяси мағынаға ие болады.

Әлеуметтік үлгінің авторлығы (кейде оны “интерактивті үлгі”, немесе “әрекеттесу үлгісі” деп те атайды) негізінен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өздеріне жатады. 1976 жылы "Дене ақаулары бар адамдардың оқшаулауға қарсы бірлестігі" (UPIAS – Union of the Physically Impaired

Against Segregation) атты ұйымы Пол Хаттың айтқан ойларын одан әрі дамытты. UPIAS мүгедектікке өз анықтамасын берді. Нақты айтқанда: «Мүгедектік – бұл дене ақаулары бар адамдарға аз көңіл бөлетін немесе тіптен көңіл бөлмейтін қазырғы әлеуметтік құрылыммен жасалып отырған белсенділікті шектеу немесе оған кедергі келтіру, және сөйтіп оларды қоғамның негізгі әлеуметтік өмірінен шығарып тастау». Әлеуметтік үлгінің дамуындағы бұл сатыны мүгедектіктің ең алғаш рет қоғамның әлеуметтік құрылымымен мүгедектерге қатысты құрылып отырған шектеулері ретінде сипатталуымен байланыстыруға болады. Бұл үлгі ошағында жеке адамның және оны қоршаған ортаның арасындағы байланыс бар. Басқаша айтқанда, шектеулі мүмкіндіктер мәселесі қоғам ішіндегі әлеуметтік және экономикалық қысым көрудің нәтижесі, сондықтан мүмкіндіктері шектеулі адамдарды, «дұрыс емес» адамдар деп емес, жапа шегушілер деп қарауға болады. [5].

Әлеуметтік үлгінің маңыздылығы сол, ол іс-әрекетке қабілетсіздіктің себептерін қолайсыз архитектуралық ортадан, жетілдірілмеген заңдардан және басқалардан көреді. Әлеуметтік үлгіге сәйкес, мүгедектігі бар адам қоғамдық қатынастардың тең құқықты субъектісі болуы тиіс, қоғам, оның ерекше талаптарын ескере отырып, оған тең құқықтар, тең мүмкіндіктер, тең жауапкершілік пен еркін таңдау беруі керек. Бұл кезде мүгедектігі бар адам дендері сау адамдардың әлеміне икемделуге мәжбүр болмай, қоғамға өзінің жеке талаптарымен кіру мүмкіндігіне ие болуы керек. Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі мүгедектікті жеке тұлға өмірінің қалыпты бір қыры деп анықтай отырып, ақаулардың және физиологиялық айырмашылықтардың болуын жоққа шығармайды және әлеуметтік кемсітуді мүгедектікке байланысты ең басты мәселе деп қарайды. Сонымен, мүгедектікті әлеуметтік теңсіздіктің бір түрі деп қарауға болады. Біздер қарастырып отырған топтаманың авторлары (А.Е. Думбаев және Т.В. Попова [5]) сан алуан әлеуметтік үлгілердің арасынан келесілерді бөлуге болатынын айтады:

А) Материалистік үлгі

Б) Тәуелсіз өмір сүру үлгісі

В) Handicap үлгісі (тұжырымдамасы) Г) Азшылдық тұжырымдамасы

Д) Психоәлеуметтік үлгі

Е) Мүгедектіктің мәдени үлгісі Ж) Адам әртүрлілігінің үлгісі.

Бұл кезде авторлар мүгедектіктің британдық үлгілері деп аталатын түрі мүгедектіктің әлемдік тәжірибесінде кеңінен тарағанын айтады, олар бір-бірінен қоғамдық құрылымның өзгеруі және әлеуметтік қанаудан босау стратегиясына көзқарас сияқты маңызды өлшемдер арқылы айрықшаланды.

А) Британдық материалистік үлгі мүгедектіктің әлеуметтік үлгісін білдіреді, ол К. Маркстің ілімінен шығады, және әдіснамалық негіз ретінде марксистік социология мен марксистік саяси экономиканы қолданды. Мүгедектіктің материалистік үлгісі алғаш рет Ұлыбританияда ашылды және мүгедектердің британдық әлеуметтік қозғалысының «ұлы ойы» аталды. Мүгедектіктің материалистік үлгісінің бірнеше маңызды элементтері бар: ол мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қаналушы әлеуметтік топ деп жариялайды; адамдардың бойларында бар жарақаттарға, және оларға қатысты қанаушылық арасына айырмашылық жасайды; мүгедектікті (бұл өте

маңызды) мүгедектердің бастарына берілген әлеуметтік қанаушылық деп анықтайды. Бұл үлгіде қоғам, өзінің әлеуметтік институттарымен қоса, денсаулықтары төмен адамдардан мүгедектер жасайтын қоғам ретінде көрсетіледі. Еңбек нарығында және еңбекпен қамтудың әлеуметтік ұйымдарында әрекет ету арқылы «мүгедектік» санатын өндірудегі маңызды рөл экономикаға тиесілі. Капиталистік өндірістің басты мақсаты табыс табу болғандықтан, денсаулықтары нашар адамдардың баяу және өнімсіз жұмыс жасаулары оларды қызықтырмайды, жеңілі оларды мүгедек деп тану.

Б) Тәуелсіз өмірдің британдық үлгісі мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін құрылған арнайы интернаттар желісін қысқартуға, және мүгедектерге тікелей тұрғылықты жерлерінде қызмет көрсету мен қолдау жасаудың сан алуан түрлерін дамытуға ресми бағыт алды – басында Скандинавия елдерінде, кейінен Ұлыбритания мен АҚШ-да. Бұл үлгіге өзіне-өзі көмек көрсетуді дамыту кіреді, ал ол тәуелсіз өмір сүру идеологиясымен үндеседі. Қоғамның инфроқұрылымына әлеуметтік қызметтер жүйесі енгізіліп, мүгедектігі бар адам оған өзінің шектеулі мүмкіндіктерін жүктей алатын болса, бұл оның өз бетінше шешімдер қабылдайтын және өз іс-әрекеттеріне жауап беретін, қоғамның тең құқықты мүшесі болуына мүмкіндік берген болар еді.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты өмір сүру жағдайы дегеніміз – бұл олардың өз баспаналарының болуы, білімі, жұмысы, демалысы, қаражаты, түрлі әлеуметтік игіліктерді пайдалану мүмкіндігі, өзіне-өзі қызмет көрсету және қарым-қатынас жасау дағдылары. Дегенмен, өзіне-өзі көмектесуге, жақын туысқандарына және жергілікті қоғамдасатықтарға сүйену, бір жағынан, мұқтаждарды күтудің дәстүрлі түрлеріне қайта оралуды білдіреді. Мүгедектіктің бұл үлгісіне қарсы жақ келесілерді атайды: біріншіден, қалпына келтіру теориясы капиталистік қоғамда мүгедектердің неге қаналатындықтарына және кемсітілетіндіктеріне қанағаттанарлық түсініктеме ұсынбайды; екіншіден, бұл үлгіде кемсітуден босаудың дәлме-дәл, жан-жақты қамтитын стратегиясы берілмеген, «тәуелсіз өмір сүрудің» тек жекелеген тактикалары ғана бар; үшіншіден, қалыпты/қалыпсыз анықтамаларында екіұштылық байқалады, ол қоғамда жасанды түрде жасалған, сондықтан мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың жағдайларын бағалауда қолданылмауы тиіс.

В) Handicap үлгісі (тұжырымдамасы)

70-ші жылдары еуропалық зерттеушілер «мүгедек» терминінен бас тартады. Мүгедек сөзі біртіндеп қолданыстан шығады, себебі ол «жарамсыз», «қатардан шыққан» дегенді білдіреді және оның орнына англосаксондық «Handicap» (hand in cap) сөзі келеді, оның тура аударғандағы мағанасы «қалпақ ішіндегі қол». Handicap – бұл айналаларында ойын құралдары жоқ кезде бос уақыттарын ұйымдастыруға тырысқан ересек адамдардың байқаусызда ойлап тапқан ойыны. Ойынға қатысушылар белгілі қимылдарды байлаулы қолдарымен жасайды. Бұл кедергі ойыншылардың мүмкіндіктерін шектейді, бұл оларға өздерінің осы уақытша жағдайларын мүгедектердің қайтымсыз жағдайымен салыстыруға және мүгедектердің, көпшілік адамдарға қарағанда, әлеуметтік қолайсыз жағдайда екендіктерін

түсінуге мүмкіндік берді.

Бұл тұжырымдаманың авторы (Ф. Вуд) өз үлгісін қарапайым постулатқа құрды: «Еркін әрекет етуге мүмкіндік бермейтін кедергілер, шектеулер пайда болған жағдайда, кез-келген адам мүгедек болады, соның нәтижесінде ол әлеуметтік қолайсыз жағдайға кезігеді». Бақытсыз жағдай, ауру және басқа да себептер ағза қызметтерінің жетіспеушіліктерін тудыруға қабілетті (Handicap патологиялық қыры) органикалық ақауларға әкелулері мүмкін, ал бұл әлеуметтік қолайсыздықтың, тиімсіз жағдайдың (ахуалдық қыр) себебі болып табылады. Handicap бір мезгілде философиялық, әлеуметтік және медициналық тұжырымдама болып табылады, соған сәйкес әлеуметтену ешуақытта қоғамнан тыс жүрмейді. Тек қоғамда болғанда ғана «қалыпқа» ұқсауға, оған ыңғайлануға болады. Пандустар, дәретханалар салу, жеделсатылар орнату, соқыр жүргіншілерге арналған бағдаршамдар орнату, Брайль әліппесін тарату және басқалар сияқты «әлеуметтік протездеу» деп аталатын шараларды жасап, тосқауылдарды алып тастағанда, қоғам, мемлекет атынан, мүгедектердің мүмкіндіктерін кеңейтеді және жетіспеушілікті жояды.

Г) Азшылдық тұжырымдамасы соңғы кезде кеңінен таралуда. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік азшылық (minority) ретінде қаралады, олардың құқықтары мен еркіндіктеріне сыртқы шектеулер арқылы қысым жасалады: архитектуралық ортаның қолжетімсіздігі, қарым-қатынастың тапшылығы, қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, ақпараттар мен қарым-қатынас құралдарына, мәдениет пен спортқа қатысудың шектеулілігі. Бұл үлгі мүгедектік мәселелерін шешуде келесі шараларды ұсынады: қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатысуға мүгедек адамның тең құқығы заңды түрде бекітілуі, адам өмірінің барлық саласындағы ережелер мен тәртіптерді стандарттау арқылы жүзеге асуы және әлеуметтік құрылыммен жасалған тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуі тиіс. Мүгедектіктің бұл үлгісі қоғамды мүгедектердің ерекше құқықтарын қорғауға бағыттайды, бұндай қарым-қатынас ерекше мұқтаждығы бар әрбір жекелеген әлеуметтік топқа да кепілденуі тиіс.

Қысым көруші азшылық ретіндегі мүгедектік үлгісінде үш негізгі ереже бар:

- мүгедектер тап болатын көптеген мәселелердің көзі, ең алдымен, әлеуметтік жағдайлардың салдары болып табылады;

- қоршаған ортаның көптеген қажетті жағдайлары қоғам және дұрыс саясат арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін;

- ең соңында, демократиялық қоғамда саясат қоғамның мүгедектерге деген қарым-қатынасын көрсетіп қана қоймай, оларға деген дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етуі тиіс.

Сондықтан, мүгедектік мәселесі іштен емес, сырттан шешілуі керек, «мақсаты клиникалық шаралардан гөрі теңдік пен еркіндіктің құқықтық стандарттарын енгізу болатын медициналық емес, саяси іс болуы тиіс» (Hahn)[9].

Д) Психоәлеуметтік үлгі ғылыми қоғамдастықта кең қолдау тапты және әдіснамалық негізге айналды, оның негізінде мүгедектіктің американдық көптеген үлгілері дамыды: қысым көруші азшыл топ ретіндегі мүгедектіктің

әлеуметтік- саяси үлгісі, мүгедектіктің мәдени үлгісі, адам әртүрлілігінің үлгісі. Мүмкіндігі шектеулі кез-келген адам, бұл үлгіге сәйкес, «белгіленген»,

«таңбаланған». «Таңба» түсінігінің көмегімен «қалыпты» және «таңбалы» (бұған мүмкіндіктері шектеулі адамдарды да жатқызуға болады) адамдар арасындағы әрекет ету сипаттамасы қарастырылады. Дені сау және мүгедек, демек «қалыпты» және «қалыпсыз», арасындағы шекара әлеуметтік құрылым болып табылады. Сондықтан «қалыпты» түсінігіне мүмкіндіктері шектеулі адамдарды да енгізе отырып, оны кеңейту және қоғамдық санада мүгедектіктің оң бейнесін қалыптастыру қажет. [10].

Е) Мүгедектіктің мәдени үлгісі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында біртіндеп қалыптасады және оның негізінде мүгедектердің өз маңыздылықтарын сезінулері жатыр. Мүгедектіктің мәдени үлгісінің айналасындағы айтыстар - әлеуметтік сәйкестік адамдарды қалай жақындастырады, мүгедектердің мәдениеті мен өнері мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоғамда абырой жинауға қалайша мүмкіндік береді -деген сұрақтар туралы болуда. Мүгедектік мәдениетін дамыту мүгедектіктің ерекше бірегейлік және топтық сәйкестігін беретінін көрсетеді. Мүгедектік мәдениеті ұжым, топ, ұйым мүшесі болу мақтанышын тудырады, әртүрлі мүгедектерді біріктіреді, олардың қоғамдық ұстанымдарын нығайтады. Бұл талпыныс американдық мүгедектер құқығын қорғау қозғалысының қазырғы заманғы үш ұранында мейлінше толық берілген, олар мүгедектердің дүниежүзілік әлеуметтік қозғалысымен басшылыққа алынған: «Біз туралы бізсіз ешнәрсе!», «Өз ерекшеліктеріңді дәріптендер!», «Мен мүгедекпін, бірақ менің намысым бар!».

Ж) Адам әртүрлілігінің үлгісі, бұған сәйкес, мүгедек – бұл көп қырлы жеке тұлға, оның мүгедектігі адамға тән көптеген ерекшеліктердің бір қыры ғана. Бұндай көзқараспен мүгедектік – бұл, шындығында, адамның қалыпты жағдайы (Garland-Thomson R.)[11]. Бұл көзқарас өзінің заңды көрінісін де тапты, мысалы, АҚШ-ның мүгедектер туралы заңында және 1993 жылғы құқықтық әрекеттер туралы Биллде айтылған: «Мүгедектік адам тәжірибесінің табиғи бөлігі болып табылады...». Мүгедектіктің бұл алдыңғы қатарлы үлгілері мүгедектіктері бар адамдарды қоғам өміріне араласушылар және оған өз үлестерін қосушылар ретінде сипаттайды. Қоғамның физикалық, әлеуметтік, өндірістік ортаны мүгедектерге қолайлы етуге дәрменсіздігі және оның қандай да бір ерекшеліктері бар адамдарға (мүгедектерге) деген қарым-қатынасы – бұл тұжырымдамалардың негізгі тұстары.

V. Мүгедектіктің «ең жаңа» парадигмасы мүгедектік түсінігін жоққа шығарады. А.Е. Думбаев пен Т.В. Попова [5] ғылыми қауымдастықта таяу арадан бері келесілер туралы пікірталастар басталғанын айтады: мүгедектіктің «жаңа», дәстүрліден кейінгі, әлеуметтік парадигмасы ретіндегі мүгедектіктің әлеуметтік үлгісінің қазырғы нұсқалары – бұл кешегі күннің идеологиясы. Мүгедектікті қарастырудың жаңа парадигмаларына мүгедектікті қолы бостық ретінде қарау үлгісі кіреді. Бұл үлгі аясында болашақта «мүгедектік» түсінігі жойылуы және мүмкіндіктері шектеулі адамдар мағынасы жағынан жұмыссыздармен біріктірілуі мүмкін. Егер қоғам

алдында айтылған шетеулерді жойған жағдайда бұл мүмкін болады, бірақ қоғамда барлық мүгедектерді жұмыспен қамтуға жағдай болмайды. Бұл кезде мүгедектердің бір бөлігі, нақтылы еңбекке жарамсыздары немесе жұмыссыздары ғана тұрғындардың басқаларынан өзгеше деп саналып, басқа жұмыссыздармен қатар бір қаржы көзінен жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алады. «Жұмыссыздық» түсінігінің мейлінше кең және ерекше түсіндірмесі пайда болады – ол жұмыспен қамтылудың болмауы негізінде мүгедектер мен дені сау адамдардың жаңа мағыналық жағынан ғажайып біріктірілуі және «жұмыссыздықтың» жаңа мағынаға ие болуы. Жұмыс жасайтын мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың, қоғамның оларға көзқарасы жағынан, басқалардан ешқандай да айырмашылықтары болмайды.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамдық қарым-қатынастың түрлі үлгілерін талдауды қорыта келе, отандық авторлар А.Е. Думбаев пен Т.В. Попова келесі қорытынды жасайд: діни, медициналық, оңалту және экономикалық үлгілер берілген тұлғаның бір жерінде кемістігі бар, кемістігі шектеулі немесе тіптен жоқ дегенге сүйенеді. Сонымен, діни үлгі моральдық негіз бойынша («құдайдың қарғысына қалған») мүгедек адам қоғамға бейімделуге қабілетсіз дегенге көп көңіл бөледі, классикалық медициналық – денінің сау еместігіне, экономикалық – экономикалық еңбекке қабілетсіздікке, функционалдық шектеулілік үлгісі (оңалту) –сөздің кең мағынасындағы қабілетсіздікке. Осыған байланысты, мүгедектіктің бұл үлгілерін мүгедектік түсінігінің өзін және оған әлеуметтік қарым-қатынасты анықтаумен қатар, мүгедектік саласындағы әлеуметтік саясаттың ұлттық тұжырымдамасын құруға ықпал еткен мүгедектіктің «көне» парадигмасына жатқызуға болады. Бұл тұжырымдамалар мүгедектерді социумға толыққанды енгізуге тырыспайды, олар үшін жеке әлеуметтік орындар жасауға бағытталады, ал бұл, өз кезегінде, қоғамдағы дені сау адамдар мен мүгедектер арасында қарым-қатынас жасауға тосқауыл құруға, мүгедектердің әлеуметтік-кәсіби енжар тәртібін ынталандыруға және еңбек нарығында олардың дәрежелерінің төмендеуіне алып келді. Осы үлгілер негізінде құрылған мүгедектік саясаты мүгедектікті «медициналық» жағына теңестіреді. Әлеуметтік үлгіні бекіту қоғамда мүгедектікті ауру және еңбекке жарамсыздық деп қарауды жояды және социумның үйлесімдік табуына ықпал етеді деп көрсетіледі. Сонымен бірге, бұл мемлекеттік саясаттың жүйелі іс-шараларын талап ететін ұзақ үдеріс. Қазырғы кезде мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі мүгедектердің мәселелерін олардың бұзылған әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру қырынан қарастыратын бір қатар халықаралық құжаттарда белгіленген. Мүгедектерге медициналық көмек көрсетумен қатар, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және қоғамда жалпыға бірдей қолжетімді орта құру маңызды рөлге ие болып келеді. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу мүмкіндіктеріне қоғамның қарым-қатынас үлгілері.

Инклюзивтік білім беру саласындағы жетекші маман Н.Н. Малофеевпен [12], әдебиеттерге және дереккөздеріне жүргізілген талдаулар негізінде, Ресейдегі және шетелдегі инклюзивтік білім беруді дамытудың мерзімдік өлшемдері анықталды, өткен тарихи жағдайлардың ортақтығына байланысты, оларды Қазақстан Республикасына да толығымен жатқызуға

болады. Бұндай өлшемдерге жататыны: қоғам мен білім беру жүйесінің құндылықтар бағыттарының динамикасы, білім беру ұйымдарының және қажеттіліктері ерекше оқушылар санатының саны, инклюзивтік білім беру жүйесіндегі сапалы өзгерістер. Көрсетілген өлшемдерді пайдалану Н.Н. Малофеевке келесі мерзімдерді бөлуге мүмкіндік берді: 1 саты – білім беру жүйесіндегі құндылықтар бағыттарының динамикасы; 2 саты – арнайы білім беру жүйесін қалыптастыру; 3 саты – халықаралық заңды жетілдіру; 4 саты – интеграциялық үдерісті дамыту, арнайы білім беру жүйесінің дағдарысы; 5 саты – инклюзивтік білім берудің туындауы.

Осы сатыларды сараптай келіп, атақты ресейлік ғалым бірінші және екінші мерзім бойына біртіндеп соқырлар мен саңырауларды оқытуды ұйымдастырудың бастамасы қалыптасады, алғашқы арнайы мектептерді құру талпынысы мүгедектерге қарым-қатынас жасау эволюциясының үшінші мерзіміне келеді деп пайымдайды. Төртінші мерзім арнайы білім беру жүйесін қарқынды күшейту мен саралауға сәйкес келеді. Н.Н. Малофеев тура осы сатыда арнайы білім берудің ұлттық жүйелері өзінің құрылымдық кемеліне және мұқтаждарды барынша көп қамтуға жетеді деп көрсетеді. Арнайы білім беруді дамыту және жетілдіру адам құқығын түсінудің жаңа мәнінде жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырылады.

Н.Н. Малофеевтің ойынша [3], түлектерге берілетін академиялық білім мен еңбек дағдыларының жоғары деңгейін арнайы білім берудегі советтік жүйенің басты жетістігі деп санауға болады. Көрулерінде, естулерінде, тілдерінде кемістіктері бар көптеген жастар арнайы мектепті бітіргеннен кейін ООО мен ЖОО табысты түсті. Полиомиелиті немесе балалар ми параличінің салдары бар жастардың жоғары білім алып, диссертация қорғаған жағдайлары да белгілі. Қосымша мектептің түлектері (ақыл-естері кемдер), әдетте, мектепте алған мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылатын.

Инклюзивтік білім беру жүйесін дамытуда Н.Н. Малофеев бөлген эволюцияның бесінші мерзімі мейлінше маңызды болып көрінеді, ол арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының желісін дамытумен, арнайы білім берудің ұйымдастыру негіздерін қайта құрумен, біріктіруді қарқынды енгізумен, әлемдік және еуропалық қауымдастықтың азшылық құқығын жаңаша түсінуімен, жаңа мәдени ереже – адамдар арасындағы айырмашылықтарға құрметпен қарауды - қалыптастырумен қатар келеді.

Сонымен, арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасуында Н.Н. Малофеев барлық елдер үшін ортақ үш сатыны бөледі:

0 – бастаманың және алғышарттардың қалыптасуы,

I – арнайы білім беру ұйымдарын өрістету және жүйелерді заңды түрде рәсімдеу,

II – жүйені дамыту және саралау,

III – арнайы ұйымдарды қысқарту және арнайы білім беру жүйесінің жаңа ұйымдастыру негіздерін құру.

Білім берудегі инклюзивтік түрдің артықшылығы жарияланады: мүгедектер «арнайы білім алу қажеттіліктері» бар адамдар ретінде қарастырыла бастайды. Жаңғырған көзқарасқа сәйкес, оқушының даму деңгейі мектептің оған қоятын талаптарына сай келуі тиіс емес, жалпыға

білім беру жүйесі, әр оқушының білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, икемділікпен және түрленуімен ерекшеленуі тиіс. Сонымен, бірге оқытудың қазырғы заманғы жаңа түрі – «инклюзивтік білім беру» пайда болды, ол даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру жүйесіне барынша көптеп енгізу үшін жағдай жасауға бағытталған.

Инклюзивтік білім беру «қалыптандыру» тұжырымдамасына сүйенеді, оның негізінде келесі жағдайлар туралы ойлар жатыр: даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өмірі мен тұрмысы өздері өмір сүріп жатқан қоғамның тұрмыс салты мен жағдайына мейлінше жақын болуы керек. Балаларға қатысты бұл келесілерді білдіреді:

1. Даму мүмкіндіктері шектеулі баланың жалпыға ортақ қажеттіліктері бар, соның ішіндегі бастысы — сүйіспеншілікке және дамуға ынталандыратын жағдайға деген қажеттілік.

2. Бала қалыпты өмірге барынша жақын келетін жағдайда өмір сүруі керек.

3. Бала үшін ең жақсы жер – өзінің туған үйі, және жергілікті үкіметтің міндеті – даму мүмкіндіктері шектеулі баланың өз үйінде тәрбиеленуіне ықпал жасау.

4. Барлық балалар оқи алады, демек, дамуындағы ауытқулардың қаншалықты ауыр болуына қарамастан, олардың бәріне білім алуға мүмкіндік берілуі тиіс.

Білім берудегі инклюзивтік амалды жүзеге асыру арқылы өмір сүру сапасын жақсарту келесілерді білдіреді:

- бала мен ата-ана арасындағы байланыстарды сақтау және балаға өз отбасының күнделікті тыныс-тіршілігіне толық араласуына мүмкіндік беру;

- келешекте еңбек нарығында бәсекеге жарамды және әлеуметтік жинақы болуға мүмкіндік беретін сапалы білім алуды;

- қатарларымен және ересектермен әлеуметтік әрекет етудің оң тәжірибесін игеруді;

- қоғамдастықта әлеуметтік осал топқа жататын балалар мен ересектерге қолдау көрсету бойынша әлеуметтік дағдылар қалыптастыруды, бұл барлық қоғамды мейлінше орнықты және біртұтас етеді.

Жаңа типтегі инклюзивтік білім беру жүйесінің негізгі сипаттамасына келесілерді жатқызуға болады:

– білім беру ұйымының нысаны және оқу орнының түрін еркін таңдауды;

– аралас түрдегі білім беру ұйымдарын құру, онда даму мүмкіндіктері әртүрлі этиологияда шектелген балалар бірге оқи алады, соның ішінде қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен де;

– арнайы және қалыпты білім беру арасындағы шекараның өтімділігін қамтамасыз ететін, арнайы және жалпы білім берудің әрекеттесулерінің жаңа механизмі.

Әлеуметтік-философиялық мағынадағы инклюзивтік білім беру қалыпты балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балалардың бірігіп өмір сүру түрін білдіреді, оны қоғам және білім беру институттарының жүйелері қолдап, дамытып отыр. Бұл мәндегі инклюзивтік білім беру - әр бір оқушының білім

алу түрін, орынын және тілін таңдау құқығы, білім беру ұйымында мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы мен дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау және оларды жалпыға білім беру ұйымының оқу үдерісіне толық енгізу реттерінде қарастырылады. Инклюзивтік білім беру барлық оқушыларға балабақша, мектеп, институт ұжымдарының өміріне толық көлемде қатысуға мүмкіндік береді, ол барлық оқушылардың тең құқықтарын қамтамасыз етуге және олардың ұжым мен қоғам өміріне қатысуларын ынталандыруға қабілетті.

Инклюзивтік білім беру негізінде келесі ережелер жатыр:

1. Барлық адамдардың құқықтық теңдіктерінің қағидасы (олардың жеке қасиеттерін сақтаумен қатар ерекшеліктерін де ескеріп).

2. Кемсітушіліктің кез-келген түрін болдырмау, демек, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім алуға және әлеуметтік өмірге қатысуға байланысты кез-келген құқығын шектеуді.

3. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың әлеуметтік - қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудағы ерекше құқықтарын мойындау, жекелегенде, білім алу (білім берудің арнайы жағдайлары, әлеуметтік инфроқұрылымдарға қолжетімділік және басқалар).

4. Мүмкіндіктері шектеулі баланың табысты әлеуметтенуі үшін барлық қажетті жағдайды жасаудағы қоғамның міндеттері.

5. Барлық балаларды жалпыға білім беретін мектептерге және мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау мүмкіндігі.

Инклюзивтік білім беру Англиялық зерттеушілермен келесі түрде қабылданады:

— Инклюзивтік білім беру әрбір жекелеген оқушының мектептің академиялық және әлеуметтік өміріне қатысу дәрежесін ұлғайту үдерісі болып табылады, сонымен қатар оқушыларды мектеп ішінде өтетін барлық үдерістерден оқшаулау дәрежесін төмендету үдерісі.

— Инклюзивтік білім беру, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері бар түрлі оқушыларды толық қабылдау үшін, мектептің мәдениетін, оның тәртіптерін, ішкі ережелері мен тәжірибелерін қайта құруға шақырады.

— Инклюзивтік білім беру тек мүмкіндіктері шектеулі балаларға ғана емес, мектептің барлық оқушыларына тікелей қатысты.

— Инклюзивтік білім беру мектепті тек оқушылар үшін ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен қызметкерлер үшін де жетілдіруге бағытталады.

— Жекелеген оқушыларға білім беру ортасы мен үдерісіне жол беру ниеті, шешімі жалпы және тұжырымды көзқарасты талап ететін мәселелерді анықтауы мүмкін.

— Әр баланың өз үйінің жанындағы мектепте білім алуға құқығы бар.

— Балалардың саналуандығы мен бір-біріне ұқсамаулары шешуді қажет ететін мәселе емес, білім беру үдерісінде пайдалануға болатын маңызды қор.

— Инклюзивтік білім беру мектеп жұмыс жасайтын қоғам және мектеп арасындағы достық қарым-қатынасқа негізделген жақын, тығыз байланысты білдіреді.

Инклюзивтік білім берудің негізгі ойы - білім беру жүйесіне еруге бала дайындалуға тиіс емес, кез-келген баланы енгізуге жүйенің өзі дайын болуы

тиіс дегенді меңзейді. Бұл инклюзивтік білім беру жалпыға білім беретін мектептер мен балабақшаларға ашылған есік қана емес, сонымен қатар білім беру нәтижесіне жауап беру екендігіне барлық мұғалімдер мен ата-аналардың түсіністікпен қараулары керек дегенді де білдіреді. Оның сапасы ұсынылып отырған білім беру қызметінің даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келуіне тікелей байланысты. Инклюзивтік білім беру мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпыға білім беру стандарттары аясында берілетін білімді дамуы қалыпты балалармен бір мезгілде меңгереді деп болжайтындықтан, бұндай көзқарас психофизикалық даму деңгейі жасына сәйкес немесе соған жақын келетін балаларға ғана қатысты болуы мүмкін. Н.Н. Малофеев[13] нұсқағандай, инклюзивті білім беруді мектепке дейінгі кезеңде ұйымдастыру мейлінше тиімді. Білім беру ұйымдары оларға дұрыс көңіл бөлуі үшін тиімді білім беру стратегияларын іздеу, оларды одан әрі тәжірибеге енгізу үшін үлгілеу және сипаттау қажет.

ЮНЕСКО түсінігіндегі инклюзивтік көзқарас бұл:

- мектеп жасындағы барлық балалардың білім беру үдерісіне белсене қатысулары,
- барлық балалардың мектепте сапалы білім алуға тең мүмкіндіктері,
- барлық балалар үшін, олардың ерекшеліктеріне қарамастан, бірге оқу мүмкіндігі,
- балалар үшін бірге өмір сүруді үйрену мүмкіндігі,
- инклюзивтік қоғам мен оның әл-ауқатын дамыту үшін негіз [17].

Сонымен, инклюзивтік көзқарас балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін түсінеді және осы қажеттіліктерге сәйкес білім беру үдерісіне толық қатысу бойынша қызмет көрсету, қоғам назарын аудару, білім берудегі бөлектеу мен кемсітуді жою дегенді меңзейді. Қалыпты оқушылар үшін инклюзивтік білім беру инклюзивтік сынып пен қалыпты сынып арасындағы еркін таңдауды білдіреді, алғашқы нұсқаны таңдаған жағдайда – ол үшін білім беру стандартында қарастырылған сапа мен қарқынды қамтамасыз етуді, оқушының инклюзивтік білім берудің бекітілген әлеуметтік ережелері мен тәртіптерін қабылдауы мен сақтауын білдіреді. Осы жағдайда «инклюзивтік білім беруге» ауысу жүзеге асырылады, демек балалар арасындағы айырмашылықтар бірін-бірі толықтырудың қоры ретінде қаралатын әлеуметтік қарым-қатынас түріне ауысу [14].

Инклюзивтік амалдың артықшылықтары айқын:

- Мүмкіндіктері шектеулі оқушының әлеуметтенуі үшін мейлінше қолайлы жағдайлар жасалады.
- Әртүрлі ауытқулары бар балалардың сабақта және сабақтан тыс уақытта барынша тығыз араласуларына мүмкіндік жасалады.
- Мұғалімдердің білімдері жетілдіріледі.
- Балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиялары жасалады және қабылданады.
- Арнайы (түзету) ұйымдармен, әлеуметтік және медициналық мекемелермен ынтымақтастық орнатылады.

Инклюзивтік білім беруді дамыту әдіснамасының негізгі бағыттарының

арасында бөлінетіндері:

- балалардың ерекшеліктеріне қарамастан олардың теңдігін қабылдауға қоғамды дайындау; инклюзивтік білім берудің мақсаттарын, міндеттерін және негізгі бағыттарын бұқаралық ақпарат құралдарында және білім беру ұйымдарының веб-парақшаларында кеңінен тарату;

- әр баланың қабілетін дамытуда кемшілікке бағытталған көзқарастан оны қолдауға көшу;

- барлық санаттағы оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, мектептегі білім беру мазмұнын түрлендіру;

- әр баланың сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ақпараттық технологияларды пайдалану және қашықтықтан білім беруді жетілдіру;

- педагог мамандарды инклюзивтік білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайындау [15].

Қоғамның ақпараттық дәуіріндегі инклюзивтік білім беру — бұл болашаққа апарар шынайы жол, онда бәрі, әрқашан, өмір бойы, өзі үшін және қоғам үшін оқи алады, алған білімдерінің негізінде планетадағы адамдардың жаңа өмір сапасын жасай алады. Сонымен қатар, Н.Н. Малофеев [3] және оның ізбасарлары инклюзия, қазырғы білім беру жүйесін жетілдірудің жетекші үрдісі бола тұрып, арнайы білім беру жүйесін толық алмастыруға тиіс емес екендігіне сенімді. Бұл басқа да дәстүрлі және инновациялы түрлермен қатар жүретін түрлердің бірі ғана. Кіріктіре білім беру арнайы білім беруге қарсы қойылмайды, оның бір түрі ретінде ғана жүреді. Интеграция/инклюзия — арнайы педагогиканың «баласы», себебі жалпыға білім беру ортасына «енгізілген» мүгедек бала оның бақылауында болады: ол не жалпыға білім беру ұйымының жанындағы арнайы сыныпта (топта) оқиды, мектепке дейінгі аралас топта тәрбиеленеді, не қалыпты сыныпта (топта) оқып, міндетті түрде түзету көмегін алады. Интеграция/инклюзия жалпы және арнайы білім беру жүйелерін, олардың араларындағы шекараны өтімді ете отырып, жақындастырады. Мүгедек баланың өзінің білім алу құқығын білім беру ұйымының кез-келген түрінде жүзеге асыруға мүмкіндігі болуы тиіс және бұл кезде өзіне қажетті педагогикалық-түзету көмегін алуы керек. Бұл кезде инклюзивтік білім беруді жетілдірудің негізгі талаптарына келесілер жатады:

- Мүмкіндіктері алуан түрлі барлық балаларды, олардың бойларында ауытқушылықтары болмаған жағдайда қатысуға болатын, білім беру ұйымдарына енгізу мүмкіндіктері.

- Білім беру ұйымында оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны білім беру ұйымы орналасқан мөлтекауданның немесе ауданның барлық балаларының санына тең келеді.

- Балаларды қандай да бір белгі бойынша бөлудің, сұрыптаудың орын алмауы, керісінше, бәрін бірге оқыту.

- Мүмкіндіктері шектеулі балалар өздерінің жастарына сәйкес келетін топтарда (сыныптарда), демек қатарларымен бірге тәрбиеленеді және оқытылады.

- Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды тиімді оқыту мен

тәрбиелеу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз ету.

Н.Н. Малофеевтің ойынша [3], жаңа заманның педагогикалық жүйесі даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтары мен мүмкіндіктеріне қоғамның қарым-қатынасының өзгеруіне қарай, қоғамның мүгедектерге деген бұрынғы қарым-қатынасына бағытталған алдыңғы білім беру жүйесін мойындамау ретінде пайда болады. Арнайы білім берудің ұлттық жүйелерінің қазырғы заманғы барлық даму үрдістерінің тереңде жатқан әлеуметтік-мәдени тамырлары мен белгілі «тарихи жасы» бар. Инклюзивтік білім беру Қазақстан Республикасы үшін жаңа жүйе екенін атап өткен дұрыс болады, бұнда оқушылар мен мұғалімдер ортақ мақсатта жұмыс жасайды — барлық балаларға бөлмей қолжетімді және сапалы білім береді. Қазырғы заманғы педагогикадағы интеграция үдерісінің дамуына білім берудің адам мен қоғамның дамуы үшін жағдай жасайтын әлеуметтік орта ретіндегі жаңа құндылықтарды мойындауы үлкен әсерін тигізді.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды өзгерулер білім беру жүйесінің реформалануы мен қайта құрылуының қарқынды үдерісіне бастама болады:

- оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі, өктем түрінен гуманистік, тұлғаға бағытталған түріне ауысу,

- білім беру жүйесінде даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін сақтауға бағытталған әлеуметтік жағдайлар, оларды қоршаған ортаның түрлі байланыстары мен қарым-қатынастарына және дендері сау қатарларымен біріге әрекет ету үдерісіне енгізу белсенді түрде дами бастайды,

- әр адамның тұлғалық қасиетін бірегей және қайталанбас құндылық ретінде қабылдауды бейнелейтін педагогикалық жаңа ойлау барған сайын орныға бастайды,

- психофизикалық бұзылулар адамның сезуге, уайымдауға, әлеуметтік тәжірибені меңгеруге қабілеттілігін жоққа шығара алмайтындығы мейлінше терең мойындалады,

- қоғам біртіндеп адамзаттың парызы - әрбір адамның дамуы үшін жағдайлар жасау - деген ойға келе бастайды, оның негізгісі, өзінің барлық мүшелеріне өмірден өзінің орынын табуға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін, сапалы білім беру болып табылады. Бұл қоғам мен мемлекеттің мүмкіндіктері шектеулі балаларға қарым-қатынастарын өзгертуге алып келді, бұл олардың қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен тең жағдайда білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге сайып келеді.

Қазақстан Республикасы үшін мүмкіндіктері шектеулі балалар дәстүрлі білім беру жүйесінде арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде, үйде немесе арнайы мектеп-интернаттарда білім алды. Елімізде арнайы білім беру ұйымдарының (арнайы (түзету) мектептері мен мектепке дейінгі ұйымдары, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және басқалар) желісі қалыптасқанына қарамастан, Республикада соңғы онжылдықта объективті және субъективті себептермен қоғамның мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынасы мейлінше өзгерді. Психофизикалық бұзылулар адамның сезуге, уайымдауға, әлеуметтік

тәжірибені меңгеруге қабілеттілігін жоққа шығара алмайтындығы мейлінше терең мойындалады.

Әр баланың даму үшін білім алуға деген жеке қажеттілігі мен қабілетін ескеретін қолайлы жағдай жасау қажеттілігі түсіністік тапты. Келесі ұстаным қалыптасады: әр балаға ол бойындағы кемшілікке байланыты нені атқара алмайды деген тұрғыдан емес, ол бойындағы кемшілікке қарамастан не істей алады деген тұрғыдан қарау.

Сонымен, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан бері білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың сапалы білім алуларын қамтамасыз ету бағытындағы елеулі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Кең таралған арнайы (түзету), интернаттық оқу ұйымдарының орындарына жаңа, әлемнің көптеген жетекші елдерінде қолдау тапқан, әр балаға қажетті барлық жағдайларды жасай отырып, оның тұрғылықты орнындағы жалпыға білім беру мекмесінде білім алу құқығын қамтамасыз ететін, білім берудің инклюзивтік түрі келді. Қазақстан Республикасында білім берудің бұл түрі негізінен 90-шы жылдары тарала бастады, әсіресе – мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің мемлекеттік жүйесін жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған түрлі халықаралық ұйымдардың қолдауымен, профессор, п.ғ.д. Р. А. Сүлейменованың бастамасымен. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің өзекті мәселелерін анықтау осы шаралардың нәтижесі болып табылады. 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты жаңа білім беру саясаты қалыптаса бастады, балаларды әлеуметтендірудің, тәрбиелеудің, оқытудың, әлеуметтік қолдау көрсету мен бейімдеудің тиімді жолдары белсенді түрде қарастырылуда. Арнайы білім беру саласына, балаларды дендері сау қатарларының білім алу ортасына кіріктіру бойынша, инновациялық үдерістер кеңінен енгізіле бастады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру үшін тиімді жағдайлар жасаудағы инновациялық бағыттарды үйрену жұмыстары жетілдіруде. [16].

Арнайы психологияның және түзету педагогикасының теориясы мен практикасын дамыту үшін арнайы білім беру жүйелерінің әлеуметтік-мәдени қалыптасуының негізін білу және түсіну қажет, ол арнайы білім берудің әдіснамалық негіздерін, философиялық постулаттарын, және оның көздейтін мақсаттарын қайта-қайта сараптауға және қайта қарауға мәжбүр етеді. Бұл білім отандық тәжірибені, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім берудің қазырғы заманғы шетелдік үлгілерін, әлеуметтік-мәдени алғышарттар мен «тарихи жасты» ескермей, тікелей көшіріп алуға байланысты әдіснамалық қателіктерден қорғап қалуға қабілетті.

Кіріктіре оқытудың қолданыстағы үлгілері Қазақстан Республикасының инклюзивтік білім беруінің ұжырымды негіздері біріктірудің саналуан үлгілері мен түрлерін білім беру ұйымының түрі мен мүмкіндіктеріне байланысты қолдануды қарастырады. Бұл түрлі санаттағы балаларды біріктіріп оқытудың артықшылықтарын мейлінше толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазыр әлемде инклюзивтік білім беруді ұйымдастырудың барынша жеткілікеті үлгілері белгілі, олар көптеген авторлармен арнайы

педагогикалық әдебиеттерде ұсынылады. Жалпылап алғанда олар кіріктіре оқытудың келесі нұсқаларын ұсынады:

1. Қажеттіліктері ерекше жекелеген оқушыларды жалпыға білім беру мектептерінің қалыпты сыныптарына қосу: жалпыға білім беру мектептерінің оқу үдерісіне балаларды ішінара қосу (бала тұрақты арнайы мектепте оқиды және қалыпты мектептің жекелеген сабақтарына ғана қатысады); баланы оқуға белгілі бір мерзімге уақытша қосу (әдетте, ұзақ уақытқа емес және баланың барлық пәндер бойынша өз қатарларымен бірдей оқу мүмкіндігін тексеру үшін); барлық оқу мерзіміне толық қосу.

2. Қажеттіліктері ерекше балалар үшін жалпыға білім беру мектептерінің жанынан енгізілген арнайы сыныптар ұйымдастыру: жалпыға білім беру мектептерінің қалыпты жоспарлары және бағдарламалары бойынша бірдей жұмыс жасайтын; қажеттіліктері ерекше балаларға арналған арнайы жоспарлар мен бағдарламалар бойынша жұмыс жасайтын; білім беру жеке білім беру жоспарлары негізіндегі жалпы білім беру стандарттары бойынша ұйымдастырылады.

3. Модулді кіріктірілген білім беру психикалық және тұлғалық кемшіліктері бар балалар үшін жалпыға білім беретін мектептер жанынан арнайы (түзету) мектептің жоспарларымен және бағдарламаларымен жұмыс жасайтын, оқу үдерісімен қатар оңалтуды да қамтамасыз ететін жеке инфроқұрылымы бар модуль-сыныптарын ұйымдастыруды білдіреді.

Білім берудегі интеграциялық үдерістердің дамуы мүмкіндіктері шектеулі барлық балаларды дендері сау қатарларымен бірге оқытудың пайдалылығы мен мүмкіндіктері туралы пікірталастар тудырды. Жалпыға білім беру жүйесін өзгерту шегінің және әр оқушының білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайдың болуы туралы ереже осы пікірталасқа негіз болды. Келесі пікірлер айтылды: кейбір жағдайларда (негізінен интеллектуалдық саласында бұзылулары бар балалар үшін) сыныптастар арасындағы когнитивтік даму деңгейінің бірталай алшақ болуына байланысты, тек жалпыға білім беру сыныбында оқыту тиімсіз. Сонымен қатар, табысты бірлесу үнемі бірге оқу арқылы ғана қамтамасыз етілмейтіні туралы да айтылды. (Алехина).

Бұл пікірталастар бірге оқытудың көптеген нұсқаларын жасауға алып келді, оларға жоғарыда келтірілген үлгілердің түрлі элементтері кіреді. Сонымен, Н.Н. Малофеевтің, Н.Д. Шматконың жіктеулеріне сәйкес [18], жалпыға білім беру мектептеріне даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктірудің келесі түрлерін қарастыруға болады:

1. *Тұрақты толық кіріктіру* – бұл нұсқада ақыл-есі және психикалық даму деңгейі бойынша жасына сай келетін даму мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпыға білім беру сыныптарында жалпы негізде оқытылады және қажетіне қарай жеке маманның көмегін алады. Тұрақты толық кіріктіру дамуында қандай да бір кемшілігі бар баланы мектепке дейінгі топтар мен сыныптарда дамуы қалыпты балалармен тең оқытуды білдіреді. Бұл үлгі психофизикалық және тілдік даму деңгейі жасына сәйкес немесе соған жақын келетін балалар үшін және дендері сау қатарларымен бірге оқуға психологиялық жағынан дайын балалар үшін тиімді болуы мүмкін. [13]. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды толық кіріктірудің маңызды

шарты – жалпыға білім беру сыныбында жалпы және арнайы білім беру жүйесінің екі мұғалімінің болуы. Қосымша мұғалімнің міндетіне білім алу қажеттілігі ерекше оқушыға көмек көрсету мен оның сабағын қадағалау ғана кіріп қоймайды, сонымен қатар негізгі мұғаліммен бірігіп, білім беру үдерісін жекелендіру қағидасына сәйкес, педагогикалық әдістер мен тәсілдерді түрлендіру де кіреді.

2. *Тұрақты, бірақ толық емес кіріктіру* мүмкіндіктері шектеулі мектеп жасына дейінгілермен қатар мектеп жасындағы балаларға да тиімді болуы мүмкін. Ол психикалық даму деңгейі жасынан біршама төмен, түзету көмегін жүйелі және мейлінше қажет ететін, бірақ бірқатар пәндер бойынша қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен бірге және тең оқуға, сонымен қатар сабақтан тыс уақытының көп бөлігін олармен бірге өткізуге қабілетті мектеп жасындағы балалар үшін тиімді болуы мүмкін. Тұрақты, бірақ толық емес кіріктіру психикалық даму деңгейлері әртүрлі, бірақ жанама ауытқулары жоқ мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға пайдалы болуы мүмкін. Бұндай кіріктірудің мағынасы – баланың бойында бар барлық жасырын мүмкіндіктерді және қалыпты дамып келе жатқан балалармен араласу, әрекеттесу, оқу мүмкіндіктерін мейлінше пайдалану болып табылады. [12].

Кіріктіре оқытудың бірнеше тәртіптері мен түрлері бар.

3. Жартылай кіріктіру – кіріктірудің бұл түрінде оқушылар жеке сынып жағдайында оқиды, бірақ қалыпты дамыған оқушылармен бір білім беру ортасында біріктірілген. Олар жалпы мектепшілік барлық оқыту және тәрбие беру шараларына, жалпыға білім беру сыныптарының оқушыларымен қатар, тең құқықта тартылады. Сонымен қатар, бұл түр жеке оқытылатын, бірақ сыныптағы кейбір сабақтарға оқушылармен бірге қатыса алатын балалар үшін де қолданылады. Жартылай кіріктіру қажетті біліктер пен дағдылардың аздаған бөлігін ғана өзінің қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен тең игеруге, олармен бірге сабақтан тыс уақытының аз бөлігін ғана өткізуге қабілетті балалар үшін пайдалы болуы мүмкін. Жартылай кіріктіру – мектеп бағдарламасын дендері сау қатарларымен тең меңгеруге қабілетсіз балалар үшін басым түр болып саналады. Жартылай кіріктіру аясында дамуларында кемшіліктері бар балалар уақыттарының бір бөлігін ғана дендері сау қатарларымен бірге өткізеді (мысалы, күннің екінші жартысын).

Тұрақты жартылай кіріктірудің мәні – мүмкіндіктері шектеулі балалардың өздерінің қалыпты дамып келе жатқан қатарлармен қарым-қатынастарын кеңейтуі болып табылады. Жартылай кіріктіру қалыпты топтары да, арнайы топтары да бар аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда, сонымен қатар дамуларында белгілі бір ауытқулары бар балалар үшін ашылған арнайы сыныптары бар жалпыға білім беру мектептерінде қамтамасыз етілуі мүмкін. [13].

Жартылай кіріктіру үлгісі мүмкіндіктері шектеулі балаларды тек жалпыға білім беру сыныптарында оқыту мен арнайы білім беру мекемелерінде оқыту арасындағы аралық нұсқаны білдіреді. Жартылай кіріктіру үлгісін жүзеге асыру білім беруді ұйымдастырудағы екі түрдің үйлесуін білдіреді – қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен біріктіру

жағдайында және арнайы ұйымдастырылған сыныптарда немесе аз топтарда (жалпы мектеп кеңістігіндегі). Сипатталып отырған бұл үлгі аясында білім алу қажеттіліктері ерекше барлық оқушылар толық кіріктіру үлгісіндегіге ұқсас қажетті қосымша психологиялық-педагогикалық көмек алады.

Бірқатар елдерде (Германия, Австрия, Польша, АҚШ және басқа) бұл үлгі интеллектуалдық дамуларында ауытқулары бар балаларды оқытудағы басым түр ретінде қарастырылады. Даму деңгейлері қалыпты балалардан бөлек оқытылатын пәндер тізімі, оқушылардың білім алу мүмкіндіктері ескеріле отырып, анықталады: мейлінше қиын пәндер (математика, ана тілі және басқалар) – бөлек оқытылады, аса қиындық тудырмайтын пәндер (мысалы, эстетикалық циклдегі) - біріктіріліп оқытылады. Сонымен бірге, жалпыға білім беру мектептебінде даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін сабақтан тыс шараларға (экскурсиялар, мерекелер, мектептегі концерттер мен мерекелер) қатысуға жағдайлар жасалады.

4. *Уақытша кіріктіру* – кіріктірудің бұл түрі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі, жеке оқытылатын, бірақ өздерінің дендері сау қатарларымен әлеуметтік араласуға (сыныптан тыс тәрбие сағаттарына, жалпы мектепшілік шараларға қатысуға) мүмкіндіктері бар балалар үшін қолданылады. *Уақытша кіріктіру кезінде* арнайы топтың немесе сыныптың барлық тәрбиеленушілері, қол жеткізген даму деңгейлеріне қарамастан, біріккен тәрбие сағаттарын өткізу үшін айына 2 реттен кем емес өздерінің қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен бірігеді. Уақытша кіріктірудің басты мақсаты қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен қарым-қатынас жасаудың алғашқы тәжірибелерін меңгерту болып табылады. Уақытша кіріктіру, негізінен, келешекте мүмкін болатын кіріктіре оқытудың мейлінше жетілдірілген түріне дайындық сатысы. Кіріктірудің бұл үлгісі қалыпты топтары да, арнайы топтары да бар аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда, сонымен қатар арнайы сыныптары бар жалпыға білім беру мектептерінде жүзеге асырылуы мүмкін. [12].

5. *Кіріктірудің эпизодтық үлгісі* - өз тәрбиеленушілерін қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірге тәрбиелеу және оқыту бойынша бағытты

жұмыс жасау мүмкіндіктері шектеулі арнайы мектеп пен мектепке дейінгі ұйымдарға бағытталған. Эпизодтық кіріктірудің мәні дамуларында айқын кемшіліктері бар балалардың қатарларымен аз да болса араласуын ұйымдастыру, тек мүмкіндіктері шектеулі балалар ғана оқитын арнайы (түзету) ұйымдарда жасалатын әлеуметтік қарым-қатынастың объективті шектеулерін жеңу.

6. *Аралас кіріктіру* – кіріктірудің бұл түрі даму мүмкіндіктері шектеулі балаға жоғары білікті маманның көмегін ұсына отырып, оны жалпыға білім беру сыныбына қосуды және жалпы сыныпта оқыту үшін, оның білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес, арнайы жағдай жасауды қарастырады. Аралас кіріктіру даму деңгейлері қалыпқа жақын балаларға, арнайы ұйымдастырылған сабақтарда дефектолог мұғалімнен көмек ала отырып, жалпыға білім беру сыныптарында оқуға мүмкіндік береді.

7. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру мектептерінің *арнайы сыныптарында* оқытуды кіріктірудің бір түрі деп

санауға болады. Дегенмен де, бұны инклюзивтік білім беру деп атауға болмайды. Жеке сыныптарда оқыту кезінде қатарларының мүмкіндіктері шектеулі балалармен жиі араласа бермейтіндерін тәжірибе көрсетеді, ал инклюзивтік білім берудің алғышарты қарым-қатынас екені белгілі.[12]. Кіріктірудің түрлі үлгілері 1- кестеде мейлінше толық келтірілген.

Кіріктірудің саналуан үлгілерін сараптау әр баланың өзінің білім алу құқығын білім беру ұйымының кез-келген түрінде жүзеге асыруына және бұл кезде өзіне қажетті арнайы көмек алуына мүмкіндігі барын растайды. Білім беру үдерісін осылай ұйымдастыру кезінде барлық оқушы балалар мектептің қоғамдық өміріндегі әлеуметтік белсенді қызметке тартылады, бұл баланың бейімделу мүмкіндіктерін жоғарлатуға және тұлғаның жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

1- Кесте – Кіріктіре оқытудың нұсқалары

Кіріктіре оқытудың нұсқалары	Сипаттамасы	Іріктеу ережелері	Қосу уақытын мөлшерлеу
<i>Тұрақты, толық кіріктіру</i>	Психофизикалық және тілдік даму деңгейі жасына сәйкес немесе жақын келетін балалар үшін және дендері сау қатарларымен бірге оқуға психологиялық жағынан дайын балалар үшін тиімді	Дамуларында ауытқушылықтары бар балалар 1-3 адамнан жалпыға білім беру сыныптарына енгізіледі	Балалар қалыпты дамып келе жатқан балалармен күнібойы бірге болады
<i>Тұрақты, толық емес кіріктіру</i>	Қажетті білік пен дағдылардың аз мөлшерін қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен бірге меңгеруге және сабақтан тыс уақытының аз бөлігін ғана олармен бірге өткізуге қабілеттілер үшін тиімді	1/3 – дамуларында ауытқушылықтары бар балалар	Түзету сағаттары, кластан тыс шаралар
<i>Уақытша, жекелей кіріктіру</i>	Мүмкіндіктері шектеулі балалар қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірлескен шаралар өткізу үшін біріктіріледі		Айына 2 реттен кем емес

<i>Эпизодтық кіріктіру</i>	Бұл кіріктірудің мәні дамуында ауытқулары бар балалардың қатарларымен, білім беру және ведомствоаралық ұйымдардың әрекеттесулері аясындағы, аз да болса әлеуметтік әрекеттесулері болып табылады (мерекелер, сайыстар, балалар жұмыстарының көрмесі, үйірмелер және басқалар)	Егер мекеменің өз тәрбиеленушілерін дамулары қалыпты қатарларымен бірге тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған жұмыстарды өткізу мүмкіндіктері шектеулі болса	Шақырту бойынша
<i>Қашықтықтан оқыту</i>	Мүгедек балаларға жеке бағдарлама бойынша үйден білім алу мүмкіндігін ұсыну қашықтықтан оқытудың мақсаты болып табылады.	Уақытша жеке немесе эпизодтық кіріктірумен бірге инклюзивтік болады	Белгіленген тәртіпке сәйкес

Қазақстан Республикасында «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға кіріктірілген (инклюзивтік) білім беру бойынша ұсыныстарға» сәйкес [19], жалпыға білім беретін мектепте даму мүмкіндіктері шектеулі балалар контингенті болған жағдайда сыныптар ашылуы мүмкін:

1) *Кіріктіре оқыту сыныптары*, олар мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне толық кіріктіруді жүзеге асырады. Кіріктіре білім беретін бір сыныпта оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны үштен аспауы тиіс;

2) *арнай (түзету) сыныптар* (бұдан әрі – арнайы сыныптар), даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне ішінара кіріктіруді жүзеге асырады.

Сонымен, баланың даму деңгейіне және психологиялық дайындығына, оның ата-аналарының (занды өкілдерінің) ықыласына байланысты жалпыға білім беру ортасынан мүмкіндіктері шектеулі әр бала үшін кіріктірудің қолжетімді және пайдалы үлгісінің таңдау мүмкіндігі бар. Н.Н. Малофеевтің, Н.Д. Шматконың зерттеулерін сараптау [18] кіріктіре оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының тиімді түрлерінің бірі ретінде аралас түрдегі білім беру ұйымын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Балалардың қалыпты да, арнайы да, аралас та топтарын құруға дәл осы ұйымдарда мүмкіндік бар, бұл әр балаға қажетті арнайы кәсіби педагогикалық көмекті таңдай отырып, біріктірудің барлық түрлерін жүзеге асыруға, жалпыға білім беру мектептері мұғалімдерінің

дефектолог мамандармен дұрыс әрекет етулерін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл уақытта аралас білім беру ұйымында дамуларында айқын ауытқулары бар балаларға, арнайы және қалыпты дамып келе жатқан балаларға сапалы білім беруді қамтамасыз етуге болады. Бұл «қалыпты» балаларға, өздеріне қатысты емес себептерге байланысты, қабілеттері, ойлаулары мен біліктері төмендеу, бірақ мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттері мол, адамгершілік ережелері мен тәртіптерін сақтауға қабілетті жандармен араласып, келешектегі ересек өмірлерінде қажет болатын әлеуметтік-эмоционалдық дамуларын бірегей тәжірибемен байытуға мүмкіндік береді [13].

Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру мектептеріне кіріктірудің түрлері мен шекаралары туралы көптеген пікірталастар, олардың мейлінше тиімді үлгілерін іздеу мәселесінің көп қырлы әрі қиын екендігінің куәсі. С. В. Алехинаның ойынша [17], әлеуметтік кіріктірудің артықшылығы, демек қалыпты дамып келе жатқан қатарларының ортасында үнемі болу (білім арудың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай болмаған кезде), мүмкіндіктері шектеулі балалардың табысты білім алуына және қолайлы дамуына кедергі келтіретін фактор болуы мүмкін. Бұл көзқараспен Н.Н. Малофеев те келіседі [13], инклюзивтік білім берудің негізгі артықшылығы ретіндегі «енгізілген» баланың әлеуметтік тәжірибені табысты меңгеруі туралы дәлелге ол мектепке кез-келген бала, соның ішінде «енгізілгені де» білім алу үшін келеді деп жауап береді. Осыған сәйкес, білім алу қажеттіліктері ерекше бала үшін кіріктіре білім берудің қандай да бір үлгісін таңдау оның білім беру және әлеуметтік сипаттамаларын сараптау негізінде жүргізілуі тиіс.

Жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру үлгісі

Алдыңғы бөлімде жүргізілген даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқықтарын жүзеге асырудың тұжырымдамаларын және олардың философиялық, мәдениеттанушылық алғышарттарын сараптауды қорытындылай келе, қарастырылған тұжырымдамалардың әрқайсысы әртүрлі мақсаттарға бағытталатындығына және бұндай балаларды білім беру үдерісіне енгізудің ерекше үлгісі ретінде қаралуы мүмкін екендігіне көңіл бөлу маңызды. Даму мүмкіндіктері шектеулі баланы кіріктірудің нақтылы жағдайында, шешілетін міндеттерге байланысты, бұл үлгілердің кез-келгені қолданылады немесе, мүмкін болған кезде, оларды (үлгілерді) біріктіруге болады, бұл осы үлгілерді белгілі жағдайларда бір-біріне қосымша ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу моделі барлық элементтерің тұтасымен біріккен жүйесін білдіреді. Инклюзивтік білім беруде кез-келген әлеуметтік жүйеге тән оң тұжырымдамалармен қатар кері тұжырымдамалардың барын есте сақтау қажет. Егер инклюзивтік білім беруді ұйымдастыруда дифференциациялау үрдісі басым болса, ал білім беру жүйесіндегі жіктелген бөліктер арасындағы ішкі байланыстар нығайтылмаса, онда бұндай жүйе жалпы қатардан «түсіп қалатын» құрылымдық элементтерді шеттетеді [2].

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазыр әлемде инклюзивтік (кіріктірілген)

білім беруді ұйымдастырудың мейлінше көптеген үлгілері белгілі, олар арнайы педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген. Жалпылама түрде олар кіріктіре оқытудың келесі нұсқаларын ұсынады [2]:

4. *Қажеттіліктері ерекше жекелеген оқушыларды жалпыға білім беру мектептерінің қалыпты сыныптарына кіргізу:*

- баланы жалпыға білім беру мектептеріндегі оқу үдерісіне ішінара кіргізу (бала тұрақты арнайы мектепте оқиды және жалпы білім беру мектебіндегі тек жекелеген сабақтарға қатысады);
- баланы білім берудің белгілі бір мерзіміне уақытша кіргізу (әдетте, ұзақ уақытқа емес және баланың барлық пәндер бойынша қатарларымен бірге оқу мүмкіндігін тексеру үшін);
- барлық оқу мерзіміне тұрақты кіргізу.

5. *Жалпыға білім беретін мектептердің жанынан қажеттіліктері ерекше балалар үшін кіріктірілген арнайы сыныптар ұйымдастыру:*

- жалпыға білім беретін мектептердің қалыпты жоспарларымен және бағдарламаларымен бірдей жұмыс жасайтын;
- қажеттіліктері ерекше балалардың белгілі санаттарына арналған арнайы жоспарлар мен бағдарламалар бойынша жұмыс жасайтын;
- оқыту жеке білім беру жолдарының негізінде жалпы білім беру стандарттары бойынша ұйымдастырылады.

6. *Модульді кіріктірілген оқыту*, психикалық және тұлғалық кемшіліктері бар балалар үшін жалпыға білім беретін мектептер жанынан арнайы (түзету) мектептің жоспарларымен және бағдарламаларымен жұмыс жасайтын, оқу үдерісімен қатар оңалтуды да қамтамасыз ететін жеке инфроқұрылымы бар модуль-сыныптарын ұйымдастыруды білдіреді.

Сәйкесінше, қажеттіліктері ерекше баланы жалпыға білім беру үдерісіне кіргізгендегі ең басты міндет кіріктіруді ұйымдастыру үлгісінің оған келетін түрін анықтау болып табылады. Н.Д. Шматко [20] даму мүмкіндіктері шектеулі баланы қалыпты дамып келе жатқан балалардың білім алу ортасына енгізу мәселесін шешкен кезде, шамамен «ішкі» және «сыртқы» деп бөлуге болатын бірқатар көрсеткіштерге көңіл бөлу керектігін атап көрсетеді. Сыртқы көрсеткіштерге баланы оқыту мен дамытуды жүзеге асыратын жағдайлардың жиынтығы жатады, ішкіге – оның психофизикалық және тілдік даму деңгейі жатады [20].

Қажеттіліктері ерекше балаларды тиімді кіріктіруді қамтамасыз ететін сыртқы жағдайларға *жсататыны*:

- ауытқуды ерте анықтау (өмірінің алғашқа жылында) және өмірінің бірінші айларынан бастап түзету жұмыстарын жүргізу, себебі бұл кезде баланың дамуында жалпыға білім беру ұйымында білім алуға мүмкіндік беретін нәтижелерге қол жеткізуге болады;
- ата-аналардың баланы дендері сау балалармен бірге оқытуға деген ынтасы және оқу барысында балаларына шынайы көмек көрсетуге деген ұмтылыстары мен дайындықтары;
- кіріктірілген балаға тиімді кәсіби түзету көмегін көрсету мүмкіндігінің болуы;
- кіріктіре оқытудың түрлі нұсқаларын жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Ішкі көрсеткіштерге жататыны:

- психофизикалық және тілдік дамудың жасына сәйкес немесе соған жақын келетін деңгейі;
- жалпы білім беру стандарттарын қалыпты дамып келе жатқан балалар үшін белгіленген мерзімде меңгеру мүмкіндігі;
- бланың кіріктіре оқытуға психологиялық дайындығы.

Мектеп жүйесінде жаңа элементтің (мысалы, арнайы түзету сыныбы) пайда болуы белгілі бір шиеленіс тудыратынын да ескеру керек, жаңа элементтің бейімділігін көтеруге бағытталған үдерістерді реттеу бойынша шаралар, оны шешуге ықпал етеді.

В. В. Коркунов пен С. О. Брызгалованың ойларына, бұндай шараларға келесілер жатады [2]: жалпыға білім беру ұйымының жұмыс мақсаттарын түзету, жалпы мектептік біріге қызмет ету түрлері мен нысандарына жаңа элемент енгізу, бұл, жинақталып, жүйенің басқа элементтерімен бірігуіне алып келуі мүмкін. Сонымен, жалпыға білім беру мектебінің ұйымдастыру жүйесіне қандай да бір арнайы (түзету) сынып енгізу келесі шараларды жасаумен және өткізумен қатар жүруі тиіс:

1. Жаңадан құрылған арнайы (түзету) сыныпты ескере отырып, мектептің мақсаттары мен міндеттерін тұтасымен түзету.
2. Жаңадан құрылған арнайы (түзету) сыныптың дәрежесін анықтау (белгілі түрдегі бағдарламаларды жүзеге асыратын арнайы түзету сыныбы).
3. Түзету сыныбын жалпыға білім беру мектебінің жағдайына бейімдеу.
4. Арнайы сыныптың балаларына білім беру мен басқа қызметтер көрсету үшін материалдық негіз құру.
5. Кіріктірілген сыныптың әрбір оқушысына білім беру бағдарламаларын меңгеруде көмек көрсету үшін қызметкерлер дайындау.
6. Бейімделудің, оңалтудың және білім алудың жеке бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру.

Сонымен, білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды қалыпты дамып келе жатқан балалардың ортасына кіргізу білім беру үдерісін ұйымдастыруға елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді және жалпы білім беру мектебіндегі барлық оқу мерзімінде оқушыларға материалдық-техникалық және психологиялық – педагогикалық жағдайлардың тұтас кешенін қамтамасыз ету қажеттігін анықтайды. Бұндай жағдайларды таңдау көбіне кіріктіре оқытудың үлгісіне байланысты болады.

Білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды қалыпты дамып келе жатқан балалардың ортасына енгізу моделі келесі қағидалармен сипатталады:

1. *Жүйелілік* – түрлі бағыттағы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету барысында жүзеге асырылады: балаларға, мұғалімдерге, ата-аналарға (баланы шынайы оқыту кезінде көрсетіледі, орын алған қиындықтарды, оқушының мүмкіндіктерін, оның күшті жақтарын, білім алудың жеңіл жолдарын анықтайды және барлық құрама бөліктері ескеріле отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесі анықталады, жасалады);

2. *Жыынтықтылық* – балаға мұғаліммен, психологпен, логопедпен, ата-аналармен, оның барлық қызмет саласын (танымдық, эмоционалдық-

жігерлік, қимылдық) қамтитын, кешенді көмек көрсетілуінен көрінеді; оқудағы жетістіктерді қадағалауға және тұлға аралық байланыстарды орнатуға көмектесетін әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастар оңтайландырылады;

3. *Біқпалдастық* – әртүрлі тәсілдердің (психотерапевтік және психологиялық-педагогикалық), әдістемелердің, амалдардың, дидактикалық және психотерапевтік әдістердің (білім беру саласын ғана қамтып қоймайды, микроәлеуметтік ортаны да қамтиды) бірігуін қарастырады.

4. *Баланың ерекше қажеттіліктерінің басымдылығы* – баланың сабақ оқудағы қиындықтарының себептерін анықтау, айналма жолдар ретінде пайдалану үшін оның ерекше қажеттіліктерін білу және ескеру (білім беру үдерісін ұйымдастырудың арнайы жағдайын қажет етеді);

5. *Үздіксіздік* – оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін ерте анықтау қажеттілігін, білім арудың барлық сатыларында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді білдіреді.

«Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивтік) оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарға» сәйкес [19], мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру мектебіне қабылдау ата-анасының және/немесе басқа заңды өкілдерінің жазбаша өтініші, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (бұдан әрі – ПМПК) оқыту түрін ұсынған қорытындысы негізінде жүргізіледі. Құжатта даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, бұзылған немесе жоғалтылған қызметтерін түзету және өтеу мақсатында оларға жалпыға білім беру мектептерінде арнайы білім беру және материалдық-техникалық жағдайлар (қазырғы заманғы техникалық және қосымша құралдармен қамтамасыз ету, жалпыға білім беру және арнайы білім беру бағдарламаларын толық меңгерулері үшін осы топтың барлық оқушыларына қажетті деңгейде қолдау көрсету және басқалар) жасалу керек делінген.

Әдістемелік ұсыныстарда білім беру ұйымының ішіндегі педагогикалық түзету жұмысы арнайы маманмен (дефектолог мұғаліммен, психологпен, әлеуметтік педагогпен) жүргізілуі керек делінеді. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру ұйымынан тыс оқыту үдерісіне қолдау көрсетуді арнайы түзете білім беру ұйымдарының, ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, логопедтік пункттің мамандары, сонымен қатар, келісімшарт негізінде медициналық мекемелердің мамандары жүзеге асырулары тиіс.

Білім алу қажеттіліктері ерекше балаларға жалпыға білім беру мектептерінде кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру үлгісі бұл үдерістің құрылымдық-ұйымдастырушылық және мағыналық-процессуалдық ерекшеліктерін көрсетеді. Білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды қалыпты дамып келе жатқан оқушылардың ортасына енгізу үлгісі келесі түрде ұсынылуы мүмкін [21]:

1) *Ынталандыру сатысы* – білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын алдағы іс-әрекетке ынталандыруды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ету. Білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың кез-келген санаты үшін (тіл мүкістігі, психикалық дамуының артта қалуы, тәртібінің бұзылуы) ересектермен, әсіресе мұғалімімен және

ата-анамен эмоционалдық байланыстың маңызы өте зор. Түзету жұмысы мұғалім-бала-ата-ана үштігінің арасындағы қалыптасқан қарым-қатынасқа байланысты болады. Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының арасында түсіністік пен қолдау орнаған кезде ғана, түзету үдерісін қысқа мерзімде тиімді жүзеге асыруға болады. Үлгіландыру сатысы көп жағдайда мұғалімнің, психологтың, дефектолог мұғалімнің, логопедтің жеке қасиеттеріне және кәсіби біліктіліктеріне, олардың психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиясын қаншалықты сенімді етіп жеткізе алатындықтарына байланысты болады.

2) *Бағытталу сатысы* – алдағы жұмыстың мағынасы мен мазмұнын анықтау, жалпы тәсілдер дайындау, балаға қатысты рөлдер мен кәсіби ұстанымдарды анықтау, қолдауға қатысушылар арасындағы функционалдық міндеттерді бөлу. Бұл сатыда қолдаудың құрылымдық элементтері нақтыланады (баланың мектептегі бейімсізденуінің, қиындықтарының себептерін анықтау; түзете-дамыту жұмыстарының мазмұнын және оны жүзеге асыру түрлерін негіздеу; қолдауды жүзеге асыруға қатысушы ересектердің мүмкіндіктерін және баланың қорын ескере отырып, осы үдерісті ұйымдастыру тәсілдерін таңдау; баланың қиындықтары және күтілетін нәтиже туралы ата-аналардың ойлары анықталады). Түзете – дамыту үдерісі баланы оқыту барысында және арнай сабақтарда (тренингтер мен түзету сабақтары) жүзеге асырылады. Психологиялық - педагогикалық қолдау көрсету тұжырымы жасалады, отбасындағы микроәлеуметтік ортаға қойылатын талаптар нақтыланады.

3) *Мазмұндық – операциялық саты* – нақтылы балаға қатысты нақтылы міндеттерді жүзеге асыру бойынша анықтау негізіндегі түзету бағдарламалары жасалады. Әрекеттестіру мақсатында балалармен, психологтармен, мұғалімдермен, логопедтермен, ата-аналармен жұмыс жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, жұмыс барысында қиналатындар үшін, психологиялық- педагогикалық дайындық жүргізіледі.

4) *Бағалау сатысы* – педагогикалық және психологиялық анықтаудың қорытындысы, команда нәтижелерін барлық мамандардың сараптауы, рефлексия кіреді. Ата-аналардың қанағаттану дәрежелері, тілектері ескеріледі. Берілген қорытынды осы балалармен одан әрі жұмыс жасауға негіз бола алады.

Кіріктіре оқыту жағдайындағы психолого-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттарын бөлу орынды:

- психофизикалық дамудағы аутқуларды педагогикалық және психологиялық анықтау және түзету көмегіне деген қажеттіліктеріне қарай анықтау;
- жеке, топтық, жаппай түзете-дамыту жұмысы;
- оқушылардың қажеттіліктеріне сай келетін арнайы түзете-дамыту ортасын құру;
- тиісті түзету міндеттерін шешу мақсатында, нақтылы балаға бағытталған жеке және топтық түзету бағдарламаларын жасау (құру);
- отбасылық қарым-қатынастарды үйлестіру мен оңтайландыруда ата-аналарға психотерапевтік және педагогикалық көмек көрсету;
- білім беру және тәрбиелеу үдерістерінде қолданылатын түзету

технологияларына ғылыми негіздеме беру.

Бұл бағыттарды нақтылап қарастырайық.

Психологиялық-педагогикалық анықтау

Дамуларында ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың табысты болуы үшін олардың мүмкіндіктерін дұрыс бағалау және білім алудағы ерекше қажеттіліктерін анықтау қажет. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық анықтауға ерекше рөл беріледі, ол келесілерді қамтамасыз етуді білдіреді:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды дер кезінде анықтау;
- даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, психикалық дамуларындағы кемшіліктерге байланысты болатын, білім алудағы ерекше қажеттіліктерін анықтау;
- тиімді педагогикалық жолды анықтау;
- даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық дамуындағы ерекшеліктерін және балалардың жеке даму мүмкіндіктерін (психологиялық- медициналық- педагогикалық комиссияның ұсынысына сәйкес) ескере отырып, жеке бағытталған психологиялық- медициналық- педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру;
- түзету шараларын жоспарлау, түзету жұмысының бағдарламаларын жасау;
- түзету жұмысының тиімділігін және даму динамикасын бағалау;
- баланың ата – анасына кеңес беру.

Диагностика (анықтау) үш сатыда жүргізіледі:

Баланың даму ерекшеліктері туралы мұғалімнің берген қорытындысы бірінші сатының нәтижесі болады. Қорытындыны анықтау және нақтылау үшін екінші саты (анықтаушы) өткізіледі, ол келесі әдістерге сүйенеді: әңгіме, нәтижелі қызметті сараптау, тестер, сұрақтар, мұғалімдерден сауалнама алу.

Үшінші сатының (соңғы) мәні бастапқы немесе анықтаушы сатыда алынған диагноздардың мәліметтерін жалпылау ғана емес, сонымен қатар салыстыру мен теңестіру болып табылады. Алынған мәліметтерді сараптау үдерісі және олардан белгілі бір қорытынды шығару интерпретация (түсіндіру) деп аталады. Көбіне сараптық бағалау әдісі қолданылады. Баланың даму мониторингіне баланың психикалық дамуын, денсаулық жағдайын, сонымен қатар жалпы қабілеттердің (танымдық, қарым-қатынастық, реттеуші) дамуын бағалау кіреді.

Бала ағзасының мониторингі жылына екі рет жүргізіледі: бағдарлама бойынша жұмыстың басында және аяғында. Алынған мәліметтер білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастыруда алдағы уақытта мақсатты өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Инклюзивтік сыныпта дене шынықтыру мен оқыту ортасын ұйымдастыру

З.А.Мовкебаеваның, И.А.Оралқанованың, И.А.Денисованың,

Д.С.Жакупованың әдістемелік ұсыныстарында [14] инклюзивтік білім

беруді ұйымдастыру кезіндегі маңызды мәселелердің бірі ретінде инклюзивтік сыныпта дене шынықтыру кеңістігін ұйымдастыру аталады. Әрбір баланың оқу үдерісіне қатысуға және басқа оқушылармен әрекеттесуге мүмкіндігі болу үшін, оқу кеңістігі барлық балалар үшін қолжетімді болуы керектігін ескеру қажет. Ол үшін сыныптың есігі арбада отырған балаға жеңіл ашуға ыңғайлы болып, айқарыла ашылуы қажет және «ерекше бала» өтіп кеткенше жабылып қалмауы керек. Көру қабілеттері бұзылған «ерекше балалар» жартылай ашалған есіктің арасынан өтпеулері үшін, есіктер толық ашық немесе толық жабық болуы керек.

Қимыл-қозғалысы бұзылған «ерекше баланың» сынып ішінде еркін жүріп-тұруы үшін, ол оқитын сынып мейлінше кең болуы керек. Көптеген заттар қойылған кеңістік көру қабілеттері бұзылған балаларға кері әсерін тигізеді. Сынып бөлмесінде парталарды орналастырған кезде, «ерекше баланың» сынып ішінде еркін қозғалуын қамтамасыз ету керек. Мүгедек арбасындағы «ерекше балалар» үшін оқушы орнының ең аз көлемі (мүгедек арбасының бұрылуын ескергенде) 1,5м x 1,5м. құрайтынын ескеру қажет. Тірек-қимыл аппараттары бұзылған балаларға партаның жанынан мүгедек арбасын (егер бала одан партаға ауысатын болса), балдағын, таяғын қоятын қосымша орын қарастыру қажет. Парталардың арасындағы өтетін орынның кеңдігі 90 см. кем болмауы керек. Кіреберіс есіктің кеңдігі де осындай, табалдырығы жоқ болуы тиіс.

Сыныптағы тақта барлық балалардың қолдары жететін биіктікке орналастырылуы керек. Тақтаның алдында арбадағы немесе балдақтағы

«ерекше бала» кедергісіз қозғала алатындай бос орын қалдыру ұсынылады. Көру қабілеттері бұзылған балалар үшін жалпы бөлме ішінде едені бедерлі фактурамен немесе кілем жапқышпен бөлінген біркісілік оқушы орнын дайындау қажет. Көру қабілеті нашар баланың жұмыс орнындағы жарыққа да көңіл бөлу керек. Көру қабілеті нашар баланың партасы терезе жанында және бірінші қатарда болғаны дұрыс. Түрлі сабақтарда пайдаланылатын оқулықтар, қажеттіліктері ерекше бала оны ұстай алуы үшін, көрнектіліктерімен қатар бедерлі де болуы керек [22].

Өз кезегінде, есту қабілеттері бұзылған балалар үшін олардың оқу орындарын электроакустикалық құралдармен және жеке құлаққаптармен жабдықтау қажет. Есту қабілеттері бұзылған балалардың сыныпта дұрыс бағытталулары үшін, сабақтың басталғаны мен аяқталғаны туралы белгі беретін белгі беру шамдарын орнату керек. Және де сыныптағы үстелдер мен орындықтардың биіктігіне де көңіл бөлген дұрыс. Инклюзивтік сыныптарда парталардың биіктіктерін өзгерту қажет болуы мүмкін: парталарды біршама жоғарлату қажет. Сөрелер мен стеллаждар да балалардың қолдары жететін биіктікте болуы керек.

Инклюзивтік мектептегі дендері сау балаларға қолжетімді барлық жерлер мен бөлмелер дамуларында ерекшеліктері бар балалар үшін де қолжетімді болуы керек. Бұл оқу алаңына да, мектеп әкімшілігінің бөлмелеріне де, спорт залға және мектеп ауласындағы ойын алаңына да қатысты. Көру қабілеттері бұзылған балалардың мектеп ауласында қауіпсіз жүріп-тұруларын қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қажет болуы мүмкін, мысалы: түрлі бағандарды, қоршауларды, баспалдақтарды,

орындықтарды қандай да бір ашақ түске (мысалы, сары) бояу. Бұл балалар байқаусызда бір жерлерге соғылып, денсаулықтарына зиян келтіріп алмаулары үшін қажет. Оқу бөлмесіндегі түстерді де назардан тыс қалдыруға болмайды, бөлменің ақ түсті қабырғаның, күн сәулесінің және қажет болған жерлерде қосымша жарықтың есебінен жарық болғаны дұрыс. Қажеттіліктері ерекше балалардың кейбір өсімдіктерге, жануарларға аллергиялық реакцияларының болу мүмкіндігін ескеріп, сынып ішінде олардың көп мөлшерде орналастырылмауларын қадағалаған жөн. Бөлмені желдетіп, ондағы температураның қалыпты болуын қадағалау, ылғалдылықтың және балаларға кедергі келтіретін шудың болмауына көңіл бөлу [23].

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

Жалпыға білім беру ұйымында оқитын қажеттіліктері ерекше балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мақсаты - баланың дұрыс дамуын, социумға табысты енуін қамтамасыз ету. Жалпыға білім беру мектебінде оқитын қажеттіліктері ерекше балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің міндеттері:

- бала дамуында қиындықтардың пайда болуының алдын-алу;
- балаға дамудың, білім алудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмек (қолдау) көрсету: сабақ оқудағы қиындықтар, білім алу мен кәсіп таңдау мәселелері, эмоционалдық-жігерлік саланың бұзылуы, қатарларымен, мұғалімдерімен, ата-аналарымен қарым-қатынастағы қиындықтар;
 - білім беру бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету;
 - оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін жетілдіру.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету екі келісілген үдерістерді қамтамасыз етуге бағытталған [21]:

1) баланың дамуына қолдау көрсетуге және оны оқыту үдерісіне, орын алған бұзылушылықты түзетуге немесе азайтуға бағытталған түзету жұмысына, және баланың жасырын мүмкіндіктерін ашуға, даму деңгейін жоғарлатуға бағытталған дамыту жұмыстарына қолдау көрсету,

2) кешенді технология – балаға қолдау көрсетуді оған даму, білім мен тәрбие алу, әлеуметтену мәселелерін шешудегі көмек көрсетудің ерекше жолы. Кіріктірілген сыныптағы сабақтың құрылымы аз қамтылған мектептегі сабақтың құрылымына ұқсас. Ішкі дифференциация негізінде мұғалім оқушылардың жекелеген топтарымен жұмыс жасайды (жаңа сабақты түсіндіру, бекіту), бұл кезде басқа балалар тапсырмаларды өз беттерімен орындайды [22].

Түзету көмегінің негізгі түрі – міндетті түрде ата-аналарының қатысуымен өтетін жеке сабақтар немесе аз топтағы (2-3 баладан) сабақтар.

Түзету сабағын балаларға дефектолог мұғалім жүргізеді. Жұмысқа, сонымен қатар, психолог мұғалім, музыкалық жетекші, дене шынықтыру бойынша тәрбиеші, осы ұйымның медициналық және техникалық қызметкерлері де тартылады. Сәйкесінше, бүлдіршіндерді, бұзылу түрлері

ауыр балаларды қолдау, тәрбиелеу мен оқыту технологияларының жаңа ұйымдастыру түрлерін, ата-аналарды қарқынды оқытудың технологияларын меңгеру қажеттілігіне байланысты, мамандардың кәсіби күзіреттіліктерін көтеру қажет. Жалпыға білім беру мұғалімдеріне кеңес беру түріндегі бұндай көмекті дефектолог мамандардың ұйымдастыруларына болады, бұл даму ерекшеліктері бар баланы оқытуға мейлінше тиімді көмек көрсетуге ықпал жасайды.

Кіріктірілген ұйымдарда балалармен ғана түзету жұмыстары жүргізіліп қоймайды, бұнда ата-аналарға балаларды отбасында тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдері мен әдістерін, балаларымен ынтымақтастықтың педагогикалық технологияларын, отбасында психотерапевтік көмек көрсетуді және басқаларды үйретеді. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) білім алу қажеттіліктері ерекше балаларға мектепте қолдау көрсету қызметінің ұйымдастыру құрылымы болып табылады. ПМПК білім беру ұйымының құрылымдық бөлімі болып табылады, ол қолдау үдерісін реттейді және оның жиынтықтылығын қамтамасыз етеді.

Қажеттіліктері ерекше балалар үшін біртұтас түзете-дамыту жүйесін құру, әртүрлі жан-жақты мамандарды тартуды талап ететін қиын шаруа.

Кіріктірілген мектеп жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету білім беру үдерісінің барлық мүшелерімен әрекеттесіп жүзеге асқан жағдайда ғана тиімді болады.

Білім беру үдерісін жобалау

Дамулары ерекше балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру түзете- дамыту жұмыстарының түрлеріне өзгерістер енгізуді меңзейді. Көптеген балаларға қозғалыс қиындықтары, қозғалыстың баяулығы, жұмыс жасау қабілетінің төмендігі тән, бұл білім беруді жоспарлауға өзгерістер енгізуді талап етеді. Ең алдымен, кіріктірілген сыныптарда (мектептерде) түзете-білім беру жұмыстарының түрлі үлгілерін түрлендіруді қарастыру орынды: жеке, топшада және жаппай. Топшаларды жиынтықтау және түзете-дамыту сабақтарының ұзақтығы балалардың жастарына, жеке ерекшеліктеріне байланысты және алға қойылған міндеттермен, даму деңгейлерімен, бұзылулардың ауырлығымен және оқушылардың жастарымен анықталады. Білім берудің мейлінше тиімді әдістері мен тәсілдері білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады: көрнекілік, тәжірибелік, сөздік. Әдістер мен тәсілдерді тиімді таңдау мәселесі әрбір нақтылы жағдайда мұғаліммен жеке шешіледі. Сабақ барысында талдағыштар саны қаншалықты көп болса, білімнің толығырақ және мықтырақ болатынын есте сақтаған жөн. Балама әдістерді таңдау білім беру үдерісінің тиімділігіне ықпал етеді. Балалардың көңілдері, олардың психологиялық күйлері нақтылы жағдайларда сабақтардың әдістерін, тәсілдерін және құрылымын түрлендірудің себебі бола алады.

Мұғалімнің балалармен жақсы, түсінікті қарым-қатынас жасауы үйрету мен білім беруде өте маңызды.

Мұғалімдер тырысулары керек:

- қарапайым, түсінікті тілде сөйлеуге, оқу материалдарын қисынды

және ретімен жеткізуге;

ыммен сөйлесу әдістерін білуге және дұрыс қолдануға, қимыл тілін түсінуге, түрдің, дауыстың өзгеруін түсінуге және т.б.;

қарым-қатынастың бақылау, бағалау түрлерінен гөрі көбіне құптау, қолдау түрлерін пайдалануға;

сөйлей алмайтын, нашар естейтін немесе басқа тілде сөйлейтін қажеттіліктері ерекше балаларға көмек көрсету үшін қарым-қатынас жасау әдістерін таңдауда икемді болуға;

қарым-қатынас барысында балалардың шаршап қалмаулары үшін үнемі үзілістер жасап тұруға;

оқу материалының мейлінше естіп-көруге қолжетімді (аудиовизуалды) болуын қадағалау [24].

Қажеттіліктері ерекше балаларға деген оң қарым-қатынас қалыптастыру

Қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру кеңістігінде тәрбиелеу және оқыту мәселесі түсіністік пен икемділікті қажет етеді, себебі дамуларында ауытқулары бар балалардың бәрі бірдей дендері сау қатарларының ортасына жеңіл бейімделе бермейді. Зерттеушілердің айтулары бойынша [16], қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне тиімді енгізудің маңызды шарттарының бірі – мұғалімдердің де, сыныптастардың да, ата-аналардың да жалпы оң икемделулері болып табылады. Егер мұғалім «ерекше балаға» «қалыпты балаға» жасағандай қарым – қатынас жасаса, бұл «ерекше баланың» сыныптастарына да беріледі.

Бұл кезде қандай да бір қиындықтары бар балаға сыныптастары қолдарынан келген көмектерін береді, сонымен қатар арнайы архитектуралық қондырғылар мен құрылғыларға да түсіністікпен, күтіммен қарап, олардың ұзақ уақыт қызымет етулеріне жағдай жасайды. Осыған байланысты, мұғалімдердің алдында «қалыпты балалардың» ата-аналарын қажеттіліктері ерекше балаларды дұрыс қабылдауға дайындау міндеті тұрады. Балаларда адамдармен, олардың ерекшеліктеріне қарамастан, дұрыс қарым-қатынас жасау мәдениетін тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіре отырып, ата-аналармен мақсатты жұмыстар жүргізу қажет. Ата-аналарды қайта тәрбиелеу мүмкін еместігі, әрине, түсінікті, дегенмен де, біріккен және арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде, олардың қажеттіліктері ерекше балаларға қатысты іс-әрекеттерін реттеуге, қарым-қатынастарын өзгертуге әбден болады. Бұл үшін мұғалім инклюзивтік білім беру негізін түсіндіретін және балаларды бірге оқытудың оң жақтарын ашатын кеңес беру жұмыстарын үнемі өткізіп тұруы керек. Ата-аналардың балаларды бірге оқыту алдындағы үрейлерін жоққа шығару және олардың бірге табысты еңбек етуге деген ниеттерін ынталандыру қажет. Бұл әрекеттесудің негізінде төмендегілерді білдіретін адамгершілік ой- сана жатуы тиіс:

бірге әрекет ету және қарым-қатынас жасауды ұйымдастыру барысында әрекеттесушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін анықтау және ескеру;

ата-аналар мен балалардың жақсы жақтарына сүйену;

- ата-аналардың сенімдері;
- ата-аналарды бала тәрбиесіндегі өздерінің ниеттестері, мүдделестері ретінде қабылдау;
- отбасымен, ата-аналармен, баламен жұмыс жасауға, пайда болған қиындықтарды шешуге сеніммен қарау;
- баланың тағдырына, отбасының мәселелеріне жанашырлықпен қарау, баланың және отбасының мүдделерін қоғау, түрлі мәселелерді шешуге көмектесу;
- ата-аналардың «ерекше балаларға» құрметпен, мейірімділікпен, адамгершілікпен қарауларын қалыптастыруға ықпал ету.

Мұғалімдер шыдамды, дәйекті, тыңдай білетін, әр баланы жеке оқыту түріне құрметпен қарайтын болулары керек. Бұлармен қатар оларға төмендегілер де қажет:

- балалардың сабақты қабылдауларының әртүрлі болатынын мойындау, сабақты осыған байланысты жоспарлау;
- бекітілген сабақ жоспарынан гөрі жағдайға қарай әрекет етуді жоспарлау;
- балаларды сабаққа толық қатыстыру және оқу үдерісін тиімді ету мақсатында, ата-аналармен ынтымақтасу;
- сыныптағы барлық балалармен қатар, жекелеген балалардың да сұраныстарына шығармашылықпен және икемді жауап беру;
- әр сыныптағы оқушылардың белгілі бір бөлігі сабақ оқуда қиыналатындарын білуі керек.

Бұл кезде сабақ берудің келесі әдісін – балаға бағытталған белсенді әдістерді қолдану. Бұл әдістер мыналар:

- балаларға бірге оқуға, ойнауға және жауапкершілікті бөлісуге көмектесу;
- білім алудағы қиындықтардың ауыртпалықтарын және дәрежесін төмендету және бұл қиындықтардың дамуына жол бермеу;
- тәртіп мәселелерін шешу;
- күнделікті өмірде қолданылатын дағдыларды сабақ жоспарына енгізу;
- сабақты қызғылықты етіп құру;
- өткен материалды мектептегі және үйдегі жағдайлармен байланыстыру;
- балалардың қызығушылықтарын тудыру және оларға өз шамаларына қарай оқуға мүмкіндік беру үшін, білім беру әдістерін және сабақ жылдамдығын түрлендіріп отыру;
- сыныптағы қарым-қатынасты жақсарту;
- мұғалімге өз біліктілігін жетілдіруге көмектесу.

Қажеттіліктері ерекше баланың жеке білім беру бағыты, оны қатарларының ұжымына ересек адамның көмегімен біртіндеп қосуды білдіреді, ол қажеттіліктері ерекше баларда бірыңғай балалар ұжымында әрекет ету дағдысын қалыптастыру үшін, мұғалімнен жаңа психологиялық ұстанымды

талап етеді. Білім беру және тәрбиелеу үдерісі, қалыпты дамып келе жатқан балалардың ортақ сұраныстарымен қатар, психикалық дамуының бұзылу сипатына қарай қажеттіліктері ерекше болатын балалардың да жеке сұраныстарын қанағаттандыратындай, дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ғана, білім алу қажеттіліктері ерекше балалар өздерінің жасырын мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады. (Н.Н.Малофеев, О.И. Кукушкина. Е.Л Гончарова, О.С.Никольская және басқалар).

Қажеттіліктері ерекше балаларға инклюзивтік білім берудің түрлі нұсқаларын үлгілеудің қазырғы кезде қалыптасқын тәжірибесі және олардың әрқайсысына әдеттегі жалпыға білім беру мектептерінде білім алудың тиімді жағдайларын жасау, балалардың түрлі әлеуметтік топтармен бірігудің алуан түрін игеруге және қарым-қатынас барысында қалыптасқан әлеуметтік-мәдени талаптарға сәйкестенуге қабілетті дегенді білдіреді.

Кіріктіре оқыту тиімділігінің көрсеткіштері

Қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне кіріктіру тиімділігін бағалау үшін белгілі көрсеткіштерге бағытталу қажет, олар барлық білім беру жүйесін, білім берудің түрлі деңгейлерін және жекелеген білім беру ұйымдарын бағалауда да қолданулары мүмкін. Келесілер осындай көрсеткіштер бола алады:

7. Орта сапасы – инклюзивтік білім беру үшін барлық жағдай жасаған жалпыға білім беру ұйымының жалпы санға шаққандағы үлесі. Бұл көрсеткіштерге кіретіндері: кедергісіз ортаның сапа көрсеткіші, инфрокұрылымның, әлеуметтік және медициналық- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің қолжетімділігі, білім беру бағдарламаларының және бағалау жүйесінің бағыттылығы, тең құқықтылық жағдайы.

8. Қамту сапасы – білім алу қажеттіліктері ерекше тұлғалардың жалпы санына шаққандағы инклюзивтік білім берумен қамтылған тұлғалардың үлесі (білім берудің түрлі деңгейлерінің және білім алу қажеттіліктері ерекше тұлғалардың түрлі санатарының (мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оралмандар, жетімдер және басқа санаттар) кесіндісінде).

9. Кіріктіру деңгейі – білім алу қажеттіліктері ерекше тұлғалардың немесе олардың өкілетті уәкілдерінің білім беру сапасымен қанағаттану деңгейлерін және олардың жалпыға білім беру ұйымдарына мұқтаждық деңгейін өлшеу.

10. Қолайлылық деңгейі – бағытталған, қолайлы білім беру кеңістігін құру, кемсітуді, шеттетуді болдырмау, білім беру үдерісіне қатысушылардың араларындағы шиеленістің алдын-алу бойынша шаралардың тиімділігі; қоғам мен ата-аналар комитеті арасында бағалау мен мониторинг жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету. Білім алу ортасының қолайлылығын анықтау сұрау және сауалнама жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

Қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу тиімділігінің осы жалпы көрсеткіштерінен басқа, кіріктіре оқытуды жүзеге асыратын нақтылы жалпыға білім беру ұйымындағы жұмыстың тиімділігін бағалаудың маңызы өте зор.

Бұндай көрсеткіштер бола алады:

- Оқушылардың оқу үлгерімдері туралы мәліметтер. Сонымен, оқушылардың оқу материалдарын табысты меңгерулері оқу үдерісінің дидактикалық қамтамасыз етілуінің куәсі.

- Психофизикалық даму деңгейлері әртүрлі балалардың тұлғааралық қарым -қатынастары туралы мәліметтер. Мысалы, қажеттілігі ерекше оқушының басқа балалармен тұрақты және ұзақ байланыста болуы, оның сынып (мектеп) ұжымына табысты енуінің белгісі.

Келтірілген белгілер мен көрсеткіштер негізінде қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу үлгілерінің тиімділігін және инклюзивтік білім беру міндеттерін жүзеге асырудың табыстылығын бағалауға болады.

Қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу деңгейін анықтаған кезде келесі өлшемдерге бағытталған жөн: көпсубъектілі (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар, мекеменің қызметкерлері мен өкілдері), нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, ведомствоаралық әрекеттесу, әдістемелік қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қорлар, ақпараттық қамтамасыз ету, ұйымдастыру - мазмұндық компонент (2 - кесте).

– Кесте. Қажеттіліктері ерекше балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлер
<i>Ұйымдастыру жағдайлары</i>		
Көпсубъектілі (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар, мекеменің қызметкерлері мен өкілдері)	-Кіріктіре білім беру үдерісі субъекттерінің төзімділіктері	В – инклюзия үдерісіне толығымен төзімділік С – жекелей қабылдау, заңдық – құқықтық қарым-қатынас негізіндегі құндылықтар Н - қабылдамау
	- «Инклюзивтік білім беру» бағыты бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалімдер туралы мәліметтер банкін қалыптастыру	В – мәліметтер банкі жыл сайын жаңартылады С - мәліметтер банкі жаңартылмайды Н - мәліметтер банкі жоқ
	- Инклюзивтік білім беру мәселесі бойынша оқыту семинарларын өткізу	В – үнемі өткізіледі С – анда-санда өткізіледі Н - өткізілмейді
<i>Педагогикалық жағдайлар</i>		
Нормативтік-құқықтық қамтамасыз	- Инклюзивтік білім беру бойынша нормативтік материалдардың болуы	В - бар С – ақпараттардың аз көлемі Н - жоқ

ету		
Ведомствоаралық әрекеттесу	- Басқа ведомстволардың ұйымдарымен және мекемелерімен, қоғамдық бірлестіктермен әрекеттесу	В – тығыз байланыс С – болмашы байланыс Н – байланыс жоқ
Әдістемелік қамтамасыз ету	- Анықтамалық – ақпараттық басылымдармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	В – толық қамтамасыз ету С – ішінара қамтамасыз ету Н – қамтамасыз етілмейді
	- Диагностикалық құралдардың, арнайы түзету әдістемесінің, мультимедиялық оқулықтардың базасы	В – база үнемі жаңартылады С - база жаңартылмайды Н – мәліметтер базасы жоқ
Материалдық-Техникалық қорлар	- Материалдық - техникалық базаның жабдықталуы	В – толық жабдықталған С - ішінара жабдықталған Н - жабдықталмаған
Ақпараттық қамтамасыз ету	- Кіріктіре білім беру мәселелері туралы тұрғындарды ақпараттандыру	В – бұқаралық ақпарат құралдарындағы (БАҚ) үнемі шығатын басылымдар С – эпизодтық басылымдар Н – БАҚ басылымдар жоқ
<i>Диагностика (анықтау)</i>		
Ұйымдастыру - мазмұндық компоненті	- Қос деңгейлі анықтау жүйесінің болуы (ПМПК - қалалық / облыстық, мектеп ішілік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум)	В – жүйе толық көлемде жұмыс жасайды С – жүйенің бір компоненті бар Н – анықтау жүйесі жоқ
	<i>Дидактикалық жүйе</i>	
	- Медициналық - психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің болуы	В – мамандармен толық жабдықталған қолдау көрсету бар С - мамандармен ішінара жабдықталған қолдау көрсету бар Н – қолдау көрсету жоқ

- Қажеттіліктері ерекше балаларды білім беру үдерісіне біртіндеп енгізу технологиясын пайдалану	В – технологияларды меңгеру С – технологияларды ішінара пайдалану Н – технологиялар пайдаланылмайды
- Білім беру бағдарламаларының вариативтік құрамы	В - түзету компонентін енгізу С - түзету компонентін ішінара енгізу Н - түзету компоненті жоқ
- Сабақтан тыс кіріктіруді ұйымдастыру	В – шаралар жоспары толық, қажеттіліктері ерекше балаларды кіріктірудің қазыргы заманғы талаптарына жауап беретін С – жоспар үстірт Н – жоспар жоқ
- сирек кездесетін арнайы саладағы мамандармен қосымша сабақтар ұйымдастыру	В – сабақтар өткізіледі, сирек мамандар штаты жабдықталған С – сабақтар өткізіледі, мамандар штаты ішінара жабдықталған Н – мамандардың болмау себептерінен сабақтар өтпейді

Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметін ұйымдастыру және оның міндеттері

Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық консилиумының негізгі мақсаты жалпы білім беру үдерісіне қосылған білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау стратегиясын және оларды оқыту мен әлеуметтендірудің табыстылығы үшін ересектердің келісілген әрекеттерін алқалық анықтау болып табылады.

Консилиум міндеттері:

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды дамыту және\немесе оқыту жағдайларын талдау;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмектің мазмұнын анықтау және оны көрсететін мамандардың өзара әрекеттесуін үйлестіру;
- оқу үдерісіндегі балаларға көмек мазмұны туралы педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу;
- психологиялық-педагогикалық көмектің тиімділігін бағалау. Мектептік

консилиум жұмысын құру негіздері:

- қарастырылған мәселелерге (әр түрлі мамандардың өзара тығыз байланысы) кешенді тәсілдеме;
- оқушылардың қажеттіліктерін динамикалық зерттеу;
- оқушылардың қызығушылықтарын сақтау және жеке психофизикалық ерекшеліктерін есепке алу.

Консилиум директордың бұйырығымен құрылады және олардың қабылдаған Ережелерінің негізінде қызмет істейді (А қосымшасы). Мектеп консилиумының құрамы иілімді болып, оның тұрақты және уақытша қатысушылары болады. Тұрақты қатысушылар – оқу-тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары, психолог-педагог, әлеуметтік педагог, логопед мұғалім, дефектолог мұғалім. Тұрақты қатысушылар әрбір мәжіліске, оны дайындау жұмысына қатысады, оның ұсынымдарының орындалуын бақылайды. Уақытша қатысушылар (сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медициналық қызметкерлер) консилиумға қажеттіліктері бойынша қатысады.

Консилиум жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді. Жоспарлы консилиумдер жылына 3-5 рет өткізіледі. Жоспарлы консилиумдер жұмысының бағыттары:

- мектепке оқуға келген оқушылардың, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, орта буынға өткен оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері талқыланады;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын әзірлеу;
- түзете дамыту міндеттерін жүзе асырудың табыстылығын динамикалық бағалау, қажет болған жағдайда оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың алдын ала әзірленген бағдарламаларын өзгерту;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін бағалау.

Консилиумның тұжырымдамасы білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына (пән мұғалімдеріне, қосымша білім беру педагогтеріне, ата-аналарға) хабарланады.

Жоспардан тыс консилиумдар білім беру үдерісінің кез-келген қатысушысының, оның ішінде білім беру ұйымының басшылығының немесе ата-анасының (олардың орындағылардың) сұрауы бойынша өткізіледі. Жоспардан тыс консилиум үшін баланың оқуына және дамуына әсер ететін жаңа жағдайлардың анықталуы немесе туындауы, оның дамуы мен оқуының жағымсыз динамикасы себеп бола алады. Мамандар мен ата-аналардың сұрау түрлері әр түрлі болуы мүмкін, бірақ қандай жағдайда болмасын олар баланың мәселелерін (дамудағы және оқудағы) немесе педагогтың, ата-ананың баламен өзара әрекеттесуіндегі мәселелерді бейнелеуге міндетті. Жоспардан тыс консилиумның қызметінің бағыттары:

- анықталған жағдайлар бойынша шұғыл шара қабылдау;
- өзгерген жағдайға немесе жұмыстың тиімсіздігіне байланысты түзете дамыту жұмысының бағыттарын өзгерту.

Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумды жүргізу тәртібі

Консилиумның бірінші мәжілісінде консилиумдерді жүргізу кестесі құрылады және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және қолдау қызметкерлерінің динамикалық бақылауына мұқтаж балалардың тізімі анықталады.

Консилиумде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әрбір қызметкері жүргізген тексерудің жинақталған аналитикалық материалдары талқыланады. Олар мамандардың ұсынымдары түрінде безендіріледі (Б қосымшасы). Мамандардың ұсынымдарында бала және оның жанұясы туралы мәліметтер педагог үшін түсінікті және қолжетімді тілде беріледі және бала мен оның жанұясының құпиялылыққа деген құқығын бұзбайтындай түрде жазылады.

Консилиумде оқушының әрекетерін бақылау мен зерттеу нәтижелерін талқылауды консилиум төрағасы реттеуге және бақылауға міндетті. Консилиум жұмыс шараларымен оның барлық қатысушылары таныс болуға тиісті. Егер консилиумда уақытша қатысушылар болса, онда төраға жұмыс басталарда оны жүргізу шарасын еске түсіреді. Консилиум жұмысының келесі тәртібін ұстануға болады:

1. Баланы консилиумға жіберген маман (педагог немесе ата-ана) сөз сөйлейді. Ол баланың дамуы мен оқуындағы жағымды жақтары мен өзін алаңдататын мәселелер туралы нақты айтып береді. Маманның (педагог немесе ата-ана) сөзін ешкім бөлмейді, сұрақ, мінеп-сынау сөздері, ескерту айтылмайды. Егер оқушыда ПМПК тұжырымдамасы болса, онда ол туралы сынып мұғалімі баяндайды.

2. Консилиум мүшелері баланың дамуы мен оқу жағдайларының мән- жағдайын нақтылау және түсіну үшін маманға (педагог немесе ата-ана) кезекпен сұрақ қояды. Маман (педагог немесе ата-ана) әрбір қойылған сұраққа жауап береді.

3. Консилиумның барлық қатысушылары, өз кезегімен консилиум үшін алдын ала дайындаған бала туралы ұсыныстарын пайдалана отырып, оқушының дамуы мен оқу әрекетінің ерекшеліктеріне кәсіптік сипаттама беріп, мәселе туралы өзінің пікірін және жағдайды жақсартуға қатысты ұсыныстарын айтады.

4. Оқушыны қолдауды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдемесі әзірленеді, түзете дамыту жұмысының мазмұны анықталады, оқу үдерісінде, қосымша білім беру мен жанұялық тәрбиелеуге қатысты жеке тәсілдемелік ұсынымдар беріледі.

Консилиум мүшелерінің арасындағы ақпарат алмасу және сұрақтарға өзара жауап беру оқушының психологиялық-медициналық-педагогикалық мәртебесі сипатталатын, оқушыны қолдаудың ұсынылған түрі мен қатысатын мамандар аталатын консилиумның тұжырымдамасын жасау үшін негіз болады (В қосымшасы). Тұжырымдамада консилиумның мамандарының педагогтар ұжымымен немесе жеке мұғалімдермен, оқушының ата-анасы мен мектеп әкімшілігімен кеңес беру жұмысын өткізу қажеттілігі туралы нұсқау берілуі мүмкін.

Консилиум тұжырымдамасының негізінде оқуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы құрылады. Жарты жылға құрылатын қолдаудың жеке бағдарламасында

баламен жүргізілетін түзете дамыту жұмысының бағыттары, әрбір бағыт бойынша жұмыстың мазмұны, күтілетін нәтиже көрсетіледі. Балаға қатысты мамандардың әрекеттері үйлестіріледі. Қажет болған жағдайда, әр түрлі мамандарды баламен жұмысқа қосудың бірізділігі анықталады. Бағдарламада міндетіне оқушының даму картасын жүргізетін, қолдау кезеңдерін бақылайтын, жасалған жұмыстың нәтижесін қорытындылау және ары қарайғы жұмысты талқылау мақсатында баланың мәселелерін консилиумде қайтадан талқылауға ұсыныс беретін жауапты маман бекітіледі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасымен міндетті түрде ата-аналар, оқушымен жұмыс істейтін барлық педагогтар таныстырылады. Баламен жұмыс істейтін барлық мамандар оқушыны қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнын орындауға міндетті болады. Баланы қолдау бойынша негізгі жүктеме мұғалімге жүктеледі, ол оқушының оқудағы және әлеуметтенудегі жетістіктері үшін жеке жауапкершілікте болады.

Консилиумның мәжілісінде әрбір жеке жағдайға қатысты тұжырымдама шешімін талқылау кезіндегі қатысушылардың қысқа айтылымдарын бейнелейтін, тағайындалған ұсынымдарды орындауға жауаптылар белгіленетін хаттама жүргізіледі. Консилиум хаттамалары консилиум төрағасының іс қағаздарында сақталады. Консилиумның ұсыныстары директор жанындағы мәжілістерде әкімшілікке хабарланады, содан кейін педагогикалық кеңеске жіберіледі.

Консилиумның хатшысы балаларды тіркеу және есепке алу журналын жүргізеді, бала туралы жалпы мәліметтер жинайды, консилиум мәжілістерінің кестесінің орындалуын, консилиумның құжаттарының мұрағатта сақталуын бақылайды. Консилиум жұмысына қатысушы төраға мен мамандарға балалар және олардың жанұялары туралы ақпараттың құпиялылығы туралы жауапкершілік жүктеледі.

Бала дамуының жағымсыз динамикасында, консилиум мүшелерінің баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты бір мәнді шешім қабылдаулары мүмкін болмаған жағдайда, оқушыны тереңдетілген тексеруден өткізу үшін ол психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жіберіледі. Бұл үшін мектептік консилиум құжаттар пакетін дайындайды, оның құрамында:

- медициналық ұсыным;
- логопедиялық ұсыным;
- психологтың ұсынымы;
- баланың педагогикалық мінездемесі (Г қосымшасы);
- баланың ана тілі, математика пәндері бойынша жазба жұмыстары, суреттері мен баланың дербес әрекетінің басқа да түрлері;
- ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің баланы ПМПК-не тексеруге жіберуге қатысты жазбаша өтініштері.

Білім алу үдерісіндегі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау әр түрлі бейінді мамандардың (психолог, логопед, дефектолог мұғалім және т.б.) қатысуын талап етеді. Олардың әрекеттерін үйлестіру, бұл қызметке үйлесімділік пен мақсатты бағытталғандық түр беру үшін білім беру үдерісінің барлық

қатысушыларының жұмысында командалық тәсілдеме қажет болады. Командалық тәсілдеме мамандар мен педагогтардың қосымша кәсіптік құзыреттілікті меңгерулерін білдіреді. Қажетті құзыреттіліктер: педагогикалық бақылауды жүргізе білу, баланың әр түрлі жас шамасындағы нормативтік даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу, командада жұмыс істей білу, педагогикалық мәселелерді және т.б. ұжымдық талқылауға қатысу.

Бұл жерде мамандар мен педагогтардың негізінде оқушының жеке басына деген терең сыйласымдық пен кез келген балаға көмек көрсетудің жоғары уәждемесі жататын ұстанымдарының бірдей болуы өте маңызды болады.

Әр түрлі бейіндегі мамандардың командалық өзара әрекеттесулерінде шешілетін мазмұндық міндеттердің құрамына балаға оқыту үдерісінде тиімді көмек пен көмек көлемін таңдау міндеті кіреді. Тағы да бір мазмұндық міндетке педагогтарды әдістемелік қолдау, олардың бірыңғай пәнаралық команда жағдайындағы кәсіптік жетілуі жатады.

Консилиумды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін және педагогтарды мамандардың өзара әрекеттесуінің негізгі түрі ретінде пайдалану, белгіленген екі міндетті де табысты шешуге мүмкіндік береді. Мамандар (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) оқушының мәселелері туралы тек айтып қана қоймай, сонымен бірге педагогқа оны жету жолдарын көрсетуге тиісті, себебі оқу үдерісіндегі білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланы қолдауға байланысты негізгі жұмысты педагог атқарады. Арнайы білім беру әдістемесін және тәсілдерін меңгерген мұғалім оларды оқыту үдерісін жоғары тиімділікпен қамтамасыз ете отыра, сыныптағы барлық оқушыларға қатысты оларды шығармашылықпен пайдалануға қабілетті болады.

Сонымен, мектептік консилиум, оның жұмысын сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде дұрыс ұйымдастырған жағдайда ол оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде ғана емес, сондай-ақ мектептегі білім беру үдерісінің сапасын арттыру бойынша мәселелерді шешуде де маңызды рөл атқарады.

Сыныптағы ұжымдық жұмыстың тиімді әдістері

Ұжымдық оқыту білім алушылардың ортақ оқу міндеттерін шешу, ортақ тақырыптарды зерделеу, жаңа идеялар, жаңа комбинациялар немесе ерекше инновациялар құру үшін бірлесіп, кейде жұппен, кейде шағын топпен жұмыс істеуі кезінде туындайды. Алайда, көптеген педагогтар сыныптарды топтарға бөліп және әртүрлі білім беру технологияларының стратегияларын қолданып қана, ұжымдық оқыту құрғаны туралы негізделмеген және асығыс қорытындыларды жиі шығарады. Сабақта ұжымдық оқыту атмосферасын құратын әр педагогтың мынадай сұрақтарды ойланғаны өте маңызды: ұжымдық оқыту кезінде сынып бөлмесі қалай көрінеді? Сыныптағы мұғалім мен оқушылардың рөлі қандай? Мұғалімнің қандай нұсқаулықтары топтың барлық қатысушыларының дамуына көмектеседі, әсіресе, егер топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болса?

Жеке білім беру бағдарламаларын (ЖБББ) жоспарлаған және іске асырған кезде ұжымдық оқыту әдістері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала топ

орындайтынның шағын көлемімен ғана шектелмей, топтық әрекеттің толыққанды қатысушысы бола алатындай етіп таңдалуы тиіс. Ұжымдық жұмысты оның «осал» тұстарын көрсетпей және «күшті» тұстарына ғана сүйену өте маңызды. Бұл принцип барлық балалар ерекшеліктерінің алуан түрлілігіне қатысты, ол әр балаға жеке тәсіл қолдану қажеттігін білдіреді. Оқыту кезінде мұғалім барлығын және әрқайсысын жеке дамыту мүмкіндігі ретінде ұжымдық жұмысқа сүйену керек. Бұл ретте салыстыру оларды бір-бірімен салыстыруда емес, жекелеген білім алушылардың дербес жетістіктерін салыстырған жағдайда ғана орынды болып табылатынын ерекше атап өткен жөн.

Ұжымдық оқыту білім беру процесінің әрбір қатысушысын дамытуға мүмкіндік беретін, сыныптың сипаттамасына назар аударуды ұсынамыз.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың кейбір ортақ сипаттамалары бар, оларға:

- Жағымды өзара байланыс;
- Жеке жауапкершілік;
- Топтардың әркелкі құрамы;
- Көшбасшылықты бөлу;
- Әлеуметтік дағдыларға үйрету;
- Мұғалімнің тарапынан қадағалау мен араласу;
- Тиімді топтық жұмыс кіреді.

Тереңірек түсіну мақсатында көрсетілген ұжымдық оқыту сипаттамаларының мәнін ашайық.

Жағымды өзара байланыс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мақтау түріндегі қарапайым қолдауды немесе оларға артық сақтықпен қарауды білдірмейді. Бірақ кейбір жағдайларда бұл өзін-өзі төмен бағалайтын балаларды немесе жаңа ұжымға түскен баланы жігерлендіруге шын мәнінде көмектеседі. Жағымды өзара байланысты сабақтағы конкурстың немесе жарыстың негізінде құру ұсынылмайды. Керісінше, бірін-бірі тыңдау, толықтыру және басқалардың әрекетінің көмегімен дамыту құндылықтарына назар аударту қажет.

Мұғалімдер мен ата-аналардың көпшілігі балалар аудиториясы өзара жағымды байланыста бір-бірімен әрекеттесуге қабілетсіз болатынынан қорқады. Сыныпта ерекше бала пайда болған кезде, мұндай қорқыныштар күшейе түседі. Алайда, көптеген балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жай ғана қарым-қатынаста болу тәжірибесі жоқ екенін түсіну және ескеру керек. Сонымен бірге, егер балалар олармен сабақта өзара әрекет жасай алмаса, ондай тәжірибені ешқашан ешқайдан ала алмайды. Ұжымдық жұмыс процесінде мұғалімнің сабақтағы бақылаулары оған қажет сәтте қажетті сұрақты қоюға және жағымды өзара байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте үлкен шыдамдылық қоры болу керек, өйткені топпен ынтымақтасып жұмыс істеуді тез үйретуге болмайды. Ұжымдық оқыту әдістерін жүйелі қолдану ғана жағымды өзара байланысты тәрбиелей отырып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жеке жауапкершілік – сыныптағы негізгі ұжымдық жұмыс сипаттамаларының бірі. Сабақты жоспарлаған кезде мұғалім жұппен немесе топпен жұмыс істеуге арналған нұсқаулардың сапасына назар аудару керек.

Мысалы, жұппен жұмыс істеген кезде мұғалім 1-ші қатысушы, 2-ші қатысушы деп жұптардың рөлін айқындап, бір мәтінді ұсынады. 1-ші қатысушы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) бала деп топшылайық. Мәтінді өз бетінше оқу үшін уақыт беріледі, бірақ мұғалім бір оқушы (2-ші қатысушы) осы уақыт ішінде мәтіннің мазмұнын бірнеше рет оқи алатынын, ал осы жұптағы екінші оқушы – осы мәтіннен бір ғана сөйлем оқитынын түсінеді. Дәстүрлі практикада мұғалім жұмысты тез оқыған және мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алатын баладан бастайды. Мұндай тәсілді қолданған кезде, тез оқу дағдылары бар бала ғана жақсы оқиды, ал екінші оқушы өз сыныптасының әңгімесінен оқу ақпаратының шағын ғана пайызын ала алады. Жұппен жүргізілген осындай жұмыс *жеке жауапкершілікті* тәрбиелеуге көмектесе ала ма? Бірлесіп оқытуды ұйымдастыру үшін мұғалімде қандай нұсқалар бар?

Егер мұғалім оқыған мәтіннің көлеміне қарамастан, мәтінді оқығаннан кейін ақпаратты талқылауды (мазмұнын айтып беруді, өз пікірін білдіруді және т.б.) ұсынса, онда жұптағы оқушылардың әрқайсысы жұмыс істей және көп нәрсені үйрене алады. Табысты оқушы өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, жұптағы серіктесіне әңгімелеп береді, ал екінші оқушы серіктесінің әңгімесін тыңдай отырып, сондай-ақ өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, білім алады. Мұндай өзара әрекет жасау бірлесіп оқуда автономды болып қалуға мүмкіндік береді және келесі жолы мұғалім 1-ші қатысушыға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) балаға мәтіннің мазмұнын әңгімелеп беруді ұсынса, онда білім беру процесінің әрбір қатысушысында *жеке жауапкершілік тәрбиеленетін болады*.

Егер 1-ші қатысушының орнында басқа білім беру қажеттіліктері бар бала болса, онда бұл жағдайда жоспарлау кезінде қажетті ресурстармен: мысалы, Брайль кестесімен немесе мәтіннің аудиожазбасымен қамтамасыз ету маңызды екені сөзсіз. Ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлау кезінде, диагностикалау және ЖБББ әзірлеу сатысында ескеру маңызды.

Топтардың әртекті құрамы ерекше құбылыс болып табылмайды. Өйткені кез келген педагогикалық практика сыныптың мүлдем әртүрлі балаларды біріктіретінін көрсетіп отыр. Барлық балаларға біркелкі тәсілді қолдану мұғалімнің алдында барлық балаларды «бірдей» етеді, бұл «орташа балаға» бағдарлануға әкеп соғады. Әрбір педагог үшін инклюзивті білім беруді өзінше түсінуін қайта қарау жауапкершілігі мен маңыздылығын сезіну керек. Бұл жерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық кең спектрі өз өмірінде әртүрлі қиындықтарға тап болған балаларды да, сонымен қатар белгілі салаларда дарынды, гипербелсенді және солақай және басқа да көптеген балаларды қоса алғанда, жалпы барлығын қамтитынын түсіну маңызды жағдай болып табылады.

Педагогикалық практикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеген кезде дифференциациялау принципін оқу дағдыларын дамытуға балаларды қабілеттеріне қарай саралау тұрғысынан емес, әртүрлі тәсілдерді қолдану тұрғысынан келгенде ұстану өте маңызды. Оқу мақсатына жету үшін ұжымдық оқыту әдісі пайдаланылатын кез келген сабақты жоспарлаған кезде құрамына қарай әртүрлі жұптар мен құрамына

қарай әртүрлі топтар құру қажет. Әрине мұғалім ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы жұмысқа тарта отырып, балаларды топтарға бөлудің әртүрлі формаларын пайдалана алады.

Кейбір оқушылар ұжымдары үшін әңгімелесу түрінде алдын ала дайындық талап етіледі. Ерекше бала сынып оқушыларымен кездескенге дейін денсаулық бұзылулары туралы әңгіме өткізудің жақсы тәжірибелеріне мысалдар бар. Әңгіме нақты ойластырылған және салмақты құрылған болуы тиіс, бұл ретте сыныптағы балалардың жаңа сыныптас туралы жаңалыққа деген реакциясына да түсіністікпен қарау керек. Арнайы мектептердің педагогтары сынып оқушыларының ата-аналарымен де алдын ала әңгімелесулер өткізуге кеңес береді, өйткені олар да жаңа өзгерістерге дайын болмауы мүмкін. Мұғалім, мектеп әкімшілігі әңгіме өткізуді жоспарлағанда, ата-аналар мынадай сұрақтарға ойланып қалатындай құрастыру керек: Ата-аналар өз баласына әрдайым дені сау қоғам таңдай ала ма? Денсаулығында әртүрлі бұзылулары бар адаммен қарым-қатынаста болу өз денсаулығына мұқият қарауға көмектесе ме?

В.В. Хитрюктің «Инклюзивті білім беру: ата-аналармен жұмыстағы тренингтер» кітабында автор ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындау бойынша тұтас арнайы тренингтер циклын ұсынады. (В.В. Хитрюк. Инклюзивное образование: тренинги в работе с родителями//Минск, БГПУ, 2018г.)

Күнделікті практикада *топтардың әртекті құрамымен ұжымдық оқыту әдістерін* қолдану:

- барлық сыныпқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен танысуға;
- барлық процеске қатысушылардың әлеуметтену дағдыларының дамуын қадағалауға;
- барлық оқушылардың «күшті» және «осал» жақтарын және пайдаланылатын әдістің тиімділігін анықтауға;
- өзінің оқуы және бірге оқитын сыныптастарының оқуына қосатын үлесі үшін жауапты болуды түсінуге мүмкіндік береді.

Көшбасшылықты бөлу сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар сыныптасына қамқорлық жасау үшін жауапты білім алушылар бар дегенді білдірмейді. Жақсы оқитын оқушылардан басқаларды үйретуді немесе оқуына көмектесуді талап ету әділетсіз. Көшбасшылық міндеті жанындағы балаға байқатпай көмектесуге тырысу мүмкіндігін білдіреді. Ойлануға немесе ерекше бала үшін қажетті арнайы құрылғыны беруге көмектесетін сұрақ түріндегі көмек. Көшбасшылық: қауымдастыққа бағалы болу, бастамашыл болу және қиындықтардан қорықпау тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге, өз қателерін мойындай алу және қандай да теріс қылықтары үшін кешірім сұрай білу білігін нағыз көшбасшылық деп есептеуге болады.

Топтық жұмыста көшбасшылықты бөлу – бұл өзін жаңа рөлде көру және жұп немесе топ үшін жауапкершілік тәжірибесін түсіну мүмкіндігі. Ең бастысы: ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар құрушы жұмыс істейтін топтар көшбасшыларының көшбасшылық тәжірибесіне пікір білдіруде және

бағалауда мұқият болу. Мұғалім өз сыныбы үшін топтық жұмысты модельдей отырып, топтардың көшбасшылары рөліндегі оқушылардың тәжірибесін сынға алмауға тырысу керек. Мұғалімге сұрақтарды балалар өз әрекеттерін қайта қарастыратындай және өз тәжірибесінің рефлексиясын жасайтындай қою ұсынылады.

Әлеуметтік дағдыларды үйрету – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, сонымен бірге барлық білім алушыларға дамыту қажет дағды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сыныптастарымен өзара әрекет жасауға үйрететін әлеуметтік дағдылар кейбір жағдайларда Жеке білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болуы мүмкін. Бұл ретте кәдімгі балаларда жалпы инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үшін ерекше балалармен ынтымақтастықтың әлеуметтік дағдылары қажет екенін есте сақтау маңызды.

Егер мұғалім диагностикалау сәтінен бастап белсенді болса, *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* әрқашан сапалы және уақтылы болады. Яғни біздің қоғамның кез келген азаматы сияқты мұғалімнің де адамды оның денсаулық бұзылулары тұрғысынан емес, оның білім беру қажеттіліктері тұрғысынан қабылдауы маңызды. Бұл үшін жоспарлауға дейін оқу процесіне кіретін оқушының білім беру қажеттілігін зерделеу қажет. Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеген кезде, мұғалім бірлесіп оқыту процесін қадағалайды, жазба немесе фото жазбалар жасайды. Барлық пән мұғалімдерінің дәл осындай түсіндірулері, мамандардың кеңестері мұғалімдердің өздерін қоса алғанда, барлық білім беру процесіне қатысушыларды дамытуға көмектеседі. Кейде мұндай қадағалаулар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының жетістіктеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Әрине, бұл өте күрделі және мұғалімнің уақытын алады. Алайда, инклюзивті мектеп жағдайында барлық педагогтар «оқыту сапасы» сияқты ұғымды қайта қарай бастайды.

Дәстүрлі түсінікте «оқыту сапасы» білімді қорытынды тексергеннен кейін «4» пен «5» есептеу негізінде жасалады (білім-факт/оқу бағдарламасының мазмұны). Инклюзивті білім берудегі «оқыту сапасы» – бұл ұзақ, кейде қарапайым мұғалім үшін байқалмайтын процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін «оқыту сапасы» ең алдымен – оның әлеуметтенуі! Ұжымдық оқыту кезінде *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* оқу процесін реттеуге және бағыттауға мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер педагогтарының және ресурстық орталықтар педагогтарының үлкен тәжірибесінен қадағалау карталарын, диагностикалық карталарды, бағалау кестелерін негізге алуға және бейімдеуге болады. Дефектологтардың, логопедтердің және басқа да мамандардың көпжылғы тәжірибесін пайдалану әрбір педагогқа қажетті көмек көрсетеді.

Егер әрбір процеске қатысушы алдымен жеке оқитын болса, содан кейін оқу материалын жаңаша түсіне отырып, өзінің жаңа білімін жұппен немесе топпен талқылауға мүмкіндігі болса, *топтық жұмыс* тиімді болып есептеледі. Басқаша сөздермен айтқанда, тапсырма мен нұсқау бір, бірақ барлығы өзінің жақын даму аймағын қаншалықты дамытуға қабілетті, соншалықты деңгейде орындайды және ұдайы өзара әрекетте болады. Топтық жұмыстың тиімділігін талдай отырып, білім алушыларда рефлексия

үшін сұрақтар болған жағдайда, оң қорытындылар шығаруға болады. Мұғалімдердің көп бөлігі соңғы өнім немесе нәтиже (сапалы немесе сапасыз) жақсы ұжымдық жұмысты куәландыратынына сенімді. Әрине, ол солай, бірақ толық емес. Онымен қоса инклюзивті білім беру жағдайында жұппен немесе топпен жұмыс істеу тиімділігі көбінесе коммуникация немесе ынтымақтастық дағдыларын алуды білдіреді

Егер 1-ші қатысушының орнында басқа білім беру қажеттіліктері бар бала болса, онда бұл жағдайда жоспарлау кезінде қажетті ресурстармен: мысалы, Брайль кестесімен немесе мәтіннің аудиожазбасымен қамтамасыз ету маңызды екені сөзсіз. Ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлау кезінде, диагностикалау және ЖБББ әзірлеу сатысында ескеру маңызды.

Топтардың әртекті құрамы ерекше құбылыс болып табылмайды. Өйткені кез келген педагогикалық практика сыныптың мүлдем әртүрлі балаларды біріктіретінін көрсетіп отыр. Барлық балаларға біркелкі тәсілді қолдану мұғалімнің алдында барлық балаларды «бірдей» етеді, бұл «орташа балаға» бағдарлануға әкеп соғады. Әрбір педагог үшін инклюзивті білім беруді өзінше түсінуін қайта қарау

жауапкершілігі мен маңыздылығын сезіну керек. Бұл жерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық кең спектрі өз өмірінде әртүрлі қиындықтарға тап болған балаларды да, сонымен қатар белгілі салаларда дарынды, гипербелсенді және солақай және басқа да көптеген балаларды қоса алғанда, жалпы барлығын қамтитынын түсіну маңызды жағдай болып табылады.

Педагогикалық практикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеген кезде дифференциациялау принципін оқу дағдыларын дамытуға балаларды қабілеттеріне қарай саралау тұрғысынан емес, әртүрлі тәсілдерді қолдану тұрғысынан келгенде ұстану өте маңызды. Оқу мақсатына жету үшін ұжымдық оқыту әдісі пайдаланылатын кез келген сабақты жоспарлаған кезде құрамына қарай әртүрлі жұптар мен құрамына қарай әртүрлі топтар құру қажет. Әрине мұғалім ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы жұмысқа тарта отырып, балаларды топтарға бөлудің әртүрлі формаларын пайдалана алады.

Кейбір оқушылар ұжымдары үшін әңгімелесу түрінде алдын ала дайындық талап етіледі. Ерекше бала сынып оқушыларымен кездескенге дейін денсаулық бұзылулары туралы әңгіме өткізудің жақсы тәжірибелеріне мысалдар бар. Әңгіме нақты ойластырылған және салмақты құрылған болуы тиіс, бұл ретте сыныптағы балалардың жаңа сыныптас туралы жаңалыққа деген реакциясына да түсіністікпен қарау керек. Арнайы мектептердің педагогтары сынып оқушыларының ата-аналарымен де алдын ала әңгімелесулер өткізуге кеңес береді, өйткені олар да жаңа өзгерістерге дайын болмауы мүмкін. Мұғалім, мектеп әкімшілігі әңгіме өткізуді жоспарлағанда, ата-аналар мынадай сұрақтарға ойланып қалатындай құрастыру керек: Ата-аналар өз баласына әрдайым дені сау қоғам таңдай ала ма? Денсаулығында әртүрлі бұзылулары бар адаммен қарым-қатынаста болу өз денсаулығына мұқият қарауға көмектесе ме?

В.В. Хитрюктің «Инклюзивті білім беру: ата-аналармен жұмыстағы тренингтер» кітабында автор ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындау бойынша тұтас арнайы тренингтер циклын ұсынады.

Күнделікті практикада *топтардың әртекті құрамымен ұжымдық оқыту әдістерін* қолдану:

- барлық сыныпқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен танысуға;
- барлық процеске қатысушылардың әлеуметтену дағдыларының дамуын қадағалауға;
- барлық оқушылардың «күшті» және «осал» жақтарын және пайдаланылатын әдістің тиімділігін анықтауға;
- өзінің оқуы және бірге оқитын сыныптастарының оқуына қосатын үлесі үшін жауапты болуды түсінуге мүмкіндік береді.

Көшбасшылықты бөлу сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар сыныптасына қамқорлық жасау үшін жауапты білім алушылар бар дегенді білдірмейді. Жақсы оқитын оқушылардан басқаларды үйретуді немесе оқуына көмектесуді талап ету әділетсіз. Көшбасшылық міндеті жанындағы балаға байқатпай көмектесуге тырысу мүмкіндігін білдіреді. Ойлануға немесе ерекше бала үшін қажетті арнайы құрылғыны беруге көмектесетін сұрақ түріндегі көмек. Көшбасшылық: қауымдастыққа бағалы болу, бастамашыл болу және қиындықтардан қорықпау тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге, өз

қателерін мойындай алу және қандай да теріс қылықтары үшін кешірім сұрай білу білігін нағыз көшбасшылық деп есептеуге болады.

Топтық жұмыста көшбасшылықты бөлу – бұл өзін жаңа рөлде көру және жұп немесе топ үшін жауапкершілік тәжірибесін түсіну мүмкіндігі. Ең бастысы: ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар құрушы жұмыс істейтін топтар көшбасшыларының көшбасшылық тәжірибесіне пікір білдіруде және бағалауда мұқият болу. Мұғалім өз сыныбы үшін топтық жұмысты модельдей отырып, топтардың көшбасшылары рөліндегі оқушылардың тәжірибесін сынға алмауға тырысу керек. Мұғалімге сұрақтарды балалар өз әрекеттерін қайта қарастыратындай және өз тәжірибесінің рефлексиясын жасайтындай қою ұсынылады.

Әлеуметтік дағдыларды үйрету – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, сонымен бірге барлық білім алушыларға дамыту қажет дағды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сыныптастарымен өзара әрекет жасауға үйрететін әлеуметтік дағдылар кейбір жағдайларда Жеке білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болуы мүмкін. Бұл ретте кәдімгі балаларда жалпы инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үшін ерекше балалармен ынтымақтастықтың әлеуметтік дағдылары қажет екенін есте сақтау маңызды.

Егер мұғалім диагностикалау сәтінен бастап белсенді болса, *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* әрқашан сапалы және уақтылы болады. Яғни біздің қоғамның кез келген азаматы сияқты мұғалімнің де адамды оның денсаулық бұзылулары тұрғысынан емес, оның білім беру қажеттіліктері тұрғысынан қабылдауы маңызды. Бұл үшін жоспарлауға дейін оқу процесіне кіретін оқушының білім беру қажеттілігін зерделеу қажет. Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеген кезде, мұғалім бірлесіп оқыту процесін қадағалайды, жазба немесе фото жазбалар жасайды. Барлық пән мұғалімдерінің дәл осындай түсіндірулері, мамандардың кеңестері мұғалімдердің өздерін қоса алғанда, барлық білім беру процесіне қатысушыларды дамытуға көмектеседі. Кейде мұндай қадағалаулар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының жетістіктеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Әрине, бұл өте күрделі және мұғалімнің уақытын алады. Алайда, инклюзивті мектеп жағдайында барлық педагогтар «оқыту сапасы» сияқты ұғымды қайта қарай бастайды.

Дәстүрлі түсінікте «оқыту сапасы» білімді қорытынды тексергеннен кейін «4» пен «5» есептеу негізінде жасалады (білім-факт/оқу бағдарламасының мазмұны). Инклюзивті білім берудегі «оқыту сапасы» – бұл ұзақ, кейде қарапайым мұғалім үшін байқалмайтын процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін «оқыту сапасы» ең алдымен – оның әлеуметтенуі! Ұжымдық оқыту кезінде *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* оқу процесін реттеуге және бағыттауға мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер педагогтарының және ресурстық орталықтар педагогтарының үлкен тәжірибесінен қадағалау карталарын, диагностикалық карталарды, бағалау кестелерін негізге алуға және бейімдеуге болады. Дефектологтардың, логопедтердің және басқа да мамандардың көпжылғы тәжірибесін пайдалану әрбір педагогқа қажетті көмек көрсетеді.

Егер әрбір процеске қатысушы алдымен жеке оқитын болса, содан кейін оқу

материалын жаңаша түсіне отырып, өзінің жаңа білімін жұппен немесе топпен талқылауға мүмкіндігі болса, *топтық жұмыс* тиімді болып есептеледі. Басқаша сөздермен айтқанда, тапсырма мен нұсқау бір, бірақ барлығы өзінің жақын даму аймағын қаншалықты дамытуға қабілетті, соншалықты деңгейде орындайды және ұдайы өзара әрекетте болады. Топтық жұмыстың тиімділігін талдай отырып, білім алушыларда рефлексия үшін сұрақтар болған жағдайда, оң қорытындылар шығаруға болады. Мұғалімдердің көп бөлігі соңғы өнім немесе нәтиже (сапалы немесе сапасыз) жақсы ұжымдық жұмысты куәландыратынына сенімді. Әрине, ол солай, бірақ толық емес. Онымен қоса инклюзивті білім беру жағдайында жұппен немесе топпен жұмыс істеу тиімділігі көбінесе коммуникация немесе ынтымақтастық дағдыларын алуды білдіреді

Әрине, егер топ белгілі тапсырманы орындай отырып, презентация, эссе немесе постер түрінде соңғы нәтижені ұсынса, өте жақсы болады. Егер мұғалім бірлескен процеске талдау жасауға мүмкіндік беретін сұрақтарды ұсынса, мұндай жұмыстың құндылығы біршама арта түседі. Сендер бұны қалай жасадыңдар? Топтың қатысушылары бір-біріне қалай көмектесті? Жұмыста сендерге не кедергі болды? Неліктен? Келесі жолы бірлескен жұмысты қалай жақсырақ жасауға болады?

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын сыныпта жұмыс істеген кезде ынтымақтастықтың жағымсыз тәжірибесі де тиімді болуы мүмкін. Сыни баға беруге асықпаған жөн және арнайы мектептердің мамандарымен кеңесе отырып немесе мектеп консилиумының жұмысы кезінде сәтсіз кезеңдерге егжей-тегжей талдау жасау керек.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың барлық жоғарыда айтылған сипаттамалары соңғы болып табылмайды. Практикалық тәжірибеде нақты оқушылардың білім беру қажеттіліктеріне байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Жеке білім беру жоспарын әзірлеу, оны енгізу және толық талдау сыныптағы оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ұжымдық оқытудың негізгі элементтері:

Позитивті өзара байланыс.

Білім алушылар топтық тапсырмаларды орындаған кезде олардың бір-біріне қажет екенін түсінеді. Мұғалімдер қойылған *жалпы міндеттермен* (оқу және топтың басқа қтысушыларын оқуға сендіру), *ортақ көтермелеулермен* (егер топтың барлық мүшелері тапсырмаларды өлшемшарттарда айтылғаннан да жақсы орындаса, әрқайсысы қосымша балл алады), *дереккөздерді бөліп алумен* (әр топ үшін бір парақ қағаз немесе топтың әр мүшесі талап етілетін ақпараттың бір бөлігін алады) және *айқындалған рөлдермен* (қорытындылар шығаратын, қатысушыларды тартатын, әзірлеуші) өзара белгілі байланысты құра алады.

Өзара қолдаушы бетпе-бет әрекет.

Оқушылар бір-біріне көмектесіп, пікір алмасып және оқудағы талпынысын көтермелеп, оқытуды жақсартып алады. Оқушылар өздері білетінді түсіндіреді, талқылайды және үйретеді. Мұғалімдер топтарды балалар бір-біріне бетпе-бет қарап отыратындай және тапсырманың әрбір бөлігін талқылау үшін уақыт болатындай етіп құрады.

Жеке жауапкершілік.

Әрбір оқушы орындаған тапсырма кезең-кезеңмен бағаланады және нәтижелері

топқа және әр оқушыға беріледі. Әр оқушыға жеке тесттер беру немесе топтың ішінен біреуін таңдап алып, оған топтың атынан жауап беруге мүмкіндік беру арқылы мұғалімдер оқушылардың жауапкершілігін анықтай алады.

Шағын топтардағы жұмыстың тұлғааралық дағдылары.

Егер оқушыларда қажетті әлеуметтік дағдылар болмаса және пайдаланылмаса, топтар тиімді жұмыс істей алмайды. Мұғалімдер бұл дағдыларға да, академиялық дағдылар сияқты, мақсатқа сай және дәл үйретеді. Ынтымақтастық дағдыларына: басшылық жасай білу, қабылдау, сенімді қарым-қатынас құра білу, араласу және шағын кикілжің жағдайларды шешу білігі кіреді. Басқаша сөздермен айтқанда, білім алушыларға қарым-қатынас жасау тәжірибесін алуға мүмкіндік беру өте маңызды.

Топты дамыту.

Топтарға олардың мақсатқа қалай қол жеткізетінін және топ мүшелері арасында іскерлік қарым-қатынастарды қалай сақтайтынын талқылау үшін арнайы уақыт қажет. Мұғалімдер:

а) тапсырманы жақсы орындау үшін топқа көмегі тиген қатысушылардың ең болмаса үш әрекетін санап беру;

б) топқа ертеңгі күні бұдан да үлкен табысқа жету үшін көмегі тиетін бір әрекетті жазып беру сияқты міндеттерді айқындай отырып, топты дамытуды жоспарлайды. Сондай-ақ мұғалімдер топтардың жұмысын қадағалайды және топ пен сыныпқа бір тұтас құбылыс ретінде, топта барлығы бірге қаншалықты жақсы жұмыс істейтініне баға береді. Бұл ретте топтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты іс-әрекеттерін ерекше бөліп қарау міндетті емес. Олардың білім беру қажеттіліктері туралы ұдайы ескерткенше, оны әрекет барысында ескеру маңызды.

Басшылық жасау принциптері.

Сыныпта ойлау әрекеті үшін жағдай жасай отырып, педагогтар бірнеше басшылық жасау принциптерін ескеруге және сақтауға тиіс:

5. Ойлау қабілеттерінің дамуы туралы куәландыратын, оқушылардың сұрақтары мен іс-әрекеттерін қадағалау, тіркеу.

6. Ойлау қабілетіне қолданылатын әдістерді практикада пайдалану мүмкіндіктері көп болғанда ғана балалар үздік зерттеушілер болады.

7. Педагог оқушылар үшін пайдалы және бір саладан екіншісіне ауыса алатын, өз тәжірибесі мен стратегиясын ұдайы пайдалану ұнайтын, бірнеше ойлау стратегиясына назар аудару қажет.

8. Топтық жұмыс кезінде, орындалған іс-әрекеттердің көлемі немесе саны емес, білім беру процесінің әр қатысушысы қалай оқитыны маңызды.

Консилиумның бірінші мәжілісінде консилиумдерді жүргізу кестесі құрылады және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және қолдау қызметкерлерінің динамикалық бақылауына мұқтаж балалардың тізімі анықталады.

Консилиумде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әрбір қызметкері жүргізген тексерудің жинақталған аналитикалық материалдары талқыланады. Олар мамандардың ұсынымдары түрінде безендіріледі (Б қосымшасы). Мамандардың ұсынымдарында бала және оның жанұясы туралы мәліметтер педагог үшін түсінікті және қолжетімді тілде беріледі және бала мен оның жанұясының

құпиялылыққа деген құқығын бұзбайтындай түрде жазылады.

Консилиумде оқушының әрекетерін бақылау мен зерттеу нәтижелерін талқылауды консилиум төрағасы реттеуге және бақылауға міндетті. Консилиум жұмыс шараларымен оның барлық қатысушылары таныс болуға тиісті. Егер консилиумда уақытша қатысушылар болса, онда төраға жұмыс басталарда оны жүргізу шарасын еске түсіреді. Консилиум жұмысының келесі тәртібін ұстануға болады:

1. Баланы консилиумға жіберген маман (педагог немесе ата-ана) сөз сөйлейді. Ол баланың дамуы мен оқуындағы жағымды жақтары мен өзін алаңдататын мәселелер туралы нақты айтып береді. Маманның (педагог немесе ата-ана) сөзін ешкім бөлмейді, сұрақ, мінеп-сынау сөздері, ескерту айтылмайды. Егер оқушыда ПМПК тұжырымдамасы болса, онда ол туралы сынып мұғалімі баяндайды.

2. Консилиум мүшелері баланың дамуы мен оқу жағдайларының мән-жағдайын нақтылау және түсіну үшін маманға (педагог немесе ата-ана) кезекпен сұрақ қояды. Маман (педагог немесе ата-ана) әрбір қойылған сұраққа жауап береді.

3. Консилиумның барлық қатысушылары, өз кезегімен консилиум үшін алдын ала дайындаған бала туралы ұсыныстарын пайдалана отырып, оқушының дамуы мен оқу әрекетінің ерекшеліктеріне кәсіптік сипаттама беріп, мәселе туралы өзінің пікірін және жағдайды жақсартуға қатысты ұсыныстарын айтады.

4. Оқушыны қолдауды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдемесі әзірленеді, түзете дамыту жұмысының мазмұны анықталады, оқу үдерісінде, қосымша білім беру мен жанұялық тәрбилеуге қатысты жеке тәсілдемелік ұсынымдар беріледі.

Консилиум мүшелерінің арасындағы ақпарат алмасу және сұрақтарға өзара жауап беру оқушының психологиялық-медициналық-педагогикалық мәртебесі сипатталатын, оқушыны қолдаудың ұсынылған түрі мен қатысатын мамандар аталатын консилиумның тұжырымдамасын жасау үшін негіз болады (В қосымшасы). Тұжырымдамада консилиумның мамандарының педагогтар ұжымымен немесе жеке мұғалімдермен, оқушының ата-анасы мен мектеп әкімшілігімен кеңес беру жұмысын өткізу қажеттілігі туралы нұсқау берілуі үмкін. Консилиум тұжырымдамасының негізінде оқуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы құрылады. Жарты жылға құрылатын қолдаудың жеке бағдарламасында баламен жүргізілетін түзете дамыту жұмысының бағыттары, әрбір бағыт бойынша жұмыстың мазмұны, күтілетін нәтиже көрсетіледі. Балаға қатысты мамандардың әрекеттері үйлестіріледі. Қажет болған жағдайда, әр түрлі мамандарды баламен жұмысқа қосудың бірізділігі анықталады. Бағдарламада міндетіне оқушының даму картасын жүргізетін, қолдау кезеңдерін бақылайтын, жасалған жұмыстың нәтижесін қорытындылау және ары қарайғы жұмысты талқылау мақсатында баланың мәселелерін консилиумде қайтадан талқылауға ұсыныс беретін жауапты маман бекітіледі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасымен міндетті түрде ата-аналар, оқушымен жұмыс істейтін барлық педагогтар таныстырылады. Баламен жұмыс істейтін барлық мамандар оқушыны қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнын орындауға міндетті болады. Баланы қолдау бойынша негізгі жүктеме мұғалімге жүктеледі, ол оқушының оқудағы және әлеуметтенудегі жетістіктері үшін жеке жауапкершілікте болады.

Консилиумның мәжілісінде әрбір жеке жағдайға қатысты тұжырымдама шешімін

талқылау кезіндегі қатысушылардың қысқа айтылымдарын бейнелейтін, тағайындалған ұсынымдарды орындауға жауаптылар белгіленетін хаттама жүргізіледі. Консилиум хаттамалары консилиум төрағасының іс қағаздарында сақталады. Консилиумның ұсыныстары директор жанындағы мәжілістерде әкімшілікке хабарланады, содан кейін педагогикалық кеңеске жіберіледі.

Консилиумның хатшысы балаларды тіркеу және есепке алу журналын жүргізеді, бала туралы жалпы мәліметтер жинайды, консилиум мәжілістерінің кестесінің орындалуын, консилиумның құжаттарының мұрағатта сақталуын бақылайды. Консилиум жұмысына қатысушы төраға мен мамандарға балалар және олардың жанұялары туралы ақпараттың құпиялылығы туралы жауапкершілік жүктеледі.

Бала дамуының жағымсыз динамикасында, консилиум мүшелерінің баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты бір мәнді шешім қабылдаулары мүмкін болмаған жағдайда, оқушыны тереңдетілген тексеруден өткізу үшін ол психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жіберіледі. Бұл үшін мектептік консилиум құжаттар пакетін дайындайды, оның құрамында:

- медициналық ұсыным;
- логопедиялық ұсыным;
- психологтың ұсынымы;
- баланың педагогикалық мінездемесі (Г қосымшасы);
- баланың ана тілі, математика пәндері бойынша жазба жұмыстары, суреттері мен баланың дербес әрекетінің басқа да түрлері;
- ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің баланы ПМПК-не тексеруге жіберуге қатысты жазбаша өтініштері.

тұлғаның білім алуға жеке талаптарына сәйкес келуі тиіс, соның ішінде:

- толыққанды және жан-жақты тұлғалық қалыптасу мен дамуға деген қажеттіліктер – жеке бейімділіктерін, қызығушылықтарын, ынталары мен қабілеттерін ескере отырып (тұлғалық табыстылық);
- тұлғаның әлеуметтік ортаға табиғи ену және қоғам өміріне белсене қатысу қажеттіліктері (әлеуметтік табыстылық);
- тұлғаның жан-жақты еңбек ету және тәжірибелік дағдыларының дамуына, кәсіп таңдауға деген дайындығын дамытуға қажеттіліктер (кәсіби табыстылық).

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім алу талаптары жеке болып қана қоймайтын, сонымен бірге белгілі ерекшеліктері бар балалардың топтары бар. Ерекше білім алу талаптары, оларды оқыту үдерісі барысында балалардың мүмкіндіктері жалпы әлеуметтік талаптарға, білім берудегі табыстылық ережелеріне және қоғамда қалыптасқан тәртіп пен қарым-қатынас ережелеріне сәйкес келмеу қиындықтары туындаған кезде пайда болады. Баланың білім алуға бұл ерекше қажеттіліктері мектептен қосымша немесе ерекше материалдарды, бағдарламаларды немесе қызметтерді ұсынуды талап етеді.

Шетелдік арнайы педагогикада мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты мектеп жағдайында бірге оқытуды ұйымдастырудың ұзақ уақыт бойғы және жан-жақты тәжірибесі бар. Біздің елімізде арнайы білім беру, көбіне, жалпы білім беру жүйесінен мейлінше оқшауланған, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының

жүйесі ретінде қарастырылып келді. Бірыңғай ұйымдастыру жағдайындағы бірге оқыту негізінде оларды бір-біріне жақындастыруға қадам басу «біріктіре оқыту» деген атқа ие болды. [2].

Шынайы кіріктіру ерекше қажеттіліктері бар әр балаға жалпыға білім беру мектептерінде және бала бақшаларында тиімді жағдай жасауды білдіреді, оқушыны, барлық қажетті жабдықтары, ал ең бастысы — жоғары кәсіби мамандары бар, арнайы білім беру мекемесінен, оған бейімделмеген жалпыға білім беру мектептері мен бала бақшаларына қарапайым ауыстырудың баланың мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін кіріктіруге ешқандай қатысы жоқ.[3]. Н.Н. Малофеевтің ойынша, «жасанды кіріктіру кемсітушіліктің жасырын түрі болып табылады. Егер баланы, оның ерекше білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жағдайы жоқ, жалпы білім беру жүйесіне жіберсе, оның сапалы білім алу құқығы, шындығында, бұзылады. Бұл кезде баланың жағдайы жақсарудың орнына одан да нашарлай түседі» [3].

Сонымен, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кіріктіре оқыту - оған жалпыға білім беру ұйымдарында білім алуға барлық құқықтар мен шынайы мүмкіндіктерді беру үдерістері мен нәтижелері ғана емес, жалпы және арнайы білім беру арасындағы тосқауылдарды жеңе отырып, олардың арасындағы шекараны ашып, сапалы жаңа қарым-қатынас жасау үшін негіз құру [4]. Бұл кезде дамуында ауытқушылығы бар әр балаға, оның бойындағы ауытқудың құрылымына, психофизикалық және психологиялық ерекшеліктеріне қарай, қажетті арнайы (түзету) психологиялық-педагогикалық көмек беру мен қолдау көрсету сақталуы керек. Медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаттары, міндеттері және мазмұны, өз кезегінде, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты дамып келе жатқан балаларды кіріктіре оқытудың, мамандардың ойынша, нақтылы осы бала үшін мейлінше тиімді болатын үлгісінің талаптарымен анықталады. Осыған сәйкес, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың жетекшілері мен мұғалімдері үшін кіріктіре оқытудың түрлі үлгілерін білу, түсіну және саралау, сонымен қатар оларды тәжірибе барысында жүзеге асыра білу өте маңызды болып табылады.

Даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынас жасау үлгілері

Дамуларында ауытқулары бар адамдардың қоғамға кірулері қоғамның бұл адамдарға деген қарым-қатынасына, айналадағылардың мүгедектердің ерекшеліктері мен өмірлері туралы ақпараттануларына байланысты. Тарихи тәжірибе көрсетеді: кез-келген елдің дамудың жаңа жолына аяқ басуы, даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қатысты мемлекеттік саясат қағидаларын қайта қараумен қатар жүреді.

Әдебиеттерге жасалған талдаулар көрсеткендей, социумның дамуының түрлі сатыларында мүгедектік туралы түрлі ұғымдар қалыптасып отырған: діни, медициналық, әлеуметтік. Осыған сәйкес, түрлі зерттеушілермен даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамдық қарым-қатынас үлгілерінің түрлі жіктеулері ұсынылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, мүгедектіктің түрлі үлгілерін жіктеуде мүгедектер құқығын қорғау саласындағы белсенді қайраткерлер,

қазақстандық авторлар А. Е. Думбаев пен Т.В. Попованың [5] ұсынған үлгілері мейлінше нақтылығымен және кәсібилігімен ерекшеленеді. Бұл зерттеушілер Е.Р.Ярская-Смирнова мен Э.К. Наберушкина

[6] ұсынған мүгедектіктің тарихи және қазырғы заманғы он екі үлгілерін негізге ала отырып, мүгедектікті келесі түрлерге бөледі:

I Дамулары бұзылған адамдарды оқшаулаудың сан алуан түрлерінің үлгілері бірнеше үлгілерде қарастырылған, олар, дамуларында ауытқулары бар балаларға деген көне замандағы қарым-қатынастарды айтпағанда, "адамсымақ үлгісі", "қоғамға қатер", "аяныш тудырушы", "еріксіз қайырымдылық нысаны" аттарымен белгілі.

II Мүгедектіктің моральдық (діни) үлгісі – тарихи жағынан ең көнесі және қазырғы кезде аз қолданылатыны, мүгедектікті масқара және күнәлары үшін берілген діни жаза деп қарастыру. Сырқаттанушылар толық дамымағандар, назар аударуға тұрмайтындар ретінде қабылданған. Мүгедек адам айналадағылардың бейтарап қарым-қатынастарына да үміттен алмаған, себебі саңыраулық, соқырлық, есінен адасушылық, туа біткен кемтарлық адамға күнәсі үшін берілген жаза деп есептелген. Мүгедектіктің моральдық, діни үлгісі мүгедектікті «күнәсі үшін берілген жаза», жындарға берілу, дуалаудың және жаман карманың (өткен өмірінде жамандық жасаған), салдары деп есептеген немесе, керісінше, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды ерекше қабілеттері бар азап шегушілерге теңеген. Кейінгі көзқарасқа сәйкес, бұндай адамдарды періштелер, делқұлылар, диуаналар, басқа адамдарға бата берушілер деп атаған. Талдау барысында көрсетілгені - мүгедектікті діни үлгіде (күнәсі үшін берілген жаза ретінде) қарастыру мүгедектердің қоғамда оқшаулануларына алып келді және оларда кері әлеуметтік сәйкестіктің қалыптасуына ықпал етті. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бұл үлгі мейлінше ауыр болып табылады, себебі ол әлеуметтік қуғын-сүргін мен өзін-өзі жек көрушілік сезімін тудырады. Бүгінде бұл үлгі елдердің шынайы әлеуметтік

саясатында қолданылмайды, дегенмен бұл мүгедектікті қабылдаудың қоғамда тараған бір түрі болып қалуына кедергі келтірмейді.

III Мүгедектіктің медициналық үлгісі. Бұл үлгіге сәйкес психофизикалық және интеллектуалдық ауытқулары бар адам науқас деп саналады. Мүгедектіктің медициналық үлгісі мүгедектікті медициналық феномен ретінде анықтайды («науқас адам», «ауыр жарақаты бар адам», «интеллектуалдық дамуы шектеулі адам» және т.б.). Бұл үлгіге сәйкес, мүгедектік дерт, ауру, патология ретінде қарастырылады. Бұл бұндай адамда ақау бар, ол медициналық көмек көрсетуді және оны емдеу әдістерін анықтауды қажет етеді дегенді білдіреді. Социумда мүгедектікті ауруға теңеу денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың «науқастың» әлеуметтік рөлін меңгерулеріне жағдай жасады, оған ұзақ мерзімді күтім мен ем қажет, ал оларды медициналық мекемелерде жүзеге асырған дұрыс болады. Мүгедектіктің медициналық үлгісі медицинаның әлеуметтік институт ретінде туындауымен қатарлас 18 ғасырда қалыптасты. Мүгедектіктің медициналық үлгісі патологиялық ауытқуларды және ақауларды, демек «жарыместік» терминдеріндегі (Preiffer D.A.) [7] адамдар арасындағы тұлғалық және психикалық ерекшеліктерді қарастырады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды құзіретті емес, өздері үшін жауап бермейтін,

жұмыс жасай алмайтын, бақылауды қажет ететін, және қоғам үшін қауыпты болуы мүмкін деп қарастыру, медициналық үлгінің ерекше көзқарасы болып табылды. Бұндай көзқарас мүгедектердің қалыпты әлеуметтік әрекеттерге қатысуларын өздігінен-ақ жоққа шығарады, осыған байланысты ерекше медициналық орталықтар, оқшауланған арнайы интернаттар мен түзету мектептерін құру қажет болады. Сонымен қатар, олар арнайы әлеуметтік жеңілдіктерге, жәрдемақыларға мұқтаж, бұлар әдетте олардың материалдық жағдайының ең төменгі деңгейін ғана қанағаттандыра алады. Бұндай көзқарас мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік деңгейінің төмен болуына ықпал етіп, олардың жалтақтығы мен сенімсіздіктеріне қатысты әлеуметтік таптаурынды күшейтті. (Campbell F.) [8]. Бұл үлгіде мүгедектер әлеуметтік саясаттың субъектілері емес объектілері ретінде қарастырылады. Медициналық үлгі мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен қамқоршыл сипаттағы (демек, қоғамның шектеулі- қорғаушы позициясы) жұмыс жасау әдістемесін анықтайды және емдеуді, еңбекпен емдеуді, адамның күн көрісіне көмектесетін арнайы қызметтер құруды (мысалы, бала интернатта білім алған жағдайда немесе мүгедек адам ұзақ уақыт бойы медициналық мекемеде еріксіз болған жағдайда) білдіреді. Мүгедектіктері бар адамдар үшін білім алуға, экономикалық өмірге қатысуға, демалуға жол жабық болып табылады. Арнайы білім беру мекемелері, арнайы кәсіпорындар мен санаториялар мүгедек адамдарды қоғамнан оқшаулайды, олардың құқықтары кемсітіледі. Мүгедек балаларға арналған арнайы білім беру орындары да медициналық үлгінің бейнесі болып табылады – әрбір мұқтаж балаға үйден білім беру мүмкіндігі болмағандықтан, білім беру қызметі балаларды өзіне «тартады».

А.Е. Думбаев пен Т.В. Попованың ойларынша [5], медициналық үлгіде 3 негізгі нысандарды бөлуге болады: мүгедектіктің классикалық медициналық,

оналту және экономикалық үлгілері. Бұл кезде авторлар оларға келесі сипаттамаларды береді:

А) Мүгедектіктің классикалық медициналық үлгісі (немесе «әкімшілік үлгі») патологиялық ауытқулар мен ақаулар, демек «жарыместік» терминдеріндегі адамдар арасындағы тұлғалық және психикалық ерекшеліктерді қарастырады. Тұлғаның кейбір қызметтерді дендері сау адамдармен қатар атқаруға қабілетсіздігін кемтарлық деп қарайтын функционалдық кемшілік анықтамасы мүгедектіктің классикалық медициналық үлгісінен шығады. Жекелегенде, АҚШ 1975 жылғы «Дамуларында кемшіліктері бар тұлғалардың құқықтары туралы» заңында мүгедектердің функционалдық кемшіліктері адам қызметінің үш немесе одан да көп салаларында байқалуы мүмкін делінген: өзіне күтім жасай алмау, қарым- қатынастағы шектеулер, оқудағы, жүріп-тұрудағы, өзін-өзі бақылаудағы шектеулер, кемтарлығына байланысты экономикалық жалтақтық, тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігінің болмауы және басқалар.

Мүгедектікке байланысты, әлеуметтік мәселелерді қосқандағы, барлық мәселелердің адам ағзасының функционалдық ерекшеліктері терминдерінде сипатталуына мүгедектіктің медициналық үлгісі ықпал етті. Осы үлгіге сәйкес, мүмкіндіктері шектеулі адамның қоғамның толыққанды мүшесі бола алмауы оның бойындағы кемтарлықтың тікелей салдары деп қарастырылды. Медициналық үлгіде мүгедектердің барлық мәселелерін шешу, олардың ағзасындағы «жетіспеушіліктері» үшін бар күшті мүгедектерге деген түрлі өтемақыларға шоғырландыруға сайып келеді. Олар үшін әдейі оқшауланып жасалған арнайы интернаттар мен түзету мектептерінің желілері құрылды. Бұндай көзқарас мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік деңгейінің төмен болуына ықпал етіп, олардың жалтақтығы мен сенімсіздіктеріне қатысты әлеуметтік таптаурынды күшейтті. Мүгедектер әлеуметтік саясаттың субъектісі емес, объектісі ретінде қарастырылды. Медициналық үлгінің идеологиясы заңға, әлеуметтік саясатқа және әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға күні бүгінге дейін белгілі әсерін тигізіп отырғанын атап өту қажет.

Б) Мүгедектіктің оналту үлгісі (функционалдық шектеу үлгісі). Оналту үлгісі мүмкіндіктері шектеулі адамның басты мәселесін емдеу мен оналтуды қажет ететін науқастың бойындағы «қалыпсыз» денесі немесе жүйкесі деп қарайды. Емдеу мен оналтудың мақсаты – пайда болған функционалдық бұзылуды жою немесе өтеу. Еңбекпен қамту қызыметі және мемлекеттік қызмет сияқты әлеуметтік институттар, ең алдымен дені сау адамдардың қажеттіліктері үшін жасалған деп ойлауға болады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қалыпты жұмыс жасаудың өзі мүлдем қолжетімсіз болып саналды. Қоғам, бұл институттарды барлық адамдардың қажеттіліктеріне қарай бейімдеудің орнына, мүгедектерді арнайы жасалған қатарлас кеңістікке оқшаулай отырып, басқа жолмен жүріп келеді. Бұл қатарлас кеңістіктегі мүмкіндіктері шектеулі адамдар – көбіне жұмыс жасамайтын зейнеткерлер, немесе мүгедектерге арналған ақшасы аз, әрі мәртебесі төмен болып келетін

шеттетілген «арнайы» жұмыс орнындағылар. Оңалту үлгісінің түп негізі – мүгедекті социумға бейімдеу, ыңғайландыру, ал социумды мүгедектің мүддесіне қарай өзгерту және оның әлеуметтік дәрежесін көтеру міндеті қарастырылмайды. Мүгедектіктің медициналық және оңалту үлгілерінің араларында ағайындық байланыс барын айта кеткен жөн. Көптеген зерттеушілер, мүгедектіктің медициналық үлгісі туралы айтқанда, бұл екі үлгінің аралас сипаттарын меңзейді.

В) Мүгедектіктің экономикалық үлгісі қоғамның түрлі топтарының арасында табысты қайта бөлуді білдіреді, бұнда әдіснамалық негіз ретінде мүгедектіктің медициналық анықтамасы қабылданады. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар кемтарлар немесе жүйке аурулары барлар ретінде қарастырылатындықтан, олар дендері сау адамдарға қарағанда аз жүктемемен жұмыс жасай алады немесе жұмыс жасауға тіптен қабілетсіз деген қорытынды шығады. Сонымен, бұл «кемтар» тұлғалар нәтижесіз және экономикалық жағынан жарымжан. Олар өздерін қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде қор жасай алмайды және, сондықтан, қоғам үшін масыл болады. Мүгедектіктің экономикалық үлгісінің әсерін әлеуметтік саясаттың ұлттық тұжырымдамаларының келесі мысалдарынан анық байқауға болады - мүгедектікті еңбекке жарамсыздық деп анықталып, мүгедектердің еңбекпен қамтылуларына шектеулер енгізу. Егер мүгедек адам еңбек өнімділігінің ережелерін орындауға қабілетті болса, оның денсаулығында тұрақты ауытқулардың болуына қарамастан, заңды түрде оның мүгедектігін «алып» тастауға болады.

IV. Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі.

70-ші жылдары Скандинавияда "медициналық үлгінің" баламасы ретінде "қалпына келтіру" түсінігі пайда болды. Қалпына келтіру тұжырымдамасы дамуында ерекшеліктері бар бала туралы келешегі кең, жаңа түсінік енгізді және баланы өзі өмір сүретін қоғамда қабылданған мәдени ережелер рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. Бұл түсінік АҚШ мен Канадада қабылданды және бұдан бұрын қоғамнан тыс қалғандардың мәдени өмірлерін қалыптастырудағы катализатор болды. Дамуларында ерекшеліктері бар балалардың дамуы қалыпты қатарларының ортасына кірігу үдерісі осы кезеңмен байланысты. Бұл мәтіндегі бірігу, әдетте, адамнан басым мәдениетке тән ережелерді қабылдап, өз іс-әрекеттерінде сол ережелерді ұстануды талап ететін, үндесу, ұқсау үдерісі ретінде қарастырылды. "Қалпына келтіру" түсінігінің негізінде келесі ережелер жатты: мүмкіндігі шектеулі бала – бұл түрлі қызметтерді игеруге қабілетті, дамып келе жатқан адам. Демек, қоғам бұны мойындауы керек және қалыпты жағдайға мейлінше жақын келетін жағдай жасауы тиісті.

Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісінің одан әрі дамуы мәселені нормативтік құжаттарда көрсетілген аурулар, ауытқулар мен патологиялардың шектеулі тізімдерін қарастыру арқылы емес, әлеуметтік қызмет жасау қабілетінің болуы мен оны жоғалту дәрежесіне қарай жүзеге асырды. Сәйкесінше, мүгедектікке байланысты мәселелерді шешу, ең алдымен функционалдық ауытқулары бар

тұлғаларға көмек көрсету, кешенді және арнайы әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер жүйесін құру арқылы жүзеге асыруды білдіреді, Тіршілік әрекетін шектеудің әлеуметтік үлгісі бұл сұраққа әлеуметтік мәселе ретінде және, ең бастысы, жеке тұлғаны қоғамға толық кіріктіру мәселесі ретінде қарайды. Әлеуметтік үлгіге сәйкес тіршілік әрекетін шектеу саяси мағынаға ие болады.

Әлеуметтік үлгінің авторлығы (кейде оны “интерактивті үлгі”, немесе “әрекеттесу үлгісі” деп те атайды) негізінен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өздеріне жатады. 1976 жылы "Дене ақаулары бар адамдардың оқшаулауға қарсы бірлестігі" (UPIAS – Union of the Physically Impaired Against Segregation) атты ұйымы Пол Хаттың айтқан ойларын одан әрі дамытты. UPIAS мүгедектікке өз анықтамасын берді. Нақты айтқанда: «Мүгедектік – бұл дене ақаулары бар адамдарға аз көңіл бөлетін немесе тіптен көңіл бөлмейтін қазырғы әлеуметтік құрылыммен жасалып отырған белсенділікті шектеу немесе оған кедергі келтіру, және сөйтіп оларды қоғамның негізгі әлеуметтік өмірінен шығарып тастау». Әлеуметтік үлгінің дамуындағы бұл сатыны мүгедектіктің ең алғаш рет қоғамның әлеуметтік құрылымымен мүгедектерге қатысты құрылып отырған шектеулері ретінде сипатталуымен байланыстыруға болады. Бұл үлгі ошағында жеке адамның және оны қоршаған ортаның арасындағы байланыс бар. Басқаша айтқанда, шектеулі мүмкіндіктер мәселесі қоғам ішіндегі әлеуметтік және экономикалық қысым көрудің нәтижесі, сондықтан мүмкіндіктері шектеулі адамдарды, «дұрыс емес» адамдар деп емес, жапа шегушілер деп қарауға болады. [5].

Әлеуметтік үлгінің маңыздылығы сол, ол іс-әрекетке қабілетсіздіктің себептерін қолайсыз архитектуралық ортадан, жетілдірілмеген заңдардан және басқалардан көреді. Әлеуметтік үлгіге сәйкес, мүгедектігі бар адам қоғамдық қатынастардың тең құқықты субъектісі болуы тиіс, қоғам, оның ерекше талаптарын ескере отырып, оған тең құқықтар, тең мүмкіндіктер, тең жауапкершілік пен еркін таңдау беруі керек. Бұл кезде мүгедектігі бар адам дендері сау адамдардың әлеміне икемделуге мәжбүр болмай, қоғамға өзінің жеке талаптарымен кіру мүмкіндігіне ие болуы керек. Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі мүгедектікті жеке тұлға өмірінің қалыпты бір қыры деп анықтай отырып, ақаулардың және физиологиялық айырмашылықтардың болуын жоққа шығармайды және әлеуметтік кемсітуді мүгедектікке байланысты ең басты мәселе деп қарайды. Сонымен, мүгедектікті әлеуметтік теңсіздіктің бір түрі деп қарауға болады. Біздер қарастырып отырған топтаманың авторлары (А.Е. Думбаев және Т.В. Попова [5]) сан алуан әлеуметтік үлгілердің арасынан келесілерді бөлуге болатынын айтады:

- А) Материалистік үлгі
- Б) Тәуелсіз өмір сүру үлгісі
- В) Handicap үлгісі (тұжырымдамасы) Г) Азшылдық тұжырымдамасы
- Д) Психоәлеуметтік үлгі
- Е) Мүгедектіктің мәдени үлгісі Ж) Адам әртүрлілігінің үлгісі.

Бұл кезде авторлар мүгедектіктің британдық үлгілері деп аталатын түрі мүгедектіктің әлемдік тәжірибесінде кеңінен тарағанын айтады, олар бір-бірінен қоғамдық құрылымның өзгеруі және әлеуметтік қанаудан босау стратегиясына көзқарас сияқты маңызды өлшемдер арқылы айрықшаланды.

А) Британдық материалистік үлгі мүгедектіктің әлеуметтік үлгісін білдіреді, ол К. Маркстің ілімінен шығады, және әдіснамалық негіз ретінде марксистік социология мен марксистік саяси экономиканы қолданды. Мүгедектіктің материалистік үлгісі алғаш рет Ұлыбританияда ашылды және мүгедектердің британдық әлеуметтік қозғалысының «ұлы ойы» аталды. Мүгедектіктің материалистік үлгісінің бірнеше маңызды элементтері бар: ол мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қаналушы әлеуметтік топ деп жариялайды; адамдардың бойларында бар жарақаттарға, және оларға қатысты қанаушылық арасына айырмашылық жасайды; мүгедектікті (бұл өте маңызды) мүгедектердің бастарына берілген әлеуметтік қанаушылық деп анықтайды. Бұл үлгіде қоғам, өзінің әлеуметтік институттарымен қоса, денсаулықтары төмен адамдардан мүгедектер жасайтын қоғам ретінде көрсетіледі. Еңбек нарығында және еңбекпен қамтудың әлеуметтік ұйымдарында әрекет ету арқылы

«мүгедектік» санатын өндірудегі маңызды рөл экономикаға тиесілі. Капиталистік өндірістің басты мақсаты табыс табу болғандықтан, денсаулықтары нашар адамдардың баяу және өнімсіз жұмыс жасаулары оларды қызықтырмайды, жеңілі оларды мүгедек деп тану.

Б) Тәуелсіз өмірдің британдық үлгісі мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін құрылған арнайы интернаттар желісін қысқартуға, және мүгедектерге тікелей тұрғылықты жерлерінде қызмет көрсету мен қолдау жасаудың сан алуан түрлерін дамытуға ресми бағыт алды – басында Скандинавия елдерінде, кейінен Ұлыбритания мен АҚШ-да. Бұл үлгіге өзіне-өзі көмек көрсетуді дамыту кіреді, ал ол тәуелсіз өмір сүру идеологиясымен үндеседі. Қоғамның инфроқұрылымына әлеуметтік қызметтер жүйесі енгізіліп, мүгедектігі бар адам оған өзінің шектеулі мүмкіндіктерін жүктей алатын болса, бұл оның өз бетінше шешімдер қабылдайтын және өз іс-әрекеттеріне жауап беретін, қоғамның тең құқықты мүшесі болуына мүмкіндік берген болар еді.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты өмір сүру жағдайы дегеніміз – бұл олардың өз баспаналарының болуы, білімі, жұмысы, демалысы, қаражаты, түрлі әлеуметтік игіліктерді пайдалану мүмкіндігі, өзіне-өзі қызмет көрсету және қарым-қатынас жасау дағдылары. Дегенмен, өзіне-өзі көмектесуге, жақын туысқандарына және жергілікті қоғамдасатықтарға сүйену, бір жағынан, мұқтаждарды күтудің дәстүрлі түрлеріне қайта оралуды білдіреді. Мүгедектіктің бұл үлгісіне қарсы жақ келесілерді атайды: біріншіден, қалпына келтіру теориясы капиталистік қоғамда мүгедектердің неге қаналатындықтарына және кемсітілетіндіктеріне қанағаттанарлық түсініктеме ұсынбайды; екіншіден, бұл үлгіде кемсітуден босаудың дәлме-дәл, жан-жақты қамтитын стратегиясы берілмеген, «тәуелсіз өмір сүрудің» тек жекелеген тактикалары ғана бар; үшіншіден, қалыпты/қалыпсыз анықтамаларында екіұштылық байқалады, ол қоғамда жасанды түрде жасалған, сондықтан

мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың жағдайларын бағалауда қолданылмауы тиіс.

В) Handicap үлгісі(тұжырымдамасы)

70-ші жылдары еуропалық зерттеушілер «мүгедек» терминінен бас тартады. Мүгедек сөзі біртіндеп қолданыстан шығады, себебі ол «жарамсыз»,

«қатардан шыққан» дегенді білдіреді және оның орнына англосаксондық «Handicap» (hand in cap) сөзі келеді, оның тура аударғандағы мағанасы «қалпақ ішіндегі қол». Handicap – бұл айналаларында ойын құралдары жоқ кезде бос уақыттарын ұйымдастыруға тырысқан ересек адамдардың байқаусызда ойлап тапқан ойыны. Ойынға қатысушылар белгілі қимылдарды байлаулы қолдарымен жасайды. Бұл кедергі ойыншылардың мүмкіндіктерін шектейді, бұл оларға өздерінің осы уақытша жағдайларын мүгедектердің қайтымсыз жағдайымен салыстыруға және мүгедектердің, көпшілік адамдарға қарағанда, әлеуметтік қолайсыз жағдайда екендіктерін түсінуге мүмкіндік берді.

Бұл тұжырымдаманың авторы (Ф. Вуд) өз үлгісін қарапайым постулатқа құрды: «Еркін әрекет етуге мүмкіндік бермейтін кедергілер, шектеулер пайда болған жағдайда, кез-келген адам мүгедек болады, соның нәтижесінде ол әлеуметтік қолайсыз жағдайға кезігеді». Бақытсыз жағдай, ауру және басқа да себептер ағза қызметтерінің жетіспеушіліктерін тудыруға қабілетті (Handicap патологиялық қыры) органикалық ақауларға әкелулері мүмкін, ал бұл әлеуметтік қолайсыздықтың, тиімсіз жағдайдың (ахуалдық қыр) себебі болып табылады. Handicap бір мезгілде философиялық, әлеуметтік және медициналық тұжырымдама болып табылады, соған сәйкес әлеуметтену ешуақытта қоғамнан тыс жүрмейді. Тек қоғамда болғанда ғана «қалыпқа» ұқсауға, оған ыңғайлануға болады. Пандустар, дәретханалар салу, жеделсатылар орнату, соқыр жүргіншілерге арналған бағдаршамдар орнату, Брайль әліппесін тарату және басқалар сияқты «әлеуметтік протездеу» деп аталатын шараларды жасап, тосқауылдарды алып тастағанда, қоғам, мемлекет атынан, мүгедектердің мүмкіндіктерін кеңейтеді және жетіспеушілікті жояды.

Г) Азшылдық тұжырымдамасы соңғы кезде кеңінен таралуда. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік азшылық (minority) ретінде қаралады, олардың құқықтары мен еркіндіктеріне сыртқы шектеулер арқылы қысым жасалады: архитектуралық ортаның қолжетімсіздігі, қарым- қатынастың тапшылығы, қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, ақпараттар мен қарым-қатынас құралдарына, мәдениет пен спортқа қатысудың шектеулілігі. Бұл үлгі мүгедектік мәселелерін шешуде келесі шараларды ұсынады: қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатысуға мүгедек адамның тең құқығы заңды түрде бекітілуі, адам өмірінің барлық саласындағы ережелер мен тәртіптерді стандарттау арқылы жүзеге асуы және әлеуметтік құрылыммен жасалған тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуі тиіс. Мүгедектіктің бұл үлгісі қоғамды мүгедектердің ерекше құқықтарын қорғауға бағыттайды, бұндай қарым- қатынас ерекше мұқтаждығы бар әрбір жекелеген әлеуметтік топқа да кепілденуі тиіс.

Қысым көруші азшылық ретіндегі мүгедектік үлгісінде үш негізгі ереже бар:

- мүгедектер тап болатын көптеген мәселелердің көзі, ең алдымен, әлеуметтік жағдайлардың салдары болып табылады;
- қоршаған ортаның көптеген қажетті жағдайлары қоғам және дұрыс саясат арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін;
- ең соңында, демократиялық қоғамда саясат қоғамның мүгедектерге деген қарым-қатынасын көрсетіп қана қоймай, оларға деген дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етуі тиіс.

Сондықтан, мүгедектік мәселесі іштен емес, сырттан шешілуі керек, «мақсаты клиникалық шаралардан гөрі теңдік пен еркіндіктің құқықтық стандарттарын енгізу болатын медициналық емес, саяси іс болуы тиіс» (Hahn)[9].

Д) Психоәлеуметтік үлгі ғылыми қоғамдастықта кең қолдау тапты және әдіснамалық негізге айналды, оның негізінде мүгедектіктің американдық көптеген үлгілері дамыды: қысым көруші азшыл топ ретіндегі мүгедектіктің әлеуметтік- саяси үлгісі, мүгедектіктің мәдени үлгісі, адам әртүрлілігінің үлгісі. Мүмкіндігі шектеулі кез-келген адам, бұл үлгіге сәйкес, «белгіленген»,

«таңбаланған». «Таңба» түсінігінің көмегімен «қалыпты» және «таңбалы» (бұған мүмкіндіктері шектеулі адамдарды да жатқызуға болады) адамдар арасындағы әрекет ету сипаттамасы қарастырылады. Дені сау және мүгедек, демек «қалыпты» және «қалыпсыз», арасындағы шекара әлеуметтік құрылым болып табылады. Сондықтан «қалыпты» түсінігіне мүмкіндіктері шектеулі адамдарды да енгізе отырып, оны кеңейту және қоғамдық санада мүгедектіктің оң бейнесін қалыптастыру қажет. [10].

Е) Мүгедектіктің мәдени үлгісі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында біртіндеп қалыптасады және оның негізінде мүгедектердің өз маңыздылықтарын сезінулері жатыр. Мүгедектіктің мәдени үлгісінің айналасындағы айтыстар - әлеуметтік сәйкестік адамдарды қалай жақындастырады, мүгедектердің мәдениеті мен өнері мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоғамда абырой жинауға қалайша мүмкіндік береді - деген сұрақтар туралы болуда. Мүгедектік мәдениетін дамыту мүгедектіктің ерекше бірегейлік және топтық сәйкестігін беретінін көрсетеді. Мүгедектік мәдениеті ұжым, топ, ұйым мүшесі болу мақтанышын тудырады, әртүрлі мүгедектерді біріктіреді, олардың қоғамдық ұстанымдарын нығайтады. Бұл талпыныс американдық мүгедектер құқығын қорғау қозғалысының қазырғы заманғы үш ұранында мейлінше толық берілген, олар мүгедектердің дүниежүзілік әлеуметтік қозғалысымен басшылыққа алынған: «Біз туралы бізсіз ешнәрсе!», «Өз ерекшеліктеріңді дәріптендер!», «Мен мүгедекпін, бірақ менің намысым бар!».

Ж) Адам әртүрлілігінің үлгісі, бұған сәйкес, мүгедек – бұл көп қырлы жеке тұлға, оның мүгедектігі адамға тән көптеген ерекшеліктердің бір қыры ғана. Бұндай көзқараспен мүгедектік – бұл, шындығында, адамның қалыпты жағдайы (Garland-Thomson R.)[11]. Бұл көзқарас өзінің заңды көрінісін де тапты, мысалы, АҚШ-ның мүгедектер туралы заңында және 1993 жылғы құқықтық

әрекеттер туралы Биллде айтылған: «Мүгедектік адам тәжірибесінің табиғи бөлігі болып табылады...». Мүгедектіктің бұл алдыңғы қатарлы үлгілері мүгедектіктері бар адамдарды қоғам өміріне араласушылар және оған өз үлестерін қосушылар ретінде сипаттайды. Қоғамның физикалық, әлеуметтік, өндірістік ортаны мүгедектерге қолайлы етуге дәрменсіздігі және оның қандай да бір ерекшеліктері бар адамдарға (мүгедектерге) деген қарым-қатынасы – бұл тұжырымдамалардың негізгі тұстары.

V. Мүгедектіктің «ең жаңа» парадигмасы мүгедектік түсінігін жоққа шығарады. А.Е. Думбаев пен Т.В. Попова [5] ғылыми қауымдастықта таяу арадан бері келесілер туралы пікірталастар басталғанын айтады: мүгедектіктің «жаңа», дәстүрліден кейінгі, әлеуметтік парадигмасы ретіндегі мүгедектіктің әлеуметтік үлгісінің қазыргы нұсқалары – бұл кешегі күннің идеологиясы. Мүгедектікті қарастырудың жаңа парадигмаларына мүгедектікті қолы бостық ретінде қарау үлгісі кіреді. Бұл үлгі аясында болашақта «мүгедектік» түсінігі жойылуы және мүмкіндіктері шектеулі адамдар мағынасы жағынан жұмыссыздармен біріктірілуі мүмкін. Егер қоғам алдында айтылған шетеулерді жойған жағдайда бұл мүмкін болады, бірақ қоғамда барлық мүгедектерді жұмыспен қамтуға жағдай болмайды. Бұл кезде мүгедектердің бір бөлігі, нақтылы еңбекке жарамсыздары немесе жұмыссыздары ғана тұрғындардың басқаларынан өзгеше деп саналып, басқа жұмыссыздармен қатар бір қаржы көзінен жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алады. «Жұмыссыздық» түсінігінің мейлінше кең және ерекше түсіндірмесі пайда болады – ол жұмыспен қамтылудың болмауы негізінде мүгедектер мен дені сау адамдардың жаңа мағыналық жағынан ғажайып біріктірілуі және «жұмыссыздықтың» жаңа мағынаға ие болуы. Жұмыс жасайтын мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың, қоғамның оларға көзқарасы жағынан, басқалардан ешқандай да айырмашылықтары болмайды. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамдық қарым-қатынастың түрлі үлгілерін талдауды қорыта келе, отандық авторлар А.Е. Думбаев пен Т.В. Попова келесі қорытынды жасайд: діни, медициналық, оңалту және экономикалық үлгілер берілген тұлғаның бір жерінде кемістігі бар, кемістігі шектеулі немесе тіптен жоқ дегенге сүйенеді. Сонымен, діни үлгі моральдық негіз бойынша («күдайдың қарғысына қалған») мүгедек адам қоғамға бейімделуге қабілетсіз дегенге көп көңіл бөледі, классикалық медициналық – денінің сау еместігіне, экономикалық – экономикалық еңбекке қабілетсіздікке, функционалдық шектеулілік үлгісі (оңалту) –сөздің кең мағынасындағы қабілетсіздікке. Осыған байланысты, мүгедектіктің бұл үлгілерін мүгедектік түсінігінің өзін және оған әлеуметтік қарым-қатынасты анықтаумен қатар, мүгедектік саласындағы әлеуметтік саясаттың ұлттық тұжырымдамасын құруға ықпал еткен мүгедектіктің «көне» парадигмасына жатқызуға болады. Бұл тұжырымдамалар мүгедектерді социумға толыққанды енгізуге тырыспайды, олар үшін жеке әлеуметтік орындар жасауға бағытталады, ал бұл, өз кезегінде, қоғамдағы дені сау адамдар мен мүгедектер арасында қарым-қатынас жасауға тосқауыл құруға, мүгедектердің әлеуметтік-кәсіби енжар тәртібін

ынталандыруға және еңбек нарығында олардың дәрежелерінің төмендеуіне алып келді. Осы үлгілер негізінде құрылған мүгедектік саясаты мүгедектікті

«медициналық» жағына теңестіреді. Әлеуметтік үлгіні бекіту қоғамда мүгедектікті ауру және еңбекке жарамсыздық деп қарауды жояды және социумның үйлесімдік табуына ықпал етеді деп көрсетіледі. Сонымен бірге, бұл мемлекеттік саясаттың жүйелі іс-шараларын талап ететін ұзақ үдеріс. Қазырғы кезде мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі мүгедектердің мәселелерін олардың бұзылған әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру қырынан қарастыратын бір қатар халықаралық құжаттарда белгіленген. Мүгедектерге медициналық көмек көрсетумен қатар, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және қоғамда жалпыға бірдей қолжетімді орта құру маңызды рөлге ие болып келеді.

педагогикалық қызметтің дайындығын анықтауды және талдауды, білім беру үлгілерін негіздеу мен сынауды, мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жүйесін дамытудың болашағы мен басым жағын анықтауды білдіреді.

Білім беруге қатысы бойынша философия екі жағдайда: педагогикалық құбылыстың эволюциясын негіздейтін адам және оның әлеуметтік тұрмысы туралы жалпы түсініктер жүйесін қамтитын дүниетанымдық іргетас және инклюзивтік білім беру үдерісін зерттеуде әмбебап қағидалар мен тәсілдерді

қолдануды білдіретін әдіснамалық негіз ретінде әрекеттенеді [2, 3].

Философияда қоғамдық сананың бір түрі ретіндегі негізгі дүниетанымдық аспектілер ерекшеленеді: онтологиялық аспект болмыс құрылымындағы инклюзивтік білім берудің орнын анықтайды, аксиологиялық аспект педагогикалық басымдылықтардың қалыптасуына және білім берудің құнды дайындықтардың ашылуына көмектеседі. Мүмкіндігі шектеулі адам туралы ғылыми мәліметтер философиялық-антропологиялық аспектілердің негізінде жинақталады. Педагогикалық мәселенаның тарихына деген философтардың көзқарасын қайтадан құру тарихи-философиялық аспектінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік-философиялық аспект инклюзивтік тәсілдеменің әлеуметтік мәдени мәнмәтінде қалыптасуын қарастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған аспектілерді есепке ала отырып, инклюзивтік білім берудің орнын анықтау берілген тәсілдемені жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді [2-6].

Философиялық көзқарастардың қалыптасу тарихы дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалардың қоғамдағы орнына, оларды әлеуметтендіру және бейімдеу мәселелеріне қатысты сан алуан көзқарастарды біледі. Ерте заманда ауытқушылықтарға қатысты көзқарастар жалпы философиялық орныққан пікірдің құрамдас бір бөлігі болып табылған. Көне философияға кемтар және ауру балалардан құтылу қажеттілігі туралы пікір тән болатын. Ерте заманғы Спартада ауытқушылық фактісінің өзі адамды тек қоғамнан аластату ғана емес, сондай-ақ оны өмірінен айыру үшін негіз болып

саналған.

Гераклит еңбектерінде азап туралы адам өмірінің қайырымдылығы мен беймаралдылығының өлшеуі ретінде айтылған, адам өмірінің мақсаты – азаптан құтылу. Ертедегі грек философиясында адамның өзіне-өзі қол жұмсауының этикалық мағынасы азап пен дәрменсіздіктен құтылу құралы ретінде түсіндірілетіні де сондықтан болар.

Платонның ауытқушылық мәселесінің әлеуметтік мәні бар, алайда оның бұл мәселе жөнінде идеясына қарама-қайшылық та жоқ емес. Платон бойынша, ауытқушылық адамды жан мен тән үйлесімділігінен айырады, оны өзіне, сондай-ақ қоғам үшін пайдалы болу мүмкіндігінен айырады. Аристотель өз еңбектерінде ауытқушылықтардың пайда болуының мүмкін болатын себептері мен аурудың алдын алу жолдары туралы талқылайды. Оның «алтын орта» деген атақты тұжырымдамасының аясында денсаулықты сақтау мен оны сақтаудағы жетістіктер, соның ішінде адамдардың тұратын жері, неке қию уақыты, бала туудың тиімді жасы, балаларды тамақтандыру мен дамытуға және т.б. қатысты ұсынымдар берілген [2-6].

Негізінен діни түсініктер мен идеяларға негізделген орта ғасыр философиясы, «ауытқушылықты» күнәға бату нәтижесі, тәртіпке бағынбауға берілген жаза ретінде қарастырылған, яғни дамуында ауытқушылығы бар адамдарға деген көзқарас та осыған сәйкес болатын. Дін дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға сайтан қонған деп санаса, қарапайым халық олардың бұл көзқарасын құптамай, ондай адамдарды «диуана», «мүсәпір» деп, қолдарынан келгенше көмектесуге тырысқан. Сол кездің өзінде «керексіз» адамдарға күтім жасау ізгілік іс, қайырымдылық көрсету деп саналған. Осындай қоғамдық көзқарастың терең түбінде ауытқушылықтары бартұлғаларға деген ізгілікті істердің бастамасы жатқан.

Қайта өркендеу дәуірінде алдыңғы қатардағы қоғам мүшелерінің діни санасыздықпен, көлгірлікпен күресуінің негізінде дамуында ауытқушылықтары бар тұлғаларға қатысты адам сүйгіштік сарындар дамуы жалғасады. Бұнда дәрігерлердің рөлдері өте үлкен болады. Осы кезеңдегі зайырлы ғылыми трактаттарда психикалық ауру және ақыл-ойы дамымаған адамдардың жан- дүниесіне кіруге, жан күйзелістерін емдеуге, дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге деген алғашқы талпыныстар байқала басталды [3-7].

Педагогика өкілдерінің ішінде атақты педагог Я.А. Коменский дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту және тәрбиелеу қажеттіліктері туралы алғашқы рет өз пікірін айтты. Ян Амос Коменский ауытқушылықтары бар барлық балаларға білім беру мүмкін екендігі туралы сенімді болды:

«Естімейтін, көрмейтін балаларды, сондай-ақ дене даму кемшілігі бар басқаларға білімді толық көлемде меңгерту мүмкін бе деген сұрақ туындағанда, мен: адамзаттық білім беруден адам еместерден басқа ешкімді де алып тастауға болмайды деп жауап беремін» [2-7].

Сонымен кейінгі орта ғасыр философиялық ұғынымдар дамуында сол кезде-ақ ауытқушылықтары бар тұлғаларды оқыту

мен тәрбиелеу мүмкіндіктері туралы идеяда болды.

Дамуында ауытқушылықтары бар тұлғаларға педагогикалық-медициналық көмек көрсету тәжірибесінің дамуымен даму бұзылыстары бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесіне философиялық көзқарастың да дамуы дәйекті бола бастады және Жаңа заман кезеңінде ойша теориялық пайымдаудан практикалық мәліметтерді жүйелеуге көше бастады. Ағарту дәуірінің атақты өкілдері Дидро, Руссо кедейлерге, мүгедектер мен ауруларға мемлекеттік қайырымдылық көмегінің қажеттілігі туралы пікірлерін білдіреді. Олар дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалар туралы қамқорлық мемлекеттің міндеті және өркениетті қоғамның белгісі болып табылады деген тезисті ұстанды. 1789-1793 жылдарда болған Француз революциясы дамуында ауытқушылықтары бар адамдардың мәселесіне ізгілікті көзқарас қалыптастыруға үлкен әсер етті. Бұл кезеңде бірінші рет «кем ақыл» жіктеуі пайда болды, ақыл-ойы дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу қағидалары сипатталады. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларға жаңа көзқарас қалыптастыруда француз дәрігерлері Ф. Пиннель, Ж. Эскироль, Ж. Итар, Э. Сегеннің еңбектері зор болды. Олардың тәжірибесі даму ауытқушылықтары бар балалармен жұмыстағы медициналық-педагогикалық тәсілдеменің қалыптасуына және медицина мен педагогиканың синтезіне негізделген емдік педагогиканың пайда болуына негіз болды [7-12].

Сонымен қоғамдық пікір қойнауында жетілген өткен кезеңнің ізгілікті философиясы дамуында ауытқушылықтары бар балаларға медициналық- педагогикалық көмек көрсету тәжірибесінің туындауы және дамуы үшін қажетті әлеуметтік-мәдени негіз дайындады.

Соңғы жүз жыл бойында дамуында ауытқушылықтары бар адамдардың мәселелерінің философиялық тәсілдемесі сан алуан түрлі және көп жағдайда осы мәселеге қарама-қайшы көзқарастармен баюды жалғастырды.

И. Кант өзінің антропологиялық тұжырымдамасында адамның жан- дүниесінің әлсіздігі мен ауруын жіктеуді жалғастырды және кедейлер мен мүгедектерге мемлекеттік қайырымдылық көмегінің қажеттілігі туралы атап көрсетті.

Г. Гегель ауытқушылық мәселесін адамзаттық субъективтілік пен әлемнің объективтілігінің арасындағы қарама-қайшылықтың нәтижесі деп айтты. Философиялық ойлаудың фаталистикалық бағытының өкілдері Ф. Ницше мен А. Шопенгауэр ешқандай түзете араласудың қажеті жоқ деп ойлады, бұл философтар түзетудің барлық әдістерін табиғатқа қарсы және пайдасыз деп санады. Дамудың патологиялық ауытқушылығының әлеуметтік- экономикалық негізін ашып көрсеткен материализм өкілдерінің де (К. Маркс, Ф. Энгельс) пікірлерін ескере кету керек [2, 9-12].

Даму ауытқушылықтары бар тұлғаларға көмек көрсету аясының кеңеюіне экзистенциализм, психоанализ және постмодернизм өкілдерінің де көзқарастары мен идеяларының әсері үлкен болды. Экзистенциализм философиясында адамның өмір сүруінің шынайылығының шартына оның еркіндігінің басқа адамдардың еркіндігімен үйлесуі деп

саналды (К. Ясперс, А. Камю және т.б.). Психоанализде А. Адлердің даму бұзылысы бар баланың дамуы туралы идеясы әлеуметтік бейімдеу мен әлеуметтік олқылықтың өтеміне бағытталған үдеріс ретінде дамыды. Постмодернизм өкілдері (М. Фуко, Ж. Делез және т.б.) қалыпты және патологиялық құбылыстардың, ессіздік пен сананың арасындағы шекараның жоқтығына баса назар аударады [2, 8, 9].

XIX ғасырда Еуропа елдері мен АҚШ-та болған саяси және әлеуметтік- экономикалық өзгерістер мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру саласында мемлекеттік саясатты өзгертуге, жетілдіруге және кеңейтуге үлкен әсер етті. Еуропа елдерінде жалпыға бірдей міндетті ақысыз бастапқы білім беру туралы заңның қабылдануы осы санаттағы балаларды оқытуға арналған арнайы мекемелер жүйесінің құрылуына негіз болды, қаржыландыру көздерін анықтады, оқытудың мақсаттары мен тәсілдерін әзірлеуге көмектесті. Осылайша, көптеген еуропалық елдерде даму ауытқушылықтары бар балаларға арналған алғашқы оқу мекемелері ашыла бастады. Бұл кезде Австрия, Англия, Германия, Франция, Дания, Италия және басқа да елдерде дамуында ауытқушылықтары бар балаларға арнайы білім беруді ендіру туралы заңнамалық актілер қабылданды [3, 8-10].

Даму бұзылыстары бар балаларға қатысты қоғамдық санада үлкен өзгерістер болғанымен, заңнамада бұндай санаттағы балалардың жалпыға ортақ бастапқы білім алуына деген заңнаманың бекітілгенімен, қайырымдылық ұйымдарының өкілдерінің, ағартушы философтардың, сол замандағы озық педагогтарының ағарту жұмысын белсенді жүргізгендеріне қарамастан Еуропадағы көптеген елдер мен Америкадағы сегрегациялық мекемелер жүйесінің дамуына қатысты қоғамда сегрегация идеясы үстем болды. Даму бұзылыстары бар балаларды қоғамнан сегрегациялау саясаты тарихтың ары қарайғы кезеңдерінде, мемлекет пен үкіметтің пікірі бойынша толық дамымаған адамдарды арнайы мекемелерге күштеп жіберулері, кейіннен

«ұлттық тектік қорды былғау көзі» ретінде дамуы бұзылыстары бар адамдарды міндетті түрде ұрықсыздандыру бағдарламасын әзірлеуге түрткі болды. Бұндай шаралар аймағына психикалық арулары бар, қояншық ауруы бар адамдарды, қайыршыларды, қылмыскерлерді, лас жерлерде тұратын қоғамның дамуына қауіп төндіретін белгілі бір санаттағы адамдарды жатқызды.

Н.Н. Малофеев өз еңбектерінде бұл кезде Еуропа елдерінде және Америкада дамуында бұзылыстары бар балаларды қабылдап, нормативтік- құқықтық қор құрды, арнайы мектептерді қаржыландыру көздерін анықтады деп атап өтті [2-3]. XX ғасырдың екінші жартысында қоғам дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға оң көзімен қарай бастады, бұған соғыстан кейінгі белсенді демократиялық үдерістер себепші болды. 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» қабылданғаннан бастап, әлемдік қауымдастық өз өмірлерін ізлікті түрдегі халықаралық құқықтық актілерге сәйкес құра бастады.

Сонымен, тарихи-философиялық аспектіде инклюзивтік саясаттың құрылу үдерісі даму ауытқушылықтары бар тұлғалардың мәселелеріне даму ауытқушылықтары бар адамдар үшін әлеуметтік маңызды және әлеуметтік бағыттылықты жаңа тәсілдемені сапалы түрде қалыптастырумен сипатталады. Инклюзивтік білім берудің әлеуметтік-философиялық негізі қалыптасады.

Негізін құрайтын даму және либералдық-демократиялық қайта құру болып табылатын осы кезеңнің жаңа әлеуметтік-мәдени мәнмітінің мемлекет және үкімет жағынан даму бұзылыстары бар балалардың білім алуындағы мәселелеріне назар аударылуымен сипатталады. Аталған кезеңдегі Еуропадағы білім берудің ұлттық жүйесінің дамуының жалпы тенденциясы деп арнайы білім берудің заңнамалық негізін жетілдіру және мектептердің түрін және арнайы білім беру түрлерін жіктеуді санауға болады.

Осыған байланысты барлығын білім берумен қамтамасыз етуге, ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған ертедегі бастамалар символдық қағида ретінде қаралды деп айтуға болады. Аталған кезеңнің ерекшелігі қоғам идеологиясының мүмкіндіктері шектеулі адамдарды «жаппай азғындау қауіпі» ретінде қараудан ұзақ уақыт емдеу мен күтімді қажет ететін адамдар деп қабылдауға көшуге қатысты болып табылады. Еуропа елдерінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінің тереңінде туындаған мүгедек балалармен жұмысқа арналған тәсілдеменің медициналық үлгісі кеңінен қабылданып, дами бастады [8].

Еуропада интеграциялау үдерісі күшейе бастады және де 1957 жылы Еуропаның батыс елдері ғылым, мәдениет және білім беру мәселелеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін Еуропалық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісімге келді. 1961 жылы қабылданған Еуропалық әлеуметтік хартия «дене бітімі мен ақыл-ойы дамымаған жұмысқа қабілетсіз тұлғаларды кәсіптік дайындау, жұмысқа қабілеті мен әлеуметтік оңалтуды қалпына келтіру құқығын» бекітеді.

БҰҰ бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған төмендегі құжаттар құқықтық негіз болды: «Баланың құқығы туралы декларация» (1959 ж.); «Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенция»

(1960 ж.); «Ақыл-ойы дамымаған тұлғалардың құқықтары туралы декларация» (1971 ж.); «Мүгедектердің құқықтары туралы декларация» (1975 ж.);

«Мүгедектерге қатысты әрекеттердің дүниежүзілік бағдарламасы» (1982 ж.);

«Баланың құқығы туралы конвенция» (1989 ж.) [13-17].

Осы заңнамалық құжаттарға сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының жүйесі жетілдіріледі және оқуда қиындықтары, эмоционалдық бұзылыстары, әумесерлік мінез-құлқы, әлеуметтік және мәдени депривациясы бар балаларды тізімге қосқандағы арнайы білім алуға қажеттіліктері бар балалардың санаттарын жіктеу жаңартылады және нақтыланады,

арнайы білім беру мектептерінің түрлерінің бір шама көбейгені, сондай-ақ арнайы білім берумен қамтылған балалар пайызының артқаны байқалады, психологиялық- педагогикалық көмек көрсетудің жас шамасының аймағы кеңейді, мектепке дейінгі және мектептен кейінгі мекемелер құрылады, даму бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына әлеуметтік және сабағаттық көмек көрсететін қызметтер, сондай-ақ қайырымдылық, кәсіптік, қоғамдық ұйымдар, одақтар мен қауымдастықтар ұйымдастырылады [7-10].

Алайда арнайы білім беру жүйесіндегі барлық жағымды стратегияларды назарға ала отырып, арнайы білім беру мекемелерінің мәні мен құрылымы бұрынғыдай сегрегациялық қалыпта қалғаны халықаралық құқықтық құжаттардың іргелі базасы болып табылатын ізгілік қағидаларға қарама-қайшы келеді, арнайы білім беру жүйесі жалпы білім беру жүйесінен оқшауланған. Зерттеушілер балаларды арнайы білім беру мектептерінде оқшаулау оларды сегрегациялау және олардың құқықтарын бұзу деп қарастыра басталғанын байқады [9].

Осыған байланысты 1960-1970 жылдарда Еуропа мен Америкада мүгедек адамдардың, дамуында бұзылыстары бар балалардың ата-аналарының, сондай-ақ қоғам мен білім беруде кемсітушілікпен күресуге бағытталған адвокаттар коллегиясы мүшелерінің жаппай қарсылықтары туындай бастады. Өткізілген шаралардың нәтижесінде 1960-1970 жылдарда Швецияда, содан кейін басқа да жоғары дамыған елдерде дамуында ауытқушылықтары бар адамдарға арналған ірі интернаттар, психиатриялық ауруханалар жабыла бастады.

1970 жылдары Швецияда Психикалық денсаулықты қорғаудың Дат қызмет басшысы Н. Бенк-Миккельсон және ақыл-ойы дамымаған адамдардың Ассоциациясының директоры Б. Нирье «нормалау» түсінігін ендіреді. Нормалау қағидасына мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білім алуға, жұмыс істеуге, сондай-ақ өмірдің қалыптыға жақын жағдайына құқығы туралы ереже негіз болады [8].

Нормалау тұжырымдамасы медициналық үлгінің негізінде жатқан түсінікке балама болды. Нормалау тұжырымдамасының негізгі ережелері:

- 5) мүмкіндігі шектеулі баланың қажеттіліктері барлық балалардың қажеттіліктерімен бірдей, олардың ең бастысы – махаббат пен оның дамуын ынталандыратын жағдайды қажетсіну;
- 6) дамуында ерекшеліктері бар бала, ең бірінші кезекте ол бала, яғни ол қалыптыға барынша жақындатылған жағдайда өмір сүруге міндетті;
- 7) бала үшін ең жақсы жер оның туған үйі, жергілікті үкіметтің міндеті – дамуында ерекшеліктері бар балалардың жанұяда тәрбиеленуіне көмектесу;
- 8) барлық балалар оқи алады, баланың даму бұзылысы қаншалықты ауыр болғанымен, оған білім алуға мүмкіндік берілуге тиісті.

Нормалау тұжырымдамасының негізін құраушы өзегі баланың міндетті түрде өзі өмір сүретін қоғамда қабылданған мәдениеттілік нормаға сәйкес тәрбиеленуі болып табылады.

Аталған тұжырымдама АҚШ-да, Канадада, содан кейін басқа елдерде қабылданды және қосымша зерттелді. Ол келесі 15-20 жыл бойы мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты саясатты анықтады. АҚШ-да В. Вольфенсбергер «нормалау» терминінің баламалы нұсқасын ұсынды. В. Вольфенсбергер, Б. Нирьенің мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға табысты бейімдеуге көмектесетін әлеуметтік бағдарламалар мен қызметтерді әзірлеу қажеттілігі туралы пікірін қолдай отырып, барлық адамдардың құқығын нақтылау, адамдарды бірдей бағалау үшін «әлеуметтік рөлдерді сезіну» түсінігін ендіреді, яғни ол адамдарды нормативтік икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру мен қолдау, анықтау арқылы нормалауға болатыны туралы ашық жариялайды. Б. Нирье нормалауды осылай түсіну қате деп санады, нормалау қалыптының синонимі болып табылмайды және адамдардың нормалануға міндетті дегенді білдірмейді. Бұл бірінші кезектенормалаудың қоғамның өзі үшін мәні бар екенін баса көрсете отырып, қоғамның мүгедек адамды қабылдауын білдіреді. Негізінен нормалау үлгісі бала оны мектепке және қоғамға қабылдауға дайын болуға міндетті деп санады, бірақ қоғамдағы жеке ерекшеліктердің кең спекторын есепке алмады, норманың өлшемі туралы сұрақтар туындады [8, 18]. Қоғамдық институттарды ізгілендіру мүмкіндігі шектеулі адамды әлеуметтік оңалтуға жаңа көзқарастарды туындатуда жетекші рөл атқаратын

өмірдің тәуелсіз түрін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалардың барынша дербес болудағы жетістіктерінің идеяларының өзектілігі тұлғаның әлеуметтік пайдалылығынан тәуелсіз, оның мүддесінің қоғам мүддесінен басымдылығына шартты болады. Өмірдің тәуелсіз бейнесінің тұжырымдамасы мүгедектің қаржылық жағынан тәуелсіздігін ғана емес, сонымен бірге оның барлық әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға (қатынас, қозғалу, физиологиялық қажеттіліктерін жүзеге асыру және т.б.) да тәуелді болмауын нақтылайды. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың бұл тәуелсіздікке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын құқықтар:

- материалдық қамсыздандыру мен қанағаттандырарлық өмір деңгейіне құқығы;
- өзінің құрдастарының әдеттегі өмір жағдайынан аса ерекшеленбейтін, мүмкіндігі шектеулі адам өзін жайлы сезінетін жағдайда өмір сүруге деген құқығы;
- қанау, қиянат етушілдіктен және қорлаудан қорғау құқығы; барынша дербестікке қол жеткізуге мүмкіндік беруге арналған шараларға (оның ішінде білім беруге) құқығы;
- олардың ерекше қажеттіліктеріне экономикалық және әлеуметтік жоспарланудың барлық сатыларында назар

аударылуға деген құқығы [2, 8].

Сонымен тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы әрбір адамның «әлеуметтік пайдалылығы» деген түсініктен ерекше әлеуметтік маңызыдылығын нақтылайды. Тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы бойынша ең бастысы мүмкіндіктері шектеулі адамды қоғамның дені сау басым бөлігінің, оның әлеуметтік институттары, оның қоғамдық сана жағынан әлеуметтік- экономикалық және адамгершіліктік-этикалық тұрғыдан қысуды жою болып табылады.

Тәуелсіз өмір түрі тұжырымдамасы, біздің пікірімізше, бұл түсініктің аясында мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға кіріктіру идеясының қалыптастырылумен маңызды болады.

1974 жылы Ұлыбританияда Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың одағы (UPIAS) құрылды, ол мүгедектерді сегрегациялауға қарсы тұруға бағытталған. Осы одақтың мүшелерінің жарияланымдарында шектелген мүмкіндіктерді ұғынудың жаңа әлеуметтік тұжырымдамасы нақты қалыптастырылды: қоғамның құратын кедергілері мүмкіндіктері шектеулі адамдарға (әсіресе балаға) толық құнды өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. Берілген тұжырымдама ары қарай мүгедектіліктің әлеуметтік тұжырымдамасы ретінде өз дамуын жалғастырды.

АҚШ-да ХХ ғасырдың 60-ншы жылдарының өзінде балаларды бірге оқыту жүйесін жүзеге асыру мүмкіндігі іздестіріле бастады. Егер Еуропада оларға көптеген заңнамалық актілермен қолдау көрсетілсе, АҚШ-да бірге оқыту идеясы жаңа педагогикалық жолдар мен тәжірибелер арқылы зерттелді. Сонымен, 1962 жылы АҚШ-да М. Рейнольдс мүмкіндіктері шектеулі балалардың «ерекшеліктер әдеттегілерге қарағанда көп емес» қағидасы бойынша жалпы білім беру үдерісіне қатысудағы жетістіктер қарастырылатын арнайы білім беру бағдарламасын жариялады. 1970 жылы американдық ғалым И. Дено ұқсас тұжырымдаманы «Каскад» үлгісін ұсынады [8]. Бұл тұжырымдамамен мүмкіндігі шектеулі балаға жалпы үдерісте (mainstream) мүмкіндігінше тиімді өзара әрекеттенуге мүмкіндік беретін әлеуметтік- педагогикалық шаралар жүйесі көтеріледі. 1975 жылы АҚШ-да «Мүгедек балаларға білім беру туралы» 94-148 заңдарының қабылдануларына байланысты білім берудегі интеграциялау үдерісіне құқықтық негіз берілді. Бұл заң мелекеттік мектептердегі мүгедек балалардың федералдық бюджет есебінен ақысыз білім алу құқығын қамтамасыз етті.

Англияда 1978 жылы Даму ауытқушылықтары бар балалар мен жасөспірімдерді оқыту жағдайын зерттеу бойынша комитет М. Уорноктың баяндамасын жариялады, бұл баяндамада инклюзивтік білім беруді мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне кіріктіру арқылы дамыту келешегі белгіленді. 1981 жылы Білім беру туралы заң бұл бағытты бекітті. М. Уорнокқа дейін мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты «ақыл- ойы дамымаған» және «оқи алмайтындар» деген терминдер пайдаланылды. М. Уорноктың зерттеу жұмыстары сыныптағы бес баланың біреуінің қандай да бір сәттерде оқуда қиындықтарға кездесетінін, яғни оқуда қиындықтары бар балалардың оларға аңғарым қойылып, емдейтін жетіспеушілік үлгісі аясында болуға тиісті емес екенін көрсетті. М. Уорнок оқудағы сәтсіздіктер

баланың

мінездемесі және сарапшы мамандар емес, баланы оқытуда маңызды рөл атқаратын мұғалімнің педагогикалық әрекетінің нәтижесімен өзара әрекеттестікте және өзара шарттылықта тығыз байланыстыра қаралу керектігін дәлелдеді. Комитет «ақыл-ойы дамымаған» терминді «оқу материалын меңгерудегі қиындықтармен» ауыстыруды ұсынды.

М. Уорнокқа үндес зерттеушілер Р. Кролл, Д. Мосис и С. Данлоп «оқу материалын меңгерудегі қиындықтар» түсінігін оқытумен байланысты мәселелердің бір түрі ретіндегі «бейәлеуметтік тәртіп» түсінігін ендірумен біршама кеңейтті [8].

1981 жылы Білім беру туралы заңға М. Уорноктың көптеген ұсыныстары енді, «мүгедек балалар» терминін «ерекше қажеттіліктері бар балалар» деген түсінікпен ауыстырылды, осы санаттағы балаларды жалпы білім беру мектебінде оқытудың қажетті түрімен қамтамасыз етуге шақырды. Ерекше балаларға көмек пен қолдау көрсету мақсатында мектептік үйлестіруші лауазымы ендірілді.

Бұл кезде АҚШ білім беру саясатында заманауи америкалық саясаттың бағытын анықтайтын, жалпы және арнайы білім беруді біріктіруге негізделген бір қатар заңнамалық актілер қабылдады:

- мұғалімдерді мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жауапкершілігін алуға шақырған үндеуі бар 1980 жылғы білім беру реформасы;
- Білім беру сапасы бойынша мәселелер бойынша ұлттық комиссияға ұсынылған Р. Рейганның «Ұлттық қауіптер: білім беру реформасына арналған императив» тақырыбындағы баяндамасы (1983 ж.);
- даму бұзылыстары бар мүгедектерге білім беру туралы заң (1990 ж.).

Алайда АҚШ жалпы мектептеріне интеграциялық білім беру инновациясын тәжірибеге ендіру, ең алдымен жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерінің білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін қажетті талаптармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың құрдастарымен қатынасқа дайын еместігіне байланысты бір қатар мәселелер туындады. Сол кездегі жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша мұғалімдердің кәсіптік әрекеттің жаңа түріне және оларға артылған жаңа жауапкершілікке дайын еместігін анықтады. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жағдайларды құруға бағытталған интеграциялау үдерісінің білім беру мен оқу-тәрбиелеу үдерісінің бұрынғы қалыптасқан жүйесі аясында жүріп жатқаны қиындық тудырды. XX ғасырдың екінші жартысында көптеген елдерде мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы білім беру мектептерінен жалпы білім беру мектептеріне жай ғана көшіру жолымен жүргізілген осы санаттағы балаларды интеграциялау талпыныстары тиімсіз болды [8-10].

Заманауи әлеуметтік-философиялық мағынадағы интеграция әдеттегі адамдардың және қоғам және оның жүйе бөлігі (білім беру институттарының жүйе бөлігі) қолдайтын және дамытатын (немесе қолдамайтын) мүмкіндіктері шектеулі адамдармен бірге тіршілік етуінің түрі ретінде түсіндіріледі, қоғамның барлық мүшелерінің қатысуға қатысты таңдау

құқықтары бар.

Әлеуметтік тірлік түрі ретіндегі интеграция ерекше қажеттіліктері бар адамның барлық әлеуметтік үдерістерге, білім берудің барлық сатыларына, дем алу үдерісіне, жұмысқа, әр түрлі әлеуметтік рөлдер мен атқарымдарға шексіз қатысу және оның мөлшерін, түрін және тәсілдерін еркін таңдау құқықтарын қарастырады. Бұл құқықтар әлемнің көптеген дамыған елдерінде заңнамамен бекітілген.

Шет елдік зерттеулер менинклюзивтік білім беру тұжырымдамасының негізінде педагогиканың теориясы мен әдіснамасында шет елдік педагогикадағы инклюзивтік білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі болып табылатын, өзінің дамуында даралыққа, әлеуметтік феноменологиялық және әлеуметтік-экономикалық сияқты бағыттар берген интербелсенді тәсілдемеге ауысатын философиялық экзистенциализм, прагматизм, постмодернизм, феноменология идеялары жатыр. Мысалы, экзистенциализм философиясы орталық идеяны – экзистенцияны, яғни өзіне және қоршаған әлемге қатысты өзінің әрекетіне жауапты әрбір адам жеке тұлға, қайталанбас және еркін тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік беретіні адамның негізгі өзегі «Мен» идеясын көтермелей отырып, мүмкіндігі шектеулі адамға, оның жеке және әлеуметтік тірлігіне, жаңа көзқарас ұсынды. Феноменология мен экзистенциализм инклюзивтік білім берудің педагогикалық технологиясында әзірленген ізгілікті педагогиканың философиялық бастауы болдым [9-12, 19].

Әлеуметтік және білім беру талаптары мүмкіндігі шектеулі адамның барынша дербес, тәуелсіз болуына, белсенді және жауапты, өмірлік ұстанымы бар, өзін осы қоғамда көрсете білетін, қоғамның тең құқылы мүшесі болуына көмектесуге бағытталған. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың дербес және тәуелсіз өмір сүру тұжырымдамасы бүгінгі күні инклюзивтік білім берудің мақсаты мен мазмұнын анықтайды.

1994 жылы Испанияда (Саламанка қаласы) өткен ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша дүниежүзілік конференция әлемдік педагогикалық қауымдастық үшін маңызды оқиға болды.

Педагогикаға «инклюзия» термині ендірілді, инклюзивтік білім беру қағидалары жарияланды. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру қағидалары, саясаты және практикалық әрекеті туралы саламандық декларация халықаралық құжаттарға негіз болғандардың бірі. Саламанкалық декларацияны қарастыра отырып, білім беру аясындағы жағымды тәжірибені жинақтайтын осы құжат инклюзияны білім беруді дамытудың басты бағыты деп декларациялайды, оның қағидалық ерекшелігіне білім беру жүйесінің әрбір баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес иілімді болуға міндетті екендігі жатады [21].

Дакарлық әрекеттер жоспары (Dakar Framework for Action) және жаңа мың жылдықтағы білім беруді дамыту Мақсаттары (Millennium Development Goals on Education) барлығына арналған білім берумен қамтамасыз етудің

заманауи және толық тәсілдемесін ұсынады [22].

Сонымен бірге, инклюзивтік білім беру мәселелерін талқылау халықаралық форумдарда мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы алаңдаушылықтың күшеюінде маңызды рөл атқарды, оны мүмкіндіктері шектеулі балаларға ғана қатысты тұжырымдама немесе жалпы білім беру тәсілдемесі ретінде емес, барлық топтардағы балалардың, мысалы, қыз балалардың, сыған балаларының немесе жұмыс істейтін балалардың білім алуға деген құқықтарын жүзеге асыру тәсілдемесі ретінде қарастыру керек.

2008 жылы ЮНЕСКО инклюзивтік білім беру қағидаларын жүзеге асыру үшін инклюзивтік білім беру тұжырымдамасын кеңінен түсінуді мәлімдеді,

«қоғамның барлық топтарын тең құқылы білім беру мүмкіндігімен қамтамасыз ету және өмір бойы оқыту, тұрақты дамыту мақсатында білім беруді қолдаудың басты қағидасы ретінде қарастыруға болады». Сонымен бірге, мүмкіндіктері шектеулі балалар біртекті топ емес. Оларды жалпы жіктеу қағидасы бойынша жынысына, экономикалық жағдайына, этникалық тобына немесе олардың үйлесімділіктеріне қарай жіктеуге болады. Осы балалардың осы топтардың біреуіне немесе бірнеше топтарына жатуы қиындықтарды арттырады, сондықтан білім беру құқығын жүзеге асыру үшін қаржы бөлгенде осындай көптеген әлсіздіктерді есепке алу қажет болады [23].

Инклюзивтік білім берудің негізгі іргелі тұжырымдамасы әрбір тұлғаны оның дене тұрғасындағы жағдайына тәуелсіз, оның құндылығын және ерекшелігін тану және мүмкіндіктері шектеулі балалардың табысты әлеуметтенулерін қамтамасыз ететін арнайы жағдайларды туғызу бағыттылығы болып табылады.

Қорытындылай келе, әлемнің әр түрлі елдеріндегі инклюзивтік тәсілдемелерді қалыптастыру үдерісі нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларды және басшының саясаттық еркін есепке алынып жүргенін байқауға болады. Педагогикадағы инклюзивтік тәсілдеме құбылысының әлеуметтік мәдени мәнмәтінін қарастыруға көмектесетін тарихи-философиялық аспектінің инклюзивтік білім берудің заманауи жағдайын түсіну үшін үлкен мәні бар. Инклюзивтік білім беру – бұл оны жүзеге асыру үшін оның жүйелілігін және дәйектілігін, үзіліссіздігін және кешенді тәсілдемесін талап ететін білім беруді дамытудың ұзақ мезімді стратегиясы.

Инклюзивтік білім беруге тұжырымдамалық тәсілдемелер

Инклюзивтік білім берудің мағыналық педагогикалық парадигмасы әр түрлі халықаралық ұйымдармен түсіндіріледі. ЮНЕСКО инклюзивтік білім беруді «барлық оқушылардың сан алуан түрлі қажеттіліктерін олардың оқуға, мәдени әрекеттенуге және қоғам өміріне қатысуларын кеңейту жолымен, сондай-ақ білім беру жүйесінің аясында әлеуметтік

оқшаулау деңгейін төмендету және одан шығып қалуды болдырмау жолымен қанағаттандыруға бағытталған үдеріс. Бұл үдеріс мазмұнындағы өзгерістермен және қайта құрулармен, тәсілдемемен, құрылымдар мен стратегиялармен байланысты, ал жас шамасы сәйкес барлық балаларды қамтитын жалпы тұджырымдама және барлық балаларды білім берумен қамтамасыз ету мемлекеттік міндет деген сенімділік оның ерекшелігі болып табылады».

Инклюзивтік білім беру нормадан ауытқуды немесе бұзылыстарды есепке алатын тәсілдемемен ерекшеленетін педагогикалық тәсілдемені пайдалануды қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда, осы тәсілдеменің аясында төмендегілерді тірек етеді:

- әрбір оқушының когнитивтік дағдылар жүйесінде емес, білім алу бойынша мүмкіндіктерін ашу;
- оқушылардың кемшіліктеріне назар аудару қажеттілігіне емес, оқыту бағдарламасы мен пәнаралық педагогиканы қайта құру;
- мұғалімдердің кәсіптілігінің негізгі дәлелі ретіндегі пән бойынша арнайы білімнің болуына емес, оқушының оқу үдерісіне белсене қатысуын қамтамасыз ете білу;
- үлгерімі нашар оқушыларға арналған оқытудың барабар бағдарламасын әзірлеуге емес, сараланған және\немесе дараланған оқытудың негізіндегі барлығына арналған жалпы оқу бағдарламасын құру;
- оқушыларды оқшаулайтын емес, инклюзияны жүзеге асыратын мұғалімдерді [23].

Дүниежүзіндегі әлсіз және бақытсыз балалар жергілікті мектепке қолжетімділікке деген өзінің құқығын жүзеге асыра алулары үшін білім беру жүйесін, сондай-ақ білім беру саласында жұмыс істейтін адамдардың құндылықтары мен қағидаларын түбегейлі өзгерту керек.

Инклюзивтік білім берудің ең басты тәсілдемесі батылдық:

- инклюзия құндылықтарын практикада жүзеге асыру;
- әрбір баланың өмірін бірдей құнды деп санау;
- қатысу сезімі бардың әрқайсысына көмектесу;
- балаларға оқыту және сабақ беру үдерістеріне қатысуға көмектесу;
- оқшаулау аймағын, кемсітушілікті және оқу мен қатысуға бөгет болатын кедергілердің санын азайту;
- әрбір балаға қатысты сан алуан және сыйласымдылық және тең құқықтық қатынасты қалыптастыру мақсатында мәдениеттілікті, саясат пен тәжірибені дамыту.

Инклюзияның артықшылығын адам құқығын сақтауға байланысты туындайтын ізгілік ниеттерден, сондай-ақ

адамдардың білім алу арқылы қоғамға тигізер пайдасынан да байқауға болады:

- инклюзия барлық балаларды бірге оқыту арқылы мектептегі алуан-түрлі қарым-қатынасты жақсартып алады және сонысымен әлеуметтік үлкен ұйымшылдыққа көмектеседі;
- мүмкіндіктері шектеулі балалар стигматизацияға азырақ ұшырайды, ол оларды әлеуметтік кіріктірумен қамтамасыз етеді;
- мүмкіндіктері шектелмеген балалар шыдамдылыққа, ерекшеліктерді тануға, сан алуандылықты сыйлауға үйренеді;
- мүмкіндіктері шектеулі балалар арнайы мектептердің оқу жоспарымен салыстырғанда оқытудың кең бағдарламасымен оқу мүмкіндігін алады;
- инклюзия жеке мекемелердегі сегрегациялау жағдайымен салыстырғанда балалардың оқудағы үлгерімдерінің жоғарылауына көмектеседі.

Оқу түріндегі инклюзивтік білім беру барлық балалар үшін тиімді, себебі ол жоспарлау әдістемесіне, мектептік білім беруді жүзеге асыру және оны бағалауға маңызды өзгерістер ендіреді, білім беру адамдарды өзінің құқықтарын жүзеге асыруға, оларды қоғамда қорғауға және қоғамда, сондай-ақ білім беру саласында демократизациялау және даралау үдерісіне өз үлесін қосумен қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Сонымен бірге, инклюзивтік білім беру пайдасына экономикалық дәлелдемелер де келтіріледі. 1997 жылы қазан айында өткізілген Бала құқығы бойынша комитет өткізген Мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқық мәселелерін жалпы талдау күнінің нәтижесі бойынша жасалған тұжырымданың біреуі – ол мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғам үшін масыл емес, олар да қоғамға өз үлесін қосатын қоғам мүшесі екендігін мойындаудың маңыздылығына қатысты болды. Дүниежүзілік банкінің бағалауы бойынша, әлемдегі кедейлердің шамамен бесеуінің біреуі мүмкіндігі шектеулі тұлға болып табылады (1999 жыл), ал өзінің 2005 жылғы зерттеулерінің нәтижесінде Дүниежүзілік банкі: «мүмкіндіктері шектеулі балалардың оларға жоғары пайда алуға мүмкіндік беретін адамдық капиталды – тәжірибе мен білімді алуға деген мүмкіндігі болуы бірталай, сол себептен тіршілік әрекетінің шектелуін бір жағынан ұзақ мерзімді кедейлікпен де ассоциациялауға болады», – деп тұжырымдама жасады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру – жақсы инвестиция. Дүниежүзілік банкінің баяндамасында бұл адамның әлеуметтік қажеттіліктеріне кететін шығынды және адамның қазіргі кезде де болашақта да мемлекетке тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді деп аталып өтті. Сонымен бірге, бұл жанұяның басқа мүшелерін оны күтуіне қатысты міндеттемеден босатады, оларға өз уақытын жұмысына және өнімдік әрекеттің басқа түрлеріне жұмсауға мүмкіндік береді [24].

Жоғарыда қаралып өткен құжаттар оларды міндетті түрде орындау қажеттілігін білдірмейді, алайда кейбір елдер оларды өздерінің ұлттық заңнамаларына ұсыным ретінде кіргізген. Білім беру сияқты маңызды саланы қалыптастыру әрбір нақты елдің әдет-ғұрпы мен даму деңгейіне тәуелді

болады, сондықтан халықаралық актілер қатысушы елдердің жалпы бағыты мен қағидаларын анықтайды.

Білім алуудағы ерекше қажеттіліктерді дамыту бойынша Еуропалық Агенттік теориялық вариативті көзқарасты ұсынады. Аталған халықаралық ұйымның тұжырымдамалық идеологиясы инклюзивтік білім беруді әр түрлі қалыптан қарастыру мүмкіндігіне негізделеді. Осылайша барлық балаларға арналған инклюзивтік білім беру білім алу үшін орынды таңдау (мультивариативті) ретінде, білім берудің ерекше жүйесі (екі жақты тәсілдеме) немесе бір орта шеңберінде жалпы білім беру мектебі немесе сыныбы (EADSNE) ұсынылатын қызмет спектрі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Инклюзивтік білім беруді педагогикалық қырынан түсіндіру әр түрлі нормативтік актілер атрибуты болатын белгілі бір құқықтық аспектілерде бейнеленеді. Оқыту түріндегі инклюзивтік білім алудың мазмұндық жағы

«Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру аясындағы қағидалар, саясат және тәжірибелік әрекеттер туралы Саламанкалық Декларацияда» ашып көрсетіледі. Оның ережелеріне сәйкес барлық балалардың ерекшеліктері, оқуға бейімділігі мен қажеттілігі болады. Сондықтан барлық оқушылардың сан алуан ерекшеліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында аталған құжатта оқытудың инклюзивтік білім беру түрін құрудың тиімділігі дәлелденеді, себебі инклюзивтік білім беру жүйесі мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтену келешегін кеңейту үшін, оларды кемсітушілік элементтерін жоюға және мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамның тіршілік әрекетіне белсенді қатысуына көмектесетін, білім берудің сапалы қызметтерімен қамтамасыз етуге жақсырақ жағдай жасауға мүмкіндік береді [21].

Бала құқығы туралы конвенция балалардың жеке ерекшеліктеріне тәуелсіз білім берудегі оқшаулау элементтерін жойып, барлық балалар үшін инклюзивтік қауымдастық құрудың логикалық жалғасы болып табылады. Сонымен аталған Конвенцияның 28-бабында барлық мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындайды, ал белгіленген құқықтарды жүзеге асырудың құралдық тактикасы ретінде ақысыз пен міндетті бастапқы білім беруді, сондай-ақ әр түрлі формадағы орта білім алуға қолжетімділікті ендіреді, ал бұл барлық балаларға өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және инклюзияның тәжірибелік стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді [18].

Мүгедектер құқығы туралы конвенцияда да оқшаулау сәттерді жоюдың педагогикалық орталық механизмі ретіндегі инклюзивтік білім берудің мағыналық элементтері бар. Әдеттегідей еместің бір түрі ретіндегі мүгедектілік инклюзивтік білім берудің жетістіктері мен әлеуметтендірудің тиімділігі үшін ерекше кедергі болады.

Халықаралық қауымдастықта барлық балаларды оқытудың тиімді тактикасы ретінде танылған инклюзивтік білім беру

әрбір бала өзінің қажеттілігі мен мұқтажына сәйкес көмек алатын, сапалы қолдау көрсететін кешенді құрылымды білдіреді.

Талдау барысында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивтік оқытудың ұсынылған интерпретациясын оқытудың инклюзивтік түрін коммуникативті-интербелсенді кешен ретінде сипаттауға болады [17]. Ағылшын зерттеушілері Т. Бут, М. Эйнск және А. Дайзонның әзірлеген инклюзия индексіне сәйкес инклюзивтік білім беру үдерісі баланы дамытудың оқулық, әлеуметтік, психологиялық, тұлғалық міндеттерінің өзара байланысын білдіреді. Инклюзивтік білім беру кеңістігінің атқарымының табыстылығы мен сәтсіздігі аталған мақсаттық ұстанымдарды шешу деңгейіне негізделеді. Олардың тиімді шешілуі бұл нормалау тенденциясын белсенді ендіруге жеке ерекшеліктерді оқу әрекетін жүзеге асыруға қажетті күштің шектелуі ретінде түсіндірілмей, керісінше білім беруде инклюзияны құрудағы жағымды ынталандырамалар сапасында анықталуы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаға өзін құрдастарының арасында еркін сезінуге мүмкіндік береді [25].

Зерттеушілердің инклюзивті білім беру ортасының орталық компоненттерінің ерекшелеген мәліметтерін тірек ете отырып, біз тәжірибелік ендірудің педагогикалық мақсаттылық жағынан бірқатар жағымды сәттерді құрайтынын байқадық.

12. Барлық оқушылардың және білім беру мекемелерінің персоналдарын тең бағалау. Бағалауды тек академиялық жоспарлау жағынан емес, оның әлеуметтік ынталандырмалар жағынан түсіну өзара әрекеттенудің педагогикалық әдептілік түрін құруға мүмкіндік береді. Әрбір баланың әлеуметтік бағалылығын тану мен инклюзивтік сынып мұғалімінен тұратын екі сатылы көрініс инклюзия индексінің көрсетілген аспектісінің жағымды сәті болып табылады. Бұндай тәсілдеме инклюзивтік білім беру ортасын бүтіндей ырықтандыруға және білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің әрбір субъектісіне қатысты үлгіні құруға мүмкіндік береді.

13. Мектептік инклюзивтік қауымдастық өміріндегі барлық балалардың қатысуын кеңейту және оларды мектептің мәдени өмірінен шығарып тастауды азайту. Барлық балаларды инклюзивтік сыныптың бар әлеуметтік жағдайларына қосуды арттыру барлық балаларға өздерінің жеке ерекшеліктерінің айқындығына тәуелсіз өзінің әлеуметтік мүмкіндіктерін барынша ашуға мүмкіндік береді. Берілген үдерістің педагогикалық мағынада позитивтілігіне академиялық және әлеуметтік нәтижелерді жақсарту үшін ынталандырма болып табылатын әрбір баланың уәждемелік-қажеттілік аясының біршама баюы жатады. Мектеп ұжымының өміріне тікелей қатысу жағдайында ғана барлық балалардың өзінің әлеуметтік субъективтілік деңгейін арттыра отырып, әдеттегідей емес сыныптасына қажетті қызметтерді тең деңгейде алу және ұсыну құқығы болатын инклюзивтік сыныпты қолдаудың өзара байланысты жүйесін

күру мүмкін болады.

14. Инклюзивтік білім беру ортасын құрудағы білім алуудағы қажеттіліктерді теориялық түсінудің және практиканың, мәдениеттің қайта құрылымдалуы. Мектептік инклюзивтік қауымдастық барлық ауытқушылықтар жеке тұлғаның бөлінбес атрибуты ретінде қарастырылатын, әдеттегі еместердің кез келген түріне қатынасты дәйектілікпен қайта қараудан тұратын, эволюциялық тұрақты әрекетті білдіреді. Аталған құбылыстың педагогикалық позитивтілігі тіршілік көзінің әдеттегідей емес байқалымдарына толеранттылықтың, адамдық абыройды сыйлаудың, қабылдаудың тәртіптің

стратегиялары көрсетілетін білім беру үдерісінің жаңа сапалы ізгілікті жолын құрудан тұрады. Бұндай тұжырымдамалық қайта бағалаудың тәрбиелік рөлі

«ерекше» баланы балалардың ұжымына қосуды нормалауға кедергі келтіретін бүлдіргіш күштер элементімен емес, позитивтілік атқарымдылық тұрғысынан түсіндірілетін әлеуметтік естілімнің сапалы жаңа қалпымен анықталады.

15. Білім алууда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың ғана емес барлық балалардың оқуы мен қатысуына қатысты кедергілерді азайту. Кедергілерді жою әрбір бала оқытатын қауымның дамуына қосуға шамасы келген үлесіне қарай бағаланатын, иілімді қабылдау ортасын құруға мүмкіндік береді.

16. Барлық оқушыларды әр түрлі себептерге қарай әлі де жойылмаған кедергілерді жеңудің тиімді стратегияларына үйрету. Бұл әр түрлі жағдайларға байланысты әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық немесе дене тұрғысынан қарама-қайшылықтарға кездескен мүгедектердің өмірге ерекше төзімділігіне үйретеді. Педагогикалық компоненті кедергілерді уақытша қиындық деп түсінуден білінетін ішкі және сыртқы өнімділіктен анықталады. Оларды жеңуде инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінде өзін-өзі реттеудің айқын механизмі қалыптасады, алайда бұндай құбылыс барлық оқушыларды тұлғалық және дене тұрғысы түріндегі туындауы мүмкін қайшылықтарға мақсатты бағытта жеңуге дайындаған жағдайында ғана мүмкін болады.

17. Оқушылардың арасындағы айырмашылықты қалыпты әлеуметтік және академиялық үдерісті тежейтін қиындық ретінде емес, адамзаттың саналуандылығының табиғи механизмі ретінде түсіну. Білім алуудағы ерекше қажеттіліктердің сан алуандылығы әрбір адамның өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, оқуға деген қабілеттері мен белгілері болатын кез келген адам аясында, тұлғалық-бағдарлық өзара иілімді әрекеттенуі мектептік инклюзивтік қауымдастықтың сәтті өмір сүруінің негізі деп қабылданады.

18. Оқушылардың сапалы білім алуға берілген құқығы туралы білімін кеңейту. Бұл балалардың заңнамалық мүмкіндігінің өзіндік спектрі туралы тұрақты құқықтың біліміне негізделеді. Құқықтары мен міндеттері бар өзінің құқықтық мәртебесі туралы қарапайым негізгі білімді меңгеру балаларға танымдық қорды интериоризациялауға

көмектеседі. Бұндай ұстаным мүмкіндігі шектеулі балаға инклюзивтік білім беруді мемлекеттің сапалы біліммен қамтамасыз ету міндеттемесі ретіндегі табиғи үдеріс ретінде емес, қайырымдылық акциясы ретінде қабылдаудан, инклюзивтік білім беруді педагогикалық-филантропиялық қабылдаудан құтылуға мүмкіндік береді.

19. Жалпы мектеп жүйесін оқушылар үшін ғана емес, сондай-ақ инклюзивтік білім беру кеңістігінің мұғалімдері үшін де жақсарту. Мектептік құрылым көптеген сыртқы факторлардың әсеріндегі иілімді интербелсенді жүйе ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайдағы педагогикалық сәйкестілік мұғалімнің өз жұмысының тактикасын орта талабына қарай барынша жылдам өзгерте білу қабілетімен анықталады.

20. Жергілікті қауымдастықтың кеңеюі мен шынайы инклюзияның жетістікке жетуіндегі мектептің рөлінің артуы. Мектеп әлеуметтік қатынастылықты ендіру үшін тәжірибе алаңы болатын өзіндік микросоциум ретінде түсіндіріледі. Барлық балалар алдымен ерекше қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттену тәжірибесін меңгереді, содан кейін нормадан кез келген ауытқушылықты эмпатиялық тұрғыда қабылдайды.

21. Мектепте және қоршаған ортада алынған тіршіліктегі әлеуметтік дағдылармен арасындағы өзара байланыс. Қандай болмасын шектеулер әлеуметтік-тұрмыстық түрдегі практикалық икемділіктер мен дағдыларда жетіспеушілікті тудырады. Сондықтан инклюзивтік түрдегі білім беру әрқашанда кез келген даму бұзылыстары бар бала мектепте алған білімі мен икемділіктерін шынайы өмірде байқап көру кезінде туындаған мәселелерді бүтіндей көруі үшін құрылады. Инклюзивтік білім беру индексінің көрсетілген құрылымдық элементінің педагогикалық құндылығы оның заттық-атқарымдық жағын күшейту мүмкіндігінде болады.

22. Инклюзивтік білім беру фактісін қоғамға кіріктірудің кешенді механизмін құру бөлігі ретінде түсіну. Көрсетілген бөлшектеу инклюзивтік сынып мұғаліміне білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланың ары қарайғы өмір сүруіне қажетті дайындық түрін таңдауға мүмкіндік береді. Педагогикалық тұрғыдан бұндай жағдай баланы оның тіршілік қарекетінің әр түрлі аймағына қосуға арналған жағымды жағдай тудыратындықтан, инклюзиядағы фрагменттік пен тұрақсыздықты жоюға мүмкіндік береді [25].

Шет елдік түсіндірмелер аясындағы инклюзияның индексіні талдау бірыңғай ортақ желіні – оқытудың инклюзивтік стратегиясын табысты жүзеге асыру үшін негізгі талап ретіндегі ортаға көзделуді анықтайды. Философиялық-педагогикалық түрдегі инклюзивтік білім беруді батыстық түсіндірулер жалпыланған, тұжырымдалған және оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің даралығы мен дербестігіне үлкен бағытталу жағдайында бүтіндей көру ұсынылады.

Инклюзивтік білім беруді мазмұнды түсіну оның құрылымдық-болмыстық сипаттамасын нақты ұғынуға негізделеді. Оқытудың инклюзивтік түрінің құрылымдық тұжырымдамасын ұстана отырып, Е.К. Сликер және Д. Дж. Палмер білім беру үдерісінде бар инклюзивтілік деңгей туралы дәлелдейтін, барлық балаларды инклюзивтік оқытудың белгілі бір

компоненттерінің біріккен жиынтығын ерекшелейді:

- баланың жеке қажеттілігін бағдарламалық көздеу мағынасы бойынша сәйкес келетін және иілімді оқу модульдерін құруды білдіреді;
- барлық балаларды инклюзивтік оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға бағытталған мектептік қоғамның барлық мүшелерінің жалпы жағдайын қалыптастырудан тұратын оқытудың инклюзивтік тактикасына айқын бағыттау;
- мүмкіндігі шектеулі баланы мектеп ұжымына қосу қажеттілігін дәлелдеген инклюзивтік білім берудің әрбір субъектісінің қабілетінде болатын оқытудың инклюзивтік тактикасын қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру;
- инклюзивтік білім беру ортасын құруға барлық субъектілер тартылатын, ведомство аралыққа негізделген, инклюзивтік білім беру кеңістігін құрудағы тактикалардың ынтымақтастығын есепке алу қажеттілігі;
- «ерекше» балаға бір мезгілде оқу әрекеті мен сыныптағы әлеуметтік өмірдің барлық түріне қосылу және табысты әлеуметтенуге қажетті өзінің икемділіктері мен дағдыларын байқатуға мүмкіндік беретін пилоттық бағдарламалардың болуы;
- нақты балаға өзінің мүмкіндіктерін барынша ашып көрсетуге мүмкіндік беретін, оған сәйкес келетін әлеуметтік белсенділіктің түрін таңдауға көңіл аудару;
- инклюзивтік білім беру кеңістігінің барлық субъектілерін әрбір бала балалардың микросоциумына қабылданылатын, инклюзивтік сынып жүйесіне тиімді қосылудың практикалық дағдыларын меңгеруді білдіретін плюралистік ортадағы тіршілік қарекетінің және өзара әрекеттенудің дағдыларына үйрету;
- әрбір баланың жеке жетістіктері арқылы инклюзивтік білім беру үдерісін нақты және тіркелген бақылаудан тұратын мониторингінің кезеңді үдерісі;
- инклюзияның жақын арадағы және алыс келешектегі салдарын көре білетін ұжымның барлық мүшелерінің қабілеттерімен берілетін оқытудың инклюзивтік тактикалары [26].

Инклюзивтік білім берудің мониторингілік, кешендік, тұлғалық-даралық белгіленген компоненттері мен тепе-теңдік элементтерінің үйлескенін білдіреді. Бұндай көзқарас инклюзивтік білім беруді бір атқарымның жеткіліксіз орындалуы немесе түрленуі басқа құрылымдық атқарымдарды бұзуға және берекесін кетіруге әсер ету аясындағы жүйе ретінде тұтастай көруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқытудың инклюзивтік түрін осылай түсіндіру әдепті болады, себебі инклюзивтік сынып мұғаліміне балалар ұжымын тиімді басқаруға және сыныптың барлық мүшелерін инклюзияға тартуды мүмкіндік береді [26].

Психологиялық-педагогикалық талдау инклюзивтік білім беруді түсіну әр түрлі бағыттағы тұжырымдамалардың жиынтығын білдіретінін анықтады. Батыс зерттеушілері Б. Дорис пен Б. Халлер инклюзивтік оқытудың нарративтік-

құндылық түсініктемесін ұсынады, бұл міндетті түрде орташалық және жеке бастық аксиологиялық детерминанттары бар эволюциялық-дамыту механизмі ретіндегі барлық балаларды инклюзивтік оқыту үдерісін қарастыратын тұрақты ұғынымдар мен теориялардың жиынтығын білдіреді. Инклюзивтік білім берудің атқарымдылық құндылығы мүмкіндіктері шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудің жағдаяттық жағдайы түрінде әдеттілікті көруді білдіретін ұжымдық және даралық аксиологиялық сәттердің жиынтығынан байқалады. Әр түрлі ерекшеліктер өзгертуге жатпайды, оларды берілген деп қарап, инклюзивтік сыныптағы жұмыстың педагогикалық жеке түрін жанастыру қажет болады. Б. Дорис пен Б. Халлер инклюзивтік білім беру мазмұнының мәнін құрайтын бір қатар аксиологиялық элементтерді ерекшелейді:

- әрбір баланың инклюзивтік сыныпқа қосылу қалауы міндетті түрде қанағаттандырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру педагогикалық және экономикалық тиімділік мәнмәтінде қарастырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру үдерісінде негізгі адамдық құқық пен еркіндік қанағаттандырылуға тиісті;
- инклюзивтік білім беру алыстатылған немесе тікелей кейіпте үнемі өзін-өзі ақтап шығады;
- инклюзивтік білім беруді кез келген мектепте кез келген адамдық, техникалық, зерделік, материалдық және басқа да ресурстарда жүзеге асыруға болады;
- оқытудың инклюзивтік үлгісін құрған кезде мектептің негізгі міндетіне әдеттегідей еместерге қатынасты нормалау жатады;
- инклюзивтік білім берудің мазмұны әдеттегі емес баланың әлеуметтік және академиялық білім жинағын меңгеруіне негізделеді;
- инклюзивтік білім беру білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланың жай ғана сыныпқа баруымен бітпейді, ол баланың балалар ұжымының барлық әрекеттеріне қатысуынан байқалатын, өмірлік белсенді көқарасын көрсетуін білдіреді [27].

Берілген теориялық әзірleme позитивті, себебі ол барлық балаларды инклюзивтік білім беру жүйесіне қатысты құндылықты түрлендіруді тірек етеді. Бұндай өзгертулер білім беру жүйесін ары қарайғы түрлендіру және әдеттегі емес балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инклюзивтік тактикаларын құру үшін ынталандырма және өзек болады.

Сонымен, инклюзивтік білім берудің барлық ұсынылған теориялық тұжырымдамаларын қорытындылау барысында, батыстық философиялық- педагогикалық пайымдаудың инклюзивтік білім беруді білім алуда кез келген қажеттіліктері бар барлық балалардың жеке қажеттіліктері мен мұқтаждықтары қабылданатын инклюзивтік білім беру ортасын құру арқылы түсіндіретіні туралы тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ талдау барысында инклюзивтік білім берудің негізгі тәсілдемелері қарастырылды. Берілген тәсілдемелерді

талдаудың мақсаттылығы инклюзивтік оқыту жүйесінің барлық балаларды оқытудың орталық тәсілдемелерінен мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру үдерісіне қосудың біршама өнімді стратегиялары мен тәсілдеріне дейін сапалы қызмет етуінің тұтастығына шартты болады.

Инклюзивтік білім берудің әр түрлі үлгілерін қарастырғанда, жүйелік, командалық, орталық, кондуктивтік, жекеше сияқты тәсілдемелері ерекшеленеді. Олардың тұтастығы, біздің пікірімізше, құрдастарынан қандай да бір белгілері бойынша ерекшеленетін балаларды барынша қабылдауға арналған барлық педагогикалық талаптардың жиынтығы бар болатын инклюзивтік білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Берілген тәсілдемелерді қарастырып өтейік.

Жүйелік тәсілдеме инклюзивтік білім беруді құрастырудың қажетті шарты ретінде өзінің бейнесін көптеген зерттеулерден табады. Идеялық құрылыстардың жалпы көрінісі инклюзияның әдіснамалық арсеналының орталық диспозициясы түріндегі жүйелілікті анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдемені берілген талдау аясында қарастырудың мақсаттылығы, біздің пікірімізше, инклюзивтік білім беру кеңістігінің сан алуан компоненттерінің өзара байланысы мен өзара әсерін байқауға мүмкіндік береді.

Батыстық реалия жағдайындағы жүйелік тәсілдеменің мазмұны У. Бронфенбреннердің қоғамның әлеуметтік дамуының экологиялық теориясы арқылы түсіндіріледі. Осы теорияға сәйкес жергілікті қауымдастық бір-бірімен өзара байланысқан мекемелердің, құрылымдардың, ассоциациялардың және әрбір баланы табысты дамумен кешенді түрде қамтамасыз ететін және оған нормадан ауытқуларын өтеуге мүмкіндік беретін құндылықтардың жүйесі арқылы анықталады. Бұл жерде ерекше рөл мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік жағдайға қосудың сапалы сатысымен қамтамасыз ететін және құрамына тұлғалық жеке микро жүйелер кіретін инклюзивтік мектептерге беріледі. Бұл балаларды қоғамға ары қарай қосу мен барынша бейімдеу үшін жергілікті қауымдастықтың барлық субъектілер жұмысының бірлескен тактикаларының қажеттілігі байқалады. Бұл жағдай құрамында балаларды әлеуметтендіруге қатысушылардың барлығы бар қоғамның ерекше қажеттіліктерді қабылдауға бағытталғаны айқын байқалатын, қажетті көмекті көрсетуді жалғастыратын инклюзивтік бастаманың мезоденгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы деңгейде кеңейтілген жанұялық орта мүмкіндігі шектеулі балаға оның жеке ерекшеліктері және немесе ортаның әсеріне шартты тәртіптің тиімді үлгісін құруға, жеке тұйықтығын жеңу үшін қоғаммен қатынасты орнатуға көмектеседі [28].

Эко жүйе мезо- және макро деңгейлердің арасындағы аралық жағдайға ие болады, бірақ сонымен бірге оның атқарымдық мәні толық, әдеттегідей емес баланың әлеуметтенудің бір сатысынан басқа сатысына өтуінің бейресми жүйесін пайдаланудан құралады, инклюзивтік мектепте танымдық қорды және әлеуметтік-практикалық тәжірибені меңгерген бала өзінің әдепті тәртібін көрсете отырып, макро деңгейге көшуге қабілетті болады.

Сонымен бірге макро жүйе мүмкіндігі шектеулі баланың өзінің тәртіптік паттерінің жеке әсері болып табылмайды, ол қоғамда басым болатын аксиологиялық императивтерге, белгілі бір әдеттер мен салттардан байқалатын мәдениетке, сондай-ақ білім беру мәселелері бойынша халықаралық деңгейдегі заңнамаларға және әдеттегідей емес баланың өмір сүріп жатқан нақты мемлекетке тәуелді болады.

Инклюзивтік білім беру мекемелері барлық балаларды қосудың кең алаңын ендіруге арналған ынталандырма болған жағдайдағы интербелсенді синтезде мүмкіндіктері шектеулі балалардың барабар дамуы туралы түсінікті тудыруы мүмкін, ал ол оларда қоғамға қосуға арналған қажетті негізді қалыптастырады.

Инклюзивтік білім беруді құрастырудың батыстық нұсқасындағы жүйелік тәсілдемені талдау баланың өмір тіршілігі өтетін, жағдайдың тұтас көрінісін құруды білдіретін жүйелілікті түсінудің бірлігін дәлелдейді. Бұл жағдайда жүйелік тәсілдеме инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық құрама тізбектерін біріктіруге мүмкіндік беретін модуляциялық буын ретінде қарастырылады.

Инклюзивтік білім беру әдіснамасында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеудің тұтас жүйесіне қосудың жоғары деңгейіне жету үшін инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің күштерінің жиынтығы ретінде түсіндірілетін **командалық тәсілдеме** жетекші

рын алады. Инклюзивтік білім беру кеңістігін құру кезіндегі командалық әсілдеме оның кешенділігіне қарай ол жеткілікті көлемде түрленеді және сан алуан түрлі екпінді қойғанда жіктеледі деп түсіндіріледі. Командалық тәсілдеменің канадалық өкілдері М.А. Мастропиери, Т.Е. Скраггс, Р.С. одемски және т.б. инклюзивтік сыныптағы қолдауды инклюзивтік білім берудің әр түрлі субъектілерінің күшінің кешенді түрде бірігуі деп нықтайды, бұндай жағдайда мүмкінділіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін өнімді шешуде сыныбында осындай бала бар бір мұғаліммен ғана түйықталмайды. Аталған ғалымдардың пікірінше инклюзивтік білім беру жүйесін құру кезіндегі командалық стратегияны жүзеге асыру педагогтардың тұлғааралық қатынасында ақпараттық және практикалық материалдармен үнемі алмасуы арқылы жүреді, бұл әрине мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқудағы үлгерімі мен әлеуметтік құзыретін арттыруға тікелей әсер етеді. Оқытушылар мен бұндай қатынастың мақсатты ұстанымының арасындағы диалогтың мазмұнды жағынан қарағанда инклюзивтік сыныптағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың әр түрлі командалық түрлері ерекшеленеді [29-30].

Батыстық үлгілерде командалық тәсілдеменің «екеулеп оқыту» түрі жиі пайдаланылады, бұл әдеттегі мұғалім мен мұғалімнің ассисентінің араында тығыз байланыс орнатуды қарастырады. Бұндай тәсіл мүмкіндігі шектеулі аланың жеке бағдарламасының мазмұнын барынша сапалы қалыптастыруда өзара жауапкершілікті бөлісу жүйесін құрастыруға көмектеседі. Біздің пікірімізше, жұмыстың бұндай түрі өте өнімді, себебі бұл жағдайда командалық тәсілдемені жүзеге

асыру жалпы және арнайы білім беру элементтері құрамдасатын иілімді оқу бағдарламасын қалыптастыруға негіз олады, бұл бір жағынан мүмкіндігі шектеулі баланың жеке қажеттілігін, ал бір жағынан бала меңгеруге тиісті оқу пәнінің мазмұнын есепке алуға мүмкіндік береді.

Ағылшын зерттеушісі Э. Паттерсонның командалық тәсілдемесінің басқа ұсқасы білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара рекеттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Ерекше маңызды сәттер сапасында «маман-маман» жүйесіндегі өзара әрекеттену ерекшелінеді, ілімнің әр түрлі салаларының инклюзивтік білім беру аясында үйесуі инклюзивтік білім беру стратегиясына және оларды мектептік бірлестікке рактикалық ендіруге арналған өнімді негіз құруға мүмкіндік береді [31].

Э. Паттерсонның көзқарасына сәйкес оқудың инклюзивтік түрін құруда педагогтардың өзара әрекеттенуінің тұрақтылығының артықшылығы зор, ол екеше оқыту элементтеріне ендіруде өзінің көрінісін табады:

- мүмкіндігі шектеулі баланың жеке ерекшеліктері бойынша жалпы және арнайы педагогтың күшін тұрақты біріктіру есебінен, оқытудың уақытша бағдарын ұйымдастыру;
- мектептің барлық мұғалімдерінің уәждемелерін біріктіру жолымен әрбір оқушыны қолдаудың жеке жүйесін құру;
- балаларды инклюзивтік білім беру ортасына қосуға кедергі болатын олардың барлық ерекшеліктерін кешенді түрде есепке алу аясында жүретін кәсіптік негіздердің тығыз өрілу есебінен әрбір баланың психофизикалық ерекшеліктерін ұғыну;
- жалпы қабылданған нормадан ауытқулары бар балаларды оқытудың тиімді стратегиясы бойынша басқа мұғалімдермен тәжірибе алмасу есебінен оқу материалын меңгертудің жекеше-темпоралды ерекшеліктерін рефлексивтік қабылдау мүмкіндігі [31].

Командалық тәсілдемені әр түрлі бейінді мамандардың өзара байланысы арқылы қарастырудың жағымды мәні бар. Инклюзивтік мектептің мұғалімдерінің арасындағы өзара әрекеттенудің толық құнды болмауы инклюзивтік үдерістерді жүзеге асыруға кедергі болады, сондай-ақ бұл жерде баланы жалпы білім беру мекемесіне шынайы қосу туралы айтуға болмайды. Инклюзивтік тәсілдеменің мәні педагогтардың арасындағы тұрақты өзара байланыс пен ұйымшылдықты ерекше баламен өзара әрекеттенудің қажетті тәжірибесін алу, сондай-ақ өзінің әріптесіне беру командаға қатысушылардың шеберлігін өзара байыту тәсілдері деп ұсынады.

Инклюзивтік білім беруді құрастырудың басқа жетекші талабына аксиологиялық тәсілдемені мәнмәтінде қарастыру жатады. Берілген тәсілдеменің мазмұнының мәніне әдеттетідей еместің кез келген түрі әлеуметтік позитивтік перцепияға ұшырайтын, ал мүмкіндігі шектеулі балада бар әлеуметтік-педагогикалық ақтаңдақ тұрақты негативті жеке

мінез ретінде қабылданбайтын инклюзивтік сыныптың коммуникативтік құрылымының құндылықты-нормативтік негізін ендірумен беріледі.

М. Сапон-Шевин, С. Пэк және т.б. зерттеушілер аксиологиялық тәсілдеменің мағыналық мазмұнын сипаттай отырып, әрбір оқушының ерекшелігін барынша қабылдау және эмфатикалық қатынастрады апробациялау көзделген инклюзивтік сыныптың барлық мүшелерінің өзара байланыстарын реттеу механизмінің құндылығын түсінеді [32, 33].

Аксиологиялық тәсілдеменің ұғымын түсіну мектептің берік бірлестігін қалыптастыру кезінде жетекші көрсеткіштерге тәртіптік, жекше-темпоральдық, мағыналық, жанжалсыз негіздердің синтезін жүзеге асырғанда мүмкіндігі шектеулі баланың балалар ұжымына қабылдау атмосферасы құрылатынын көрсетеді. Жүргізілген талдау бізге мектептік ұжымдағы келесі маңызды аксиологиялық элементтерді жалпыланған түрде ерекшелеуге мүмкіндік береді:

6. Қатыстылықтың айқын байқалған сезімі. Инклюзивтік сыныптың әрбір баласында өзін мектептік қауымның бөлінбейтін мүшесі ретінде сезінуін және өзін ұжыммен сәйкестендіруін қалыптастыруды білдіреді.

7. Мектептік қауымдағы инклюзияның шынайы мәдениеттіліктің болуына эмпатия, толеранттықтың құндылығын бөлісетін нормативтік негіздің белсенді қымет атқаруы кепілдеме болады.

8. Барлық оқушылардың жауапкершілікті және ұжымның дамуына өз үлесін қосу қажеттілігін сезінуі. Инклюзияны жүзеге асырудағы жағымды моральдық-адамгершіліктік негізді түсінуге инклюзивтік білім беру континуумының барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің дұрыс бөлінуі негіз болады.

9. Шешімді қабылдау кезіндегі шынайы демократияны байқату.

Аксиологиялық негіздер интеракцияның либералдық тактикаларына негізделеді, бұл әрбір балада жеке бастық әлеуметтік, философиялық, мәдени идеяларды ашық көрсете алатын мүмкіндік пайда болады және бір тұтас қауым болып қызмет атқаратын инклюзивтік сыныпта міндетті түрде демократияның қалыптасуының қажеттілігін білдіреді.

10. Барлық оқушылардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, олар үшін бірдей болжалдың көрінуі. Бұл аксиологиялық жағымды эмоциялық көңіл күй жағдайындағы мұғалім либералдылығын көрсете отырып, барлық оқушылардан әлеуметтік талаптардың барынша бірдей деңгейін қалыптастыруға тиісті. Бірақ сонымен бірге мұғалімнің стратегиясы иілімді және мобильді болуға міндетті, бұлар баланың шынайы мүмкіндігіне, оның қызығушылығы, қалауы мен қажеттілігіне қарай өзгеріп тұруға тиісті [34].

Сонымен батыс елдеріндегі инклюзивтік білім берудің аксиологиялық тәсілдемесінің мәні ізгілікті және толерантты білім беру ортасын құрудың жетекші элементі ретіндегі моральдық-адамгершіліктік мағыналардың анықтамасымен беріледі. Аксиологияның мақсатты ұстанымы барлық балалардың жеке құқықтарын бір мезгілде сақтай отырып, әрбір баланың белгілі бір ерекшелігінің болуына тәуелсіз оның құндылығын танудан, мектеп әрекетінің кез келген

аспектілеріне әлеуметтік, мәдени, философиялық көзқарастарды ашық білдіруден тұрады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тиімді оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға жақын арадағы микро әлеуметтік әсерді есепке алуды білдіретін кондуктивтік тәсілдеме аксиологиялық қағидаларды жүзеге асырумен тікелей байланыста тұрады. Бұндай жағдайда инклюзивтік білім беру құрамына инклюзивтік оқуды сапалы жүзеге асыру үшін қажетті дайындықты қалыптастыратын ата-ана да кіруге тиісті.

Инклюзивтік білім беруді құрудағы жанұяның ролін анықтағанда, батыстық зерттеушілер У. Монтогомери және М. Мооре жанұялық әсерді мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру ортасына қосудағы басымдылық факторы ретінде сипаттайды. Жанұялық факторды есепке алу баланы балалар ұжымына қосу барысында біршама артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- мүмкіндіктері шектеулі балалардың инклюзивтік білім беру практикасын жүзеге асыруға деген уәждемесін арттыру;
- тиімділеу білім беру бағдарын әзірлеуге;
- жанұяны білім беру үдерісіне қосу есебінен мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыстың стратегиялық тактикаларының бірін-бірі толықтырушылығы мен біріне-бірінің тәуелділігі;
- мектепте алынған әлеуметтік дағдыларды үй жағдайында жаттықтыру арқылы оқу үдерісінің академиялық және әлеуметтік құрамының арасындағы өзара байланыстың тұтастығын құру;
- ата-аналардың мамандар үшін баланың жеке ерекшеліктері туралы шынайы ақпарат беруі [35, 36].

Кондуктивтік тәсілдеменің негізгі құрамын талдау, біздің пікірімізше, жанұялық қауымның табысты қызмет атқаруы жанұялық қатынастың

когеренттілігі мен үйлесімділігі деңгейіне тәуелді болатын жанұялық жүйенің бір тұтастығын білдіреді. Берілген жағдай инклюзивтік білім беру жағдайына және әрбір баланың қосылу деңгейіне позитивті әсер етеді, себебі жанұялық қатынасты желіге тарту барлық балалардың құрдастарының ұжымына кіру үдерісін жеңілдетеді. Үйлесімді жанұяда өскен мүмкіндігі шектеулі бала психоәлеуметтік түрдегі позитивті эмоциялық қолдау алу мүмкіндігіне ие болады, бұл оны балалар қоғамына және бүтіндей қоғамға қосудың табыстылығын анықтайды.

Кондуктивтік тәсілдеменің инклюзивтік білім беруге қатысты позитивтік ерекшелігіне жанұялық құрылымның ашықтығының сипаттамасы жатады, бұл көрініс балаға оқытудың инклюзивтік түріне қосуға арналған ең қажетті модификацияның спектріне жетуге мүмкіндік береді.

Инклюзивтік білім берудің бөлшектік көрінісі мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру үдерісіне қосуға арналған негізгі педагогикалық талап ретіндегі жеке тәсілдемені тірек етуді білдіреді. Т.Е. Смит мен Б. Волкер білім алуда ерекше

қажеттіктері бар балаларға қатысты жекеше тәсілдеменің мазмұндық негізін қарастыра отырып, білім алуда ерекше қажеттілігі бар бала мен мұғалімнің арасындағы өзара әрекеттену үдерісіндегі тұлғалық-бағдарлау негізін жүзеге асыру туралы айтуға мүмкіндік беретін бір қатар жасаушыларды ерекшеледі:

- әрбір балаға уақытты оның кейбір ерекшеліктерінің барлығына тәуелсіз жеткілікті көлемде бөлу;
- мүмкіндігі шектеулі баланың адамдық абыройына нұсқан келтіретін әділетсіз мазақтамалардың болмауы;
- барлық оқу-әлеуметтік мәселелер бойынша мұғалім мен мүмкіндігі шектеулі баланың арасындағы өзара тығыз байланыс;
- мұғалімнің ашықтығы мен кез келген уақытта қажетті көмек көрсетуге дайындығы;
- қандай да бір қиындықтар туындаған жағдайда оқушыларды қолдау және оның қабілетіне деген сенімін білдіру;
- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі баламен қатынаста позитивті болуға ұмтылысы;
- мүмкіндігі шектеулі бала үшін қолжетімді болатын, ақпараттық және сонымен бірге экспрессивтік-эмфатиялық атқарымы бар сөйлеу тілдік коммуникацияны пайдалану;
- мұғалімнің диалог құруға қажетті ыңғайлы оқу кеңістігін ұйымдастыруы;
- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балаға өзінің көзқарасын білдіру үшін мүмкіндік тудыруы;
- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі баламен ынтымақтыстыққа дайындығының белгісі ретіндегі сөйлеу тілдік емес қатынасты қолдауы;
- мұғалімнің жақсы шешен мен тыңдаушы рөлінде болуы, қарым-қатынас жағдайына қарай өз рөлдерін өзгерте білу қабілеті;
- балаға өз ойын аяғына дейін жеткізуге және орынды жерде дәлелдеуге мүмкіндік беру;
- мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балаға өзінің жасырын мүмкіндігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, қатынас мәнмәтінің аналитикалық-жүйелік көрінінісі дағдыларын меңгеруі;
- өзара әрекеттену барысында мүмкіндігі шектеулі баланың күшті жақтарын тірек ету;
- нақты сұрақ бойынша диалогтың тең құқылы қатысушысы ретіндегі мүмкіндігі шектеулі балаға өз көзқарасын нақтылауға көмектесу үшін риторикалық сұрақтары пайдалану [37].

Жекеше тәсілдеменің өзектілігі әрбір баланың ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу бағдарамасын құру үдерісінде байқалады. Канадалық және американдық зерттеушілер Р. Зиглер және т.б. әрбір баламен өзара әрекеттенуді даралаудың мәнін сипаттай отырып, оқу бағдарламасының жекешілік бағдарын жалпы оқу және түзету бағдарламаларының элементтерінің жағымды бірігуі жүретін табысты қызмет атқаратын инклюзивтік сыныптың негізгі педагогикалық талабы ретінде қарастырады. Сонымен инклюзивтік сыныптағы мүмкіндігі шектеулі бала оқу бағдарламасын меңгерген

кезде, өзінің құрдасының лидерлік жағдайда болғанына қатысты, өзін жолы болмайтын адам ретінде сезінбейді [38]. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы ұсынылған тәсілдемелерді салыстыру жекешілік бағдарлау оқу стратегиясының үлкен педагогикалық маңызының бар екенін дәлелдейді. Олардың әдістемелері мен тәсілдерінің көмегімен инклюзивтік сынып мұғалімі сан алуан стандарттары құра алады, оқыту нәтижесін жеке тәртіпте бағалауға, сонымен бірге оларды орынды жерде сыныптық жалпы академиялық прогресспен салыстыруға қабілетті болады. Әрбір баладан бірдей нәтиже күтілетін және оқытудың тактикасы барлығы үшін бірдей болатын, қағидалары қатал әдеттегі немесе стандартталған оқытуға қарағанда инклюзивтік білім беру ортасы иілімді болады, ал жекеше тәсілдеме әрбір бала үшін тиімді жағдай құрудың педагогикалық стратегиясын анықтайды. Балалар ортасында әлеуметтік топтасуды құруға және өзара қолдау мен өзара көмек қатынастарының сапалы түрін қалыптастыруға мүмкіндік беретін осындай тәсілдеме қауымның әрбір мүшесі жағымды жағынан және қоғамға өз үлесін қосуға қабілеттілік жағынан қарастырылатын, жаңа әлеуметтік-педагогикалық шынайылық философиясы негіз болатын инклюзивтік механизм қызметін атқарады.

Зерттеушілер М.Л. Вейхмейер, Л.Г. Гуверлер де оқу жоспарының жетекші атқарымын әрбір балаға арналған жеке тәсілдеменің жасаушысы ретінде көрсетеді және оқу бағдарламасының мүмкіндіктері шектеулі балаларды тиімді оқыту үдерісіне арналған басымдылық мәнін анықтайды. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың жеке бағдарламасын әзірлеу баланың өзінің мүмкіндігінің психологиялық-педагогикалық диагностикалық анамнезі бар, бір-бірімен өзара тығыз байланысқан бірқатар кезеңдерден құралатын логикалық тізбекті білдіреді. Оқытудың академиялық, әлеуметтік міндеттеріне немесе олардың құрлымына акцент жасалатын бағдарламаны құру логикасы осыған тәуелді жүреді [39].

Мүмкіндігі шектеулі балаға арналған жеке оқу бағдарламасын әзірлеу нұсқаларын талдау берілген шараның кешенділігін, вариативтілігін және күрделілігін көрсетеді.

Батыстық педагогтармен көрсетілген, оқу бағдарламасын әзірлеудің қадамдық көрінісі өзінің негізінде айқын сындарлылыққа ие, бұл инклюзивтік сынып мұғаліміне ғана емес сонымен бірге білім беру үдерісінің барлық субъектілеріне де мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін және әрбір баланың жүзеге асыруына міндетті әлеуметтік және академиялық түрдегі кейбір нормаларды беретін орталық детерминат пен стандарттарды негізгі алатын құрамдас есепке алуға бағдарланған инклюзияның мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының нәтижелілігін бағдарлаудағы жетекші сәті білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің сарапшылар рөліне енуінде, олардың баланың мектеп өмірінде ғана емес, сонымен бірге үй жағдайына да

бейімделуі мәселесін кешенді түрде түсінулері мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды әлеуметтік ортаға қосу үшін маңызды дайындықты құруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің инклюзивтік сыныптағы жұмысының негізгі педагогикалық талабы ретіндегі жекеше тәсілдемеге бағдарлау мүмкіндігі шектеулі баланы оқытудың вариативтік өлшемі мен параметрін ендірудің қажеттілігін ұғындырады, себебі қашан да болсын нормадан ауытқу баланың оқу міндеттері мен нормаларын меңгеру ерекшелігінде өз ізін қалдырады. Көрсетілген тәсілдемені жүзеге асыру жағдайында ғана коммуникативтік жетіспеушіліктің жойылуы мен құрдастарымен бірге әрекеттенуге қабілетті және әлеуметтік- психологиялық дамудың нормативтік деңгейін, құндылықтың қорын меңгерген жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады.

Жеке тәсілдеменің құрамы ретіндегі жеке оқу бағдарламасы түсініктемелерін шет елдік салыстыра талдау олардың жалпы және ерекше сәттерін анықтады. Берілген бағыттағы қарастырылған көзқарастарының ішіндегі жалпы негіздерінің оқу бағдарламасының көп атқарымдылық рөлін инклюзивтік білім беру үдерісінің құраудың негізгі талабы ретінде түсіну болып табылады.

Жеке оқу бағдарламасын түсіндіру сипаттамасының ішінде батыстық ұғымның нақты құрылымдалғаны ерекшеленеді. Жеке оқу бағдарламасы шет елдік педагогика үшін мүмкіндігі шектеулі баланың өмірлік жағдайларға бейімделуінің жалпы элементтеріне қатысты бір қатар сұрақтарға жауап біртіндеп берілетін кезең. Оқу бағдарламасының балалардың ерекше қажеттіліктеріне бейімделуіне қарай оның үлгілігі, түрі мен берілген өзгерістердің өлшемі бойынша баланың жеке-темпоралдық ерекшеліктері мен орта жағдайларының бірігуіне тәуелді түрленеді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жетекші педагогикалық талабы түріндегі жекеше тәсілдеменің батыстық көрінісін талдау берілген түсініктердің арасындағы ортақ негізін анықтайды: оқу үдерісін әрбір бала үшін жекешелендіру қажеттілігінің рөлін ұғыну, оның нормадан ауытқушылықтарына тәуелсіз жеке ерекшеліктерін позитивті интериоризациялау, әрбір балаға қолданылатын иілімді оқу бағдарламаларының, күту және бағалау жүйесінің қажеттілігін тану. Сонымен

бірге батыс педагогикалық рефлексия оқудағы жеке тәсілдемені талдауға бағытталған.

Орталық тәсілдеме мүмкіндігі шектеулі баланы инклюзивтік сыныпқа қосудың мүмкін болатын деңгейіне жету және оқу-тәрбиелеу үдерісінің оптимумын қалыптастырудағы әлеуметтік мәнмәтіннің әсерінің мәнін түсінуге негізделген. М. Дж. Петерсон инклюзивтік білім берудің қалыптасуындағы ортаның атқарымдық рөлін сипаттай келе, инклюзивтік білім берудің оқу- тәрбиелеу жасаушысын нормалау үшін қажетті, микро әлеуметтік ортадағы белгілі бір педагогикалық талаптардың жиынтығын ерекшелейді:

- сыныпты әдеттегі емес балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін кедергісіз архитектуралық ұйымдастыру;
- инклюзивтік сыныптағы әдеттегідей емес кез келген түрді қабылдауға бағытталған жағымды психоэмоциялық атмосфера;
- әдеттегі емес балалардың инклюзиясын жылдамдатуға мүмкіндік беретін оқу-тәрбиелеу үдерісін әдіснамалық тұрғыдан кеңінен қамтамасыз ету;
- инклюзияның барлық субъектілерінің арасындағы ынтымақтастық тактикасының болуы;
- инклюзивтік үдерістің барлық қатысушыларының қажетті орталық нұсқасын қабылдауға дайындығы;
- инклюзивтік білім берудің сапасын жақсарту үшін мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру;
- әдеттегі емес баланың өзінің балалар ұжымына қабылдануға деген бағыттылығы [40].

Орталық тәсілдеменің құрылымдылығы туралы атап өтуге болады, көрсетілген педагогикалық талаптардың жиынтығын практикалық тұрғыда ендіру балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жағымды психоэмоциялық және нақты орталардың тиімді үйлесуіне қол жеткізген кезде инклюзивтік білім беру практикасын барабар апробациялау үшін анықтаушы фактор болып табылады. Ортаны архитектуралық және эмоционалды жасаушы етіп бөлуге акцент қою мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру жүйесіне қосуға арналған негіз ретіндегі орта талаптарын бөлшектеп нақты талдауға мүмкіндік береді.

Е.К. Смит және Е.А. Половей инклюзивтік білім беру үдерісін әрбір балаға өзін балалар ұжымымен сәйкестендіруге және академиялық және әлеуметтік шамасын ашуға мүмкіндік беретін жағымды орталық ұйымды құрастырудың сатылы механизмі ретінде қарастырады. Олардың көзқарастарына сәйкес, кедергісіз ортаны құру қажетті орталық өзгерістерді ендіруге және сұрақтарға бірізділікпен жауап беруге негізделеді [37, 41].

Орталық тәсілдеменің түсіндірмесін талдау мүмкіндігі шектеулі баланы инклюзивтік білім беру үдерісіне қосу үдерісінің ортаны сәйкес ұйымдастырумен үзілмес байланыста тұрғандағы оның айқын позитивтілігін көрсетеді. Ортаның бұндай көрінісі оқу-білім беру әрекетін және инклюзивтік практиканы жетекші педагогикалық талаптармен бірізділікпен табысты жүзеге асырудың қажетті талабы ретінде беріледі.

Берілген мәнмәтінде мұғалімнің ұсынған тапсырмалар жиынтығын мүмкіндіктері шектеулі балалардың сапалы орындауы үшін ортаны оның әдеттегі емес балалардың білім алудағы қажеттілігіне сәйкестігін кезең-кезеңмен диагностикалау қажет. Кейбір орталықта кемшіліктер болған кезде орталық арсеналын әдеттегі емес баланың ерекше қажеттіліктеріне қарай бейімдеу талап етіледі. Қорытынды нәтижесіне мүмкіндігі шектеулі баланың өзінің

сыныптастарымен инклюзивтік ортада табысты қызмет ету мүмкіндігі пайда болған жағдайдағы оның тәртіптік, перцептивтік, жеке тұлғалық жақтарын барынша мүмкін болатын бағдарлау жатады.

Орталық тәсілдеменің батыстық түсіндірмесін талдау мүмкіндігі шектеулі бала академиялық жән әлеуметтік табысты нәтижелерге бірдей деңгейде жетуге қабілетті болғанда, оқу-тәрбиелу әрекетін нормалаудың орталық педагогикалық талаптары ретіндегі ортаны анықтауға болатын ортақ белгілердің барлығын анықтайды. Ортаның негативті әсерін азайтуға және жағымды әлеуметтік сәттерді арттыруға мүмкіндік беретін түрлендіру жиынтығының маңыздылығын таниды.

Батыстық зерттеушілердің орталық тәсілдеменің инклюзивтік білім беруге қатысын түсінулерінің айқын модуляциялық табиғаты болады, бұнда кейбір өзгертулерді оқу әрекетіне ендіру үдерісі жете әзірленген және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды ендірілетін орталық өзгерістерге біртіндеп сәйкестендірудің сатылы механизмі ұсынылады. Орталық тәсілдемені батыстық түсінуіне әрбір элементтің жіктелген атқарымдық рөлдері бар ортаның әр түрлі деңгейлерін кешенді түрде көру тән болады. Әр түрлі құрылымдардың әсерін реттеу мүмкіндігіне байланысты бұндай көзқарастың жағымдыреңкі айқын болады, ол инклюзивтік сыныптың оқу-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға құрылымдық әсер етеді.

Жүргізілген талдау инклюзивтік білім берудің тәсілдемелерінің кешенділігін білдіреді. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланы оқу әрекетіне барынша қосуды жүзеге асыру үшін тәсілдемелердің әрқайсысының білім беру үдерісінің жалпы бағыттылығына әсер ететіндігіне байланысты, оған барлық қарастырылған тәсілдемелердің синтезін ендіру қажет болады.

Сонымен, ұсынылған тәсілдемелерді батыс елдеріндегі инклюзивтік білім беруді талдаудың әдіснамалық бірлігі ретінде талдау қарастырылған әрбір тәсілдеменің ізгілікті бағыттылығын және олардың білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланың даму мәселелерін шешуге мақсаттылығын анықтады.

Инклюзивтік білім беру субъектілері талдаудың тағы бір құрамдас бөлігі болып табылады. Инклюзивтік білім беру бір мезгілде барлық балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқытудың негізгі детерминанттары болып табылатын әр түрлі компоненттердің бір біріне өзара әсер етуі және өзара әрекеттену үдерісі және нәтижесі болып табылады.

Берілген мәнмәтіннің ортақ мағынасы барлық балаларды инклюзивтік оқытудың аксиологиялық тұрақты қорын құруға мүмкіндік беретін инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің жеке тұлғалық мінездемелерін еспеке алуды жинақтау болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған түрдегі көрсеткіштердің жиынтығын қамтитын субъектілік бірлік

бойынша батыстың инклюзивтік білім берудегі тәжірибесін талдаудың мақсаттылығы халықаралық тәжірибенің

жағымды ресурстарын зерттеу және осының негізінде барлық балаларды инклюзивтік оқытуға және бүтіндей инклюзияға қатысты жаңа құндылықты қатынасты құру.

Субъектілік бірліктің мазмұндық негізі бірнеше көрсеткіштерден тұрады:

- барлық субъектілердің инклюзивтік білім беруге деген уәжін қалыптастыру;
- мүмкіндігі шектеулі баланың дамуының субъективті жағдайы;
- инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің мәртебелік-рөлдік тәртіптік паттерлері;
- инклюзивтік сыныптағы мұғалімнің әрекетінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

Өнімді инклюзивтік білім беру практикасының ынталандыру негізі ретіндегі уәждемесі жеке тұлғалық фактордың жалпылама мінездемесінде жетекші буын болып табылады.

Л.А. Блум оқытудың инклюзивтік түрінің құрылу үдерісіндегі уәждеменің рөлін анықтай отырып уәждемелік ұстанымдарды олардың мақсатты қолданысының аясында түсіндіреді. Осы айқындамаға негізделе отырып, уәждеме ынтымақтастықтың техникасын ендіруге, инклюзивтік сыныптық үйлесімділігіне түрткі болады. Сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі баланың қалаған академиялық және әлеуметтік жетістікке жетуі инклюзияның әрбір субъектісінің жеке уәжінің бірігуі жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл жағдайда инклюзивтік білім берудегі сапалы жұмыстың басты педагогикалық талабы болып табылатын қажетті және бөлінбес негіз қалыптасады [42].

Берілген көзқарас позитивті болып бағаланады, себебі балалар тобында инклюзивтік микроклиматты сапалы жүзеге асыру үшін инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің өзара уәжі қажет болады. Бұл жағдайда мектептік команданың әрбір мүшесінің өз құндылығы пайда болады:

7. Мүмкіндігі шектеулі бала өзінің академиялық және әлеуметтік үлгерімін және жалпы бейімдеу шамасын арттырады. Инклюзияға деген позитивті көңіл күй оқудағы жетістіктерге, әлеуметтік болашаққа және оқытудың педагогикалық және орталық жағдайына бейімделу деңгейіне тікелей байланысты болады. Балалар ұжымына қосылу мақсаттылығы балаларға персоналдық белсенділік деңгейін арттыруға, оқуда және тәрбиелеуде қалдық қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді, ол оқу-тәрбие жүйесінің жағдайлық реалияға жалпы дайындығын қалыптастыру барысына кепіл болады.

8. Инклюзивтік негізді ендіруге деген мектеп әкімшілігінің уәждемесі барлық балалардың оқу-тәрбиелеу әрекетін басқару және үйлестіру стилін таңдау үшін қажетті дайындықты қалыптастырады. Жалпы білім беру ұйымның әкімшілігінің жағымды көзқарасы инклюзивтік практиканы жергілікті деңгейде қолдау үшін негізгі талаптарды құрады, ал бұл барлық балаларды инклюзивтік оқыту жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық ақтандақтардың санын кеміте

отырып, оған қонымды және реттелген түр береді.

9. Мектеп мұғалімдерінде уәждік ұстанымды қалыптастыру әдеттегі сынып түзіміндегі мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыстың әдіс-тәсілдерін тиімді апробациялауды кеңейтуге және оқу үдерісін нормалауға арналған қажетті жағдайларды тудырады. Айқын байқалған уәждің болуы мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру ортасына қосу қажеттілігі туралы филонтропиялық түсініктерден шығып, инклюзивтік оқыту барысында мейнстримизациялау (қандай да бір құбылыстың әдеттегідей болуы және жалпы қабылданған нормалардан ауытқымауы) әсеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

10. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың сыныптастарындағы инклюзивтік білім алуға деген нақты уәжін құрастыру айқын байқалатын аксиологиялық бастау пайда болатын, тату психоэмоциональдық ортаны құруға мүмкіндік береді. Әрбір қалыпты дамыған баланың оның мүмкіндігі шектеулі сыныптасының жалпы білім беру түрі бойынша оқуының міндетті екенін түсінгені, оған педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді жоюға көмектеседі.

11. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-анасының уәждемесі болуы баланың академиялық және әлеуметтік табыстылығының бір тұтастығына, сондай-ақ жағымды нәтижелерге жету үшін оның ішкі шама күшін күшейтуге мүмкіндігін береді. Уәжеделмелген жанұялық қолдау балалардың жағымды позитивтік эмоциялық бағыттылығын жалпы бекітуге қажетті негізді құрайды, сондай-ақ олардың танымдық, коммуникативтік, тәртіптік икемділіктері мен дағдыларына жағымды әсер етеді.

12. Әдеттегі балалардың ата-аналарында инклюзияға уәжеделген бағдар құру мүмкіндігі шектеулі баламен толеранттық өзара қатынасты нығайтуға көмектеседі. Бұл жағдайдағы балаларды үйде тәрбиелеудің дұрыс таңдалған стилі мүмкіндігі шектеулі сыныптасын әр түрлі мектептік шараларға қосу кезінде өзіне тең серіктес етіп қабылдауға және олардың жеке тұлғалық жетілуіне мүмкіндік береді [42].

Практиктердің пікірі бойынша уәжемені инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру үшін негізгі талап ретінде түсіну барлық қатысушылар үшін тиімді болады. Дж. Нельсон, Л. Лотт және С. Глен оның семантикалық негізін талдай отырып, оларды қалыптастырудың нақты әдіс-тәсілдерін үнемі бірге пайдалану жағдайында құрылатын динамикалық білім берудің уәжеделік ұстанымдары деп анықтайды. Инклюзивтік білім беру қауымдастығының әрбір субъектісінің мақсатты бағыттылығын құруда ғана мүмкіндігі шектеулі баланы қосуға қатысты әдеттегідей еместің кез келген түрін әлеуметтік тұрғыда қабылдау үшін жағымды жағдайы туады.

Уәжемені құрудың пайдаланылатын тәсілдері мектеп ұжымының әрбір мүшесіне өзінің көзқарасын тануға, жеке тұлғалық атқарымдық қоланысын ұғынуға, әрбір бала қабылданатын білім беру ортасының үйлесімді болуына барынша

күш салуына көмектеседі [43].

Барлық балалардың инклюзивтік оқуының қалыптасуын анықтайтын педагогикалық факторлардың негізгі спектріне мүмкіндігі шектеулі баланы субъектілік тұрғыдан дамыту жатады. Субъективтіліктің мазмұндық ерекшеліктерін қарастыра отырып, А. Кохн мен Н. Кунс инклюзивтік негіздің табысты құрылуының баланың өзінің сыныптастарымен және өзі үшін маңызды ересектермен өзара байланыс кезіндегі патерналистикалық стратегиялардан кетіп, айқын белсенді сипат алатын жаңа жағдайының қалыптасуына тәуелділігін дәлелдейді. Балада тұлғалық толысқан сипатты біртіндеп қалыптастыру үшін оның әрбір бала үшін қолжетімді болатын мектептік әрекеттерге қатысу аймағын біртіндеп кеңейту арқылы интербелсенді оқшаулау тактикасынан қашықтау қажет болады. Әрекеттену шекарасын тұрақты түрде біртіндеп азайта беру, инклюзивтік білім беру үдерісінің барлық субъектілерінде жалпы қабылданған нормадан кейбір ауытқушылықтары бар балаларды субъективті қабылдауға мүмкіндік береді. Осымен бірге мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы мектептік шараларға қатысу үлесін арттыру олардың инклюзияға деген жеке көңіл күйін тұрақтандырады, өзінің күшіне деген сенімділігін арттырады, олардың академиялық және әлеуметтік келешектерін үйлестіреді [44].

Инклюзивтік білім берудің барлық субъектілерінің мәртебелік-рөлдік тәртіптік паттерндері барлық балаларды инклюзивтік оқытудың тиімділігін арттырудың жетекші детерминанты ретінде анықталады.

Білім берудегі инклюзияның барлық мүшелерінің мәртебелік-рөлдік сипаттарын ерекшелей отырып, М. Дж. Петерсон инклюзивтік ұжымның барлық мүшелерінің әрекеттерімен тікелей арақатынаста болатын кеңейтілген мәртебелік атқарымдарды орындау қажеттілігін ескертеді. Бұндай атқарымдылық біртіндеп бекітіледі және тұрақтандырылады, соның нәтижесінде инклюзивтік сыныптағы әрбір тұлғаның мәртебелік-рөлдік механизмі жіктеле және дәлелдене түседі. Инклюзивтік білім берудің әрбір субъектісінің рөлдік байқалымдарының жиынтығы париттеті реңкте және олардың инклюзивтік білім беру үдерісін жалпы демократиялауға ішкі талпынысы болуға тиісті. Мүмкіндігі шектеулі балаға филантроптық және автономдық қатынастың арасындағы өзара байланыс қажетті деңгейде және инклюзивтік сыныптағы барлық мүгедектердің әлеуметтік әрекеттері нақты бекітілгенде, орта жағдайы өзгерген жағдайда түрлене алатындай, динамикалы болған жағдайда инклюзивтік білім беруді құру мүмкін болады [40].

Сонымен, мәртебелік-рөлдік атқарымның паритеттілікке ұмтылысы инклюзивтік ұжымның әрбір мүшесінің жеке тұлғалық факторын толық көлемде ашып көрсетуге мүмкіндік беретін, жағымды педагогикалық талаптардың спектрлерін қалыптастыруға арналған қажетті негізді құрайды. Инклюзивтік сыныптағы мұғалімнің кәсіптік құзыретінің мазмұны сапалы инклюзивтік білім беру негіздерін қалыптастырудағы негізгі элемент болып табылады. Инклюзивтік

білім берудің педагогикалық құзыреттілік аспектісін сипаттай отырып, батыстық зерттеушілер Дж. Оноско және К.М. Джоргенсен педагогтың сыныптағы әрбір баламен тиімді қатынасты құру үшін бөлінбес қор сапасындағы кәсіптік білім, икемділіктер мен дағдылардың жиынтығын меңгеруін қарастырады [45].

Оқытудың инклюзивтік түрін жүзеге асырған жағдайда педагогтың кәсіптік құрылымының құзыреттілігінің мәні екі есеге өседі, себебі мүмкіндігі

шектеулі баламен бір қатар оқу және әлеуметтік міндеттерді табысты шешу мұғалімнің жалпы білім беру жүйесіндегі осы балалардың атқарымдарының ерекшеліктері туралы гносеологиялық түсініктер спектрінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болады.

Өзінің құрдастарынан ерекшеленетін баланың инклюзиясында табысты нәтижеге жету үшін инклюзивтік сынып мұғалімі өзінің жеке құзыреттілігінің деңгейін үнемі жетілдіруге және қажет болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздестіруге байланысты ол үнемі кәсіптік динамикада болады [45].

Зерттеушілер инклюзивтік сынып мұғалімінің кәсіптік құзыреттілігінің келесі мазмұнын ерекшелейді:

6. Танымдық компонент. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудың барынша тиімді әдіс-тәсілдері бойынша кең көлемді білімді меңгеру. Мүмкіндігі шектеулі баланың құрдастарының ұжымымен өзара байланысының педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік механизмдерін түсінуді білдіреді.

7. Коммуникативтік компонент. Мұғалімнің мүмкіндіктері шектеулі балалармен қатынасқа сәйкес келетін сөйлеу тілдік стратегияларды меңгеруі. Оқу үдерісін сөйлеу тілдік құралмен жүргізу барлық оқушыларға ақпараттармен алмасуға және өздерінің экспрессивтік-эмфатикалық сезімдерін ашық білдіруге мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі бала үшін сыныптағы коммуникативтік қатынастың дұрыс құрылуы ондағы әлеуметтік оқшаулау мен депривацияны жеңуді білдіреді, ол оған оқу әрекетінде қалаған нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

8. Тәртіптік компонент. Мұғалімнің инклюзивтік жүйенің тәртіптік стратегиясының тиімді құралдарын меңгеруі сыныптағы барлық балалардың өз әлеуметтік жағдайларын дұрыс түсініп, инклюзивтік сыныптағы рөлдік атқарымдардың нормативтік бөлінуіне көмектеседі, ал педагог қажет болған жағдайда оларды түзетеді және инклюзивтік білім берудегі тұлғааралық жүйелік құрылымды реттейді.

9. Практикалық компонент. Мұғалімнің туындаған жағдайды шешудің сәйкес тәсілдерін қолдануы, мүмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтік- педагогикалық ақтаңдақтарын өтеу арқылы инклюзивтік сыныптағы әрбір субъектіге сәйкес келетін өзара әсер ету тактикасын таңдау қабілеттілігін білдіреді.

10. Болжамалы компонент. Мұғалімнің әдеттегі сынып жағдайындағы мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен

тәрбиелеудің қазіргі кездегі ғана емес, сондай-ақ болашақтағы келешегін көре білуі. Балалардың жеке тұлғалық мінезінің өзгеруінде өзара әрекеттену стратегиясының түрін икемді өгертуге көмектеседі, бұл инклюзивтік білім беру ортасының ізгіліктілік деңгейінің артуына мүмкіндік береді [45].

Субъекті бірліктің көрсеткіші ретіндегі инклюзивтік сынып мұғалімінің кәсіптік құзыреттілігін талдаудың батыстық нұсқалары мұғалімнің жоғары біліктілігі мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеудің сапалы нәтижелеріне қол жеткізуге, олармен өзара әрекеттенудің сәйкес келетін түрін анықтауға, соған сәйкес олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқудағы және әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін жетекші буын ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Субъекті бірлікті талдау көрсеткіштерінің барлық жиынтығы мектептік білім беру қауымдастығының әрбір мүшесін өзін-өзі өсіру мен өзін-өзі дамытумен қамтамасыз етуден құралатын, инклюзивтік білім берудің мақсаттық қолданысының көрсеткіші болып табылады

Барлық әлемде инклюзивті білім берудің идеялары мен практикасына барынша көңіл бөлінеді. Кез келген демократиялық қоғам білім беру процесін қоғамдастықтың барлық азаматтары үшін еркін және қол жетімді етіп ұйымдастыруға ұмтылады. Әрбір мемлекетте білім беру жүйесі азаматтардың барлық санаттары үшін тиімді білім беруді қамтамасыз етумен байланысты проблемаларға тап болады. Жалпы алғанда, барлық елдер денсаулығындағы ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, әлеуметтік қатыстылығына, этникалық шығу тегіне, тіліне, дініне, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарамастан қоғамды ізгілендіруге, барлық балаларды жалпы білім беретін процеске қосуға бағытталған стратегияларды іске асырады.

Қазақстан Республикасы барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, яғни денсаулық жағдайымен (психофизикалық бұзылулар, ВИЧ және СПИД жұқтырған балалар, т.б.); қоғамға әлеуметтік бейімделу проблемаларымен (жетімдік, девианттық мінез-құлық, отбасының төмен әлеуметтік-экономикалық немесе өзге де әлеуметтік-психологиялық мәртебесі: аз қамтылған отбасының, босқындардың, оралмандардың, аз ұлттардың және т.б балалары) байланысты сапалы білім беру құқығын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Барлық әлемде қоғам ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде кемсітуге жол бермеу ұғымына бірден тез келді деп айтуға болмайды. Әрбір елдің аталған мәселені дамыту бойынша мәдени, ұлттық және ғылыми принциптерге негізделген өзіндік тарихы бар. Көптеген елдер адам құқықтары саласындағы БҰҰ конвенцияларының ережелерін, декларациялары мен ұсынымдамаларын басшылыққа алады. Инклюзивті білім беруді дамытудың тарихи-философиялық аспектілерін терең ұғыну біздің қоғамға қолданыстағы білім беру жүйесі мен балалардың жалпы білім беретін

мектептерге қол жетімділігін ашуды қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру оқытудың жоғары стандарттары әрбір білім алушыға қол жетімді болуымен жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты бірде бір халықаралық құжатта ұлттық білім беру стандарттарын азайту бойынша ұсынымдамалардың жоқ екенін атап өту қажет. Атап айтқанда, инклюзия тиімді жаңа форма, яғни кез келген адамға өзінің әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білім беру ретінде қарастырылады.

Бұл үлкен дайындық жұмыстарын өткізуді және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді дамыту деңгейлерін есепке алуды білдіреді. Инклюзивті білім беруді құқық ретінде қарастыра отырып, білім беру инклюзияның қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға анағұрлым кең көлемдегі процестің маңызды шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу жөніндегі шетелдік тәжірибені шолу кезінде кеңестік дефектологиялық ғылым мен арнайы білім беру жүйесі бойынша бай мұрасы бар жақын шетелдік тәжірибелерге назар аударылған. Бұрынғы кеңестік республика елдері қазіргі таңда өзгеріс пен кіріктірулі процестерін негізге ала отырып, білім беру жүйелерін жаңғырту жолында. Осы күрделі процестердің ұқсас мәніне қарамастан практикада әрбір ел өз жолымен келе жатыр. Көптеген тиімді кіріктіру моделдері арасындағы айрықша ерекшеліктер инклюзивті білім беру қоғамдастығын ұйымдастыру тәсілдеріне, оқыту технологияларына, ұнамсыз мінез-құлықты түзеу және алдын алуға, қосалқы персоналдар рөліне, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бағдарламаларының түрлену және бейімделу тәсілдеріне қатысты болып отыр.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Литваның тәжірибесін зерделеу ерекше білім алуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдарына кезең-кезеңімен қосу мен жүйелі тәсіліне назар аударуға мүмкіндік берді.

Литвада арнайы білім беру қажеттілігі (бұдан әрі - АБҚ) дегенді айрықша қабілеттері немесе туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болатын оқу процесіне көмек немесе қызмет көрсету қажеттіліктері деп түсінеді.

Инклюзивті білім беруге ықпал ететін негізгі факторлар ретінде литвалық сарапшылар төмендегілерді атап көрсетеді:

- Инклюзивті білім берудің саясаты мен әдіснамасына ықпал ететін заңнамалық базаны;
- Мұғалімдерді даярлау – АБҚ бар балалар туралы мұғалімдерге қажетті ақпараттар ұсыну;
- АБҚ бар тұлғалармен нақты интеракция – эмпатия, толеранттылық тек интеракция процесінде өзгеше қалыптасады;
- Кемсітушілікті азайту, «өзге», «ерекше» баланы қабылдау және оны басқаларға қосу мен интеракция жасауға

және оның қатысуына (әртүрлі жағдаятта) ықпал ету тәрізді педагогтердің оң тәжірибесімен алмасу;

- Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің бағдарламаларды бейімдей білуі және АҚБ бар балаларды оқытуда баламалы әдістерді қолдануы және т.б.

Литваның білім министрлігі мұғалімдерді даярлау бойынша оқу жоспарына «Арнайы педагогика», «Инклюзивті білім беру» және т.б. арнайы пәндерді енгізуді ұсынды. Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша (2017) жоғары санатты алуға ұмтылған әрбір мұғалім «Инклюзивті білім беру» (60 академиялық сағат) курсының тыңдауы және практикалық тапсырмалар орындауы тиіс.

Мамандарды кәсіби даярлау фокусында орын алған өзгерістер, төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

	Өзгерістерді салыстыру	
Студия	Олигофренопедагогика	Педагогика
Біліктілік	Арнайы мектептің мұғалімі	Арнайы педагог
Нысаналы топ	Ақыл-ойының дамуында кешеуілдеуі бар балалар - гомогендік топтар	Балалардың ерекшеліктері және олардың қажеттіліктері
Мекеме	Мамандандырылған мектепте жұмыс істеу	Жалпы және арнайы білім беру жүйесінде жұмыс істеу
Өзара әрекет ету	Бағыт: мұғалім – бала	Екі жақты өзара іс-қимыл: мұғалім - бала
Білім беру мақсаты	Білімді беру, танымдық дағдыларды дамыту	Әлеуметтік дағдылар
Қоршау	Құрылымдау, оқшаулау	Икемді, инклюзивті
Фокус	Бұзылу /еңбекке жарамсыздық диагнозы	АҚБ /жеке қажеттіліктер және /дәлсіздік
Рөл	Сарапшы	Командалық жұмыс, әріптестік, ата-аналармен ынтымақтастық

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер елімізде жаңа білім беру шынайылығын құрды. Мұғалімдер мен арнайы педагогтерді даярлауға арналған бағдарламалар ұдайы жетілдіріліп отырады. Осыған сәйкес, негізгі мақсаты студенттерге құзыреттіліктерді дамытуға, кәсіпқойлар үшін қажетті:

- инклюзивті білім беруде әртүрлі балалармен;
- ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатумен;
- АҚБ жеке, командалық және институционалдық деңгейге сәйкестігін үйлестірумен жұмыс істеушілерге ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламаларды жетілдіру тек жаңа мазмұн мен пәнді білуге бағытталмаған, сонымен қатар құндылықтар мен болашақ мамандардың дүниетанымына көңіл аударылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында жұмыс істеу үшін даярлау кезеңінен бастап болашақ литовтық педагогтерді білім беру қажеттіліктерінің топтары бойынша білім алушыларды бөлумен таныстырады.

Ұсынымдамаға сәйкес топтар (OECD – organization for economic cooperation and development/ ЭЫДҰ – оэкономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы):

7) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities/ Мүгедектік*);

8) Мінез-құлығымен және эмоциялық проблемаларымен оқуда қиындық келтіретін балалар (бір немесе одан да көп пәндер) (*Difficulties/ Күрделілік*);

9) Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын балалар – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептер (*Disadvantages/Жемісшеушіліктер*).

Әрбір топ мынадай денсаулық бұзылыстарына тұрады.

9) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities*)

- Интеллектінің бұзылуы;
- Көру қабілетінің бұзылуы;
- Есту қабілетінің бұзылуы;
- Физикалық және неврологиялық бұзылуы;
- Дамудың жан-жақты бұзылуы (*аутизм; әдеттегі емес аутизм; Rett синдромы; Аспергер синдромы; т.б.*);
- Саңырау-соқыр;
- Кешендік бұзылулар.

10) *Интеллектінің бұзылуы*

- Интеллектінің шағын ғана бұзылуы;
- Интеллектінің орташа бұзылуы;
- Интеллектінің айрықша бұзылуы;
- Интеллектінің барынша айрықша бұзылуы.

11) *Оқуда қиындық келтіретін балалар (Difficulties)*

- Оқудағы жалпы қиындықтар;
- Оқытудағы спецификалық қиындықтар (оқу, жазу, математика);
- Мінез-құлығы және эмоциясымен байланысты қиындықтар (белсенділік, назар аударушылық, алаңдаушылық, көңіл күйі және т.б.);
- Сөйлеуіндегі қиындықтар.

12) *Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын қиындықтар (Disadvantages)*

- Ана тілінде оқымайды;
- Денсаулық проблемасы;
- Эмоциональдық дағдарыстар;
- Қолайсыз әлеуметтік жағдайлар.

Соңғы екі топ педагогтердің оқушылардың білім беру қажеттіліктері мен инклюзивті білімге деген көзқарастарын кеңейте түседі.

Қажеттіліктер бойынша топқа бөліну кезінде арнайы білім беру қажеттіліктерін (АБҚ) немесе ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау сияқты маңызды мәселелер туындайды.

АБҚ (ЕБҚ):

- айрықша қабілеттер;
- туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар;
- қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болған, оқу процесіне көмек және қызмет көрсету қажеттіліктері.

Көмек пен қызмет көрсетудің сипаты мен қарқыныдылығына қарамастан АБҚ 4 деңгейге бөлінеді:

- шағын,
- орташа,
- ірі,
- өте ірі.

АБҚ деңгейі Литваның Білім және ғылым министрлігі белгілеген өлшемшарттар бойынша анықталады

Мектеп жасындағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

23. Өзгертілген бағдарламалардың көлемі.
24. Оқу нәтижесі (оқушы жетістігі).
25. Оқу жоспарының өзгерісі.
26. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
27. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
28. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
29. Техникалық құралдар қажеттілігі.
30. Арнайы педагогикалық көмек.
31. Арнайы көмек.
32. Психологиялық көмек.
33. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

17. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
18. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
19. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
20. Техникалық құралдар қажеттілігі.
21. Арнайы педагогикалық көмек.
22. Арнайы көмек.
23. Психологиялық көмек.
24. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Өзгертілген бағдарламалардың көлемі

Оқыту өз-өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше жұмыс істеуге, әлеуметтік дағдыларға және т.б. бағытталған жағдайда 1-2 пәннен бастап немесе мазмұн түбегейлі өзгергенге дейінгі салалар. 1-ден бастап 4 балға дейін бағалау.

Бағдарламаның өзгеруі

Бейімделген жалпы бағдарлама. Мазмұн – сол сыныптың оңайлатылған және жеңілдетілген бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты бағдарламалық талаптарды қанағаттандыру деңгейінде меңгерген оқушы жетістігі болып

табылады. Бейімделген бағдарламаның негізгі мазмұны бала контекстен «қалып қоймайтын» барлық сынып жұмыс істейтін бағдарламаға сәйкес келуі керек. Сол бағдарламамен оқиды, бірақ пәндегі тақырып мазмұнының көлемі мен тереңдігі жағынан айырмашылығы бар.

Дербестендірілген бағдарлама. Бұл интеллектісінде бұзылыстары бар балалар оқитын бағдарлама. Бағдарлама мақсаты жалпы талаптарға сәйкес келмеуі мүмкін.

Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады (IQ 69 и <). Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады. Оқушы оның сыныптастары оқыған тақырыптық мазмұнның талаптары қалады. Кейбір жағдайларда (интеллектінің орташа бұзылысы IQ 49 и <) оқыту әлеуметтік және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған жалпы бағдарламаларға сәйкес келмейді.

Оқу нәтижесі - оқушы жетістігі.

Егер оқу пәні бойынша оқушы жетістігі қанағаттанарлық деңгейден төмен болса, 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келмесе бағдарламаның өзгеруі мүмкін.

Оқу жоспарының өзгеруі.

АБҚ-ның бұзылыс сипаттамасы мен деңгейіне байланысты оқу жоспары 15-тен 30%-ға дейін өзгеруі мүмкін.

Сол себепті:

- Жекелеген пәндерден сабақтар саны көбеюі немесе азаюы;
- Кейбір пәндерді оқыту жеке ұйымдастырылуы мүмкін.

Литваның Білім және ғылым министрлігі жекелеген оқушылардың топтары бойынша оқу жоспарын өзгерту жөнінде ұсынымдамалар дайындады.

Оқыту әдістерін іріктеу.

Әдеттегі оқыту әдістері баламалы (басқа мүмкін болатын) әдістермен байланысатынын көрсетеді.

Баламалы әдістерді әдеттегі әдістермен оқыту кезінде егер оқушы жекелеген оқу пәндері бойынша оқи, жаза, санай алмаған жағдайда қолдану ұсынылады. Баламалы әдістердің маңыздылығы әсіресе бағдарламаны барынша меңгеруге ұмтылу кезінде маңызды болып табылады.

Баламалылығы зерделенеді/ АБҚ бар баланы оқыту кезінде қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі. Қолданылатын әдістердің баламалылығы мен тиімділігін психолог, арнайы педагог бағалайды.

Осыған сәйкес:

- Бала оқыту процесі кезінде көретін қиындықтардың сипаттамасы.
- Ұқсас қиындықтардың әртүрлі себептері болуы мүмкін екенін есепке ала отырып, қиындықтардың мүмкін

болатын себептері анықталды (арнайы педагог, логопед, психолог бағалайды).

- Бала қандай стратегияларды пайдаланатынын белгіленеді (ол қалай оқиды?).
- Оқушы қандай стратегияны пайдаланатыны туралы мұғалімнің ақпараты.
- Мұғалімнің баланы оқыту кезінде қолданатын әдістері (*мұғалім қалай оқытады?*) және олардың баланың қажеттілігіне сәйкестілігі ескеріледі.

Оқулықтарды, оқу құралдарын, іріктеу, оқу материалдарын дайындау.

Оқу ресурстары оқушы білім алатын оқу жоспарын, бағдароама мазмұнын, бағдарлама өзгерістерін және т.б. есепке ала отырып, іріктеледі. Арнайы оқу құралдары: АҚБ бар балаларға арналған оқулықтар; қаріптері үлкейтілген кітаптар, көзі көрмейтіндерге арналған оқу құралдары (Брайль бойынша); таңбаларды пайдаланатын оқу құралы (ыммен сөйлеу); бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы дәлбедерлер, жазулары бар бейне материалдар, оқу компьютерлік бағдарламалар және т.б.

Орынды іріктеу және ортаның бейімделуі.

Орын мен ортаны іріктеу моторлы-қозғалыс аппараты, есту, көру бұзылулары, дамуында жан-жақты бұзылыстар, мінез-құлығында бұзылыстар және т.б. бар балалар үшін өзекті болып табылады. Орын мұғалімге тақау тандап алынады (дыбыс көзі, тақта), арнайы жарықтандыру, парталардың биіктігін реттеулер мен т.б. пайдаланылады.

Техникалық құралдар қажеттілігі.

Техникалық құралдар тірек-қозғалыс аппараты бұзылулары, есту, көру және т.б. бұзылулары бар балалар үшін тандалып алынады.

Компьютерлік өтемдік техниканы қолдану.

Арнайы педагогикалық көмек.

Арнайы педагогтің, тифлопедагогтің, сурдопедагогтің, логопедтің көмегі қажетті көмектің қарқындылығы бойынша анықталады (аптасына 1 сабақтан 5 сабаққа дейін).

Арнайы көмек.

Мұғалімнің көмекшісі бұзылыстарының салдарынан оқу процесіне өз бетімен қатыса алмайтын, орташа, ірі және өте ірі АБҚ бар оқушыларға көмек көрсетеді.

Көмекші өзіне-өзі қызмет көрсету, тамақтану салаларында оқушыға (немесе топтарға) көмектеседі, үй-жайларда бағыт-бағдар алуға, жүруге, оқу құралдарын пайдалануға көмектеседі, мәтінді оқиды, конспекті жасайды басқа да қызметтер көрсетеді.

Аудармашы ыммен сөйлеу арқылы ауызша сөйлеуді ыммен сөйлеуге және керісінше аударады. Арнайы көмек

қарқындылығы бойынша бағаланады (күніне 1 сағаттан 8 сағатқа дейін).

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктері.

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктерін бір реттіктен тұрақты түрде көрсетілетін көмектің қажетті қызметінің қарқындылық деңгейі бойынша психолог және арнайы педагог бағалайды.

Мектеп жасындағы балалардың АҚБ деңгейі

Жинаған балдарының қорытындысы бойынша АҚБ деңгейі анықталады:

- ✓ Шағын 7 - 22
- ✓ Орташа 23 - 52
- ✓ Ірі 53 - 82
- ✓ Өте ірі 83 -112

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім беру саласында бірқатар жаңалықтардың пайда болуына себепші болды. Олардың арасында барлық білім беру процесіне қатысушылардың психофизикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, оларды мектеп өміріне қосумен байланысты жаңалықтарды атап көрсету керек, бұл инклюзивті білім беру мәселелерінде әкімшілік пен педагогтардың кәсібилігі мен құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. Егер білім беруді инклюзия призмасы арқылы қарастыратын болсақ, онда бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала проблема болып табылады деген түсінікті білім беру жүйесінің өзі өзгерістерге мұқтаж деген түсінікке өзгерту қажет екенін білдіреді.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік құқықтық базасы білім беру ортасын білім алушының жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтамасыз ететін, педагогикалық әдісті ескере отырып, олардың тұратын жері бойынша барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделеді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңында (2017 жылғы 11 шілдедегі №91-VI өзгерістермен және толықтырулармен) «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині ауыстырылды және мынадай анықтама енгізілді: «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» (21-4) тармақ). Бұдан әрі 1-баптың 21-5-тармағымен «инклюзивті білім беру –

ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ұғымы енгізілді. 8-бапта «мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз ететіні» айтылған.

Осылайша, Қазақстанда инклюзивті білім беру Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1] басымдықтарының бірі болды, онда «2020 жылға инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі 70% құрауы тиіс» деген міндет тұжырымдалған.

Біздің елімізде инклюзивті білім беруді дамыту процесі жүйелі және қисынды кезеңдерден өтуде. Әлемдік практиканың теориялық және практикалық тәжірибесі мен еліміздің арнайы мектептері тәжірибесінің негізінде жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу қызметтері командалары құрылды. Арнайы сыныптар ашу ерекше қажеттіліктері мектеп оқушыларын жалпы білім беретін процеске қосу және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық негіздерін іріктеуге мүмкіндік берді. Әдіснамалық қамтамасыз ету, бағалау, инклюзивті білім берудегі аттестаттау сияқты маңызды мәселелер де одан әрі дамыту үшін зерделенеді және қайта қаралады.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту проблемасы өзектілердің бірі болып табылады. Маңызды аспекті өзгерістердің анықтамасы болып табылады, оның сапасын қамтамасыз ету үшін оларды білім беру ортасында жүзеге асыру керек, өйткені ол ортаға барлық қатысушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының қосылуына байланысты. Инклюзивті құндылықтарды қабылдау барлық педагогикалық процеске қатысушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта арнайы білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру саласында үлкен ғылыми-әдістемелік әлеует жинақталған. Онымен қоса мамандандырылған мектептерде нәтижелі тәжірибе бар. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге белсенді қосылуда.

Бұл бағыттағы көп жылғы тәжірибе еліміздің жалпы білім беретін мектептеріндегі мұғалімдерге жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға кірісуге мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер үшін қолданыстағы білім беру бағдарламалары инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі бойынша және барлық білім беру процесінің субъектілерін, негізі инклюзивті мәдениет, саясат пен практика болатын, қосушы

ортаны дамытуға дайындауды жүзеге асыру бойынша өте бағалы ресурс болып табылады.

Қызмет процесінде «қосушы» инклюзивті ортаны құру жүйесін мақсатқа сай конструкциялауға мүмкіндік беретін, жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді дамыту үшін жеке (бейімделген) білім беру бағдарламаларын құру проблемасы өзекті.

Осы әдістемелік құралдың мақсаты шет елдердің тәжірибесі негізінде, сондай-ақ біздің еліміздің арнайы білім беру ұйымдарының педагогтары жинақтаған тәжірибенің негізінде мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру процесін ұйымдастыру үшін жеке (бейімделген) жоспарлар мен бағдарламалар жасауды ұсыну болып табылады. Әзірleme білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына мектеп ортасында «жалпыға бірдей білім беру» принципін іске асыруда пәрменді практикалық көмек көрсетуге арналған.

Оқушылардың жетістіктерін жақсартып отырып, мектептің оқу жоспарын енгізу (мысал)

Литва мектептерінің жалпы оқу жоспарларында оқушының оқу жоспарларына және қолайлы білім беру ортасын құруға аса маңызды назар аударылады. Білім беруде көмек ұсыну және оқушылардың жетістіктері мен прогресін бағалау процесінде мыналарға назар бөлінеді:

- оқушының тұлғасын тәрбиелеу;
- оның белсенді рөлі және оқу процесіндегі саналылығы;
- білім берудегі көмек;
- маңызды өмірлік құзыреттерді тәрбиелеу.

Оқушының жеке жетістіктері (ОЖЖ) жүйесін құру белгілі кезеңдерден өтеді:

I кезең – оқушыға көмек моделі;

II кезең – сынып «термометрі»;

III кезең – ОЖЖ жүйесі;

IV кезең – оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау.

Бұл ретте барлық кезеңдерде оқушыға қиындықтарды жеңуге көмектесу қажет. Бірінші кезеңде педагогтар мен мамандардың ынтымақтастығы келісілген тәсілдермен балаға көрсетілетін жеке көмекті айқындауға мүмкіндік береді. Ортақ құзыреттерді қалыптастыру жүйелі қадағалау мен икемді көмектің (оқып үйрену, әлеуметтік, тұлғалық және т.б.) негізінде өтеді.

Барлық осы іс-әрекеттер талдау жүргізуді және алдағы жұмысты айқындауды талап етеді. Бұл тек командалық жұмыс кезінде ғана мүмкін. Екінші кезеңде сыныпта орын алған жағдайды түсіну үшін өз алдына ерекше «сынып» термометрін» құру пәрменді көмек көрсетеді.

«Сынып» термометрі» деген не?

- Айына бір рет, сынып жиналысы кезінде өткізіледі;
- Өзін-өзі бағалау және құпиялылық;
- Нәтижелерді талдау, пікірталастар, оқушыларды шешімдер қабылдауға тарту;
- Әлеуметтік педагогпен, басқа да әріптестермен ынтымақтастық;
- Өзгерістерді қадағалау мүмкіндігі;
- Ата-аналар жиналыстары, сынып жиналыстары кезінде ата-аналармен әңгімелесулер үшін тең түпнұсқалық материал.

4-кестеде «Сынып» термометріне» мысал келтірілген.

- Оқушының өзін-өзі баллмен бағалауы: 0 – ешқашан, 1 – сирек, 2 – жиі, 3 – өте жиі

4-кесте

№	Тұжырымдар	Баға
1	Мектеп өміріне белсенді қатысамын	
2	Сыныпта өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	
3	Менің сыныпта достарым бар	
4	Сыныптастарым маған көмектеседі және қолдайды	
5	Мен барлық сыныптастарымды қабылдаймын	
6	Сыныпта ұнамсыз және шеттетілген оқушылар жоқ	
7	Мен өз сыныптастарыма көмектесемін	
8	Менің сынып жетекшім мейірімді	
9	Мен сабақ үстінде ынтымақпен жұмыс істеймін	
10	Мұғалімдер сабақтарды жақсы түсіндіреді	
11	Сабақ үстінде мен ешкімге кедергі келтірмеймін	
12	Мектепке сабақтарға дайындалып келемін	
13	Мен не үшін баға алатынымды білемін	
14	Үйде менде оқу және демалу үшін барлық жағдайлар бар	
15	Үйде мені әрқашан тыңдап алады	
16	Маған менің мектебім ұнайды	
17	Мектепте өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	

18	Маған сыныптан тыс жұмыс ұнайды	
19	Маған мектеп ортасы ұнайды	
20	Мен мектеп мүлкіне ұқыппен қараймын	

Бұдан әрі оқушының жеке жетістіктерін айқындау үшін сұрақтарға жауаптар алу қажет (ОЖЖ жүйесі):

- Оқушының жеке поргресін біз қайдан көріп тұрмыз?
- Оқушы туралы ойлап, біз неге қуаныштымыз?
- Оқуда қиындықтар сезінетін оқушы туралы ойлағанда, сөйтсе де бізді не қанағаттандыратынын ойлаңыздар. Оны не үшін мақтауға болады және бұл оған қалай әсер етті?

ОЖЖ жүйесі мынадай басты мақсаттарды көздейді:

5. Өзінің жеке жетістіктері мен ілгерілеуін бағалауы, не қолынан келеді және неге ұмтылу керектігін түсінуі бойынша әр оқушының іс-әрекеттерін көтермелеу.
6. Сабақтарда да, сыныптан тыс қызметте де оның жалпы құзыреттерін дамыта отырып, әр оқушының жеке ілерілуіне талдау жүргізу үшін мұғалімге жағдай жасау.

Оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау мыналарды қамтиды:

- Әрбір мұғалім әр оқушының ілерілеуін тіркеп отырады;
 - Айына бір рет әр оқушы өзінің ілерілеуін баллмен бағалайды және рефлексиясын жазып отырады;
 - Семестрде бір рет мұғалімдер кеңесі ұйымдастырылады, онда әр оқушының жағдайы талқыланады;
 - Бұл деректер жеке көмек үшін және мектептегі кедергілерді жеңу үшін пайдаланылады.
- Төмендегі сызбада (1-сурет) жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұны ұсынылған.

1-сурет. Жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұнының сызбасы.

Қадағалау жүргізілетін өзгерістер: Өзінің оқуына саналы және жауапты қарауды қалыптастыру;

- Оқушылардың жетістіктері мен ілгерілеуі;
- Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық;
- Мұғалімдер мен мамандар арасындағы ынтымақтастық;
- Оқушылармен және ата-аналармен жауапкершілікті бөлісу;
- Мұғалімдерді кәсіби дамыту (өз практикасынан тәжірибе алу).

Келесі кезеңмен педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық аспектілерде баланың

арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және арнайы білім беруді тағайындау тәртібі айқындалады. Оны Литваның Білім және ғылым министрлігі заңнамалық деңгейде регламенттейді.

Мақсаты оқыту кезінде көмекке және көрсетілетін қызметтерге баланың қажеттілік деңгейін және оқу бағдарламасын тиісінше бейімдеу үшін ұсынымдарды айқындау; педагогикалық-психологиялық қызметтер, техникалық құралдар, оқыту кезінде балаға оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында оқыту ортасын өзгерту арқылы білім беруде қолдау көрсету болып табылады.

Бағалауды:

- Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК);
- Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі;
- Саңыраулар мен нашар еститіндер орталығы;
- Зағиптар мен нашар көретіндер орталығы;
- Білім және ғылым министрлігінің жанындағы арнайы педагогика және психология орталығы жүзеге асырады.

Үш деңгейлі педагогикалық-психологиялық қолдау моделі сызбада (2-сурет) көрсетілген

I-ші деңгей. Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК) жақын айналасында баланы бастапқы арнайы білім беру және психологиялық қолдау үшін, мұғалімді әдістемелік қолдау үшін, психологиялық қолдау және мектеп қауымдастығы мен отбасыларға білім беру іс-шараларын өткізу үшін құрылады.

Комиссияның мақсаты – мамандардың қажетті білім беру қызметтерін көрсетуі бойынша алдын ала жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. Комиссияның жұмысы Литваның Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен регламенттелген.

Комиссияның құрамына: оқу орнының басшысы (немесе басшының орынбасары), әлеуметтік педагог, психолог, арнайы педагог, логопед, сынып жетекшілері, мұғалімдер/тәрбиешілер кіреді. Сонымен қатар комиссияның құрамына оқушы мен ата-аналар, жергілікті қауым өкілдері, басқа да мүдделі тұлғалар (егер қажет болса) кіреді.

Комиссияның функциялары:

- Балалардың мектептегі амандығына ықпал ететін барлық аспектілерге талдау жасайды (ортаның қауіпсіздігі, мектеп қауымдастығы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың сапасы және т.б.);
- Мектепте жағымды микроклимат құруға қамқорлық жасайды;
- Әр баланың табысты дамуы үшін қолайлы орта құруға бағытталған алдын ала іс-шаралардың өткізілуін үйлестіреді;

- Балалардың амандығына байланысты мәселелер бойынша мектеп ұжымын оқытады;
- Педагогтардың біліктілігін арттыруды жүргізу үшін қажетті тақырыптарды ұсынады;
- Ата-аналардың рұқсатын алып, дамуында бұзылулары бар, оқуда қиындықтарды сезінетін балалардың ӘҚЖ-сын бастапқы бағалауды жүзеге асырады;
- Оқушының ӘҚЖ-сын өте жақсы қанағаттандыру мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар береді;
- Ата-аналарға ППҚ-да кеңес алуды және т.б. ұсынады;
- Балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырады және үйлестіреді, оның мазмұны мен формасы туралы ата-аналармен және мұғалімдермен кеңеседі;
- ӘҚЖ бар балалар үшін оқыту бағдарламасын өзгертуді ұйымдастырады және үйлестіреді.

II-ші деңгей. Муниципалдық деңгейдегі педагогикалық және психологиялық қызметтер жағдайдың күрделі болуына байланысты мектептегі БАК оны қамтамасыз ете алмаған немесе Комиссияда мамандар жеткіліксіз болған жағдайда арнайы білім беру және психологиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі (ППҚ).

Қызметтің құрамына: арнайы педагог, логопед, психолог, балалар неврологы, әлеуметтік педагог және қызмет басшысы (директор) кіреді. ППҚ-ның тағайындалуы – балалардың ӘҚЖ-сын бағалау, арнайы педагогикалық көмек пен балаларға білім беру қызметтерін ұсыну.

Психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) функциялары:

- оқыту, мінез-құлық, қарым-қатынас саласындағы қиындықтарды; жеке тұлғалық сипаттағы проблемаларды; мектептік кәмілет деңгейін және т.б. бағалайды.
- 21 жасқа дейінгі адамдарға психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, арнайы педагогикалық көмек көрсетеді;
- ата-аналарға, мектептерге, педагогтарға ақпараттық, сарапшылық және консультативтік көмек көрсетеді;
- қажетті мамандары жоқ мектептерге психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және арнайы педагогикалық көмек ұйымдастырады және көрсетеді.

III-ші деңгей. Ерекше қажеттіліктерге арналған ұлттық білім беру және арнайы педагогика және психология орталығы (НҚОСПП).

Орталықтың мақсаты білім беруді қолдау стратегиясын ұлттық деңгейде жылжыту және іске асыруға көмектесу болып табылады.

НҚОСПП негізгі функциялары:

- Арнайы педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесінің 1-ші және 2-ші деңгейлерін үйлестіру;
- ППҚ мамандары үшін оқу бағдарламаларын қалыптастыру;
- ППҚ-ны әдістемелік қолдау;
- ППҚ мамандарын сертификаттау;
- Оқулықтарды бейімдеуді бағалау;

Арнайы білім беруді және білім беруде қолдауды қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) басшысы тағайындайды. Білім беруде қолдауды мектеп деңгейінде мектеп басшысы тағайындайды. Мысалы:

Егер бала мектепке бармаса, онда ата-аналар ППҚ-ға жүгінеді. ППҚ бағалау жүргізеді. Содан кейін ППҚ арнайы оқыту немесе білім беру ортасын тағайындайды.

Егер бала мектепке (б/б) барып жүрсе, онда мұғалім бақылау формасын (б/б) немесе сауалнама (мк) толтырады. Мұғалім мектептегі бала амандығы комиссиясына жүгінеді. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, бағалау жүргізеді.

Егер комиссия білім беруде оқушыға қолдау көрсету қажет деп анықтаса, онда комиссия қызметке жүгінеді. Қызмет басшысы баланы ерекше қажеттіліктерді (ЕҚ) қолдауға арналған тізімге қосу туралы құжатқа қол қояды. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, ерекше қажеттіліктерді қолдауды ұсыну туралы анықтама толтырады. Комиссияның шешімінде оқыту бағдарламасын оқушыға бейімдеу қажеттігі туралы қорытынды қамтылуы тиіс. Ата-аналардың келісімі қажетті шарт болып табылады, осыдан кейін ғана комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін анықтау үшін қызметке жүгінеді, оларды да ата-аналармен және мұғалімдермен талқылайды. Жоғарыда сипатталған кезеңдерден өткеннен кейін ғана комиссия арнайы немесе ерекше қажеттіліктер туралы қорытынды шығарады.

Егер оқушының есту қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Саңырау және нашар еститін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті. Егер оқушының көру қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Зағип және нашар көретін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті.

Қайта бағалау қажеттігі туралы мәселе туындайтын жағдайлар болған кезде, мектеп комиссиясы қызметке жүгінеді. Мұндай сәттер бірнеше жағдайларда болуы мүмкін:

- Бірінші бағалау кезінде екінші бағалау қажет болатыны көрсетілгенде;
- Комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін нақтылағысы, оқыту бағдарламасын өзгерткісі келгенде;
- Баланың ата-аналары жүгінген кезде;
- Егер ата-аналар қызметтің бағалау нәтижелерімен келіспесе, олар Арнайы педагогика және психология

орталығына жүгінеді.

Төмендегі сызбада (3-сурет) оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі келтірілген.

3-сурет. Оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі.

Командалық тәсіл педагогтардың әрекетіне талдау жасап, жүйелі тәсілді жетілдіре отырып, білім беру процесін әр жағынан қарауға мүмкіндік береді. Келесі сызбада білім беруде оқушыға қолдау көрсету бойынша командалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі көрсетілген.

4-сурет. Білім беруде оқушыға қолдау көрсету бойынша командалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі.

Мектепті аяқтаған және тиісті білім алған кезде оқушыға білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген құжат (Аттестат) беріледі (*LR švietimo ir mokslo ministro 2007 m. vasario 20 d. įsakymu Nr. ISAK-236 (Žin., 2007, Nr. 25-944; 2010, Nr. 30-1404)*). Мектепті аяқтаған, бірақ тиісті білім алмаған оқушы білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген сертификат алады.

Инклюзивті процестерді енгізу бойынша Литваның және басқа да ТМД елдерінің тәжірибесін талдау, арнайы педагогтардың жинақталған тәжірибесін қолдаусыз, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу мүмкін еместігін көрсетеді. Қазіргі уақытта, жалпы біздің қоғам үшін де, педагогикалық қауымдастық үшін де инклюзивті білім беру жаңа леп болып табылатын кезде, логопедтердің, дефектологтардың және басқа да мамандардың көпжылғы жинаған тәжірибесі ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу үшін негіз болады. Сонымен бірге халықаралық тәжірибені талдау басқа елдердің комиссиялары мен қызметтерінің жұмысында қазақстандық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК), мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның (МППК) функцияларымен ұқсастықтар бар екенін көрсетеді.

Маңызды сәттердің бірі бұрын арнайы мектептер жалпы білім беретін бағдарлама бойынша жұмыс істегендігінде, олар әр санаттың қажеттілігіне қарай бейімделген. Бүгінгі күні Қазақстанда арнайы мектептер үшін үлгі оқу бағдарламалары әзірленген. Бағдарламаларда білім беру процесін ұйымдастыру бойынша қажетті ресурстар мен әдістемелік ұсынымдар

ескеріле отырып, балалар санаттарының білім беру қажеттіліктері ескерілген.

Барлық әлемде инклюзивті білім берудің идеялары мен практикасына барынша көңіл бөлінеді. Кез келген демократиялық қоғам білім беру процесін қоғамдастықтың барлық азаматтары үшін еркін және қол жетімді етіп ұйымдастыруға ұмтылады. Әрбір мемлекетте білім беру жүйесі азаматтардың барлық санаттары үшін тиімді білім беруді қамтамасыз етумен байланысты проблемаларға тап болады. Жалпы алғанда, барлық елдер денсаулығындағы ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, әлеуметтік қатыстылығына, этникалық шығу тегіне, тіліне, дініне, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарамастан қоғамды ізгілендіруге, барлық балаларды жалпы білім беретін процеске қосуға бағытталған стратегияларды іске асырады.

Қазақстан Республикасы барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, яғни денсаулық жағдайымен (психофизикалық бұзылулар, ВИЧ және СПИД жұқтырған балалар, т.б.); қоғамға әлеуметтік бейімделу проблемаларымен (жетімдік, девианттық мінез-құлық, отбасының төмен әлеуметтік-экономикалық немесе өзге де әлеуметтік-психологиялық мәртебесі: аз қамтылған отбасының, босқындардың, оралмандардың, аз ұлттардың және т.б балалары) байланысты сапалы білім беру құқығын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Барлық әлемде қоғам ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде кемсітуге жол бермеу ұғымына бірден тез келді деп айтуға болмайды. Әрбір елдің аталған мәселені дамыту бойынша мәдени, ұлттық және ғылыми принциптерге негізделген өзіндік тарихы бар. Көптеген елдер адам құқықтары саласындағы БҰҰ конвенцияларының ережелерін, декларациялары мен ұсынымдамаларын басшылыққа алады. Инклюзивті білім беруді дамытудың тарихи-философиялық аспектілерін терең ұғыну біздің қоғамға қолданыстағы білім беру жүйесі мен балалардың жалпы білім беретін мектептерге қол жетімділігін ашуды қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру оқытудың жоғары стандарттары әрбір білім алушыға қол жетімді болуымен жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты бірде бір халықаралық құжатта ұлттық білім беру стандарттарын азайту бойынша ұсынымдамалардың жоқ екенін атап өту қажет. Атап айтқанда, инклюзия тиімді жаңа форма, яғни кез келген адамға өзінің әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білім беру ретінде қарастырылады.

Бұл үлкен дайындық жұмыстарын өткізуді және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді дамыту деңгейлерін есепке алуды білдіреді. Инклюзивті білім беруді құқық ретінде қарастыра отырып, білім беру инклюзияның қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға анағұрлым кең көлемдегі процестің маңызды шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу жөніндегі шетелдік тәжірибені шолу кезінде кеңестік дефектологиялық ғылым мен арнайы

білім беру жүйесі бойынша бай мұрасы бар жақын шетелдік тәжірибелерге назар аударылған. Бұрынғы кеңестік республика елдері қазіргі таңда өзгеріс пен кіріктірулі процестерін негізге ала отырып, білім беру жүйелерін жаңғырту жолында. Осы күрделі процестердің ұқсас мәніне қарамастан практикада әрбір ел өз жолымен келе жатыр. Көптеген тиімді кіріктіру моделдері арасындағы айрықша ерекшеліктер инклюзивті білім беру қоғамдастығын ұйымдастыру тәсілдеріне, оқыту технологияларына, ұнамсыз мінез-құлықты түзеу және алдын алуға, қосалқы персоналдар рөліне, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бағдарламаларының түрлену және бейімделу тәсілдеріне қатысты болып отыр.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Литваның тәжірибесін зерделеу ерекше білім алуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдарына кезең-кезеңімен қосу мен жүйелі тәсіліне назар аударуға мүмкіндік берді.

Литвада арнайы білім беру қажеттілігі (бұдан әрі - АБҚ) дегенді айрықша қабілеттері немесе туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болатын оқу процесіне көмек немесе қызмет көрсету қажеттіліктері деп түсінеді.

Инклюзивті білім беруге ықпал ететін негізгі факторлар ретінде литвалық сарапшылар төмендегілерді атап көрсетеді:

- Инклюзивті білім берудің саясаты мен әдіснамасына ықпал ететін заңнамалық базаны;
- Мұғалімдерді даярлау – АБҚ бар балалар туралы мұғалімдерге қажетті ақпараттар ұсыну;
- АБҚ бар тұлғалармен нақты интеракция – эмпатия, толеранттылық тек интеракция процесінде өзгеше қалыптасады;
- Кемсітушілікті азайту, «өзге», «ерекше» баланы қабылдамау және оны басқаларға қосу мен интеракция жасауға және оның қатысуына (әртүрлі жағдаятта) ықпал ету тәрізді педагогтердің оң тәжірибесімен алмасу;
- Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің бағдарламаларды бейімдей білуі және АҚБ бар балаларды оқытуда баламалы әдістерді қолдануы және т.б.

Литваның білім министрлігі мұғалімдерді даярлау бойынша оқу жоспарына «Арнайы педагогика», «Инклюзивті білім беру» және т.б. арнайы пәндерді енгізуді ұсынды. Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша (2017) жоғары санатты алуға ұмтылған әрбір мұғалім «Инклюзивті білім беру» (60 академиялық сағат) курсының тыңдауы және практикалық тапсырмалар орындауы тиіс.

Мамандарды кәсіби даярлау фокусында орын алған өзгерістер, төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

	Өзгерістерді салыстыру
--	------------------------

Студия	Олигофренопедагогика	Педагогика
Біліктілік	Арнайы мектептің мұғалімі	Арнайы педагог
Нысаналы топ	Ақыл-ойының дамуында кешеуілдеуі бар балалар - гомогендік топтар	Балалардың ерекшеліктері және олардың қажеттіліктері
Мекеме	Мамандандырылған мектепте жұмыс істеу	Жалпы және арнайы білім беру жүйесінде жұмыс істеу
Өзара әрекет ету	Бағыт: мұғалім – бала	Екі жақты өзара іс-қимыл: мұғалім - бала
Білім беру мақсаты	Білімді беру, танымдық дағдыларды дамыту	Әлеуметтік дағдылар
Қоршау	Құрылымдау, оқшаулау	Икемді, инклюзивті
Фокус	Бұзылу /еңбекке жарамсыздық диагнозы	АҚБ /жеке қажеттіліктер және /дәлсіздік
Рөл	Сарапшы	Командалық жұмыс, әріптестік, ата-аналармен ынтымақтастық

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер елімізде жаңа білім беру шынайылығын құрды. Мұғалімдер мен арнайы педагогтерді даярлауға арналған бағдарламалар ұдайы жетілдіріліп отырады. Осыған сәйкес, негізгі мақсаты студенттерге құзыреттіліктерді дамытуға, кәсіпқойлар үшін қажетті:

- инклюзивті білім беруде әртүрлі балалармен;
- ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатумен;
- АҚБ жеке, командалық және институционалдық деңгейге сәйкестігін үйлестірумен жұмыс істеушілерге ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламаларды жетілдіру тек жаңа мазмұн мен пәнді білуге бағытталмаған, сонымен қатар құндылықтар мен болашақ мамандардың дүниетанымына көңіл аударылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында жұмыс істеу үшін даярлау кезеңінен бастап болашақ литовтық педагогтерді білім беру

қажеттіліктерінің топтары бойынша білім алушыларды бөлумен таныстырады.

Ұсынымдамаға сәйкес топтар (OECD – organization for economic cooperation and development/ ЭЫДҰ – оэкономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы):

10) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities/ Мүгедектік*);

11) Мінез-құлығымен және эмоциялық проблемаларымен оқуда қиындық келтіретін балалар (бір немесе одан да көп пәндер) (*Difficulties/ Күрделілік*);

12) Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын балалар – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептер (*Disadvantages/Жемісшеушіліктер*).

Әрбір топ мынадай денсаулық бұзылыстарына тұрады.

13) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities*)

- Интеллектінің бұзылуы;
- Көру қабілетінің бұзылуы;
- Есту қабілетінің бұзылуы;
- Физикалық және неврологиялық бұзылуы;
- Дамудың жан-жақты бұзылуы (*аутизм; әдеттегі емес аутизм; Rett синдромы; Аспергера синдромы; т.б.*);
- Саңырау-соқыр;
- Кешендік бұзылулар.

14) *Интеллектінің бұзылуы*

- Интеллектінің шағын ғана бұзылуы;
- Интеллектінің орташа бұзылуы;
- Интеллектінің айрықша бұзылуы;
- Интеллектінің барынша айрықша бұзылуы.

15) *Оқуда қиындық келтіретін балалар (Difficulties)*

- Оқудағы жалпы қиындықтар;
- Оқытудағы спецификалық қиындықтар (оқу, жазу, математика);
- Мінез-құлығы және эмоциясымен байланысты қиындықтар (белсенділік, назар аударушылық, алаңдаушылық, көңіл күйі және т.б.);
- Сөйлеуіндегі қиындықтар.

16) *Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын қиындықтар (Disadvantages)*

- Ана тілінде оқымайды;
- Денсаулық проблемасы;
- Эмоциональдық дағдарыстар;
- Қолайсыз әлеуметтік жағдайлар.

Соңғы екі топ педагогтердің оқушылардың білім беру қажеттіліктері мен инклюзивті білімге деген көзқарастарын кеңейте түседі.

Қажеттіліктер бойынша топқа бөліну кезінде арнайы білім беру қажеттіліктерін (АБҚ) немесе ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау сияқты маңызды мәселелер туындайды.

АБҚ (ЕБҚ):

- айрықша қабілеттер;
- туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар;
- қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болған, оқу процесіне көмек және қызмет көрсету қажеттіліктері.

Көмек пен қызмет көрсетудің сипаты мен қарқыныдылығына қарамастан АБҚ 4 деңгейге бөлінеді:

- шағын,
- орташа,
- ірі,
- өте ірі.

АБҚ деңгейі Литваның Білім және ғылым министрлігі белгілеген өлшемшарттар бойынша анықталады.

Мектеп жасындағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

34. Өзгертілген бағдарламалардың көлемі.
35. Оқу нәтижесі (оқушы жетістігі).
36. Оқу жоспарының өзгерісі.
37. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
38. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
39. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
40. Техникалық құралдар қажеттілігі.
41. Арнайы педагогикалық көмек.
42. Арнайы көмек.

43. Психологиялық көмек.
44. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

25. Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
26. Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
27. Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
28. Техникалық құралдар қажеттілігі.
29. Арнайы педагогикалық көмек.
30. Арнайы көмек.
31. Психологиялық көмек.
32. Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Өзгертілген бағдарламалардың көлемі

Оқыту өз-өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше жұмыс істеуге, әлеуметтік дағдыларға және т.б. бағытталған жағдайда 1-2 пәннен бастап немесе мазмұн түбегейлі өзгергенге дейінгі салалар. 1-ден бастап 4 балға дейін бағалау.

Бағдарламаның өзгеруі

Бейімделген жалпы бағдарлама. Мазмұн – сол сыныптың оңайлатылған және жеңілдетілген бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты бағдарламалық талаптарды қанағаттандыру деңгейінде меңгерген оқушы жетістігі болып табылады. Бейімделген бағдарламаның негізгі мазмұны бала контекстен «қалып қоймайтын» барлық сынып жұмыс істейтін бағдарламаға сәйкес келуі керек. Сол бағдарламамен оқиды, бірақ пәндегі тақырып мазмұнының көлемі мен тереңдігі жағынан айырмашылығы бар.

Дербестендірілген бағдарлама. Бұл интеллектісінде бұзылыстары бар балалар оқитын бағдарлама. Бағдарлама мақсаты жалпы талаптарға сәйкес келмеуі мүмкін.

Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады (IQ 69 и <). Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады. Оқушы оның сыныптастары оқыған тақырыптық мазмұнның талаптары қалады. Кейбір жағдайларда (интеллектінің орташа бұзылысы IQ 49 и <) оқыту әлеуметтік және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған жалпы бағдарламаларға сәйкес келмейді.

Оқу нәтижесі - оқушы жетістігі.

Егер оқу пәні бойынша оқушы жетістігі қанағаттанарлық деңгейден төмен болса, 2 жыл бойына бағдарламалық

талаптардың деңгейіне сәйкес келмесе бағдарламаның өзгеруі мүмкін.

Оқу жоспарының өзгеруі.

АБҚ-ның бұзылыс сипаттамасы мен деңгейіне байланысты оқу жоспары 15-тен 30%-ға дейін өзгеруі мүмкін.

Сол себепті:

- Жекелеген пәндерден сабақтар саны көбеюі немесе азаюы;
- Кейбір пәндерді оқыту жеке ұйымдастырылуы мүмкін.

Литваның Білім және ғылым министрлігі жекелеген оқушылардың топтары бойынша оқу жоспарын өзгерту жөнінде ұсынымдамалар дайындады.

Оқыту әдістерін іріктеу.

Әдеттегі оқыту әдістері баламалы (басқа мүмкін болатын) әдістермен байланысатынын көрсетеді.

Баламалы әдістерді әдеттегі әдістермен оқыту кезінде егер оқушы жекелеген оқу пәндері бойынша оқи, жаза, санай алмаған жағдайда қолдану ұсынылады. Баламалы әдістердің маңыздылығы әсіресе бағдарламаны барынша меңгеруге ұмтылу кезінде маңызды болып табылады.

Баламалылығы зерделенеді/ АБҚ бар баланы оқыту кезінде қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі. Қолданылатын әдістердің баламалылығы мен тиімділігін психолог, арнайы педагог бағалайды.

Осыған сәйкес:

- Бала оқыту процесі кезінде көретін қиындықтардың сипаттамасы.
- Ұқсас қиындықтардың әртүрлі себептері болуы мүмкін екенін есепке ала отырып, қиындықтардың мүмкін болатын себептері анықталды (арнайы педагог, логопед, психолог бағалайды).
- Бала қандай стратегияларды пайдаланатынын белгіленеді (ол қалай оқиды?).
- Оқушы қандай стратегияны пайдаланыты туралы мұғалімнің ақпараты.
- Мұғалімнің баланы оқыту кезінде қолданатын әдістері (*мұғалім қалай оқытады?*) және олардың баланың қажеттілігіне сәйкестілігі ескеріледі.

Оқулықтарды, оқу құралдарын, іріктеу, оқу материалдарын дайындау.

Оқу ресурстары оқушы білім алатын оқу жоспарын, бағдароама мазмұнын, бағдарлама өзгерістерін және т.б. есепке ала отырып, іріктеледі. Арнайы оқу құралдары: АҚБ бар балаларға арналған оқулықтар; қаріптері үлкейтілген кітаптар, көзі көрмейтіндерге арналған оқу құралдары (Брайль бойынша); таңбаларды пайдаланатын оқу құралы (ыммен сөйлеу); бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы дәлбедерлер, жазулары бар бейне материалдар, оқу компьютерлік бағдарламалар және т.б.

Орынды іріктеу және ортаның бейімделуі.

Орын мен ортаны іріктеу моторлы-қозғалыс аппараты, есту, көру бұзылулары, дамуында жан-жақты бұзылыстар, мінез-құлығында бұзылыстар және т.б. бар балалар үшін өзекті болып табылады. Орын мұғалімге тақау таңдап алынады (дыбыс көзі, тақта), арнайы жарықтандыру, парталардың биіктігін реттеулер мен т.б. пайдаланылады.

Техникалық құралдар қажеттілігі.

Техникалық құралдар тірек-қозғалыс аппараты бұзылулары, есту, көру және т.б. бұзылулары бар балалар үшін таңдалып алынады.

Компьютерлік өтемдік техниканы қолдану.

Арнайы педагогикалық көмек.

Арнайы педагогтің, тифлопедагогтің, сурдопедагогтің, логопедтің көмегі қажетті көмектің қарқындылығы бойынша анықталады (аптасына 1 сабақтан 5 сабаққа дейін).

Арнайы көмек.

Мұғалімнің көмекшісі бұзылыстарының салдарынан оқу процесіне өз бетімен қатыса алмайтын, орташа, ірі және өте ірі АБҚ бар оқушыларға көмек көрсетеді.

Көмекші өзіне-өзі қызмет көрсету, тамақтану салаларында оқушыға (немесе топтарға) көмектеседі, үй-жайларда бағыт-бағдар алуға, жүруге, оқу құралдарын пайдалануға көмектеседі, мәтінді оқиды, конспекті жасайды басқа да қызметтер көрсетеді.

Аудармашы ыммен сөйлеу арқылы ауызша сөйлеуді ыммен сөйлеуге және керісінше аударады. Арнайы көмек қарқындылығы бойынша бағаланады (күніне 1 сағаттан 8 сағатқа дейін).

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктері.

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктерін бір реттіктен тұрақты түрде көрсетілетін көмектің қажетті қызметінің қарқындылық деңгейі бойынша психолог және арнайы педагог бағалайды.

Мектеп жасындағы балалардың АҚБ деңгейі

Жинаған балдарының қорытындысы бойынша АҚБ деңгейі анықталады:

- ✓ Шағын 7 - 22
- ✓ Орташа 23 - 52
- ✓ Ірі 53 - 82

✓ Өте ірі 83 -112

рнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтары мен деңгейлерін анықтау тәртібі. 2-қосымша

АБҚ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТОПТАРЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДАН БАСҚАСЫ)

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
1. Оқытудың жалпы бағдарламаларының мазмұнын бейімдеу көлемі (2 коэф.)	Жалпы бағдарламалар мазмұнының көлемі өзгермейді, оқушылардың үлгерім және жетістіктерін бағалау критерийлері бейімделуі мүмкін	1-2 пәннің немесе 1-2 оқу салаларының бағдарламаларын бейімдеу	3-5 пәннің немесе 3-5 оқу салаларының бағдарламаларын бейімдеу	Пәндердің мазмұны өзгереді және оқыту өз-өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше, әлеуметтік дағдыларды және т.б. қалыптастыруға бағытталған
2. Оқушы жетістігі (3 коэф.)	Қанағаттанарлық деңгейдегі оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келеді	Қанағаттанарлық деңгейден төмен оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келеді	Қанағаттанарлық деңгейден айрықша төмен оқу пәні бойынша оқушы жетістігі 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келмейді	Оқу пәні бойынша оқушы жетістігі мұндай жастағыларға тән және оқыту кезеңі оқушы жетістігіне сәйкес келмейді
3. Оқу жоспарын бейімдеу (1 коэф.)	Оқу жоспарының 20 пайызға өзгеруі	Оқу жоспарының 25 пайызға өзгеруі	Оқу жоспарының 30 пайызға өзгеруі	Пәндер бойынша оқушыны оқытудың жалпы бағдарламасының орнына қызметтің жекелеген түрлері бойынша ұйымдастырылады
4. Оқыту әдістерін бейімдеу (1 коэф.)	Оқытудың әдеттегі әдістері қолданылады, оқытудың баламалы әдістері жиі-жиі қолданылады	Оқытудың әдеттегі әдістері ұдайы баламалы әдістермен байланысады	Оқытудың баламалы әдістері әдеттегі әдістермен қосылады	Оқытудың баламалы әдістері

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
5. Оқулықтар мен оқу өқралдарын таңдап алу, оқу материалдарын бейімдеу/ дайындау (2 коэф.)	Оқу пәндері бойынша әдеттегі оқулықтар мен оқу құралдарымен қатар арнайы оқу құралдары қосымша пайдаланылады	Пәндер бойынша әдеттегі оқулықтар мен оқу құралдары пайдаланылады, қажеттілігіне қарай АҚБ бар балалар үшін арнайы оқу құралдары пайдаланылады	АҚБ бар оқушылар үшін арнайы дайындалған оқулықтар, оқу материалдары еолданылады	Жеке таңдалып алынған/ дайындалған оқу материалдары колданылады
6. Оқытудың орны мен бейімделу ортасын таңдап алу (4 коэф.)	Сыныптағы қолайлы орын таңдалып алынады	Сыныптағы қолайлы орын таңдалып алынады немесе жеке кабинеттен орын таңдалып алынады (жеке пәндер бойынша оқыту арнайы педагогтің кабинетінде өткізіледі)	1. Оқушы арнайы мектепте немесе жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында оқиды 2. Оқыту ортасын бейімдеу	Жеке оқыту ортасы арнайы құрылады
7. Оқыту кезінде техникалық құралдарға қажеттілігі (3 коэф.)		Техникалық құралдар кейбір сабақтарда эпизодтық тұрғыдан пайдаланылады	Техникалық құралдарды ұзақ мерзімде пайдалану	Техникалық құралдар және/немесе олардың амалдары ұдайы колданылады
8. Арнайы педагогикалық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 2 рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 2-3рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына 4 рет ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек оқушыға аптасына кемінде 5 рет ұсынылады
9. Арнайы көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Қажеттілігіне қарай арнайы көмек ұсынылады	Оқушыға арнайы көмек күніне 2-3 сағат көрсетіледі	Оқушыға арнайы көмек күніне 4-5 сағат көрсетіледі	Оқушыға арнайы көмек күніне 6-8 сағат көрсетіледі
10. Психологиялық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
11. Әлеуметтік көмек педагогикалық қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтары мен деңгейлерін анықтау тәртібі. 3-қосымша

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АБҚ ТОПТАРЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
1. Оқыту әдістерін таңдап алу (1 коэф.)	Оқытудың әдеттегі әдістері қолданылады, оқытудың баламалы әдістері жиі-жиі қолданылады	Оқытудың әдеттегі әдістері ұдайы баламалы әдістермен байланысады	Оқытудың баламалы әдістері әдеттегі әдістермен қосылады	Оқытудың баламалы әдістері
2. Қажетті дағдыларды дамытуға көмектесетін оқу құралдарын, ойын материалдарын таңдап алу/ бейімдеу/ жасау (1 коэф.)		Жалпы оқу құралдарымен қатар арнайы білім беру материалдары пайдаланылады	Арнайы білім беру материалдары жалпы оқу құралдарымен қосылады	Жеке дайындалған/ бейімделген немесе құрастырылған оқу құралдары, арнайы оқу құралдары
3. Оқытудың орны мен бейімделу ортасын таңдап алу (4 коэф.)		Жалпы топқа сәйкес келетін орынға бейімделеді	1. Бала арнайы мектепте немесе арнайы топта оқиды 2. Егер бала жалпы білім беретін балабақшада оқыса, оқыту ортасы бейімделеді	Жеке оқыту ортасы арнайы құрылады

АҚБ критерийі және олардың коэффициенттегі мәні	АҚБ бағасы			
	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл
4. Оқыту кезінде техникалық құралдарға қажеттілігі (3 коэф.)		Техникалық құралдар кейбір сабақтарда ғана пайдаланылады	Техникалық құралдар барлық сабақтарда пайдаланылады	Техникалық құралдар және/немесе олардың амалдары ұдайы қолданылады (тек сабақ кезінде ғана емес)
5. Арнайы педагогикалық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 2 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 3 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 4 рет (практика) ұсынылады	Арнайы педагогикалық көмек балаға аптасына 5 рет (практика) ұсынылады
6. Арнайы көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Қажеттілігіне қарай арнайы көмек ұсынылады	Балаға арнайы көмек кейбір сабақтарда аптасына 2-3 сағат көрсетіледі	Балаға арнайы көмек әр күн сайын сабақ кезінде көрсетіледі	Балаға арнайы көмек ұдайы көрсетіледі (тек сабақ кезінде ғана)
7. Психологиялық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек
8. Әлеуметтік педагогикалық көмек қажеттілігі (3 коэф.)	Бір реттік (эпизодтық) көмек	Қысқа мерзімді көмек (10 кездесуге дейін)	Ұзақ мерзімді көмек (11–30 кездесу)	Ұдайы көмек

Сыныптағы ұжымдық жұмыстың тиімді әдістері

Ұжымдық оқыту білім алушылардың ортақ оқу міндеттерін шешу, ортақ тақырыптарды зерделеу, жаңа идеялар, жаңа комбинациялар немесе ерекше инновациялар құру үшін бірлесіп, кейде жұппен, кейде шағын топпен жұмыс істеуі кезінде туындайды. Алайда, көптеген педагогтар сыныптарды топтарға бөліп және әртүрлі білім беру технологияларының стратегияларын қолданып қана, ұжымдық оқыту құрғаны туралы негізделмеген және асығыс қорытындыларды жиі шығарады. Сабақта ұжымдық оқыту атмосферасын құратын әр педагогтың мынадай сұрақтарды ойланғаны өте маңызды: ұжымдық оқыту кезінде сынып бөлмесі қалай көрінеді? Сыныптағы мұғалім мен оқушылардың рөлі қандай? Мұғалімнің қандай нұсқаулықтары топтың барлық қатысушыларының дамуына көмектеседі, әсіресе, егер топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болса?

Жеке білім беру бағдарламаларын (ЖБББ) жоспарлаған және іске асырған кезде ұжымдық оқыту әдістері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала топ орындайтынның шағын көлемімен ғана шектелмей, топтық әрекеттің толыққанды қатысушысы бола алатындай етіп таңдалуы тиіс. Ұжымдық жұмысты оның «осал» тұстарын көрсетпей және «күшті» тұстарына ғана сүйену өте маңызды. Бұл принцип барлық балалар ерекшеліктерінің алуан түрлілігіне қатысты, ол әр балаға жеке тәсіл қолдану қажеттігін білдіреді. Оқыту кезінде мұғалім барлығын және әрқайсысын жеке дамыту мүмкіндігі ретінде ұжымдық жұмысқа сүйену керек. Бұл ретте салыстыру оларды бір-бірімен салыстыруда емес, жекелеген білім алушылардың дербес жетістіктерін салыстырған жағдайда ғана орынды болып табылатынын ерекше атап өткен жөн.

Ұжымдық оқыту білім беру процесінің әрбір қатысушысын дамытуға мүмкіндік беретін, сыныптың сипаттамасына назар аударуды ұсынамыз.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың кейбір ортақ сипаттамалары бар, оларға:

- Жағымды өзара байланыс;
- Жеке жауапкершілік;
- Топтардың әркелкі құрамы;
- Көшбасшылықты бөлу;
- Әлеуметтік дағдыларға үйрету;
- Мұғалімнің тарапынан қадағалау мен араласу;
- Тиімді топтық жұмыс кіреді.

Тереңірек түсіну мақсатында көрсетілген ұжымдық оқыту сипаттамаларының мәнін ашайық.

Жағымды өзара байланыс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мақтау түріндегі қарапайым қолдауды немесе оларға артық сақтықпен қарауды білдірмейді. Бірақ кейбір жағдайларда бұл өзін-өзі төмен бағалайтын балаларды немесе жаңа ұжымға түскен баланы жігерлендіруге шын мәнінде көмектеседі. Жағымды өзара байланысты сабақтағы конкурстың немесе жарыстың негізінде құру ұсынылмайды. Керісінше, бірін-бірі тыңдау, толықтыру және басқалардың әрекетінің көмегімен дамыту құндылықтарына назар аударту қажет.

Мұғалімдер мен ата-аналардың көпшілігі балалар аудиториясы өзара жағымды байланыста бір-бірімен әрекеттесуге қабілетсіз болатынынан қорқады. Сыныпта ерекше бала пайда болған кезде, мұндай қорқыныштар күшейе түседі. Алайда, көптеген балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жай ғана қарым-қатынаста болу тәжірибесі жоқ екенін түсіну және ескеру керек. Сонымен бірге, егер балалар олармен сабақта өзара әрекет жасай алмаса, ондай тәжірибені ешқашан ешқайдан ала алмайды. Ұжымдық жұмыс процесінде мұғалімнің сабақтағы бақылаулары оған қажет сәтте қажетті сұрақты қоюға және жағымды өзара байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте үлкен шыдамдылық қоры болу керек, өйткені топпен ынтымақтасып жұмыс істеуді тез үйретуге болмайды. Ұжымдық оқыту әдістерін жүйелі қолдану ғана жағымды өзара байланысты тәрбиелей отырып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жеке жауапкершілік – сыныптағы негізгі ұжымдық жұмыс сипаттамаларының бірі. Сабақты жоспарлаған кезде мұғалім жұппен немесе топпен жұмыс істеуге арналған нұсқаулардың сапасына назар аудару керек.

Мысалы, жұппен жұмыс істеген кезде мұғалім 1-ші қатысушы, 2-ші қатысушы деп жұптардың рөлін айқындап, бір мәтінді ұсынады. 1-ші қатысушы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) бала деп топшылайық. Мәтінді өз бетінше оқу үшін уақыт беріледі, бірақ мұғалім бір оқушы (2-ші қатысушы) осы уақыт ішінде мәтіннің мазмұнын бірнеше рет оқи алатынын, ал осы жұптағы екінші оқушы – осы мәтіннен бір ғана сөйлем оқитынын түсінеді. Дәстүрлі практикада мұғалім жұмысты тез оқыған және мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алатын баладан бастайды. Мұндай тәсілді қолданған кезде, тез оқу дағдылары бар бала ғана жақсы оқиды, ал екінші оқушы өз сыныптасының әңгімесінен оқу ақпаратының шағын ғана пайызын ала алады. Жұппен жүргізілген осындай жұмыс *жеке жауапкершілікті* тәрбиелеуге көмектесе ала ма? Бірлесіп оқытуды ұйымдастыру үшін мұғалімде қандай нұсқалар бар?

Егер мұғалім оқыған мәтіннің көлеміне қарамастан, мәтінді оқығаннан кейін ақпаратты талқылауды (мазмұнын айтып беруді, өз пікірін білдіруді және т.б.) ұсынса, онда жұптағы оқушылардың әрқайсысы жұмыс істей және көп нәрсені үйрене алады. Табысты оқушы өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, жұптағы серіктесіне әңгімелеп береді, ал екінші оқушы серіктесінің әңгімесін тыңдай отырып, сондай-ақ өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, білім алады. Мұндай өзара әрекет жасау бірлесіп оқуда автономды болып қалуға мүмкіндік береді және келесі жолы мұғалім 1-ші қатысушыға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) балаға мәтіннің мазмұнын әңгімелеп беруді ұсынса, онда білім беру процесінің әрбір қатысушысында *жеке жауапкершілік тәрбиеленетін болады*.

Егер 1-ші қатысушының орнында басқа білім беру қажеттіліктері бар бала болса, онда бұл жағдайда жоспарлау кезінде қажетті ресурстармен: мысалы, Брайль кестесімен немесе мәтіннің аудиожазбасымен қамтамасыз ету маңызды екені сөзсіз. Ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлау кезінде, диагностикалау және ЖБББ әзірлеу сатысында ескеру маңызды.

Топтардың әртекті құрамы ерекше құбылыс болып табылмайды. Өйткені кез келген педагогикалық практика сыныптың мүлдем әртүрлі балаларды

біріктіретінін көрсетіп отыр. Барлық балаларға біркелкі тәсілді қолдану мұғалімнің алдында барлық балаларды «бірдей» етеді, бұл «орташа балаға» бағдарлануға әкеп соғады. Әрбір педагог үшін инклюзивті білім беруді өзінше түсінуін қайта қарау жауапкершілігі мен маңыздылығын сезіну керек. Бұл жерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық кең спектрі өз өмірінде әртүрлі қиындықтарға тап болған балаларды да, сонымен қатар белгілі салаларда дарынды, гипербелсенді және солақай және басқа да көптеген балаларды қоса алғанда, жалпы барлығын қамтитынын түсіну маңызды жағдай болып табылады.

Педагогикалық практикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеген кезде дифференциациялау принципін оқу дағдыларын дамытуға балаларды қабілеттеріне қарай саралау тұрғысынан емес, әртүрлі тәсілдерді қолдану тұрғысынан келгенде ұстану өте маңызды. Оқу мақсатына жету үшін ұжымдық оқыту әдісі пайдаланылатын кез келген сабақты жоспарлаған кезде құрамына қарай әртүрлі жұптар мен құрамына қарай әртүрлі топтар құру қажет. Әрине мұғалім ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы жұмысқа тарта отырып, балаларды топтарға бөлудің әртүрлі формаларын пайдалана алады.

Кейбір оқушылар ұжымдары үшін әңгімелесу түрінде алдын ала дайындық талап етіледі. Ерекше бала сынып оқушыларымен кездескенге дейін денсаулық бұзылулары туралы әңгіме өткізудің жақсы тәжірибелеріне мысалдар бар. Әңгіме нақты ойластырылған және салмақты құрылған болуы тиіс, бұл ретте сыныптағы балалардың жаңа сыныптас туралы жаңалыққа деген реакциясына да түсіністікпен қарау керек. Арнайы мектептердің педагогтары сынып оқушыларының ата-аналарымен де алдын ала әңгімелесулер өткізуге кеңес береді, өйткені олар да жаңа өзгерістерге дайын болмауы мүмкін. Мұғалім, мектеп әкімшілігі әңгіме өткізуді жоспарлағанда, ата-аналар мынадай сұрақтарға ойланып қалатындай құрастыру керек: Ата-аналар өз баласына әрдайым дені сау қоғам тандай ала ма? Денсаулығында әртүрлі бұзылулары бар адаммен қарым-қатынаста болу өз денсаулығына мұқият қарауға көмектесе ме? В.В. Хитрюктің «Инклюзивті білім беру: ата-аналармен жұмыстағы тренингтер» кітабында автор ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындау бойынша тұтас арнайы тренингтер циклын ұсынады.

Күнделікті практикада *топтардың әртекті құрамымен* ұжымдық оқыту әдістерін қолдану:

- барлық сыныпқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен танысуға;
- барлық процеске қатысушылардың әлеуметтену дағдыларының дамуын қадағалауға;
- барлық оқушылардың «күшті» және «осал» жақтарын және пайдаланылатын әдістің тиімділігін анықтауға;
- өзінің оқуы және бірге оқитын сыныптастарының оқуына қосатын үлесі үшін жауапты болуды түсінуге мүмкіндік береді.

Көшбасшылықты бөлу сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар сыныптасына қамқорлық жасау үшін жауапты білім алушылар бар дегенді білдірмейді. Жақсы оқитын оқушылардан басқаларды үйретуді немесе оқуына көмектесуді талап ету әділетсіз. Көшбасшылық міндеті жанындағы балаға

байқатпай көмектесуге тырысу мүмкіндігін білдіреді. Ойлануға немесе ерекше бала үшін қажетті арнайы құрылғыны беруге көмектесетін сұрақ түріндегі көмек. Көшбасшылық: қауымдастыққа бағалы болу, бастамашыл болу және қиындықтардан қорықпау тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге, өз қателерін мойындай алу және қандай да теріс қылықтары үшін кешірім сұрай білу білігін нағыз көшбасшылық деп есептеуге болады.

Топтық жұмыста көшбасшылықты бөлу – бұл өзін жаңа рөлде көру және жұп немесе топ үшін жауапкершілік тәжірибесін түсіну мүмкіндігі. Ең бастысы: ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар құрушы жұмыс істейтін топтар көшбасшыларының көшбасшылық тәжірибесіне пікір білдіруде және бағалауда мұқият болу. Мұғалім өз сыныбы үшін топтық жұмысты модельдей отырып, топтардың көшбасшылары рөліндегі оқушылардың тәжірибесін сынға алмауға тырысу керек. Мұғалімге сұрақтарды балалар өз әрекеттерін қайта қарастыратындай және өз тәжірибесінің рефлексиясын жасайтындай қою ұсынылады.

Әлеуметтік дағдыларды үйрету – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, сонымен бірге барлық білім алушыларға дамыту қажет дағды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сыныптастарымен өзара әрекет жасауға үйрететін әлеуметтік дағдылар кейбір жағдайларда Жеке білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болуы мүмкін. Бұл ретте кәдімгі балаларда жалпы инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үшін ерекше балалармен ынтымақтастықтың әлеуметтік дағдылары қажет екенін есте сақтау маңызды.

Егер мұғалім диагностикалау сәтінен бастап белсенді болса, *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* әрқашан сапалы және уақтылы болады. Яғни біздің қоғамның кез келген азаматы сияқты мұғалімнің де адамды оның денсаулық бұзылулары тұрғысынан емес, оның білім беру қажеттіліктері тұрғысынан қабылдауы маңызды. Бұл үшін жоспарлауға дейін оқу процесіне кіретін оқушының білім беру қажеттілігін зерделеу қажет. Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеген кезде, мұғалім бірлесіп оқыту процесін қадағалайды, жазба немесе фото жазбалар жасайды. Барлық пән мұғалімдерінің дәл осындай түсіндірулері, мамандардың кеңестері мұғалімдердің өздерін қоса алғанда, барлық білім беру процесіне қатысушыларды дамытуға көмектеседі. Кейде мұндай қадағалаулар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының жетістіктеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Әрине, бұл өте күрделі және мұғалімнің уақытын алады. Алайда, инклюзивті мектеп жағдайында барлық педагогтар «оқыту сапасы» сияқты ұғымды қайта қарай бастайды.

Дәстүрлі түсінікте «оқыту сапасы» білімді қорытынды тексергеннен кейін «4» пен «5» есептеу негізінде жасалады (білім-факт/оқу бағдарламасының мазмұны). Инклюзивті білім берудегі «оқыту сапасы» – бұл ұзақ, кейде қарапайым мұғалім үшін байқалмайтын процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін «оқыту сапасы» ең алдымен – оның әлеуметтенуі! Ұжымдық оқыту кезінде *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* оқу процесін реттеуге және бағыттауға мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер педагогтарының және ресурстық орталықтар

педагогтарының үлкен тәжірибесінен қадағалау карталарын, диагностикалық карталарды, бағалау кестелерін негізге алуға және бейімдеуге болады. Дефектологтардың, логопедтердің және басқа да мамандардың көпжылғы тәжірибесін пайдалану әрбір педагогқа қажетті көмек көрсетеді.

Егер әрбір процеске қатысушы алдымен жеке оқитын болса, содан кейін оқу материалын жаңаша түсіне отырып, өзінің жаңа білімін жұппен немесе топпен талқылауға мүмкіндігі болса, *топтық жұмыс* тиімді болып есептеледі. Басқаша сөздермен айтқанда, тапсырма мен нұсқау бір, бірақ барлығы өзінің жақын даму аймағын қаншалықты дамытуға қабілетті, соншалықты деңгейде орындайды және ұдайы өзара әрекетте болады. Топтық жұмыстың тиімділігін талдай отырып, білім алушыларда рефлексия үшін сұрақтар болған жағдайда, оң қорытындылар шығаруға болады. Мұғалімдердің көп бөлігі соңғы өнім немесе нәтиже (сапалы немесе сапасыз) жақсы ұжымдық жұмысты куәландыратынына сенімді. Әрине, ол солай, бірақ толық емес. Онымен қоса инклюзивті білім беру жағдайында жұппен немесе топпен жұмыс істеу тиімділігі көбінесе коммуникация немесе ынтымақтастық дағдыларын алуды білдіреді

Әрине, егер топ белгілі тапсырманы орындай отырып, презентация, эссе немесе постер түрінде соңғы нәтижені ұсынса, өте жақсы болады. Егер мұғалім бірлескен процеске талдау жасауға мүмкіндік беретін сұрақтарды ұсынса, мұндай жұмыстың құндылығы біршама арта түседі. Сендер бұны қалай жасадыңдар? Топтың қатысушылары бір-біріне қалай көмектесті? Жұмыста сендерге не кедергі болды? Неліктен? Келесі жолы бірлескен жұмысты қалай жақсырақ жасауға болады?

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын сыныпта жұмыс істеген кезде ынтымақтастықтың жағымсыз тәжірибесі де тиімді болуы мүмкін. Сыни баға беруге асықпаған жөн және арнайы мектептердің мамандарымен кеңесе отырып немесе мектеп консилиумының жұмысы кезінде сәтсіз кезеңдерге егжей-тегжей талдау жасау керек.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың барлық жоғарыда айтылған сипаттамалары соңғы болып табылмайды. Практикалық тәжірибеде нақты оқушылардың білім беру қажеттіліктеріне байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Жеке білім беру жоспарын әзірлеу, оны енгізу және толық талдау сыныптағы оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ұжымдық оқытудың негізгі элементтері:

Позитивті өзара байланыс.

Білім алушылар топтық тапсырмаларды орындаған кезде олардың бір-біріне қажет екенін түсінеді. Мұғалімдер қойылған жалпы міндеттермен (оқу және топтың басқа қтысушыларын оқуға сендіру), ортақ көтермелеулермен (егер топтың барлық мүшелері тапсырмаларды өлшемшарттарда айтылғаннан да жақсы орындаса, әрқайсысы қосымша балл алады), дереккөздерді бөліп алумен (әр топ үшін бір парақ қағаз немесе топтың әр мүшесі талап етілетін ақпараттың бір бөлігін алады) және айқындалған рөлдермен (қорытындылар шығаратын, қатысушыларды тартатын, әзірлеуші) өзара белгілі байланысты құра алады.

Өзара қолдаушы бетпе-бет әрекет.

Оқушылар бір-біріне көмектесіп, пікір алмасып және оқудағы талпынысын көтермелеп, оқытуды жақсарты алады. Оқушылар өздері білетінді түсіндіреді, талқылайды және үйретеді. Мұғалімдер топтарды балалар бір-біріне бетпе-бет қарап отыратындай және тапсырманың әрбір бөлігін талқылау үшін уақыт болатындай етіп құрады.

Жеке жауапкершілік.

Әрбір оқушы орындаған тапсырма кезең-кезеңмен бағаланады және нәтижелері топқа және әр оқушыға беріледі. Әр оқушыға жеке тесттер беру немесе топтың ішінен біреуін таңдап алып, оған топтың атынан жауап беруге мүмкіндік беру арқылы мұғалімдер оқушылардың жауапкершілігін анықтай алады.

Шағын топтардағы жұмыстың тұлғааралық дағдылары.

Егер оқушыларда қажетті әлеуметтік дағдылар болмаса және пайдаланылмаса, топтар тиімді жұмыс істей алмайды. Мұғалімдер бұл дағдыларға да, академиялық дағдылар сияқты, мақсатқа сай және дәл үйретеді. Ынтымақтастық дағдыларына: басшылық жасай білу, қабылдау, сенімді қарым-қатынас құра білу, араласу және шағын кикілжің жағдайларды шешу білігі кіреді. Басқаша сөздермен айтқанда, білім алушыларға қарым-қатынас жасау тәжірибесін алуға мүмкіндік беру өте маңызды.

Топты дамыту.

Топтарға олардың мақсатқа қалай қол жеткізетінін және топ мүшелері арасында іскерлік қарым-қатынастарды қалай сақтайтынын талқылау үшін арнайы уақыт қажет. Мұғалімдер:

- а) тапсырманы жақсы орындау үшін топқа көмегі тиген қатысушылардың ең болмаса үш әрекетін санап беру;
- б) топқа ертеңгі күні бұдан да үлкен табысқа жету үшін көмегі тиетін бір әрекетті жазып беру сияқты міндеттерді айқындай отырып, топты дамытуды жоспарлайды. Сондай-ақ мұғалімдер топтардың жұмысын қадағалайды және топ пен сыныпқа бір тұтас құбылыс ретінде, топта барлығы бірге қаншалықты жақсы жұмыс істейтініне баға береді. Бұл ретте топтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты іс-әрекеттерін ерекше бөліп қарау міндетті емес. Олардың білім беру қажеттіліктері туралы ұдайы ескерткенше, оны әрекет барысында ескеру маңызды.

Басшылық жасау принциптері.

Сыныпта ойлау әрекеті үшін жағдай жасай отырып, педагогтар бірнеше басшылық жасау принциптерін ескеруге және сақтауға тиіс:

9. Ойлау қабілеттерінің дамуы туралы куәландыратын, оқушылардың сұрақтары мен іс-әрекеттерін қадағалау, тіркеу.

10. Ойлау қабілетіне қолданылатын әдістерді практикада пайдалану мүмкіндіктері көп болғанда ғана балалар үздік зерттеушілер болады.

11. Педагог оқушылар үшін пайдалы және бір саладан екіншісіне ауыса алатын, өз тәжірибесі мен стратегиясын ұдайы пайдалану ұнайтын, бірнеше ойлау стратегиясына назар аудару қажет.

12. Топтық жұмыс кезінде, орындалған іс-әрекеттердің көлемі немесе саны емес, білім беру процесінің әр қатысушысы қалай оқитыны маңызды.

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім беру саласында бірқатар жаңалықтардың пайда болуына себепші болды. Олардың арасында барлық білім беру процесіне қатысушылардың психофизикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, оларды мектеп өміріне қосумен байланысты жаңалықтарды атап көрсету керек, бұл инклюзивті білім беру мәселелерінде әкімшілік пен педагогтардың кәсібилігі мен құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. Егер білім беруді инклюзия призмасы арқылы қарастыратын болсақ, онда бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала проблема болып табылады деген түсінікті білім беру жүйесінің өзі өзгерістерге мұқтаж деген түсінікке өзгерту қажет екенін білдіреді.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік құқықтық базасы білім беру ортасын білім алушының жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтамасыз ететін, педагогикалық әдісті ескере отырып, олардың тұратын жері бойынша барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделеді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңында (2017 жылғы 11 шілдедегі №91-VI өзгерістермен және толықтырулармен) «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині ауыстырылды және мынадай анықтама енгізілді: «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» (21-4) тармақ). Бұдан әрі 1-баптың 21-5-тармағымен «инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ұғымы енгізілді. 8-бапта «мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз ететіні» айтылған.

Осылайша, Қазақстанда инклюзивті білім беру Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1] басымдықтарының бірі болды, онда «2020 жылға инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі 70% құрауы тиіс» деген міндет тұжырымдалған.

Біздің елімізде инклюзивті білім беруді дамыту процесі жүйелі және қисынды кезеңдерден өтуде. Әлемдік практиканың теориялық және практикалық тәжірибесі мен еліміздің арнайы мектептері тәжірибесінің негізінде жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу қызметтері командалары құрылды. Арнайы сыныптар ашу ерекше қажеттіліктері мектеп оқушыларын жалпы білім беретін процеске қосу және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық негіздерін іріктеуге мүмкіндік берді. Әдіснамалық қамтамасыз ету, бағалау, инклюзивті білім берудегі аттестаттау сияқты маңызды мәселелер де одан әрі дамыту үшін

зерделенеді және қайта қаралады.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту проблемасы өзектілердің бірі болып табылады. Маңызды аспекті өзгерістердің анықтамасы болып табылады, оның сапасын қамтамасыз ету үшін оларды білім беру ортасында жүзеге асыру керек, өйткені ол ортаға барлық қатысушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының қосылуына байланысты. Инклюзивті құндылықтарды қабылдау барлық педагогикалық процеске қатысушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта арнайы білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру саласында үлкен ғылыми-әдістемелік әлеует жинақталған. Онымен қоса мамандандырылған мектептерде нәтижелі тәжірибе бар. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге белсенді қосылуда.

Бұл бағыттағы көп жылғы тәжірибе еліміздің жалпы білім беретін мектептеріндегі мұғалімдерге жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға кірісуге мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер үшін қолданыстағы білім беру бағдарламалары инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі бойынша және барлық білім беру процесінің субъектілерін, негізі инклюзивті мәдениет, саясат пен практика болатын, қосушы ортаны дамытуға дайындауды жүзеге асыру бойынша өте бағалы ресурс болып табылады.

Қызмет процесінде «қосушы» инклюзивті ортаны құру жүйесін мақсатқа сай конструкциялауға мүмкіндік беретін, жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді дамыту үшін жеке (бейімделген) білім беру бағдарламаларын құру проблемасы өзекті.

Осы әдістемелік құралдың мақсаты шет елдердің тәжірибесі негізінде, сондай-ақ біздің еліміздің арнайы білім беру ұйымдарының педагогтары жинақтаған тәжірибенің негізінде мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру процесін ұйымдастыру үшін жеке (бейімделген) жоспарлар мен бағдарламалар жасауды ұсыну болып табылады. Әзірleme білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына мектеп ортасында «жалпыға бірдей білім беру» принципін іске асыруда пәрменді практикалық көмек көрсетуге арналған.

Оқушылардың жетістіктерін жақсартта отырып, мектептің оқу жоспарын енгізу (мысал)

Литва мектептерінің жалпы оқу жоспарларында оқушының оқу жоспарларына және қолайлы білім беру ортасын құруға аса маңызды назар аударылады. Білім беруде көмек ұсыну және оқушылардың жетістіктері мен прогресін бағалау процесінде мыналарға назар бөлінеді:

- оқушының тұлғасын тәрбиелеу;
- оның белсенді рөлі және оқу процесіндегі саналылығы;
- білім берудегі көмек;
- маңызды өмірлік құзыреттерді тәрбиелеу.

Оқушының жеке жетістіктері (ОЖЖ) жүйесін құру белгілі кезеңдерден өтеді:

I кезең – оқушыға көмек моделі;

II кезең – сынып «термометрі»;

III кезең – ОЖЖ жүйесі;

IV кезең – оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау.

Бұл ретте барлық кезеңдерде оқушыға қиындықтарды жеңуге көмектесу қажет. Бірінші кезеңде педагогтар мен мамандардың ынтымақтастығы келісілген тәсілдермен балаға көрсетілетін жеке көмекті айқындауға мүмкіндік береді. Ортақ құзыреттерді қалыптастыру жүйелі қадағалау мен икемді көмектің (оқып үйрену, әлеуметтік, тұлғалық және т.б.) негізінде өтеді.

Барлық осы іс-әрекеттер талдау жүргізуді және алдағы жұмысты айқындауды талап етеді. Бұл тек командалық жұмыс кезінде ғана мүмкін. Екінші кезеңде сыныпта орын алған жағдайды түсіну үшін өз алдына ерекше «сынып» термометрін» құру пәрменді көмек көрсетеді.

«Сынып» термометрі» деген не?

- Айына бір рет, сынып жиналысы кезінде өткізіледі;
- Өзін-өзі бағалау және құпиялылық;
- Нәтижелерді талдау, пікірталастар, оқушыларды шешімдер қабылдауға тарту;
- Әлеуметтік педагогпен, басқа да әріптестермен ынтымақтастық;
- Өзгерістерді қадағалау мүмкіндігі;
- Ата-аналар жиналыстары, сынып жиналыстары кезінде ата-аналармен әңгімелесулер үшін тең түпнұсқалық материал.

4-кестеде «Сынып» термометріне» мысал келтірілген.

- Оқушының өзін-өзі баллмен бағалауы: 0 – ешқашан, 1 – сирек, 2 – жиі, 3 – өте жиі

4-кесте

№	Тұжырымдар	Баға
1	Мектеп өміріне белсенді қатысамын	
2	Сыныпта өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	
3	Менің сыныпта достарым бар	
4	Сыныптастарым маған көмектеседі және қолдайды	
5	Мен барлық сыныптастарымды қабылдаймын	
6	Сыныпта ұнамсыз және шеттетілген оқушылар жоқ	
7	Мен өз сыныптастарыма көмектесемін	
8	Менің сынып жетекшім мейірімді	
9	Мен сабақ үстінде ынтымақпен жұмыс істеймін	
10	Мұғалімдер сабақтарды жақсы түсіндіреді	
11	Сабақ үстінде мен ешкімге кедергі келтірмеймін	
12	Мектепке сабақтарға дайындалып келемін	
13	Мен не үшін баға алатынымды білемін	
14	Үйде менде оқу және демалу үшін барлық жағдайлар бар	
15	Үйде мені әрқашан тыңдап алады	

16	Маған менің мектебім ұнайды	
17	Мектепте өзімді қауіпсіз және жақсы сезінемін	
18	Маған сыныптан тыс жұмыс ұнайды	
19	Маған мектеп ортасы ұнайды	
20	Мен мектеп мүлкіне ұқыппен қараймын	

Бұдан әрі оқушының жеке жетістіктерін айқындау үшін сұрақтарға жауаптар алу қажет (ОЖЖ жүйесі):

- Оқушының жеке поргресін біз қайдан көріп тұрмыз?
- Оқушы туралы ойлап, біз неге қуаныштымыз?
- Оқуда қиындықтар сезінетін оқушы туралы ойлағанда, сөйтсе де бізді не қанағаттандыратынын ойлаңыздар. Оны не үшін мақтауға болады және бұл оған қалай әсер етті?

ОЖЖ жүйесі мынадай басты мақсаттарды көздейді:


7. Өзінің жеке жетістіктері мен ілгерілеуін бағалауы, не қолынан келеді және неге ұмтылу керектігін түсінуі бойынша әр оқушының іс-әрекеттерін көтермелеу.

8. Сабақтарда да, сыныптан тыс қызметте де оның жалпы құзыреттерін дамыта отырып, әр оқушының жеке ілерілуіне талдау жүргізу үшін мұғалімге жағдай жасау.

Оқушы жетістіктерінің өзгерістерін талдау мыналарды қамтиды:

- Әрбір мұғалім әр оқушының ілерілеуін тіркеп отырады;
- Айына бір рет әр оқушы өзінің ілерілеуін баллмен бағалайды және рефлексиясын жазып отырады;
- Семестрде бір рет мұғалімдер кеңесі ұйымдастырылады, онда әр оқушының жағдайы талқыланады;
- Бұл деректер жеке көмек үшін және мектептегі кедергілерді жеңу үшін пайдаланылады.

Төмендегі сызбада (1-сурет) жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұны ұсынылған.



1-сурет. Жеке бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс мазмұнының сызбасы. *Қадағалау жүргізілетін өзгерістер:* Өзінің оқуына саналы және жауапты қарауды қалыптастыру;


- Оқушылардың жетістіктері мен ілгерілеуі;
- Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық;
- Мұғалімдер мен мамандар арасындағы ынтымақтастық;
- Оқушылармен және ата-аналармен жауапкершілікті бөлісу;
- Мұғалімдерді кәсіби дамыту (өз практикасынан тәжірибе алу).

Келесі кезеңмен педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық аспектілерде баланың арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және арнайы білім беруді тағайындау тәртібі айқындалады. Оны Литваның Білім және ғылым министрлігі заңнамалық деңгейде регламенттейді.

Мақсаты оқыту кезінде көмекке және көрсетілетін қызметтерге баланың қажеттілік деңгейін және оқу бағдарламасын тиісінше бейімдеу үшін ұсынымдарды айқындау; педагогикалық-психологиялық қызметтер, техникалық құралдар, оқыту кезінде балаға оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында оқыту ортасын өзгерту арқылы білім беруде қолдау көрсету болып табылады.

Бағалауды:

- Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК);
- Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі;
- Саңыраулар мен нашар еститіндер орталығы;
- Зағиптар мен нашар көретіндер орталығы;
- Білім және ғылым министрлігінің жанындағы арнайы педагогика және психология орталығы жүзеге асырады.



2-сурет. Үш деңгейлі педагогикалық-психологиялық қолдау моделі
 Үш деңгейлі педагогикалық-психологиялық қолдау моделі сызбада
 (2-сурет) көрсетілген

I-ші деңгей. Мектептегі бала амандығы комиссиясы (БАК) жақын айналасында баланы бастапқы арнайы білім беру және психологиялық қолдау үшін, мұғалімді әдістемелік қолдау үшін, психологиялық қолдау және мектеп қауымдастығы мен отбасыларға білім беру іс-шараларын өткізу үшін құрылады.

Комиссияның мақсаты – мамандардың қажетті білім беру қызметтерін көрсетуі бойынша алдын ала жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. Комиссияның жұмысы Литваның Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен регламенттелген.

Комиссияның құрамына: оқу орнының басшысы (немесе басшының орынбасары), әлеуметтік педагог, психолог, арнайы педагог, логопед, сынып жетекшілері, мұғалімдер/тәрбиешілер кіреді. Сонымен қатар комиссияның құрамына оқушы мен ата-аналар, жергілікті қауым өкілдері, басқа да мүдделі тұлғалар (егер қажет болса) кіреді.

Комиссияның функциялары:

- Балалардың мектептегі амандығына ықпал ететін барлық аспектілерге талдау жасайды (ортаның қауіпсіздігі, мектеп қауымдастығы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың сапасы және т.б.);
- Мектепте жағымды микроклимат құруға қамқорлық жасайды;
- Әр баланың табысты дамуы үшін қолайлы орта құруға бағытталған алдын

ала іс-шаралардың өткізілуін үйлестіреді;

- Балалардың амандығына байланысты мәселелер бойынша мектеп ұжымын оқытады;
- Педагогтардың біліктілігін арттыруды жүргізу үшін қажетті тақырыптарды ұсынады;
- Ата-аналардың рұқсатын алып, дамуында бұзылулары бар, оқуда қиындықтарды сезінетін балалардың ӘҚЖ-сын бастапқы бағалауды жүзеге асырады;
- Оқушының ӘҚЖ-сын өте жақсы қанағаттандыру мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар береді;
- Ата-аналарға ППҚ-да кеңес алуды және т.б. ұсынады;
- Балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырады және үйлестіреді, оның мазмұны мен формасы туралы ата-аналармен және мұғалімдермен кеңеседі;
- ӘҚЖ бар балалар үшін оқыту бағдарламасын өзгертуді ұйымдастырады және үйлестіреді.

II-ші деңгей. Муниципалдық деңгейдегі педагогикалық және психологиялық қызметтер жағдайдың күрделі болуына байланысты мектептегі БАК оны қамтамасыз ете алмаған немесе Комиссияда мамандар жеткіліксіз болған жағдайда арнайы білім беру және психологиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызметі (ППҚ).

Қызметтің құрамына: арнайы педагог, логопед, психолог, балалар неврологы, әлеуметтік педагог және қызмет басшысы (директор) кіреді. ППҚ-ның тағайындалуы – балалардың ӘҚЖ-сын бағалау, арнайы педагогикалық көмек пен балаларға білім беру қызметтерін ұсыну.

Психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) функциялары:

- оқыту, мінез-құлық, қарым-қатынас саласындағы қиындықтарды; жеке тұлғалық сипаттағы проблемаларды; мектептік кәмелет деңгейін және т.б. бағалайды.
- 21 жасқа дейінгі адамдарға психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, арнайы педагогикалық көмек көрсетеді;
- ата-аналарға, мектептерге, педагогтарға ақпараттық, сарапшылық және консультативтік көмек көрсетеді;
- қажетті мамандары жоқ мектептерге психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және арнайы педагогикалық көмек ұйымдастырады және көрсетеді.

III-ші деңгей. Ерекше қажеттіліктерге арналған ұлттық білім беру және арнайы педагогика және психология орталығы (НЦОСПП).

Орталықтың мақсаты білім беруді қолдау стратегиясын ұлттық деңгейде жылжыту және іске асыруға көмектесу болып табылады.

НЦОСПП негізгі функциялары:

- Арнайы педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесінің 1-ші және 2-ші деңгейлерін үйлестіру;
- ППҚ мамандары үшін оқу бағдарламаларын қалыптастыру;
- ППҚ-ны әдістемелік қолдау;

- ППҚ мамандарын сертификаттау;
- Оқулықтарды бейімдеуді бағалау;

Арнайы білім беруді және білім беруде қолдауды қаланың (ауданның) психологиялық-педагогикалық қызмет (ППҚ) басшысы тағайындайды. Білім беруде қолдауды мектеп деңгейінде мектеп басшысы тағайындайды. Мысалы: Егер бала мектепке бармаса, онда ата-аналар ППҚ-ға жүгінеді. ППҚ бағалау жүргізеді. Содан кейін ППҚ арнайы оқыту немесе білім беру ортасын тағайындайды.

Егер бала мектепке (б/б) барып жүрсе, онда мұғалім бақылау формасын (б/б) немесе сауалнама (мк) толтырады. Мұғалім мектептегі бала амандығы комиссиясына жүгінеді. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, бағалау жүргізеді.

Егер комиссия білім беруде оқушыға қолдау көрсету қажет деп анықтаса, онда комиссия қызметке жүгінеді. Қызмет басшысы баланы ерекше қажеттіліктерді (ЕК) қолдауға арналған тізімге қосу туралы құжатқа қол қояды. Комиссия ата-аналардың келісімін алып, ерекше қажеттіліктерді қолдауды ұсыну туралы анықтама толтырады. Комиссияның шешімінде оқыту бағдарламасын оқушыға бейімдеу қажеттігі туралы қорытынды қамтылуы тиіс. Ата-аналардың келісімі қажетті шарт болып табылады, осыдан кейін ғана комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін анықтау үшін қызметке жүгінеді, оларды да ата-аналармен және мұғалімдермен талқылайды. Жоғарыда сипатталған кезеңдерден өткеннен кейін ғана комиссия арнайы немесе ерекше қажеттіліктер туралы қорытынды шығарады.

Егер оқушының есту қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Саңырау және нашар еститін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті. Егер оқушының көру қабілетімен проблемалары болса, бағалау және оқыту кезінде оқушыға қандай көмек керектігі туралы ұсынымдар алу үшін Қызмет мектеппен бірге Зағип және нашар көретін балаларға көмек көрсету орталығына жүгінуге міндетті.

Қайта бағалау қажеттігі туралы мәселе туындайтын жағдайлар болған кезде, мектеп комиссиясы қызметке жүгінеді. Мұндай сәттер бірнеше жағдайларда болуы мүмкін:

- Бірінші бағалау кезінде екінші бағалау қажет болатыны көрсетілгенде;
- Комиссия топты және ӘҚЖ деңгейін нақтылағысы, оқыту бағдарламасын өзгерткісі келгенде;
- Баланың ата-аналары жүгінген кезде;
- Егер ата-аналар қызметтің бағалау нәтижелерімен келіспесе, олар Арнайы педагогика және психология орталығына жүгінеді.

Төмендегі сызбада (3-сурет) оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі келтірілген.

3-сурет. Оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау жүйесі.

Командалық тәсіл педагогтардың әрекетіне талдау жасап, жүйелі тәсілді жетілдіре отырып, білім беру процесін әр жағынан қарауға мүмкіндік береді. Келесі сызбада білім беруде оқушыға қолдау көрсету бойынша командалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі көрсетілген.

Мектепті аяқтаған және тиісті білім алған кезде оқушыға білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген құжат (Аттестат) беріледі (*LR švietimo ir mokslo ministro 2007 m. vasario 20 d. įsakymu Nr. ISAK-236 (Žin., 2007, Nr. [25-944](#); 2010, Nr. [30-1404](#))*). Мектепті аяқтаған, бірақ тиісті білім алмаған оқушы білім беру жетістіктері (нәтижелері) көрсетілген сертификат алады.

Инклюзивті процестерді енгізу бойынша Литваның және басқа да ТМД елдерінің тәжірибесін талдау, арнайы педагогтардың жинақталған тәжірибесін қолдаусыз, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу мүмкін еместігін көрсетеді. Қазіргі уақытта, жалпы біздің қоғам үшін де, педагогикалық қауымдастық үшін де инклюзивті білім беру жаңа леп болып табылатын кезде, логопедтердің, дефектологтардың және басқа да мамандардың көпжылғы жинаған тәжірибесі ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу үшін негіз болады. Сонымен бірге халықаралық тәжірибені талдау басқа елдердің комиссиялары мен қызметтерінің жұмысында қазақстандық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК), мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның (МППК) функцияларымен ұқсастықтар бар екенін көрсетеді.

Маңызды сәттердің бірі бұрын арнайы мектептер жалпы білім беретін бағдарлама бойынша жұмыс істегендігінде, олар әр санаттың қажеттілігіне қарай бейімделген. Бүгінгі күні Қазақстанда арнайы мектептер үшін үлгі оқу бағдарламалары әзірленген. Бағдарламаларда білім беру процесін ұйымдастыру бойынша қажетті ресурстар мен әдістемелік ұсынымдар ескеріле отырып, балалар санаттарының білім беру қажеттіліктері ескерілген.

Барлық әлемде инклюзивті білім берудің идеялары мен практикасына барынша көңіл бөлінеді. Кез келген демократиялық қоғам білім беру процесін қоғамдастықтың барлық азаматтары үшін еркін және қол жетімді етіп ұйымдастыруға ұмтылады. Әрбір мемлекетте білім беру жүйесі азаматтардың барлық санаттары үшін тиімді білім беруді қамтамасыз етумен байланысты проблемаларға тап болады. Жалпы алғанда, барлық елдер денсаулығындағы ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, әлеуметтік қатыстылығына, этникалық шығу тегіне, тіліне, дініне, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарамастан қоғамды ізгілендіруге, барлық балаларды жалпы білім беретін процеске қосуға бағытталған стратегияларды іске асырады.

Қазақстан Республикасы барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, яғни денсаулық жағдайымен (психофизикалық бұзылулар, ВИЧ және СПИД жұқтырған балалар, т.б.); қоғамға әлеуметтік бейімделу проблемаларымен (жетімдік, девианттық мінез-құлық, отбасының төмен әлеуметтік-экономикалық немесе өзге де әлеуметтік-психологиялық мәртебесі: аз қамтылған отбасының, босқындардың, оралмандардың, аз ұлттардың және

т.б балалары) байланысты сапалы білім беру құқығын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Барлық әлемде қоғам ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде кемсітуге жол бермеу ұғымына бірден тез келді деп айтуға болмайды. Әрбір елдің аталған мәселені дамыту бойынша мәдени, ұлттық және ғылыми принциптерге негізделген өзіндік тарихы бар. Көптеген елдер адам құқықтары саласындағы БҰҰ конвенцияларының ережелерін, декларациялары мен ұсынымдамаларын басшылыққа алады. Инклюзивті білім беруді дамытудың тарихи-философиялық аспектілерін терең ұғыну біздің қоғамға қолданыстағы білім беру жүйесі мен балалардың жалпы білім беретін мектептерге қол жетімділігін ашуды қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру оқытудың жоғары стандарттары әрбір білім алушыға қол жетімді болуымен жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты бірде бір халықаралық құжатта ұлттық білім беру стандарттарын азайту бойынша ұсынымдамалардың жоқ екенін атап өту қажет. Атап айтқанда, инклюзия тиімді жаңа форма, яғни кез келген адамға өзінің әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білім беру ретінде қарастырылады.

Бұл үлкен дайындық жұмыстарын өткізуді және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалануды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді дамыту деңгейлерін есепке алуды білдіреді. Инклюзивті білім беруді құқық ретінде қарастыра отырып, білім беру инклюзияның қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға анағұрлым кең көлемдегі процестің маңызды шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу жөніндегі шетелдік тәжірибені шолу кезінде кеңестік дефектологиялық ғылым мен арнайы білім беру жүйесі бойынша бай мұрасы бар жақын шетелдік тәжірибелерге назар аударылған. Бұрынғы кеңестік республика елдері қазіргі таңда өзгеріс пен кіріктірулі процестерін негізге ала отырып, білім беру жүйелерін жаңғырту жолында. Осы күрделі процестердің ұқсас мәніне қарамастан практикада әрбір ел өз жолымен келе жатыр. Көптеген тиімді кіріктіру моделдері арасындағы айрықша ерекшеліктер инклюзивті білім беру қоғамдастығын ұйымдастыру тәсілдеріне, оқыту технологияларына, ұнамсыз мінез-құлықты түзеу және алдын алуға, қосалқы персоналдар рөліне, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бағдарламаларының түрлену және бейімделу тәсілдеріне қатысты болып отыр.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Литваның тәжірибесін зерделеу ерекше білім алуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдарына кезең-кезеңімен қосу мен жүйелі тәсіліне назар аударуға мүмкіндік берді.

Литвада арнайы білім беру қажеттілігі (бұдан әрі - АБҚ) дегенді айрықша қабілеттері немесе туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болатын оқу процесіне көмек немесе қызмет көрсету қажеттіліктері деп түсінеді.

Инклюзивті білім беруге ықпал ететін негізгі факторлар ретінде литвалық сарапшылар төмендегілерді атап көрсетеді:

- Инклюзивті білім берудің саясаты мен әдіснамасына ықпал ететін заңнамалық базаны;
- Мұғалімдерді даярлау – АБҚ бар балалар туралы мұғалімдерге қажетті ақпараттар ұсыну;
- АБҚ бар тұлғалармен нақты интеракция – эмпатия, толеранттылық тек интеракция процесінде өзгеше қалыптасады;
- Кемсітушілікті азайту, «өзге», «ерекше» баланы қабылдамау және оны басқаларға қосу мен интеракция жасауға және оның қатысуына (әртүрлі жағдаятта) ықпал ету тәрізді педагогтердің оң тәжірибесімен алмасу;
- Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің бағдарламаларды бейімдей білуі және АҚБ бар балаларды оқытуда баламалы әдістерді қолдануы және т.б.

Литваның білім министрлігі мұғалімдерді даярлау бойынша оқу жоспарына «Арнайы педагогика», «Инклюзивті білім беру» және т.б. арнайы пәндерді енгізуді ұсынды. Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша (2017) жоғары санатты алуға ұмтылған әрбір мұғалім «Инклюзивті білім беру» (60 академиялық сағат) курсының тыңдауы және практикалық тапсырмалар орындауы тиіс.

Мамандарды кәсіби даярлау фокусында орын алған өзгерістер, төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

	Өзгерістерді салыстыру	
Студия	Олигофренопедагогика	Педагогика
Біліктілік	Арнайы мектептің мұғалімі	Арнайы педагог
Нысаналы топ	Ақыл-ойының дамуында кешеуілдеуі бар балалар - гомогендік топтар	Балалардың ерекшеліктері және олардың қажеттіліктері
Мекеме	Мамандандырылған мектепте жұмыс істеу	Жалпы және арнайы білім беру жүйесінде жұмыс істеу
Өзара әрекет ету	Бағыт: мұғалім – бала	Екі жақты өзара іс-қимыл: мұғалім - бала
Білім беру мақсаты	Білімді беру, танымдық дағдыларды дамыту	Әлеуметтік дағдылар
Қоршау	Құрылымдау, оқшаулау	Икемді, инклюзивті
Фокус	Бұзылу /еңбекке жарамсыздық диагнозы	АҚБ /жеке қажеттіліктер және /дәлсіздік
Рөл	Сарапшы	Командалық жұмыс, әріптестік, ата-аналармен ынтымақтастық

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер елімізде жаңа білім беру шынайылығын құрды. Мұғалімдер мен арнайы педагогтерді даярлауға арналған бағдарламалар

ұдайы жетілдіріліп отырады. Осыған сәйкес, негізгі мақсаты студенттерге құзыреттіліктерді дамытуға, кәсіпқойлар үшін қажетті:

- инклюзивті білім беруде әртүрлі балалармен;
- ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатумен;
- АҚБ жеке, командалық және институционалдық деңгейге сәйкестігін үйлестірумен жұмыс істеушілерге ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламаларды жетілдіру тек жаңа мазмұн мен пәнді білуге бағытталмаған, сонымен қатар құндылықтар мен болашақ мамандардың дүниетанымына көңіл аударылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында жұмыс істеу үшін даярлау кезеңінен бастап болашақ литовтық педагогтерді білім беру қажеттіліктерінің топтары бойынша білім алушыларды бөлумен таныстырады.

Ұсынымдамаға сәйкес топтар (OECD – organization for economic cooperation and development/ ЭЫДҰ – оэкономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы):

13) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities/ Мүгедектік*);

14) Мінез-құлығымен және эмоциялық проблемаларымен оқуда қиындық келтіретін балалар (бір немесе одан да көп пәндер) (*Difficulties/ Күрделілік*);

15) Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын балалар – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептер (*Disadvantages/Жеміснейшіліктер*).

Әрбір топ мынадай денсаулық бұзылыстарына тұрады.

17) Бұзылулары бар балалар (*Disabilities*)

- Интеллектінің бұзылуы;
- Көру қабілетінің бұзылуы;
- Есту қабілетінің бұзылуы;
- Физикалық және неврологиялық бұзылуы;
- Дамудың жан-жақты бұзылуы (*аутизм; әдеттегі емес аутизм; Rett синдромы; Аспергера синдромы; т.б.*);
- Саңырау-соқыр;
- Кешендік бұзылулар.

18) *Интеллектінің бұзылуы*

- Интеллектінің шағын ғана бұзылуы;
- Интеллектінің орташа бұзылуы;
- Интеллектінің айрықша бұзылуы;
- Интеллектінің барынша айрықша бұзылуы.

19) *Оқуда қиындық келтіретін балалар (Difficulties)*

- Оқудағы жалпы қиындықтар;
- Оқытудағы спецификалық қиындықтар (оқу, жазу, математика);
- Мінез-құлығы және эмоциясымен байланысты қиындықтар (белсенділік, назар аударушылық, алаңдаушылық, көңіл күйі және т.б.);
- Сөйлеуіндегі қиындықтар.

20) *Ерекше білім алуға қажеттіліктері қолайсыз жағдайлардан пайда болатын қиындықтар (Disadvantages)*

- Ана тілінде оқымайды;

- Денсаулық проблемасы;
- Эмоциональдық дағдарыстар;
- Қолайсыз әлеуметтік жағдайлар.

Соңғы екі топ педагогтердің оқушылардың білім беру қажеттіліктері мен инклюзивті білімге деген көзқарастарын кеңейте түседі.

Қажеттіліктер бойынша топқа бөліну кезінде арнайы білім беру қажеттіліктерін (АБҚ) немесе ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау сияқты маңызды мәселелер туындайды.

АБҚ (ЕБҚ):

- айрықша қабілеттер;
- туа біткен немесе пайда болған бұзылыстар;
- қоршаған ортаның қолайсыз факторлары салдарынан пайда болған, оқу процесіне көмек және қызмет көрсету қажеттіліктері.

Көмек пен қызмет көрсетудің сипаты мен қарқыныдылығына қарамастан АБҚ 4 деңгейге бөлінеді:

- шағын,
- орташа,
- ірі,
- өте ірі.

АБҚ деңгейі Литваның Білім және ғылым министрлігі белгілеген өлшемшарттар бойынша анықталады.

Мектеп жасындағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

- Өзгертілген бағдарламалардың көлемі.
- Оқу нәтижесі (оқушы жетістігі).
- Оқу жоспарының өзгерісі.
- Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
- Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
- Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
- Техникалық құралдар қажеттілігі.
- Арнайы педагогикалық көмек.
- Арнайы көмек.
- Психологиялық көмек.
- Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың АБҚ өлшемшарттары:

- Оқу әдістерінің іріктелуі және үйлесімділігі.
- Оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, оқу материалдарын дайындау.
- Оқу ортасының орны мен бейімделуін іріктеу.
- Техникалық құралдар қажеттілігі.
- Арнайы педагогикалық көмек.
- Арнайы көмек.
- Психологиялық көмек.
- Әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Өзгертілген бағдарламалардың көлемі

Оқыту өз-өзіне қызмет көрсетуге, өз бетінше жұмыс істеуге, әлеуметтік дағдыларға және т.б. бағытталған жағдайда 1-2 пәннен бастап немесе мазмұн түбегейлі өзгергенге дейінгі салалар. 1-ден бастап 4 балға дейін бағалау.

Бағдарламаның өзгеруі

Бейімделген жалпы бағдарлама. Мазмұн – сол сыныптың оңайлатылған және жеңілдетілген бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты бағдарламалық талаптарды қанағаттандыру деңгейінде меңгерген оқушы жетістігі болып табылады. Бейімделген бағдарламаның негізгі мазмұны бала контекстен «қалып қоймайтын» барлық сынып жұмыс істейтін бағдарламаға сәйкес келуі керек. Сол бағдарламамен оқиды, бірақ пәндегі тақырып мазмұнының көлемі мен тереңдігі жағынан айырмашылығы бар.

Дербестендірілген бағдарлама. Бұл интеллектісінде бұзылыстары бар балалар оқитын бағдарлама. Бағдарлама мақсаты жалпы талаптарға сәйкес келмеуі мүмкін.

Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады (IQ 69 и <). Ең бастысы, мазмұнды оңайлату және нақтылау маңызды болып табылады. Оқушы оның сыныптастары оқыған тақырыптық мазмұнның талаптары қалады. Кейбір жағдайларда (интеллектінің орташа бұзылысы IQ 49 и <) оқыту әлеуметтік және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған жалпы бағдарламаларға сәйкес келмейді.

Оқу нәтижесі - оқушы жетістігі.

Егер оқу пәні бойынша оқушы жетістігі қанағаттанарлық деңгейден төмен болса, 2 жыл бойына бағдарламалық талаптардың деңгейіне сәйкес келмесе бағдарламаның өзгеруі мүмкін.

Оқу жоспарының өзгеруі.

АБҚ-ның бұзылыс сипаттамасы мен деңгейіне байланысты оқу жоспары 15-тен 30%-ға дейін өзгеруі мүмкін.

Сол себепті:

- Жекелеген пәндерден сабақтар саны көбеюі немесе азаюы;
- Кейбір пәндерді оқыту жеке ұйымдастырылуы мүмкін.

Литваның Білім және ғылым министрлігі жекелеген оқушылардың топтары бойынша оқу жоспарын өзгерту жөнінде ұсынымдамалар дайындады.

Оқыту әдістерін іріктеу.

Әдеттегі оқыту әдістері баламалы (басқа мүмкін болатын) әдістермен байланысатынын көрсетеді.

Баламалы әдістерді әдеттегі әдістермен оқыту кезінде егер оқушы жекелеген оқу пәндері бойынша оқи, жаза, санай алмаған жағдайда қолдану ұсынылады. Баламалы әдістердің маңыздылығы әсіресе бағдарламаны барынша меңгеруге ұмтылу кезінде маңызды болып табылады.

Баламалылығы зерделенеді/ АБҚ бар баланы оқыту кезінде қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі. Қолданылатын әдістердің баламалылығы мен тиімділігін психолог, арнайы педагог бағалайды.

Осыған сәйкес:

- Бала оқыту процесі кезінде көретін қиындықтардың сипаттамасы.
- Ұқсас қиындықтардың әртүрлі себептері болуы мүмкін екенін есепке ала

отырып, қиындықтардың мүмкін болатын себептері анықталды (арнайы педагог, логопед, психолог бағалайды).

- Бала қандай стратегияларды пайдаланатынын белгіленеді (ол қалай оқиды?).

- Оқушы қандай стратегияны пайдаланыты туралы мұғалімнің ақпараты.

- Мұғалімнің баланы оқыту кезінде қолданатын әдістері (*мұғалім қалай оқытады?*) және олардың баланың қажеттілігіне сәйкестілігі ескеріледі.

Оқулықтарды, оқу құралдарын, іріктеу, оқу материалдарын дайындау.

Оқу ресурстары оқушы білім алатын оқу жоспарын, бағдароама мазмұнын, бағдарлама өзгерістерін және т.б. есепке ала отырып, іріктеледі. Арнайы оқу құралдары: АҚБ бар балаларға арналған оқулықтар; қаріптері үлкейтілген кітаптар, көзі көрмейтіндерге арналған оқу құралдары (Брайль бойынша); таңбаларды пайдаланатын оқу құралы (ыммен сөйлеу); бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы дәлбедерлер, жазулары бар бейне материалдар, оқу компьютерлік бағдарламалар және т.б.

Орынды іріктеу және ортаның бейімделуі.

Орын мен ортаны іріктеу моторлы-қозғалыс аппараты, есту, көру бұзылулары, дамуында жан-жақты бұзылыстар, мінез-құлығында бұзылыстар және т.б. бар балалар үшін өзекті болып табылады. Орын мұғалімге тақау таңдап алынады (дыбыс көзі, тақта), арнайы жарықтандыру, парталардың биіктігін реттеулер мен т.б. пайдаланылады.

Техникалық құралдар қажеттілігі.

Техникалық құралдар тірек-қозғалыс аппараты бұзылулары, есту, көру және т.б. бұзылулары бар балалар үшін таңдалып алынады.

Компьютерлік өтемдік техниканы қолдану.

Арнайы педагогикалық көмек.

Арнайы педагогтің, тифлопедагогтің, сурдопедагогтің, логопедтің көмегі қажетті көмектің қарқындылығы бойынша анықталады (аптасына 1 сабақтан 5 сабаққа дейін).

Арнайы көмек.

Мұғалімнің көмекшісі бұзылыстарының салдарынан оқу процесіне өз бетімен қатыса алмайтын, орташа, ірі және өте ірі АБҚ бар оқушыларға көмек көрсетеді.

Көмекші өзіне-өзі қызмет көрсету, тамақтану салаларында оқушыға (немесе топтарға) көмектеседі, үй-жайларда бағыт-бағдар алуға, жүруге, оқу құралдарын пайдалануға көмектеседі, мәтінді оқиды, конспекті жасайды басқа да қызметтер көрсетеді.

Аудармашы ыммен сөйлеу арқылы ауызша сөйлеуді ыммен сөйлеуге және керісінше аударады. Арнайы көмек қарқындылығы бойынша бағаланады (күніне 1 сағаттан 8 сағатқа дейін).

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктері.

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек қажеттіліктерін бір реттіктен тұрақты түрде көрсетілетін көмектің қажетті қызметінің қарқындылық деңгейі бойынша психолог және арнайы педагог бағалайды.

Мектеп жасындағы балалардың АҚБ деңгейі

Жинаған балдарының қорытындысы бойынша АҚБ деңгейі анықталады:

- ✓ Шағын 7 - 22
- ✓ Орташа 23 - 52
- ✓ Ірі 53 - 82
- ✓ Өте ірі 83 -112

Ұжымдық оқыту білім алушылардың ортақ оқу міндеттерін шешу, ортақ тақырыптарды зерделеу, жаңа идеялар, жаңа комбинациялар немесе ерекше инновациялар құру үшін бірлесіп, кейде жұппен, кейде шағын топпен жұмыс істеуі кезінде туындайды. Алайда, көптеген педагогтар сыныптарды топтарға бөліп және әртүрлі білім беру технологияларының стратегияларын қолданып қана, ұжымдық оқыту құрғаны туралы негізделмеген және асығыс қорытындыларды жиі шығарады. Сабақта ұжымдық оқыту атмосферасын құратын әр педагогтың мынадай сұрақтарды ойланғаны өте маңызды: ұжымдық оқыту кезінде сынып бөлмесі қалай көрінеді? Сыныптағы мұғалім мен оқушылардың рөлі қандай? Мұғалімнің қандай нұсқаулықтары топтың барлық қатысушыларының дамуына көмектеседі, әсіресе, егер топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болса?

Жеке білім беру бағдарламаларын (ЖБББ) жоспарлаған және іске асырған кезде ұжымдық оқыту әдістері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала топ орындайтынның шағын көлемімен ғана шектелмей, топтық әрекеттің толыққанды қатысушысы бола алатындай етіп таңдалуы тиіс. Ұжымдық жұмысты оның «осал» тұстарын көрсетпей және «күшті» тұстарына ғана сүйену өте маңызды. Бұл принцип барлық балалар ерекшеліктерінің алуан түрлілігіне қатысты, ол әр балаға жеке тәсіл қолдану қажеттігін білдіреді. Оқыту кезінде мұғалім барлығын және әрқайсысын жеке дамыту мүмкіндігі ретінде ұжымдық жұмысқа сүйену керек. Бұл ретте салыстыру оларды бір-бірімен салыстыруда емес, жекелеген білім алушылардың дербес жетістіктерін салыстырған жағдайда ғана орынды болып табылатынын ерекше атап өткен жөн.

Ұжымдық оқыту білім беру процесінің әрбір қатысушысын дамытуға мүмкіндік беретін, сыныптың сипаттамасына назар аударуды ұсынамыз.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың кейбір ортақ сипаттамалары бар, оларға:

- Жағымды өзара байланыс;
- Жеке жауапкершілік;
- Топтардың әркелкі құрамы;
- Көшбасшылықты бөлу;
- Әлеуметтік дағдыларға үйрету;
- Мұғалімнің тарапынан қадағалау мен араласу;
- Тиімді топтық жұмыс кіреді.

Тереңірек түсіну мақсатында көрсетілген ұжымдық оқыту сипаттамаларының мәнін ашайық.

Жағымды өзара байланыс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мақтау түріндегі қарапайым қолдауды немесе оларға артық сақтықпен қарауды білдірмейді. Бірақ кейбір жағдайларда бұл өзін-өзі төмен бағалайтын балаларды немесе жаңа ұжымға түскен баланы жігерлендіруге шын мәнінде көмектеседі. Жағымды өзара байланысты сабақтағы конкурстың немесе жарыстың негізінде құру ұсынылмайды. Керісінше, бірін-бірі тыңдау, толықтыру және басқалардың әрекетінің көмегімен дамыту құндылықтарына назар аударту қажет.

Мұғалімдер мен ата-аналардың көпшілігі балалар аудиториясы өзара жағымды байланыста бір-бірімен әрекеттесуге қабілетсіз болатынынан қорқады. Сыныпта ерекше бала пайда болған кезде, мұндай қорқыныштар

күшейе түседі. Алайда, көптеген балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жай ғана қарым-қатынаста болу тәжірибесі жоқ екенін түсіну және ескеру керек. Сонымен бірге, егер балалар олармен сабақта өзара әрекет жасай алмаса, ондай тәжірибені ешқашан ешқайдан ала алмайды. Ұжымдық жұмыс процесінде мұғалімнің сабақтағы бақылаулары оған қажет сәтте қажетті сұрақты қоюға және жағымды өзара байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте үлкен шыдамдылық қоры болу керек, өйткені топпен ынтымақтасып жұмыс істеуді тез үйретуге болмайды. Ұжымдық оқыту әдістерін жүйелі қолдану ғана жағымды өзара байланысты тәрбиелей отырып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жеке жауапкершілік – сыныптағы негізгі ұжымдық жұмыс сипаттамаларының бірі. Сабақты жоспарлаған кезде мұғалім жұппен немесе топпен жұмыс істеуге арналған нұсқаулардың сапасына назар аудару керек.

Мысалы, жұппен жұмыс істеген кезде мұғалім 1-ші қатысушы, 2-ші қатысушы деп жұптардың рөлін айқындап, бір мәтінді ұсынады. 1-ші қатысушы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) бала деп топшылайық. Мәтінді өз бетінше оқу үшін уақыт беріледі, бірақ мұғалім бір оқушы (2-ші қатысушы) осы уақыт ішінде мәтіннің мазмұнын бірнеше рет оқи алатынын, ал осы жұптағы екінші оқушы – осы мәтіннен бір ғана сөйлем оқитынын түсінеді. Дәстүрлі практикада мұғалім жұмысты тез оқыған және мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алатын баладан бастайды. Мұндай тәсілді қолданған кезде, тез оқу дағдылары бар бала ғана жақсы оқиды, ал екінші оқушы өз сыныптасының әңгімесінен оқу ақпаратының шағын ғана пайызын ала алады. Жұппен жүргізілген осындай жұмыс *жеке жауапкершілікті* тәрбиелеуге көмектесе ала ма? Бірлесіп оқытуды ұйымдастыру үшін мұғалімде қандай нұсқалар бар?

Егер мұғалім оқыған мәтіннің көлеміне қарамастан, мәтінді оқығаннан кейін ақпаратты талқылауды (мазмұнын айтып беруді, өз пікірін білдіруді және т.б.) ұсынса, онда жұптағы оқушылардың әрқайсысы жұмыс істей және көп нәрсені үйрене алады. Табысты оқушы өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, жұптағы серіктесіне әңгімелеп береді, ал екінші оқушы серіктесінің әңгімесін тыңдай отырып, сондай-ақ өзінің оқу дағдыларын дамыта отырып, білім алады. Мұндай өзара әрекет жасау бірлесіп оқуда автономды болып қалуға мүмкіндік береді және келесі жолы мұғалім 1-ші қатысушыға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ПДТ) балаға мәтіннің мазмұнын әңгімелеп беруді ұсынса, онда білім беру процесінің әрбір қатысушысында *жеке жауапкершілік тәрбиеленетін болады*.

Егер 1-ші қатысушының орнында басқа білім беру қажеттіліктері бар бала болса, онда бұл жағдайда жоспарлау кезінде қажетті ресурстармен: мысалы, Брайль кестесімен немесе мәтіннің аудиожазбасымен қамтамасыз ету маңызды екені сөзсіз. Ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлау кезінде, диагностикалау және ЖБББ әзірлеу сатысында ескеру маңызды.

Топтардың әртекті құрамы ерекше құбылыс болып табылмайды. Өйткені кез келген педагогикалық практика сыныптың мүлдем әртүрлі балаларды біріктіретінін көрсетіп отыр. Барлық балаларға біркелкі тәсілді қолдану мұғалімнің алдында барлық балаларды «бірдей» етеді, бұл «орташа балаға»

бағдарлануға әкеп соғады. Әрбір педагог үшін инклюзивті білім беруді өзінше түсінуін қайта қарау жауапкершілігі мен маңыздылығын сезіну керек. Бұл жерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық кең спектрі өз өмірінде әртүрлі қиындықтарға тап болған балаларды да, сонымен қатар белгілі салаларда дарынды, гипербелсенді және солақай және басқа да көптеген балаларды қоса алғанда, жалпы барлығын қамтитынын түсіну маңызды жағдай болып табылады.

Педагогикалық практикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеген кезде дифференциациялау принципін оқу дағдыларын дамытуға балаларды қабілеттеріне қарай саралау тұрғысынан емес, әртүрлі тәсілдерді қолдану тұрғысынан келгенде ұстану өте маңызды. Оқу мақсатына жету үшін ұжымдық оқыту әдісі пайдаланылатын кез келген сабақты жоспарлаған кезде құрамына қарай әртүрлі жұптар мен құрамына қарай әртүрлі топтар құру қажет. Әрине мұғалім ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы жұмысқа тарта отырып, балаларды топтарға бөлудің әртүрлі формаларын пайдалана алады.

Кейбір оқушылар ұжымдары үшін әңгімелесу түрінде алдын ала дайындық талап етіледі. Ерекше бала сынып оқушыларымен кездескенге дейін денсаулық бұзылулары туралы әңгіме өткізудің жақсы тәжірибелеріне мысалдар бар. Әңгіме нақты ойластырылған және салмақты құрылған болуы тиіс, бұл ретте сыныптағы балалардың жаңа сыныптас туралы жаңалыққа деген реакциясына да түсіністікпен қарау керек. Арнайы мектептердің педагогтары сынып оқушыларының ата-аналарымен де алдын ала әңгімелесулер өткізуге кеңес береді, өйткені олар да жаңа өзгерістерге дайын болмауы мүмкін. Мұғалім, мектеп әкімшілігі әңгіме өткізуді жоспарлағанда, ата-аналар мынадай сұрақтарға ойланып қалатындай құрастыру керек: Ата-аналар өз баласына әрдайым дені сау қоғам таңдай ала ма? Денсаулығында әртүрлі бұзылулары бар адаммен қарым-қатынаста болу өз денсаулығына мұқият қарауға көмектесе ме?

В.В. Хитрюктің «Инклюзивті білім беру: ата-аналармен жұмыстағы тренингтер» кітабында автор ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындау бойынша тұтас арнайы тренингтер циклын ұсынады.

Күнделікті практикада *топтардың әртекті құрамымен* ұжымдық оқыту әдістерін қолдану:

- барлық сыныпқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен танысуға;
- барлық процеске қатысушылардың әлеуметтену дағдыларының дамуын қадағалауға;
- барлық оқушылардың «күшті» және «осал» жақтарын және пайдаланылатын әдістің тиімділігін анықтауға;
- өзінің оқуы және бірге оқитын сыныптастарының оқуына қосатын үлесі үшін жауапты болуды түсінуге мүмкіндік береді.

Көшбасшылықты бөлу сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар сыныптасына қамқорлық жасау үшін жауапты білім алушылар бар дегенді білдірмейді. Жақсы оқитын оқушылардан басқаларды үйретуді немесе оқуына көмектесуді талап ету әділетсіз. Көшбасшылық міндеті жанындағы балаға байқатпай көмектесуге тырысу мүмкіндігін білдіреді. Ойлануға немесе ерекше бала үшін қажетті арнайы құрылғыны беруге көмектесетін сұрақ түріндегі

көмек. Көшбасшылық: қауымдастыққа бағалы болу, бастамашыл болу және қиындықтардан қорықпау тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге, өз қателерін мойындай алу және қандай да теріс қылықтары үшін кешірім сұрай білу білігін нағыз көшбасшылық деп есептеуге болады.

Топтық жұмыста көшбасшылықты бөлу – бұл өзін жаңа рөлде көру және жұп немесе топ үшін жауапкершілік тәжірибесін түсіну мүмкіндігі. Ең бастысы: ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар құрушы жұмыс істейтін топтар көшбасшыларының көшбасшылық тәжірибесіне пікір білдіруде және бағалауда мұқият болу. Мұғалім өз сыныбы үшін топтық жұмысты модельдей отырып, топтардың көшбасшылары рөліндегі оқушылардың тәжірибесін сынға алмауға тырысу керек. Мұғалімге сұрақтарды балалар өз әрекеттерін қайта қарастыратындай және өз тәжірибесінің рефлексиясын жасайтындай қою ұсынылады.

Әлеуметтік дағдыларды үйрету – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, сонымен бірге барлық білім алушыларға дамыту қажет дағды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сыныптастарымен өзара әрекет жасауға үйрететін әлеуметтік дағдылар кейбір жағдайларда Жеке білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болуы мүмкін. Бұл ретте кәдімгі балаларда жалпы инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үшін ерекше балалармен ынтымақтастықтың әлеуметтік дағдылары қажет екенін есте сақтау маңызды.

Егер мұғалім диагностикалау сәтінен бастап белсенді болса, *мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* әрқашан сапалы және уақтылы болады. Яғни біздің қоғамның кез келген азаматы сияқты мұғалімнің де адамды оның денсаулық бұзылулары тұрғысынан емес, оның білім беру қажеттіліктері тұрғысынан қабылдауы маңызды. Бұл үшін жоспарлауға дейін оқу процесіне кіретін оқушының білім беру қажеттілігін зерделеу қажет. Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеген кезде, мұғалім бірлесіп оқыту процесін қадағалайды, жазба немесе фото жазбалар жасайды. Барлық пән мұғалімдерінің дәл осындай түсіндірулері, мамандардың кеңестері мұғалімдердің өздерін қоса алғанда, барлық білім беру процесіне қатысушыларды дамытуға көмектеседі. Кейде мұндай қадағалаулар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының жетістіктеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Әрине, бұл өте күрделі және мұғалімнің уақытын алады. Алайда, инклюзивті мектеп жағдайында барлық педагогтар «оқыту сапасы» сияқты ұғымды қайта қарай бастайды.

Дәстүрлі түсінікте «оқыту сапасы» білімді қорытынды тексергеннен кейін «4» пен «5» есептеу негізінде жасалады (білім-факт/оқу бағдарламасының мазмұны). Инклюзивті білім берудегі «оқыту сапасы» – бұл ұзақ, кейде қарапайым мұғалім үшін байқалмайтын процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін «оқыту сапасы» ең алдымен – оның әлеуметтенуі! *Ұжымдық оқыту кезінде мұғалімнің тарапынан қадағалау және араласу* оқу процесін реттеуге және бағыттауға мүмкіндік береді.

Арнайы мектептер педагогтарының және ресурстық орталықтар педагогтарының үлкен тәжірибесінен қадағалау карталарын, диагностикалық карталарды, бағалау кестелерін негізге алуға және бейімдеуге болады. Дефектологтардың, логопедтердің және басқа да мамандардың көпжылғы

тәжірибесін пайдалану әрбір педагогқа қажетті көмек көрсетеді.

Егер әрбір процеске қатысушы алдымен жеке оқитын болса, содан кейін оқу материалын жаңаша түсіне отырып, өзінің жаңа білімін жұппен немесе топпен талқылауға мүмкіндігі болса, *топтық жұмыс* тиімді болып есептеледі. Басқаша сөздермен айтқанда, тапсырма мен нұсқау бір, бірақ барлығы өзінің жақын даму аймағын қаншалықты дамытуға қабілетті, соншалықты деңгейде орындайды және ұдайы өзара әрекетте болады. Топтық жұмыстың тиімділігін талдай отырып, білім алушыларда рефлексия үшін сұрақтар болған жағдайда, оң қорытындылар шығаруға болады. Мұғалімдердің көп бөлігі соңғы өнім немесе нәтиже (сапалы немесе сапасыз) жақсы ұжымдық жұмысты куәландыратынына сенімді. Әрине, ол солай, бірақ толық емес. Онымен қоса инклюзивті білім беру жағдайында жұппен немесе топпен жұмыс істеу тиімділігі көбінесе коммуникация немесе ынтымақтастық дағдыларын алуды білдіреді

Әрине, егер топ белгілі тапсырманы орындай отырып, презентация, эссе немесе постер түрінде соңғы нәтижені ұсынса, өте жақсы болады. Егер мұғалім бірлескен процеске талдау жасауға мүмкіндік беретін сұрақтарды ұсынса, мұндай жұмыстың құндылығы біршама арта түседі. Сендер бұны қалай жасадыңдар? Топтың қатысушылары бір-біріне қалай көмектесті? Жұмыста сендерге не кедергі болды? Неліктен? Келесі жолы бірлескен жұмысты қалай жақсырақ жасауға болады?

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын сыныпта жұмыс істеген кезде ынтымақтастықтың жағымсыз тәжірибесі де тиімді болуы мүмкін. Сыни баға беруге асықпаған жөн және арнайы мектептердің мамандарымен кеңесе отырып немесе мектеп консилиумының жұмысы кезінде сәтсіз кезеңдерге егжей-тегжей талдау жасау керек.

Ұжымдық оқыту үшін сыныптың барлық жоғарыда айтылған сипаттамалары соңғы болып табылмайды. Практикалық тәжірибеде нақты оқушылардың білім беру қажеттіліктеріне байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Жеке білім беру жоспарын әзірлеу, оны енгізу және толық талдау сыныптағы оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ұжымдық оқытудың негізгі элементтері:

Позитивті өзара байланыс.

Білім алушылар топтық тапсырмаларды орындаған кезде олардың бір-біріне қажет екенін түсінеді. Мұғалімдер қойылған жалпы міндеттермен (оқу және топтың басқа қатысушыларын оқуға сендіру), ортақ көтермелеулермен (егер топтың барлық мүшелері тапсырмаларды өлшемшарттарда айтылғаннан да жақсы орындаса, әрқайсысы қосымша балл алады), дереккөздерді бөліп алумен (әр топ үшін бір парақ қағаз немесе топтың әр мүшесі талап етілетін ақпараттың бір бөлігін алады) және айқындалған рөлдермен (қорытындылар шығаратын, қатысушыларды тартатын, әзірлеуші) өзара белгілі байланысты құра алады.

Өзара қолдаушы бетпе-бет әрекет.

Оқушылар бір-біріне көмектесіп, пікір алмасып және оқудағы талпынысын көтермелеп, оқытуды жақсарта алады. Оқушылар өздері білетінді түсіндіреді, талқылайды және үйретеді. Мұғалімдер топтарды балалар бір-біріне бетпе-бет қарап отыратындай және тапсырманың әрбір бөлігін талқылау үшін уақыт

болатындай етіп құрады.

Жеке жауапкершілік.

Әрбір оқушы орындаған тапсырма кезең-кезеңмен бағаланады және нәтижелері топқа және әр оқушыға беріледі. Әр оқушыға жеке тесттер беру немесе топтың ішінен біреуін таңдап алып, оған топтың атынан жауап беруге мүмкіндік беру арқылы мұғалімдер оқушылардың жауапкершілігін анықтай алады.

Шағын топтардағы жұмыстың тұлғааралық дағдылары.

Егер оқушыларда қажетті әлеуметтік дағдылар болмаса және пайдаланылмаса, топтар тиімді жұмыс істей алмайды. Мұғалімдер бұл дағдыларға да, академиялық дағдылар сияқты, мақсатқа сай және дәл үйретеді. Ынтымақтастық дағдыларына: басшылық жасай білу, қабылдау, сенімді қарым-қатынас құра білу, араласу және шағын кикілжің жағдайларды шешу білігі кіреді. Басқаша сөздермен айтқанда, білім алушыларға қарым-қатынас жасау тәжірибесін алуға мүмкіндік беру өте маңызды.

Топты дамыту.

Топтарға олардың мақсатқа қалай қол жеткізетінін және топ мүшелері арасында іскерлік қарым-қатынастарды қалай сақтайтынын талқылау үшін арнайы уақыт қажет. Мұғалімдер:

- а) тапсырманы жақсы орындау үшін топқа көмегі тиген қатысушылардың ең болмаса үш әрекетін санап беруге;
- б) топқа ертеңгі күні бұдан да үлкен табысқа жету үшін көмегі тиетін бір әрекетті жазып беру сияқты міндеттерді айқындай отырып, топты дамытуды жоспарлайды. Сондай-ақ мұғалімдер топтардың жұмысын қадағалайды және топ пен сыныпқа бір тұтас құбылыс ретінде, топта барлығы бірге қаншалықты жақсы жұмыс істейтініне баға береді. Бұл ретте топтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты іс-әрекеттерін ерекше бөліп қарау міндетті емес. Олардың білім беру қажеттіліктері туралы ұдайы ескерткенше, оны әрекет барысында ескеру маңызды.

Басшылық жасау принциптері.

Сыныпта ойлау әрекеті үшін жағдай жасай отырып, педагогтар бірнеше басшылық жасау принциптерін ескеруге және сақтауға тиіс:

13. Ойлау қабілеттерінің дамуы туралы куәландыратын, оқушылардың сұрақтары мен іс-әрекеттерін қадағалау, тіркеу.
14. Ойлау қабілетіне қолданылатын әдістерді практикада пайдалану мүмкіндіктері көп болғанда ғана балалар үздік зерттеушілер болады.
15. Педагог оқушылар үшін пайдалы және бір саладан екіншісіне ауыса алатын, өз тәжірибесі мен стратегиясын ұдайы пайдалану ұнайтын, бірнеше ойлау стратегиясына назар аудару қажет.
16. Топтық жұмыс кезінде, орындалған іс-әрекеттердің көлемі немесе саны емес, білім беру процесінің әр қатысушысы қалай оқитыны маңызды.

Литература:

1. В Законе РК «Об образовании» от 27.07.2007г. №319
2. Государственная программа развития образования и науки на 2016-2019 годы
3. Dawn Tankersley et al. Theory in Practice: Handbook for Preschool Teachers' Professional Development Other authors: Sanja Brajković, Sanja Handžar, Regina Rimkiene, Regina Sabaliauskiene, Zorica Trikić, Tatjana Vonta. Zagreb: Pučko otvoreno učilište Korak po korak, 2012, ill., 219 pages.
4. Stefaniya Alishuskene . Early Childhood Intervention Project update: Country Report – Lithuania, 2009
5. Типовые учебные программы для специальных школ. <https://nao.kz/loader/fromorg/2/25>.
6. Методическое пособие для непрерывного обучения дидактических кадров, работающих в области инклюзивного образования детей / Галина Булат, Светлана Курилов, Николае Букун [и др.] ; коорд.: Домника Гыну ; Проект “Интеграция детей с ограниченными возможностями в общеобразовательные школы”, Fondul de Investiții Sociale din Moldova, LUMOS (Protecting Children. Providing Solutions). – Кишинев : Б. и., 2016 (Tipogr. “Bons Offices”)
7. Investiții Sociale din Moldova, LUMOS (Protecting Children. Providing Solutions). – Кишинев : Б. и., 2016 (Tipogr. “Bons Offices”). Часть 3 – 2016. – 128 p. – Bibliogr. la sfârșitul modulelor. – Изд. при фин. поддержке Правительства Японии посредством Фонда для разраб. политики и развития людских ресурсов (PHRD), под руководством: Всемирного банка через Фонд социальных инвестиций Молдовы (FISM). – 200 ex.
8. Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики: Методическое пособие / Под общ. ред. С.В. Алехиной, М.М. Семаго. — М.: МГППУ, 2012. — 156 с.
9. Создание специальных условий для детей с расстройствами аутистического спектра в общеобразовательных учреждениях: Методический сборник / Отв. ред. С.В. Алехина // Под. ред. Е.В. Самсоновой. — М.: МГППУ, 2012. — 56 с.
10. Разработка и реализация индивидуальной образовательной программы для детей с ограниченными возможностями здоровья в начальной школе. Методические рекомендации для учителей начальной школы / Под. ред. Е.В. Самсоновой. — М.: МГППУ, 2012. — 84 с.).
11. Инклюзивное образование: от образовательной политики к образовательной практике / С.В. Алехина. – Москва // Психолого-педагогические основы инклюзивного образования : коллективная монография / ред. С.В. Алехина. – Москва : Московский городской психолого-педагогический университет, 2013. – С. 5-18.
12. К вопросу об обучении школьников по индивидуальным траекториям образовательного маршрута (Консультант: профессор кафедры начального образования Есенкова Т.Ф.: [Электронный ресурс]. - http://uipk.narod.ru/diskons/nach/nach_4doc
13. Селевко, Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП. - М.: НИИ школьных

технологий, 2005. - 208с.

14. Банч Г. Поддержка учеников с нарушением интеллекта в условиях обычного класса. Пособие для учителей (пер. с англ.) / Под ред. Н.В. Борисовой. —М., РООИ «Перспектива», 2008.

15. Тим Лореман, Джоан Деспелер, Давид Харви. Инклюзивное образование. Практическое пособие по поддержке разнообразия в общеобразовательном классе(пер. с англ.) / Под ред. Н.В. Борисовой. —М., РООИ «Перспектива», 2008.

16. С.Я. Рубинштейн Экспериментальное исследование обманов слуха/ Патопсихология: Хрестоматия. Сост. Н.Л. Белопольская. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Когито-Центр, 2000. – 289 с.. <http://psylist.net/hrestomati/00040.htm>

17. Картавых М.А., Весновская М.В. Проблемное обучение при изучении опасных и чрезвычайных ситуаций в курсе основ безопасности жизнедеятельности основной школы // Современные научные исследования и инновации. 2016. № 11 [Электронный ресурс]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2016/11/74661> (дата обращения: 07.06.2018).

18. Tim Loreman, Joanne Deppeler, David Harvey “Inclusive Education. A practical guide to supporting diversity in the classroom” RoutledgeFalmer, London and New York, 2005

19. От действия к мысли: пособие для учителя / Под ред. А.Г. Асмолова. - 2е изд. - М.: Просвещение, 2010.

20. Семаго Н.Я. Инклюзивное образование. Выпуск 2. «Технология определения образовательного маршрута для ребенка с ограниченными возможностями здоровья». — М, «МИРОС», 2010.

21. Мониторинг достижений в обучении. Принципы и практический опыт. Казахстанская Ассоциация по Чтению.- Караганда. ИП Жолдак Е.В., 2013.- Серия «Школа профессионального развития».

22. Когнитивно-продуктивная педагогическая технология в специальной коррекционной школе. Из опыта методической работы школы/ Сост. О.В. Бурдинская., С.В. Трофимова. – Кокшетау: Филиал АО «НЦПК» «Институт повышения квалификации работников по Акмолинской области, 2014 г. – 185 с.

23. Развитие учебной мотивации в процессе коррекционно-развивающего обучения детей с интеллектуальными нарушениями. Методическое пособие / Сост. О.В. Бурдинская, С.В. Трофимова. – Филиал АО «НЦПК» «Институт повышения квалификации работников по Акмолинской области, 2013 г. – 210 с.

24. Гладкая В.В. Планирование коррекционной работы с учащимися с трудностями в обучении: метод. пособие для учителей-дефектологов - Минск: Зорны верасень, 2008. - 112 с., http://pedlib.ru/Books/5/0364/index.shtml?from_page=1

25. Как преодолеть трудности в обучении детей. Психодиагностические таблицы. Психодиагностические методики. Коррекционные упражнения. Ануфриев А.Ф., Костромина С.Н. — М.: Издательство "Ось-89", 1997. - 224 с.

26. Вестник социально-педагогического института № 4 (20), 2016 -66-67с.

27. Лореман Т., Деспелер Д., Харви Д. Инклюзивное образование. Практическое пособие по поддержке разнообразия в общеобразовательном

- классе / Пер.с англ. Н.В. Борисовой — М.: РООИ «Перспектива», 2008г.
28. Выготский Л.С. Собрание соч.: В 6 т. — Москва, 1982, Т. 4.).
29. Семаго Н.Я. Инклюзивное образование. Выпуск 2 /Технология определения образовательного маршрута для ребенка с ограниченными возможностями здоровья. — М, «МИРОС», 2010.
30. Примерные программы по учебным предметам. Начальная школа. В 2 ч. Ч.1. - 4-е изд., перераб. — Москва: Просвещение, 2010 г.
31. Бородкина Г.В., Куревина О.А., Лутцева Е.А. Дневник учителя начальной школы: пед. диагностика. - М.: Айрис-пресс, 2005 г.
32. Абакшина С.В. Урок в личностно-ориентированном обучении (из опыта работы начальной школы) // По материалам сайта <http://festival.1september.ru/> «Фестиваль педагогических идей «Открытый урок» // Раздел «Преподавание в начальной школе».
33. Методические рекомендации / [https://nao.kz/files/blogs/1508816396345//EMH 2017, ОГН 2017](https://nao.kz/files/blogs/1508816396345//EMH2017,OGH2017)
34. Nao.kz
35. Выготский Л.С. Собр. Соч. в 6 т. Москва, 1984г.
36. Деятельность руководителя образовательной организации при включении обучающихся с ограниченными возможностями здоровья и детей-инвалидов в образовательное пространство: методические материалы для руководителей образовательных организаций / С.В. Алехина; Е.Н. Кутепова; Т.Ю. Сунько, Е.В. Самсонова. Серия «Инклюзивное образование детей-инвалидов, детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательных организациях». - М., 2014.
37. К.Мереди, Д.Стилл, Ч.Тэмпл. Коллективное обучение/пособие 5, перевод С.Мирсеитовой, 1998г., с.32
38. Философия и методы RWCT в действии. Под редакцией С. Мирсеитовой/ Казахстанская Ассоциация по Чтению. Серия «Школа профессионального развития» – Алматы: ИздатМаркет, 2004. - 264с.
39. Электронный словарь https://methodological_terms.academic.ru.
40. Заключение / Эми Фаркас Детский фонд ООН(ЮНИСЕФ) 2014 г. Концептуализация инклюзивного образования и его контекстуализация в рамках Миссии ЮНИСЕФ .

Қосымшасы

Жеке түзету бағдарламасы
Бауетдинова Шынар Кабылкаировна

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаты

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

ЖЕКЕ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Төлқұжаттық бөлім

1.1.

Бала және оның отбасы туралы мәліметтер

Баланың ата тегі: М.

Аты: **А.**

Мектепке келген күні: **20.10.2016.**

Туған күні, айы, жылы: **08.08.2008.**

Мекен-жайы: Орал қаласы, 6 шағын ауданы 18 үй

Жасы: **16.05.1986ж.**

Білімі: орта

Жұмыс орны: жұмысыз Әкесі: **Р.Ж.**

Жасы: **21.09.1987 ж**

Білімі: орта

Жұмыс орны: жұмысыз

Басқа балалары: Рамиз - інісі

Бала тәрбиесіне қатысатын басқа адамдар:

Басқа білім беру мекемелеріне баруы: арнайы мектеп-интернаты

Ана тілі: қазақ тілі

Тұрмыстағы қолданыс тілі: **қазақ тілі**

Оқу тілі: қазақ тілі

Оқыту түрі: ЗБББА 2-сынып

Мүгедектігі (себебі, уақыты):

ПМПК диагнозы: Д/з: Vis 0,01/0,01 Атрофия зрительного нерва частичная обоих глаз. Легкая умственная отсталость с поведенческими нарушениями. Органическое поражение ЦНС. ДЦП. Правосторонний гемопарез. Симптоматическая эпилепсия. Общее недоразвитая речи III уровня. Нарушение учебной деятельности, обусловленное сложным генезом.

Ата-анасының талабы: Балаға сапалы түзету көмегін көрсету Оқыту түрі: **жеке**

ПМПК мамандарының ұсынысы: Подлежит обучению по программе 2 кл. Наблюдение и лечение у врача-невролога. Повторное обследование в 05. 2018г.

1.2.

Баланың мектепте болу есебі

Кезең нөмірі	Жоспар бойынша болу уақыты	Жекеше дамыту бағдарламасындағы өзгерістер	Себептері Маманның қолы
I	04.09.2017ж. 04.09.2017ж. 04.09.2017ж. 04.09.2017ж. 04.09.2017ж. 04.09.2017ж.	Командалық баға өткізілді <i>I – кезең</i> дефектолог түзете - дамыту сабақтарын бастады. <i>I – кезең</i> Логопед түзете – дамыту сабақтарын бастады. <i>I – кезең</i> Психолог түзете – дамыту сабақтарын бастады <i>I – кезең</i> Әлеуметтік педагог түзете – дамыту сабақтарын бастады. <i>I – кезең</i> Пән мұғалімі түзете – дамыту сабақтарын бастады.	
II	10.01.2018ж. 10.01.2018ж. 10.01.2018ж. 10.01.2018ж. 10.01.2018ж. 10.01.2018ж.	Командалық баға өткізілді <i>II – кезең</i> дефектолог түзете - дамыту сабақтарын бастады. <i>II – кезең</i> Логопед түзете – дамыту сабақтарын бастады. <i>II – кезең</i> Психолог түзете – дамыту сабақтарын бастады <i>II – кезең</i> Әлеуметтік педагог түзете – дамыту сабақтарын бастады. <i>II – кезең</i> Қазақ тілі пән мұғалімі түзете – дамыту сабақтарын бастады.	

Оқу-түзету ісі жөніндегі орынбасары: _____

I. Бала туралы ақпаратты жинау

2.1 Бала дамуының қысқаша тарихы

1. Моторлық дамуы

Мойын ұстау: бай отыру: 9 ай еңбектеу: 1 жас жүру 2 жас

2. Сөйлеу тілінің дамуы

Былдыр: 5 айында

Ересек адамның сөзін түсіну: 1 жас 3 айында

Сөздерді айту: 2,6 ай

Алғашқы сөздер тіркестері: 4ж

3. Психикалық дамуы:

Жандану кешені: орта деңгейде

Ұқыптылық пен өзіне өзі қызмет көрсетуі: 4 -5 ж аралығында

Затпен алғашқы іс-әрекеттері: 4 жас 10 айында Процессуальды ойын: 4 ж

Сюжетті ойын: 6,5 ай

4. Отбасы анамнезі: Баламның сөйлеу қабілеті және есте, ойлау қабілеті нашар.

Дыбыстарды айтқан кезде дыбыстарды дұрыс айта алмайды, дауыссыз «Р» үнді дыбысын дыбыстамайды.

Жеке түзете-дамыту бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мамандар тобы:

	Аты-жөні	Қолы
Қазақ тілі пән мұғалімі	Б.Ш.Қ.	
Психолог	В. С.Б.	
Олигофренопедагог	А.А.К.	
Логопед	Е.Э.А	
Әлеуметтік педагог	И.А.М.	

2.2. Психофизикалық дамуын топтық бағалаудың хаттамасы
(баланың еркін іс-әрекеті мен берілген тапсырмаларға реакциясын сипаттау)

№	Топ құрамы	Өткізу уақыты	Келісемін	Қолы			
1.	А.А.К.	25.12.17ж	иә				
2.	В. С.Б.	25.12.17ж	иә				
3.	Б.Ш.Қ.	25.12.17ж	иә				
4.	Е.Э.А	25.12.17ж	иә				
5.	И.А.М.	25.12.17ж	иә				
Ата-анасы:							
1.	К.З.		иә				
2.	Р.Ж.		иә				
<p>Тапсырма <u>ДЕФЕКТОЛОГ</u> <i>Кіріспе әңгіме</i> 1.Сенің аты жөнің кім? 2.Сенің жасың нешеде? 3.Атаң мен әжеңнің аты кім? 4. Өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атай білу, оң-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру); 5. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (түрлі саусақ жаттығулары, бояу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу); 6. Фонематикалық есту қабілетін дамыту-дыбысқа назар аудару (тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыбдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс); жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит); әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу); 7. Кеңістікті және уақытты бағдарлауын дамыту (Алыс. Жақын. Алдында. Артында. Тәулік мөлшері (таңертең, түс, түн); 8. Оқу тәртібіне дағдылану. Сыныптағы тәртіпті, талапты түсіну; сынып ішін танып</p>		<p>Тапсырманың мақсаты оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеп білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.</p>		<p>Баланың тарсырманы орындауы Қоршаған ортадағы жалпы бағыты және тұрмыстық білімі орта деңгейде 5. Түрлі бағытта сызықтарды дұрыс жүргізе алмады. 7.Алыс, жақын, алдында, артында кеңістікті бағдарлай алады. 8. Мектеп, сынып ішін (парта, тақта, сынып, кітапхана, асхана) танып біледі.</p>		<p>Баланың тіл дамуы 1 А. 2.- 3.-М.,----- 4.----- 5.Тілдік емес дыбыстарды шатастырады. 6.Қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата алады. 6.Сурет арқылы кеңістікті бағдарлаған кезде сөздік қоры аз. Тек сұрақтар арқылы жауап береді.</p>	

<p>білу (парта, тақта); мектеп ішін танып білу (сынып, кітапхана, асхана); оқу құралдарын білу.</p> <p>1. Математикалық диктант а) сандарды цифрмен жаз: бір, үш, бес, жеті; ә) 2,4,6 санының көршілес сандарын жаз;</p> <p>2. Амалдарды орында орында $1 + 1$ $3 - 1$ $2 + 1$ $3 + 2$ $7 - 1$ $6 - 3$</p> <p>3. Салыстыр $3 * 2$ $5 * 6$</p> <p>4. Есепті шығар Мектеп асханасына 5 алманы ал, 5 апельсинді артық әкелді. Мектеп асханасына барлығы неше жеміс әкелінді?</p> <p>Оқу қарқынын тексеруге арналған мәтін аяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әр-түрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұнайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің</p>	<p>2.2.1 сан есімдерді (реттік және есептік) 1-ден, сондай-ақ кез келген саннан бастап, 10 саны көлемінде тура және кері тәртіпте атау</p> <p><i>Математикалық амалдарды орындау</i></p> <p>Мәтінді мәнерлеп түсініп оқу керек. Мәтіннен түсінгенін жүйелі әңгімелей білу керек</p>	<p><i>Амалдарды орындауға қиналады</i></p> <p><i>Салыстыру қиналады</i></p> <p><i>Есепті мұғалімнің көмегімен шығарады</i></p> <p>А. мәтінді оқи алмайды. Мәтіннен түсінгенін толық айталмады. бағдарлама талабынан төмен, мазмұнын толық түсінбейді.</p>	<p>1. 1,3,4,5,6,7,9 2,3,4,5,6</p> <p>2. $1 + 1 = 2$ $3 - 1 = 2$ $2 + 1 = 1$ $3 + 2 = 4$ $7 - 1 = 5$ $6 - 3 = 3$</p> <p>3.-----</p> <p>4.-----</p>
---	---	---	---

достарым көбейді, алақай» - деп қуанады. Содан бері әр- түрлі гүлдер жерге шыға бастапты.

ЛОГОПЕД

1. Артикуляциялық жаттығулар Ерінді «Түтікше» сияқты алға қарай дөңгелетіп ұстау.

«Жымию»-«Түтікше».

Тілді шығарып күрек тәрізді ұстау, жіңішке тіл, тілді оңға-солға қозғалту, жоғарғы ерінді жалау, төменгі ерінді жалау, таңдай қағу, тілді мұрнына жеткіз.

«Шыңаяқ», «Саңырауқұлақ», «Гармошка», «Әткеншек»

2. ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІН ТЕКСЕРУ.

А) «А» дыбысын естігенде қолыңды көтер.

Қайтала: та-да-та; ас-аш-ас; аң-оң-аң; қас-қаз, сана-шаша; қара-қала; баға-бақа.

Б) дыбыстық талдау дағдылары. Сөзден бірінші дыбысты табу: алма, қала, шапан, өрік. Сөзден соңғы дыбысты табу: мысық, әтеш, қол, жалау. Екпін қай буынға түскенін көрсет. Буын саны нешеу екенін анықта.

В) Ортақ дыбысы бар суреттерді топтау: сабын, шана, сағат, шаңғы, мысық, шам.

Дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;

Буында айтқызу (ашық, бітеу, тұйық буын)

Нұсқауды түсініп, артикуляциялық аппаратының қимыл-қозғалысын анықтау.

Қозғалыс амплитудасы.

Бір қалыптан екінші қалыпқа ауыстыруы қалыпты ұстауы, тілдің гиперкинездері.

Дірілдеуін, тістемділігін.

Бет бұлшық етінің және артикуляциялық аппараттың жағдайы зерттеу

Фонематикалық есту қабілеті мен қабылдауын тексеру.

Сөздерді дыбыстық құрылымға бөліп, дыбыстық талдау дағдыларын тексеру.

Нұсқауды түсініп, еліктеп орындады. Еріннің мен тілдің қозғалысы элементарлық жаттығуларды ғана орындайды. Қимыл-қозғалысы толық емес.

«Шыңаяқ», «Саңырауқұлақ», «Гармошка», «Әткеншек» жаттығуларын орындауға қиналады.

Фонематикалық есту қабілеті орташа дамыған

Есту жағдайы: қалыпты; естуі- дауысқа, дыбысқа, әуенге құлақ түреді

<p>Сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек). Сөйлемде айту. Г) Жұп суреттерді қарап, өзбетімен оларды көрсетіп ата. Кестеден сөздің мағынасын өзгертіп тұрған дыбысты белгіле.</p> <p>Қаз-қас, қара-қала, баға-бақа Е) «шие» сөзіне дыбыстық талдау жаса.</p> <p>Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгіле, дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгіле.</p> <p>Д) Үндері ұқсас дыбыстарды машықтандыру</p> <p>Дыбыстарды айтуы мен ажыратуы</p> <p>С: сағат, мысық, қас СЪ: сәбіз, кесе, тіс</p> <p>З: қозы, қобыз ЗЪ: зергер, терезе</p> <p>Ц: цирк, мотоцикл</p> <p>Ш: шана, қайшы, тоқаш ШЪ: шиеш, күшік, әтеш Ж: жұмыртқа, қонжық Щ: щетка, плащ</p> <p>Ч: чемодан, печенье Л: лақ, қалам, қол ЛЪ: ілгіш, кілем, гүл</p> <p>Р: ракета, қарға, бор РЪ: терек, күрек, жер Й: май, шай, көйлек</p> <p>Қ: қант, бақа, мылтық</p> <p>Сурет арқылы жұмыстану</p> <p>-Суретте не бейнеленген? -Суретте кімдер бар? -Суретте қай мезгіл? -Суретке қарап сөйлем құр.</p>	<p>Дыбыстарды айтуы мен ажыратуын анықтау</p> <p>Сурет бойынша сөйлем құру дағдысында сөйлеу тілін тексеру</p>	<p>Сөз буындарын айтқанда еріксіз мүдіреді. Сөйлеу тілінде сіңір тартысы байқалады.</p> <p>Педагогтің жетелеуші сұрақтары арқылы суретке қарап, сұраққа жауап береді.</p>	
<p><u>ПСИХОЛОГ</u> «Қатарға сәйкес емес» «Сөздерді қабылдауы»</p>	<p>Қабылдауын зерттеу Қабылдауын зерттеу (есту арқылы қабылдауын тексеру)</p>	<p>Қабылдауы нашар Төмен деңгейде</p>	

<p>Мағыналы есте қалдыру К Бюллер әдістемесі</p> <p>Ойлау қабілетін бағалау. «Артық сөзді тап»</p> <p>Зейін динамикасын және концентрациясын зерттеу</p> <p><u>ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ</u> Қазір қай мезгіл? Күзде ауа райы қандай болады?</p> <p>Күздің бейнесі қандай? Күзге байланысты қандай жұмыстар жасаймыз? Киім тігуге арналған құралдарды ата?</p> <p>Жыл мезгілдерін ата. Әр жыл мезгіліне сай қалай киінеміз? Сурет бойынша әңгіме құрастыр.</p> <p>Пән мұғалімі: Қазақ тілде дыбыстарды дұрыс айт.</p> <p>қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды буында, сөзде ажырат.</p>	<p>Ауызша материалды есте сақтау мен елестетуге мағыналық байланыстық әсерін табу</p> <p>Баланың ойлау қабілетін тексеру</p> <p>Бурдон корректорлық пробасында зейіннің саңдық сипатын өлшеу және қысқа уақыттық қызмет процесіндегі динамикалық сипаттың анықтау.</p> <p>Жыл мезгілдерін ажыратуға, жыл мезгіліне сай киінуге, дұрыс ойлауға үйрету.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды дұрыс айту, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну Нұсқау бойынша ұқсас дыбыстарды буындап орындауды тексеру</p>	<p>12 жұп сөзден бала, 2 жұпты дұрыс атады Төмен деңгейде</p> <p>Ойлау қабілеті төмен</p> <p>Зейіні тұрақсыз</p> <p>Сұраққа жауапты бір ғана сөзбен, сөз тіркесімен қайырады.</p> <p>Жыл мезгілдерін атады. Жыл мезгіліне сай киімдерді біледі. Сурет бойынша қанағаттанарлық жұмыс жасайды.</p> <p>Қазақ тілде дыбыстарды дұрыс айта алмайды.</p> <p>Педагогпен бірге ұқсас дыбыстарды буындап орындады.</p>	<p>Сөздік қоры жас ерекшілігіне сай емес</p> <p>Күз, ауа райы салқын болады, сары.</p> <p>Ине, жіп, қайшы, ілгек т.б.</p> <p>Жаз, күз, қыс, көктем. Қалың, жұқа киінеді.</p> <p>Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө,</p>
--	---	---	--

2.3. Түзете-дамыта оқытудың басталу кезеңіндегі баланың психофизикалық даму жағдайы:

2.3.1. Дамудың әлеуметтік жағдайы (отбасының ішкі қарым-қатынасы, отбасы сыртындағы қарым-қатынас)

А. толық отбасында тәрбиеленеді. Әкесі – Р.Ж.М.
21.09.1987 ж. Анасы – Р.З.С. Жасы: 16.05.1986ж. Ажырасқан. Жеке үйлері бар. Отбасының тұрмыстық жағдайы орташа. Баланың жеке бөлмесі бар. Отбасының ішкі қарым-қатынасы жақсы. Сыртқы ортамен де қатынастары жақсы.

2.4.2. Психологиялық келелі мәселелер

А. вербальды қарым-қатынасқа бірдең түспейді. Есі: эмоционалдық, қозғалыстық; өнімділік сипаттамасы: мағыналы есте сақтау деңгейі өте төмен, есте сақтау ұзақтығы нашар. Ойлау – ойлау операцияларының ерекшелігі - көрнекі-әрекеттік, жетекші түрі – көрнекі-бейнелік, ерекшелігі – аналитикалық, дербестік. Баланың ерік жігері төмен деңгейде, эмоциялары: мазасыз, қиялы - ырықсыз. Мінезі тұйық, алаңғасар, өзіне тірек болғанды ұнатады, қорқыныш мазасыздану деңгейі бір қалыпта. Қабылдау деңгейі төмен.

2.4.3. Сөйлеу тілінің дамуы:

(артикуляция аппаратының жағдайы, дыбыс шығару, фонетикалық есту қабілеті, импрессивті сөйлеу тілі, байланысты, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі)

Артикуляция аппаратының жағдайы: еріні, тісі, қатты таңдайы, тіл асты желбезегі мөлшерде. Тілдің қимыл-қозғалысы толық емес. «Құймақ», «Ат шауып келеді», «Футбол»,

«Тәтті тосап», «Тіс тазалау» деген жаттығуларды орындайды, дегенімен Шыңаяқ»,

«Саңырауқұлақ», «Гармошка», «Өткеншек сияқты жаттығуларды орындай алмайды.

Буын құрылысы: Сөз буындарын айтқанда еріксіз мүдіреді. Сөйлеу тілінде сіңір тартысы байқалады

Сөйлеу тілінің байланысы: импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілінің байланысы төмен деңгейде қалыптасқан. Хабарлы сөйлемдерде тек сөз тіркесін ғана құрайды. Күрделі сөйлемдерді құрай алмайды. Сурет бойынша өзбетімен әңгіме құрастыра алмайды. Педагогтың жетелеуші сұрақтары арқылы суретке карап, сұраққа жауап береді. Сөйлеу тілінде сіңірдің тартысы байқалады. Тыңдаған әңгімеден түсінгенін айтуға тырысады. Жекеше, көпше түрді ауызекі сөйлеу тілінде қолданады.

Сөздік қоры жас ерекшелігіне сай емес. Күрделі сөздер сөздік қорында жоқ. Баланы сабаққа топпен және жеке алғанда да сұраққа жауап қайтаруға, процессуалды ойындарға белсенді қатыса алады.

2.4.4. Білім мен іс-әрекетті орындау тәсілдерінің қоры (түсінік пен білім беру қоры, ойын, қызмет, конструктивті қызметі)

3.1 Түзете-дамыту бағдарламасы

Бағдарламаның құрылу уақыты: 7.09.2017 Баланың аты-жөні: М.А. жасы: 8 жаста
Мамандар (саласы) қазақ тілі

I кезең

Оқу кезеңі	Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері	Мақсатқа жетуі
Дыбыс және әріп			
7.09.17- 21.09.17ж.	Қазақ тілде дыбыстарды айту дұрыс	- қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды дұрыс айту, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну; - қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды буында, сөзде ажырату.	қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды дұрыс айта алады. ұқсас дыбыстарды буындайды, сөзде ажырата алмайды.
25.09.2017ж. 29.09.2017ж.	Дыбыс және әріп арасындағы байланысты бекіту	- дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың әріптік таңбаларды қалыптастыру; -өз бетінше акустикалық жағынан ұқсас әріптерді ажыратуға (жазба әріптер) машықтандыру; -оптикалық жағынан ұқсас әріптерді ажыратып (жазба әріптер), оны дамыту; - кинетикалық жағынан ұқсас әріптерді ажыратып, (жазба	Дауысты дыбыстарды ажырата алады, дауыссыз дыбыстарды шатастырады.
2.10.2017ж. 13.10.2017ж.	Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке бөлінуін түсіну	-жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс айту, ажырату, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну; -сөздегі жуан, жіңішке дауыстыларды табу.	жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды шатастырады.

16.10.2017ж. 31.10.2017ж.	Дауыстылардың буын құру функциясын түсіну	-буын ұғымымен танысу, түсіну; -буын құру тәжірибе жүзінде меңгеру; - әртүрлі буындарды талдау; - буын саны әртүрлі сөздерді буынға бөлу. Талдау үлгісін сызу; - тасымал жасауды тәжірибе жүзінде көрсетіп түсіндіру; - сөздердің дыбыстық, буындық құрамын талдау	Сөздерді буынға тек мұғалімнің көмегіне жүгінеді.
7.11.2017ж. 17.11.2017ж.	Қазақ тіліндегі әріптердің ретін білу (әліпби)	-әріптерді тану, әліпбиден әріптерді табу; - әліпбиде әріптердің орналасу ретін білу.	Әріптерді таныды. әріптердің орналасу ретін шатастырады.
4.12.2017ж. 28.12.2017ж.	Дауыссыз дыбыстардың бөлінуі	-дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту, ажырату; қатаң және ұяң дауыссыздар. Олардың айырмашылығы.	дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алады.

3.2. Түзету сабақтары кезеңі аяқталған кездегі баланың психофизикалық даму жағдайы (I кезең)

I кезең А. оқу бағдарламасын меңгерді. Тіл кемістігі бар, белсенді сөздік қоры өте аз шектеулі. Дыбыс туралы түсінігі қалыптаспаған, дауысты, дауыссыз дыбыстарды шатастырады, сөздерді буынға бөледі. Әріптерді танып, ежіктеп оқи алады. Өтілген тақырыптарды меңгерді, бірақта есте сақтау қабілеті нашар болғандықтан грамматикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды. Каллиграфиясы нашар, дәптері лас, ұсақ қол моторикасы нашар дамыған.

3.1 Түзете-дамыту бағдарламасы Бағдарламаның құрылу

уақыты: 10.01.2018

Баланың аты-жөні: М.А. жасы: 8 жаста Мамандар

(саласы) қазақ тілі

Оқу кезеңі	Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері	Мақсатқа жетуі
Сөз			
10.01.2018ж. 12.01.2018ж.	Заттың атын білетін сөздерді түсіну	-Кім? Не? деген сұраққа дұрыс жауап беру; -жанды, жансыз заттарға сұрақ қою; -Зат есімдерді жазу.	Заттың атын білетін сөздерден ажырата алады, сөйлем ішінен шатастырады.
15.01.2018ж. 19.01.2018ж.	Заттың қимылын білдіретін сөздерді меңгерту.	-заттың қимылын білдіретін сөздерді түсіну, қолдану; - не істейді? Не істеді? деген сұраққа жауап беру; есімдіктің жағына, шағына қатысты сөздердің мағынасын түсіну.	Заттың қимылын білдіретін сөздерді түсінді. Мұғалімнің көмегі арқылы сұрақтарға жауап береді.
22.01.2018ж. 26.01.2018ж.	Заттың санын білдіретін сөздерді қалыптастыру.	- Қанша? Неше? Нешінші? деген сұраққа жауап беру; Қанша? Нешеу? деген сұраққа жауап беретін сөздер ойлау.	Сөйлем ішінен санын білдеретін сөздерді таба алады. Өздігінен сұрақ қоюға қиналады.
29.01.2018ж. 2.02.2018ж.	Заттың сынын білдіретін сөздерді меңгерту.	-заттың сынын білдіретін сөздердің	заттың сынын білдіретін сөздердің

		<p>мағынасын түсіну;</p> <p>- қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беру;</p> <p>түр-түсті, көлемді білдіретін сөздерді белсенді қолдану.</p>	<p>мағынасын түсінді, мәтіннен өздігінен сұрақ қоюға, жауап беруге қиналып қалады.</p>
<p>5.02.2018ж. 9.02.2018ж.</p>	<p>Түбірлес, мағынасы жақын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді түсіндіру.</p>	<p>-Практикалық түрде түбірлес сөздермен танысу, мағынасын түсіну (оқу-білім алушы-оқытушы);</p> <p>- қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағынасын түсіну, қолдану.</p>	<p>Түбірлес сөздердің мағынасын түсінді.</p>
Сөйлем			
<p>12.02.2018ж. 16.02.2018ж.</p>	<p>Сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру.</p>	<p>-көптік жалғаулардың мағынасын түсіну;</p> <p>- үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгерту;</p> <p>- сұраққа жауап беру, жазу;</p> <p>- септік жалғаулардың мағынасын түсіну, тәжірибелік түрде меңгеру.</p>	<p>Суреттер арқылы көптік жалғаулардың мағынасын түсінді.</p> <p>үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгертуге қиналады.</p>
<p>19.02.2018ж. 23.02.2018ж.</p>	<p>Сөз жасам дағдыларын дамыту.</p>	<p>-үлгі бойынша кішірейтіп айтылатын жалғауларды қолданып сөз жасам дағдыларын меңгеру, түсіну (кітап-кітапша)</p>	<p>Суреттер бойынша кішірейтіп айтылатын жалғауларды қолданып сөз жасам дағдыларын меңгеріп, түсінді.</p> <p>Мысалы: кітап –</p>

			кітапша т.б.
26.02.2018ж. 2.03.2018ж.	Сөйлем түрлерімен таныстыру (хабарлы, сұраулы, лепті)	-сөйлем құрылымымен танысу, меңгеру; - жай сөйлемдерді құрастыру, мағынасын түсіну, жазу; - сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтап білу; - жайылма сөйлемдерді құрастыру, мағынасын түсіну, жазу.	Сөйлем құрылымымен танысып, меңгерді. Жай сөйлемдерді құрастырады, мағынасын түсінеді, жазу барысында қиналады.
5.03.2018ж. 9.03.2018ж.	Сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру, сөйлем құрамын талдау	-іс-әрекет, сурет сұрақ бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастыру; - сөйлемдерді талдау, сызбасын сызу, талдау негізінде жазу	Сурет сұрақтар бойынша жай сөйлемдерді құрастыра алады, бірақта жайылма сөйлемдерді құрастыруда қиындық туғызады.
Байланыстырып сөйлеу			
12.03.2018ж. 16.03.2018ж.	Диалогтік сөйлеуін дамыту	-сұрақты аяғына дейін тыңдау. Сұрақты түсіну; - сұраққа толық жауап беру; - қарапайым сұрақ қоя білу (ойнайсың ба? барасың ба?).	Сұрақты аяғына дейін тыңдайды, бірақ та жауап берген кезде бір сөзбен жауап береді.
3.04.2018ж. 6.04.2018ж.	Мәтінмен жұмыс (сұраққа жауап беру, қысқаша мазмұнын айту)	- екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу (сурет мазмұны бойынша); -екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу	Сурет бойынша екі-үш сөзден құралған шағын сөйлем құрай алады. Мәтінге байланысты ат қоюға қиналады.

		<p>(белгілі тақырып бойынша);</p> <p>-екі-үш суреттен құралған серияға ат қою. шағын (2-3 сөйлемдік) мәтін құрастыру;</p> <p>-мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (ертегі, жұмбақ, өлең), мазмұнын түсіну;</p> <p>- мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін айту;</p> <p>- мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша қарапайым сипаттама әңгіме құрастыру (Алма қызыл, домалақ, дәмді, тәтті. Бақта өседі.)</p>	<p>Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата алады.</p> <p>Мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін сұрақтар арқылы жауап берді.</p>
9.04.2018ж. 13.04.2018ж.	Өртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну	<p>-жазу техникасын жетілдіру;</p> <p>-бас және кіші әріптерді жазу;</p> <p>- сөйлемдерді буынға бөліп жазу;</p> <p>- сөйлемдерді талдау. Талдау үлгісін сызу, жазу;</p> <p>- бөлек-бөлек берілген үш-төрт сөзден сөйлем құрап, жаздыру.</p>	<p>Бас және кіші әріптерді жазғанда ұқыпты жазбайды.</p> <p>Үлгі бойынша сөздерді буынға бөліп жазады.</p>
16.04.2018ж. 20.04.2018ж.	Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру	<p>- сыпайы түрде сәлемдесу, қоштасу;</p> <p>сұрақты, нұсқауды тыңдай білу.</p>	<p>Сәлемдесу, қоштасу сыпайы түрлерін біледі.</p> <p>Сұрақтарды аяғына дейін тыңдамай,</p>

			асығыс жауап береді.
Тілдік нормалардың қолданылуы			
23.04.2018ж. 27.04.2018ж.	Орфографиялық нормаларды сақтау	<p>- мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән әріптері кездесетін сөздерді дұрыс жазу;</p> <p>- кісі, жер, су аттарын жазылу ережелерін сақтап жазу;</p> <p>- тасымалдау емлесін сақтап жазу.</p>	<p>Кітаптан жаттығуды көшіріп жазғанда ұқыпты жазады, ал, айтылу кезінде қалай естісе, солай жазады.</p> <p>Кісі, жер, су аттарын жазған кезде мұғалімнің көмегіне жүгінеді.</p>
2.05.2018ж. 8.05.2018ж.	Орфоэпиялық нормаларды сақтау	<p>- жуан, жіңішке дауыстыларды нормаға сай айту, ажырату;</p> <p>- мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту</p>	<p>Сөздегі жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды шатастырады.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айта алады. Жазған кезде ү-ұ; о-ө; к-қ; н-ң; г-ғ; т.б. әріптерді шатастырады.</p>
10.05.2018ж. 16.05.2018ж.	Пунктуациялық нормаларды сақтау	<p>- сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату;</p> <p>- тыныс белгілерін қоя білу (мұғалімнің көмегімен), қолдану.</p>	<p>Сөйлем түрлерін айтылуына қарай қателеседі.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен тыныс белгілерін қолданады.</p>
17.05.2018ж. 22.05.2018ж.	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	<p>- бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазу;</p> <p>- бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазу</p>	<p>Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жаза алмайды.</p> <p>Қолының икемділігі келмейді.</p>

3.2. Түзету сабақтары кезеңі аяқталған кездегі баланың психофизикалық даму жағдайы (II кезең)

II кезеңде А. оқу бағдарламасын меңгергенімен, есте сақтау ерекшеліктерін ескере отырып, айтылған материалдарды көп қайталауды қажет етеді. Сабаққа заттық суреттер, кітап бетіндегі жаңа суреттер, сюжетті суреттер, сериялы суреттер, картиналық лотолар, картиналық сөздіктер және мультфильмдер арқылы өткізсе қызығушылығымен қатысады. Сөздік қоры өте аз. Заттың атын білетін сөздерден ажырата алады, сөйлем ішінен шатастырады. Өтілген тақырыптарды меңгерді, тапсырмаларды орындаған кезде мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Ұсақ моторикаға арналған жаттығулармен көп жұмыстану қажет етеді.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы:

«Зағип және нашар көретін оқушыларды бастауыш сыныпта оқытудың тиімді жолдары»

Тараз 2016

1. Аты – жөні, әкесінің аты: *Қонысбекова Камила Орданқызы*
2. Туған жылы, күні, айы: *21 қазан; 1974 жыл.*
3. Білімі: *жоғары*
4. Қашан қандай оқу орнын бітірді:
1. Түркістан индустриальды- педагогикалық техникумы
2. Халықаралық Қазақ-Араб Университеті
3. Тараз Мемлекеттік педагогикалық институты
5. Диплом бойынша мамандығы: *бастауыш сыныптар мұғалімі.*
Дефектолог.
6. Мамандығы: *бастауыш сыныптар мұғалімі*
7. Жалпы педагогтік еңбек өткелі: *24 жыл 7 ай*
8. Санаты: *жоғары санат*
9. Жұмыс орны: *«Соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектеп-интернаты»*
10. Ұялы телефон: *////////////////////*

Мазмұны

I.	Кіріспе -----	4
II.	Негізгі бөлім -----	6-19
II.1.	Алақанмен аялаған әлемді -----	5
II.2.	Баланың психикалық даму мүмкіндігін анықтау -----	6-8
II.3.	Зағип балаға арналған сезім түйсігі мен ұсақ моторикасын дамыту	9 -11
II.4.	Көру қабілеті нашар балаларға арналған түзету жаттығулары-----	12
II.5.	Сауат ашуға дайындық кезеңі-----	13
II.6.	Үлестірмелі әліпби қалпы -----	14-15
II.7.	Әліппені оқыту кезеңдері-----	16-22
III.	Қажеттіліктен туған тақта-----	23-27
III.1.	Жазуы мен оқылуындағы «айналы» яғни, ұқсас әріптерді ажырата білу-	28-33
III.2.	Сабақ жоспарларының үлгілері-----	33-48
III.3.	Іс-тәжірибе -----	49-52
IV.	Қорытынды-----	53-54
V.	Пайдаланған әдебиеттер-----	55

I.Кіріспе

*«Аномальды баланың дамуы сау
баланың даму заңдылықтарымен бірдей.
Арнайы ойластырып жасалған
жағдайда балалардың бәрі даму
қабілетіне ие»
Л.*

С.Выготский

Көз- көңіл айнасы. Адам көз арқылы өзін, қоршаған дүниені таниды, табиғаттың небір таңғажайып сұлу көріністерінен ләззат алады, көз арқылы оқып, білім алады, ғылымның қайнар тереңінен сусындайды. Демек, адам ақпараттың 90% тек көз арқылы алады деген сөз. Сондай –ақ әр адамның іс-әрекеті мен жұмыс істеуі де көздің көруіне байланысты. «Екі көзің шырағың, екі аяғың пырағың.» (халық даналығы) деп халқымыз бекер айтпаған. Көру қызметі адамға айналадағы қоршаған дүниені бағдарлауға, қозғалыс аймағын кеңейту мен әлеуметтік тәжірибесін байыту сияқты құндылықтарды жүзеге асыру үшін аса қажет.

Көңілі таза, қамкөңіл көз жанарының көруінде ақауы бар, зағип және нашар көретін баланың өзіндік «Мен» -ін анықтауға көмектесіп, сенімсіздік комплекстерін жоюға, өмірге деген құлшынысын арттыру, қоғамдағы өз орнын табуға бастауыш сыныптардан бастап қалыптастыру және түзету жұмыстары арқылы қалыпты жағдайдағы балалардың дамуына анағұрлым жақындату.

Бұл нұсқаулықта зағип және көздері нашар көретін оқушыларды Л.Брайль жүйесінде сауаттандырудың тиімді жолдары қарастырылады. Зағип оқушыға қажеттіліктен туындаған Л.Брайль бедерлі тақтасында, сауатты жазудың және оқудың әдіс- тәсілдері айтылады.

Көру мүмкіндігі шектелген жандарға осындай өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін терең біліп қызмет ету, тифлопедагогика ғылымын меңгеру, осы салада қызмет атқаратын ұстаздардың басты мақсаты болып табылады.

Нашар көретіндермен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының әдісі қалыпты жағдайдағы балаларға жүргізілетін әдіспен ерекшеленбейді.

II. Негізгі бөлім

1. Алақанмен аялаған әлемді

а). Л. Брайль жүйесі дегеніміз, қандай жүйе?

б). Зағип және көруінде ақауы бар баланың Л. Брайль бедерлі алты нүктесімен сауатын қалай ашамыз? Осы сұрақтарды негізге ала отырып, жауабын зағип және көруінде ақауы бар баланы оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық тәжірибемді ортаға саламын.

Луи Брайльдың есімін бүкіл әлем зағиптары ең қымбатындай және жақынындай құрметтейді. «Брайль» бұл әмбебап, ең қарапайым және ең қолайлы, зағиптар үшін ең озық бедерлі – нүктелі жазу жүйесі. Бұл көзі көрмейтіндер үшін адамзаттың рухани мәдениетінің барлық құндылықтарын меңгеруге мүмкіндік беретін кітаптар, ноталар, математикалық және басқа белгілер. Зағиптар үшін өте қолайлы жазу жүйесі 1847 жылы ресми мойындалды. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде зағиптарға арналған әдебиеттер мен мерзімді басылымдар ықшам жазумен басылуда. 1978 жылы орыстың бірінғай ықшам жазуы жасалды. Қазақ тілінің де Л.Брайль жүйесіндегі алты нүктесі басылып шықты. Қазақ тіліндегі бедерлі нүктелердің авторлары Қазақстан Соқырлар Қоғамының сол кездегі ОБ-ның төрағасы Өтегенов Сәкен Хайдарұлы және Сол кездегі Н. Островский атындағы мектеп-интернатының мұғалімі Қасымов Ақан Қасымұлы болды.

«Тифлопедагогика» - (typhlos –грек сөзінен – зағип, logos – оқыту немесе ғылым) негізі мәселеге талдау жасай отырып, көру мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық, педагогикалық, медициналық зерттеу жолдарын айқындап, көру қабілетінің бұзылу себептерін, психикалық және педагогикалық ауытқуларын анықтау, оларды толықтыру, кемістігі бар сезім мүшелерін түзету және қалпына келтіру жолдарын айқындап, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасауға көмектеседі. Зағип және көруінде ақауы бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы саласы. Тифлопедагогиканың басты бағыты көруінде ақауы бар оқушыларға сауат ашу мен оқуды жетілдіруге жүйелі көмек беру.

Мен қызмет істеп жүрген «Соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектеп – интернатының» негізі мақсаты: әлсіз көру жүйесін сақтау және оны ары қарай дамыту. Көру мүмкіндігі шектелген жандарға өмірлік, әлеуметтік жағдайға баулу олардың психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін терең біліп, қызмет ету.

Оқу үрдісіне қойылған қазіргі заман талаптары мұғалімдердің алдына баланың ғылым негізін игеру жетістігін ғана емес, мүмкіндігі шектеулі яғни, көруінде ақауы бар баланың жан-жақты дамып, алған білімін іс жүзінде қолдана білуге

үйретіп, қоғамға кіріктіру міндетін қойып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадамы» баршамызды ел игілігі жолында еңбекке шақырады, бүгінде еңбек шешуші ұлттық фактор екенін ұғындырып «Халықтық әлеуметтік әлсіз топтарына жататын азаматтарды әлеуметтендіру тетігін дамыту қажет.

Бұл бірінші кезекте, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар, көп балалы отбасылар мүшелері, зейнет жасындағы адамдар» делінген.

Осы Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуын жүзеге асыру біздің яғни, мүмкінділігі шектеулі балаға саналы, сапалы білім беріп, қоғамдағы өз орнын табуға мүмкіндік жасауды бізге міндеттейді.

II. 2. Баланың психикалық даму мүмкіндігін анықтау

«Көру адамдардың қызмет түрінің әр түрлі болуына байланысты басқа адамдармен қарым –қатынас орнатуында да маңызды рөл атқарады. Осыдан көруге болады, көзі нашар көретін бала жан-жақты ақпаратты ала алмағандықтан, баланың психикалық-психологиялық және физиологиялық дамуында кідіріс пайда болады.» (Б.К. Тупоногов)

Бүгінгі қоғамда алдында болашақ азаматтың жеке басын үйлесімді дамытуға бағытталған үлкен міндеттер қойылып отыр. Әр бір баланың жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ұстаздардың ең жауапты ісі. Зағип және көруінде ақауы бар балалардың көз диагнозымен қатар психикалық дамуы тежеуі бар балалар да аз емес. Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың ойлау қабілетінің жасына сай келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Біздің тәжірибемізде көбіне кездесетін бұл жағдайдың негізгі себебі-бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірдің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, нашар көру, көрмеудің салдарынан, құлақ аулары салдарынан болуы мүмкін.

Іс-тәжірибеден байқағандай зағип немесе көру қабілеті зақымданған кейбір балаларда болатын психикалық дамуы тежелген балалардың интеллектуалды деңгейі көбіне таным үрдісі: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келетінін байқаймыз. Оқыту үрдісінде түзету, түрлі жаттығулар, ойындар, түрлі әдіс- тісілдерді жүйелі ұйымдастыруда психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Бірақ уақыт, жүйелі түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Баланың бойындағы ерекшелігін төмендегідей зерттей отырып:

- әр баланың сырқатын ;
- көзінің көру өткірлігін ;
- психологиялық деңгейін ;
- өмір сүрген ортасын, отбасы жағдайын анықтай отырып, білім беру керек.

Көру мүмкіндігі шектелген балалар өте күрделі және әртекті топ құрайды, олар:

- көру қызметінің нашарлау деңгейіне қарай;
- көру қабілетінің бұзылуына қарай;
- көз ауруының үдеуіне қарай;
- жалпы денсаулығына байланысты көру мүмкіндігіне қарай ажыратылады.

Аталған айырмашылықтар бұл балалардың қызмет мүмкіндігінің әр түрлі екенін,

олардың еңбекке деген қабілетінің деңгейінің бірдей еместігін анықтап береді. Сондықтан, көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде әрбір балаға жеке тұлға ретінде даралап, оларды кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.

Көру қабілеті нашарлаған балалардың психо-физиологиялық даму үрдісі қалыпты балалардың даму заңдылығымен бірдей өтеді, психикалық дамуында өздеріне тән ерекшелік болады. Бұл ерекшелік бала дамуындағы ауытқушылық түрлерімен анықталады. Көру қабілеті бұзылған балалардың дамуы-ауруының сипатына, басталған уақытына және түзету жұмысының уақытылы басталуына тәуелді екенін естен шығармау керек.

Ғалымдардың көптеген зерттеулерінде, көруінде кемістігі бар жандар көбінесе заттардың басты белгісі: пішіні, көлемін, сипалап сезу арқылы қабылдай алатындықтарын анықтады. Осыдан бастап зағип жанда, заттардың сапасы мен қасиеті туралы түсінігі қалыптасады.

Зағип баланың көру анализаторы зақымданған болса да, басқа анализаторларын түзету жұмыстары, жаттығулар арқылы түзеу. Сипап сезу, қол моторикасын дамыту. Зағип немесе көруінде ақауы бар адамдар қоршаған ортадағы заттарды қолмен ұстап, саусақпен сипау, тері арқылы, иіс сезу, дыбыстарды есту арқылы қабылдайды.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек.» - деп Абайдың жүрек сөзі-мидың символы. Өйткені, психикалық органы-адамның миы. Мидың өнімі – ойлау, түйсік, қабылдау, ес, эмоция, қызығу, қабілет, ерік, жігер. Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын кәдімгідей материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сезіну мен түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Түйсіну, қабылдаудың басқа да танымдық құбылыстарымен, дәйек айтқанда, ойлау елестету, ұғым сияқты түйсіктермен байланысты екенін ашып айтады. Абай: «Ол хабардың ұнамдысы ұнамдық қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретімен көңілге түседі» - деп жазады. Ол түйсік пен қабылдау адамның жиған – терген тәжірибесіне байланысты, сөзді дұрыс қабылдап, меңгеріп алмай келер сөзді түсіну қиын деп дұрыс И.П. Павловша тұжырымдайды.

Б.К. Тупоноговтің, В.З. Денискинаның, В.П. Ермаковтың еңбектері мен әдістемелік нұсқаулықтарында айтылғандай, көз аурулары, яғни, бірінші ақаудың салдарынан психикалық, физикалық даму барысында екінші ауытқушылық пайда болады, яғни, қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерінің және эмоционалды күйлерінің төмендеуімен түсіндіреді. Көз ауруына байланысты болатын екінші ауытқушылық – оқушылардың жалпы білім беретін пәндерді меңгеруіне кері әсер етеді.

Коррекциялық-педагогикалық-психологиялық жұмыстары сезу мүмкіндіктерін дамыта отырып бейімдеу және түзете отырып, оқушы бойына толықтыру болып табылады. Коррекциялық бағыт сабақ барысын ұйымдастыруға жасалатын оқушы дамуындағы қиындықтарды жоятын арнаулы педагогикалық шаралар жүйесі, арнаулы әдістер, тәсілдер қолданылады.

Оқушыны жеке, дара зерттеу, бақылау арқылы әр оқушының ерекшелігіне қарай тиімді әртүрлі әдіс – тәсілдерді таңдау коррекциялық бағытта ұйымдастырудың

алғы шарты болып табылады. Әр баланы жеке зерттеу, басты көз өткірлігімен психикалық дамуы қандай екенін білгеннен кейін, осы ауытқушылықтарды толықтыру мақсатында түзете дамыту бағдарламалары құрылады. Көз көру қабілетін дамыту және қорғау мақсатында әр оқушының сақталған сезім қабілеттерін (есту, тері сезу) жетілдіру жаттығуларының сан алуан түрлерін ұштастыра жүргізудің мәні зор. Себебі, нашар көретін оқушыларда анализаторлардың нашар дамуы, олардың қабылдау, сезу мүмкіндігін шектейді.

Мидың сыңарлы қыртысының арнаулы аймақтарынан бірінғай жүйе құрылып, осы жерде сезім пайда болады да, тітіргендіргіштер ажыратылады.

Анализатордың кез келген үш бөлігінің біреуі зақымданса, белгілі бір тітіргендіргіш ажырату қабілеті айырылады. Адам көз рецепторлары қызметінің бұзылуынан, көру аймағының зақымдануынан көрмей қалады.

Түзету-педагогикалық-психологиялық жұмыс сезу мүмкіндіктерін дамыта отырып бейімдеу және түзете отырып, бала бойына толықтыру болып табылады. Түзету сабақтары барысын ұйымдастыруда жасалатын оқушы дамуындағы қиындықтарды жоятын арнаулы педагогикалық шаралар жүйесі, арнаулы әдіс-тәсілдер қолданылады. Оқушы жеке, дара зерттеу, бақылау арқылы әр оқушының ерекшелігіне қарай тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау түзету жұмыстарының бағытты ұйымдастырудың алғы шарты.

II.3. Зағип балаға арналған сезім түйсігі мен ұсақ моторикасын дамыту

Көру қабілеті терең зақымдалған баланың дамуында түйсіну сезімі жетекші факторлардың бірі. Көру қабілеті терең бұзылған балалардың көбінің сезім түйсігі мен ұсақ моторикасы төменгі деңгейде қалыптасқан. Олар қалыпты жағдайда дамыған балалардай түрлі заттың- тәжірибелік іс-әрекеттерді еліктеу арқылы меңгере алмайды. Көзі көрмейтін қимыл белсенділігінің төмендігінің нәтижесінде қол бұлшық бос болады. Осының бәрі сипап сезу мен ұсақ моторикасының дамуына және іс-әрекеттің қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Сезім түйсігі мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жұмыстары, көзі көрмейтін, ақыл-ойы төмен оқушылардың танымдық мүмкіншіліктерін арттырады, ойлау әрекеттері мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді, қоршаған әлем туралы елестетулер кеңейтіледі, рельефті-бедерлі бейнелерді қабылдауын жетілдіреді, әлеуметтік – тұрмыстық ортаға бейімделуіне көмектеседі.

Көру қабілеті зақымданған балалардың барынша мүмкіндіктерін арттыру, заттың белгілері мен қасиетін түйсіну арқылы талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру, түрлі затпен іс-әрекеттерді өздігінен орындауға дағдыландыруға, Л.Брайль бедерлі нүкте жүйесі бойынша оқитын оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыс төмендегіше жүргізіледі.

I. Тері сезімдерін дамыту: сипап-сезу, температуралық вибрациялық тері - көрушілік сезімдері.

1. Түйсік сезімдерді дамытуға, бақылауға арналған жаттығулар.
2. Сипаты қарама – қарсы заттарға қол саусақтары мен аяқтың табандарын жанастыру, олардың температурасын, массасын, беткі сипаттамасын

бақылау, ажырату, өз түйсік сезімдерін атау: суық – ыстық – жылы; тегіс – бұдырмалы, тікенекті, кедір – бұдыр; қатты-жұмсақ, мамық, үлпілдеген; жағымды-жағымсыз, ауыратын; сулы, ылғалды-құрғақ; ауыр-жеңіл.

3. Таныс заттардың теңселу, дірілдеуін қолмен ұстап бақылау, өз түйсік сезімдерін атау.
4. Бет әлпетіне, дененің терісіне түрлі заттардың жанасуын бақылау. Басқа заттардың қимыл – қозғалысы арқылы берілетін дірілдеуін бақылау.
5. Жалаң аяқ жүріп еденнің жамылғысын бақылау, аяқ киіммен жердің жамылғысын тану, өз сезімдерін бақылау.
6. Сезіну белгісі арқылы екі біркелкі заттың ішінен ұсынылған затты табу, екеуіне тән сезімдік белгілері арқылы заттарды топтастыру, жіктеу.
7. Тұрақты, бірдей белгілері арқылы заттарды жіктеу.
8. Әр түрлі материалды сипап білу арқылы тану. Әр түрлі материалдан жасалған заттардың сипаттамасы.
9. Қалдық көруі бар балалардың көзін жұмып саусақ арқылы қара және ақ түстік түйсіктерді бақылау.
10. Вибрациялық (дірілдеу, теңселу сезімдерін арттыру).

II. Қимыл – қозғалыс анализаторын дамыту: статикалық, кинестетикалық сезімдерін

1. 3-5 минут бойы денені бірқалыпты дұрыс ұстау. Жүру кезінде дене бітімін дұрыс қалыпта ұстауға арналған жаттығулар.
2. Вестибулярдық аппараты қалыпты дамуына бағытталған жаттығулар
3. Қимыл – қозғалыс орындау нақтылығын педагогтың бақылаушылығымен жүргізілуі.

III. Жанама сезім түйсігімен белсендіру тәсілдерін дамыту.

1. Педагогтың басшылығымен бір және екі қол арқылы заттарды үш кезеңде зерттеу: бағдарлаулық, талдаулық, жинақтаулық.
2. Заттармен іс-әрекеттер жасау негізінде сол және оң қолдың қимыл-қозғалыстарын ажырату. Затты жазықтықта іздеу негізінде қолды берілген бағытта ұстап, оның барлық саусақтарының бірігіп әрекеттенуін дамыту.
3. Қолдың әртүрлі бағытта жұмыс істеуін қалыптастыру. Сезімдік зерттеуде баланың қалдық көруін пайдалануына үйрету. Әр түрлі нұсқаудағы жазық және көлемді геометриялық фигураларды тану, атау, сипаттау.
4. Заттарды сыртқы бетімен анықтау
5. Күнделікті кездесетін жақында орналасқан заттардың өзіне тән белгілерін қабылдау, тану, атау және сипаттау.
6. Сипап білу арқылы заттың мөлшерін салыстыру. Ені, ұзындығы, биіктігі, жуандығы, әртүрлі біріңғай екі заттарды салыстыру. Сезім түйсігін қолданып заттың көлемдерін салыстыруға үйрету: көлемі әртүрлі тегіс заттарды бір-біріне сәйкестендіру, саусақтардың сезімдік әрекеттері арқылы өлшеу.
7. Үлгі бойынша және шарт бойынша екі-үш заттарды жіктеу.
8. Заттың айтарлықтай көзге көрінетін айрықша белгісін табу, дәлелдеу.

IV. Рельефті нүктелік (Брайлдық) оқуға және жазуға дайындау

1. Шағын жазықта бағдарлау: бұрыштарды, жақтарды, ортаны табу. Үлгі

бойынша және мұғалімнің инструкциясы бойынша заттарды шағын жазықтықта орналастыру.

2. Алты нүктелік қалып- құралды нүктелер үйлесімін салу.
3. Рельефті нүктелердің үйлесімін, сызықтар мен кескіндердің қабыстырылуын тану, оқу: көлденеңнен, тік, қиғаш, адыр-бұдырлы, бұйра.
4. Шынайы затты оның рельефті суретімен сәйкестендіру.
5. Әріптерді, құрылымы қарапайым сөздерді, буындарды оқу, жазу.
6. Грифельмен рельефті суретті өшіру.
- V. Қол қимылының үйлесімділігі мен ұсақ моторикасын дамыту
1. Массаж жасау, сипалау, өзін-өзі уқалау элементтерін қолдана отырып қол саусақтарының қимыл-қозғалыс сәйкестігін дамыту.
2. Үш саусақпен пішіні мен көлемі әр түрлі заттарды алу, қолмен ұстау. Заттар мен түрлі іс - әрекеттерді орындау:
бір қораптан екінші қорапқа салу;
қораптың ішіне жинау, қорапты ашып жабу;
құрылымдық ойыншықты жинау; ұсақ заттарды (ине, түйрегіш, түйме) бір қолдан екінші қолға алмастыру жаттығулары.
3. Заттық - тәжірибелік іс - әрекеттерді орындау;
бір – біріне қарама – қайшы ұсақ заттарды топтастыру;
қарапайым мозайкаларды, өрнектерді жинау;
конструкторларды құрастыру;
пластилинмен жұмыс істеу (жұмсарту, үзу, жабыстыру, созу, дөңгелектеу, алақан саусақтарымен басу т.б.);
пластилинмен аппликация жасау;
педагогтың көмегімен дайын кесінділер арқылы аппликациялар жабыстыру (бояу жаққышпен кесіндіге желім жағу; кесіндіні қолда ұстап, айландыру; оны белгіленген жерге орнықтырып, екі қолмен басу);
таяқшалармен тік жолдарды құру: шөп, темір жолы, іздер);
қағазды ұйпалау, жазып тегістендіру; қағаз жақтары мен бұрыштарын сәйкестендіру, бүктеу; ұстап жырту; бүктелу бойынша қайшымен қию (түзу, бұйра, доға);
бауға ірі түймелерді, моншақтарды, гайка мен сақиналарды кигізу;
таяқшаға бауды тоқу;
жіппен, баумен түрлі жаттығулар орындау: саусақпен, баумен орау, заттың бауын салу;
киім ілгектерін, жабыстырғыштарын ашып, жабу; түймелерді кигізіп, шешу;
Брайлдік кітаптар беттерін аудару; берілген бетте мәтіннің басы мен аяғын табу.

«Зағиптің қолында болмаған нәрсе, оның есінде де болмайды.»
Тифлопедагогтар зағип балалардың белгілі бір объект (құс, жануар, адам, геометриялық пішіндер т.б.) пішініндегі өзгерістерді қабылдауда үлкен қиындықтары барын және көру аймағының тарылатынын, көру

қабілетінің бұзылуы немесе дамымауы заттар мен бейнені қабылдауды, олардың кеңістіктегі орнының өзгеруін, қашықтықты көзбен бағалауды қиындататынын ескертеді

II.4. Көру қабілеті нашар балаларға арналған түзету жаттығулары

Нұсқау бойынша бала:

- Жоғары, төмен, оңға, солға (оң, солын білмеген жағдайда «есікке», «терезеге») қарай қол созу қажет.
- Аталған затты қолымен көрсету қажет (кітап, дәптер, қалам т.б.)
- Кітаптың немесе кез келген заттың оң, сол, жоғары, төмен жақтарын көрсету.

Қол саусақтарына арналған жаттығулар:

- Бес саусақты ашу, жұму.
- Жұдырықтан саусақтарды бір-бірлеп ашу.
- Ермексаздан дөңгелек, жылан, алқаны илеу.
- Бір қораптан екінші қорапқа ұсақ заттарды салу.
- Жерде шашылып жатқан ұсақ заттарды жинау.

Ойлау қабілетімен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар:

- Балаға қандай да бір затты көрсетіп, немесе ұстатып, оны сол арада жинап алу керек. Бала есінде қалған заттарды атап шығады.
- Бірнеше рет шапалақ соғу немесе бірнеше рет столды қаламмен соғу. Қанша шапалақтың дыбысын немесе қанша столдан шыққан дыбысты айту.

Түстерді, пішіндерді айыра білуге арналған жаттығулар:

- Балаға геометриялық пішін көрсетілді. Бала сол көрсетілген пішінді тауып, пішіні және түсі бойынша таңдау қажет.
- Бір геометриялық пішін көрсетіледі және ол алып тасталады. Есте сақтау қабілеті бойынша сол пішінді атау немесе көрсету қажет.
- Геометриялық пішіндерді түстері бойынша бір жерге жинау.
- Геометриялық пішіндерді үлкеннен кішіге қарай қою. (Немесе керісінше кішісінен үлкенге қарай)
- Әр түрлі зат беріледі бала соның ішінен ең үлкенін немесе ең кішкентайын көрсету.

Әйнектегі таңбамен жаттығулар.

Бала әйнектен 30-35 см қашықтықта терезе алдында тұрады. Бұл әйнекке бала көздерінің деңгейіне диаметрі 3-5 мм. дөңгелек таңба орнатылады. Алысқа бұл таңба арқылы өтетін көзқарас сызығы бойына ол бір затты (ағаштың бұтағы, үйдің терезесі) бекіту үшін тұспалайды. Содан соң кезекпен ол назарын біресе әйнектегі таңбаға, біресе затқа аударады. Жаттығулар күніне 1-2 рет 10 минут күнделікті орындалады.

II. 5. Сауат ашуға дейінгі кезең

1- тәсіл: ***алты нүктелі лекаламен жұмыс.*** Л.Брайль бедерлі алты нүктесін ретімен жазылуы бойынша оңнан солға санақ жүргізу 1,2,3,4,5,6;

2- тәсіл: ***алты нүктелі лекаламен жұмыс*** Л.Брайль бедерлі алты нүктесін ретімен оқылуы бойынша солдан оңға 1,2,3,4,5,6 қарай саусақтардың көмегімен бедерлі нүктелерді сипалай санақ жүргізу;

3-тәсіл: ***Прибормен таныстыру. Грифельмен таныстыру.*** Сауат ашу кезінде

Брайлдық прибор мен грифельді пайдалану ережесін пысықтаймын. Прибор оңнан солға қарай ашылады. Прибордың ашылған бетке қатты формат А-4 парағы қойылады. Прибордың жоғарғы жағында екі және төменгі жағында екі қағазды жылжытпай ұстайтын тірегіші бар. Қағазды мұқият қойғаннан кейін, прибордың үстінгі ұяшықтар бетін жабамыз.

Прибордың бір қатарында **жиырма төрт** алты нүктелі ұяшығы бар. Ал прибордың бағанынан **он сегіз бедерлі** алты нүктелі ұяшығы бар. Сонда приборда **төрт жүз, отыз екі**, алты нүктелі ұяшық бар. Әріпті басып таңбалауға «біз» пішіндес грифель пайдаланылады. Л.Брайль бедерлі алты нүктесін таңбалау, жазу грифель көмегімен іске асады. Грифель металдан жасалған (жуан ине) біздің екінші жағы грифельдің ұстау сабына орналасқан.

Жазуда оң қол басты қадау, нүктелерді анық табу қызметін орындайды, ал сол қол бақылаушы қызметін жазу жолдарын қадағалайды.

Әріптер оң жағынан 1,2,3,4,5,6 нүктелері таңбаланады, жазылады. Оқылғанда дәптер төңкеріліп, келесі айналы беті, сол жақтан 1,2,3,4,5,6 нүктелері оқылады.


Жазу жұмыстарында белгілі бір қажетті ұстанымды орындау. Партада дұрыс, тік отыру, прибор стол үстінде стол ұзындығымен параллель жатады.

Грифель оң қол саусақтарымен ұсталып, күрделі қимылдар, қырынан басу міндетін үлкен және ортаңғы саусақтарға атқарады, ал аты жоқ саусақ пен шынашақ бұгулі болады.


II.6. Үлестірмелі әліпби қалпы

Л.Брайль жүйесіндегі алты нүктені таныстыру, әр нүктенің оқылу мен жазылуын танудың алғашқы баспалдағы. Алты нүктені тиімді қолдану Брайльдық жазу жолы ағаштан жасалған қалып. 10 тіктөртбұрыштық клеткалары, әр клеткада 6 бедерлі нүктелер сәйкестендірілген.

Солдан оңға қарай, оқылуы:



Оңнан солға қарай, жазылуы:



Л.Брайль жүйесімен сауат ашу кезеңінде алты нүктені оқушы жазылуы мен оқылуын ажырата білуі керек.

Үлестірмелі әліпби қалпымен жұмыс. (12 сурет 43 бет)

Бұл ретте мәселенің мәні баланың сезім мүшелерінің жақсы жетілуіне орай сауаттылығы тәжірибедегі еңбегіне байланысты. Нашар көретін балаларды оқыту жағдайы әлсіз көру арқылы қабылдауын жақсартатын, ауыртпалық түсірмейтін жағдайда болуы тиіс.

Нашар көретіндермен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының әдісі қалыпты жағдайдағы балаларға жүргізілетін әдіспен ерекшеленбейді.

Л.Брайль жүйесіндегі сауат ашу кезеңінде, яғни жазу мен оқуды үйретуде оқушыға бірқатар қиындықтар тифлоприбормен жазу, оқу қиындықтар туындайды.

1. Прибормен жете танысу.
2. Приборды жазуда әр жазу жолда 24 (клетка) тор көз барын білу.
3. Прибордың 18 жазу жолы бар.
4. Приборда жазуда әр жазу жолын дұрыс пайдалану.
5. Прибормен жазуда алты нүктенің керекті нүктенің үстінен грифельмен дөп түсу.
6. Прибормен жазуда сөздердің арасындағы арақашықтықты сақтау, яғни сөздерді бір-бірінен бөлек жазуды назарды ұстау.
7. Жазу мен оқудағы «айналы» (оңы, солына қарай төңкеріліп түседі) яғни жазылуы мен оқылуындағы ұқсас әріптерді ажырата білу. (ә-ө, п-қ, у-ұ, м-ң, ү-ё, й-і, и-е, н-я, з-ы, д-ф, ж-х, ш-с, о-э, р-в, т-ю, ғ-ч, ь-ъ)
8. Жазудың оқудың кері бағыттарын бағдарлау.
9. Клетка саны бойынша тасмалды бағдарлау.
10. Оқуда әріптер мен тыныс белгілерді ажырату.
11. Жазу грифель көмегімен жүзеге асады. (Грифель-металлдан жасалған біз, өтпес жағы грифельдің сабына бекітілген)
12. Грифельмен қатені тексеру.
13. Қатені жазу кезеңінде түзету.
14. Жазу да оң қол басты қадау, нүктені анық табу жұмысын орындайды, ал сол қол бақылаушы қызметін, жазу жолдарын қадағалайды.
15. Әр клеткаға 1 ғана әріп немесе 1 ғана таңба жазылады.
16. Сол қолдың сұқ саусағы жазу жазу клеткаларын сипап, келесі жазылатын клетканы бағдарлап көрсетеді.

II. 7. Әліппені оқыту кезеңі

Атақты психолог Л.С. Выготскийдің пікірінше: «**Л. Брайль әріптері бойынша оқып үйренудің кәдімгі әріптерден еш айырмасы жоқ**»-дейді.

Қазақ әліпбиін өткенде Л.Брайль жүйесіндегі таңбаларды таңбалауда шамалы ауытқулар болады. Көзі көрмейтін зағип оқушының прибормен ұяшықтағы бедерлерді ретімен әріпті таңбалап, сауатын ашу ыңғайлы.

Жазылуы бойынша оң жақтағы 1-ші нүкте «А» дыбысы, әрпі. Келесі «Б» дыбысы, әрпін өтуге тура келеді.

«Әліппе» оқулығы «Алматыкітап» баспасының 2012 жылғы шығарылымы, 2-басылым өңделген жалпы білім беру стандартымен, көздері нашар көретін оқушылар осы оқулықпен оқиды, ал зағип оқушыны сауаттандырғанда, білім стандартынан біршама ауытқулар болады. Оның себебі, «Әліппе» оқулығы «Алматыкітап» «А» дыбысы, әрпін өткеннен кейін, «Р» дыбысы, әрпін өту ұсынылады. Л.Брайлдық жүйе бойынша «Р» дыбысы, әрпінің бедерлі нүктелері 1,2,3,5 тізбектік ретін құрайды. **Брайльдық жүйенің 2,3,4,5 нүктелерін зағип оқушы әлі меңгермегендіктен, өтілетін келесі әріп, Брайль жүйесінің алты нүктесінің тізбектік реті бойынша 1,2 нүктелерге қатысты болғандықтан, келесі яғни, «Б» дыбысы, әрпін өтемің. (1 кесте 14 бет) «Б» дыбысы, әрпінің жазылуы оң**

жақтағы 1,2-ші нүктелер «Б» дыбысы, әріпінен кейін, осы жүйенің тізбектік ретімен келесі әріптер реті бойынша өтіледі.«К»дыбысы, әрпін 1,3 нүктелері, «Л»дыбысы, әрпі 1,2,3 нүктелері, «Ц» дыбысы,әрпі 1,3 нүктелерін, «Ү» дыбысы, әрпі 3,4 нүктелерін, «И»дыбысы, әрпі 2,4 нүктелерін, «Е»дыбысы,әрпі 1,5 нүктелерін қамтиды.Төменде көрсетілген Л.Брайль бедерлі алты нүктесін санақтық жүйелік кілті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыға үйретемін. Әліппені Л.Брайль жүйесімен оқытудың 1 кезеңінде Л.Брайль бедерлі алты нүктесінің төрт нүктесі қамтылады. 1,2,3,4 (**1 кесте,14 бет**)тізбектеп санау жүйесінің реті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыларға үйретіледі. Білім бере отырып, баланың ойын зерделеу, қызығушылығы мен белсенділігін арттыру, ойнату, көз жаттығуларын жасатып, есте сақтауға бірнеше рет пысықтау, жұмысын жүргіземін. Л.Брайль жүйесімен сауат ашу, оқыту төмендегідей жүргізіледі.

Л.Брайль жүйесіндегі Әліппені оқыту кезеңі (1 кесте)

А	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1 нүкте жазылуы, оқылуы
Б	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2 нүкте жазылуы, оқылуы
К	дыбысы мен әрпі әрпі Брайль жүйесінде 1,3 нүкте жазылуы, оқылуы
Л	дыбысы мен әрпі. Брайль жүйесінде 1,2,3 нүкте жазылуы, оқылуы
Ц	дыбысы мен әрпі. Брайль жүйесінде 1,4 нүкте жазылуы, оқылуы
Ү	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 3,4 нүкте жазылуы, оқылуы
И	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2,4 нүкте жазылуы, оқылуы
Ф	дыбысы мен әрпі. Брайль жүйесінде 1,2,4 нүкте жазылуы, оқылуы
М	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,3,4 нүкте жазылуы, оқылуы
С	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2,3,4 нүкте жазылуы, оқылуы
П	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,3,4 нүкте жазылуы, оқылуы
Е	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Д	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
О	дыбысы мен әрпі. Брайль жүйесінде 1,3,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Х	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Ж	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Ә	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 3,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Р	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,3,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Т	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2,3,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Г	дыбысы мен әрпі әрпі Брайль жүйесінде 1,2,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Н	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,3,4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
Е	дыбысы мен әрпі. Брайль жүйесінде 1,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ө	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,6 нүкте жазылуы, оқылуы
У	дыбысы мен әрпі әрпі Брайль жүйесінде 1, 3,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ш	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1, 5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ү	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 3, 4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Э	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2, 4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
ң	дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1, 4,6 нүкте жазылуы, оқылуы

В дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2, 4,5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
З дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1, 3,5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Қ дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1, 4,5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Щ дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1, 3,4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ы дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 2, 3,4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ю дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2, 5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Я дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2, 4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Һ дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2, 3,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ғ дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2, 4,5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Й дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,3 4,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ч дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,2,3 4,5 нүкте жазылуы, оқылуы
І дыбысы мен әрпі Брайль жүйесінде 1,3 4,5,6 нүкте жазылуы, оқылуы
Ь әрпі Брайль жүйесінде 2,3 4,5,6 нүкте жазылуы
Ъ әрпі Брайль жүйесінде 1,2,3 ,5,6 нүкте жазылуы

Өтілген әріптің бас әріпін таңбалауды (4,5-ші нүктелерді) Жалқы есімдерді өткеде пысықталады.

Ал, математикада цифрларды таңбалауда әріптермен ажырату үшін цифрдың алдына сандық белгі қойылады.

Сауаты ашылған (әріптер толық өтілген соң)зағип оқушының Әліппені оқытудың соңғы кезеңінде, (ертегілер, өлеңдер, мысалдар) нашар көретін балалардай жалпы білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

Зағип және нашар көретін балаларды әліппе оқыту кезеңі (1 кесте, 14 бет)

Әліппе оқыту кезеңінде қойылатын міндет – а, и, ү дауысты және б,к,л,ц,ф,м,с,п м дауыссыз дыбыстарымен таныстыру. Бұл дыбыстардың ерекшелігі -Л.Брайль бедерлі алты нүктесінің **1,2,3,4(1 кесте, 14 бет)** нүктелерінің көмегімен а,б,к,л,ц,и,ү,ф,м,с,п дыбысы мен әріптерімен алғашқы сауатын ашу жұмыстары жүргізіледі, таныстырылады. Бұл тізбектеп санау жүйесінің реті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыға 11 әріптің Л. Брайль жүйесіндегі әріптердің тактильді жазылуы мен саусақпен сипалап оқылуы үйретіледі.

Олар бұл сөздерді менімен қосыла айтып, бірлесіп талдаған кезде, бірінші сөз «А» дыбысынан, екінші сөз «Б» дыбысынан басталатын айырмашылығын табады.

Сөз не буын ішіндегі дыбыстардың қалай айтылатынына көп көңіл аударамын. Ал «А» дыбысын айтқанда, ауыз кең ашылады, тілдің ұшы сәл көтеріледі. «Л» дыбысын айтқанда, тілдің ұшы тіске келіп тиеді де, дыбыстауға керекті ауа қарқынды шығады. Дыбыстың айтып,дыбыстап көрсетіп түсіндіремін. Оқушылардың өздеріне бірнеше рет қайталатамын.

Әріпті оң жақтан таңбалап, дәптерді кері бетін (айналмалы) сол жақтан оқимыз. Дыбыстар мен әріптерді есте сақтауға және Л.Брайлдық әріп таңбаларын ұмытпау үшін әріп пен дыбыстарға қатысты өлең жолдарын бірнеше рет қайталата отырып,

оқу мен жазуға машықтандырамын.

А әрпі мен дыбысы

А әрпі – 1 нүкте

«А» әрпінен басталар

Алфавиттің өзі де.

Б әрпі мен дыбысы«Л» әрпібір, екі, үш

*Бала, бата, балапан****К әрпі мен дыбысы***

Басталады «Б»-дан Бір-үш, бір-үш

Брайлиа «Б» әрпіКәмпитті сен көп жесең,

Жазылады бір, екі. Ауырады тіс.

Е әрпі мен дыбысы***И әрпі мен дыбысы***

Бір-бес, бір-бес,

Менің атым - Елемес

Е-Е-Е ,Елемес

Инешке келерсің,

Ұ әрпі мен дыбысы

Үш, төрт, алты

Ұлан біздің ұқыпты,

Үш, төрт, алты

Ұстаз сөзін ұғыпты. Сана, қайтала біл.

Р әрпі мен дыбысы

Бір, екі, үш, бес

Айтуға сен көмектес

Р-р-р-ррр

Айтып оны көр-р-р

Л әрпі мен дыбысы

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш,

Жаңылма сен тізбектен,

Бір-үш, бір-үш

Екі-төрт, екі-төрт,

Тақ саннан аттап өт.

Инесін иерсің, и-и-и

П әрпі мен дыбысы

Піл, ірі піл

«П» әрпі

Бір, екі, үш, төрт

Г әрпі мен дыбысы

Бір, екі, төрт, бес

Бір, екі, төрт, бес

Отырғыздым тез

Шоқ гүлдерден бес.

Дыбыстардан буын құралатынын таныстырамын. Л.Брайль жүйесімен оқитын балаға буындар жазылған кеспе қағаздар, сабақтың тақырыбына сәйкес Л.Брайль жүйесінде оқушыларға жазып келемін. Л.Брайль жүйесінде әліппені өтудің алғашқы кезеңінде ашық буындар жазылып үйретіледі.(ба, ка ла,ца, фа,ма,са,па, би,ки, ли фи, ми,си,пи,) буындардан сөздер құрау. Буынға буын қосу мысалы: ба-ла, са-па, ма-ма, па-па. Бітеу буынмен танысады.(бал, сал, мал.)

Олардың созып айтуға келетіндігі, сөздің ақырында өзгермейтіндігі.Ал бұл жағдай – осы дыбыстарды өз ішінен бөліп алуды және оларды қосып, буындар мен сөздер құрауды жеңілдетеді.

Бұл кезеңде дыбысты, әріпті ажыратудың және Л.Брайль бедерлі алты нүктесінің ең қолайлы тәсілдері мынадай:

а) Буындар, сөздерді тактильді жазып үйретемін.Саусақпен сипалап оқу дағдысын жалғастырамын.

ә) Жоғарыда көрсетілгендей, бірінші тәсілде таныстырылатын дыбысты көтеріңкі дауыспен айтамын. Балаларға осы дыбыстар қатысқан сөздерді айтып тыңдатамын.Дыбыстардың сөздің қай жерінде / басында ма,ортасында ма, соңында ма / тұрғанын айыртамын. Сөздерді буынға бөледі, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Әліппені оқытудың бұл кезеңінде балалар е,о,ә, – дауысты дыбыстарын, д,х,ж,р,т,г,н – дауыссыз дыбыстарын дыбыстап, жазып үйренеді. Дыбыс, әріптердің жуан және жіңішке айтылатынын біледі. Бұл кезеңінде балалар ашық, тұйық буынға қосымша бітеу буынмен толық танысады. 1- кезеңде жуан буындармен таныстырылса, 2- кезеңінде жіңішке буындарды толық меңгертуге көңіл аудартамын. Бұл кезеңде дыбыстардың, әріптердің ерекшелігі - Л.Брайль бедерлі алты нүктесінің бес нүктесі қамтылады. 1,2,3,4,5 тізбектеп санау жүйесінің реті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыларға үйретіледі.

Ал дауыссыз дыбыстардың жіңішке екендігін білдіру үшін, дауыстыдан тікелей бұрын не кейін тұрған дауыссыз дыбыстарды жіңішкертіп айтамын. Осылайша, балаларға жіңішке дауыстының ықпалымен дауыссыздың жіңішке айтылатынын аңғартамын. Көбінесе ашық буындарды қолданамын. Өйткені буынның жуан, жіңішкелігін айыртуға ашық буын көп жеңілдік әкеледі. Оқушыларға дауыссыз дыбыстар тек дауысты дыбыстардың ықпалымен жуан, жіңішке айтылатынын ұғындыру. Екі дыбысты бірінен соң бірін іле –шала айтып, дыбысталуын салыстырамын. Бірақ салыстыратын сөздердің дыбыстары оқушылар білетін дыбыстары болуы керек.

Оларды алдын - ала даярланған буын кестелерінен (ке, же, пе, ме) тиісті буындар қосып толық сөздер алуға, (ә – ке, ә – же, ти – ме, т.б.) дағдыландырамын.

Дауысты дыбыстарды өткенде жуандарының жіңішке жұптарын салыстырып отырамын.

Әліппені оқытудың бұл кезеңінде балалар тактильдік жазу дағдысын қалыптастыру: буындық диктант, сөздік диктант, екі- үш сөздік сөйлемдер жаза алады, сөздерді буынмен оқудың үстіне, сөйлемдермен мәтінді саусақпен оқып, дағдыланады.

Л.Брайль алты нүктесінің алты нүктесі де қамтылады. 1,2,3,4,5,6 тізбектеп санау жүйесінің реті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыларға үйретіледі. Тактильді сауат ашу кезеңінде алты нүктені түгел қамтитын ө, у, ш, ұ, ә, қ, в, з, н, щ, ы, ю, я, ғ, й, ч, і, һ, дыбыстары, әріптері мен ь, ь таңбалары өтіледі. Бұл кезеңге дейін көптеген әріптерді танып, оларды сөзде, буында айыра біледі, сипалай отырып, оқып жаттығады. Дыбыс, әріптердің жуан және жіңішке айтылатынын толық біледі. Әліппені оқытудың бұл кезеңінде балалар ашық, тұйық буынға қосымша бітеу буынмен толық жұмыстар жүргізіліп танысады. 1- кезеңде жуан буындармен таныстырылса, 2- кезеңінде жіңішке буындарды жартылай меңгертуге көңіл аудартамын. Дауысты дыбыстарды өткенде жуандарының жіңішке жұптарын салыстырып отырамын. Мысалы, а – ә, ы – і, ү – ұ, о – ө.

Осы кезеңде әріптер ауыз- екісөйлеуімізде сирек қолданылатын дыбыстар, әріптер (в, ё, ф, ц, ч, э) болып есептеледі. Бұл әріптер, дыбыстар көбінесе өндірістік, техникалық мәнді атауларда кездеседі. Негзгі талап – әрбір дыбыстың аталуын, жазылуын үйрету. Бұл дыбыстарды үйреткенде, әліппені оқытудың бірінші кезеңіндегі сияқты, артикуляция әдісін пайдаланамын. Аталған дыбыстармен әріптер орыс тілі сабағында да өтіледі. Ішінде осы әріптер кездесетін, оқушылар үшін таныс және түсінікті сөздердің тізімін жасаймын. Әліппені оқытудың бұл кезеңінде зағип балалар, сөздік сөздік диктант, жалаң сөйлемдер жаза алады.

Сөздерді буындап оқиды..

Бұл жағдайда оқушылардың көз өткірлігі, көз диагнозы және қосымша диагноздарын ескерілген жөн.

Л.Брайль алты нүктесінің барлығы да қамтылады. 1,2,3,4,5,6 тізбектеп санау жүйесінің реті бойынша зағип және көруінде ақауы бар оқушыларға үйретіледі.

W. Frommтің (1965) мәліметі бойынша, көздері нашар көретін жандар, қалыпты көретін адамдарға қарағанда, оқу қарқыны 69,1% ал, жазба жұмыстарынан 38,8% баяулыққа сәйкес келеді десе, В. Lingvist пен М Mirbergтің (1972) мәліметтері бойынша, зағип жандар қалыпты жағдайдағы адамдардан оқу қарқыны екі есе баяу, ал жазба жұмыстарының орындалуы үш есе баяу, деп көрсетеді. (Б.К.Тупоногов)

Бұл мәліметтерге сүйене отырып, зағип балаға жазба жұмысының көлемі мен мөлшерін, оқу қарқынын сабақтың өтілу жоспарына мұғалім ендіріп, зағип баланың қабылдауына қарай алдын –ала тапсырма дайындалып әкелініп, сабақ кезеңдерінде іске асырылады.

Әліппеден кейінгі кезең

Ақыл-ойдың ойдағыдай қалыптастырып, ойлау, сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді (ертегі, аңыз, жұмбақ, айтыс, терме т.б.) шебер пайдаланып отырған дұрыс. Зағип және нашар көретін баланың ойлау жүйесін дамыту үшін санамақтармен жұмбақтардың, жаңылтпаштардың алар орны ерекше. Жаңылтпашты жаттап, жаттығу арқылы бала ана тілін ардақтап өседі, онда сөз қадірін білу сезімі қалыптасады, ой-қиялы дамып жетіледі. Мектепке жаңа келген бала көбінесе «Р» дыбысы мен «И» дыбысына, «Р» дыбысы мен «И» дыбыстарының қатар айтылуына құрылған: Мәселен, осы айтылғанға орай:

Дегенде, әй Тайқарбай, Әй Тарқайбай,

Қойыңды май жусанға жай Тайқарбай

Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр

Әй Тайқарбай дегенің, қай Тайқарбай? - деген жолдардағы «Тайқарбай» сөзін жылдам, қатесіз айтқызып үйретсе, сол сөзді бұрынғысынан гөрі анық, қатесіз айтатын болады.

«Ш» дыбысын мен «С» дыбысын шатастырып айтуды түзеу үшін:

«Шымдай шытырмаш,

Ол шытырмашты

Мен шым-шытырмыштамай

Кім шым-шытырмыштайды», - секілді жаңылтпаштар айттып үйретіледі.

Мағжан Жұмабаев: «... Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды »-десе, атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта – әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», - дейді.

Зағип және нашар көретін баланың ертегіні сүйіп тыңдап, жаттап, өзгеге мағынасын бұзбай айтып бере алатын бала сол ертегінің нәрін бойына сіңіріп,

ойы, ақылы кемелденіп, мінезі түзеледі, тілі байып, жан дүниесі өркендейді. Кез келген халықта ең алдымен балаға тәрбие, білімді ертегі арқылы беруі- ертеден келе жатқан үрдіс. Кез келген ертегінің алғашқы мақсаты – рухани адамгершілік тәрбие беру, одан соң, ол арқылы білім беру.

Әліппеден кейінгі кезеңде оқулықта берілген «Қарға мен Көлбақа», «Мысықтың қоңырауы», «Үш жалқау», «Қасқыр мен қоян», «Қу түлкі» ертегілерді зағип және нашар көретін балаларды тек ауыз екі сөйлеуін ғана дамытпай, кейіпкерлік рөлдерге бөліп ойнату. Әр кейіпкердің іс-әрекетпен, дауыс ырғағымен мінез-құлқын анықтап, сомдау, ой өрісін дамытып, сөздік қорын байыту болады.

III. Қажеттіліктен туған тақта

Я.А.Коменский дидактика мәселесі жөнінде былай дейді: **«Оқыту жақынан алысқа, жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, таныстан таныққа жылжып отыратын болсын» деген принципті қолдаған.**

Зағип оқушыға тапсырманы тек прибормен ғана берумен шектеліп қалмаймын. Л.Брайль жүйесінде оқитын оқушыға орнында отырғызып жаздыра бергеннен баланы жалықтырады, әрі десе саусақтарына да күш түседі. Б.К. Тупоноговтың мәліметі бойынша,

Л. Брайль әліппесінің бір нүктесін тесу үшін, оқушы 400 грамнан, 1200 грамм күш жұмсайды, ал бес бет (стандартты) шығарма жазғанда, ол оқушы 3000 тоннаға дейін күш жұмсайтынын естен шығармау керек, сондықтан, тактильдік жүктеменің ұзақтығы –

10 минуттан аспауы керектігін білу және саусақтарды демалдыратын әр – түрлі жаттығулар орындатып отыру керек екенін ескертеді.

Л.Брайль жүйесінде оқып, жазатын зағип оқушыға арналған жазба және оқу тақтасы

Мақсаты:


Зағип оқушының сауатын ашып, жазба жұмыстарын, оқу техникасын, амалдармен жазбаша есептеу дағдыларын қалыптасуын дамыту. Зағип оқушыға аралас тапсырмалар беріп, баланы жалықтырмай, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Ерекшелігі: Л.Брайль жүйесінде оқитын бала тақтаға шығып, Л.Брайль жүйесіндегі оңнан соға қарай тапсырманы жазады. Немесе алдын-ала тақтада жазылып қойған тапсырманы оқиды. Зағип балада қимыл-қозғалыс пайда болады. Ұсақ моторикасы дамиды.

Пайдасы: Л.Брайль жүйесінде оқитын бала тақтаға шығып тапсырма орындайды. Прибормен берілетін тапсырмамен шектеліп қалмайды.

Пішіні: Брайль тақтасының ұзындығы 1 м. 20 см, ені 1 м. 30 см

Дайындалған материалдар: ПВХ материалы, қаңылтыр, диаметрі 1 см және 300 дана жапсырма магниттері.



Л. Брайль

**жүйесіндегі тақтаның пішімі
(1 сурет)**

Сыныпта тек зағип бала ғана емес, сонымен қатар нашар көретін айта кетсек (Косоглазие сходящее смешенное, Астигматизм ОД; ОИ гипоплазия ДЗН, Амблиопия; Анамалия сечатки, гипоплазия макулы, ДЗН, Гиперметропия;) Л.Брайль жүйесінде оқитын зағип немесе көзі нашар оқушы тақтаға шығып тапсырма орындағысы келетінін айтады.

Содан, Л.Брайль жүйесінде жазатын және керек жағдайда баланың оқуына алдын-ала жазылып қоятын тақта туындады.

Брайльдық тақта 8 қатар, 12 бағаннан тұрады. Бір ұяшықта алты бедер, тоқсан алты ұяшықтан тұрады. Брайль тақтасының ұзындығы 1 м. 20 см, ені 1 м. 30см. Дайындалған материалы: ПВХ материалы үстіңгі қабаты, ал астыңғы

қабаты магниттің оңай жапсырылып алуға қаңылтыр бекітілген. Әр ұяшықтағы алты бедерге бір әріп немесе бір сан таңбаланады. Бір ұяшықтағы бедердің (шеңбердің) диаметрі 3,5 см, ал, диаметрі 1 сантиметрлік магнит қолданылады. Жазу нүктелерін пайдаланғанда баланың саусақтарындағы диаметрі 1 сантиметрлік тақтаның 3,5 сантиметрлік бедерлеріне (шеңберіне) қойып, алуы өте ыңғайлы екенін айта кетуге болады.


Зағип оқушы осы тақта арқылы жеке тапсырманы жазбаша түрде орындай алады. Тапсырманы оған әріптік таңбаларды жапсыруға, диаметрі 1 сантиметрлік магниті қолданылады. **(1 -2 сурет 23 бет)** Тақтаға орындау барысында көзі көрмейтін оқушыда өзіне деген сенімділік, жігерлілік, мақтаныш сезімі пайда болады. Және өз қатесін тауып, түзеуге, брайльмен сауатты жазуға мүмкіндігі бар. Тақтамен зағип оқушы магнитті дөңгелектерді жапсыра отырып, тапсырмаларды орындайды.**(6-7 сурет 41 бет)**

Сыныпта Зағип нашар көретін оқушылардың құрамынан болғандықтан оқушыларды оқытудың тиімді жолдарының бірі – деңгейлеп оқыту әдісі. Бұл әдіспен оқушыларды үш топқа бөліп оқытамын.

Үлгерімі нашар, орташа және жақсы оқушылар. Жақсы оқитын оқушыға күрделі тапсырмалар орындату арқылы тілектерін қанағаттандырып, қабілеттерін шыңдай түсуді ойластырдым. Оқушылардың деңгейіне қарай тапсырма беріп отырамын.

Л.Брайль жүйесіндегі тақтаға **(2 сурет)**, (солдан оңға қарай) оқылуы бойынша алдын- ала тапсырманы жазылып қоямын. Тақтада, ұлы Абайдың «Адам болам десеңіз» өлеңінің бір жолы жазылған.

2 сурет



Сабаққа мұғалімнің ұқыпты даярлануы мен сабақты сапалы өткізуінің жолдарымен әдістері көп бола тұрса да, соның үш кезеңіне ғана тоқталмақпын. Бірінші – жеке оқушыны тақтаға шақырып, тиісті сұрақтарға жауап алу. Екінші – сұрауды сынып оқушыларына тұтас беріп, олар ойланып болғаннан

кейін, жауап беретін оқушының шақыру. Бұл екі әдісті де қолдану пайдалы, сонымен бірге қосымша әдісті де қолданып отыру керек. Бір мезгілде екі деңгейдегі оқушылармен бірдей жұмыс жүргізу.

Мұғалімнің оқушыға берген сұрағы дәл, анық, ұғымды болғаны дұрыс. Берілген сұраққа оқушының түсінген - түсінбегенін де анықтау үшін «Осы айтқан жауабыңызға мысал келтіре аласыз ба?» деп жауатың дәлдігін анықтау. Оқушы жауап бергенде мұғалім көңіл қойып тыңдап, тиісті жерінде бас изеп, қоштап қойғаны дұрыс.

III. 1. Жазу мен оқудағы «айналы» яғни, ұқсас әріптерді ажырата білу.


(ә-ө, п-қ, у-ұ, м-н, ү-ё, й-і, и-е; н-я; з-ы; д-ф, ж-х, ш-с, о-э, р-в, т-ю, ғ-ч, ь-ъ)

.Жазу мен оқудағы «айналы» (оңы солына қарай төңкеріліп түседі) яғни жазылуы мен оқылуындағы ұқсас әріптерді ажырата білуге үйрету. Бұл әріптердің жазылуы мен оқылуындағы ұқсастықты ажырату үшін мұғалім оқушыға үйреткенде баса назарда ұсау керек;

- Әріптің оңнан солға қарай жазылу таңбасына;
- Оқу барысында солдан оңға қарай оқылатынын;
- Әр әріптің таңбаланатынын реттік сандарын жазуды оңнан, оқуды солдан екенін пысықтап отыру. (ә-ө, п-қ, у-ұ, м-н, ү-ё, й-і, и-е; н-я; з-ы; д-ф, ж-х, ш-с, о-э, р-в, т-ю)- Жазудың оқудың кері бағыттарын бағдарлау.


« ә » жазылуы	« ә » оқылуы	« ө » жазылуы	« ө » оқылуы

« п » жазылуы	« п » оқылуы	« қ » жазылуы	« қ » оқылуы




азылу



әрпінің оқылуы



ің оқы




нің жа




азылу



әрпінің оқылуы



д оқылу




ің жазы




зылу



әрпінің оқылуы







д оқыл




казылу




«и» әрпінің жазылуы «и» әрпінің оқылуы «е» әрпінің жазылуы «Е» әрпінің оқылуы




«Н» әрпінің жазылуы «Н» әрпінің оқылуы «Я» әрпінің жазылуы «Я» әрпі оқылуы




«Н» әрпінің оқылуы




«Я» әрпінің оқылуы




«К» әрпінің оқылуы




«Л» әрпінің оқылуы




азылу







ң оқыл



ің жаз







әрпінің оқылуы







«Р» әрпінің жазылуы «Р» әрпінің оқылуы





«В» әрпінің жазылуы «В» әрпінің оқылуы



«Ю» әрпінің жазылуы «Ю» әрпінің оқылуы «Т» әрпінің жазылуы «Т» әрпінің оқылуы



«Г» әрпінің жазылуы «Г» әрпінің оқылуы «Ч» әрпінің жазылуы «Ч» әрпінің оқылуы



**«Ъ» таңбасының
таңбасының
жазылуы**

**«Ъ» таңбасының
оқылуы**

**«Ъ» таңбасының
жазылуы**

**«Ъ»
оқылуы**

IV.2. Сабақтар жоспарларының үлгілері

«Сабақ беру үйреншікті жай ғана

шеберлік емес,

ол жаңадан жаңаны табатын өнер»

Ж. Аймауытов

Қысқа мерзімді жоспар

Пән: Сауат ашу	Мектеп: «Болашақ» мектеп – интернаты	
Ортақ тақырып: Менің мектебім	Мұғалімнің аты: Қонысбекова К.О.	
Күні: 26.10.2017 жыл		
Сынып: 1 «А»	Қатысқандар: 8	Қатыспағандар:-
Сабақ тақырыбы	Менің мектепке баратын жолым Тт дыбысы мен әрпі	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	1.2.9.1. Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.2.6.1. Мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын өлең, әңгіме, ертегі) ажырату. 1.2.1.5 Үстелдің үстінде бағдарлауы; кітап ішінде бағдарлауы; цифрлар кассасында бағдарлауы және онымен жұмыс істеу; Брайлдік құралында бағдарлау. 1.3.7.2 Брайль шрифтімен әріптерді жазу, нашар көретін балалар жазбаша, бас әріптерді және олардың қосылуын жазады; графикалық нормаларға сәйкес анық жазу;	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:	
	- Тт дыбысы мен әрпін таниды.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	- Сөздерді түсініп, мағынасын ажыратады, мысал келтіреді. Сөздің буыннан тұратынын түсінеді, буындап оқи алады.	
	Кейбір оқушылар орындай алады:	

	<p>- Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсінеді.</p> <p>- Сөздерді түсініп оқиды.</p>
Бағалау критерийлері	<p>1.Тт дыбысы мен әрпін таниды, ажыратады және оны дыбыспен сәйкестендіреді.</p> <p>2.Мұғалім көмегімен әңгімелейді.</p> <p>3. Тт дыбысы кездесетін сөздерге буындық дыбыстық талдау жасайды және дыбысының мағына ажыратушылық қызметін түсіндіреді</p> <p>4.Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтайды,әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады.</p> <p>5.Оқудың түрлерін (буындап оқиды,жиі кездесетін сөздерді тұтас оқиды,түсініп оқиды) қолданады.</p> <p>6.Үстелдің үстінде бағдарлауы; кітап ішінде бағдарлауы; цифрлар кассасында бағдарлауы және онымен жұмыс істеу; Брайлдік құралында бағдарлайды.</p> <p>1.3.7.2 Брайль шрифтімен әріптерді жазу, нашар көретін балалар жазбаша, бас әріптерді және олардың қосылуын жазады; графикалық нормаларға сәйкес анық жазады;</p>
Тілдік мақсат	<p>Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:</p> <p>Төрт-четыре-four</p> <p>Он-десять- ten</p> <p>Ана-мама-mam</p> <p>Лақ- козленок- kid</p> <p>Нан-хлеб-bread</p>
	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>1.Дыбыс дегеніміз не?</p> <p>2.Әріп дегеніміз не?</p> <p>3.Дыбыстар айтылуына қарай нешеге бөлінеді?</p> <p>4.Неге дауысты дыбысты дейміз?</p> <p>5.Неге дауыссыз дыбыс дейміз?</p> <p>6.Дауысты дыбыстарды қандай түспен боялады?</p> <p>7.Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен боялады?</p> <p>8.Бүгінгі күнге дейін неше дыбыс,әріп өттік?</p>
Құндылықтарды дарыту	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қағидалары
Пәнаралық байланыс	Дүниетану-суретпен жұмыс, Математика-(математикалық дыбыстық талдау),Музыка- сергіту сәті
АКТ қолдану дағдылары	Ноутбук,электронды лупа

Бастапқы білім	«Ойлан, тап» ойыны	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт есебі		Ресурстар
<p>Басы Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</p>	<p>Өткенді пысықтаудан басталады. Ұ.Ж.«Ойлан, тап» ойыны Оқушылар оқу жүйесіне қарай екі топқа бөлінеді. 1. «Қазақ әрпі» тобы 2. «Брайль әрпі» тобы</p>	<p>Шаттық шебері</p>
<p>Ортасы</p>	<p>Бүгінгі сабағымызды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қағидалары бағдарламасында, ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың, өскелең ұрпақтың Өркениетті елдермен бәсекеге қабілетті, білімнің салтанат құруы мен санамыздың ашықтығы туралы баяндалады. Дамыған қандай алыс жақын мелекеттерді білеміз? (Оқушылардың жауабы тыңдалады?) Міне, осындай алып мемлекеттермен біліміміз тең болу үшін білім алуымыз керек. Олай болса, біз екі ай бұрын кім едік, қазір кім біз? Алақай-ау, алақай! Осыдан да көлемді Алақай-ау, алақай! Оқи алам өлеңді. Бұдан былай мен енді Бардым бүгін мектепке Емеспін жай балақай. Оқушымын мен енді. 1. Т.Ж.«Кім жылдам?» ойыны Сөзді мұқият тыңдап, алғашқы дыбысын анықтау. Айтылған сөзді үш тілде</p>	<p>Ескерту: Л.Брайль жүйесінде оқитын білім алушыларға тапсырмалардың мазмұнына сәйкес бедерлі, рельефті нұсқада ұсынылады.</p> <p>1 слайдтан көрсету Видео көрсетілім (ата- анамен)</p> <p>Оқу жұмысын ұйымдастыру</p>

	<p>айту. Дескриптор: Сөзді мұқият тыңдап, алғашқы дыбысын анықтайды. Айтылған сөзді үш тілде айтады.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қалыптастырушы бағалау: смайлик</p> <p>2.Ж.Ж.Оқулықпен жұмыс: Оқылым «Оқы» белгісі тұрған сөздерді оқу. Жекелей,тізбектей түсініп оқуға жаттықтыру. Сөздің бір дыбысы өзгерсе, сөздің мағынасы өзгеретінін түсіндіру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату. Мысалы: ат - ата он – тон</p> <p>Дескриптор: 1.Жекелей,тізбектей түсініп оқуға жаттықтығады. Сөздің бір дыбысы өзгерсе, сөздің мағынасы өзгеретінін түсінеді. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Кері байланыс: БББ Қалыптастырушы бағалау: смайлик</p> <p>Сергіту сәті Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. /Б.Бөрібаев/</p>	<p>Сергіту сәті</p> <p>Аудио жазба</p> <p>Зслайд</p> <p>Жол белгілері </p> <p>Әріптер</p> <p>Буындар,сөздер құрау.</p>
--	--	---

	<p>3. Т.Ж. «Тыңда» Тыңдалым,айтылым 1.«Менің мектепке баратын жолым» тақырыбында бос тор көзге тиісті сөздерді оқушыларға тапқызу. 2. «Жол белгілері» не деп тіл қатады? 3. «Сенің мектепке келер жолыңда қандай жол белгілері бар?»»</p> <p>Дескриптор: 1.«Менің мектепке баратын жолым» тақырыбында бос тор көзге тиісті сөздерді оқушыларға табады. 2. «Жол белгілерін» сөйлетеді. 3. Сенің мектепке келер жолыңдағы жол белгілерді атайды.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қалыптпстырушы бағалау : Смайлик</p> <p>4.Т.Ж.«Адасқан әріптер» ойыны Оқушыларға адасқан әріптер беріледі. Осы әріптерден сөздер құрау ұсынылады. 1.«Қазақ әріпі» тобы 2.«Брайль әріпі» тобы А,Л,Р,О,Т,Н, Дескриптор: • 1.Адасқан әріптерден сөздер құрайды 2. Т дыбысының қай буында кездесетінін анықтайды.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қалыптпстырушы бағалау : Смайлик</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
--	---	------------------------

	<p>Дәптермен жұмыс:</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бас әріппен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырады. • Гигиеналық талаптарға сай жазады. <p>Саусақ жаттығуы: Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат Кері байланыс: БББ Қалыптпстырушы бағалау : Смайлик</p>	
Соңы	<p>«Мен не үйрендім ?»</p> <p>Кері байланыс: «Бағдаршам» Қалыптпстырушы бағалау : Смайлик</p> <p>Зейін қойып сабаққа қатысқандарыңызға рахмет!</p>	Бағдаршам
Қосымша мәліметтер		
Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

<p>жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>жоспарлайсыз?</p>	
<p>Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендірді. Сабақ өз деңгейінде өтті. Мұғалімнің көмегімен жол белгілерін ажыратып, жол ережелері туралы әңгімеледі. Дыбыстардың мағыналық қызметін түсінді. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазуға машықтандырдым. Буындап оқуыды. Уақытты ұтымды пайдаландым.</p> <p>Брайль шрифтімен әріптерді жазу, нашар көретін балалар жазбаша, графикалық нормаларға сәйкес анық жазды.</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1. Білім алушылар оқу бағдарламасына сәйкес Қазақ әрпі мен Л.Брайль әрпін білді. 2. Ұ.Ж. Т.Ж. Ж.Ж. ұйымдастырылды Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1. Ата-анамен ұйымдастырған «Кім тапқыр?» видео жазба арқылы жүргізілді ойыны 2. «Адасқан әріптер» ойыныда оқу бағдарламасына сәйкес Қазақ әрпі мен Л.Брайль әріптерінен буын құрады.</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? 1. Жақсы оқитын білім алушыларға тапсырмасын күрделендіру. 2. Л.Брайль әріптерімен оқитын білім алушыларға екі буындық сөздерді жаздыртып, оқыту үйрету.</p>		

--

Қысқа мерзімді жоспар

Пән: Дүниетану		Мектеп: «Болашақ» мектеп-интернаты	
Ортақ тақырып: «Дені саудың – жаны сау»		Мұғалімнің аты: К.О.Конысбекова	
Күні: 21.06.2017 жыл			
Сынып: 1 «А»		Қатысқандар: 8	Қатыспағандар:
Сабақ тақырыбы	Айналадағы қауіп – қатер		
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>1.2.1.2. Табиғатта өзін – өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру.</p> <p>1.1.4.6. Шұғыл көмек қызметтерін біледі және олармен шұғыл хабарласу жағдайын анықтау.</p>		
Сабақмақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Айналадағы қауіп – қатер туралы біледі. Қауіпті жағдайда дұрыс әрекет жасай алады.		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезіне алады. Қауіп – қатерден сақтану жолдары бойынша мысал келтіреді.		
	Кейбір оқушылар орындай алады: Қауіпсіздік ережелерін қарастырады. Қажетті жағдайда құтқару жолдарын орындайды.		
Бағалау критерийлері	<p>1. Табиғатта өзін – өзі ұстаудың ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсінеді.</p> <p>2. Шұғыл көмек қызметтерін біледі және олармен хабарласу жағдайын анықтайды.</p>		
Тілдік мақсат	Оқушылар әңгімелесу, білу, түсіну, талдау барысында қауіптерді ажырата біліп, тұжырым жасайды, тірек сөздерді байланыстыра сөйлеудің дағдысын қалыптастырады.		
	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Қоршаған орта – окружающий мир – environment; құтқару қызметі – служба спасения - rescue service;		
	Талқылауға арналған сұрақтар: <p>1. Көп қабатты үйлердің балконындағы қауіпсіздікті білеміз бе?</p> <p>2. Бөтен, иесіз, кезбе жануарларға қамқорлық жасауға бола ма?</p>		

	<p>3. Допты қайда ойнау керек ?</p> <p>4. Судағы қауіп –қатерді білесің бе?</p> <p>5. Суға үлкендердің бақылауынсыз шомылуға бола ма?</p> <p>6. Кейбір өсімдіктердің қауіпті екенін білесің бе?</p> <p>7. Тамақ ішер алдында қолымызды жуамыз ба?</p> <p>8. Жеміс- жидектерді қалай пайдаланамыз?</p>	
Құндылық тарды дарыту	Қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, қауіп –қатерді білуге, досқа көмек көрсете білуге, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану (табиғат, жер, өсімдік, өзен т.б.), математика (кеңістік ұғымдары, пиктограммалар), денешынықтыру (жылдамдық, шапшаңдық).	
АКТ қолдану дағдылары	Проектор, суреттер, электронды лупа	
Бастапқы білім	<p>Ұ. «Қауіпсіздік» туралы алғашқы білім</p> <p>«Абайла, қауіпті!» ойыны: Ойын кезінде қырлы, үшкір, кескіш заттарды атаңыздар!</p> <p>Сөздерді оқыңыз. Қауіп туғызатын заттар мен оларды абайсызда қолданудан туындайтын әрекеттерді білдіретін сөздерді сәйкестендіріңіз.</p> <p>Қайшы, шанышқы, пышақ, тоқитын біздер, ине, түйреуіш, шеге (Суреттері көрсетіледі.)</p> <p>Мына заттар қауіпсіз болуы үшін қандай ережені сақтау қажет екенін сұраймын.</p> <p>Жауап тыңдалады.</p> <p>1. Барлық, кескіш, үшкір заттар өз орны болатынын біледі</p> <p>2. Осы заттардың қайсысын біз қолданамыз, қолдану барысында қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін айтады.</p> <p>3. Байқампаз және мұқият болсаң, ешқандай жаман оқиғаға ұрынбайтынын біледі.</p>	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт есебі		ресурстар
Басы	<p>«Ой шоғырландыру»</p> <p>I. Оқушылар бір – бірімен амандасады.</p> <p>Сабқты Абайдың қара сөзімен бастаймын. Жаңаны үйрену үшін;</p> <p>1. Көкірегңі ояу, білуге ынталануың керек;</p> <p>2. Басқа ойдан қашық болу;</p>	Сызба:

	<p>3. Мұқият тыңдау; 4. Еске түсіру, бірнеше рет қайталау;</p>  <p>Суреттерге мұқият қараңыз. Әр суреттегі жедел көмек көрсету қызметінің атауын және телефон нөмірін жазыңыз.</p> <p>(Осы суреттер оқушыларға таратылып беріледі. Қызмет көрсетудің атауын, телефонын жазады Қауіпсіздіктің үш қызметі бойынша топтарға бөлінеді.)</p> <p>Топқа бөлу: 1. «Өрт қауіпсіздігі» 101 2. «Полиция» 102 3. «Жедел жәрдем» 103</p>	Суреттер
Ортасы	<p>Суретпен жұмыс Ж. Үйдегі қауіпсіздік туралы жұптар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап алады. Әр жұп өздеріне берілген сюжетті сурет пен тыйым белгілерді ажыратады.</p> <p>«Бір сөйлеммен түйіндеу»</p>	Суреттер, пиктограмма

	<p>Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер сіріңке, қауіпсіздік,балкон,қауіп – қатер, абайсызда, үтік, газ сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады.</p> <p>1.Үйде мұқият, байқап жүрсе еш қауіп болмайтынын біледі. 2.Қауіпсіздік тыйым белгілерін нақтылайды. 3.Қауіп-қатер болаған жағдайда шешімді іс-әрекеттер жасайды.</p> <p>Т.«Құтқару қызметі ескертеді» Бейнетаспадан көргенін әңгімелейді. «Ыстық орындық» Мақсаты: Сұрақтарды зерделеп, ұстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді. «Ыстық орындық» әдісімен әр топтан 1 оқушы бейнетаспадан көрген өз ойын нақтылайды.</p> <p>Дескриптор: 1. Сюжетті суреттер бойынша болжайды. 2.Тыйым белгілерін біледі. 3. Бейне таспадан көргендерін әңгімелейді.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қ.Б. «Смайликтер»</p> <p>Т.Минуттық шешім» Тірек сөздерді пайдаланып, оқиганы тұжырымдайды. (қоршаған орта, құтқару қызметі) Суретке мағыналы атау берген топты атамын. Тірек сөздер:Қоршаған орта –окружающий</p>	<p>khabar. kz Бейне таспа</p>
--	---	-----------------------------------

	<p>мир – environment; құтқару қызметі – служба спасения - rescue service;</p> <p>1. Суреттегі оқиғаларды түсіндіреді. Суреттерге ат қояды</p> <p>2. Сұрақтарға жауап береді. Мәтінді түсініп оқиды</p> <p>а.Көп қабатты үйлердің балконындағы қауіпсіздікті білеміз бе?</p> <p>ә.Бөтен, иесіз,кезбе жануарларға қамқорлық жасауға бола ма?</p> <p>б.Допты қайда ойнау керек ?</p> <p>в.Судағы қауіп –қатерді білесің бе?</p> <p>г.Суға үлкендердің бақылауынсыз шомылуға бола ма?</p> <p>д.Кейбір өсімдіктердің қауіпті екенін білесің бе?</p> <p>е.Тамақ ішер алдында қолымызды жуамыз ба?</p> <p>ж.Жеміс- жидектерді қалай пайдаланамыз?</p> <p>3. Қиын жағдайда дұрыс әрекет етуге үйренеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. Көшедегі және судағы қауіп-қатерді біледі.Суреттерге ат қояды.</p> <p>2.Мәтінді түсінеді, түсіндіреді.</p> <p>3.Кез келген уақытта күтпеген қауіп-қатерден сақтану жолдарын біледі.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қ.Б. «Смайликтер»</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>«Серпіліс» Ережені ең мазмұнды жазған оқушыны анықтаймын. Ө.Ереже құрастыру:</p>	<p>Оқулық, проектор,тірек сөздер,суретке қатысты сұрақтар</p>
--	---	---

	<p>1. Оқулықтағы 87 беттегі сурет арқылы оқушылар өз қауіпсіздік ережесін құрастырады.</p> <p>2. Мәтінді оқып талдайды. Ойын алаңдарында ғана ойнау керектігін айқындайды.</p> <p>3. Табиғатта, өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсінеді.</p> <p>Суреттерде табиғатта өзін-өзі ұстаудың қандай ережелері бейнеленген? Жазыңыз.</p> <p>Мысалы:</p> <p>1. Гүлдерді болмайды. _____</p> <p>2. Ағаштардың бұтақтарын болмайды.</p> <p>3. Құстардың ұясына болмайды. _____</p> <p>4. Жануарларға болмайды. _____</p> <p>5. Жасыл желекті _____ болмайды.</p> <p>6. Бұл жерде _____ болмайды</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. Өз қауіпсіздік ережесін ойлап табады.</p> <p>2. Бөгде адаммен қарым – қатынасқа түспеу керектігін біледі.</p> <p>3. Тірек сөздердің мағынасын жете түсінеді, қоғамдық орында өзін мәдениетті ұстайды.</p> <p>Кері байланыс: БББ Қ.Б. «Смайликтер» Сен білесің бе? айдары</p> <p>1. Құтқару қызметі туралы мағұлмат беру.</p> <p>2. Қауіп төнгенде кез келген телефоннан қоңырау шалу тегін екенін атап өту.</p> <p>3. Құтқарушы адам қандай болу керек?</p> <p>Құтқару қызметі туралы слайд көрсетіледі. Елімізде Құтқару қызметі бар. Оның номері – 112. Көмек қажет болғанда, осы номерге</p>	<p>Үлестірмелі парақ, қаламсап, пиктограммалар</p>
--	--	--


хабарлас

.Бұл ақысыз қызмет. Үздіксіз күні – түні жұмыс атқарады. ТЖҚ

«Өзен жағасындағы демалыс»

Ө. Дәптермен жұмыс:

1. Құтқару қызметі туралы мағұлмат алады.
2. Құтқару қызметінің телефон номерін біледі.
3. Қауіп төнген кезде кез келген телефоннан хабарласа алады.



Дескриптор:

1. Суретті бояйды.
2. Өзен жағасындағы қауіпсіздік ережесін жазады.
3. Табиғатта тыйым салынған әрекеттерді жазады.

(Немесе тыйым салынатын шартты белгілермен белгілеуге болады.)

Кері байланыс: БББ

Қ.Б. «Смайликтер»

«Мағынаны тани білу»

Т. Орындап көр: (Оқушыларға бірлесе жұмыс істеу үшін парақ таратылып беремін. Бұл тапсырмада олар құтқарушыға көмектесетінін айтамын. Ескерту белгілерін ойлап тауып, суретін салуы тиіс. «Мектеп – үй» бағыты бойынша жүріп өтіп, адамдардың өміріне қауіп төндіретін жерлерге өз белгілерін қояды.

Тексеру барысында бұл белгілерді қайда орналастыратынын айтуы және көрсетуі

Проектор, слайд

	<p>тиіс.)</p> <p>1.Ескерту белгілерін салады,бояйды. 2. Әр топ өздері талқылаған суреттерді есіне түсіріп, үш ескерту ойлап табады. 3.«Мектеп-үй» бағыты бойынша қауіпті жерлерге өз ескерту белгілерін қояды. Ескерту белгілерін таныстырады.</p> <p>«Үй мен МЕКТЕП»</p> <p>Дескриптор: 1. Әр топ өз қауіпсіздік белгілерін құрастырады. 2.Қауіпсіздік белгілерін модельдейді 3.Ескерту белгілерін таныстырады Кері байланыс: БББ Қ.Б. «Смайликтер»</p>	<p>Дәптер, түрлі-түсті қаламдар,өшіргіш, қаламсап б1 – жұмыс парағы.</p> <p>«Мектеп – үй» сызбасы Постерпарағы,маркер, пиктограммалар, суреттер</p>
Соңы	Кері байланыс: БББ Қ.Б. «Смайликтер	Кері байланыс парақшасы
Қосымша мәліметтер		
Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

<p>«Серпіліс» Ө.Ереже құрастыру: 1.Барлығы:- Оқулықтағы 87 беттегі сурет арқылы оқушылар өз қауіпсіздік ережесін құрастырады. (Жасыл желекті -----болмайды.) 2. Көпшілігі:Мәтінді оқып талдайды.Ойын алаңдарында ғана ойнау керектігін айқындайды. (тыйым таңбасынан қарап ереже құрастырады) 3.Кейбірі: Табиғатта, өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсінеді. Тыйым ережесін өзі құрастырады. .</p>	<p>Бағалау парағы, смайликтер Ынталандыру, белсенділікті арттыру, пәнге деген қызығушылығын ояту.</p>	<p>Сергіту сәті,Қауіпсіздік ережесін сақтау. Үйдегі қауіпсіздік сіріңке,газ жақпау, балконнан төмен еңкеймеу, үшкір заттарды ұстамау, кейбір өсімдіктердің де қауіпті болатынын білу, жолда жүру ережесін сақтау, иесіз жануарлардан сақтану, бөтен адамман қарым-қатынасқа түспеу, үлкендердің бақылауынсыз суға шомылмау ережелері қарастырылды.</p>
<p>Рефлексия Сабқтың мақсаты мен оқу мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабқ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1. 2. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1. 2. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	

III. Іс-тәжірибеден

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек, мұғалімнің міндеті балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру және белгіленген мақсатқа қарай бағыттап отыруы керек»

А.Байтұрсынұлы

IV. Қорытынды

***«Оқытудың өзі дамытуды тудырып отырады.»
Л.С.Выготский***

Қорыта келгенде, бала қандай жағдайда болмасын, баланың-аты бала. **«Жақсы сөз, жан семіртеді.»** (халық даналығы) Зағип және нашар көретін балаға мақтау, мадақтау арқылы көңілін көтере, еркіндікті сезіндіре, шабыт бере отырып, оқыту мен дамыту, тәрбиелеу барысында жұмыс нәтижелі болады. Әр баланың физиологиялық, психологиялық ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыта, түзете отырып, жұмысты дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. «Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады» – деп атап көрсеткен .

Қазіргі таңда сапалы білім беру мәселесі қоғамды толғандырып отыр. Себебі, қарыштап дамып келе жатқан технологиялық прогресс кезеңінде өскелең ұрпақтың білім деңгейі замануи талапқа сай болуы қажет. «Неге оқыту керек?», «қалай оқыту керек?», «не үшін оқыту керек?», нәтижелі қалай оқыту керек?», - деген сұрақтарға жауап іздеген ғалымдар оқыту үдерісін «технологиялық» жолмен жүруге әрекет жасады. Оқытуды нәтижесінде кепілдемесі бар өндірістік технологиялық процеске айналдыру, осыған байланысты педагогикалық технологиялар бағыты пайда болды. Педагогикалық әдебиеттерде «технология» түсінігі әр түрлі сөз тіркестерінде қолданылады: педагогикалық технология, ақпараттық технология, компьютерлік технология, білім беру технологиясы, тәрбиелеу технологиясы, біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың технологиясы, оқытудың дәстүрлі технологиясы және т.б олардың даму динамикасы сол құбылыстың эволюциясында көрініс табады.

Педагогикалық технология ұғымы ғылымға бірнеше жылдар бойы ене бастады. Технология (гректің *techne*-«өнер», «шеберлік», «икемділік» және *logos*-ілім) қандайда бір процестегі іске асырылатын әдістердің жиынтығы болып табылады.

Жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды көптеген педагог-психологтар оқу үдерісінде баланың өз бетінше ақыл-ойының дамытуы деп қарастырады. Баланың білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беретін жол деп қарастырады. Міне, мұндай жағдайда оқушы алға қойған жалпы мақсатқа белсенді араласу, топ пен ынтымақтастықта қызмет ету арқылы белсенді түрде оқу үдерісіне араласады, бір-бірін тексеру, талдау арқылы білім алуға деген ішкі қажеттілік сезім пайда болады. **«Қазақстан - 2050» стратегиясында** – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты жолдауында елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет» делінген.

Олай болса, көру қабілеті зақымданған бала қоғамнан өзінің мызғымас орнын тауып, білімді, ұлттық санасы оянған, мәдениетті, ойлау дәрежесі биік, елін сүйетін, Ата заңын орындайтын Мемлекетіміздің азаматын тәрбиелеп оқыту әрбір ұстаздың міндеті. Арнайы мамандармен біріге отырып, мүмкіндігі шектеулі баланың сапалы білім алуына, қоғамның тең дәрежелі жеке тұлға болуына нәтижелі түзету жұмыстары жүргізілуде.

Зағип және көруінде ақауы бар балаларды тәрбиелеп, білім сапасын көтеру, қазіргі кезеңдегі педагогикалық жаңа технологияларды дұрыс пайдалану әрекеті көптеген тәжірбиелі мұғалімдер, педагог-психологтар, ғылыми ізденушілер, тифлопедагогтардың, әдіскерлердің жүйелі де тиімді әдіс-тәсілдерінен, талпынысынан туындады.

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды енгізіп, зағип

оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жетелеу. «Қазіргі білім беру саласында, мұғалімдер жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес!»-деп қорытындыға келемін.

V.Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.К. Тупогонов «Основы коррекционной педагогики» Москва 2008
2. В.П. Ермаков, Г.А. Якунин «Основы тифлопедагогики развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения.» Москва 2000
3. Б.К.Тупогонов «Тифлопедагогические требования к современному уроку» метод. Рекомендации. 2001.
- 4.«Қазақстан - 2050» стратегиясы желтоқсан , 2012 жыл. /интернет/
Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев
- 5 Денискина В.З. «Коррекционная направленность уроков математики в начальных классов для с нарушением зрения.» - Москва Просвещение, 2002
- 6.Абаева Ғ.А. «Сезім түйсігі мен ұсақ моториканы дамыту бағдарламасы» (көрмейтін ақыл-ойының жетіспеушілігі бар балаларға арналған) Алматы 2009
- 7.«Развитие мелкой моторики у младших школьников с нарушением зрения»
Л. В. Мясникова Диссертация 2010г. ГОУ ВПО «Челябинский государственный педагогический университет» /интернет/

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін)
білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің
5-6 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау»
пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)**

Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

14. Тамақтану (5 сағат):

- 1) ас ішу кезіндегі ережелер: ас ішу саймандары мен құралдары; оларды қолдана білу, ас ішу ережелерін сақтау, түскі және кешкі асқа дайындалған тағамдар мен ас ішу саймандарын дастарханға дұрыс қою, астан қалған ыдыстарды жуу және дастарханды жинау;
- 2) асүй/ас ішу бөлмесінде бағдарлау: асүйлік жиһаздардың, құрал-саймандардың және ыдыстардың жалпы орналасуы;
- 3) аспазшының жұмысы, асүйдің жабдықтары: кастрөл, мультипісіргіш және оларды пайдалану ережелері; көретін серіктестің көмегімен осы аспаптарды қолдану арқылы қарапайым тағамдарды дайындау;
- 4) негізгі азық-түлік және оларды сақтау ережелері: сусындар – шай, кофе, какао, кисель, компот; шай демдеу, кофе әзірлеу;
- 5) ас әзірлеу: тиімді тамақтанудың негіздері; тамақ ішу тәртібі; суға піскен

жұмыртқа; таңғы асқа дайындалған бутербродтар;

б) қазақ халқының ұлттық тағамдары: қышқыл сүттен дайындалған тағамдар (құрт, ірімшік, қатық).

15. Тұрмыстық бейімделу (7 сағат):

1) жеке тазалық: дененің барлық мүшелерін тазалай білуге және дұрыс күтуге дағдыландыру; дене шынықтыру;

2) деңсаулықты және қалдық көру қабілетін жыл мезгіліне байланысты сақтау ережелерін білу; өз диагнозын, көру талдағыштың ауруын білу және соның негізінде деңсаулығы мен қалдық көру қабілетіне зиян келтірмес үшін өзіне-өзі күш салу нормасын, өзіне жарамды спорт түрлерін таңдау;

3) киім және аяқ киім: киімдегі таңбалар, ақ және түрлі-түсті кір киімдерді жуу ережелері, кір жуатын машинаның жұмыс тәртібі, ұсақ бұйымдарды жуу, жуылған кірді кептіру, дымқыл аяқ киімді құрғату;

4) үйдін/пәтердің жабдықтануы: негізгі жиһаздардың бөлменің ішінде орналасуы;

5) үйді жинастыру мен тазалау: құрғақ және ылғал тазалап жуудың тәртіптері; кітап сөресін, кіші шкафтарды жинау; жууға арналған химиялық құралдарын қауіпсіз қолданудың ережелерімен танысу.

16. Әлеуметтік әрекеттесу (12 сағат):

1) қарым-қатынас ережелері мен этикеті: қарым-қатынас формалары, тілдесу кезіндегі мимика мен ымдарды қолданудың маңыздылығы; қарым-қатынас барысында денені дұрыс қалыпта ұстауды бекіту;

2) тілдесу кезінде ымдар мен мимиканы дұрыс пайдалану; қол алысу (тең құқықты, үстем, құрметтеуші);

3) ұлттық этикеттегі айырмашылық (қазақ, еуропалық, шығыс);

4) көретін адамдармен қарым-қатынасты жасаудың этикеті; көретіндермен бірге бағдарлау; алып жүруші адаммен бірге жүрудің ережелері; алып жүрудегі қарым-қатынастың этикасы;

5) жатақхана ережелері, интернатта тұрудың ерекшелігі;

6) көрмейтін және нашар көретіндердің еріксіз «қосарласқан қозғалыстары», оларды түзету жолдары;

7) туыстық қатынас/отбасы: туысқандық байланыстар, отбасының ататегі, отбасылық дәстүрлер, ата-аналарымен бірге өткізілетін іс-шаралар.

17. Әлеуметтік-мәдени мекемелеріндегі және көлік аясындағы әлеуметтік әрекеттесу (10 сағат):

1) тілдесуде замануи құралдарды пайдалану;

2) шаштараз: шашты сәндеп тарауда өзара көмектесу; шашты, теріні күтіп қарау;

3) медициналық көмек: медициналық қызмет көрсету (аурухана, клиника, емхана, дәріхана, медициналық жедел жәрдем қызметі 103, алғашқы жәрдем қорабы (мақта, бинт, жасыл дәрі (зеленка), жабыстырғыш (пластырь));

4) көше қиылысы, бағдаршамның жарық белгісі мен дыбыстық сигналы; көше қиылысын өту ережесі, жолдың жиегімен жүру; көліктің негізгі түрлері; көшені өту үшін көмек сұрай білу.

Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 5 - сынып:

5 - сынып

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			
Менің Отаным - Қазақстан	1.Тамақта ну	1.1.Ас ішу кезіндегі ережелер	5.1.1. 1.Ас ішу саймандары мен құралдары, оларды қолдана білу 5.1.1.2. Түскі және кешкі асқа дайындалған тағамдарды дұрыс қою.
		1.2.Ас ішу бөлмесінде бағдарлау	5.1.2.1.Ас үй жиһаздарымен құрал саймандарының орналасауы.
		1.3.Аспазшының жұмысы, ас үйдің жабдықтары	5.1.3.1. Ас үйдің жабдықтары және қарапайым тағамдарды дайындау. Мультитісіргіш.
		1.4. Негізгі азық-түлік және оларды сақтау ережелері	5.1.4.1. Сусындар: шай демдеу, кофе әзірлеу.
		1.5.Ас әзірлеу. Қазақ халқының ұлттық тағамдары	5.1.5.1. Таңғы асқа бутербродтар дайындау. 5.1.6.1.Қышқыл сүттен дайындалған тағамдар.
2 тоқсан			
Адами құндылықтар	2.Тұрмыстық бейімделу.	2.1.Жеке тазалық	5.2.1.1. Дене тазалығы. 5.2.1.2. Дене шынықтыру.
		2.2.Денсаулықты	5.2.1.3.Диагнозына байланысты өзін күту

		және қалдық көру қабілетін сақтау ережелері.	ережелері, өзіне жарамды спорт түрлерін таңдау.
		2.3.Киім және аяқ киім.	5.2.1.4. Кір жуатын машинаның жұмыс тәртібі. Киімдегі таңбалар: ақ және түрлі түсті кір киімдерді жуу ережелері. 5.2.1.5. Дымқыл аяқ киімдерді құрғату.
		2.4.Үйдің, пәтердің жабдықталуы.	5.2.1.6. Жиһаздың орналасуы.
		2.5.Үйді жинастыру және тазалау.	5.2.1.7.Жинастыру тәртіптері: жууға арналған химиялық құралдарының қауіпсіз қолдану ережелері.
		2.6 Ас үйдегі ыдыстарды дұрыс орналастыру	5.2.1.8 Ас үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау (электр пеші, ыстық шай,ыстық тамақ)
		2.7. Сөредегі киімдердің дұрыс жиналуы.	5.2.1.9. Киім кешек сөрелерін өз бетінше жинау,киімдерді үтіктеп қаттау.
3- тоқсан			
Мәдени мұра	3.Әлеу меттік әреттесу.	3.1 Қарым-қатынас ережелері мен этикеті	5.2.1.1.Қарым-қатынас ережелері. 5.2.1.2 Мимика мен ымдарды қолданудың маңызыдылығы. 5.2.1.3. Қарым - қатынас барысында денені дұрыс ұстау.
		3.2.Тілдесу кезінде ымдар мен мимиканы дұрыс пайдалану.	5. 2.1. 4. Сөйлесу және әңгімелесу тәртібі. 5.2.1.5 Қол алысу құрметі.

		3.3.Көретін адамдармен бірге бағдарлау	5.2.1.4.Алып жүруші адамдармен бірге жүрудің ережелері. 5.2.1.5.Алып жүрудегі қарым -қатынас этикасы.
		3.4 Ұлттық этикеттегі айырмашылық	5.2.1.6. Қазақ, еуропалық этикеттер.
		3.5.Жатақхана ережелері	5.2.1.7.Жатақхананың ішкі ережелері. 5.2.1.8 Жалпы ережелері
		3.6. Интернатта түрудың ерекшеліктері	5.2.1.9. Жатақхананың интернаттан айырмашылығы. 5.2.1.10 Интернаттың ішкі ережелері
		3.7.Көрмейтін және нашар көретіндердің еріксіз "қосарласқан қозғалыстары", оларды түзету жолдары	5.2.1.11.Көрмейтін және нашар көретіндердің қозғалыстары түзету жолдары
		3.8 Туыстық қатынас	5.2.1.12 Туыстық байланыстар. 5.2.1.13 Туысқандық қатынастар
		3.9. Отбасы	5.2.1.14 Отбасының берік болуының маңыздылығын түсіну. 5.2.1.15."Менің отбасым" тақырыбында өзінің шығармашылық жұмысын ұсыну.
		3.10. Отбасындағы мінез құлық тәртібі	5.2.1.16. Отбасылық дәстүрлерді қазақ халқының салт - дәстүрлерін сақтау 5.2.1.17. Өз бетінше мерекелік ашық хат дайындау.

		3.11.Дененің тік ұстауын қалыптастыру	5.2.1.17 Сыртқы келбетін қадағалау (отыру қалпында денесін тік ұстау, әдемі жүру, келбетінің және киімінің ұқыпты болу)
		3.12.Қағаз ақша	5.2.1.18.Жақын маңдағы супермаркетке саяхат жасау.
4-тоқсан			
Мамандықтар әлемі	Әлеуметтік - мәдени мекемелеріндегі және көлік аясындағы әлеуметтік әрекеттесу	4.1. Шаштараз	5.2.1.1 Шашты сәндеп тарауда өзара көмектесу және құралдарымен таныстыру. 5.2.1.2.Шашты, теріні күтіп қарау.
		4.2 Медициналық көмек	5.2.1.3. Медициналық қызмет көрсету (аурухана, клиника) 5.2.1.4. Медициналық жедел - жәрдем қызметі 103. 5.2.1.5 Алғашқы жәрдем қорабы (мақта, бинт жасыл дәрі)

	4.3.Бағдаршамның жарық белгісі мен дыбыстық сигналы.	5.2.1.6. Көше қиылысынан өту ережесі, жолдың жиегімен жүру. 5.2.1.7.Көшеден өту үшін көмек сұрай білу. 5.2.1.8 Көліктің негізгі түрлері.
	4.4. Асты даярлау.	5.2.1.9 Қайнатылған көкөністерден салат даярлау, түсіндіру 5.2.1.10 Практикада асханалық электрондық құралдарды (сковоротка, мультиварка) қолдану.
	4.5.Әртүрлі тағамдар және оның адам өміріндегі маңыздылығы	5.2.1.11. Адамның денсаулығына пайдалы және зиянды тағамдарды, адам өміріндегі тағамның ролін айқындау
	4.6.Асхана ыдыстары мен құралдары, тағайындалуы	5.2.1.12.Таңғы ас, түскі ас, кешкі асқа үстелді жаю даярлау. 5.2.1.13. Тамақтанғаннан кейін ересек адамның көмегінсіз үстел үстін жинау
	4.7 Үй және ұялы телефондарды қолдану ережелері	5.2.1.14 Почта түрлері, почта экскурсия жасау. 5.2.1.15.Мұғалімнің көмегімен мерекелік ашық хат жасау.
	4.8. Дүкендер және оның мәні	5.2.1.16.Тауар сатып алудың негізгі ережелерін меңгеру. 5.2.1.17. Дүкенге саяхат

Болашаққа саяхат	4.9. Денсаулық негізі	5.2.1.18 Жеке денсаулығына ең бастысы өзі жауапты екенін түсіну. 5.2.1.19. Адам денсаулығы үшін зиянды заттарды білу (темекі шегу, ішімдік ішу).
	4.10.Үй дәрі қорапшасы және оның мәні мен қолдану	5.2.1.20. Үй дәрі қобдишасы құрамын кіретін (жарақатты өңдеу, сөйлейтін термомертді) медициналық құралдардың қызметін, атауын, қолдану ережесін практикада пайдалану.

Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Тамақтану (6 сағат):

- 1) ас ішу кезіндегі ережелер: ас ішу кезінде әдеп сақтау ережелерін бекіту, қонақты шақыра білу, қонаққа шақыруды қабылдай алу, қонақ күту тәртібін білу;
- 2) асүйде/ас ішу бөлмесінде бағдарлау: асүйдің/ ас ішу бөлмесінің санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтау, таңғы және түскі ас дастарханын әзірлеу;
- 3) асүйлік жабдықтары: ыдыс-аяқ түрлері (шәугім, шәйнек, электршәйнек, таба, қазан), оларды қолдана білу;
- 4) тамақ әзірлеу: тамақ дайындаудың санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтау (қол жуу, алжапқыш пен орамал тағу); жарма, жарма түрлері, мультипісіргіште ботқа пісіру; көкеністер, олардың түрлері, көкеністердер салат дайындау;
- 5) кешкі ас дастарханын әзірлеу; шайды демдей алуды, ерігіш кофе дайындай білу; қонақтарға салқын сусындарды ұсынып беруді үйрету;
- 6) қазақтың ұлттық тағамдары: қышқыл сүттен жасалған сусындар (қымыз, шұбат, айран).

19. Тұрмыстық бейімделу (6 сағат):

- 1) жеке тазалық: санитарлық-гигиеналық ережелер; көру қабілетін қорғау ережелері және гигиенасы, салауатты өмір салтын сақтау маңыздылығы; зиянды әдеттер: ішімдік ішу, есірткі қабылдау, шылым шегу;
- 2) киім және аяқ киім: күнделікті киетін киімді мөлшерге, қажетті үлгіге, маусымға сәйкес таңдай білу, оны күту; кірді қолмен жуу; іш киімді, шұлықты күнделікті ауыстыру;
- 3) үйдің/пәтердің жабдықтануы: бөлмені/пәтерді безендіру, бөлменің ішкі көрінісін құрайтын ірі және ұсақ заттары;
- 4) үйді тазалау: шансорғыш, үйді құрғақ тазалау және тазалап жуудың дағдыларын бекіту, жұмсақ жиһаздарды, корпустық жиһаздарды күтіп, тазалау.

20. Әлеуметтік әрекеттесу (10 сағат):

- 1) қарым-қатынас жасаудың/тілдесудің ережелері мен этикеті: өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау ұғымдары, өзін-өзі сырттан қарап бағалау («басқа жақтан көзқарас»);
- 2) қарым-қатынастың, әлеуметтің маңыздылығы жайлы әңгімелесу; сөйлеу тілдің мәдениеті, тілдесуде әдеп сақтау. «Амандасу», «Қонақ күту», «Қонақтарды шығарып салу» тренингтері;
- 3) әлеуметтік желі жүйелерінде қарым-қатынас жасау; әлеуметтік желілерді, электронды поштаны пайдалана білу; әлеуметтік желілер жүйелерінде қарым-қатынас жасаудың қауіпсіздігі; «Виртуалдық алаяқты қалай тануға болады» тренингі;
- 4) телефон арқылы тілдесу, СМС жіберу арқылы қарым-қатынасқа түсу; «тірек» сөздерді, этикет фразаларын телефон арқылы сөйлеуде қолдана білу; туыс-тумаларға, жақын адамдарға жылы ықылас білдіру; көру талдағыштың көмегінен телефон нөмерін теру;
- 5) көрмейтін балалардың қоршаған ортасының кеңею барысында жаңадан қосылған мұғалімдерді, тәрбиешілерді, құрдастарды, туысқандарды қабылдай алу мен тану икемін бекіту. «Жүрістен тану», «Мені таныдың ба?», «Дауыстан тану»

тренингтері;

6) гендерлік тәрбие: ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі; етеккір циклі, етеккір циклінің күнтізбесін жүргізу; поллюция; етеккір және поллюция кезінде тазалық ережелерін сақтау; жеткіншек жас кезеңіндегі тершеңдік пен тері аурулардан сақтану;

7) туыстық қатынас/отбасы: тілдесудегі мимиканың, мәнерліліктің маңыздылығы; жақындармен және бейтаныс адамдармен кездесуде, бейтаныс жерге барғанда, қоштасу кезінде жүріс-тұрыстың алгоритмі.

21. Әлеуметтік-мәдени мекемелеріндегі және көлік аясындағы әлеуметтік әрекеттесу (10 сағат):

1) автожолға саяхат, көлікті дыбыстан тану: троллейбус, автобус, трамвай, жеңіл көлік; жол жүру ережелері; «Біз көшеде жүрміз» атты тәжірибелік сабақ: түрлі бағдарлағыштарды пайдаланып (күннің орналасуын, жапырақтардың сыбдырын, көліктің шуын) таныс бастапқы жерден таныс соңғы жерге дейін өз бетінше бару;

2) қоғамдық көліктің белсенді өмір сүру үшін маңыздылығы; қоғамдық көліктің аялдамалары; қоғамдық көліктің ішінде жүрудің ережелері.

22. Нормативті-құқықтық сауаттылық (2 сағат):

1) Қазақстан Республикасының негізгі нормативті-құқықтық құжаттары, Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Баланың құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы; көру қабілетінің бұзылуынан болған мүгедектерге берілген жеңілдіктер.

Ұзақ мерзімді жоспар:

2) 6 - сынып:

6 - сынып

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан			
Менің Отаным - Қазақстан	1.Тамақтану	1.1. Ас ішу кезіндегі ережелер	6.1.1.1. Ас ішу кезінде әдеп сақтау ережелерін білу. 6.1.1.2. Қонақ күту тәртібін білу.
		1.2. Ас ішу бөлмесінде бағдарлау.	6.1.2.1 Ас ішу бөлмесінің санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтау. 6.1.2.2. Таңғы және түскі ас дастарханын әзірлеу.
		1.3. Ас үйдің құрал - жабдықтары.	6.1.3.1 Ыдыс - аяқ түрлері және оларды қолдана білу.(шәугім, шәйнек, электршәйнек).
		1.4. Тамақ әзірлеу.	6.1.4.1. Тамақ дайындаудың санитарлық - гигиеналық ережелерін сақтау (қол жуу, алжапқыш пен орамал тағу). 6.1.4.2. Көкөністер және олардың түрлері. Көкөністерден салат дайындау.
		1.5. Кешкі ас дастарханын әзірлеу.	6.1.5.1 Шайды демдей алуды білу. 6.1.5.2 Қонақтарға салқын сусындарды ұсынып беруді үйрету.
		1.6. Қазақтың ұлттық тағамдары	6.1.6.1 Қышқыл сүттен жасалған сусындар (қымыз, шұбат, айран).

2- тоқсан			
Адами құндылықта р	2.Тұрмыстық бейімделу.	2.1.Жеке тазалық	6.2.1.1. Салауатты өмір салтын сақтау. 6.2.1.2 Санитарлық - гигиеналық ережелерін білу. 6.2.1.3 Зиянды заттардан аулақ болу (ішімдік ішу, шылым шегу).
		2.2 Киім және аяқ киім.	6.2.2.1 Күнделікті киетін киімдерді маусымға сәйкес тандай білу және оны күту. 6.2.2.2. Іш киімді, шұлықты күнделікті ауысыру және кірді қолмен жуу.
		2.3. Аяқ киім түрлері	6.2.3.1 Ересек адамның көмегінсіз аяқ киімдерді анықтау, салыстыру.
		2.4. Үйді және пәтерлерді жабдықтау.	6.2.4.1 Бөлмені, пәтерді безендіру. 6.2.4.2 .Бөлменің ішкі көрінісін құрайтын ірі және ұсақ заттармен жабдықтау.
		2.5. Үйді тазалау.	6.2.5.1.Үйді шансорғышпен тазалау. 6.2.5.2. Жұмсақ жиһаздарды күтіп тазалау. 6.2.5.3 Өз бетінше бөлмедегі тазалық пен тәртіпті сақтау
		2.6. Көз гигиенасы	6.2.6.1. Компьютермен жұмыс жасау барысында көзді күту ережесін сақтау. 6.2.6.2 Көзге бөтен заттар түскен жағдайда медицина

			қызметкерлерінің көмегіне жүгіну.
3- тоқсан			
Қоршаған ортаны қорғау.	Әлеуметтік әрекеттесу	3.1 Қарым -қатынас жасаудың ережелері мен этикеті.	6.3.1.1.Өзін -өзі сырттан қарап бағалау. 6.3.1.2 Сыйлықтарды қабылдай алу, сыйлық беру.
		3.2. Қарым - қатынастың маңыздылығы жайлы әңгімелесу.	6.3.2.1.Сөйлеу тілдің мәдениеті. 6.3.2.2. "Амандасу", "Қонақтарды шығарып салу" тренингтері.
		3.3.Әлеуметтік желі жүйелерінде қарым - қатынас жасау.	6.3.3.1 Әлеуметтік желілерді, электронды почтаны пайдалана білу. 6.3.3.2. Әлеуметтік желілер жүйелерінде қарым -қатынас жасаудың қауіпсіздігі.
		3.4.Әлеуметтік желілер арқылы қарым - қатынас жасау.	6.3.4.1.Телефон арқылы тілдесу. 6.3.4.2 СМС арқылы қарым - қатынасқа түсу. 6.3.4.3. Туыс - тумаларға, жақын адамдарға жылы ықылас білдіру.
		3.5.Көрмейтін және нашар көретін балалардың қоршаған ортадағы адамдарды тануы.	6.3.5.1 Мұғалімдерді, тәрбиешілерді, құрдастарды қабылдай алу және тану. 6.3.5.2. "Жүрістен тану", "Дауыстан тану" тренингі.

		3.6. Гендерлік тәрбие.	6.3.6.1. Етеккір циклінің күнтізбесін жүргізу. 6.3.6.2. Етеккір кезінде тазалық ережелерін сақтау. 6.3.6.3. Жеткіншек жас кезеңіндегі тершеңдік пен тері аурулардан сақтану.
		3.7. Туыстық қатынас	6.3.7.1 Жақындармен және бейтаныс адамдармен тілдесу.
		3.8." Отбасы "	6.3.8.1. Отбасы туралы түсініктер, отбасы құрамын білу. 6.3.8.2. Отбасындағы мінез- құлық тәртібі.
		3.9. Дүкендер және оның мәні.	6.3.9.1. Тауар сатып алудың негізгі ережелерін меңгеру.
		3.10. Қағаз ақша	6.3.10.1. Ақшамен сатып алу, жақын маңдағы супермаркетке саяхат жасау.
4-тоқсан			
Мәдени мұра	Әлеуметтік - мәдени мекемелеріндегі және көлік аясындағы әлеуметтік әрекеттесу	4.1. Көлікті дыбыстан тану	6.4.1.1 Автобус, трамвай, жеңіл көлік. 6.4.1.2. Таныс бастапқы жерден таныс соңғы жерге дейін өз бетінше бару. 6.4.1.3. "Біз көшеде жүрміз" атты тәжірибелік сабақ.
		4.2. Қоғамдық көліктің маңыздылығы	6.4.2.1. Қоғамдық көліктің аялдамалары. 6.4.2.2. Қоғамдық көліктің ішінде жүрудің ережелері.
		4.3. Жалпы мәдени	6.4.3.1. Қоршаған

		құзыреттілік	ортаға, үлкен адамдарға көңіл бөлу және сыйластықпен қарау 6.4.3.2 Қоғамдық ортадағы мінез - құлық ережелері туралы білу
		4.4. Денені дұрыс ұстауын қалыптастыру	6.4.4.1. Сыртқы келбетін қадағалау (әдемі жүру, келбетінің және киімінің ұқыпты болуы)
		4.5. Денсаулық негізі	6.4.5.1 Жеке денсаулығына ең бастысы өзі екенін түсіну 6.4.5.2. Дәрілерді қабылдау тек дәрігердің кеңесімен рұқсат етілетінін білу.
		4.6. Шаштараз	6.4.6.1.Шашты, теріні күтіп қарау. 6.4.6.2. Шашты сәндеп тарауға өзара көмектесу.
		4.7. Медициналық көмек	6.4.7.1.Медициналық қызмет көрсету (аурухана, дәріхана, клиника).
		4.8.Алғашқы жәрдем қорабы	6.4.8.1.Мақта, бинт, жасыл дәрі, жабыстырғыш түрлерімен таныстыру.
		4.9. Қаланың ірі мәдени - тұрмыстық мекемелері туралы	6.4.9.1Кинотеатр (фойе, көрермендер залы,сахна). 6.4.9.2 Супермаркет (азық - түлік секцияларымен сөрелері, кассалар).

Нормативті -құқықтық сауаттылық	4.10. Аялдамада бағдарлау.	6.4.10.1. Қоғамдық көлікке міну және түсу. 6.4.10.2. Көзі көрмейтін адамдар үшін қоғамдық көлікпен жүру ережелері
	4.6.ҚР негізгі нормативті - құқықтық құжаттары	6.4.6.1. ҚР Конституциясы. 6.4.6.2. "Баланың құқықтары туралы". 6.4.6.3. Көру қабілетінің бұзылуынан болған мүгедектерге берілген жеңілдіктер.

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Қалдық көру қабілеті мен көру түйсігін дамыту және сақтау» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Диагностика (1 сағат):

- 1) көру қабілетін сақтаудың мәні туралы білім алушылардың білімдерін нақтылау;
- 2) білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау.

14. Көруді сақтау (4 сағат):

- 1) көру анализаторларының маңыздылығы туралы әңгіме, көру қабілетінің нашарлауы мен жоғалту қаупі туралы факторлар;
- 2) түзетудің оптикалық құралдарын күту (көзілдірік, лупалар, линзалар);
- 3) көздің шаршағанын басу үшін қарапайым манипуляцияларды және амалдарды үйрету: көзді жиі жыпылықтату, жұму, қабақты жеңіл жабу, жұмулы көзді саусақтың ұшымен сипалау, жайлап басу, алақанмен уқалау және қыздыру жаттығулары, көру жұмыстарына мақсатты түрде үзіліс жасау және;
- 4) аккомодацияға жаттығулар, белгісі бар әйнекке қарап жаттығу;
- 5) көру аймағы ұғымы (жанынан көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы), көру өрісін анықтайтын құрал – периметр;
- 6) келбетті пішіннің көруді сақтауға әсері;
- 7) дене шынықтыру режимі, көруді сақтау үшін оны орындау.

15. Түстерді қабылдау (4 сағат):

- 1) жарықтық пен қанықтықтың өсуі/төмендеуі жағдайында түстерді қабылдау

жаттығулары;

2) негізгі үш спектрдің ауданында (қызыл, көк, жасыл) дифференциалдық сезімталдығын дамыту;

3) түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу;

4) оюларды, клеткаларды, геометриялық фигураларды әртүрлі түстермен бастыру;

5) бөліктерден бүтінді құрастыру, өрнектерді бояу және құрастыру;

6) көру жадысын жетілдіруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар;

7) «Жаратылыстану» пәнінің бағдарламасына сәйкес «Ағаштар», «Бұталар», «Шөптесін өсімдіктер», «Гүлдер» жайлы көріністерін нақтылау және қалыптастыру.

16. Пішінді қабылдау (6 сағат):

1) геометриялық фигуралардың (жұлдыздар, түрлі конфигурациядағы сопақтар) ұлғаю диапазоны;

2) нүктесінің жылжыған кездегі бейнелерді ажырату жаттығулары (оңға-солға, жоғары-төмен, алыс-жақын);

3) жазық және көлемді бейнелердегі кескіндерді тану жаттығулары;

4) көлемді және бейнеленген заттардың суреттерін салыстыру.

17. Шаманы қабылдау (6 сағат):

1) көптеген заттардың ішінен берілген мөлшердегі затты бөлу (қабылдайтын заттарды өсу саны, қабылдайтын затқа дейінгі арақашықтық);

2) көрнекіліктерге сүйене және сүйенбей, заттарды шамасына қарай ажырату;

3) стереоскопиялық көру қабілетін дамытуға арналған жаттығулар: шаманың үш параметрі бойынша көлемді затты бағалау;

4) бұрышы өзгергендегі затты қабылдаудың мәнін анықтауға арналған жаттығулар;

5) мәндік ұғымдарды бекітуге арналған дидактикалық ойындар және жаттығулар.

18. Қабылдаудың біртұтастылығы мен егжей-тегжейлілігін дамыту (8 сағат):

1) көз қозғалысының функциясын дамытуға, аккомодация деңгейін жоғарылатуға, көруді қарқындатуға әсер ететін жаттығулар мен тапсырмалар;

2) талдап байқауды дамытуға арналған жаттығулар: заттарды қабылдау, бүтін бөлікті бөлшекке бөлу, заттың дифференциалдық сапасы мен қасиеттері, қабылдаудың сөздік сипаттауы («менің орамалым қызыл, ал сенікі көк; менікі үшбұрышты, ал сенікі шеңбер, менікі тегіс, ал сенікі оюмен»);

3) толтырылған суреттер мен кескіндерді салыстыру жаттығулары; артық затты бөлу, бірнеше айырмашылығы бар, ұқсас суреттерді біріктіру;

4) бүтін бөліктің көлемді жартыларын жинау;

5) затты алдынан және артынан бейнелейтін суреттердің жартыларын жинау (қуыршақ артынан және алдынан, рюкзак алдынан және артынан);

6) синоптофордағы жаттығулар: бір заттың екі суретін (әрқайсысының бөлек бөлшегі бар) тұтас суретке біріктірудегі іс-қимылдар қызметі.

19. Сюжетті суреттер мен картиналарды қабылдау (4 сағат):

1) белгілі алгоритм бойынша сюжетті суреттерді кезеңмен біртұтас қылып қабылдауды үйрету: сюжеттің тақырыбын анықтау; сюжеттік суреттегі болып жатқан оқиғаның уақыты мен орнын нақтылау; суреттегі оқиғаның негізгісін және қосымшасын анықтау; сюжеттік іс-әрекеттің динамикасын анықтау.

20. Диагностика (1 сағат):

1) білім алушылардың көру арқылы қабылдауының даму деңгейін бағалау.

Ұзақ мерзімді жоспар

5 сынып 34 сағат

Ортақ тақырыптары	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары
	Диагностика	1.1.Көру қабілетін сақтаудың мәні туралы білім алушылардың білімдерін нақтылау	5.1.1.1. білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау.
Менің Отаным Қазақстан	2. Көру қабілетін сақтау	2.1. Көз гимнастикасы	5.2.1.1.көру анализаторларының маңыздылығы туралы білу
		2.2. Көз гигиенасы	5.2.2.1 түзетудің оптикалық құралдарын күту (көзілдірік, лупалара, линзалар); 5.2.2.2. көздің шаршағанын басу үшін қарапайы манипуляцияларды және амалдарды үйрету. 5.2.2.3. көру аймағы ұғымы (жанынан көру, орталық көру, көру аймағының таралуы
	3. Түстерді қабылдау	3.1. Жарықтық пен қанықтықтың өсуі/ төмендеуі жағдайында түстерді қабылдау	5.3.1.1. негізгі үш спектрдің ауданында (қызыл, көк, жасыл) дифференциалдық сезімталдығын дамыту
		3.2. Түстерді салыстыру және келістіру	5.3.2.1. түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу
		3.3. Бөліктерден бүтінді құрастыру, өрнектерді бояу және құрастыру	5.3.3.1. көру жадысын жетілдіруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар
	Адами	4. Пішінді	4.1. Заттың кескіні мен көлемін қабылдау

құндылықтар	қабылдау		кескіндерді тану жаттығулары 5.4.1.2. бейнелерді ажырату жаттығулары
		4.2. Көлемді және бейнеленген заттардың суреттерін салыстыру	5.4.2.1. күрделі геометриялық пішіндерді сараптай білу, құрамдас бөлшектердің барлық конфигурацияларын бөлу. 5.4.2.2. күрделі жағдайларда кескіндердің суреттерін түсіну және қабылдауды игеру (қабаттасқан суреттер)
		4.3. Мозайкамен, конструктормен жұмыс	5.4.3.1. жеке белгілері бойынша заттарды топтастыру және көрсету
Мамандықтар әлемі	5. Шаманы қабылдау	5.1. Заттарды көлемі, ұқсастығы және айырмашылығы бойынша классификациялауға арналған жаттығулар	5.5.1.1. көптеген заттардың ішінен берілген мөлшердегі затты бөлу
		5.2. Заттарды шамасына қарай ажырату	5.5.2.1. мәндік ұғымдарды бекітуге арналған дидактикалық ойындар жаттығулар 5.5.2.2. көлемді заттардың үш өлшеу мәні болатынын түсіну
Шама	6. Қимыл – қозғалысты қабылдау	6.1. Алыстағы заттың қозғалыс бағытын анықтауға арналған жаттығулар	5.6.1.1. «Транспорт» тақырыбы бойынша көру қабілетін игеру. Жол қозғалысы ережелерін білу
Табиғи құбылыстар	7. Қабылдаудың біртұтастылығы мен егжей-тегжейлігін дамыту	7.1. Көз қозғалысының функциясын дамытуға аккомодация деңгейін қарқындатуға әсер ететін жаттығулар мен тапсырмалар	5.7.1.1. талдап байқауды дамытуға арналған жаттығулар: заттарды қабылдау, бүтін бөлікті бөлшекке бөлу, заттың дифференциалдық сапасы мен қасиеттерін білу
		7.2. Толтырылған суреттер мен кескіндерді салыстыру жаттығулары.	5.7.2.1. артық заттарды бөлу, бірнеше айырмашылығы бар, ұқсас суреттерді

			біріктіруді білу 5.7.2.2. бүтін бөліктің көлемді жартыларын жинауды білу
		7.3. Синоптофордағы жаттығулар.	5.7.3.1. бір заттың екі суретін (әрқайсысының бөлек бөлшегі бар) тұтас суретке біріктірудегі іс-қимылдау қызметі. 5.7.3.2. заттың алдынан және артынан бейнелейтін суреттердің жартыларын жинауды білу.
Қоршаған ортаны қорғау.	8. Сюжетті суреттер мен картиналарды қабылдау	8.1. Заттарды кескіні бойынша және контурлы кескіні бойынша анықтауға арналған жаттығулар	5.8.1.1. белгілі алгоритм бойынша сюжетті суреттерді кезеңмен біртұтас қылып қабылдауды үйрету: сюжеттің тақырыбын анықтау; сюжеттік суреттегі болып жатқан оқиғаның уақыты мен орнын нақтылау 5.8.1.2. суреттегі оқиғаның негізін және қосымшасын анықтау; сюжеттік іс-әрекеттің динамикасын анықтау
		8.2. Басып шығарылған суреттермен жұмыс	5.8.2.1. күрделі сюжетті суретті қабылдай білу
	Диагностика	9.1. Көру қабілетін сақтаудың мәні туралы білім алушылардың білімдерін нақтылау	5.9.1.1. білім алушылардың көру арқылы қабылдауының даму деңгейін бағалау

Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Диагностика (1 сағат):

1) білім алушылардың көру арқылы қабылдау деңгейін бағалау.

22. Көру қабілетін сақтау (4 сағат):

1) оптикалық құралдарды күту біліктіліктерін бекіту;

2) денсаулық пен көруді сақтауға саналы қатынастың мәні туралы әңгіме;

3) көздің сыртқы бұлшық еттеріне арналған жаттығулар;

4) көздің ішкі бұлшық етіне жаттығу;

5) айналасындағы бұлшық еттерге жаттығу;

6) Бейтс-әдісі бойынша жаттығу;

7) көз шаршауының алдын-алуға ұсынылған жаттығулар;

8) көзді демалдыруға арналған жаттығулар;

9) көзге арналған жалпы нығайту жаттығулары;

10) көру қабілетін сақтау үшін орындалатын физикалық жүктемелердің тәртібі.

23. Түстерді қабылдау (4 сағат):

1) жарықтық пен қанықтықтың өсуі/төмендеуі жағдайында спектрдің негізгі түстерін және оның реңдерін қабылдау жаттығулары;

2) түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу;

3) өрнектерді құрастыру және бояу;

4) іс-әрекеттегі көру эталондарымен еркін өңдеуге арналған жаттығулар;

5) «Жаратылыстану» пәнінің бағдарламалық материалына сәйкес «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» жайлы көріністерін нақтылау.

24. Пішінді қабылдау (4 сағат):

1) жазық және көлемді бейнелердегі заттарды салыстыру;

2) жазық бейнелерді салыстыру;

3) бейнеленген ұқсас заттық бейнелерді салыстыру;

4) «Жаратылыстану» пәнінің бағдарламалық материалына сәйкес «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» жайлы көріністерін қалыптастыру.

25. Шаманы қабылдау (4 сағат):

1) көптеген заттардың ішінен берілген мөлшердегі затты бөлу (қабылдайтын заттарды өсу саны, қабылдайтын затқа дейінгі арақашықтық);

2) стереоскопиялық көру жаттығулары: заттардың биіктік/тереңдік параметрлерін және ол туралы түсініктерді салыстыру;

3) қоршаған ортадағы заттарды, оның қалыптасқан түсініктерін салыстыру.

26. Қабылдаудың біртұтастылығы мен егжей-тегжейлілігін дамыту (6 сағат):

1) қоршаған әлемдегі заттар туралы елестерін кеңейту, олардың сапалы мінездемелері мен әрекет ету тәсілдері;

2) заттарды ажырату, оларды мәнді белгілеріне қарай топтастыру;

3) заттарды мәндік бөлімдеріне қарай тану; затты бөлшектеу;

4) құрастыру;

5) мозаика жинау;

- 6) заттық бейнелерді ажырату, талдау, сипаттау, салыстыру;
 - 7) затты және суретті сөздік сипаттама бойынша табуға арналған жаттығулар;
 - 8) бейнелерді үзінді бойынша ажырату, суреттердегі «қателерді» табу;
 - 9) көп кескіндердің ішіндегі «жасырын» бейнелерді табуға арналған жаттығулар;
 - 10) көріп бақылаумен берілген суреттерді жазықтық үстінде құрастыру (қағаз бетінде, грифель тақтасында).
27. Сюжетті суреттер мен картиналарды қабылдау (6 сағат):
- 1) статикалық және динамикадағы сюжетті суретті қабылдау үшін компьютерлік техниканы: сюжетін өзгертіп, бейнелеудің пішінін, мөлшерін, түсін, жарықтығын, шектеулерін өзгертіп пайдалану;
 - 2) көру арқылы қабылдау жылдамдығын және қасиеттерін кинофильм көрсету, оны талқылау және сюжетін әңгімелеу жолымен жаттықтыру.
28. Күрделі іс-қимылдарды қабылдау (4 сағат):
- 1) адамның толыққанды өмір сүруіндегі белсенді қозғалыстың мәні;
 - 2) басқа адамның мимикасына, қимылына және ишарасына қарап, оның эмоционалды күйін ажыратуды және қабылдай білуді бекіту;
 - 3) өзінің сезімін қозғалыс және ишара арқылы адекватты білдіруді үйрету.
29. Диагностика (1 сағат):
- 1) білім алушылардың көру арқылы қабылдауының даму деңгейін бағалау.

Ұзақ мерзімді жоспар

6 сынып 34 сағат

Ортақ тақырыптары	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары
	Диагностика	1.1. Көру қабілетін сақтаудың мәні туралы білім алушылардың білімдерін нақтылау	6.1.11. білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау.
Менің Отаным Қазақстан	2. Көру қабілетін сақтау	2.1. Көз гимнастикасы	6.2.1.1. көру анализаторларының маңыздылығы туралы біліу
		2.2. Көз гигиенасы	6.2.2.1 оптикалық құралдарды күту біліктіліктерін бекіту 6.2.2.2. көздің сыртқы, ішкі және айналасындағы бұлшық еттерге арналған жаттығулар 6.2.2.4. көру қабілетін сақтау үшін орындалатын физикалық жүктемелердің тәртібі
Мәдени мұра	3. Түстерді қабылдау	3.1. Жарықтық пен қанықтықтың өсуі/ төмендеуі жағдайында түстерді қабылдау	6.3.1.1. негізгі үш спектрдің ауданында (қызыл, көк, жасыл) дифференциалдық сезімталдығын дамыту 6.3.1.2. түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу
		3.2. Бөліктерден бүтінді құрастыру, өрнектерді бояу және құрастыру	6.3.2.1. көру жадысын жетілдіруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар
		3.3. «Жаратылыстану» пәнінің	6.3.3.1. «Жануарлар», «Құстар»,

		бағдарламалық материалын қабылдау	«Балықтар», «Жәндіктер» жайлы көріністерінің түстерін нақтылау
Адами құндылықтар	4. Пішінді қабылдау	4.1. Заттың кескіні мен көлемін қабылдау	6.4.1.1 жазық және көлемді бейнелердегі заттарды салыстыру 6.4.1.2. жазық бейнелерді салыстыру; бейнеленген ұқсас заттық бейнелерді салыстыру
		4.2. «Жаратылыстану» пәнінің бағдарламалық материалын қабылдау	6.4.2.1. «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» жайлы пішін көріністерін қалыптастыру 6.4.2.2. күрделі жағдайларда кескіндердің суреттерін түсіну және қабылдауды игеру (қабаттасқан суреттер)
Мамандықтар әлемі	5. Шаманы қабылдау	5.1. Стереоскопиялық көру қабілетін дамытуға арналған жаттығулар	6.5.1.1. заттардың биіктік тереңдік параметрлерін және ол туралы түсініктерді салыстыру 6.5.1.2. шаманың үш параметрі бойынша көлемді затты бағалау
		5.2. Қоршаған ортадағы заттарды қабылдау	6.5.2.1. заттардың қалыптасқан түсініктерін салыстыру
Табиғи құбылыстар	6. Қабылдаудың біртұтастылығы мен егжей-тегжейлігін дамыту	6.1. Қоршаған әлемдегі заттар туралы елестерін кеңейту, олардың сапалы мінездемелері мен әрекет ету тәсілдері	6.6.1.1. заттарды ажырату, оларды мәнді белгілеріне қарай топтастыра білу. 6.6.1.2. заттарды мәндік бөлімдеріне қарай тану, білу. 6.6.1.3. затты бөлшектеу, құрастыру, мозайка жинау
		6.2. Заттық бейнелерді ажырату, талдау, сипаттау, салыстыру	6.6.2.1. затты және суретті сөздік сипаттама бойынша табуға арналған жаттығулар

			6.6.2.2. көп кескіндердің ішіндегі «жасырын» бейнелерді, суреттердегі «қателерді» табу
		6.3. Көріп бақылаумен берілген суреттерді жазықтық үстінде құрастыру	6.6.3.1. үстел үстінде, қағаз бетінде, грифель тақтасы
Қоршаған ортаны қорғау	7. Сюжетті суреттер мен картиналарды қабылдау	7.1. Статистикалық және динамикадағы сюжетті суретті қабылдау үшін компьютерлік техниканы қолдану 7.2. Көру арқылы қабылдау жылдамдығын және қасиеттерін нақтылау	6.7.1.1. сюжетін өзгертіп, бейнелеудің пішінін, мөлшерін, түсін, жарықтығын, шектеулерін өзгертіп пайдалана білу 6.7.2.1. кинофильм көрсету, оны талқылау және сюжетін әңгімелеу жолымен жаттықтыру
Болашаққа саяхат	8. Күрделі «с-қимылдарды қабылдау	8.1. Адамның толыққанды өмір сүруіндегі белсенді қозғалыстың мәні	6.8.1.1. кеңістікте еркін қозғалатын белсенді жаттығулар
		8.2. Басқа адамның мимикасына, қимылына және ишарасына қарап тану	6.8.1.1. эмоционалды күйін ажыратуды және қабылдай білуді бекіту 6.8.2.2. өзінің сезімін қозғалыс және ишара арқылы адекватты білдіруді үйрету
	9. Диагностика	9.1. Көру қабілетін сақтаудың мәні туралы білім алушылардың білімдерін нақтылау	5.9.1.1. білім алушылардың көру арқылы қабылдауының даму деңгейін бағалау

Қазақ тілі

2 сынып

Көмекші бағдарлама

Құрастырған: Аязбекова Айгүл Ерубайқызы

**Жұмыс орны: Жамбыл облысы Сарысу ауданы
Жаңатас қаласы Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-
гимназиясы**

Мамандығы : Бастауыш сынып мұғалімі

Түсінік хат

Қазақ тілінің заңдары мен ережелерін оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларымен үйлестіре отырып білуі. Қазақ тілі бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі. Сауатты жазу , оқу - білімділіктің басы. Күнделікті өмірде жан-жағымызды барлайтын болсақ, сауатты жазатын адамдар өте аз кездеседі. Пунктуациялық, құрылымдық қателерге кешіріммен қарауға болады. Алайда , орфографиялық қателерге жол беруге болмайды. Бүгінгі таңда жұртшылық әлеуметтік желілер арқылы хат алмасуда белсенді. Соның әсері болар, көпшілік қауым әріп тастап кету, орнын алмастыру, сөз тіркестерінің бірге жазылуы , жалғау мен жұрнақтардың дұрыс қолданылмауы, кейде тіпті буындардың қалып қоюы сынды айтарлықтай қателіктерді жиі жібереді. Нәтижесінде түсініксіз сөздердің жазылуы тағы да түсініспеушілікке әкеліп соғады. Сауатымызды арттыру үшін не істеуіміз керек? Қазақтың төл сөздері не бірыңғай жуан, не

бірыңғай жіңішке болып келетінін ұмытпауымыз керек, соған сай қосымшалар да біркелкі жалғанады. Дегенмен, кейбір сөздерге тән арнайы ережелер бар. Көркем әдебиетті көбірек оқыту керек. Қатемен жұмысты жиі жасау керек. Қайталау жақсы нәтиже береді. Шылау мен жалғауды ажыратып үйрену керек. Олар үшін сөздің мағынасына көбірек мән беру қажет. Ауызекі сөйлеу барысында қысқа сөйлесеніз де, жазғанда сауатты болу шарт. Ой жинақылығы маңызды. Не жазатыныңызды сараптап алыңыз! Бастауыш сыныптағы сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады ережелерін ескеру қажет. Сол кезде дыбыс қалдырудан, буынға бөліп тасымалдаудан қиналмайды. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер бар. Екінші буында көп жағдайда еріндіктердің кездеспейтінін де есте сақтау керек. Оқушы осындай ережелерді есте сақтаса, сауаттылыққа бір табан болса да жақын жүреді. Оқушыға жан-жақты ізденуге арналған тапсырмалар ұсына отырып, олардың алған білімдерін пысықтап, сауатты жазуға дағдыларын қалыптастыру, өз бетінше талдауға үйрету. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, лексикасы мен грамматикалық құрылымын терең меңгерту. Сауатты жазу – дұрыс ойлаудың көрінісі. Оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жазу дағдыларын дамытуға көмегін тигізеді.

Мақсаты:

Оқушылардың грамматикалық сауаттылығын дамыту. Бағларламалық талаптарға сай білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Каллиграфиялық талаптарға сай сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі салалары бойынша білім, білік дағдыларын тереңдету, сөздік қорларын молайту.

Міндеттері:

- дыбыстың айтылуы мен жазылуын меңгерту;
- оқушылардың сөздік қорын байыту;
- көркем жазуға тәрбиелеу;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру;
- дыбыстық жүйені, фонетика, лексика мен грамматиканы терең меңгерту;
- шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- есте сақтауларын жүзеге асыру;

Күтілетін нәтиже:

➤ Оқушылар талдау түрлерін орындау кезінде мұғалімнің көмегінсіз талдай алатын болады.

➤ Сауаттылықтары артып, таза, көркем жазуға деген қызығушылықтары арта түседі.

➤ Сонымен бірге сөз таптарын, жай сөйлемдерді сатылай кешенді талдау барысында бұл талдау түрін жақсы меңгергендіктері байқалады.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



- ОҚЫ



- жаз



- айт



- күрделі тапсырма



- ізден



- есіңе сақта



- ойлан

Қазақ тілі пәнінен күнтізбелік – тақырыптық жоспар
2 сыныпқа арналған көмекші бағдарлама
Барлығы – 34 сағат, аптасына – 1 сағат

Сағат саны	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	I тоқсан		

1	Менің ана – тілім қазақ тілі. Сөйлеу не үшін қажет?	1	
2	Ауызекі және жазбаша сөйлеу	1	
3	Диалог. Маналог.	1	
4	У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы.	1	
5	У әріпінің жазылуы	1	
6	И, й әріптерінің жазылуы	1	
7	Я әріпінің жазылуы	1	
8	Ю әріпінің жазылуы	1	
	II тоқсан		
9	Мәтін дегеніміз не?	1	
10	Мәтіннің құрылымдық бөліктері	1	
11	Мәтін және оның түрлері	1	
12	Сөйлем дегеніміз не?	1	
13	Хабарлы сөйлем	1	
14	Сұраулы сөйлем	1	
15	Лепті сөйлем	1	
16	Сөйлемдегі сөздердің байланысы	1	
	III тоқсан		
17	Сөз және оның мағынасы	1	
18	Мағынасы қарама- қарсы сөздер . Антоним сөздер.	1	
19	Мағынасы бір-біріне жақын мәндес сөздер . Синоним сөздер.	1	
20	Дыбысталуы бірдей мағыналары әр басқа сөздер . Омоним сөздер.	1	
21	Сөз құрамы. Түбір және қосымша.	1	
22	Жұрнақ пен жалғау	1	
23	Сөз таптары	1	
24	Зат есім	1	
25	Жалқы есім және жалпы есім	1	
26	Зат есімнің жекеше және көпше түрі	1	
	IV тоқсан		
27	Етістік	1	
28	Дара және күрделі етістік	1	
29	Дара және күрделі етістік	1	
30	Сын есім	1	
31	Дара және күрделі сын есім	1	
32	Сан есім	1	
33	Дара және күрделі сан есім	1	
34	Мен не үйрендім	1	

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты, 2012 жыл.
3. Қазақстан Республикасының Білім Ғылым Министрлігі бекіткен бастауыш білім берудің бағдарламасы
- 4.Қазақ тілі оқулықтары 1,2,3,4 сыныптар
- 5.Мұғалімдерге арналған қазақ тілі пәніне әдістемелік құрал.
- 6.Әліппе. Көмекші мектеп 1сыныпқа арналған әдістемелік . Алматы 2012 жыл.
- 7.Диалогтық сөйлеу тілін дамыту. Логопед пен тәрбиешілерге арналған әдістемелік . Алматы 2012 жыл.
- 8.Қазақ тілі 2 сынып жаңа электронды оқулығы.



Мұхтар Әуезов атындағы мектеп – гимназиясы

Қазақ тілі

2 сынып (Әдістемелік)

Құрастырған: Аязбекова Айгүл
Ерубайқызы

1 сабақ

Менің ана тілім-қазақ тілі. Сөйлеу не үшін қажет?



1. Әріптерді буындарды есіне түсіріп оқыту. Отбасы жайында әңгімелету.




От-ба-сы

Са-ра қу-ыр-шақ ой-нап о-тыр.
Ы-бы-рай — о-қу-шы. Ол са-бақ
о-қып о-тыр. А-па то-қып отыр.
Ата ■ а ■ т о ■ ы ■ отыр.



2. Сөйлемдерді оқыту.



Ке-мел — о-қу-шы. Тор-ғай то-ғай-да
бо-ла-ды.

То-ғай-ды тор-ғай
қор-ғай-ды.

Ол  о-қып о-тыр.



3.Өлеңді көтеріңкі дауыспен мәнерлеп, түсініп оқы .

Ана тілі

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.
Ан тілің-арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

2 сабақ

Ауызекі және жазбаша сөйлеу

1.Мәтінді оқып, онда не айтылғанын анықта.

Ауызекі сөйлеу – біз дыбыстап айтатын немесе құлағымызбен еститін сөйлемдер. Ауызша сөйлеуге тіл, тіс және ерін қатысады.

Ал, жазылып берілетін хабарды **«жазбаша сөйлеу»** деп атайды. Жазу үшін адамдар әріпті немесе басқа да таңбаларды пайдаланады.

Тіл арқылы адамдар бір-біріне хабар береді,
білмегенін сұрайды, кеңеседі.

2.Әр сөйлемдегі қимыл иесі сөйлеу тілінің түрін қолданғанын сәйкестендіру арқылы тап.

Ауызекі



● Оқушы тақтаға жазды.

Атасы немересімен әңгімелесті.

Жазбаша



Әсел "Балдырған" журналын оқыды.

Самал хабарландыру жазды.

3. Мақалдардың жалғасын төменнен тап.

Өнер алды – ...

Сөз сөзден туады, ...

Барлық өнерден ...

қызыл тіл.

сөйлем қайдан туады.

сөз өнері күшті.

3 сабақ. Диалог. Монолог.

1. Мәтінді оқу. Мәтін түрін анықтау.

АПАМНЫҢ ҮЙІНЕ БАРАМЫН

- Апам үйіне барамын.
- Апаң үйі не береді?
- Ешкі сауып сүт берер,
Лақ сойып ет берер.
- Оны қайда қоямыз?
- Тал түбіне қоямыз.
- Ит жеп кетсе қайтеміз?
- Бақан ала қуамыз.
- Жеткізбесе қайтеміз?
- Жылай-жылай қаламыз.



2. Сұраққа жауап беру, тапсырмаларды

1. Диалогта қандай заттар аталады?
2. ЛАҚ сөзімен сөйлем құра.
3. ЛАҚ, ТАЛ сөздеріндегі дыбыстарды (л, а, қ; т, а, л) ата.
4. Дыбысқа еліктеу: ит қалай үреді?
ӘУП-ӘУП-ӘУП бірнеше рет қайтала.

орындау.

3. Өлеңді дауыс ырғағымен оқу

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.

-Әй, ата-ай!

4 сабақ.

У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы .

Дауыстыдан соң және сөз басында
дауыстыдан бұрын келген **у** дыбысы дауыссыз болады:

Әуе

Зәуре

Уақыт

1.У дыбысының (дауысты,дауыссыз) түрін сәйкес сөздермен байланыстыр.

Дауысты У ●

● жайлау, тәулік, егеу
сурет, жазу, қуыршақ

Дауыссыз У ●

улап-шулап, ушықты
уақыт, уәде, уық

2.Өлеңді оқы. У дыбысы бар сөздерді тап.

Қуат алған өзіңнен
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

(Ә. Сәрсеков)

3.Тауық сөзіндегі әріптерді пайдаланып , бірнеше сөз тауып айт.



5 сабақ.

У әріпінің жазылуы .

Есіңде сақта!

Ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылса, -ы, -і әріптері түсіп қалады: оқы – оқу, тасы – тасу.

1. У дыбысының айтылуы мен жазылуын салыстыр.


Айтылуы	Жазылуы
тыу	ту
тыура	тура
шыуда	шуда
быура	бура
жыуас	жуас
сыуретші	суретші
оқышы	оқушы
шашуы	шашу

У дыбысы қай дыбыстан соң келгенін байқа.

2. Сөздерге у дыбысын қосып жаз.

күшей		<input type="text"/>
азай		<input type="text"/>
молай		<input type="text"/>
той		<input type="text"/>
көркей		<input type="text"/>
тыңай		<input type="text"/>

3. Суреттен құрамында у дауысты дыбысы бар сөздерді тап.



6 сабақ.

И, й әріптерінің жазылуы .

Есте сақта!

И – дауысты, **й** – дауыссыз дыбыс. И әрпі сөз басында және дауыссыздан соң жазылады: жиек, би, ит, Иса.

Й – әрпі дауыстыдан кейін жазылады: мойын, мейіз, ай, қайыс.

Сиыр, тиін, ит, инелік, киік

Бұл сөздердегі **и** дыбысының айтылуына назар аудар.

1.Өлеңді **и** әрпінен басталатын сөздермен толықтырып оқы.

... **е** керек итке,
... **не** керек жіпке,
... **ба** керек қызға
... **ық** керек жүкке.

(Қ. Баянбай)

2. Көп нүктенің орнына **и, й** әріптерінің тиістісін қойып, жұмбақтың шешуін тап.

...не бел, қылқа мо...ын қара батыр,
Қара тауды арқалап бара жатыр.

3. Көп нүктенің орнына **и** мен **ый** – дың тиістісін

1. Ол үлкендерді с...лайды.
2. С...ыр өрістен қайтты.
3. Әсет домбыраға т...ек жасады.
4. Атасы Қанатқа жаман сөз айтуға т...ым салды.

қой.

7 сабақ.

Я әріпінің жазылуы .

Есіңде сақта!

Сөзде **йа** дыбыстары естілгенімен,
жазуда олардың орнына **я** әрпі жазылады:

мая

сая

таяқ

1.Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақтың шешуіндегі **я** әрпінің қандай дыбыстардан құралғанын байқа.

Тал басында түндіксіз отау



.....

2. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті

Тақи [...], қи [...], қи [...]р, зи [...]н, та [...]қ, а [...]з,
а [...]қ, ша [...]н, жа [...], та [...]қ.

қой.

3. Берілген әріптер қатарына жасырынған сөздерді

Л А С И Я Н М Ш Қ Р Ұ
Т Ұ Я Қ Ж А Л П И Я З
Д Р О М Ә С И Я А М А
Ы Қ Л Б А Я Н С К У Н



тап.

4. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой.

1. Назерке ерте о [..]нды.
2. Ол бо [..]умен сурет салды.
3. Күн ұ [..]сына батты.
4. Сәуле ба [..]ндама жасады.
5. Біз жа [..]у жүрдік.

8 сабақ.

Ю әріпінің жазылуы .

Есіңде сақта!

Сөзде **йу** дыбыстары естілгенімен,
жазуда олардың орнына **ю** әрпі жазылады:
аю
керкею



иу

ю



Сөздердің жазылуын есте сақта.

Миуа, айуан, хайуан, хайуанат

1.Мақалдағы тый сөзіне у әрпін қосып көр. Қандай өзгеріс

*Ішің ауырса, аузыңды тый,
Көзің ауырса, қолыңды тый.*

байқадың?

2. Сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Еңкею әріп, дыбыс бар

Жантаю әріп, дыбыс бар

Миуа әріп, дыбыс бар

Айуан әріп, дыбыс бар

3.Ребусты шеш.



4.Кестені толтыр.

Әріп	Дыбысталуы
Я	йа
Ю	<input type="text"/>

9 сабақ.

Мәтін дегеніміз не?

Есіңде сақта!

Мәтін мағына жағынан өзара байланысты екі не одан да көп сөйлемнен құралады.

Мәтінге ат қоюға болады.

1.Мәтін деген не? Бірінші ,екінші бағандағы сөйлемдерді салыстырып оқы.

Ара – жәндік. Оқушы құстың суретін салды. Апам тон тікті.

Ара – бал беретін қанатты жәндік. Ол гүл шырынымен қоректенеді. Балды омартаға жинайды.

Бірінші бағандағы сөйлемдерде не туралы айтылған?

Екінші бағанда ше?

Қандай айырмашылық байқадың?

Қай бағандағы сөйлемдердің орнын ауыстырып айтуға болмайды?

Неге?

2. Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құра.

Бөлменің ауасы таза. Оның терезелері үлкен. Мынау – менің бөлмем. Оң жақта менің төсегім тұр. Сол жаққа орындықтар қойылған.

3. Сөйлемдерді мазмұндық байланысына қарай реттеп мәтін

Таушешек гүлі кейде "шала бұта" деп те аталады. Оның биіктігі жиырма бестен қырық сантиметрге дейін болады.

Таушешек – көп жылдық өсімдік.

құра.

10 сабақ.

Мәтіннің құрылымдық бөліктері.

Есіңде сақта!

Мәтін үш бөліктен тұрады: басы, негізгі бөлімі, соңы. Әр бөлік азат жолдан бастап жазылады.

Тақырып – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні. Мәтіндегі **негізгі ой** – автордың айтқысы келген бас пікірі. Мәтінге **ат қою** – оның тақырыбын немесе ондағы негізгі ойды қысқаша атау.

1. Мәтінді оқып оған ат

Бұғы сиырға ұқсас мал. Оның мүйізі бұтақша тармақтанып өседі. Олар суыққа төзімді. Қыс кезінде қарға батпай жүру қиын. Ал солтүстік бұғылары қарға батпай жүре алады. Сондықтан олар көлік ретінде пайдаланылады. Бұғылар мүк пен қынаны жейді. Қыста қуатты, жалпақ тұяғымен қарды теуіп жайылады.



таңда.

2. Мәтіннің бөлік атауларын

Кенгуру – өте өзгеше хайуан.
Кенгурудің дене бітімі адам таңғаларлық: артқы аяқтары күшті, құйрығы шомбал, иығы қушық, алдыңғы аяқтары кішкентай және адамның қолына ұқсас келеді.
Кенгуру тек Австралияда ғана сақталып, оның өзінде де аз қалған. Сондықтан ол халықаралық Қызыл кітапқа енгізіліп, қорғауға алынған.

(“Ол кім? Бұл не?” кітабынан)

жаз.

3. Мәтіннің соңғы бөлігін құрастыр.

Ермек бүгін ауырып қалды. Түстен кейін оған Арай мен Нұрым келді. Хал-жағдайын сұрады. Олар әр пәннен өтілген тақырыптарды түсіндірді.

11 сабақ.

Мәтін және оның түрлері.

Есіңде сақта!

Не істеді? Қандай? Неліктен? сұрақтарын қою арқылы мәтіннің не әңгімелеу, не сипаттау, не пайымдау екенін ажыратуға болады.

1. Мәтіннің қандай түрлері болады?

Мен 2-сыныпта оқимын. Бізге Айман апай сабақ береді.

Біздің оқитын сыныбымыз кең, жарық. Төбесі биік, қабырғалары аспақ.

Біз сыныпты таза ұстаймыз. Өйткені, ол – біздің екінші үйіміз. Мұны балалардың бәрі жақсы түсінеді.

Әңгімелеу

Не істеді?

Сипаттау

Қандай?

Пайымдау

Неліктен?

Оқы.

2. Суреттерге қара. Оқиға неден басталды? Оқиға қалай өрбіді? Әрі қарай не болды? Немен аяқталды?



3. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Сұраққа жауап

Ат басты,
Бөкен саны бар,
Секіреді қояндай,
Таусылмайтын әні бар.
Не мақұлық?
Танып ал.

Бұл жұмбақ мәтіннің қай түріне жатады?

- 1. Әңгімелеу
- 2. Сипаттау
- 3. Пайымдау

бер.

12 сабақ.

Сөйлем дегеніміз не?

Есіңде сақта!

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем соңына не нүкте (.), не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.

1. Салыстырып оқы.

Қайсысы сөйлем екенін тап.

- Шекарашылар, қорғайды, ел, шекара
- Шекарашылар еліміздің шекарасын қорғайды.

2. Жақшадағы сөздерді сөйлемнің мазмұнына қарай өзгерт.

Ажар (кітапхана) барды.

(Кітапхана) адам көп.

Ол (кітапхана) кітап алды.

3. Берілген сөздерден төрт сөйлем құра. Тиісті тыны белгісін қой

1. Шөп, кім, қозыларға, берді.

2. Тақтаны, кезекші, ме, сүртті.

3. Таза, ауа, қандай.

4. Аққала, балалар, жасады, қардан.

(?!).

4. Ребусты шеш.



13 сабақ.

Хабарлы сөйлем .

Есіңде сақта!

Хабарлы сөйлемнің соңына нүкте (.) қойылады.



1. Берілген сөздерден үш сөйлем құра. Тиісті тыныс белгісін қой.

барды Кім?	Аида Қайда?	дүкенге Не істеді?	
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	
маңырады Қандай?	Ала Не?	лақ Қайтті?	
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	
келді Неше?	бала Кім?	Екі Қайда?	өзенге Қайтті?
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

2. Мәтіндегі сөйлемдердің тиісті тыныс белгісін

Бұлбұл – кішкентай құс Ол таңертең ағашқа қонып алып сайрайды Бұлбұлдың үні құлаққа өте жағымды

Мәтінге ат қой.

Әнші құс

Бұлбұл

қой.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Нүкте деген – пайымды,
Батыл тыныс белгісі.
Аяқтамай ойыңды,
Келмейді оның көңісі.

Жазып жатқан кездерде
Асықпай-ақ күтеді.
Небір ғажап сөздер де
Сол нүктемен бітеді.

(Қ. Мырза Әли)

Нүкте қай сөйлем түрінен кейін қойылады?

Сұраулы сөйлем

Хабарлы сөйлем

Лепті сөйлем

14 сабақ.

Сұраулы сөйлем .

Есіңде сақта!

Білу және жауап алу мақсатымен айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлемнен соң сұрау белгісі (?) қойылады:

Бүгін қай күн?

1. Мына сұрақтарға жауап бер.

1. Нешінші сыныпта оқисың?
2. Сабақтарың сағат нешеде басталады?
3. Сабақтан кейін не істейсің?

Бұлар қандай сөйлемге жатады?

- Хабарлы сөйлем
- Сұраулы сөйлем
- Лепті сөйлем

Әр сөйлемнен сұраулық мағына білдіріп тұрған сөздерді тап.

2. Өлең шумақтарын мәнерлеп оқы және

Көлге келіп қонады,
Көлдің көркі болады.
Аңшы бірақ атпайды,
Аққудың бар обалы.

(А. Ершуов)

– Сені өсірген баптап кім?
Аққу неткен аппақсың?
– Таза ауада жүремін,
Тұнық суға жүземін.

(Қ. Толыбаев)

Қай ақын сұраулы сөйлемді пайдаланған?

- А. Ершуов
- Қ. Толыбаев

салыстыру.

3. Төмендегі сұрақтар бойынша өзің білетін бір құсты сипаттап

Ол қандай құс?
Оның түр-түсінде қандай ерекше белгілері бар?
Оның қандай пайдасы бар?

жаз.

15 сабақ.

Лепті сөйлем .

Есіңде сақта!

Адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз. Олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемнен соң леп белгісі (!) қойылады.

1. Өлеңді тыңдап балақайдың жауабына назар аудар. Көтеріңкі дауыс ырғағымен айтылған сөздерді тап.

Балақай

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай,
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!

(Қ. Мырза Әли)

2.Сөйлемдерді салыстырып, олардың айырмашылығын дәлелде.

Әкем шаңғы әкелді.
Қар қалың жауды.
Ауа райы жақсы екен.

Алақай, әкем шаңғы әкелді!
Қардың қалың жаууын-ай!
Ауа райы қандай жақсы!



3.Алақай, қандай сөздерін пайдаланып лепті сөйлемдерге айналдыр.

Күн шықты.

Жаңбыр басылды.

Циркке барамыз.

Дала аппақ.

Қауын төтті.

16 сабақ.

Сөйлемдегі сөздердің байланысы .

Есіңде сақта!

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысты болады. Олардың байланысын сұрақ қойып білеміз.

1.Мәтіннен сөздері дұрыс байланыспаған сөйлемдерді

Сиыр өрістен келді. Нұрбол сиыр қора кіргізді.

Апасы сиыр сауды.

тап.

2.Берілген сөздерден сөйлем құра. Сөйлем соңына тыныс белгісін қой.



3. Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерді байланысына қарай ретімен орналастыр.

- Түлкі абайсызда апанға түсіп кетіпті.
- Мұны естіген ешкі де апанға түсіпті.
- Ол ешкіге рақаттанып тұрмын депті.

4. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқы.

Біздің үй ... жақын. Тау аласалау. Таудың етегіне
ну ... өскен. Ағаш арасында неше түрлі ...
болады. Олар ... жәндіктерді теріп жейді. Құстарға
төмеу керек. Құстар ... пайдалы.

Керекті сөздер: зиянды құстар тауға
қарағай адамға


17 сабақ.

Сөз және оның мағынасы.

Есіңде сақта!

Сөз – заттың, сапаның, қимылдың, санның атауы. Мысалы: ай, үй, ақын; тұнық, әдемі; жинады, күлді; жиырма, бір.

1. Қай бағанда сөз жазылғанын



тап.

2. Сөздерді білдіретін мағынасына қарай

Заттың аты:

Түсі:

Қимылы:

Саны:

Адам жапырақ кітап жасыл жылқы жүзді ойнады тоғыз ақ жиырма қоңыр
пісті жеті сұр келді

топта.

3. Қарамен жазылған сөздердің ортақ белгісі мен айырмашылығын тап.

Үкісі бар қарыс,
Бунағы көп қамыс.

Ортақ белгісі

Айырмашылығы

р, м әсерінен сөз мағынасы өзгеріп тұр.
екі сөзде де қ, а, ы, с әріптері бар.

18 сабақ.

Мағынасы қарама- қарсы сөздер .Антоним сөздер.

Есіңде сақта!

Тілімізде мағынасы қарама-қарысы сөздер кездеседі: *ақ-қара, арзан-қымбат, ащы- тұщы.*

Мұндай сөздерді антоним сөздер деп атайды.

1.Әрбір сөздің қарама – қарсы мағынасын тап.

таза –	...	<input type="text"/>	қымбат
жылы –	...	<input type="text"/>	таяз
әлсіз –	...	<input type="text"/>	суық
арзан –	...	<input type="text"/>	мықты
терең –	...	<input type="text"/>	лас

2.Көп нүктенің орнына мағынасы қарама – қарсы сөзді тап.

Ащы мен -ны татқан білер,
 пен жақынды жортқан білер.

3.Мақалдың жалғасын тап.


Дос сыртыңнан мақтар,

Татқаның тәтті болар.

Жаман шайқап сөйлер.

Дұшпан көзіңе мақтар.

4.Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге қарама-қарсы мағыналы сөзді тап.



19 сабақ.

Мағынасы бір-біріне жақын мәндес сөздер .Синоним сөздер.

Есіңде сақта!

Тілімізде мағынасы бір-біріне жақын , бірақ дыбысталуы әр басқа сөздер кездеседі: *әдемі, көрікті; алыс, шалғай.*

Мұндай сөздерді синоним сөздер деп атайды.

1. Тамшылардағы сөздерді мағынасы жуық сөз жазылған көлшіктердің біріне түсір.



2. Өлеңнен мәндес сөздерді тап.

Туыс, тума, туысқан
Тілдеспей-ақ ұғысқан,
Ұзақ шарлап ауланы
Торғай тоңды, жаурады.

(М. Әлімбаев)

3. Мәндес сөздерді бір бөлек, мағынасы қарама-қарсы сөздерді бір бөлек топта.

Мәндес сөздер: ... , ... , ... ,
 ... , ... , ... ,

Мағынасы қарама-қарсы сөздер: ... , ... , ... ,
 ... , ... ,

терең шыдам тайыз көркем уақыт алыс
сұлу ақ биік қара мезгіл зәулім жақын төзім

4. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзге мағынасы жуық сөз тап.



20 сабақ.

Дыбысталуы бірдей мағыналары әр басқа сөздер .Омоним сөздер.
Есіңде сақта!

Дыбысталуы бірдей, білдіретін мағыналары әр басқа сөздер **омоним сөздер**
деп аталады.Мысалы: **алма**-жеміс, **алма**-қимыл атауы: сен оны алма.

1.Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып , сөйлем құра.

Бұл – бала. (момын , жуас)

Айжан – қыз. (әдемі, сұлу)

кітаптарды жыртуға болмайды. (Ескі , көне)

2.Сөйлемдердегі бірдей дыбысталып, әр түрлі мағынаны білдіріп тұрған сөздерді тап. Олардың мағынасын түсіндір.

1. Мақта – өсімдік.
2. Сен досыңды мақта.
3. Қой жайылып жүр.
4. Кітапты орнына қой.

3.Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Жіп – жіңішке,
Көмірдей **қара**.
Таппасаң, бала,
Басыңа **қара**.

(Ө. Ақыпбекұлы)

Қарамен жазылған сөздерге назар аудар. Олардың әр түрлі мағына білдіріп тұрғанын байқа.

Қара¹ – түс

Қара² – қимылдық атау

4.Жұмбақты шеш.

Бірі – ағаш кесу құралы,

Бірі – шырынды бал бұлағы.

21 сабақ.

**Сөз құрамы . Түбір және қосымша.
Есіңде сақта!**

*Сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігін **түбір (түбір сөз)** дейді: көк, біл, кітап.*

*Сөздің түбірге жалғанған бөлігін **қосымша** дейді: көкшіл, білім, кітапта.*

1.Түбір сөз бен қосымшалы сөздерді салыстырып оқы. Түбір сөз бен қосымшалы сөздерге сұрақ қой. Қосымшалы сөздердің мағыналарының өзгерген-өзгермегенін байқа.

Біл – білім – білімді

Таза – тазалық

Бүркіт – бүркітші

Дос – досы – достар

2. Қайысы түбір, қайсысы

Түбір

Қосымша

қосымша?

-дық	үлкен
тау	-дар
-тік	жуан
теңіз	-дай
-шы	-паз

3. Жаңылтпашты жатқа айтып көр. Қарамен жазылған сөздерді түбір мен қосымшаға ажырат.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.

Ғарышқа ұшты ғарышкер.

Айтшы, ғарыш алыс па?

4.Мақалдарды түсініп оқып, қосымшалы сөздерді тап.

1. Сулы жер құрақсыз болмас,
Таулы жер бұлақсыз болмас.

2. Жалғыздың үні шықпас,
Жаяудың шаңы шықпас.

22 сабақ.

Жұрнақ пен жалғау .

Есіңде сақта!

Қосымша жұрнақ, жалғау болып екіге бөлінеді.
Сөз мағынасын өзгертетін қосымшаны жұрнақ дейді:
жұмыс – жұмысшы.

Жұрнақтың белгісі – **Λ** .

Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны жалғау дейді:
жұмыс – жұмыста.

Жалғаудың белгісі – **□** .

1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды

Ауыл шетінде мектеп бар. Айгүл екеуміз сол мектеп
оқимыз. Мектеп іші таза. Терезе үлкен. Біз мектеб
жақсы көреміз.

2.Төмендегі сөздерге тұсындағы жұрнақтардың тиістісін жалға.

-шы, -ші, -шіл, -шыл, -дық, -кер, -шік, -гі, -лы, -қы, -ғы

Би

Іс

Қыс

Қобыз

Орын

Арба

Көп

Талап

Түн

Сауық

Көл

Жаз

3. Сөздерді белгілерімен

Мүйізге	Аспапшы	Сыйлықты

сәйкестендір.

4. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзбен мәтін құрастыр.



,

”



”



23 сабақ.
Сөз таптары.
Есіңде сақта!

Сөздер мағынасына қарай бірнеше сөз таптарына бөлінеді. Сөз таптары – зат есім, етістік, сын есім, сан есім



1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді

Бірінші бағандағы көп нүктенің орнына сын есім, екінші бағандағы көп нүктенің орнына етістік, үшінші бағандағы көп нүктенің орнына сан есім болатын сөздерді жаз. **Керекті сөздер: жауды, алты, үш, сары, үрді, таза.**

1-баған	2-баған	3-баған
<input type="text"/> жапырақ	жаңбыр <input type="text"/>	<input type="text"/> алма
<input type="text"/> ауа	ит <input type="text"/>	<input type="text"/> дәптер

жаз.


2. Сөздерді оқы. Оларға сұрақ қой.

Күн, ата, ақ, отыз, көк, екі, жазды, шықты, үлкен, жазушы, келді, қырық, адам, үй

3. Жаңылтпашты оқып жатқа айт.

Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім,
Неше кіші ішік піштім?

4. Сөздерді өз үйшігіне кіргіз.



24 сабақ.
Зат есім.
Есіңде сақта!

*Заттың атын білдіретін сөзді зат есім дейді. Зат есімдерге **кім? кімдер? не? нелер?** деген сұрақтар қойылады.*


1. Ойлан, тап.

Айналаңа бір уақыт зер салып қарашы. Сені жан-жағыңнан заттар қоршап тұр. Осы заттардың атын білдіретін сөздерді не дейміз?

1. Сан есім
2. Сын есім
3. Зат есім

2. Бірінші **кім?**, екінші **не?** деген сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

1. Берілген сөздердің ішінен жалпы есімдерді



тап.

2. Өлеңнен жалқы есімдерді тап.

Есіліп Есіл ағады,
Жайылып Жайық барады
Сылаң қақса Сыр сұлу,
Шу шулап атой салады.

(О. Асқар)

Бұларды бір сөзбен не дейді?

1. Қала
2. Өзен
3. Жан-жануарларға қойылған атау

3. Суреттерге қара . Олардың астындағы сөздерді



Жидек пен гүл атауы неге кіші әріптен, ал қыз есімдері үлкен әріптен бастап жазылған?

оқы.

26 сабақ.

Зат есімнің жекеше және көпше түрі .

Есіңде сақта!

Зат есімнің **жекеше** , **көпше түрі** болады. **Кім? Не?** сұрақтарына зат есімнің жекеше түрі, **кімдер? нелер?** сұрақтарына зат есімнің көпше түрі жауап береді.

1. Суреттерге қара. Әр суреттегі заттардың санын анықта.



Сөздерді салыстырып оқы. Олардың бір-бірінен өзгешелігін тап.

2.Көптік жалғауларының тиістісін

Ауданда суретші жарысы өтті. Бала сурет салуды жақсы үйренген. Жеңімпаз ға сыйлық тапсырылды.

-лар

-дар

-лер

-тер

-дер

-тар

қой.

3.Зат есімдердің жекеше түрін бір бөлек , көпше түрін бір бөлек топтастыр.

Жекеше

Көпше



аю

тазылар

мүйіз

желімдер

қайыңдар

ұшқыш

айна

бөренелер

қанат

аспаптар

27 сабақ.

Етістік .

Есіңде сақта!

Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді етістік дейді. Етістіктерге **не істеді? қайтті? не қылды?** деген сұрақтар қойылады.

1.Ойлан , тап.

Айналаңдағыларға зер салып қара. Олардың қимылын, не істеп жатқанын білдіретін сөздерді не дейміз?

1. Зат есім

2. Етістік

3. Сын есім

2.Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып

Тоғайда түрлі аңдар . Терең шатқалға қояндар . Қызыл түлкілер тоғайда . Тиіндер ағаштан ағашқа .

Керекті сөздер:
жүреді жасырынады
қой. секіреді болады

3. Орны ауыстырылып берілген сөздермен сөйлем

- 3 2 1 2 1 3
1. Тоғайда, тиін, болады. 2. Дидар, сүргіледі, тақтайды.
- 1 2 3
3. Суардық, малды, біз.

құра.

4. Етістіктерді *не істейді?* *қайтеді?* сұрақтарына жауап беруіне қарай топтап жаз.

Сайрайды, сыпырады, өсіреді, шаңқылдайды, ақырады, емдейді, боздайды.

Не істейді? :

Қайтеді? :

28 сабақ.

Дара және күрделі етістік .

Есіңде сақта!

Етістіктердің *дара* және *күрделі* түрі болады. Дара етістік бір сөзден тұрады: келді.

Күрделі етістік екі , үш сөзден құралады: келе жатыр, оқып отыр.

1. Кестені үлгі бойынша толықтыр.

Дара етістік	Күрделі етістік
ұшты	ұшып барады
күреді	<input type="text" value="..."/>
құйды	<input type="text" value="..."/>
үйді	<input type="text" value="..."/>
сүзді	<input type="text" value="..."/>

2. Суреттегі зат атауларын олардың қимылын білдіретін сөздермен сәйкестендір.

1. ызыңдайды

2. мияулайды

3. шақырады

4. үреді

3. Орны ауыстырылып берілген сөздермен сөйлем құра.

1. Тогойла түйін бөзеді. 2. Дидар сүргіледі тақтаңы.

3. Сүзді, ұшты, біз.

29 сабақ.

Дара және күрделі етістік .

1. Орны ауыстырылып берілген сөздермен сөйлем құра.

1. Салып отыр, Әсет, сурет. 2. Ертегі, оқыды, Сәуле.

3. Жылы жаққа, құстар, ұшып кетті. 4. Әсел, биледі.

2. Әр қатардағы артық сөзді тап және неге артық екенін дәлелде.

1. Оқыды, ұшты, ала, сөйледі.
2. Жауды, жауып тұр, оқып отыр.
3. Сұрады, бес, шақырды, жүгірді.

3. Жаңылтпашта берілген етістіктерді тиісті қазанға орналастыр.

Қазанда шұжық жүр,
Үш шұжық жүзіп жүр,
Шұжықшыл Жүсіп жүр,
Шұжықты сүзіп жүр.



30 сабақ.

Сын есім .

Есіңде сақта!

Заттың түрін, түсін , сапасын білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сын есімдерге **қандай? қай?** деген сұрақтар қойылады: қызыл, әдемі , тәтті, жақсы, үлкен.

1. Затты берілген белгілері бойынша тауып жаз.

1. ... – түзу, ұзын. 2. ... – аппақ, суық.

(қант, қар, көше, қасқыр)

2. Жұмбақты оқы, шешуін қарамен жазылған сөздер арқылы тап. Оларға

сұрақ қой.

Сарғыш түсті, дөңгелек,
Ортасында дәні бар.
Көрсен егер оны жеп,
Балдай тәтті дәмі бар.

✓ қауын

✓ өрік

3. Суреттегі доптың белгілерін ата. Допты сипатта.



Түсі қандай?

Неден жасалған?

Көлемі қандай?

Кімдікі?

31 сабақ.

Дара және күрделі сын есім .

1. Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Көп, Қазақстанда, шұрайлы, жер.	
2. Сынып, біздің, кең, және, жарық.	
3. Бар, күшігі, қара ала, Досжанның.	

2. «Сөйлем» үйшігіне тиісті бағандағы сөздерді

Сөйлем

кіргіз.

ауа таза
дала жазық
мақта ақ
бала жақсы

Таза ауа.
Жазық дала.
Ақ мақта.
Жақсы бала.

3.Кестені сын есімдермен толықтыр.

Зат есім	түсі	дәмі	пішіні
Алма
Шие
Бұрыш

32 сабақ.

Сан есім .

Есіңде сақта!

Заттың санын, ретін білдіретін сөздерді **сан есім** дейміз. Сан есімдерге **қанша? неше? нешінші?** деген сұрақтар қойылады: бес, жеті, жүз, екінші, он алтыншы.

1.Сұрақтарға жауап жаз.

1. Қай көшеде тұрасың?
2. Үйіңнің нөмірі нешінші?
3. Отбасыңда қанша адам бар?

2.Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы.

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін.
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін.

(Қ. Мырза Әли)

Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Ол сөздер нені білдіреді?

3.Сан есімдерді - ыншы, - інші жұрнағының тиістісін жалғап өзгертіп жаз.

Төрт күн, екі үй, алты қаз, тоғыз пәтер.

Үлгі: Бірінші қоян.

33 сабақ.

Дара және күрделі сан есім .

1.Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қойып жаз.

1. ... теңгең болғанша, ... досың болсын.

2. ... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

2. Өтірік өлеңді оқып, санды сөзге айналдырып жаз.

50 метр есіктен
Еңкеюмен шақ кірдім.
100 қасқырды өшіккен
1 қозыға бақтырдым.

(Қ. Мырза Әли)

...

...

...

3. Сандарды сөзбен жаз.

5
7
20
18
79

34 сабақ.

Мен не үйрендім?

1. Сын есімдерді кестеге дұрыс орналастыр.

Үлкен, ірі, қоңыр, жасыл, домалақ, қышқыл, ащы, кіші, ұсақ, боз, күлгін, дәмді, тәтті сопақ.

Түс	Дәм	Көлем	Пішін

2.Көп нүктенің орнына зат есімнің алдындағы сын есімдерді қойып жаз.
Екі бағанды салыстыр.

Таза ауа	Ауа
Ақ мақта	Мақта
Жазық дала	Дала
Жақсы бала	Бала

- Қай бағандағы сөздер – сөйлем, қай бағандағы сөздер сөйлем емес екенін дәлелде.

3.Жаңылтпашты жатқа жаз.

Қырық құлып,

Қырық құрық.

Құлып та - қырық ,

Құрық та - қырық ,

Жамбыл облысы Сарысу ауданы
Жаңатас қаласы Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-гимназиясы

Қазақ тілі

2 сынып

Көмекші бағдарлама

Құрастырған: Аязбекова Айгүл Ерубайқызы

Түсінік хат

Қазақ тілінің заңдары мен ережелерін оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларымен үйлестіре отырып білуі. Қазақ тілі бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі. Сауатты жазу , оқу - білімділіктің басы. Күнделікті өмірде жан-жағымызды барлайтын болсақ, сауатты жазатын адамдар өте аз кездеседі. Пунктуациялық, құрылымдық қателерге кешіріммен қарауға болады. Алайда , орфографиялық қателерге жол беруге болмайды. Бүгінгі таңда жұртшылық әлеуметтік желілер арқылы хат алмасуда белсенді. Соның әсері болар, көпшілік қауым әріп тастап кету, орнын алмастыру, сөз тіркестерінің бірге жазылуы , жалғау мен жұрнақтардың дұрыс қолданылмауы, кейде тіпті буындардың қалып қоюы сынды айтарлықтай қателіктерді жиі жібереді. Нәтижесінде түсініксіз сөздердің жазылуы тағы да түсініспеушілікке әкеліп соғады. Сауатымызды арттыру үшін не істеуіміз керек? Қазақтың төл сөздері не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келетінін ұмытпауымыз керек, соған сай қосымшалар да біркелкі жалғанады. Дегенмен , кейбір сөздерге тән арнайы ережелер бар. Көркем әдебиетті көбірек оқыту керек. Қатемен жұмысты жиі жасау керек. Қайталау жақсы нәтиже береді. Шылау мен жалғауды ажыратып үйрену керек. Олар үшін сөздің мағынасына көбірек мән беру қажет. Ауызекі сөйлеу барысында қысқа сөйлесеңіз де, жазғанда сауатты болу шарт. Ой жинақылығы маңызды. Не жазатыныңызды сараптап алыңыз! Бастауыш сыныптағы сөзде қанша дауысты дыбыс болса , сонша буын болады ережелерін ескеру қажет. Сол кезде дыбыс қалдырудан, буынға бөліп тасымалдаудан қиналмайды. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер бар. Екінші буында көп жағдайда еріндіктердің кездеспейтінін де есте сақтау керек. Оқушы осындай ережелерді есте сақтаса, сауаттылыққа бір табан болса да жақын жүреді. Оқушыға жан-жақты ізденуге арналған тапсырмалар ұсына отырып ,

олардың алған білімдерін пысықтап, сауатты жазуға дағдыларын қалыптастыру, өз бетінше талдауға үйрету. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, лексикасы мен грамматикалық құрылымын терең меңгерту. Сауатты жазу – дұрыс ойлаудың көрінісі. Оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жазу дағдыларын дамытуға көмегін тигізеді.

Мақсаты:

Оқушылардың грамматикалық сауаттылығын дамыту. Бағларламалық талаптарға сай білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Каллиграфиялық талаптарға сай сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі салалары бойынша білім, білік дағдыларын тереңдету, сөздік қорларын молайту.

Міндеттері:

- дыбыстың айтылуы мен жазылуын меңгерту;
- оқушылардың сөздік қорын байыту;
- көркем жазуға тәрбиелеу;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру;
- дыбыстық жүйені, фонетика, лексика мен грамматиканы терең меңгерту;
- шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- есте сақтауларын жүзеге асыру;

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар талдау түрлерін орындау кезінде мұғалімнің көмегінсіз талдай алатын болады.
- Сауаттылықтары артып, таза, көркем жазуға деген қызығушылықтары арта түседі.
- Сонымен бірге сөз таптарын, жай сөйлемдерді сатылай кешенді талдау барысында бұл талдау түрін жақсы меңгергендіктері байқалады.

Саметова Бибигуль Зуфаровна – учитель каз. Яз
Карагандинская область, город Караганда КГУ «СОШ 25»

Қазақ тілі пәнінен күнтізбелік – тақырыптық жоспар
2 сыныпқа арналған көмекші бағдарлама
Барлығы – 34 сағат, аптасына – 1 сағат

Сағат саны	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
I тоқсан			
1	Менің ана – тілім қазақ тілі. Сөйлеу не үшін қажет?	1	
2	Ауызекі және жазбаша сөйлеу	1	
3	Диалог. Маналог.	1	
4	У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы.	1	
5	У әріпінің жазылуы	1	
6	И, й әріптерінің жазылуы	1	
7	Я әріпінің жазылуы	1	
8	Ю әріпінің жазылуы	1	
II тоқсан			
9	Мәтін дегеніміз не?	1	
10	Мәтіннің құрылымдық бөліктері	1	
11	Мәтін және оның түрлері	1	
12	Сөйлем дегеніміз не?	1	
13	Хабарлы сөйлем	1	
14	Сұраулы сөйлем	1	
15	Лепті сөйлем	1	
16	Сөйлемдегі сөздердің байланысы	1	
III тоқсан			
17	Сөз және оның мағынасы	1	
18	Мағынасы қарама- қарсы сөздер . Антоним сөздер.	1	
19	Мағынасы бір-біріне жақын мәндес сөздер . Синоним сөздер.	1	
20	Дыбысталуы бірдей мағыналары әр басқа сөздер . Омоним сөздер.	1	
21	Сөз құрамы. Түбір және қосымша.	1	
22	Жұрнақ пен жалғау	1	
23	Сөз таптары	1	
24	Зат есім	1	
25	Жалқы есім және жалпы есім	1	
26	Зат есімнің жекеше және көпше түрі	1	
IV тоқсан			
27	Етістік	1	
28	Дара және күрделі етістік	1	
29	Дара және күрделі етістік	1	
30	Сын есім	1	
31	Дара және күрделі сын есім	1	
32	Сан есім	1	
33	Дара және күрделі сан есім	1	
34	Мен не үйрендім	1	

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты, 2012 жыл.
3. Қазақстан Республикасының Білім Ғылым Министрлігі бекіткен бастауыш білім берудің бағдарламасы
4. Қазақ тілі оқулықтары 1,2,3,4 сыныптар
5. Мұғалімдерге арналған қазақ тілі пәніне әдістемелік құрал.
6. Әліппе. Көмекші мектеп 1 сыныпқа арналған әдістемелік . Алматы 2012 жыл.
7. Диалогтық сөйлеу тілін дамыту. Логопед пен тәрбиешілерге арналған әдістемелік . Алматы 2012 жыл.
8. Қазақ тілі 2 сынып жаңа электронды оқулығы.

6-сынып

Қазақ тілі пәнінен тақырыптық – күнтізбе жоспары

Қазақ тілі оқулығы: Т.М. Артықова, М.Б. Боранбай, Алматы: Атамұра, 2015

Аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Грамматика	Жүргізілетін жұмыс түрі
I тоқсан – 36 сағат					
I. Әлеуметтік – тұрмыстық ая – 35 сағат					
«Менің отбасым», «Менің анам – ең сұлу адам» 5 - сағат					
1	Менің отбасым	1		Тәуелдеулі септеу	Мәтінді оқу
2	Әже	1		Ілік септігі	Суретпен жұмыс
3	Азаматтың арманы	1		Тәуелдік ж. мен ілік с. байланысы	Мәтінді оқу
4	Әдептілік	1		Тәуелдік жалғау	Кеспе қағаз
5	Нәтиже сабақ «Менің отбасым»	1		Буын. Буынның түрлері	Кестені толтыру
«Мен әжеме еркелеймін» 5 - сағат					
6	Қуанар ана	1		Тәуелдік жалғау	Мәтін оқу
7	Қара шаңырақ	1		Тәуелдеулі септеу	Суретпен жұмыс
8	Менің отбасымның сыртқы келбеті	1		Ілік септігі	Мәтінді оқу
9	Әдептілік - әдемілік	1		Буын. Буынның түрлері	Кеспе қағаз
10	Диктант «Менің отбасым»	1			Көшіріп жазу
11	Нәтиже сабақ «Мен	1			Қайталау

	әжеме еркелеймін»				
«Әкеліңіз, көмектесейін» 5 - сағат					
12	Әкеліңіз, көмектесейін	1		Жіктік жалғау	Жұптық жұмыс
13	Мен анама көмектесемін	1		Жіктік жалғау	Мәтінді оқу
14	Достық көмек	1		Буынның түрлері	Кеспе қағаз
15	Үлкенге - құрмет	1			Мәтінді оқу
16	Нәтиже сабақ «Әкеліңіз, көмектесейін!»	1		Тәуелдік ж. мен ілік с. байланысы	Кестені толтыру
«Менің досым» 5 - сағат					
17	Дос	1		Қатыстық, сапалық сын есім	Суретпен жұмыс
18	Достық	1		Сөздердің тасымалдануы	Кеспе қағаз
19	Шын достық	1		Сөз екпіні	Дыбыстық талдау жасау
20	Менің досымның мінезі	1		Қатыстық сын есім	Мәтінді оқу
21	Мазмұндама «Адал дос»	1			Көшіріп жазу
22	Нәтиже сабақ «Менің досым»	1			Қайталау
«Досыма электронды пошта жіберемін» 5 - сағат					
23	Электронды пошта деген не?	1		Сөздердің тасымалдануы	Суретпен жұмыс
24	Менің электронды поштам	1		Сапалық сын есім	Мәтінді оқу
25	Мен ғаламтордан ақпарат іздеймін	1		Қатыстық сын есім	Жұптық жұмыс
26	Ғаламтор мүмкіндіктері	1		Қимыл – сын үстеу	Кеспе қағаз
27	Нәтиже сабақ «Электронды пошта»	1		Сөз екпіні	Кестемен жұмыс
«Сыйлық тандаймыз» – 5 - сағат					
28	Сыйлық	1		Салыстырмалы шырай	Суретпен жұмыс
29	Мағжанның добы	1		Дыбыс үндестігі	Мәтінді оқу
30	Туған күн батасы	1		Салыстырмалы шырай	Кеспе қағаз
31	Бүгін - менің туған күнім	1		Ілгерінді ықпал	Сызбамен жұмыс
32	Мазмұндама «Сыйлық»				Көшіріп жазу
33	Нәтиже сабақ «Сыйлық»	1			Қайталау
«Мүшел жастан астым» - 5 - сағат					
34	Бүгін- менің туған күнім	1		Ілгерінді ықпал	Мәтінді оқу
35	Туған күн	1		Кейінді ықпал	Кеспе қағаз
36	Диктант «Жыл санау»	1		Дыбыс үндестігі	Суретпен жұмыс
II тоқсан 28 сағат					
37	Досымның туған күні	1		Ілгерінді ықпал	Мәтінді оқу

38	Мен мүшел жастамын	1		Салыстырмалы шырай	Кеспе қағаз
39	Нәтиже сабақ «Мүшел жас»	1		Дыбыс үндестігі	Суретпен жұмыс
II. Оқу - еңбек аясы –15 - сағат «Мен мектептемін» 5 сағат					
40	Мектеп	1		Бұйрық рай	Суретпен жұмыс
41	Мектеп ережелері	1		Қалау рай	Мәтінді оқу
42	Мектеп формасы	1		Ауыспалы келер шақ	Кеспе қағаз
43	Сабақта	1		Ауыспалы келер шақ	Сызбамен жұмыс
44	Диктант «Менің мектебім»	1			Көшіріп жазу
45	Нәтиже сабақ «Мен мектептемін»	1			Қайталау
«Менің сүйікті ісім» - 5 – сағат					
46	Бос уақытым	1		Көсемше	Суретпен жұмыс
47	Өз таңдауым	1		Жалаң және жайылма	Мәтінді оқу
48	Сурет салу	1		Көсемше	Кеспе қағаз
49	Досымның сүйікті ісі – би билеу	1		Жалаң және жайылма	Сызбамен жұмыс
50	Мазмұндама «Менің сүйікті ісім»	1			Көшіріп жазу
51	Нәтиже сабақ «Менің сүйікті ісім»	1			Қайталау
«Мектептегі үйірмелер» - 5 – сағат					
52	Мектептегі үйірмелер	1		Сапалық және қатыстық сын есім	Суретпен жұмыс
53	Хор үйірмесі	1		Күшейткіш үстеу	Мәтінді оқу
54	Қуыршақ театры үйірмесі	1		Қатыстық сын есім	Кеспе қағаз
55	«Қызықты грамматика» үйірмесі	1		Күшейткіш үстеу	Сызбамен жұмыс
56	Нәтиже сабақ «Мектептегі үйірмелер»	1		Сапалық сын есім	Кеспе қағаз
III. «Әлеуметтік – мәдени ая» - 70 – сағат I. «Құстар – біздің досымыз» - 5 – сағат					
57	Қазақстанды мекендейтін құстар	1		Көптік жалғауы	Мәтінді оқу
58	Мазмұндама «Құстар»	1		Жіктік жалғау	Кеспе қағаз
59	Құстарға көмектесеміз	1		Ауыспалы келер шақ	Көшіріп жазу
60	Қарлығаш адал құс	1		Ауыспалы келер шақ	Мәтінді оқу
61	Ұя жасадық	1		Ауыспалы келер шақ	Суретпен жұмыс
62	Нәтиже сабақ «Құстар біздің досымыз»	1			Көшіріп жазу
«Жақсыдан үйрен» - 5 сағат					
63	Диктант «Әдептілік»	1		Көптік жалғ.жалғанб.сөз	Мәтінмен жұмыс

64	Әдеп пен Әдет	1			Қайталау
III – тоқсан 40 сағат					
65	Дүкенде	1		Сапалық және қатыстық сын есім	Мәтінді оқу
66	Бақша ағаштары	1			Кеспе қағаз
67	Жақсылық	1		Сапалық және қатыстық сын есім	Суретпен жұмыс
68	Нәтиже сабақ «Жақсыдан үйрен!»	1			Мәтінді оқу
«Тіл үйренемін» - 5- сағат					
69	Қазақ тілі - мемлекеттік тіл	1		Көпт.мағ.білд. сөздер	Суретпен жұмыс
70	Көп тіл білгім келеді	1		Етістік. Келер шақ	Мәтінді оқу
71	Қазақша ән айтамын	1		Келер шақ	Кеспе қағаз
72	Мың бір мақал	1		Етістіктің шақтары	Сызбамен жұмыс
73	Нәтиже сабақ «Тіл үйренемін»	1			Көшіріп жазу
«Көлік түрлері. Мен мектепке немен барамын?» - 5 – сағат					
74	Автокөлік	1		Тіркесті сөздер. Күрделі сөздер	Суретпен жұмыс
75	Көлік түрлері	1		Мөлшер үстеу	Мәтінді оқу
76	Көтергіш кран	1		Күрделі сөздер	Кеспе қағаз
77	Метро	1		Тіркесті сөздер	Сызбамен жұмыс
78	Нәтиже сабақ «Көлік түрлері»	1		Мөлшер үстеу	Кеспе қағаз
«Астана, туған күніңмен!» - 5 сағат					
79	Ел ордасы - Астана	1		Біріккен сөздер	Суретпен жұмыс
80	Ержанның екі арманы	1		Бастауыш пен баяндауыш а.қ.с	Мәтінді оқу
81	Қазақ елінің астаналары	1		Тоғыспалы ықпал	Кеспе қағаз
82	Бәйтерек	1		Бастауыш пен баяндауыш а.қ.с	Сызбамен жұмыс
83	Диктант «Астана»	1			Көшіріп жазу
84	Нәтиже сабақ «Астана»	1			Қайталау
«Табиғатты қорғайық» - 5 сағат					
85	Жер - қазына	1		Салт және сабақты етістік	Суретпен жұмыс
86	Қоршаған ортаны қорғау	1		Салт және сабақты етістік	Мәтінді оқу
87	Қорықтар неге керек?	1			Кеспе қағаз
88	Табиғат – тіршілік көзі	1		Сабақты етістік	Сызбамен жұмыс
89	Мазмұндама «Табиғат»	1			Көшіріп жазу
90	Нәтиже сабақ «Табиғатты қорғайық!»	1		Салт және сабақты етістік	Суретпен жұмыс
«Кім және қайда?» - 5 - сағат					
91	Атам төрде отырады	1		Септік жалғаулар	Суретпен жұмыс

92	Әке –отбасы тірегі	1			Мәтінді оқу
93	Қазақтың тыйым сөздері	1		Дара сөздер	Кеспе қағаз
94	Табалдырықты баспа	1		Күрделі сөздер	Сызбамен жұмыс
95	Нәтиже сабақ «Кім және қайда?»	1			Көшіріп жазу
96	Мазмұндама	1			Қайталау
«Сүйікті кейіпкерім» - 5 - сағат					
97	Сенім	1		Өткен шақ, келер шақ	Суретпен жұмыс
98	Мүсінші Мысық	1		Мезгіл үстеу	Мәтінді оқу
99	Екі дос	1		Өткен шақ, келер шақ	Кеспе қағаз
100	Жақсы мен жаман	1		Мезгіл үстеу	Сызбамен жұмыс
101	Нәтиже сабақ «Сүйікті кейіпкерім»	1		Өткен шақ	Мәтінді оқу
«Спортпен айналысамыз» - 5 – сағат					
102	Диктант «Спорт»	1			Суретпен жұмыс
103	«Балуан Шолақ» спорт кешені	1			Көшіріп жазу
104	Данияр Елеусінов				Қайталау
IV – тоқсан 32 сағат					
105	Қай спорт секциясына жазылдың?	1		Тәуелдік жалғау	Мәтінді оқу
106	Қазақша күрес	1		Септік жалғау	Кеспе қағаз
107	Нәтиже сабақ «Спорт»	1		Жіктік жалғау	Сызбамен жұмыс
«Теледидар көремін» - 5 – сағат					
108	Теледидар	1		Өткен, келер шақ	Суретпен жұмыс
109	Маған ұнайтын бағдарламалар	1		Күрделі сөздер	Мәтінді оқу
110	Қазақстан –Қарағанды телеарнасы	1		Тіркесті сөздер	Кеспе қағаз
111	«Он саусақ» бағдарламасын көресің бе?	1			Сызбамен жұмыс
112	Диктант	1			Көшіріп жазу
113	Нәтиже сабақ «Теледидар көремін»	1			Қайталау
«Әнші құмдар» - 5 – сағат					
114	Әнші құм	1		Қос сөздер	Суретпен жұмыс
115	Қасиетті мекен	1		Тіркесті сөздер	Мәтінді оқу
116	«Алтынемелге» бардың ба?	1			Кеспе қағаз
117	Маған «Әнші құм» ұнайды	1			Сызбамен жұмыс
118	Нәтиже сабақ «Әнші құмдар»	1			қайталау
«Сен білесің бе?» - 5 – сағат					
119	Ең қиын марафон	1		Қысқарған сөздер	Кеспе қағаз

120	Ольга Шишигина	1			Суретпен жұмыс
121	Мазмұндама	1			Көшіріп жазу
122	Қазақ энциклопедисы	1		Септік жалғау	Мәтінді оқу
123	Қазақтың киелі жерлері	1			Кеспе қағаз
124	Нәтиже сабақ «Сен білесің бе?»	1			Қайталау
«Ол «Қызыл кітапқа» енген» - 5 –сағат					
125	Қазақстанның «Қызыл кітабында» не бар?	1		Тіркесті сөздер	Суретпен жұмыс
126	Жан - жануарлар	1			Мәтінді оқу
127	Өсімдік түрлері	1			Кеспе қағаз
128	Құстар	1			Сызбамен жұмыс
129	Мазмұндама	1			Көшіріп жазу
130	Нәтиже сабақ «Қызыл кітап»	1			Қайталау
«Жаз қызықтары» - 5 – сағат					
131	Жаз мезгілі	1		Күрделі сөздердің емлесі	Суретпен жұмыс
132	Жазда қайда барасың?	1			Мәтінді оқу
133	Сақтансаң сақтайды!	1			Кеспе қағаз
134	Күн өткізіп алма	1			Көшіріп жазу
135	Диктант «Жаз»	1			Қайталау
136	Нәтиже сабақ «Жаз қызықтары»	1			

Костанай қаласы

Бекітемін /

Утверждаю _____

мектеп директоры/

директор школы:

Л. Гринькова

« ____ » _____

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Рабочая учебная программа
для учащихся с легкой умственной отсталостью

уровня основного среднего образования
5 - 9 класс

Рабочая учебная программа составлена Давлетбаевой К. Г., педагогом по предмету Казахский язык

___ . ___ . 20 ___ г.

Рассмотрена и утверждена на педагогическом совете
от ___ . ___ . 20 ___ г. протокол № ___

Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.
2. Бағдарлама орыс тілде білім алатын негізгі сынып оқушыларының, қазақ тілде сөйлесу әрекеті арқылы мәдениетаралық қатынас құралы ретінде меңгерулерін көздейді.
3. Қазақ тілін бұл мектептерде оқытудың негізгі мақсаты – қарапайым түрде күнделікті тұрмысқа, оқуға қатысты тақырыптар мөлшерінде оқушылардың ауызекі сөйлесу, түсіну, өз ойын қазақ тілінде жеткізе білу дағдыларын дамыту және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.
4. Қазақ тілі сабақтары нәтижелі болу үшін оқыту барысында төменде берілген негізгі міндеттерді түсініп, жүзеге асыру қажет.
5. Тәрбиелеу және баланың жалпы танымдық үрдістерін дамыту саласындағы міндеттер.

6. Оқушылардың интернационалдық, патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, дамыту. Сабақта жаңа сөздерді өту барысында негізгі ұғымдар мен құбылыстарды таныстыра отырып, балалардың жалпы ой-өрісін, танымдық қабілеттерін (зейінін, есте сақтауын), сөйлеу белсенділігін дамыту.

7. Қазақ тілі фонетикасын игеру саласындағы міндеттер: қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу.

8. Сөз қорын дамыту саласындағы міндеттер: тақырыптар бойынша қазақша сөз қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру. Сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету.

9. Қазақ тілі грамматикасын игеру саласындағы міндеттер: көптік жалғауларды пайдалану арқылы заттың көпше түрлерін анықтау, түсіну, қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есім қосымшаларының, септік жалғаулардың мағынасын түсіну: түбір + қосымша үлгілерін практикалық түрде меңгеру. Есімдіктің шағына, жағына қарай етістікті өзгерте білуге, мағынасын түсініп қолдана білуге үйрету. Сөз жасау және сөйлем құрау, мағынасын кеңейту дағдыларын қалыптастыру. Сабақта

өтілген сөздерді, сөйлемді қарапайым орфографиялық, пунктуациялық ережелерді сақтай отырып, оқу, жаза білу.

10. Байланыстырып сөйлеу: диалогтік және монологтік сөйлеу (ауызекі, жазба тіл) дағдыларын қалыптастыру. Берілген сұраққа жауап бере білу, сұрақ қоя білу, бірнеше сөйлемдерден шағын мәтін құрастыру, қарапайым тақырып бойынша өз ойын жеткізе білуге үйрету. Қазақ тіліндегі жарнамаларды, іс-қағаздарын, мәтіндерді оқып, түсінуге машықтандыру. Қазақ тілі этикасына байланысты сөйлеу мәдениетін меңгеру.

11. Бұл бағдарлама төмендегі қағидаларды басшылыққа ала отырып құрастырылды:

- 1) көмекші мектеп оқушыларының танымдық үрдістерінің даму ерекшеліктерін ескерту;
- 2) қарым-қатынас жасауға белсендіретін тақырыптар алу;
- 3) сөйлеу мен таным әрекеттерін түзете отырып, дамыту, оқыту;
- 4) ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру;
- 5) сөздік материалдарды жүйелеу;
- 6) сөйлеу үлгілерін (модульді) кеңінен пайдалану арқылы қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын меңгеру;
- 7) қарым-қатынас жасау қызметінің барлық түрлерін (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) дамыту;
- 8) практикалық оқыту әдістерін кеңінен қолдану.

12. «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

- 1) «Оқу және тіл дамыту» пәнімен: оқулықта берілген мәтіндерді меңгеру

негізінде танымдық ерекшеліктеріне сай өз ойын жеткізуге дағдыланады; қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиеленеді;

2) «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады;

3) «Бейнелеу өнері», «Музыка – ән- күй» пәндерін өту барысында эстетикалық талғамы дамиды, ойлау қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды;

4) «Математика» пәнімен: мәтіндерді қабылдау, түсіну, логикалық ойлау қабілеті дамиды;

5) «Айналамен таныстыру» пәнімен: мәтіндерді оқу арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар алады, табиғатты қорғауға, аялауға үйренеді;

6) «Әлеуметтік бейімдеу және еңбекке баулу» пәнімен: әлеуметтік ортаға бейімдеу, еңбектің өмірдегі маңыздылығын түсініп біледі.

13. Пәнді оқыту жүктемесінің көлемі:

1) 5 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

2) 6 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

3) 7 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

4) 8 сынып - 2 сағат, барлығы 68 сағат;

5) 9 сынып - 2 сағат, барлығы 68 сағат.

14. Орыс тіліндегі арнайы мектеп.

15. Қазақ тілін оқытудың білім мазмұны үш аяға бөлінеді:

1) әлеуметтік-тұрмыстық аясы;

2) әлеуметтік-мәдени аясы;

3) оқу еңбек аясы.

14. Әр бағытта барлық кезеңде шамамен:

1) әлеуметтік-тұрмыстық аяға - 33-34 сағат;

2) әлеуметтік-мәдени аясы - 15 сағат;

3) оқу-еңбек аясына - 18 сағат.

15. Орыс тілінде оқитын түзеу мектептің негізгі сыныптарында қазақ тілін оқыту 5-9 кезең бойынша беріледі.

16. Ол кезеңдердің тақырыптық мазмұны бір-бірімен тығыз байланысып отырады.

17. Қазақ тіліндегі дыбыстар мен әріптерді дұрыс айтуға, оқуға, жазуға керек.

18. Қарапайым теориялық білімді ұғынып, оны сөйлеу қызметінде практикалық тұрғыдан меңгеру басталады.

19. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерімен танысады, таныс белгілерін қоюға үйренеді.

69.	112-114-сабақ. Жалаң және жайылма сөйлемдер.	5.1.6.4 Жалаң және жайылма сөйлем, анықтамасы. 5.1.6.5 Жалаң мен жайылма сөйлемді ажырата білу.	5.2.2.1 Белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру	5.3.1. 2 Оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестіні белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
70.	115-сабақ. Бақылау диктанты.	5.1.6.3 Бірыңғай мүшелер, олардың тыныс белгілері.	5.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну	5.3.2.3 60-65 сөзден тұратын диктант жаза білу.	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестіні белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
71.	116-121-сабақ. Байланыстырып сөйлеу.	5.1.7.1 Әр түрлі мәтін түрлерін аңғарту: әңгімелеу, сипаттау, талқылау.	5.2.2.1 Белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру	5.3.1. 2 Оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестіні белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
72.	122-сабақ. Диалог құра білу.	5.1.7.7 Диалогтық сөйлеуін дамыту. Сұрақ қоюға жаттықтыру. 5.1.7.2 Сұрақ бойынша сөйлем немесе әңгіме құрастыру	5.2.2.1 Белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру	5.3.3.1 Туыстарына, достарына хат жазу, конвертке мекен-жайын дұрыс жазу.	5.4.1.1 Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	1 сағат	
73.	123-128-сабақ.	5.1.7.1 Әр түрлі мәтін	5.2.5.1 Мұғалімнің	5.3.2.1 Мұғалім	5.4.1.1 Тақырып	1 сағат	

	Мазмұндама жаза білу.	түрлерін аңғарту: әңгімелеу, сипаттау, талқылау.	көмегімен энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу.	ұсынған жоспар бойынша мазмұндама жазу.	бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.		
74.	129-сабақ. Іс қағаздар толтыра білу.	5.1.7.5 Әртүрлі тақырып бойынша тірек сөздер пайдалана отырып әңгіме құру	5.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну	5.3.3.2 Іс-қағаздар үлгілерімен (өтініш, өмірбаяны) таныстыру	5.4.1.1 Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	1 сағат	
75.	130-сабақ. Бақылау диктанты.	5.1.7.2 Сұрақ бойынша сөйлем немесе әңгіме құрастыру	5.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну	5.3.2.3 60-65 сөзден тұратын диктант жаза білу.	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестік белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
76.	131-132-сабақ. Жыл бойы өткенді қайталау. Дыбыстармен әріптер.	5.1.1.1 Дауыссыз және дауысты дыбыстар.	5.2.4.2 Сөздерді тұтас дауыстап оқу;	5.3.2.2 Сурет бойынша әңгіме жаза білу.	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестік белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
77.	133-134-сабақ. Зат есімдерден өткенді қайталау.	5.1.5.1 Сөз таптары туралы жалпы түсінік, зат есім, сын есім, есімдік. 5.1.5.2 Зат есім, оның мағынасы, сұрақтары (Кім?	5.2.2.1 Белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру	5.3.2.2 Сурет бойынша әңгіме жаза білу.	5.4.1.1 Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	1 сағат	

		Кімдер? Не? Нелер?).					
78.	135-сабақ. Сөйлемнен өткенді қайталау.	5.1.6.1 Сөйлем мүшелері: тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері. Олардың байланысы	5.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну	5.3.2.2 Сурет бойынша әңгіме жаза білу.	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестініс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	
79.	136-сабақ. Бақылау диктанты.	5.1.6.1 Сөйлем мүшелері: тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері. Олардың байланысы	5.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну	5.3.2.3 60-65 сөзден тұратын диктант жаза білу.	5.4.3.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестініс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану	1 сағат	

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жетім балалар мен ата – анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған №2 Қостанай түзеу мектеп - интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Костанайская коррекционная школа- интернат №2 для детей – сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области

**Зияткерлік кемістігімен балаларға арналған
Қазақ тілі пәні бойынша
түзеу мектептерінің 5-9 сыныптары үшін**

Арнайы білім беру оқу бағдарламасы

Специальная образовательная учебная программа

**по предмету:
Казахский язык
для детей с интеллектуальной недостаточностью
5-9 классов коррекционных школ**

Құрастырған: қазақ тілі мұғалімі
Жүсіпова Г.Д.

Составила: Жусупова Г.Д.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Зияткерлік жеткіліксіздігі бар 5-9 сынып балаларына арналған қазақ тілі пәні бойынша арнайы білім беру оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен және ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 03 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес құрастырылды.

Жұмыс бағдарламаның ішінде түсіндірме жазба, осы пәннің сыныптар бойынша негіздік мазмұны, оқу пәнінің жалпы сипаттамасы, оқу жоспардағы орнын сипаттау бар.

Бағдарлама пәнді оқытудың оңай әдістемелік түріне бағытталған. Оған енгізілген тараулар: грамматика, дұрыс жазу ережесі және сөйлеудің дамуы. Бағдарламада мазмұнның тараулар бойынша ең кем көлемі, оқытудың жоспарланған қорытындысы, оқушылардың білімі мен ептілігіне қойылған негізгі талаптар, оқушылардың дайындалу деңгейі, пәндік нәтижелері айқындалған.

Бағдарламаның мазмұны оқушылар дамуының жастық және психофизиологиялық ерекшеліктерін, олардың білім және ептілік деңгейін есепке алумен құрылған.

АННОТАЦИЯ

Специальная образовательная учебная программа по предмету: казахский язык для детей 5-9 классов с интеллектуальной недостаточностью разработана в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начальное, основное среднее, общее среднее образование), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080, Приказом МОН РК №115 от 03.04.2013 года.

Рабочая программа содержит пояснительную записку, базовое содержание данного предмета по классам, общую характеристику учебного предмета, описание места в учебном плане.

Программа нацеливает на элементарно практический характер обучения предмету. В нее включены разделы: грамматика, правописание и развитие речи. В программе указан минимальный объём содержания по разделам, планируемые результаты обучения, основные требования к знаниям и умениям учащихся, уровень подготовки обучающихся, предметные результаты.

Содержание программы построено с учетом возрастных и психофизиологических особенностей развития учащихся, уровня их знаний и умений.

Мазмұны

Түсінік хат	3
2. 1.1. Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны	6-8
1.2. 5-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	9

4. 1.3. Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны	9-11
1.4. 6-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	12
1.5. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны	12-14
1.6. 7-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	15
1.7. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны	15-18
1.8. 8-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	18
1.9. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық білім мазмұны	18-21
1.10. 9-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	21-22
Әдебиет	23

«Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасы

Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.
2. Бағдарлама өзге тілде білім алатын негізгі орта сынып оқушыларының, қазақ тілде сөйлесу әрекеті арқылы мәдениетаралық қатынас құралы ретінде меңгерулерін көздейді.
3. Орыс тілінде жүретін көмекші мектептердегі қазақ тілі пәні бағдарламаға сәйкес екінші сыныптан басталады. Қазақ тілін бұл мектептерде оқытудың негізгі мақсаты – қарапайым түрде күнделікті тұрмысқа, оқуға қатысты тақырыптар мөлшерінде оқушылардың ауызекі сөйлесу, түсіну, өз ойын қазақ тілінде жеткізе білу дағдыларын дамыту және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.
4. Қазақ тілі сабақтары нәтижелі болу үшін оқыту барысында төменде берілген негізгі міндеттерді түсініп, жүзеге асыру қажет.
5. Тәрбиелеу және баланың жалпы танымдық үрдістерін дамыту саласындағы міндеттер.
6. Оқушылардың интернационалдық, патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, дамыту. Сабақта жаңа сөздерді өту барысында негізгі ұғымдар мен құбылыстарды таныстыра отырып, балалардың жалпы ой-өрісін, танымдық қаблеттерін (зейінін, есте сақтауын), сөйлеу белсенділігін дамыту.
7. Қазақ тілі фонетикасын игеру саласындағы міндеттер: қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу.
8. Сөз қорын дамыту саласындағы міндеттер: тақырыптар бойынша қазақша сөз қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру. Сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету.
9. Қазақ тілі грамматикасын игеру саласындағы міндеттер: көптік жалғауларды пайдалану арқылы заттың көпше түрлерін анықтау, түсіну, қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есім қосымшаларының, септік жалғаулардың мағынасын түсіну: түбір+қосымша үлгілерін практикалық түрде меңгеру. Есімдіктің шағына, жағына қарай етістікті өзгерте білуге, мағынасын түсініп қолдана білуге үйрету. Сөз жасау және сөйлем құрау, мағынасын кеңейту дағдыларын қалыптастыру. сабақта өтілген сөздерді, сөйлемді қарапайым орфографиялық, пунктуациялық ережелерді сақтай отырып, оқу, жаза білу.
10. Байланыстырып сөйлеу: диалогтік және монологтік сөйлеу (ауызекі, жазба тіл) дағдыларын қалыптастыру. Берілген сұраққа жауап бере білу, сұрақ

қоя білу, бірнеше сөйлемдерден шағын мәтін құрастыру, қарапайым тақырып бойынша өз ойын жеткізе білуге үйрету. Қазақ тіліндегі жарнамаларды, іс-қағаздарын, мәтіндерді оқып, түсінуге машықтандыру. Қазақ тілі этикасына байланысты сөйлеу мәдениетін меңгеру.

11. Бұл бағдарлама төмендегі қағидаларды басшылыққа ала отырып құрастырылды:

- 1) Көмекші мектеп оқушыларының танымдық үрдістерінің даму ерекшеліктерін ескерту.
- 2) Қарым-қатынас жасауға белсендіретін тақырыптар алу.
- 3) Сөйлеу мен таным әрекеттерін түзете отырып, дамыту, оқыту.
- 4) Ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру.
- 5) Сөздік материалдарды жүйелеу.
- 6) Сөйлеу үлгілерін (модульді) кеңінен пайдалану арқылы қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын меңгеру.
- 7) Қарым-қатынас жасау қызметінің барлық түрлерін (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) дамыту.
- 8) Практикалық оқыту әдістерін кеңінен қолдану.

12. «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

- 1) «Оқу және тіл дамыту» пәнімен: оқулықта берілген мәтіндерді меңгеру негізінде танымдық ерекшеліктеріне сай өз ойын жеткізуге дағдыланады; қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиеленеді;
- 2) «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады;
- 3) «Бейнелеу өнері», «Музыка-ән-күй» пәндерін өту барысында эстетикалық талғамы дамиды, ойлау қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды;
- 4) «Математика» пәнімен: мәтіндерді қабылдау, түсіну, логикалық ойлау қаблеті дамиды;
- 5) «Жаратылыстану» пәнімен: мәтіндерді оқу арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар алады, табиғатты қорғауға, аялауға үйренеді;
- 6) «Әлеуметтік бейімдеу және еңбекке баулу» пәнімен: әлеуметтік ортаға бейімдеу, еңбектің өмірдегі маңыздылығын түсініп біледі.

13. Пәнді оқыту жүктемесінің көлемі:

- 1) 5 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;
- 2) 6 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;
- 3) 7 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;
- 4) 8 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;
- 5) 9 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

14. Қазақ тілін оқытудың білім мазмұны үш аяға бөлінеді:

- 1) әлеуметтік-тұрмыстық аясы;
- 2) әлеуметтік-мәдени аясы;
- 3) оқу еңбек аясы.

15. Әр бағытта барлық кезеңде шамамен:

- 1) әлеуметтік-тұрмыстық аяға - 34-35 сағат;
- 2) әлеуметтік-мәдени аясы - 15 сағат;

3) оқу-еңбек аясына - 18 сағат.

16. Орыс тілінде оқитын көмекші мектептің 5-9 сыныптарында қазақ тілін оқыту 4 кезеңге бөлінеді.
17. Ол кезеңдердің тақырыптық мазмұны бір-бірімен тығыз байланысып отырады.
18. Бірінші кезеңде қазақ тілі сабағының бүкіл мазмұны, жүйесі, мақсаты мен міндеті тек ауызекі, сөйлеу, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.
19. Екінші-үшінші кезеңдерде сөйлеу түрлерін (қабылдау, тыңдау, ауызша сөйлеу, оқу, жазу, сөйлеу мәдениетінің қарапайым түрлерін игеру) дамыту бағытында жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі дыбыстар мен әріптерді дұрыс айтуға, оқуға, жазуға үйрету.
20. Төртінші кезеңнен бастап қарапайым теориялық білімді ұғынып, оны сөйлеу қызметінде практикалық тұрғыда меңгеру басталады. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерімен танысады, тыныс белгілерін қоюға үйренеді.
21. Әр дидактикалық кезең мүмкіндіктері шектеулі балалардың мүмкіншілігіне сай, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленген, берілген тақырыптар үнемі қайталанып оқушының зейінін және есте сақтау қабілетін дамытып отырады.
22. Оқу кезеңінің басталуынан бастап, оқушылар әр алуан мәтін түрлерімен (әңгімелеу, сипаттау, талқылау) танысады. Оларды дұрыс құрастырып айтуға жаттығады. Жоғарғы сыныптарда жазба жұмыстарын кеңірек жүргізу көзделеді.
23. Қазақ тілінен жүргізілетін негізгі жұмыстардың (көшіріп жазу, көру, есту диктанты, шағын мазмұндама, сипаттама) кейбір жеңіл түрлерін бастауыш сыныптарда бастауға болады. Мысалы, үлгі бойынша сипаттайды. Кейінгі сыныптарда жұмыс түрлері біртіндеп күрделенеді, тек ауызша айтумен қатар сол айтқанын жазады және т.б. Өтілген дыбыстарды дұрыс айту, сөздерді есте сақтау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта ырғақтық жаттығуларды орындап, дыбысқа, тақырыпқа байланысты тақпақ, өлеңдер, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту, дидактикалық ойындар ойнау тиімді.
24. Көрнекі құралдар.
25. Көмекші мектептерде «Қазақ тілін» оқыту барысында көрнекіліктерге зор көңіл бөлінеді. Ол жаңа тақырыпты тереңірек түсінуге көмегін тигізеді.
26. Оқушылар қолымен ұстап, көзімен көріп, қайталап айтып отырғандықтан олардың есте сақтау қабілеті дамып, білімі мен біліктілігі арта түседі.
27. Сабақта салыстырмалы мазмұнды кестелерді үнемі пайдалану тиімді.
28. Көрнекілік пен техникалық құралдарды ұтымды пайдалану оқушылардың материалды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік туғызады, сабаққа ынтасын, қызығуын арттырады.
29. Көрнекілікпен түсіндірілген материалды оқушылар тез қабылдап, жеңіл меңгереді. Есінде ұзақ сақтайды.

1. Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Өткенді қайталау: дауысты дыбыстарды естеріне түсіру, айта білу.
2. Дауыстыдыбыстардан сөздер ойлау, табу, жаза білу, өтілген тақырып

бойынша сұрақтарға жауап бере білу, аудару; сәлемдесу, қоштасу, ризашылықты білдіретін сөздерді қолдану.

3. Тындалым:

Мәтінді дұрыс оқу, мағынасын түсіну, сұрақтарға жауап беру, аудармасын білу. Мәтінде не туралы айтылғанын суреттен көрсету. Тақпақты тындап, суретпен сәйкестендіру. Заттарды мағынасы бойынша топтастыру. Зат есімнің мағынасын түсіну.

4. Айтылым:

- 1) дауысты дыбыстарды естеріне түсіру: а-ә, о-ө; ұ-ү; ы-і;
- 2) құрамында (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) дыбыстары бар сөздерді атау, оқу, жазу;
- 3) дауыссыз дыбыстарды танып білу, түрлерімен танысу, дұрыс айта білу;
- 4) дыбыс ерекшеліктерін өзара салыстыра білу, есту арқылы ажырата білу;
- 5) қатаң дауыссыз дыбыстарды танып айта білу, мысал келтіру;
- 6) құрамында қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөздерді атау, оқу, жазу, есте сақтау, аудару білу;
- 7) сұрақтарға жауап беру арқылы сөйлем құрастыру:
Қайрат не істеді? Қайрат доп ойнады;
- 8) ұяң дауыссыз дыбыстарды танып білу, дұрыс айта білу, сөздер ойлай білу;
- 9) дыбыс ерекшеліктерін өзара салыстыра білу, есту арқылы ажырата білу;
- 10) ұяң дауыссыз дыбыстарына суреттер арқылы мысалдар келтіре білу, аудармасын білу;
- 11) құрамында ұяңдауыссыз дыбыстары бар сөздерді атау, оқу, жазу, есте сақтау;
- 12) 12-14 сөзден құрастырылған диктант жаза білу;
- 13) сұрақтарға жауап беру арқылы сөйлем құрастыру:
Ғарышқа немен ұшады? Ғарышқа ғарыш кемесімен ұшады;
- 14) жаңа сөздерді қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударуға дағдылану;
- 15) зат есімнің анықтамасын, сұрақтары танып білу. Зат есімдерді айта білу, мағынасын түсіну, аудару білу. Зат есімдерге мысал келтіре отырып, оларды сөйлем ішінен табу, астын сызу, көшіріп жазу;
- 16) зат есімнің жалпы және жалқы есімдерін танып білу, ережесін оқу.
- 17) жалқы есімдердің жазылу емлесін білу, мысал келтіру. Мәтіннен жалқы есімдерді табу.
- 18) жалпы зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыра білу.
- 19) буын түрлерін ажырата білу, сөздерді буынға бөліп, оған нақты мысалдар келтіре білу (ба-ла, са-бақ);
- 20) сөздерді тасымалдай білу, тасымалданбайтын сөздерді білу: аң, іс, а-на, ә-ке, О-тан.
- 21) сөйлем мүшелерін танып білу (бастауыш, баяндауыш).
- 22) сөйлем мүшелерінің анықтамасын білу, сұрақтарын қоя білу.

5. Төмендегідей тақырыптар бойынша сөз қорын молайту, мағынасын түсіну, айту, меңгерген сөздерді есінде сақтап, диалогтік сөйлеуінде қолдану:

- 1) «Үй жануарлары, төлдері» (төрт түлік, сиыр-бұзау, қой-қозы, ешкі-лақ,

жылқы-құлын, түйе-бота, мысық-марқау, ит-күшік)

2) «**Мерекелер**»(8-наурыз-Аналар күні, 22-наурыз-Наурыз мейрамы, 1-мамыр-Ынтымақ, бірлік күні, 9-мамыр-Жеңіс күні, 1-маусым-Балалар күні, 30-тамыз-Конституция күні, 16-желтоқсан-Тәуелсіздік күні,)

3)«**Ауыл, қалалар**»(қала, аудан, ауыл, Қостанай)

4) «**Ақындар**»(ақын, Абай, Жамбыл, қадыр Мырза Әлі, өлең, ұлы)

5) «**Ұлттық ойындар**»(бәйге, асық, қыз қуу, көкпар, тоғызқұмалақ)

6) «**Уақыт, күн тәртібі**»(уақыт, тәулік, сағат, минут, секунд)

7) «**Табиғат**» (ауа-райы, күн мен түн, жауын-шашын, жел, боран, ашық, аяз)

6. Оқылым: құрастырылған мәтінді (3-4 жай сөйлемнен тұратын) оқу, жазу. Сұраққа жауап беру.

7. Тілдесу:

1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша Кім? Не? Кімдер? Нелер? деген сұрақтарға үлгі бойынша байланыстырып сөйлеу. Таныс заттардың белгілерін анықтап, сипаттау (үлкен, қызыл). Мәтіннің мазмұны бойынша суреттерді орналастыру, сөйлеу;

2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;

3) жаңа сөздердің аудармасын білу;

4) суреттерден үй жануарларын, оның төлдерін атау, оларды таза, әдемі көшіріп жаза білу;

5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту:

Сынып қандай? Сынып кең, үлкен, жарық, таза, әдемі;

Наурыз мерекесі қашан тойланады? Наурыз мерекесі 22-наурызда тойланады;

Сендер Наурыз мерекесіне қалай дайындаласыздар? Біз Наурыз мерекесіне ән, тақпақ жаттаймыз;

Сен қай қалада тұрасың ? Мен Қостанай қаласында тұрамын; қазір қай мезгіл? – Қазір жаз;

жазда ауа-райы қандай болады? – Жазда ауа-райы ыстық, ашық болады; Балалар жазда қайда демалады? Балалар жазда ауылға барып демалады; мынау не? Мынау нелер? Сұрақтарды қоя білу және жауап бере білу;

6) сөздерді жекеше және көпше түрде айта білу: оқушы–оқушылар, қала–қалалар;

7) ұлттық ойындарға жататын сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін есте сақтау;

8) үлгі бойынша сөйлей білу:

мынау не? Мынау нелер?;

Мынау – асық. Мынау – асықтар;

Асықпен қандай ойындар ойналады?- Асықпен «Ханталапай» «Омпы» «Алшы» ойындары ойналады;

Асықты қайдан алады? – Асықты қойдың сүйегінен алады;

Асық ойнаудың мақсаты не? – Мақсаты: көп асық ұтып алу болады;

Асық ойыны сендерге ұнайды ма? – Иә, өте ұнайды.

9) ақындарға байланысты сөздерді білу, жаза білу, есте сақтау;

10)үлгі бойынша сөйлей білу

Абай кім? Абай –ақын.

Ол қай халықтың ақыны? Ол – қазақ халқының ұлы ақыны;
Абай қай жерде, қашан дүниеге келген? – Абай 1845 жылы, Семей облысы,
Абай ауданында дүниеге келген;

Оның қандай өлеңдері бар? –Оның «Күз», «Қыс», «Жаз» атты өлеңдері бар.

11) сөйлеу үлгілерін түсінікті аударып білу; шағын жұмбақ, тақпақ жаттап айта білу.

5-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

5 сынып оқушылары білуге/түсінуге тиісті:

Пәндік:

- дауысты, дауыссыз дыбыстарды естіп, қабылдау, ажырату, айту.
- Бағдарламада қарастырылған тақырыптар бойынша заттарды атау, диалогтық сөйлеу тілінде үлгі бойынша қолдану;
- мәтінді дұрыс оқу, сұрақтарға дұрыс жауап беру, мағынасын түсіну, аудару;
- тақтадан, оқулықтан таза көшіріп жазу;
- сурет бойынша сөйлем құрастыру; тақырыпқа сай шағын тақпақтарды жаттау.

2. Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Өткенді қайталау: дауысты, дауыссыз дыбыстарды естеріне түсіру, сөздер ойлау, сөз ішінен таба білу, түрлерін ажырата білу.

2. Өтілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере білу, аудару; сәлемдесу, қоштасу, ризашылықты білдіретін сөздерді қолдану.

3. Тындалым:

Мәтінді дұрыс оқу, мағынасын түсіну, сұрақтарға жауап беру, аудармасын білу. Мәтінді қысқаша әңгімелеп беруге үйрену. Құрастырылған диалогты дұрыс оқу, сұраққа жауап беру, мағынасын түсіну, оны аударып білу.

4. Айтылым:

- 1) дауысты дыбыстарды естеріне түсіру: а-ә, о-ө; ұ-ү; ы-і;
- 2) құрамында (а-ә, о-ө, ү-ү, ы-і) дыбыстары бар сөздерді атау, оқу, жазу;
- 3) дауыссыз дыбыстарды айта білу, сөздер ойлай білу;
- 4) ұяң дыбыстарды (б, ғ, д, з, ж) ұқсас дыбыстардан ажырата білу;
- 5) ұяң дыбыстарды сөз ішінен таба білу, осы дыбыстармен сөз ойлау, жазу, аудару;
- 6) синоним сөздердің анықтамасын білу, мысал келтіру;
- 7) синоним сөздердің аудармасын білу, жаза білу;
- 8) антоним сөздердің анықтамасын білу, мысал келтіру;
- 9) антоним сөздердің аудармасын білу, жаза білу;
- 10) омоним сөздердің анықтамасын білу, мысал келтіру;
- 11) омоним сөздердің аудармасын білу, жаза білу;
- 12) синоним, антоним, омоним сөздерін ауызекі сөйлегенде пайдалана білу;
- 13) 14-16 сөзден құрастырылған диктант жаза білу;
- 14) түбір мен қосымша туралы түсінік алу, анықтамасын танып білу, ажырата білу;

- 15) түбір сөзге жұрнақтар қосып, жаңа сөздер құрастыра білу;
 - 16) жұрнақ қосылған сөздердің мағынасын түсіну, оларды аудара білу;
 - 17) сөйлемнің түрлерімен танысу, ережесін білу, мысал келтіру;
 - 18) хабарлы сөйлемнің анықтамасын меңгеру, айта білу;
 - 19) сұраулы сөйлемнің анықтамасын танып білу, ауызекі сөйлеу дағдысын меңгеру;
 - 20) лепті сөйлемнің анықтамасын білу, интонациясына көңіл аудару, дұрыс айта білу;
 - 21) жай және құрмалас сөйлемдердің анықтамасын танып білу, тыныс белгілерін қоя білу;
 - 22) сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы түсінік алу, анықтамасын білу;
 - 23) ретсіз берілген сөздерден сөйлем, мәтін құрастыру, оларды сауатты жаза білу, аудара білу;
5. Төмендегідей тақырыптар бойынша сөз қорын молайту, мағынасын түсіну, айту, меңгерген сөздерді есінде сақтап, диалогтік-монологтік сөйлеуінде қолдану:

- 1) «**Мамандықтар**» (мұғалім, дәрігер, ұшқыш, құрылысшы, тігінші, етікші т.б)
- 2) «**Жазушылар**» (М.Әуезов, С.Мұқанов, Ш.Айтматов, жазушы, өмірбаян, әңгіме, шығарма, роман)
- 3) «**Ғалымдар**» (Қ.Сатпаев, ғалым, атақты, еңбегі)
- 4) «**Күйшілер**» (Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, күйші, күй)
- 5) «**Қонақта**» (қонақ, қонаққа бару, сыйлық беру, дастархан әзірлеу, ас мәзірін білу, қонақ күту, өзін-өзі ұстай білу қағидалары)
- 6) «**Дүкенде**» (азық-түлік, дүкенші, сауда, ақша, сату)
- 7) «**Кітапханада**» (кітап, кітапханашы, сөре, газет, журнал)
- 8) «**Дәрігердің қабылдауында**» (дәрігер, дәрі, емхана, аурухана, дәріхана, жедел жәрдем, қабылдау, егу, рентген)

6. Оқылым: құрастырылған мәтінді дұрыс оқу, сұраққа жауап беру, мағынасын түсіну, оны аудара білу. Мәтінді тақтаға немесе дәптерге өз бетімен жаза білу, жаңа сөздерді теріп жазу.

7. Тілдесу:

- 1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша Кім? Не? Кімдер? Нелер? Не істейді? деген сұрақтарға үлгі бойынша байланыстырып сөйлеу. Мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелеу, сипаттау;
- 2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;
- 3) жаңа сөздердің аудармасын білу, жатқа айту;
- 4) суреттердегі мамандықтарды атау, оларды сауатты көшіріп жаза білу;
- 5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту:

Мынау кім? – Ол-ұшқыш.

Ол не істейді? - Ол ұшақпен ұшады.

Ұшақта кімдер отыр? – Ұшақта адамдар отыр.

Олар қайда барады? – Олар Астанаға ұшып барады.

Ұшқыш не істеп отыр? – Ұшқыш ұшақ айдап отыр.

- б) сөздерді жекеше және көпше түрде айта білу: мұғалім–мұғалімдер,

дәрігер–дәрігерлер;

7) дүкенде тақырыбына байланысты сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін есте сақтау;

8) үлгі бойынша сөйлей білу:

Бұл не? - Бұл азық-түлік дүкені.

Дүкенде не бар? Дүкенде нан, сүт, айран бар.

Онда сүт қанша тұрады? - Сүт 180 теңге тұрады.

Ірімшік бар ма екен? – Ірімшік жоқ, айран бар.

Айран қанша тұрады? – Айран 120 теңге тұрады.

– жақсы, рақмет.

9) күйшілерге байланысты сөздерді білу, жаза білу, есте сақтау;

10) үлгі бойынша сөйлей білу

Қазақ халқының күйшілерін білесіңдер ме? Қазақ халқының атақты күйшілері – Құрманғазы, тәттімбет, Дина.

Олар не істеген адамдар? Олар домбырамен күй тартқан.

Құрманғазының қандай күйлерін білесіңдер? – Құрманғазының «Той бастар», «Кісен ашқан», «Адай» деген күйлері бар.

Құрманғазының күйлерін кім тартқан? – Құрманғазының күйлерін Дина Нүрпейісова тартқан.

Құрманғазы мен Дина қай жерде туған? – Құрманғазы мен Дина Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

11) сөйлеу үлгілерін түсінікті аударып білу; тақырыптарға сай мақал, өлең, тақпақтарды жатқа айта білу, жұмбақтарды шеше білу.

6-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

6 сынып оқушылары білуге/түсінуге тиісті:

Пәндік:

- тақырып аясында жаңа сөздерді түсіну, ауызекі сөйлегенде пайдалану, меңгерген сөздерді есте сақтап, диалогтік сөйлеуде қолдану.

- мәтінді қысқаша әңгімелеп беру; мағынасын түсіну, аудару;

- мәтінді тақтаға немесе дәптерге өз бетімен жазу, жаңа сөздерді теріп жазу;

- тақырыпқа сай тақпақтарды жаттау, жұмбақтарды шешу, мақал айту.

3. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Өткенді қайталау: дауысты, дауыссыз дыбыстарды естеріне түсіру, сөздер ойлау, сөз ішінен таба білу, түрлерін ажырата білу.

2. Өтілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере білу, аудару.

3. Тыңдалым:

Мәтінді оқу, сөздік арқылы аудару, мағынасын түсіну. Мәтіндердің мазмұнын тірек сөздер арқылы әңгімелей білу. Құрастырылған диалогты дұрыс түсініп оқу, сұраққа жауап беру, жаңа сөздерді есте сақтау, оны аударып білу.

4. Айтылым:

1) дауысты дыбыстарды естеріне түсіру, сөздер ойлау, астын сызу;

2) дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата білу, сөз ішінен дауысты дыбыстарды таба білу;

- 3) дауыссыз дыбыстарды еске түсіру, сөздер ойлау;
- 4) дауыссыз дыбыстардың түрлерін (қатаң, ұяң) ажырата білу;
- 5) дауыссыз дыбыстарды сөз ішінен таба білу, сөздер ойлау;
- 6) үнді дыбыстарды тану, айта білу, астын сызу;
- 7) үнді дыбыстары бар сөздер ойлау, қатыстырып сөйлем құрау;
- 8) зат есімнің анықтамасын, сұрақтарын еске түсіру, мысал келтіру;
- 9) суреттер арқылы зат есімді атау, жазу, аудару;
- 10) зат есімнің септелуі туралы түсінік алу;
- 11) зат есімнің септік жалғауларын танып білу;
- 12) зат есімге септік жалғауларын қосып септей білу;
- 13) 16-18 сөзден құрастырылған диктант жаза білу;
- 14) сын есім анықтамасын танып білу, сұрақтарын ажырата білу;
- 15) сын есімдермен сөйлем ойлау, аудару, жазу;
- 16) сын есімдерді мәтіннен сұрақ қою арқылы таба білу, астын сызып көрсету;
- 17) сан есімнің анықтамасын танып білу, сұрақтарын қоя білу, мысал келтіру;
- 18) сан есімдерді аудару, салыстыру;
- 19) сан есімдермен сөйлем ойлау, аудару, жазу;
- 20) сан есімдерді мәтіннен сұрақ қою арқылы таба білу, астын сызып көрсету;
- 21) синоним, антоним, омоним сөздерінің анықтамасын еске түсіру, ажырата білу, мысал келтіру;
- 22) жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің анықтамасын еске түсіру;
- 23) құрмалас сөйлемнің анықтамасын білу, түсіну, ажырата білу;
- 24) құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін қоя білу;
- 25) мазмұнды сурет бойынша сөйлем құрастыр білу, аудару;
- 26) сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы түсінік алу, анықтамасын білу;
- 27) мәтінен бірыңғай мүшелерді таба білу, тыныс белгілерін қоя білу, интонация арқылы тыныс белгілерін қоя білу;
- 28) жай сөйлемнің анықтамасын түсіну, мысал келтіру;
- 29) жай сөйлемдерге үлгі бойынша сөйлемдер ойлау, аудару, жазу;
- 30) сурет арқылы жай сөйлемдер құрастыру, сөйлемді аяқтап жазу;
- 31) сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін еске түсіру, атау, орыс тілімен салыстыру;
- 32) сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің шартты белгілерін еске түсіру, талдау жасай білу;
- 33) тұрлаусыз мүшелердің аттарын (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) атай білу, сөйлем құрастыру.

5. Төмендегідей тақырыптар бойынша сөз қорын молайту, мағынасын түсіну, айту, меңгерген сөздерді есінде сақтап, диалогтік-монологтік сөйлеуінде қолдану:

- 1) «**Тарихи тұлғалар. Хандар**» (Аблай хан, Әбілқайыр хан, Жәңгір хан, бірлік, татулық, ынтымақ)
- 2) «**Билер**» (Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би, әділ, ақылды, тапқыр, шешен)
- 3) «**Батырлар**» (Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Баян, Сырым, батыр, ержүрек, қайсар, қайратты)
- 4) «**Суретшілер**» (Ә.Қастеев, Т. Досмағамбетов, кескіндемеші, график суретші, бейнелеу өнері, негізін салушы)

5) «Әншілер» (Біржан сал, Жаяу мұса, Ақан сері, Әміре Қашаубаев, әнші, сазгер, әртіс, айтыс ақыны)

6) «Жазушылар» (Ғ.Мүсірепов, І.Есенберлин, романдары, көрнекті, шығармалары)

7) «Ұлттық аспаптар» (домбыра, сырнай, сыбызғы, қобыз, қылқобыз, шертер, сазсырнай)

8) «Қазақ ертегілері» («Ер Төстік», «Алтын сақа», «Қаңбақ шал», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»)»

6. Оқылым: құрастырылған мәтінді түсініп оқу, сұраққа толық жауап бере білу, оны аудару білу. Билердің нақыл сөздерін түсініп оқу, сөздік арқылы 1-2 сөйлемді аудару.

7. Тілдесу:

1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша келген сұрақтарға үлгі бойынша байланыстырып сөйлеу. Мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелеу, сипаттау;

2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;

3) жаңа сөздерді жаттапала білу, оларды қолданып шағын мәтінді аудару білу;

4) суреттердегі ұлттық аспаптарды атау, олардың атауларын сауатты көшіріп жаза білу;

5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту:

Біздің қалада қандай музыкалық сайыс өтті? – Біздің қалада өнерлі балалар арасында музыкалық сайыс өтті.

Сен сайысқа қатыстың ба? - Иә, мен де бұл сайысқа қатыстым.

Сен қандай аспапта өнер көрсеттің? – Мен домбырамен күй тарттым.

Олар қайда барады? – Олар Астанаға ұшып барады.

Онда балалар қандай халық аспаптарында өнер көрсетті? – Олар домбыра, қобыз, сырнай, сыбызғыда ойнады.

6) суреттер бойынша ертегінің мазмұнын құрастырып айта білу;

7) ертегі тақырыбына байланысты сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін есте сақтау;

8) үлгі бойынша сөйлей білу:

Сендер қандай ертегілерді білесіңдер? - Біздер («Ер Төстік», «Алтын сақа», «Қаңбақ шал», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?») деген ертегілерді білеміз.

«Ер төстік» ертегісінің кейіпкерлерін ата.Төстік, Ерназар, Кенжекей, Мыстан кемпір, Шойынқұлақ және т.б.

Ертегі қалай аяқталады?- Ертегіде мейірімділік жауыздықты жеңеді.

9) Билерге байланысты сөздерді білу, жаза білу, есте сақтау;

10)үлгі бойынша сөйлей білу

Қазақ халқының үш биін атаңдар. Қазақ халқының билері – Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би.

Ертеде билер не істеді? Билер әділ, ақылды, тапқыр, шешен болған. Олар дауда әділдікті, дұрыстықты шешкен.

Билер кімді жақтады? – Билер халықты жақтады.

Не себепті халық билерді жақсы көрді? –Себебі, олар тапқыр және әділ болған.

11) сөйлеу үлгілерін түсінікті аудару білу; тақырыптарға сай мақал-мәтел, өлең,

тақпақтарды жатқа айта білу.

7-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар **7 сынып оқушылары білуге/түсінуге тиісті:**

Пәндік:

- Мәтінді оқу, сөздік арқылы аудару, мағынасын түсіну; сөз таптарына байланысты тапсырмаларорындау.

- Сөздерді септей алу; монологтік сөйлеу тілін дамыту. Мәтінді, тақпақты тындап, мазмұнын түсіну, септік жалғаулардың мағынасын түсіну. Өтілген тақырыптар аясындағы сөздерді түсініп, монологты сөйлеуде қолдану. Мәтіндерді оқу, жазу, сұрақтарға жауап беру. Суреттерге сүйеніп, заттарға сипаттама беру.

- Қарапайым суреттер бойынша әңгімелесу.

Жүйелік-әрекеттік:

- пәндік оқыту барысында алған білім, дағдыларын өз бетімен әр жағдайларда тәжірибе жүзінде пайдалану. Айналасындағылармен әдептілікті сақтай отырып, қарым-қатынас жасай білу, өзін - өзі бақылау, бағалау.

Тұлғалық:

- ұжыммен, өзбетінше, мұғалімнің басшылығымен нәтижелі жұмыс атқаруды үйрену. Сөйлеу, ойлау іс-әрекетін белсендіру, қарым-қатынас, танымдық функцияларын дамыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, үлкендерді сыйлап, кішілерге жәрдем беру.

4. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Өткенді қайталау: дауысты, дауыссыз дыбыстарды естеріне түсіру, сөздер ойлау, сөз ішінен таба білу, түрлерін ажырата білу.

2. Өтілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере білу, аудару.

3. Тындалым:

Мәтінді оқу, сөздік арқылы аудару, мағынасын түсіну. Мәтіндердің мазмұнын тірек сөздер арқылы әңгімелей білу. Құрастырылған диалогты дұрыс түсініп оқу, сұраққа жауап беру, жаңа сөздерді есте сақтау, оны аудару білу.

4. Айтылым:

1) дауысты дыбыстарды естеріне түсіру, сөздер ойлау, астын сызу;

2) дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата білу, сөз ішінен дауысты дыбыстарды таба білу;

3) дауыссыз дыбыстарды еске түсіру, түрлерін ажырата білу;

4) қатаң дауыссыз дыбыстарды еске түсіру, сөздер ойлау білу;

5) ұяң дауыссыз дыбыстарды еске түсіру, сөз ішінен таба білу, сөздер ойлау;

6) үнді дауыссыз дыбыстарды еске түсіру, сөз ішінен таба білу;

7) үнді дауыссыз дыбыстарға сөздер ойлау, аудару, жазу;

8) сөздерге дыбыстық талдау жасай білу;

9) буын үндестігі туралы түсінік алу, анықтамасын түсіну;

10) дыбыс үндестігі туралы түсінік алу, анықтамасын түсіну;

11) күрделі сөз туралы түсінік алу, анықтамасын білу;

12) біріккен сөздердің анықтамасын түсіну, сөздерді атау, сөйлем құру;

13) қос сөздердің анықтамасын түсіну, жазылу емлесін білу, мәтіннен таба білу;

- 14) қысқарған сөздердің анықтамасын түсіну, жазылу емлесін білу, мәтіннен таба білу;
 - 15) зат есімнің анықтамасын, сұрақтарын қайталау, мысал келтіру;
 - 16) зат есіммен сөйлем ойлау, жазу, аудару;
 - 17) жалқы және жалпы зат есімдіеске түсіру, жазу емлесін білу;
 - 18) зат есімнің жекеше, көпше түрлерінің анықтамасын білу, көптік жалғауларын танып білу;
 - 19) зат есімнің септелуін білу, септік атаулары мен сұрақтарын қайталау;
 - 20) 20-22 сөзден құрастырылған диктант жаза білу;
 - 21) сын есім анықтамасын еске түсіру, мәтіннен таба білу;
 - 22) сан есімнің анықтамасын қайталау, сөздер ойлау, сөйлем құрастыру;
 - 23) есімдік туралы түсінік алу, анықтамасын жаттап алу, мысал келтіру;
 - 24) есімдіктерді қатыстырып сөйлем ойлау, жазу, аудару;
 - 25) етістік туралы түсінік алу, анықтамасын түсініп жаттап алу, мысал келтіру;
 - 26) сөйлем құрастырып етістіктің астын сызу, сөйлемді аяқтай білу;
 - 27) мазмұнды суретпен жұмыс жасай білу;
 - 28) құрастырылған әңгімеден 2-3 сөйлем жазып, етістіктердің астын сыза білу;
 - 29) шылау туралы түсінік алу, анықтамасын білу, мысал келтіру;
 - 30) сұраулық шылауларды мәтіннен, сөйлемнен табу;
 - 31) сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін қайталау, аудару, сұрақтарын білу, шартты белгілерімен сызып көрсету;
 - 32) сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы түсінік алу, сөздерге сұрақ қоя білу, аудару;
 - 33) сурет арқылы сөйлем құрастыра білу, сөйлем мүшесіне талдай білу;
5. Төмендегідей тақырыптар бойынша сөз қорын молайту, мағынасын түсіну, айту, меңгерген сөздерді есінде сақтап, диалогтік-монологтік сөйлеуінде қолдану:
- 1) **«Іс-қағаздар»** (өтініш, сенім хат, арыз, жедел хат, мекен-жай)
 - 2) **«Құттықтаулар»** (мереке, мейрам, туыстар, достар, құттықтау, хат жазу)
 - 3) **«Біздің Отанымыз-Қазақстан»** (Отан, егеменді, тәуелсіз кең байтақ, көп ұлтты, мемлекет)
 - 4) **«Қазақстанның рәміздері»** (Елтаңба, Ту, Гимн,)
 - 5) **«Астана»** (бас қала, Ел орда, орталық, Бәйтерек, Ханшатыр, Ақ орда)
 - 6) **«Қазақтың атақты адамдары. Батырлар»** (Ұлы Отан соғысы батырлары, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов, Рақымжан Қошқарбаев)
 - 7) **«Өнер адамдары»** (Күләш Бәйсейітова, Ғазиза Жұбанова, Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова және т.б)
 - 8) **«Ғалымдар»** (Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан)
 - 9) **«Мейрамдар»** (Наурыз, Жаңа жыл, 8-наурыз, 1-мамыр, Жеңіс күні, Тәуелсіздік күні, құттықтаулар жазу, жеделхат толтыру)
6. Оқылым: құрастырылған мәтінді түсініп оқу, сұраққа толық жауап бере білу, аудармасын білу. Мәтінді, өлең, тақпақты мәнерлеп оқу, жатқа айту.
7. Тілдесу:
- 1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша келген сұрақтарға үлгі бойынша

байланыстырып сөйлеу. Мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелеу, сипаттау;
2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;
3) жаңа сөздерді жаттап ала білу, оларды қолданып мәтінді аударып білу;
4) суреттердегі рәміздерді атау, олардың атауларын көшіріп жаза білу;
5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту:

Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан - көп ұлтты, тәуелсіз мемлекет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білесің бе? - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Әнұран, Ту, Елтаңба.

Сен Қазақстан Республикасының Әнұранын білесің бе? – Иә, мен Қазақстан Республикасының Әнұранын жатқа білемін, әнімен де айтамын.

Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстан Республикасының астанасы – Астана деп аталады.

6) Астана туралы өлең, тақпақ айта білу;

7) Қазақстан тақырыбына байланысты сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін есте сақтау;

8) Ұлы Отан соғысының батырлары туралы мәтінмен танысу, сұрақтар арқылы мазмұнын айту, сөздік арқылы аудару;

9) тақырыптарға сай шағын диалог құрастыру, аудару;

10) тақырыптарға сай өлең, тақпақ, мақал-мәтелді жатқа айту, мазмұнын түсіну;

11) құттықтау сөз айта білу, жаза білу, мейрамға арнап жеделхат толтыра білу;

8-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

8 сынып оқушылары білуге/түсінуге тиісті:

Пәндік:

- Мәтіндердің мазмұнын айту; сөз таптарына байланысты тапсырмалар орындау.

Сөйлем мүшелеріне талдай алу; монологтік, диалогтік сөйлеу тілін дамыту.

Мәтінді, тақпақты тындап, мазмұнын түсіну, айта білу. Өтілген тақырыптар аясындағы жаңа сөздерді түсініп, жатқа айту, сөйлеуде қолдану. Шағын мәтіндерді

оқу, жазу, сұрақтарға жауап беру.

- мазмұнды суреттер бойынша жұмыс жасау.

Жүйелік-әрекеттік:

- пәндік оқыту барысында алған білім, дағдыларын өз бетімен әр жағдайларда

тәжірибе жүзінде пайдалану. Айналасындағылармен әдептілікті сақтай отырып,

қарым-қатынас жасай білу, өзін - өзі бақылау, бағалау.

Тұлғалық:

- ұжыммен, өзбетінше, мұғалімнің басшылығымен нәтижелі жұмыс атқаруды

үйрену. Сөйлеу, ойлау іс-әрекетін белсендіру, қарым-қатынас, танымдық

функцияларын дамыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, үлкендерді

сыйлап, кішілерге жәрдем беру.

5. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Тындалым:

2. Мәтінді оқу, сөздік арқылы аудару, мағынасын түсіну. Мәтіндердің мазмұнын тірек сөздер арқылы әңгімелей білу. Құрастырылған диалогты дұрыс түсініп оқу, сұраққа жауап беру, жаңа сөздерді есте сақтау, оны аударып білу.

2. Айтылым:

- 1) қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібін білу;
- 2) алфавиттің анықтамасын білу;
- 3) сөздерді алфавит ретімен жаза білу, сөздікпен жұмыс жасай білу;
- 4) дауысты дыбыстар, олардың жуан және жіңішке болып бөлінуін білу;
- 5) жуан дауыстылардың анықтамасын түсіну, сөздерден оларды таба білу, ажырату;
- 6) жіңішке дауыстылардың анықтамасын түсіну, сөздерден оларды таба білу, ажырату;
- 7) дауыссыз дыбыстардың түрлерін қайталау, ажырата білу;
- 8) қатаң дауыссыздарды айту, сөздер ойлау, аудару, астын сызу;
- 9) ұяң дауыссыздарды айту, сөздер ойлау, аудару, астын сызу;
- 10) үнді дауыссыздарды айту, сөздер ойлау, аудару, астын сызу;
- 11) сөздерге дыбыстық талдау жасай білу;
- 12) буын үндестігіне арналған жаттығулар жаза білу;
- 13) дыбыс үндестігіне арналған жаттығулар жаза білу;
- 14) өз бетімен үндестік заңын тұжырымдай білу;
- 15) сөз туралы түсінікті қайталау, анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру;
- 16) күрделі сөздерді жаттығу арқылы еске түсіру, түрлерін ажырата білу (қос сөздер, біріккен сөз, қысқарған сөз);
- 17) синоним, антоним, омоним сөздердің анықтамасын еске түсіру, сөйлеу кезінде пайдалана білу;
- 18) сөз құрамын қайталау, түбір мен қосымшаның анықтамаларын еске түсіру;
- 19) қосымша түрлерін ажырата білу, сөздерді сөз құрамына талдау, шартты белгілермен анықтай білу;
- 20) зат есімнің жалпы ережесін еске түсіру, сұрақ қоя білу;
- 21) зат есім түрлерін (жалқы, жалпы) жаттығу жүргізіп, ажырата білу;
- 22) зат есімнің септелуін қайталау, сөздерді септей білу, сұрақтарын жатқа айту;
- 23) зат есімнің жекеше, көпше түрлеріне жаттығу жұмыстарын орындай білу;
- 24) зат есімдіжекеше түрден көпше түрге айналдырып жаза білу;
- 25) 22-25 сөзден құрастырылған диктант жаза білу;
- 26) сын есім анықтамасын еске түсіру, сұрақтарын білу, мысал келтіру, мәтіннен таба білу;
- 27) сан есімнің анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру, мәтіннен таба білу;
- 28) заттарды санай білу, сағат тілдерінің көрсеткішін айта білу, аудару;
- 29) есімдік анықтамасын айта алу, мысал келтіру;
- 30) есімдіктерді қатыстырып сөйлем ойлау, жазу, аудару;
- 31) есімдіктерді қатыстырып диалог құрастыра білу;
- 32) етістік анықтамасын айта алу, сұрақтарын қоя білу, мысал келтіру;
- 33) сөйлем құрастырып етістіктің астын сызу, сөйлемді аяқтай білу;
- 34) сурет арқылы шағын әңгіме құрастыра білу;
- 35) шылау анықтамасын айта білу, мысал келтіру;
- 36) шылауларды қатыстырып сөйлем құрау;
- 37) сөйлемнің анықтамасын білу, айтылу мақсатына қарай түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырата білу;

- 38) жай және құрмалас сөйлем анықтамаларын еске түсіру, мысал келтіру, өзара салыстыра білу;
- 39) сөйлем мүшелерін қайталау, сұрақ қою арқылы сөйлемдерге талдау жүргізу;
- 40) тұрлаусыз мүшелерді қатыстырып сөйлемді құрастыра білу;
- 41) сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қайталау, анықтамасын еске түсіру;
- 42) сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатыстырып сөйлем ойлау, тыныс белгісін қоя білу;
- 43) суреттер арқылы бірыңғай мүшелерді қатыстырып затты сипаттай білу, құрастырылған шағын әңгіменің мазмұнын түсіну;
- 44) сөйлемдегі көп нүктенің орнына бірыңғай мүшені қойып, жаза білу.
5. Төмендегідей тақырыптар бойынша сөз қорын молайту, мағынасын түсіну, айту, меңгерген сөздерді есінде сақтап, диалогтік-монологтік сөйлеуінде қолдану:
- 1) «**Іс-қағаздар**» (жұмысқа алу туралы өтініш, түйіндеме, өз өмірбаяны, хабарландыру)
 - 2) «**Тәуелсіз мемлекет-Қазақстан**» (Отан, егеменді, тәуелсіз кең байтақ, көп ұлтты, мемлекет)
 - 3) «**Біздің тұңғыш президент**» (Елбасы, сайлау, халық,)
 - 4) «**Алтын Орда – Астанам!**» (бас қала, Ел орда, орталық, Бәйтерек, Ханшатыр, Ақ орда)
 - 5) «**Білім ошағы – өмір шырағы**» (білім, мектеп, алтын ұя,)
 - 7) «**Ғарышқа самғаған – қос батыр**» (Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев)
 - 8) «**Менің сүйікті қалам**» (Қостанай, туған жер, туған өлке, құтты мекен, құнарлы жер)
 - 9) «**Мен таңдаған мамандық**» (тігінші, сылақшы, ұсташы)
 - 10) «**Еңбек еткен ерінбес**» (еңбек, табысты, пайдалы, іс, қызмет)
6. Оқылым: құрастырылған мәтінді түсініп оқу, сұраққа толық жауап бере білу, аудармасын білу. Мәтінді, өлең, тақпақты мәнерлеп оқу, жатқа айту.
7. Тілдесу:
- 1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша келген сұрақтарға үлгі бойынша байланыстырып сөйлеу. Мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелеу, сипаттау;
 - 2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;
 - 3) жаңа сөздерді жаттап ала білу, оларды қолданып мәтінді аударма білу;
 - 4) суреттердегі рәміздерді атау, олардың атауларын көшіріп жаза білу;
 - 5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту:
6. Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан - көп ұлтты, тәуелсіз мемлекет.
 7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білесің бе? - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Әнұран, Ту, Елтаңба.
 8. Сен Қазақстан Республикасының Әнұранын білесің бе? – Иә, мен Қазақстан Республикасының Әнұранын жатқа білемін, әнімен де айтамын.
 9. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстан Республикасының астанасы – Астана деп аталады.
- б) Астана туралы өлең, тақпақ айта білу;
 - 7) Қазақстан тақырыбына байланысты сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін

есте сақтау;

8) Ғарышқа ұшқан батырлар туралы мәтінмен танысу, сұрақтар арқылы мазмұнын айту, сөздік арқылы аудару;

9) тақырыптарға сай шағын диалог, әңгіме, мазмұндама, шығарма құрастырып, оны айта, жаза білу, мағынасын түсіну;

10) тақырыптарға сай 5-6 өлең, тақпақ, мақал-мәтелді жатқа айту;

11) жұмысқа алу туралы өтініш немесе түйіндеме толтыру, өз өмірбаянын жаза білу, оны толықтай сипаттау, хабарландыру жаза білу, оны аудару.

9-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

9 сынып оқушылары білуге/түсінуге тиісті:

Пәндік:

- Мәтіндердің мазмұнын айта білу; фонетиканы меңгеру, тапсырмалар орындай алу. Сөз және сөз құрамын талдау, шартты белгілермен анықтау; монологтік, диалогтік сөйлеу тілін дамыту. Мәтінді, тақпақты тындап, мазмұнын түсіну, сөздерді септеу. Шағын мазмұндама жазу, мағынасын білу, сұрақтарға жауап беру. Сөйлем мүшелеріне талдау.

- Қарапайым суреттер бойынша әңгімелесу.

Жүйелік-әрекеттік:

- Пәндік оқыту барысында алған білім, дағдыларын өз бетімен әр жағдайларда тәжірибе жүзінде пайдалану. Айналасындағылармен әдептілікті сақтай отырып, қарым-қатынас жасай білу, өзін - өзі бақылау, бағалау.

Тұлғалық:

- ұжыммен, өзбетінше, мұғалімнің басшылығымен нәтижелі жұмыс атқаруды үйрену. Сөйлеу, ойлау іс-әрекетін белсендіру, қарым-қатынас, танымдық функцияларын дамыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, үлкендерді сыйлап, кішілерге жәрдем беру.

Әдебиет:

1. Зерде дамуы орташа және терең бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту және сауаттылыққа үйрету (әдістемелік құрал) Л.Б. Баряева, Л.В. Логинова, Л.В. Лопатина, Р.А.Сүлейменова, Г.Ж.Есенжолова.
2. Бағдарлама. Фонетикасы, фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу. Қ.Қ.Өмірбекова, С.Ж.Өмірбекова.
3. Сөйлеу тілін тексеру әдістері. Қ.Қ.Өмірбекова, С.Ж.Өмірбекова.
4. Фонетикалық және морфологиялық ережелер бойынша сауатты жазуға үйрету (оқу-әдістемелік құрал) Қ.Қ.Өмірбекова, К.Б.Бектаева.
5. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары. Ж.д. Адамбаева.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы.

**Байдилда Назира Жанбулатовна, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Байқоңыр қаласы, №275 орта мектеп**

Тіл кемшіліктерін түзету сабақтары

Психикалық даму тежелісі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныбы үшін «Тіл дамуы кемшіліктерін түзеу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетіп және дамытып, қарым-қатынас құралдары ретінде қолданып, әлеуметтік ортаға бейімдеу.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтып, ажырату;
- 2) сөз қорын анықтау, кеңейту, толықтыру;
- 3) сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын меңгеріп, белсенді сөз қорында қолдану;
- 4) сөздің буындық, дыбыстық құрамын сөйлемді талдау, жинақтау дағдыларын жетілдіру;
- 5) сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру;
- 6) байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- 7) өтілген ережелерді сақтап сөздерді, сөйлемдерді дұрыс жазуға үйрету;
- 8) жазбаша сөйлеу тіл бұзылыстарын түзету.

4. Психикалық даму тежелісі бар білім алушыларға арналған мектептің оқу жүйесінде логопедиялық жұмыс ерекше орын алады. Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің барлық компоненттерін меңгеруде әртүрлі деңгейде байқалатын бұзылыстар орын алады. Атап айтқанда, артикуляциялық-акустикалық жағынан ұқсас дыбыстарды ажырата алмауы, сөйлем құрамының бұзылуы, байланыстырып сөйлеуінің жетілмеуі, сөзжасау мен сөзөзгерту дағдыларының қалыптаспауы, фонематикалық талдау мен жинақтау процестерінің бұзылуы, сонымен қатар, сөзсіз функцияларының (кеңістікті, уақытты) толық қалыптаспауы ауызша сөйлеу тілінің қалыптаспауы, жазбаша сөйлеу тілін меңгеруге әсерін тигізеді. Психикалық дамуы тежелген

балалар арасында дисграфияның аграмматикалық, акустикалық, тілдік талдау, жинақтаудың бұзылу негізіндегі дисграфия түрлері жиі кездеседі.

5. Психикалық даму тежелісі бар білім алушыларға арналған мектеп логопедінің негізгі міндеті – қазақ тілі пәнінің бағдарламасындағы материалды меңгеруге көмектесу болып табылады.

6. Логопедиялық сабақтар кешенді түрде келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту;
- 2) графо-моторлық дағдыларын жетілдіру;
- 3) оптикалық-кеңістіктік бағдарлауын;
- 4) сөйлеу тілінің барлық компоненттерін (дыбыс айту, сөз қоры, грамматикалық жағын);
- 5) просодикалық компоненттерін;
- 6) психикалық процестерін дамыту;
- 7) сөзсіз функцияларды жетілдіру;
- 8) жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету.

6-арнайы түзету сыныбында Жалағаш аудандық ПМПК-нің шешімімен 4 оқушы оқиды. Тақырыптық-күнгізбелік жоспар 6-арнайы түзету сыныбының оқушыларын жыл басында логопедиялық тексеруден өткізгеннен кейін, олардың сөйлеу тіліндегі анықталған дыбыс айту және ажыратудағы бұзылыстарға сәйкес құрылды. «Тіл дамуы кемшіліктерін түзеу» пәні аталған сыныпқа аптасына 1 рет өтеді. Мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес маман- логопедтің жеке түзетушілік сабағы аптасына 2 рет жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) фонематикалық қабылдауды, сөздің дыбыстық-буындық құрамын талдайды, жинақтайды;
- 2) әртүрлі құрылымды сөйлемдерді ауызша сөйлеу тілінде қолданады, жазады;
- 3) әртүрлі тақырыптар бойынша өзбетімен шағын әңгімелер құрастырады, жазады;
- 4) сөйлеу жылдамдығын, ырғақтылығы мен интонациясын сақтайды;
- 5) фонематикалық түсініктерді (тіл дыбыстарын естіп, ажырату, анық айту, сөздің дыбыстық құрамын талдау, жинақтау дағдыларын) меңгереді;
- 6) өтілген тақырыптар аясындағы жаңа сөздерді қолжетімді сөзжасам дағдыларын, жалпылама, антоним, синоним сөздерді игеру арқылы енжар, белсенді сөз қоры молаяды;
- 7) тіл дыбыстарын анық айтады, ажыратады.
- 2) сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын меңгереді.

6 - арнайы түзету сыныбында жүргізілетін

«Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу» пәнінің тақырыптық-күнтізбелік жоспары

р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
I жартыжылдық			
1	Жуан дауысты дыбыстар.	1	6.09.
2	Жіңішке дауысты дыбыстар.	1	13.09.
3	Жыл мезгілдері. Күз. Дауыссыз дыбыстар.	1	20.09.
4	Дауыссыз дыбыстар түрлері.	1	27.09.
5	Геометриялық фигуралар. Енжар сөздік қорларын дамыту.	1	4.10.
6	Дидактикалық ойындар. Зат есім.	1	11.10.
7	Құрал-саймандар. «Ш» дыбысы.	1	18.10.
8	Менің отбасым. Сын есім.	1	25.10.
9	Антоним сөздер.	1	8.11.
10	Балықтар. «К-Қ» дыбыстары.	1	15.11.
11	Логоритмикалық жаттығулар. Қосымша.	1	22.11.
12	Қыс мезгілі. Сөз түрлендіруші жұрнақ.	1	29.11.
13	Қысқы киімдер. Сөз тудырушы жұрнақ.	1	6.12.
14	Тәуелсіз және еркін ел. Шылау.	1	13.12.
15	Жаңа Жыл. «С-Ш» дыбыстары.	1	20.12.
16	Қорытынды сабақ. Сөйлем. Сөйлемнің түрлері.	1	27.12.
II жартыжылдық			
17	Мәтін.	1	10.01.
18	Үй жануарлары. Мәтіннің түрлері.	1	17.01.
19	Ыдыс-аяқтар. Синоним.	1	24.01.
20	Тыныс белгілері. «Ұ-Ү» дыбыстары.	1	31.01.
21	Менің үйім. Омоним.	1	07.02.
22	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.	1	14.02.
23	Түстер әлемінде. Белсенді сөздік қорларын дамыту.	1	21.02.
24	Асханада. Етістік.	1	28.02.
25	Жыл мезгілдері. Көктем. «Ж-Ш» дыбыстары.	1	07.03.
26	Қазақтың төрт түлік малы. С-З дыбыстары.	1	14.03.
27	Наурыз-жыл басы. «Н-Ң» дыбыстары.	1	04.04.
28	Ою-өрнектер. «Б-П» дыбыстары.	1	11.04.
29	Жабайы жануарлар. «Р» дыбысы.	1	18.04.
30	Бақшада. «Л-Р» дыбыстары.	1	25.04.
31	Табиғаттағы құбылыстар. «О-Ө» дыбыстары.	1	02.05.

32	Жемістер. Дыбыстық және әріптік талдау.	1	09.05.
33	Жыл мезгілдері. Жаз. «Д-Т» дыбыстары.	1	16.05.
34	Жай және құрмалас сөйлем. «І-І» дыбыстары.		23.05.

КӨМЕКШІ МЕКТЕПТІҢ 6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ АЯСЫН ОЙЫНМЕН ТҮЗЕТУДІҢ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК-ЕРІК ҚАСИЕТТЕРІ

1 тақырып. Мен кімін?

Білім, икемділіктер, дағдылар: өзінің қадір-қасиеті сезімі туралы түсінікті, өз іс-әрекетін, қылықтарын бағалай білуді, өзінің жеке ерекшелектерінді ажыратуда өзіндік дербестік дағдылары.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың түрлері: «Амандасу-қоштасу», А.О. Прохоров және Г.Н. Геттинг методикасы бойынша «Менің көңіл күйім» түсті суретті тест, әңгімелесу.

Дидактикалық ойындар: «Пиктограмма», «Менің портретім».

Шығармашылық ойындар: «Ертегіні бейнеле», «Кім екенін таны».

Жағдайлар: «Сені үзіліс кезінде абайсыз итеріп кетті және сен оқулықта түсіріп алдың...», «Сен сабақты оқымай келдің, ал сенен бүгін сабақ сұрау керек...» және т.б. Талдау, талқылау.

2 тақырып. Мен қандаймын?

Білім, икемділіктер, дағдылар: өзін туралы елестетуді жетілдіруді жалғастыру, ынта көрсете отырып, әр түрлі жағдайлардан аброймен шығу, шығармашылық, дербестік.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі: «Өзіңнің жұбыңды тап», «Айдаһар өзіңнің құйрығын тістеп жатыр».

Ойын: «Мақтаншақтар сайысы».

Жаттығу: «Мен өте жақсымын», «Сен өте жақсысын».

Жағдайлар: «Қарт әже», «Соқыр атаны жолдан өткізу» және т.б.

3-тақырып. Мен және табиғат.

Білім, икемділіктер, дағдылар: табиғат және адам бір тұтас ретінде елестетулерді жетілдіру, табиғатпен араласуға және оны жақсы көруге үйрену, сонымен қатар табиғатқа қамқорлықпен қарау дағдыларын тәрбиелеу.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Ойын саяхат: «Мен және табиғат».

Конкурс: «Сен табиғатты білесің бе?».

Дидактикалық ойындар: «Тауып көр».

Жаттығулар: «Орман дыбыстарын тыңдаймыз».

Тапсырмалар: «Өзіңнің жақсы көретін табиғат бөлігінің, жануардың суретін сал» (суреттер вернисажы).

4-тақырып. Менің жанұям

Білім, икемділіктер, дағдылар: жанұядағы өзара қарым-қатынас түсініктерін, ата-анасына, жақындарына сүйіспеншілік және қамқорлық сезімін білдіре білуге, сондай-ақ жанұядағы өзара жағымды қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуді жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Жаттығулар: «Сыйлық», «Мен саған өзімнің махаббатымды тарту етемін», «Ол сенің көңіліне жылулық әкелсін» немесе бір-біріне басқа да тілектер айту. Балалар шеңбер құрап, бір-біріне қарап тұрып, музыка әуенімен, неге екенін түсіндіре отырып, бір-біріне қандай да бір қасиет сыйлайды. Талқылау.

Жаттығулар: «Оралған қағаз». Балаларға сөйлемді аяқтау ұсынылады: «Мен өз ата-анамды жақсы көремін, себебі ...», «менің ата-анам ...». Келесі бала келесі сөйлемді оқи алмайтындай етіп, әрбір қатарға бірден шиыршықталып оралған қағазды береді.

Шығармашылық ойын: «Менің жанұям».

Жағдаяттар: «Ал егер менің апам менен дүкенге баруды сұрады, ал менің барғым келмеді. Апамның орнында мен өзімді қалай көндірер едім. Сен үйсіз күшікті тауып алды, енді онымен не істейсің ...».

5-тақырып. Ұл балалар мен қыз балалар арасындағы тәртіп ережелері

Білім, икемділіктер, дағдылар: ұл балалар мен қыз балалардың арасындағы достық туралы түсінікті жетілдіру, тұлғааралық жағымды қатынастардың икемділіктері мен дағдыларын қолдау.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Шапшаң қимылды ойындар: «Жұбыңды тап», «Жылға».

Шығармашылық ойындар: «Мақтаншақтар конкурсы», «Күлмейтін ханшайым».

Тапсырмалар: ұл балалар мен қыз балаларға арналған олардың өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптарды құру. Ұл балалар (қыз балалар) бір біріне қалай қарауға міндетті, неге? Пікір таластыру.

6-тақырып. Ұл балалар мен қыз балалар арасындағы достық.

Білім, икемділіктер, дағдылар: тәртіп ережелерін сақтаудың икемділіктері мен дағдыларын тәрбиелей отырып, тәртіп ережелері туралы түсініктерді жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Саяхат ойыны: «Сыпайгершілік еліне саяхат».

Конкурс: «Амандасу-қоштасу».

Жаттығу ойындары: «Алақан», «Мен мақтанамын», «Оқушы міндетті емес», «Ата-аналар мен балалар», «Мен мұғаліммін» және т.б.

II ТАРАУ. СЕНСОРЛЫҚ ДАМЫТУ

7-тақырып. Түс және пішін

Білім, икемділіктер, дағдылар: түс және пішін туралы білімді, оларды ажырата білуді, оларды іс-әрекетте қолдану дағдыларын жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Тапсырма: өзінің көңіл-күйінің суретін салу.

Дидактикалық ойындар: «Тамаша дорба», «Тауып көр», «Пішінін таны».

Шапшаң қимылды ойындар: «Маған қарай жүгіріңдер», «Көңілді старттар» және т.б.

8-тақырып. Көлем

Білім, икемділіктер, дағдылар: көлем туралы білімді, көлемнің түрлерін ажырата білуді, көлем туралы білімді өз бетімен іс-әрекетте қолдану дағдыларын жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Дидактикалық ойындар: «Саты», «Онда не?», «Сатыны салайық», «Дәл осындай затты тап», «Өрнек», «Хайуанаттар бағы», «Лото».

9-10-тақырыптар. Кеңістіктік түсініктер мен қатынастар

Білім, икемділіктер, дағдылар: кеңістіктік түсініктер мен қатынастарды, кеңістікте бағдарлау икемділіктері мен дағдыларын жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Дидактикалық ойындар: «Өзіңнің суретінді сал», «Бағдаршам», «Бұл не?», «Тап та шақыр».

Шапшаң қимылды ойындар: «Тығылмақ», «Допты қуып жет», «Жарыспақ», «Ұстап алу».

Тапсырмалар: «Жүргізушілер», «Өрнек құра», «Достық кілемін безендір».

Жаттығу ойындары: «Көңілсіз, осылай отырған көңілсіз», «Соқыр жетекші» және т.б.

11-тақырып. Тактильді-қимылды қабылдау

Білім, икемділіктер, дағдылар: тактильді-қимылды қабылдауды, оларды іс-жүзінде қолдану дағдыларын жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Дидактикалық ойындар: «Сипалап көр және илеп жаса», «Мозаика», «Сипалап отырып тап», «Дүкен».

Шығармашылық ойын жаттығулар: «Мүсінші» және т.б.

12-13-тақырыптар. Қабылдаудың қасиеттері

Білім, икемділіктер, дағдылар: қабылдау қасиеттерін, оларды қызметте қолдану икемділіктері мен дағдыларын жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Дидактикалық ойындар: «Бүтіннің суретін сал», «Фигураны құра», «Бүтін жаса», «Үйдің суретін сал», «Жағадағы ұсақ тастар», «Сиқыршылар».

Силуэттық суреттерді, аяталмаған фигуралардың (үй және жабайы жануарлар, құстар және т.б.) суреттерін аяқтауға берілген жаттығу тапсырмалар. Өзгерген мәтіндерден (буын, сөз, сөйлем қалауың бойынша) сөз, сөйлемдер мен

әңгімелер құрастыру.

III ТАРАУ. ЗЕЙІН ЖӘНЕ ЕСТЕ САҚТАУ

14-15-тақырыптар. Ерікті зейін

Білім, икемділіктер, дағдылар: ерікті зейіннің икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыра отырып, оларды жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Дидактикалық ойындар: «Ең байқампаз кім?», «Сиқырлы сөздер», «Тірі-тірі емес», «Құлақ-мұрын».

Жаттығу ойындар: «Тыйым салынған қимыл», «Тұр», «Қозғалма», «Доппен ойын», «Ине мен жіп», Күн мен түн, «Жапалақ».

16-17-тақырыптар. Зейін қасиеттері (сапалары)

Білім, икемділіктер, дағдылар: зейін қасиеттерін икемділіктері мен дағдыларын іс-жүзінде қолдануды жаттықтыра отырып, оларды жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Бұйрықты тыңда», «Жапалақ», «Ойлану», «Ит», «Кім кімнің артында?», «Доппен ойын», «Тұр», «Тыйым салынған қимылдар».

18-19-тақырыптар. Есте сақтау үдерісі: есте сақтау, сақтау, шығару

Білім, икемділіктер, дағдылар: есте сақтау үдерістерін дамытуды жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Қане, тап», «Заттарды тізіп шық», «Мына қатарды қара да, барлығымызды қаз-қатар тіз», «Қимылды есте сақта және қайтала», «Жоғалған үй».

20-тақырып. Есте сақтау түрлері: моторлық-қимылды, бейнелік, эмоциялық және т.б.

Білім, икемділіктер, дағдылар: есте сақтаудың әр түрлерін дамытуды жетілдіру, оларды қызметте пайдалану икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Менің артымнан қайтала», «Қимылды есте сақта», «Өз орныңды есте сақта», «Бұзылған телефон», «Ретін есінде сақта», «Кім не істеді?», «Суретші», «Көлеңке» және т.б.

21-тақырып. Есте сақтаудың жеке айырмашылықтары

Білім, икемділіктер, дағдылар: есте сақтаудың жеке ерекшеліктерін жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын

жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

«Мүсінші», «Жағадағы ұсақ тастар», «Ертегінің, жағдайдың суретін сал», «Айна», «Көлеңке», «Кім не істеді?», «Суретші», «Тұрысты қара», «Теңіз толқиды», «Ертегіні, әңгімені аяқта», «Ертегіні, жағдаятты бейнеле» (таңдау бойынша).

22-тақырып. Көрнекілік-бейнелік ойлау

Білім, икемділіктер, дағдылар: көрнекілік-бейнелік ойлауды жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

«Оқиғаны ойлап тап», «Қане, тауып көр», «Суреттер-жұмбақтар», «Ойыншықты (затты) анықта», «Өзіңнің жақсы көретін табиғат бұрышының, ойыншықтың, ертегінің суретін сал» (суреттер вернисажы).

23-24-тақырыптар. Сөздік-логикалық ойлау

Білім, икемділіктер, дағдылар: сөздік-логикалық ойлауды жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Суреттер-жұмбақтар», «Ойдан шығарылған ғажайыптар», «Ойыншықты (затты) анықта», «Үш сөз», «Жалпыны іздеу», «Артық сөзді алып тастау», «Ертегі, әңгіме, жағдайды ойлап тап және бейнеле», «Жақсы көретін жануардың суретін сал». Балалардың жұмыстарын талдау және талқылау.

Дидактикалық ойындар: «Әңгімені тап», «Жұмбақтар», «Қане, қайтала», «Сөзбен ойын», «Жаңасын ойлап тап», «Өз ойыңды басқа сөзбен бер».

25-26-тақырыптар. Ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жіктеу, абстракция

Білім, икемділіктер, дағдылар: ойлау операцияларын жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Жүп суреттер», «Лото», «Хайуанаттар бағы», «Артық ойыншық (зат)», «Жаңасын ойлап тап», «Сөзбен ойын», «Қане, қайтала», «Сөздерге сурет, ал суреттерге сөз ойла», «Осындай, осынай емес», «Ұшады-ұшпайды» және т.б.

27-28-тақырыптар. Ойлау түрлері: түсінік, пікір, ойша пайымдау

Білім, икемділіктер, дағдылар: ойлау түрлерін жетілдіру, оларды қызметте қолданудың икемділіктері мен дағдыларын жаттықтыру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың

сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Саяхат ойыны: «мейрімділік еліне».

Амандасудың қажеттілігі туралы әңгімелесу. Қайырлы таң неге күні бойға созылуы мүмкін? «Сол аяғынан тұрды» деген сөздерді қалай түсінуге болады? (көңіл-күй нашар).

Мақалдарды түсіндіру: «Жақсы сөз – жарым ырыс». Неге бұлай деп айтады? Қайырымды сөздер туралы балалардың келтірген мысалдары.

Жағдаяттарды сахналау: 1. Тимур сабақтан кейін футбол ойнау үшін, мектепке доп әкелді. Көрші сыныпта оқитын Марат Тимурдың добын тартып алды. Тимур қатты ренжіді ... 2. Машиналар ағылып жатқан көше қилысында, кәрі ата жолдан өте алмай тұр ...

Жаттығулар: «Психологиялық автопортрет». Балалар қағаз бетінің екі жағына сұрақтарды жазады: 1. Мені не үшін жақсы көруге болады? 2. Не үшін ұрысуға болады? Балалардың жауаптарының нұсқалары талқыланады, ал бұл оларға қайырымдылық пен қастандық туралы түсініктерін анықтауға, талқылауға, өз ойын тұжырымдауға көмектеседі. «Мейрімділік – бұл жақсы», «Қастандық – бұл жаман». Неге? Адамдардың мейрімді болулары үшін не істеу керек?

29-тақырып. Ойлаудың жеке ерекшеліктері. Ақыл сапасы

Білім, икемділіктер, дағдылар: ойлаудың жеке ерекшеліктерін, ақыл сапасын дамыту, ынтаны, дербестікті, шығармашылықты қолдау.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Әдет-ғұрып ойыны: Амандасу – қоштасу.

Саяхат ойыны: Білім еліне с аяхат, онда – балаларға дамыту ойындарын, тапсырмаларды, жаттығуларды қалауы бойынша жағдаяттарды ұсынады.

30-тақырып. Елестету. Еріксіз елестету: қиыл, түс көру, қиялдану және т.б.

Білім, икемділіктер, дағдылар: еріксіз елестетудің жағымды байқалуын қолдай отырып, оны дамыту.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Бет перделер», «Театр», «Гүл аты», Сиқырлы бұлтта саяхат ойыны.

31-тақырып. Ерікті елестету. Қайтадан тудыра елестету.

Білім, икемділіктер, дағдылар: қайтадан тудыратын ерікті елестетуді дамыту.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

«Қоңырау, машина, құмыра сөздерін тыңда», «Мереке суретін сал», рөлдік ойын: «Сыйлықты қабылда», «Ал да, әрі қарай бер».

32-тақырып. Шығармашылық елестету.

Білім, икемділіктер, дағдылар: шығармашылық елестетуді, оны іс-әрекетте білдіре білуді дамыту.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Қазақстан бойынша «Ойын», «Музыкалы», «Көркем», «Ақындық» станциялары бойымен саяхат ойын. Бағдар өзбетімен таңдалады, билеттің құнына станция бастықтарының берген тапсырмасын орындау болып табылады (халық ойынның ойнау, халық өлеңін айту, халық биін билеу, халық өрнегінің элементінің суретін салу, Қазақстан туралы өлең оқу).

33-34-тақырыптар. Менің болашағым

Білім, икемділіктер, дағдылар: өзінің болашағын көз елдіне елестетуді, бейнелерді құрауға, меңгерген білімді, икемділіктерді, дағдыларды дамытуды жетілдіру.

Ойындардың, ойын тапсырмаларының, жаттығулардың, жағдайлардың сан алуан түрі:

Тыныштық минуты.

Таңдау бойынша берілетін тапсырмалар: Оқушылар альбом беттеріне бір біріне деген тілектерін жазады (олар әрқайсысының арқасына бекітілген).

«Айна», «Еңбек туралы мақалдар», «Әр түрлі мамандықтағы адамдар бейнеленген карточкалар бойынша сөйлемдер құра», «Бір оқиғаны ойлап тап», «Сия тамшысы», «Жанұяда», «Мектепте», «Кім болғың келетінің суретін сал».

Әдет ғұрып ойыны: «Қоштасу».

Түсінік хат

Жалпы орта білім беретін мектепте түзете – дамыта оқыту сыныптарына әртүрлі биологиялық, әлеуметтік себептер салдарынан оқуда, мектепке бейімделуде қиындық келтіретін балалар тобы қабылданады. Бұл сыныптар жалпы білім беретін мектепте түзете-дамыта оқыту тұжырымдамасына сәйкес ашылады.

Жалпы білім беретін мектепте арнайы сыныптарда оқитын психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, логопед, сынып жетекшісі, ата ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді.

Психокоррекция - арнайы психологиялық әсер құралдарының көмегімен кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Психикалық дамуы тежелген балаларды коррекциялаудың негізгі міндеті балалардың тапсырманы орындауда бағдарлай білуін қалыптастыру, осының негізінде қарым-қатынас дағдысын жетілдіру, қоршаған ортамен байланысты жетілдіру, қызығушылық тудыру, өзіндік менін дамыту, осылайша оларды шынайы көруге бағдарлау.

Психологиялық ойындар — коррекциялық жұмыста психологиялық ақпаратты қолданудың негізгі түрі. Психологиялық ойындар әртүрлі жастағы балалармен соның ішінде кіші сынып жасындағы балалармен жұмыста қолданылады. Бұл ойындар адамға өзінің ішкі өмірінде бағдарлануға мүмкіндік береді, психологиялық тапсырманы оындау барысында өзгеріс динамикасын рефлексиядан өткізуге және шешуге мүмкіндік береді. Сонымен, психокоррекциялық тапсырмалар және ойындар, ең алдымен қандайда бір белсенділікті жүзеге асыруда баланың мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған, осы арқылы ол ішкі әлемінің барлық параметрлерін белсенді айқындай бастайды. Коррекциялық сабақты топпен жүргізуде әр бала ойынның, психологиялық ақпараттың әртүрлі көрінісімен танысады, осылайша өзінің ішкі өмірінің ұйымдасуының жаңа құралдарын игереді.

Психикалық дамуы тежелген балалар құрбы- құрдастары арасындағы элеуметтік талаптар жүйесіне қалыптаспаған, оқушыларда әр түрлі жағымсыз эмоционалдық қобалжулар, оқу мотивациясының, ақыл-ой қабілетінің төмендігі байқалады .

Психологиялық коррекция – балалардың дамуына байланысты бағытталған әдіс болғандықтан, коррекциялық сабақ психологиялық проблемалары бар балаларды дамытуды көздейді.

Күнтізбелік жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 3-1-қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 25.02.2014ж

[№ 61](#) бұйрығына сәйкес жасалған.

Күнтізбелік жоспар жасауда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің

2009 жылғы 8 шілдедегі № 333 бұйрығымен бекітілген арнайы білім беру мекемелеріне

арналған «Таным қызметті ойынмен түзету» оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

2017 – 2018 оқу жылындағы 6 - арнайы түзету сыныбына арналған түзету сабақтарының тақырыптық – күнтізбелік жоспары

(Аптасына 2 сағат. Барлығы : 68 сағат)

Күнтізбелік жоспар жасауда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 8 шілдедегі № 333 бұйрығымен бекітілген арнайы білім беру мекемелеріне арналған «Таным қызметті ойынмен түзету» оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

№	Тақырыптар	Сағат саны	Күні	Қосымша
	<i>I-бөлім. Қарым-қатынас дағдылары мен жеке тұлғалық адамгершілік-ерік қасиеттері</i>			
1.	Мен кімін?	1	5.09.17.	
2.	Мен қандаймын?	1	6.09.17.	
3.	Менің есімім	1	12.09.17.	

4.	Менің жанұям	1	13.09.17.	
5.	Достық	1	19.09.17.	
6.	Тәртіп ережелері	1	20.09.17.	
7.	Мен және басқалар	1	26.09.17.	
8.	Туыстық қатынастар	1	27.09.17.	
9.	Қоғамдық орындар	1	3.10.17.	
10.	Мәдени орындар	1	4.10.17.	
11.	Мереке күндері	1	10.10.17.	
12.	Отбасылық мерекелер	1	11.10.17.	
13.	Табиғатпен қатынас	1	17.10.17.	
14.	Дидактикалық ойындар	1	18.10.17.	
	II-бөлім. Сенсорлық даму			
15.	Түс	1	24.10.17.	
16.	Түстер спектрі. Түстердің араласуы, түстерді анықтау.	1	25.10.17.	
17.	Пішін	1	7.11.17.	
18.	Пішінді тәжірбие жүзінде ерекшелеу	1	8.11.17.	
19.	Геометриялық пішіндер	1	14.11.17.	
20.	Апликация	1	15.11.17.	
21.	Көлем	1	21.11.17.	
22.	Заттың симметриялық жартысы	1	22.11.17.	
23.	Бүтін және бөлшек	1	28.11.17.	
24.	Кеңістіктік түсініктер.	1	29.11.17.	
25.	Қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлау	1	5.12.17.	
26.	Фототерапия элементтері	1	6.12.17.	
27.	Коллаж «Менің әлемім»	1	12.12.17.	
28.	Тактильді-қимыл қабылдау	1	13.12.17.	
29.	Қабылдау қасиеттері (тұрақты, саналы және ортақтастыру, бүтіндігі және т.б.)	1	19.12.17.	
30.	Уақытты қабылдау, олардың сөз түріндегі анықтамасы.	1	20.12.17.	
31.	Жыл мезгілдері	1	26.12.17.	
32.	Жыл, ай, апта, және олардың сөз түріндегі анықтамасы.	1	27.12.17.	
33.	Тәулік және олардың сөз түріндегі анықтамасы.	1	9.01.18.	
34.	Сағат тану, олардың сөз түріндегі анықтамасы.	1	10.01.18.	
35.	Дәм сезіну, олардың сөз түріндегі анықтамасы.	1	16.01.18.	

36.	Иісті сезіну ,олардың сөз түріндегі анықтамасы	1	17.01.18.	
37.	Заттардың жай күйін сипау арқылы сезу. (құрғақ дымқыл т.б. сөз түріндегі анықтамасы.)	1	23.01.18.	
38.	Заттардың салмағын түсіну. Өлшеу құралдарын тәжірибеде қолдану.	1	24.01.18.	
39	Түйсіну: ыстық-суық,қатты-жұмсақ айырмашылығын сөз арқылы түйсіну	1	30.01.18.	
40.	Дидактикалық ойындар	1	31.01.18.	
	III-бөлім.Зейін және есте сақтау			
41.	Ырықты және ырықсыз зейін	1	6.02.18.	
42.	Зейін қасиеттері,сапасы	1	7.02.18.	
43.	Зейін тұрақтылығы	1	13.02.18.	
44.	Есте сақтау үдерісі: есте сақтау, сақтау, шығару.	1	14.02.18.	
45.	Есте сақтау түрлері: моторлы-қозғалғыштық, бейнелік, эмоциялық.	1	20.02.18.	
46.	Есте сақтаудың жеке айырмашылықтары	1	21.02.18.	
47.	Көру арқылы есте сақтау	1	27.02.18.	
48.	Есту арқылы есте сақтау	1	28.02.18.	
49.	Графикалық диктант	1	6.03.18.	
50.	Дидактикалық ойындар	1	7.03.18.	
	IV-бөлім.Ойлау және елестету элементтері.			
51.	Көрнекі-бейнелік ойлау.	1	13.03.18.	
52.	Арт терапия элементтері	1	14.03.18.	
53.	Сөздік-логикалық ойлау.	1	20.03.18.	
54.	Сөздік-логикалық ойлау.	1	10.04.18.	
55.	Ойлау операциясы: талдау, жинақтау, салыстыру, жіктеу, абстракция.	1	11.04.18.	
56.	Ойлау операциясы: талдау, жинақтау, салыстыру, жіктеу, абстракция.	1	17.04.18.	
57.	Саусақ моторикасын дамыту	1	18.04.18.	
58.	Ептіліктішыңдау	1	24.04.18.	

59.	Ойлау түрлері: түсіну, талқылау, тұжырымдау.	1	25.04.18.	
60.	Ойлау түрлері: түсіну, талқылау, тұжырымдау	1	2.05.18.	
61.	Ойлаудың жеке ерекшеліктері.	1	8.05.18.	
62.	Елестету. Еріксіз елестету: қиял (фантазия), қиялдану.	1	8.05.18.	
63.	Ертегі терапиясы элементтері	1	15.05.18.	
64.	Ерікті елестету: туынды және шығармашылық.	1	16.05.18.	
65.	Постер «Менің болашағым.»	1	16.05.18.	
66.	Эссе «Менің болашағым»	1	22.05.18.	
67.	Тақырыптық дидактикалық ойындар	1	23.05.18.	
68.	Қайталау	1	24.05.17.	
Барлығы: 68				

Мазмұны:

Кіріспе

I. Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу ерекшеліктері

II. Инклюзивтік білім беру контексінде АБҚ бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын және бағдарламаларын дамытудың құрылымдық және мазмұндық аспектілері

2.1. Жеке жоспар және жеке бағдарлама: компиляцияның принциптері, ерекшеліктері мен құрылымы.

Әдебиеттер мен практиканы шолу

2.2. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде жеке бағдарламаларды жоспарлау

2.3. Қазақстан Республикасындағы орта білім берудің мазмұнын жаңартуға арналған мүмкіндіктерді АБҚ оқушылары үшін жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру және жасау.

2.4. Эскорт қызметінің командалық жұмысының рөлі, мектептегі психологиялық-педагогикалық кеңес.

2.5. ЖББ-ын жобалау және енгізу бойынша мектепте жұмыс ұйымдастыру.

III. Инклюзивтік білім беру контексінде АБҚ бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын және бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

2.6. ЖББ-ын іске асыру кезінде бағалауға арналған тәсілдер.

2.7. Сыныпта командалық жұмыстың тиімді әдістері

Қорытынды

Қолданба

**Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік
кабинеті**

**«Кеңістікті бағдарлау» пәні бойынша 5-12 сыныптарға арналған (қазақ
тілі және орыс тілі бойынша) бағдарлама**

Орал, 2015ж.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.

Хаттама № 2

05.06.2015ж.

Құрастырушылар:

Бауетдинова Ш.Қ., облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының коррекциялық пәндерінің мұғалімі;

Гусманова Т.М., облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының коррекциялық пәндерінің мұғалімі.

Рецензенттер:

Маселова Р.Е., облыстық психологиялық-дәрігерлік-психологиялық кеңес беру мекемесінің меңгерушісі;

Мажитова Н.К., облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының коррекциялық пәнінің мұғалімі;

Жумагалиева Р.Г., облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының логопед-мұғалімі

"Кеңістікті бағдарлау" пәні бойынша 5-12 сыныптарға арналған бағдарламада көздері көрмейтін және де нашар көретін оқушылар үшін таптырмас дүние. Бұл бағдарлама көздері көрмейтін және нашар көретін балалармен жұмыстанатын педагогтер үшін арналған құрал.

Түсінік хат
Кеңістікті бағдарлау
Бағдарламаны оқыту

КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАРДЫ КЕҢІСТІКТЕ БЕЙІМДЕУГЕ ЖӘНЕ
ЖИНАҚЫЛЫҚҚА ҮЙРЕТУДІҢ КОРРЕКЦИЯЛЫҚ САБАҚТАРЫНЫҢ
МАЗМҰНЫ

1.1. III-IV типті мектептер оқушыларын кеңістікке бейімделуге және жинақылыққа үйрету бағдарламасын жасаудың негізгі амалдары

Мектебіміз арнайы көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаты болғандықтан, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің №696 17.08.2004 жылдың қаулысының келісімі бойынша 12 жылдық сыныбына ұзартылды, бірақ бағдарлама көлемінде жұмыстануымыз керек. Бағдарламаны Ресей қаласының авторлары Денискина В.З., Венедиктова М.В., бағдарламасына және де дидактикалық материалдарына сүйене отырып, көру қабілеті бұзылған оқушылар үшін Батыс Қазақстан облысының тұрғылықты жерді бағдарлап, жүріп-тұруына бейімделуіне қарастырылып жасақталды.

Көздері көрмейтіндерді кеңістікте бейімделуге үйрету көз көрудің бұзылуын компенсациялаудың басты шарты, себебі адамның кез-келген қызметі кеңістікте бейімделуі мен қозғалысына байланысты.

Көздері көрмейтін мектебінің түлектері мен көзі нашар көретін балалардың пәтерде, үйде, жұмыс орнында, көшеде және өз ықшам ауданындағы, қаласындағы мекемелерде, қоғамдық орындарда, көлікте өздігінен бейімделу мүмкіндігінен олардың қазіргі қоғамдағы сәтті тіршілік әрекеті мен интеграциясы байланысты.

Көз көру мүгедектерімен жұмыс жасаудың отандық және әлемдік тәжірибесі туғанынан көзі көрмейтін адамдар тек ерекше жағдайларда ғана кеңістік қорқынышынан арылады және таныс емес кеңістікте бейімделу мен қозғалыстың жалпы әдістерін меңгереді. Негізіннен олар көз көру мүгедегінің таныс (тұйық және бос) және таныс емес (сондай-ақ тұйық және бос) кеңістігінде қозғалудың арнайы дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы оқытуға мұқтаж. Терең патологиясы бар көру мүгедектері үшін кеңістікте бейімделудің жалпы әдістерін игеру олардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылатын қоғамдағы оқшаулығынынан арылудың кепілі.

Көзі нашар көретін балаларды кеңістікте бейімделуге үйретудің негізгі мәселелері:

- оқушылардағы оқыту қызметіне ынталандыру мен сабақтарға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;
- қоршаған орта мен құбылыстардағы заттар туралы нақты түсініктерін қалыптастыруға бағытталған оқушылардың сенсорлы саладағы және танымдық қызметін дамыту;
- оқушылардағы кеңістіктегі қозғалыс қорқынышын жеңу үшін жігерлік қасиетін қалыптастыру;
- кеңістік ойлау мен маршрутты есте сақтаудың арнайы әдістерін дамыту;
- кеңістікке бейімделу үшін қолданылатын балдақты пайдалану техникасы мен басқа тифлотехникалық құралдарды игеру;
- тұйық және бос кеңістіктегі практикалық бейімделу дағдысын игеру (әртүрлі қоғамдық орындарда, қалада, ауылдық жерде, парктерде, орманда, су қоймаларында, тұрмыста және т.б.);
- балаларды көзі көретін құрдастары мен үлкен адамдармен қозғалысы кезінде бейімделуге үйрету;
- көзі нашар көретін және соқыр балаларды көзі көретіндермен қарым-қатынасы кезінде кеңістікте бейімделуге үйрету.

Барлық оқушыларды тифлогиядағы бар мүгедектердің кеңістікте бейімделу жүйелерімен таныстыру керек. Сонымен қатар, жаппай көздері көрмейтін, қалған формалы көзі нашар көретіндерді және көзі нашар көретіндерге арнайы жасалған саралған тәсілді есепке ала отырып кеңістікте бейімделудің әдістері мен ережелеріне үйрету.

Көз көруі бұзылған балаларды кеңістікке бейімделуге үйрету жоспарланып, жеке ерекшеліктерді ескере отырып жасалуы керек, оның ішінде жеке ерекшелік, кеңістікте өздігінен қозғалуға психологиялық дайындық, қалған көз көрудің бар болуы мен оның сипаты, баланың (оқушының) отбасындағы жағдайы мен оның әлеуметтік айналасы, оқушының заттық әлем мен қоршаған кеңістікті қабылдауды саралауға дайындығы, балада кеңістікте өздігінен қозғалудың бар дағдысы (тек сыныпта және ұйықтау бөлмесінде; тек мектеп бөлмесі мен мектептің тұтас ғимаратында; мектепте және мектеп шағын ауданында) және т.б. Сонымен қатар, сабақтарды оқушының есту қабілеті жағдайы, тірек-қимыл аппараты, ақылы, эмоциялық-ерікті жағдайын ескере отырып жүргізу керек. Сонымен қатар, көз көрудің бұзылу себептері мен жорамалды ескеру қажет. Мысалы, глаукома кезінде оқушылар шуақты күндері қара-жасыл линзасы бар

көзілдірік киіп, көз ішіндегі қысымның артуы кезінде төмендетілген физикалық жүктемені орындауы керек.

Көздері көрмейтіндер мен қалған көз көруі мен кеңістікте бейімделудегі жарықты сезінудің жоғары мәнін ескере отырып, олардың кеңістікте бейімделу сабақтарындағы оларды белсенді және мақсатты пайдалануына ерекше назар аудару қажет. Жарықты сезінуі бар балаларға көшеде бейімдеу кезінде ерекше назар аудару керек, ал формалық көз көруі бар оқушылар назарын көлеңкеге ғана емес, сонымен қатар объектінің түсіне, формасына, көлеміне аудару қажет.

Бейімдеу кезінде қалған көз көруі бар оқушылар тек жақсы жарықтандырылған жерде немесе бүйірлі көз көруді қолдануы керек, оларды жаппай көздері көрмейтін балалар әдістемесімен оқытылуы керек, сонымен қатар, ең аз қалған көз көрудің әдісін игеріп, қолдануы керек.

Бейімдеуге оқыту барысында көру бағдарынан басқа (формасы, түсі, көлемі мен басқа) сипап сезу, есту және иіс сезу бағдарлар сипаттамаларын қолдану жөнді. Қоршаған ортаны суреттеу көздері көрмейтіндер мен көзі нашар көретіндердің бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Соның көмегімен олар өз бағдарын реттеп, өтіп бара жатқан адамдар ақпаратына сүйене отырып, таныс емес жерде қажетті объектілерді таба алады.

Кеңістікте бейімделу сабақтарының құрылымы, сабақтың құрылым сияқты төрт бөліктен тұрады: кіріспе, дайындық, негізгі және қорытынды. Кіріспе бөлім сабақтың бағыты мен мақсатын, сондай-ақ оқушылардың психологиялық дайындығын қамтиды. Дайындық бөлімінде оқушылардың сенсорлы (сипап сезу, есту, иіскеу және көру) ортасын дамытудың жаттығуларын қолданады. Негізгі бөлімде бейімделу бойынша бағдарлама тақырыптары зерттеліп, бекітеледі. Қорытынды бөлімде сабақ қортындысы шығарылады, оқушының жұмысы талданып, бағаланады және үй жұмыс ұсынылады.

Көздері көрмейтін оқушылардағы кеңістікке бейімделуді қалыптастырудың тиімділігін бақылау үшін кеңістікті танудың қалыптасқан деңгейі мен оқытудың бастапқы және әртүрлі кезеңдеріндегі бейімделудің практикалық дағдыларын зерттеу керек.

Кеңістікте бейімделуге үйрету барысында көрнекілік пен техникалық құралдар қолданылады, олардың ішінде үлкен орынды бедерлі құралдар, жол схемасы мен жоспары, бөлмелер мен көшелер макеттері пайдаланылады. Сонымен қатар, балаларды тапсырманы орындау алдында маршруттарды сөзбен суреттеуге және оларды орындаған соң сөзбен есеп беруге үйрету керек.

Көрнекілікті қолдана отырып, балалардың қабылдау жылдамдығын (демонстрация уақытын арттыру), көз көруі бұзылған балалардың жарық және түс сезінуі, көру алаңы мен сипатын ескеру керек.

Көру патологиясы бар балалардың көбінісінде түс аномалиясының бар екенін естен шығармаған жөн. Ал көзі нашар көретіндер арасында көз торы мен көру нервісінің бірлескен зақымдануы бар оқушылар тобы бар. Олардың жарық сезінуі нормадан төмен. Бұндай балалар бұдырлы-графикалық карталармен (жұмыс орнында 800 люкстен кем емес) жұмысы кезінде күшейтілген жарықтандыруды талап етеді, ал бұл кезде қолданылатын түстер жарқын және қарама-қарсы болуы керек.

Оқушылар орындаған тапсырманы бағалағанда оқушыға сәтсіздіктің себептері мен қайта орындау кезінде қателерді жоюдың жолдарын көрсетеді. Бұл бейімдеу процесіне қызығушылықты арттырады, қозғалыс маршрутын дәл және анық қабылдауына, ұғынуының нақты және тұрақты болуына және өзі реттеуді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Кеңістікке бейімделу сабақтарында оқушылардың дұрыс келбетіне, қозғалыс бостандығы мен еріктігіне, мимикасына және пантомимикасына ерекше көңіл бөлінеді.

Көздері көрмейтіндерді кеңістікке бейімдеуге үйрету ұзақ және көп еңбекті талап етеді, тапсырмалардың реттілігі мен жарамдылығы оқытушыға балаларда қозғалыс белсенділігін дамытып, өздігінен қозғалудың жақсы қарым-қатынасын қалыптастыру мен бекіту, мақсатқа талпыну, табандылық пен жігерлік сияқты еріктілік қасиетін, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды, төзімді және байсалды, жігерлілік және т.б. тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Кеңістікке бейімдеу сабағының құрамдас бөлігі болып үй тапсырмасы болып табылады. Оған маршрут бойынша қозғалысты жасау (бұрылу, тіке жүру және т.б.), сенсорлы саланы дамыту жаттығулары, баланың мүмкіндіктерін арттыратын әртүрлі физикалық жаттығулар. Үй жұмысын орындауды тексеру сабақ барысында жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталғандай, оқушылар көру патологиясы бойынша ғана ажыратылмайды, сонымен қатар олардың психикалық, физикалық және ақыл дамуының деңгейімен де ажыратылады. Соған байланысты кеңістікке бейімдеуге үйрету әр деңгейдегі балалар үшін теориялық және практикалық материал бойынша жеке жүргізілуі керек.

Кеңістікке бейімдеу сабақтары жалпы әрбір оқушымен жеке тіл табысу, ақау сипаты, тұлғалық ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне байланысты жүргізілуі керек. Осыған байланысты оқытушы өз жұмысын жоспарлап,

әрбір балалар тобына нақты оқыту формасы мен әдістерін таңдап жүргізуі қажет.

Әрбір тоқсан сайын оқушылар өз икемділігін көрсете алатын, ал оқытушы оқушы жіберетін қателер мен оған тап болатын қиындықтарды айқындай алатын және келесі тоқсан немесе оқу жылына болашақ жұмыс жоспарын анықтай алатын бақылау сабақтары жүргізілуі керек.

Оқытушы оқушылар үшін таныс және таныс емес кеңістікте өзідігінен қозғалу дағдыларын игеру қатаң түрде жеке тіл табысуды талап ететін күрделі және ұзақ процесс. Оқушының өзі үшін де көп төзімділік пен нақты маршруттарды игеруде жігерлілікті талап етеді. Онсыз көздері көрмейтіндер мен көзі нашар көретін балалар мектебінің түлегі үшін жақсы білім алу мен жоғары деңгейдегі ақылдың бәсеке қабілеттілігінің өзі оның ашық қоғамға нақты интеграциясы мүмкін емес.

Кеңістікке бейімделу сабақтарының мазмұны мегаполис жағдайындағы 5-12 сыныптарындағы оқушыларды кеңістікке бейімделуге және жинақтылыққа үйретудің базалық бағдарламасы төменде көрсетілген. Оқытушыларға көмек ретінде бағдарлама тематикалық жоспар түрінде ұсынылған. Базалық бағдарламадағы сағаттардың бөлінуі үлгі ретінде көрсетілген, себебі көз көру мүгедегінің өзідігінен және жинақы қозғалуының әдістерін игеру процесі жеке және қатаң нақты шектерге қамалуы мүмкін емес. Әрбір нақты жағдайда бұл мәселе оқытушымен нақты оқушының барлық жеке ерекшеліктерінің жиынтығын ескере отырып қатаң түрде жеке шешілуі керек.

Тақырыптарды игеру реттілігін өзгертуге болады. Бұнда бөлек тақырыптар (мысалы, «Әртүрлі бөлмелерде қозғалу кезінде тросттың көмегімен қозғалу әдістері», «Қалада қозғалу кезінде тростпен жұмыс жасау әдістері») көздері көрмейтін оқушыларына барлық оқыту мерзімі аралығында оқытылуы керек. Бұл көздері көрмейтіндер бейімделуі кезінде трост оқытушы алдында тұрған мәселелерді шешу қажеттілігінен туындайды.

Көздері көрмейтін оқушылардың сабақтарын ұйымдастыру кезінде теориялық материалды жаппай сабақ формасында аз топтармен (2 адамнан) оқыту керек, ал практикалық сабақтарды негізінен жеке жүргізу қажет.

Формалық (заттай) қалған көз көру мен көздері көрмейтін балалар үшін теориялық сабақтарды 3-4 адамнан тұратын топтардан, ал практикалық – 2 адамнан жүргізу жөнді. Сабақтардың топша, жұп немесе жеке қатынасының мәселесі оқытушымен жеке шешіледі, оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктері, олардың психологиялық жағдайы мен басқа көрсеткіштерді ескере отырып.

Базалық бағдарлама нақты оқушының немесе топтың қажеттіліктерін ескере отырып реттелуі мүмкін. Жоспарды түзету нақты оқушы үшін қиындық туғызатын немесе қажет ететін оқыту уақытын тақырыптарға арттыруды қарастырады. Жеңіл қабылданатын тақырыптар, материалдарды оқыту уақытын қысқартқан жөн. Сауықтыратын мәнді тақырыптарда мұқият(ұзақ) жұмыс жасау керек. Мысалы, оқушы мектеп шағын ауданында жақсы бейімделген. Бірақ, оның жаңа маршруттарды игеруі үшін дағдысы жоқ, сондықтан ол үшін арнайы оқытусыз таныс емес жерге жету қиынға соғады.

Осылайша, әрбір нақты жағдайда оқытушыға сабақтар бағдарламасын (тематикалық жоспар) оқушыда бар кеңістікте бейімделу дағдыларын, көру функцияларының жағдайы, физикалық дамуы деңгейі, көз көруді жоғалту уақыты (қалған көз көрудің болуы мен формасы, көз көру ерекшеліктері, жарықты сезіну жағдайы), ақыл дамуының деңгейі мен басқа мәліметтерді ескере отырып түзету керек. Бұл тиімді жолмен оқушыны өздігінен кеңістікте бейімделуі мен қозғалысқа қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Формалық (заттық) қалған көз көруі бар барлық балалар үшін кеңістікте бейімделуге үйрету үшін лупа, бинокль және монокль сияқты оптикалық құралдарды қолданудың арнайы сабақтарын қарастыру керек. Бұл жұмыста бұл тақырыпқа арнайы параграф арналған. Оптикалық құралдары қолдану әдістері көз көру мүгедегінің мүмкіндігін кеңейтеді және көз көретін адамдар тәуелділігінен төмендетеді.

Көздері көрмейтіндер мен көзі нашар көретіндердің өздігінен кеңістікте тиімді қозғалуы үшін оқушылардың психологиялық дайындығы үлкен маңызға ие. Кеңістікке бейімдеу бойынша оқытушы сабақтарда арнайы назар аударуы керек, сонымен қатар бұл жұмысты мектеп психологымен жүзеге асыру қажет. Оқушылар үшін күйзелісті жағдайларда: мас адамнан көмек сұрау, бағдарды жоғалту, күтпеген жерде кедергінің пайда болуы және т.б. жүріс-тұрысты шынықтыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Кеңістікке оқушыларды бейімдеуге оқытудың сапасын арттыру мақсатында оқытушыға педогогикалық ұжымның барлық мүшелерін, сондай-ақ оқушылардың ата-анасын тарту арқылы оқытылған материалды бекіту жұмысын ұйымдастыру керек. Мысалы, пәндік оқытушылардан сабақ кезінде бөгіліп жүретін оқушылардың оқытушы үстелі қасына шығуын сұрау. Күн сайын сынып бөлмесімен қозғалу оқушының сынып кеңістігінде еркін бейімделуіне әкеледі. Басқа мысал:

Тәрбиешімен бірге оқушылар серуені кезінде олар кеңістікке бейімделу бойынша коррекциялық сабақтарында схемаларымен таныс болған көшелерімен өту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытады.

«Соқыр неғұрлым бейімделген болса,
ол соғұрлым соқыр емес»

Л.Виллей

Кіріспе

Жаппай соқыр, қалған формалды (заттай) көз көретіндерді және көзі нашар көретіндерді кеңістікте бейімделуге үйрету мәселесінің өзектілігі көз көрудің терең бұзылуы бар тұлғаларды өздігінен қозғалуы негізгі әлеуметтік бейімделу негізделуі болып табылады. Қозғалыс кезіндегі тәуелсіздікті жоғалту – көз көру мүгедегі үшін бар айырылудың ең үлкені. Өздігінен қозғалудың жоғалуы арқылы терең паталогиясы бар адамдар өзінің ақауын сезіне бастайды.

Сондықтан, III-IV типті мектептердегі (әсіресе жаппай соқырлар үшін) оқытушыларды кеңістікте бейімделуге үйрету оларды өзіндік өмір мен кәсіптік қызметке дайындау өзекті мәселелердің бірі. Кеңістікте бейімделу икемісіз көз көру мүгедегі мен қоршаған орта арасындағы толымды әрі қалыпты байланыс бұзылады. Кеңістікте өздігінен қозғалу икемісіздігі көздері көрмейтін мектебінің түлектері мен көзі нашар көретін балалар үшін сыртқы әлемдегі көретіндермен, кәсіптік білім алу кезінде, ал болашақта жұмысқа орналасу үшін жұмысты іздеу барысында тұрақты тәуелділікке ұшыратады. Қоршаған ортаны тану мен онымен байланыс жасаудағы қанағаттандырылмаған қажеттілік оқушылардың және көз көруінің бұзылуы бар балалар мектебі түлектерінің психикалық және физикалық жағдайына теріс әсер етеді.

Ғалымдар мен методистердің (В.С. Сверлов, М.Н. Наумов, Л.И. Солнцева, Е.Б. Островская, В.А. Кручинин, Л.И. Плаксина, В.З. Денискина және басқалар) көптеген жұмыстары көз көруі терең бұзылған адамдар өздігінен кеңістікте бейімделудің тиімді түрде икемделе алмайтынын көрсетті. Олар психологиялық, танымдық және физикалық дайындығы бар өздігінен бейімделу дағдысына мақсатты оқытуға мұқтаж. Бұл қызмет сақталған (есту, түйсіну, иіскеу сезімі) және бұзылған анализаторларды бағдар ретінде қолданып қоршаған орта объектілерінің әртүрлі қасиеттерін бөлу мен қабылдау аспектілерін қамтиды. Есте сақтау көлемі, зейінді бөлу мен ауыстырудың да кеңістікте бейімделу процесінде үлкен маңызы бар.

Кеңістікте бейімделуге үйрету курсы оқушылар мен соқыр және көзі нашар көретін балалар мектебінің түлектерінің қауіпсіз қозғалудың практикалық икемі әлеуметтік мәдени тұрмыстық (дүкендер, пошта бөлімдері, медициналық мекемелер, вокзалдар мен әуежайлар) және

мемлекеттік мекемелерде объектілерді пайдалану икеміне дағдыландыру мен жетілдіруге бағытталған.

Жоғарыда айтылған негізінде көздері көрмейтін мектебінің түлектері мен көзі нашар көретін балаларды кеңістікте бейімделу әдісі мен олардың жинақылығы олардың үйренуінің дәлелі мен кепілі болып табылады. Бұл дағдылар мектеп бітірген соң мекеме немесе кәсіпорын, жеке немесе жалданатын тұрғын үйде тұру, жеке еңбек пен тұрмыстық қызметте кеңістікте қозғалу кезінде өздігінен қызмет етуде қажетті болады.

Ұсынылып отырған бағдарламаны енгізу III-IV типті (коррекциялық) арнайы мектебінің негізінде жүзеге асырылды. Практикалық және зерттеу жұмыс авторларының нәтижелері, олар қолданған тифлопедогогикалық әдебиеттерден алынған әдістемелік ұсыныстар ұсынылып отырған кітап негізіне енді.

Жұмыс оқушыларды кеңістікте бейімделуіне, сонымен қатар сәйкес сабақтарды өткізудің әдістемелік ұсынымдарды оқыту мазмұны мен оны жоспарлауды қамтиды.

Сонымен қатар, құрал негізінен кеңістікте бейімделудің арнайы сабақтары бар көзі нашар көретін балалар мектебінің оқушыларына сабақ беретін оқытушыларына арналған. Бірақ құрал мазмұнын аталған мектептердегі барлық мамандарға таныстыру керек (мысалы, тифлосемінарлар жүйесі арқылы). Кітап көзі нашар көретін балалардың ата-анасына да пайдалы кеңес болады.

1.2.5-12 сыныптарындағы көздері көрмейтіндер және нашар көретін оқушыларды кеңістікке бейімделуге және жинақтылыққа үйретудің базалық бағдарлама нұсқасы

Кеңістікте бейімделу
сабақтарында оқытылатын
негізгі тақырыптар
БЕСІНШІ СЫНЫП (102
сағат)

Кіріспе (3 сағат)

Тақырыптар	Теория (сағат)	Практика (сағат)
1.Көрмейтіндер мен көзі нашар көретіндердің өз бетінше өмір сүруінде өздігінен кеңістікте бейімделу дағдыларының маңызы. Оқушылар кеңістікте бейімделу дағдыларын айқындау. Кеңістікте бейімделу үшін қалған талдаудың бастапқы дайындық деңгейін зерттеу. Диагностика	1	1,5
2. Көру қабілетібұзылған тұлғалардың жинақылық жүйесі: троссыз қозғалыс, белгілейтін троспен қозғалыс, алып жүрушімен қозғалыс, жетекші итпен қозғалыс.	0,5	
Барлығы:	1,5	1,5

Бөлмелерде бейімделу (26 сағат)

Тақырыптар	Теория (сағат)	Практика (сағат)
1. Ғимараттар мен бөлмелердегі қозғалыс. Қайталау: бөлмелерде және ғимараттарда троссыз қозғалу әдістері, троспен қозғалу, көруді қолдана отырып қозғалу. Заттармен соқтығысу кезінде денені қорғау әдістері. Бөлмені зерттеу кезінде тросты қолданудың әдістері. Көп заттармен толтырылмаған, бірақ дәліздері, бұрылыстары, терезелері, қуыстары, басқыш алаңы, алаңы және т.б. бар бөлмелерде қозғалу. Қайталау. Зерттелген (таныс) бөлмеде қозғалу. Қателерді талдау.	2	-
	-	2

Таныс емес бөлмелерде өз бетінше қозғалу.	-	2
2. Көздері көрмейтіндер мен көзі нашар көретіндермен бөлмелерді және ғимараттарды зерттеу әдістері. Бөлмелердегі заттарды зерттеу әдістері.		1
3. Бөлмелер мен ғимараттар туралы негізгі түсінік, ғимараттар мен бөлмелердің түрлері, бөлмелер мен ғимараттардағы негізгі бағдарларды оқушылардың көру функциялары жағдайын ескере отырып көрсету. Жаңа бөлмелердегі практикалық сабақтар.	1	-
4.Бөлмелер мен ғимараттарда бейімделу: дүкендер, байланыс бөлімдері.	-	2
5. Тұрмыстағы кеңістікте бейімделу. Мектепте: тумбочкада, партада, шкафта. Үйде – шкафта, қабырғалы жиһазда және т.б.	-	5
6. Таныс бөлмелерде емін-еркін бейімделу. Бақылау сабағы.	1	1
7. Өткен материалды бекіту.	-	3
Барлығы:	4	22

Қалада бейімделу (59 сағат)

Тақырып тар	Теория (сағат)	Практика (сағат)
1. Қала туралы түсінікті қалыптастыру. Қала туралы негізгі түсінікті қалыптастыру (географиялық жағдайы мен жер бедері, аудандар саны, солтүстіктен оңтүстікке және батыстан шығысқа қарай ұзындығы; алаңдар, театрлар мен т.б.) Қозғалу ережелері: оң жақ қозғалысы (ерекшеліктері), қозғалыс кезіндегі басты бағдарды бөлу; тұрақты және уақытша кедергілер және т.б.	1 2	- -
2. Қаланы зерделеу әдістерін зерттеу. Шығу нүктесін, есеп нүктесін таңдау; мектепке жақын көшелерді және бұл көшелердегі негізгі объектілерді(бағдарларды) зерделеу мен зерттеу және т.б.	2	4
Көше элементтерімен терең танысу: жол, көгал, жаяу жол, үйлер, жақтаулар (қоршаулар), кіру жолдары (кіру жолдарына жақындау ережелері), бұта және т.б. Мектепке жақын көшелері бойынша жүру ережелері (көшеден өтүсіз).	-	10

2	1.2 Менің үйім	4.1.2.1 тұрғылықты мекен-жайын, үйге баратын жолды білу 4.1.2.2 отбасында өзін ұстауды білу 4.1.2.3 үлкендердің еңбегін бағалау, отбасында қолынан келетін шаруаларды орындау 4.1.2.4 өзінің үйдегі міндеттерін орындау		
3	1.3 Мектеп	4.1.3.1 сыныптастарының аты-жөнін айта білу 4.1.3.2 мектептің адам өміріндегі маңызын білу 4.1.3.3 мектеп қоғамдастығында ұжымдық, топтық, жеке қарым қатынастың нормаларын білу 4.1.3.4 білім алушының өзін өзі дұрыс ұстау ережелерін орындауы 4.1.3.5 мұғаліммен тәрбиешіге атымен әкесінің атын қосып айтуды үйрену		
		Табиғат.		

4	2.1 Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер	<p>4.2.1.1 жыл мезгілдерінің белгілерін білу, жыл мезгілдеріне өсімдіктермен, жануарлардың тәуелділігін және олардың тіршіліктеріндегі өзгерістерді білу</p> <p>4.2.1.2 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылау</p> <p>4.2.1.3 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді жылдың әр мезгілінде бақылау</p> <p>4.2.1.4 жазда табиғаттағы маусымдық өзгерістерді: ыстық, құрғақ күндер, жылы жаңбыр, шөптердің гүлдеуі. Жазғы өнімді жинау</p> <p>4.2.1.5 жылдың әр мезгілінде балалардың ойынын ойнай білу</p> <p>4.2.1.6 бау бақшадағы жаз және күз мезгілдеріндегі еңбектің түрлерін білу</p> <p>4.2.1.7 жылдың әр мезгілінде балалардың ойынын білу және ойнау</p>		
5	2.2 Өсімдіктер	<p>4.2.2.1 жергілікті жерде көп таралған көкөністің түрлерін білу көкөністер мен жемістерді сыртқы пішінінен айыру</p> <p>4.2.2.2 іс- тәжірибе жұмыстарын атқару</p> <p>4.2.2.3 бұтаны ағашпен саластыру</p> <p>4.2.2.4 жергілікті жерде ең көп таралған ағаш туралы білу</p> <p>4.2.2.5 ағаштардың бөліктері туралы айтуға ұмтылу</p> <p>4.2.2.6 үй өсімдіктерін атауға, ажыратуға ұмтылу</p> <p>4.2.2.7 тәжірибелік жұмыстар: үй өсімдіктерін күту (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту). ағаштарды, бұталарды, гүлдерді атау</p> <p>4.2.2.8 ағаштардың бөлшектерін ажырата білу: тамыры, діні, ұшар басы</p> <p>4.2.2.9 үй өсімдіктерін ажырата және айта білу: ірі жапырақты фикус, бегония</p> <p>4.2.2.10 тәжірибелік жұмыстар: үй өсімдіктерін күту (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту).</p> <p>4.2.2.11 үй өсімдіктерін дұрыс күте білу (суғару, жапырақтағы шаңды сүрту, сыныпта дұрыстап қою)</p> <p>4.2.2.12 ағашты, бұтаны, гүлді дұрыс ажырата, салыстыра білу</p>		
6	Жануарлар.	<p>4.2.3.1 үй жануарлары туралы білімін кеңейту, нақтылау: үй жануарларының төлдерінің атын атауға ұмтылу. Үй жануарларын күтуге жәрдемдесуге талпыну (демалыс кезінде)</p> <p>4.2.3.2 тірі бұрыш жануарларын білу. «Қоян»: негізгі дене мүшелерін, азығын, қозғалысын</p> <p>4.2.3.3 қасқыр, қоян жабайы жануарлары туралы</p>		

		<p>түсінігі болу.</p> <p>Сыртқы пішінімен, тіршілік салтымен танысу</p> <p>4.2.3.4 жергілікті құстар туралы түсінігінің болуы: көгершін, торғай, ақ тұмсық қарға, караторғай</p> <p>4.2.3.5 жыл құстары және қыстайтын құстар туралы білу. Құстарды жақын жерден қадағалау</p> <p>4.2.3.6 жәндіктерді білуге ынталану: құмырсқа, шыбын, қанқыз, шегіртке. Оларды атау және сыртқы пішінінен тану. 4.2.3.7 жануарлар, құстар, жәндіктерді ажырату және жалпылау</p>		
		Менің Отаным - Қазақстан.		
7	3.1 Менің қалам, ауылым	<p>4.3.1.1 қала мен ауылдың айырмашылығын білу</p> <p>4.3.1.2 өзінің қаласындағы, ауылындағы негізгі ғимараттардың пайдалану мақсатын білу. Дүкен, мәдениет үйі, емхана, мектеп</p> <p>4.3.1.3 Қазақстан Республикасында тұратынын білу. Олардың қаласы, ауылы Қазақстанда орналасқанын түсіну</p> <p>4.3.1.4 Қазақстан Республикасының астанасын білу</p>		
8	3.2 Көлік. Жолда жүру ережесі	<p>4.3.2.1 жолда жүру ережесі, көшеден өту ережесі, бағдаршам белгісі туралы білімін бекіту</p> <p>4.3.2.2 балалардың өзін-өзі қоғамдық орында (көшеде, көлікте, мұражайда) ұстау тәртібін білу</p> <p>4.3.2.3 көшеде өзін-өзі ұстау; жүргіншілерге арналған жолмен жүру, жолдан өтуді білу</p>		

Есік қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектеп-интернаты
Мұғалім -дефектолог: Ережепбоева Анаргуль Кемеловна

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта
білім беру деңгейінің 5 сыныбы үшін «Математика»
пәнінен бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасы**

Түсінік хат

Бұл бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасы инклюзивті білім алушының психо-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылуы керек, яғни білім алушының танымдық қабілеттерінің және тілдің даму деңгейлерін есепке алып, оқушының шамасы мен қабілетіне негізделіп жасалынды.

Бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасының негіздемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 137- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 355-қосымшасы «**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныптары үшін «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**»

Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларды қоғамға сәтті кіріктендіруге және оларды тәуелсіз еңбек әрекетіне дайындауға ықпалдасатын қолжетімді математикалық білім, икем және дағдыларды қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне, шаруашылық-еңбектік әрекеттері және қолжетімді кәсіпті меңгеруге мүмкіндік беретін қажетті математикалық білім, икем және дағдыларды қалыптастыру;
- 2) танымдық аймағының дамуындағы кемшіліктерді еңсеру, жағымды эмоциялық-еріктік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- 3) сабаққа қызығушылығын арттыру, басқа балалармен және ересектермен ынтымақтастық орната білу.
4. Математика пәні білім алушыларға арналған оқу жоспарының негізгі жалпы білім беретін пәндердің бірі. Білім алушыларға математиканы оқыту зиятындағы кемшіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады және практикалық бағыттылыққа ие.
5. Оқу бағдарлама оқытудың әр кезеңінде жаңа білімге, есептеу және өлшеу икемдері мен дағдыларына негіз болатын өткен тақырыпты қайталауға мүмкіндік беретін концентрлік ұстанымға сәйкес құрылған.

Оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) **5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;**

Математиканы оқыту барысында мына пәндермен «қазақ тілі», «әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «кәсіби-еңбек» ,«бейнелеу өнерімен», «география және жаратылыстану», «қазақстан тарихы» пәндерімен пәнаралық байланыс орнату қажет:

Математика сабақтарында кәсіби-еңбектік мазмұны бар есептер шағарылып, практикалық тапсырмалар және бақылау, өзіндік жұмыстары орындалады;

Осы бағдарламадағы оқу материалын оқу жылы бойынша бөлу үлгі ретінде берілген. Әр тақырыптың оқу материалын меңгеруге берілетін сағат санын мұғалім өзі белгілейді. Мұғалім білім алушыларға хабарланатын математикалық білімнің тереңдігі мен көлемін сынып білім алушыларының құрамын ескере отырып реттейді.

Жаңа тақырыпты зерделеуге, шешім қабылдауға В.В.Воронкованың топтамасы бойынша 1 және 2 типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын сәтті меңгеруі негіз болады. Білім алушыларға қолжетімді оқу материалын даярлауда , яғни сабақта топтық және жеке жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің 5 - сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Қайталау: (4 сағат)

1) 1-100 сандарының нумерациясы. 1, 10, 100 – есептік бірліктер.

11. 1-1000 сандарының нумерациясы: **(20 сағат)**

1) толық жүздіктердің құрылуы және жазылуы. Толық жүздіктердің сандық қатардағы кезеңділігі. Толық жүздіктерді салыстыру. Бірінші ондықтарды салыстыру, толық ондықтар және толық жүздіктерді салыстыру;

2) толық жүздіктер және ондықтардан, толық жүздіктерден, ондықтардан және бірліктерден, толық жүздіктерден және бірліктерден тұратын сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы;

3) разряд туралы түсінік. Разрядтар: бірліктер, ондықтар, жүздіктер. Разрядтік кесте. Сандардың ондық құрамы. Сандағы таңбалардың орналасу мағынасы;

4) сандар қатарындағы сандар кезегі. Сандар қатарының негізгі қасиеті;

5) сандарды салыстыру. Біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы сандар;

6) жұп және тақ сандар;

7) сандарды ондықтарға, жүздіктерге дейін толықтыру;

8) сандарды 1 ден 12 ге дейін рим сандармен нөмірлеу;

9) калькулятордың құрылымы және онымен жұмыс жасау ережесі.

2. Қосу және азайту: (20 сағат)

1) 100-ге дейін қосу және азайтуды қайталау. Разрядтан асып 100-ге дейін ауызша қосу және азайту;

2) 1000 көлемінде разрядтан аспай ауызша есептеу әдістерімен қосу және азайту (есептеу жоғарғы разрядтардан басталып, мысал жолға жазылады). Жақша ішіндегі мысалдарды орындау реті. Сандарды салыстыру;

3) 1000 көлемінде разрядтан асып жазбаша есептеу әдісімен қосу және азайту (мысалдар бағамға жазылады);

4) қосу мен азайтуды тексеру. Теңдеу.

3. Көбейту және бөлу:(14 сағат)

- 1) көбейту және бөлу кестелерін қайталау;
- 2) еселік сандарды салыстыру;
- 3) көбейту және бөлу кезіндегі бір және нөлдің қасиеті;
- 4) кестеден тыс көбейту және бөлу: толық ондықтарды біртаңбалы санға көбейту және бөлу (30×3 , $60:3$), разрядтан аспай екітаңбалы санды біртаңбалы санға көбейту және бөлу (12×3 , $36:3$);

14. Мәтінді арифметикалық есептер: (20 сағат)

1) қосындыны, қалдықты, санды бірнеше бірлікке көбейтуге және азайтуға арналған, белгісіз қосындыны, азайтқышты, азайтындының мәнін табуға, еселеусандарды салыстыруға арналған қарапайым мәтінді есептер. Көбейтіндіні табуға, бірдей бөлшектерге бөлуге, мазмұны бойынша бөлуге, санды бірнеше рет көбейтуге және азайтуға, еселеусандарды салыстыруға арналған қарапайым мәтінді есептер;

2) сандарды бірнеше бірлікке көбейту (азайту) және бірнеше бірлікті қосу (азайту) есептерін салыстыру. Сандардың азайтқышын және еселеу сандарды салыстыруға арналған есептер;

3) көлемдерді сәйкестендіруге арналған қарапайым мәтінді есептер: баға, саны, құны, жолы, уақыты, қашықтығы;

4) 2-3 амал орындауды талап ететін құрылымды арифметикалық есептер;

5) есепті қысқаша жазу. Қарапайым есепті жауабымен жазу, құрылымды есепті – түсініктемесімен немесе әр амалға сұрағы және толық жауабымен жазу. Есептің шешімінде сандардың аталуын жазу міндетті.

15. Құн өлшемдері:(20 сағат)

1) құн бірліктері: теңге және тиын. Белгілеу: теңге – тг., тиын – тн. Сәйкестігі: 1 тг. = 100 тн. Монеталар және қағаз ақшалар: 100 тг., 200 тг., 500 тг., 1000 тг. Оларды айырбастау және ұсақтау;

2) ұзындық өлшемі. Ұзындық бірліктерін қайталау: миллиметр, сантиметр, дециметр, метр. Сәйкестігі: 1 см = 10 мм, 1 дм = 10 см, 1 м = 10 дм, 1 м = 100 см. Ұзындық бірлігі километр. Белгілеу: км. Сәйкестігі: 1 км = 1000 м, 1 м = 1000 мм;

3) салмақ өлшемі. Салмақ бірліктерін қайталау: килограмм, центнер және олардың сәйкестігі. Салмақ бірліктері: грамм, тонна. Белгілеу: г, т. Сәйкестігі: 1 т = 10 ц, 1 т = 1000 кг, 1 кг = 1000 г. Гирлер, таразы, оларды қолдану. Таразыны пайдалану арқылы заттардың салмағын анықтау;

4) уақыт өлшемдері. Уақыт бірліктерін қайталау – сағат, минут, секунд, тәулік, апта, ай, жыл. Уақыт өлшемдері бірліктерінің сәйкестігі. Бір жылдағы күндер саны. Кәбиса жыл.

16. Көрнекі геометрия элементтері:(10 сағат)

1) қайталау: нүкте, сызық, кесінді, кесіндінің ұзындығын өлшеу, берілген ұзындықтағы кесіндіні салу. Бұрыштардың түрлері. Үшбұрышты сызғыштың көмегімен тік, доғал, сүйірбұрыштарды құрастыру;

2) сызу үшбұрыштың көмегімен шаршы және тіктөртбұрышты берілген ұзындықтары бойынша құрастыру;

3) дөңгелек, шеңбер. Центрі, радиусы. Берілген радиус бойынша циркульдің көмегімен шеңбер құрастыру;

4)үшбұрыштарды бұрыштарының түрлері бойынша бөлу: тікбұрышты, сүйірбұрышты, доғалбұрышты; қырларының ұзындығы бойынша: тең бұрышты, тең қырлы, түрлі қырлы.

17.) Жай бөлшектер(20 сағат)

1. Үлес. Жай бөлшектің жазылуы оқылуы.Бөлшектің қасиеті.Бөлімі бірдей бөлшектерді қосу,азайту.Аралас сандар.Аралас сандарды салыстыру

18)Ондық бөлшектер (14сағат)

1) Ондық бөлшектерді қосу.Ондық бөлшектерді азайту. Салыстыру. Ондық бөлшектерді көбейту.Ондық бөлшектерді азайту.Көбейту.Бөлу

Қайталау есептері (12 сағат)

Бақылау жұмыстары және қатемен жұмыстар **(16сағат)**

5- сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер.

1. Білім алушылар:

1) 1-ден 1000-ға дейінгі сандардың айтылуын және сандар қатарындағы орнын;

2) үштаңбалы сандардың ондық құрылымын;

3) есептеудің ауызша тәсілдерін қолданып, 1000 көлемінде сандарды қосу және азайту,амалдарын орындауды;

4) есептеудің жазбаша тәсілдерін қолданып, 1000 көлемінде сандарды қосу және азайтуамалдарын орындаудыбіледі деп күтіледі.

Білім алушылар:

1) 1-ден 1000-ға дейінгі сандарды ретімен айтуды және жазуды;

2) 1000 көлемінде сандарды оқып, есепшотқа салыпжәне салыстыруды;

3)есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін қолданып, 1000 көлемінде сандарды қосу және азайту амалдарын орындауды;

4) сызу үшбұрыштың, сызғыштың, циркульдің көмегімен геометриялық фигураларды сызуды орындауды;

5) зерделенген мәтінді арифметикалық есептерді шығаруды; Жай бөлшектер мен ондық бөлшектерді қосу,азайту ,салыстыру амалдарын меңгереді деп күтіледі.

Пәні:Математика

Сабақ тақырыбы: Ондық бөлшекті қосу , азайту.

Сабақ мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға ондық бөлшекті қосу, азайту амалдары туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Оқушылардың өз бетінше қосып, азайтып есеп шығара білуге, ойлауға, санауға деген қабілетін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.Есте сақтауға үйрету.

Тәрбиелік: Ұқыпты, шапшаңдыққа, таза жазуға үйрету.

Сабақ типі: Қайталау сабақ.

Сабақ әдісі: Ой-қозғау. Сұрақ-жауап.Есеп шығару.

Көрнекілігі: Слайд, карточка, жұмбақ есептер.

Сабақ барысы:

I.Ұйымдастыру: Сәлемдесу. Түгендеу. Балалар назарын сабаққа аудару.

Психологиялық жаттығу.

Күн жарығын алақанға саламын,

Жүрегіме басып ұстай қаламын.

Ізгі әрі нәзік ,жанды мейірімді.

Болып кетер сонда дереу жан-жағым.

II. Сабақ мақсат- міндетін анықтау.

Сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

III.Оқу материалын жинақтау, жүйелеу.

Үй тапсырманы тексеру.

№ 74.

$14,37 + 18,49$

$35, 250 - 10,150$

$34,40 + 15,90$

а)Ондық бөлшек деп қандай бөлшекті атаймыз?

б) Ондық бөлшектің разрядтарын атаңдар?

в) Ондық бөлшекті жазғанда бірлікпен ондық үлестің арасындағы үтір нені білдіреді?

Ауызша санату.

Санды топ-тобымен санату 3-30; 30 дан 300; 300ден 3000 (тура санату)

30-3; 300 -30; 3000-300 (кері санату)

Карточкамен жұмыс.

Он асықтың үшеуін

Досың сұрап алады.

Айтшы, сонда нешеуі,

өз қолыңда қалады. Ж.(7)

Оқулықпен жұмыс. №76

$$\begin{array}{r} 41,09 \\ + 0,793 \\ \hline \end{array} \qquad \begin{array}{r} 61,3 \\ - 4,99 \\ \hline \end{array}$$

Санды бірдей үлес түрінде жазу.

9,09; 27,009; 3,2; 779,99; 0,3

66,60 – 23, 37

45,500+ 38, 300

Өздік жұмыс:

Математикалық диктант.

40,06 ; 40,009; 71,2; 79,03;

6,033; 81,008; 6,004; 11,009 бөлімсіз жазыңдар.

Сергіту сәті:

Ойнап- күліп аламыз.

Оқып білім аламыз,

Сөзжұмбақтар шешеміз

Жетілсін деп санамыз.

Есеп: Шаңғышы бірінші сағатта 14,39 км ал екінші сағатта одан 1,67 км артық сырғанады?

I- 14.39 км

II-?-1,67 км

Шаңғышы екі сағатта неше км сырғанады?

14,39 км

14,39 км

+ 1,67 км


+ 16,06 км

16,06 км

30,45 км

Жауабы: екі сағатта шаңғышы 30,45 км сырғанады.

Сөзжұмбақ шешу:



1.«Көп» ұғымына қарсы ұғым

2.Ұзындық өлшемі

3.Салыстыру белгісі

4.Азайту компоненті

5.Мезгіл

Жеке оқушымен жұмыс. Тапсырмалар беру.

Кестедегі бос торкөздерді толтыр?

Қосылғыш	10	16	20	?
Қосылғыш	?	8	?	8
қосынды	17	?	32	24

Логикалық есептер.

1. Аю бір аяғымен тұрғанда 100 кг, ал екі аяғымен тұрғанда неше кг?

2. 4 кг қант көп па, әлде 4 кг тұз көп па?

3.Бес бұтақты ағашта

Бұтақ сайын екі алма.

Біреуін бер Маратқа

Сонда қалды неше алма? Ж (9)

4.Алма ағашта 4 алма

Қандай тәтті жесе алма

Төртеуінде жеп қойсам,

Қалады сонда неше алма? Ж(0)

ІҮ. Сабақ қорыту.

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

Не үйрендік?

Не білдік?

Бағалау:

Ү. Үйге: №79 есеп

**Есік қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектеп-интернаты
Мұғалім -дефектолог: Анаркулова Гулзат Габитовна**

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім
беру деңгейінің 7 сыныбы үшін «Қазақ тілі» пәнінен бейімдетілген үлгілік
оқу бағдарламасы**

Түсінік хат

Бұл бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасы инклюзивті білім алушының психо-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылуы керек, яғни білім алушының танымдық қабілеттерінің және тілдік даму деңгейлерін есепке алып, оқушының шамасы мен қабілетіне негізделіп жасалынады.

Бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасының негіздемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 130- қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 348-қосымшасы «**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)**»

Оқу пәнінің мақсаты - білім алушыларды оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс оқып, мағынасын түсінуге үйрету;
- 2) ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өз ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізе білуге үйрету;
- 3) білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгеру;
- 4) диалогтық және монологтық сөйлеу (ауызекі, жазба тіл) дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, өз сөзінің дұрыс айтылуын өзі бақылау машығын дамыту;
- 5) білім алушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру.

Қазақ тілі барынша қарапайым тұрғыда жүргізіледі.

Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында аса маңызды дидактикалық міндеттер де шешіледі:

- 1) жалпы оқу дағдысы мен машығын қалыптастыру;

2) білім алушылардың қоршаған орта, дүниетаным туралы (адам, табиғат) түсініктерін қалыптастыру;

3) балаларға патриоттық тәрбие беру.

Оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта аптасына - 3 сағат, оқу жылында - 102 сағат;

Оқу бағдарламаның жетістіктерін бағалау нәтижесінде білім алушының қажеттілігінен туындаған мүмкіндіктерін аша түседі. Мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігін ескеріп, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленген, берілген тақырыптар үнемі қайталанып білім алушының зейінін және есте сақтау қабілетін дамытып отырады. Педагог балаға түсінікті, қолжетімді оқу материалдарымен жұмыс жүргізеді.

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыға қазақ тілін оқыту барысында осы айтылған ерекшеліктерді басшылыққа ала отырып, бағдарламаның бүкіл мазмұны, жүйесі балалардың сөйлеу әрекеті мен білім дағдылары, таным әрекеттерін іс жүзінде қалыптастыруға, дамытуға, меңгеруге бағытталған. Бұл процесс тыңдау, қабылдау, оқу, сөйлеу, жазу мәдениетін игеруге орфографиялық жаттығулар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Негізгі жұмыс түрі-сабақ.

Қазақ тілін оқытудағы әдіс-тәсілдердің түрлері:

- 1.Түсіндіру әдісі. Бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, жатады.
2. Кітаппен жұмыс істеу әдісі: Мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау - ережес, түсініктер, жоспар, газет, журнал, сөздікпен, т.б. жұмыстар.
3. Көрнекілік әдіс, экскурсия, таблица, сурет, кесте, үлестірме парақшалар пайдалану т.б.
4. Техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс: экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің тағы бір түрі: компьютермен жұмыс, интерактивті тақта т.б.
5. Жаттығу әдісі, ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.
- 6.Баяндау әдісі. Қазақ тілінен оқушыларға белгілі тақырып бойынша берілетін білімді мұғалімдердің түсіндірудегі әрекеті - ауызша баяндаудан басталады. Әңгіме әдісі - жаңа материалды түсіндіргенде жүргізілетін әдіс немесе сұрақ-жауап әдісі.

Оқу пәнінің 7 - сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Қайталау (6 сағат):

Сөйлем түрлері. Жай және жайылма сөйлемдер. Жақты, жақсыз сөйлемдер. Толымды және толымсыз сөйлемдер. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Қос сөздер туралы жалпы түсінік, анықтамасы, емлесі. Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қос сөздер. Олардың емлесі. Әр түрлі сөздермен

жасалған қос сөздер, олардың емлесі. Түбір сөз. Қосымша жалғау, жұрнақ. Түбір сөз. Туынды сөз. Туынды сөз жасайтын жұрнақтар. Түбір сөз бен туынды сөзді салыстыру, олардың айырмашылығы.

2. Дыбыс және әріп (9 сағат):

Дауысты және дауыссыз дыбыстар түрлерін ажырату, оларға дыбыстық талдау жасау, жазылу емшелерін бекіту.

3.Сөз (15 сағат):

Сөз құрамына талдау жүргізу, қосымша түрлерін білу, ажырату, дұрыс қолдануға жаттықтыру. Жұрнақ және оның түрлерін ажырату. Туынды, түбірлес сөздерді еске түсіріп, оларды талдай білу. Жалғау және оның түрлерін ажырату.

4. Сөз таптары (27 сағат):

1) Зат есім. Зат есімнің анықтамасын, сұрақтарын еске түсіріп, мысалдар келтіру. Зат есімнің түрлерін білу, анықтамаларын еске түсіру. Негізгі зат есімге мысал келтіру. Туынды зат есім жұрнақтарын білу. Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтарды қолданып, сөзөзгерту, мағынасына көңіл аудару. Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып, сөзөзгерту. Зат есімнің септелуін еске түсіру, зат есімдерді үлгіге қарап септеу. Зат есімнің тәуелденуі. Тәуелдік жалғаулары. Зат есімнің тәуелдену үлгісі. Тәуелденген сөздердің емлесі және басқа сөздермен байланысы. Тәуелденген сөздердің септелуі. Септелген сөздердің басқа сөздермен байланысы;

2) Сан есім. Сан есімнің анықтамасын, сұрақтарын еске түсіру. Жинақтық сан есімнің анықтамасын, сұрағын (нешеу?) білу, мысал келтіру. Топтау сан есімнің сұрағын (нешеден? қаншадан?) білу, мысал келтіру. Болжалдық беретін сөздерді (жарты, сирек, жүздеген, ондаған) түсіну. Бөлшектік сан есімдер туралы түсінік беру, мысал келтіру. Ол сан есімнің мағынасын мәтіннен табу. Сан есімнің түрлерін жаттығу барысында ажырата білу;

3) Сын есім. Дара және күрделі сын есімдер, олардың емлесі. Қарсы мәнді сын есімдер. Сын есімнің сөйлемдегі сөздермен байланысы. Сын есімнің түрлерін еске түсіріп, мысалдар келтіру. Олардың емлесін жаза білу. Сын есімді қолданып заттарға сипаттама жаза білу;

4) Есімдік. Есімдік туралы жалпы түсінік, мысал келтіру. Есімдіктердің түрлерін тану, ажырата білу. Болымсыздық, жалпылау есімдік туралы түсінік беру. Жіктеу есімдіктері, олардың жекеше, көпше түрі, сұрақтар (кім? кімдер?). Есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрау;

5) Етістік. Етістіктің анықтамасы, сұрақтар қоя білу, мысал келтіру. Дара және күрделі етістіктер. Негізгі және туынды етістік, олардың анықтамасы. Туынды етістік жасайтын жұрнақтар. Етістіктің шақтары туралы түсінік беру, тәжірибе жүзінде меңгеру. Осы, өткен, келер шақтарының анықтамасын білу, сұрақ қою арқылы мысал келтіру.

5. Сөйлем (18 сағат):

Жай сөйлем, жайылма сөйлем. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері. Бірыңғай мүшелерінің интонациясы, тыныс белгілері. Бірыңғай мүшелермен сөйлем құрау. Оларды талдау;

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем. Оларды өзара салыстыру, ерекшеліктерін байқату, меңгерту. Үлгі және сызба бойынша сөйлем құрату. Қаратпа сөз. Қыстырма сөз. Олардың тыныс белгілері.

6. Байланыстырып сөйлеу (21 сағат):

Мазмұндама жазу барысында пікір айтуға машықтандырып, дәлелдей, қорытынды жасай білуге үйрету. Оқыған шығармалары бойынша, сурет бойынша шығарма жазу. Саяхат кезінде көргендері, алған әсерлері, іс-әрекеттері жайында шығарма жазу. «Кім болғым келеді», «Мектеп мені неге үйретті» деген тақырыптарға творчестволық шығарма жазу. Оқыған кітаптар туралы пікір жазу. Іс-қағаздары: қабырға газетіне мақала жазу (мазмұндық таңдау, өндірістік практика, мектепте жүргізілген қоғамдық жұмыстар тақырыбында), қолхат, өтініш, сауалнама, өмірбаян толтыруға үйрету.

7. Жыл бойында өткенді қайталау (6 сағат):

Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Дыбыстық талдау жасай білу. Сөз құрамына талдау жасау. Сөз таптарын ажырата білу. Жай, жайылма сөйлемдер құрастыра білу. Құрмалас сөйлемдерді ажырата білу. Бірыңғай мүшелерді қатыстырып сөйлем құрау. Мазмұндама жаза білу. Әр түрлі іс-қағаздарды толтыруға үйрету. 70-75 сөзден тұратын диктант жаза білу.

7 - сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер.

Білім алушылар:

- 1) мәтінді жатқа жаза, жазылғанды тексере;
- 2) сөздік құрамы бойынша талдай, жалғай, жұрнақтарды пайдаланып жаңа сөз құра;
- 3) сөз таптарын ажырата;
- 4) жайылма сөйлем құрай, бірыңғай мүшелермен жай сөйлем, жайылма сөйлем құрай;
- 5) мазмұндама және шығарма жаза;
- 6) іс-қағаздарын толтыра;
- 7) сөздікті пайдалана;
- 8) сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін;
- 9) сөз таптарын, олардың мағынасын;
- 10) жиі қолданатын жазу емлесін игере біледі деп күтіледі.

Қазақ тілі пәнінен үлгілік сабақ жоспары

Сабақтың тақырыбы: Сан есім

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік мақсаты: Оқушыларға сан есім туралы түсінік беру және сан есімнің заттың санын, ретін білдіретінін ұғындыру, сан есімге сұрақ қоя білуге және сандарды сөзбен жаза білуге баулу.

2.Дамытушылық мақсаты: Тақырыптық жаттығулар орындау арқылы ақыл - ойын, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойлау жүйесін дамыту, сөздік қорын молайту.

3.Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты да, таза, көркем жазуға, достыққа, адамгершілікке және туған жерін, елін сүйуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, пысықтау.

Көрнекіліктер: кесте, оқулық, бейнебаян, сандар, суреттер.

Сабақтың типі: жаңа сабақ

Сабақ барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі.

Балалармен амандасу. Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындықтарын тексеру.

Назарларын сабаққа аудару. Психологиялық дайындық.

- Екі көзің не үшін керек?

- Жақсыларды көру үшін.

- Екі құлағың не үшін керек?

- Ақыл - кеңес тыңдау үшін.

- Екі қолың не үшін керек?

- Елге көмек беру үшін.

- Екі аяғың ше?

-Туған жерде жүру үшін!- ендеше, балалар 12 мүшелерің сау болып, туған жерде үлкен азамат болып өсулеріңе тілектеспін.

2.Сабақтың мақсат-міндеттерін анықтау.

1.Сан есім туралы түсінік. Тақырып бойынша төменгі сыныптарда алған білімдерін шыңдау.

2.Бүгінгі сабағымыз үш бөлімнен тұрады: «Ойнап отыр, ойлап отыр», «Тыңда», «Пысықта»

3.Жаңа сабақты түсіндіруге дайындық кезеңі

1.БӨЛІМ. «Ойнап отыр, ойлап отыр»

- Қызығушылықтарын арттыру.

Әр түрлі сандарды қиып беру. Оны құрастырады. (жұппен жұмыс жасайды) .

Сол сандар бойынша бірнеше сұрақтар қойылады.

- Бұлар нелер?

- Сендерде қандай сан шықты?

- Ол неше таңбалы сан?

- Осы санның көршілерін ата.

- Мен сендерге неліктен сандар бердім деп ойлайсындар?

4. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі.

2. БӨЛІМ. «Тыңда»

- Тақырыппен жұмыс.

Біздің сыныпта сегіз оқушы бар. Айгүл Асанға үш-төрт кітап сыйлады.

- Кестемен жұмыс.

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешінші? нешеу? нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді **сан есім** дейді.

Сан есім дара және күрделі болады.

Дара сан есім бір сөзден тұрады. Мысалы: бір, екі, үш.

Күрделі сан есім екі немесе одан да көп сөзден құралады. Күрделі сан есімдердің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: он тоғыз, екі жүз алпыс бес.

Ал егер сөздер қосарланып келсе, арасына (–) таңбасы қойылады. Мысалы: жеті-сегіз, үш-төрт.

- Оқушыларға ережені дауыстатып оқыту.

- Жұмбақ есеп. Өлеңді оқып, сан есімдерді табу. Шешуін табу.

Бір топ бала тоғаннан,

Он бес балық ұстадық.

Бөліскенде оларды

Тиді әркімге үш балық.

Сынайын бір ал сені,

Бала саны қанша еді?

- Мағына тану.

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, тәрбиелік мәні, саналы орны болған.

Қазақ халқы кейбір сандарды киелі деп санаған. Мысалы: 3,7,9, 40
Сандар сөйлейді.3, 7, 9 сандарының артында жазылған.

- Үш биді атап бер.
- Жеті рет өлшеп, бір рет кес. / «Не істесең де ойланып істе.» деген мағынада/
- Білгенің бір тоғыз,
Білмегенің тоқсан тоғыз. / «Сенің білгеніңнен де білмегенің көп, сондықтан ізден, талаптан, білмегендеріңді білуге тырыс.» деген мағынада.\

-Қол саусақтарына жаттығу жасау. Беске дейін тура және кері санау.

-Оқулықпен жұмыс. Жаттығулар орындату.

3.БӨЛІМ. «Пысықта»

1-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сан есімдерді сөзбен жазыңдар.

7-3, 1854, 1921, 14, 1929.

Сөздік жұмысын жүргізу.

Бодандық-қол астында болу, құрамында деген мағынада.

«АЛМАТЫ» туралы бейнебаян тамашалау.

-Сергіту сәті.

1,2,3

Орнымыздан тұрамыз.

4,5,6

Аққу болып ұшамыз.

7,8,9

Орнымызға қонамыз.

2-жаттығу. Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз. Сөйлем құрап айт.

100ім, 5ік, 6бақан, к2лік, 1қазан, жел90, 3кір.

3-4 деңгейлі оқушыларға тапсырма:

а) Жазба жұмысы: Кк әрпін үлгі бойынша жазу

ә) Суреттегі зат атауларын ата.

б) Сұрақтарға жауап бер.

-Сыныпта қанша терезе бар?

-Сыныпта қанша парта бар?

-Неше шам бар?

-Сенің жасың нешеде?

5.Сабақтың қорытындысы және оқушыларды бағалау кезеңі.

-Қызық сан есімдер. Ойын-сауық.

Құрамында сан есімдер кездесетін жұмбақтар, санамақ, мақал-мәтелдер, өтірік өлең білесіңдер ме?

-Бүгінгі сабақтан не білдік?

-Сан есім дегеніміз не? Сұрақтары.

-Мысал келтіріңдер.

6.Үйге тапсырма беру.

Ереже жаттау. Бірнеше сан есімді қатыстырып сөйлем құрап жазу.

Есік қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты
Дефектолог: Мухаметова Айшегуль Махмутовна

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7 сыныбы үшін «География» пәнінен бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасы

Түсінік хат

Бұл бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасы инклюзивті білім алушының психо-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылуы керек, яғни білім алушының танымдық қабілеттерінің және тілдік даму деңгейлерін есепке алып, оқушының шамасы мен қабілетіне негізделіп жасалынады. Сондай-ақ, білім алушының жан-жақты дамуы мен оның ақыл-ойының дамуына бағытталуы керек.

Бейімдетілген үлгілік оқу бағдарламасының негіздемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 140- қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 358-қосымшасы «**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 6-9 сыныптары үшін «География» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**»

Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда қолжетімді географиялық түсініктер мен икемдерді қалыптастырып, оны күнделікті әрекеттерде пайдалану.

Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушыларға табиғи нысандар және қоршаған әлемнің аймақтық айырмашылығы туралы қарапайым түсініктерді мәлімдеу;
- 2) жеке табиғи құбылыстар арасындағы; адам мен табиғаттың арасындағы байланысты түсіндіру;
- 3) табиғатқа диалектикалық-материализм көзқарасын қалыптастыру;
- 4) табиғат және табиғат құбылыстарын жүйелі түрде бақылау арқылы білім алушылардың жеке тәжірибесін байыту;
- 5) білім алушыларда табиғатты қорғау санасын тәрбиелеу;
- 6) көрнекі-бейне және сөйлеу-логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ету; сөздік қорын кеңейту, білім алушылардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

География оқу пәні ретінде үлкен оқу маңызына ие, сонымен қатар ақыл-ойы жеңіл түрде кешеуілдеген балалардың танымдық және тұлғалық дамуының кемшіліктерін еңсеруге ықпал етеді.

Бағдарлама концентрлік ұстаным бойынша құрылған. Қазақстан географиясы әр концентрдің негізгі мазмұнын құрайды. 7-сыныпта білім алушылар Қазақстанның табиғаты туралы оқиды.

Оқу жүктемесінің көлемі:

7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Бағдарлама білім алушылардың «Айналадағы әлем» пәні бойынша алдыңғы дайындықтарын ескеріп құрылған. Географияны оқу процесінде келесі: «Жаратылыстану» (топырақ, пайдалы қазбалар, су қоймалары), «Тарих» (өз өлкесінің тарихы), сонымен қатар ана тілі, әдебиет, математика және басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнатылады.

Ақыл-ойы кем білім алушыларда оқып жатқан түсініктердің шынайы болмысын қалыптастыру үшін оларға практикалық жұмыстарды жүйелі түрде ұсынылады, бақылау, табиғатқа саяхат ұйымдастырылады.

Бағдарламаның тақырыптарына және бөлімдеріне сағат бөлу үлгі ретінде берілген. Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарының жалпы сағат санының шеңберінде нақты материалды оқыту үшін мұғалімге өздігімен уақыт көлемін анықтау мүмкіндігі беріледі.

Негізгі жұмыс түрі-сабақ.

Негізгі әдістер:

- салыстыру
- классификациялау және дифференциациялау
- күнделікті өмір жағдайларында қолдану

Негізгі тәсілдер:

- демонстрация;
- бақылау;
- жаттығу;
- әңгіме;
- оқулықпен жұмыс;
- өзіндік жұмыс.

Сабақ типтері:

- Жаңа білімді хабарлау сабағы (берілген материалмен жаңадан танысу)
- Білім-білікті қалыптастыру және бекіту сабағы (практикалық сабақ)
- Білім-білік, дағдыны тексеру және бағалау сабағы (бақылау-тексеру сабағы)
- Білімді жүйелеу және пысықтау сабағы (қайталау-пысықтау сабағы)
- Аралас сабақ

Оқу пәнінің 7 - сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Физикалық картадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) шекаралары (4 сағат):

- 1) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының пайда болуы;
- 2) ТМД құрлықтағы және теңіз шекаралары. ТМД рельеф ерекшеліктері;
- 3) ТМД ірі өзендері және көлдері.

2. Арктикалық шөлдала қорықтары (5 сағат):

- 1) картада орналасуы. Теңіздер мен аралдар;
- 2) климат. Табиғат ерекшеліктері;
- 3) өсімдік және жануарлар әлемі. Табиғатты қорғау;
- 4) халқы және оның негізгі кәсіптері;
- 5) солтүстік теңіз жолы. Солтүстік Мұзды мұхитының теңіздері. Навигация ерекшеліктері.

3. Тундра аймағы (8 сағат):

- 1) картада орналасуы. Аралдар және жарты аралдар;
- 2) рельеф және пайдалы қазбалар;
- 3) климат. Тундра су қоймалары;
- 4) өсімдіктер әлемі;
- 5) жануарлар әлемі;
- 6) шаруашылық. Халық және оның негізгі кәсіптері;
- 7) тундра қалалары;
- 8) солтүстіктің экологиялық мәселелері. Тундра табиғатын қорғау.

4. Орман аймағы (10 сағат):

- 1) картада орналасуы. Рельеф және пайдалы қазбалар;
- 2) орман алқабының климаты;
- 3) өзендер, көлдер, каналдар;

4) өсімдіктер әлемі. Қылқан жапырақты ормандар (тайга). Аралас және жапырақты ормандар;

5) жануарлар әлемі. Бағалы терілі аңдар;

6) орманды аймақ тұрғындары және олардың негізгі кәсіптері: өндіріс, ауыл шаруашылығы;

7) орманның пайдасы – орман өндірісі, аңшылық, балық аулау;

8) орман аймағының қалалары. Орманды қорғау. Орманда жүру ережелері.

5. Дала аймағы (8 сағат):

1) картада орналасуы. Жер үсті қыртысы және пайдалы қазбалар. Климат. Өзендер. Сумен қамтамасыз ету мәселелері. Дала өсімдіктерінің әлемі. Дала жануарлары;

2) шаруашылық. Халқы және оның негізгі кәсібі;

3) дала аймағының қалалары. Дала аймағы табиғатын сақтау.

6. Шөлдала және жартылай шөлдала қорғандары (6 сағат):

1) картада орналасуы. Рельеф және пайдалы қазбалар;

2) климат. Өзендер. Сумен қамтамасыз ету мәселелері;

3) ерекшеліктері және табиғатты қорғау. Өсімдіктер әлемі. Жануарлар әлемі;

4) халықтың негізгі кәсібі;

5) шөлдала және жартылай шөлдаланың қалалары.

7. Субтропик аймақтары (4 сағат):

1) картада орналасуы. Жердің сырт қыртысы. Климат. Табиғатты қорғау және ерекшеліктері;

2) субтропиктердің өсімдіктер және жануарлар әлемі;

3) халқы және оның негізгі кәсібі;

4) курортты қалалар. Субтропик табиғатын қорғау.

8. Таулы аймақтар (6 сағат):

1) картадағы орны. Рельеф және пайдалы қазбалар. Климат;

- 2) солтүстік Кавказдың табиғат ерекшелігі және шаруашылығы;
- 3) қалалары және Оралдың экологиялық мәселелері,
- 4) Алтай таулары. Халқы және оның негізгі кәсібі. Қалалары;
- 5) Шығыс Сібір таулары. Халқы және оның негізгі кәсібі. Қалалары;
- 6) қорытынды сабақ.

9. Қазақстан табиғаты (15 сағат):

- 1) Қазақстан. Тәуелсіз мемлекеттің құрылуы. Физикалық және саяси картадағы Қазақстан;
- 2) жер қыртысының негізгі түрлері. Пайдалы қазбалардың ірі кен орындары. Рельефтың табиғатқа, шаруашылыққа және адам өміріне әсері;
- 3) климаттық жағдайының ерешеліктері. Климаттың аймақтық айырмашылығы. Жергілікті жағдайдың қалыптасуына және адам денсаулығына әсер етуі;
- 4) Қазақстанның ішкі суларының ерекшеліктері. Республика аймағында өзендердің таралуы. Өзен және көлдерді шаруашылықта пайдалану. Су қоймаларын қорғау;
- 5) өсімдіктердің алуан түрлері. Өсімдіктердің адам өмірінде және табиғаттағы маңызы. Қазақстанда сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан өсімдіктердің түрлері. Өсімдіктерді қорғау;
- 6) Қазақстанның жануарлар әлемі. Жануарлардың адам өмірінде және табиғаттағы маңызы. Жануарлар әлемін қорғау заңдылықтары;
- 7) Қазақстандағы табиғат аймақтары: орманды дала, дала, шөл дала, таулы аймақ;
- 8) республика халқы. Қазақстан территориясында өмір сүретін халықтар мен ұлттар. Халықтардың салт дәстүрлері;
- 9) елорда – Астана, Қазақстандағы ірі қалалар, еліміздегі ғылыми, мәдени және өндіріс орталықтары.

10. Өткенді қайталау (2 сағат).

7 - сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер.

1. Білім алушылар:

- 1) ТМД-на кіретін мемлекеттер аттарын;
- 2) ТМД мемлекеттерінің табиғат қорғандарын;
- 3) олардың орналасуының климаттық жағдайлардан және теңіз үсті биіктігіне тәуелділігін;
- 4) түрлі аймақтардың табиғи жағдайларын;
- 5) әр табиғи аймақтың өсімдік және жануарлар әлемінің жарқын өкілін;
- 6) климат, өсімдік және жануарлар әлемінің, табиғи жағдай және халықтың кәсібі арасындағы өзара байланысты;
- 7) әр табиғи аймақтағы ірі қалаларды;
- 8) Қазақстанның географиялық орналасуының ерекшеліктерін;
- 9) Қазақстанның табиғи байлықтарын;
- 10) Қазақстанда табиғатты қорғауға арналған негізгі шараларды;
- 11) табиғатта өзін ұстау тәртібін **біледі деп күтіледі.**

2. Білім алушылар:

- 1) физикалық картада, жарты шар карталарында және глобуста ТМД елдерінің орналасуын;
- 2) физикалық картада, жарты шар карталарында және глобуста Қазақстанның шекараларын;
- 3) оқытылған табиғат аймақтаының макеттерін жасауды;
- 4) қоршаған ортаны қорғау бойынша қарапайым шараларын **меңгереді деп күтіледі.**

Бағалау жүйесі:

И.М Бгажнокова өзінің көптеген психолого-педагогикалық зерттеулерінен кейін төмендегідей бағалау жүйесін ұсынады:

Баға

% тапсырмалардың орындалуы

Қанағаттанарлық 35 – 50%

Жақсы 50 – 65%

Өте жақсы 65% тен жоғары

Білім алушылардың алуан түрлі тапсырмаларды орындауына байланысты, оларды 4 топқа бөледі:

1 топ (10-15%) - берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды, белсенді, оқу бағдарламасындағы материалды меңгере алатын балалар.

2 топ (25-30%) – оқу бағдарламасындағы материалды меңгеруі немесе қабылдауы баяу балалар.

3 топ (35-40%) – белсенділігі төмен білім алушылар, зейінінің тұрақсыздығынан тапсырмаларды орындауда көп қате жібереді. Бұл балалар барлық пәндерден жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытылады.

4 топ (10-15%) – жеке бағдарлама бойынша оқытылатын балалар, себебі негізгі бағдарламаның мазмұнын меңгеруі өте қиын, бұл балаларды әлеуметтік қолдау ретінде ғана оқытады.

Әр жеке бағдарламаның мақсаты – оқыту үдерісінде балаға кезеңдік жүйедегі педагогикалық қолдау жасау.

Дегенмен де, зердесі зақымдалған баланың білім, білік, дағдысын қорытынды тексеру және бағалауда оның осы пән бойынша даму деңгейін ескеру қажет. Оқушыны кейінгі оқу және практикалық іс-әрекетін көтермелейтін «баға» қойған дұрыс. Бірақ ешқандай бағалаудың нормативты стандарттарын зердесі зақымдалған балаға нақты қолдануға болмайды, сондықтан бағдарламадағы бағалау жүйесі ұсыныс ретінде ғана беріледі.

Пәні: География

Сынып: 7

Сабақ тақырыбы: Дала аймағының қалалары. Қарағанды қаласы.

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділігі: Оқушыға дала аймағындағы қалалардың бірі-Қарағанды туралы түсінік беру. Қарағандының географиялық орны, тарихы, өнеркәсіп салалары, мәдени орталықтары жайында мәлімет беру.
2. Түзете-дамытушылығы: Оқушының дүниетанымдық қабілеттерін, сабаққа белсенділігін, өз ойын еркін жеткізе білу, ой қорыту, есте сақтау қабілеттерін түзете-дамыту. Картамен жұмыс жаасау машығын жетілдіру.
3. Тәрбиелілігі: оқушыны ұқыптылыққа, әдептілікке баулу, өз елінің қалаларына деген қызығушылығын ояту.

Сабақ типі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: түсіндіру, анықтау, салыстыру, тапсырмалар орындау.

Сабақ көрнекілігі: Қазақстанның физикалық картасы, суреттер.

Пәнаралық байланыс: тарих

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, оқушының оқу құралдарын түгендеу. Назарын сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Сұрақ-жауап әдісін қолдану.

-Дала дегеніміз не?

-Дала аймағының халқы туралы не білесің?

-Дала аймағын мекендейтін халықтар қандай кәсіппен айналысады?

-Дала аймағының мал шаруашлығы жайында не білесің?

-Дала аймағыннн картадан көрсет.

III. Сабақтың мақсатымен таныстырып, өтілетін сабақтың ерекшелігін айту.

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Дала аймағының қалалары. Қарағанды қаласы» деп аталады. Дала аймағында орналасқан Қарағанды қаласы туралы толық мәлімет аласың.

IV. Жаңа материалды түсіндіру.

Мұғалім түсіндірмесі: Қарағанды қаласының географиялық орны.

Қазақстанның орталығына орналасқан қала-Қарағанды. Қала аумағы -543,3 шаршы километрге тең. Қарағанды-облыс орталығы, республика бойынша жер көлемі жағынан ең үлкен, экономикалық қуаты жағынан жетекші қаланың бірі. Халық арасында Қарағандыны «Кеншілер қаласы» деп атайды.

Қарағандының құрылу тарихы.

Бұл жерде алғашқы елді мекен бір жарым ғасыр бұрын көмір қазып алуға байланысты пайда болған екен. 1833 жылы қазақ жігіті Аппақ Байжанов (суретін көрсету) суыр інінің жанынан жылтыр қара тас тапқан. Оның тас көмір екендігі анықталып, кейіннен осы маңда қаланың ірге тасы көтерілді. Ал 1936 жылдан бастап облыс орталығына айналды.

Сергіту сәтін өткізу (міндетті түрде).

Қарағанды қаласының өнеркәсібі.

Қарағанды –ірі өнеркәсіп орталығы. Мұнда «Қарағанды-көмір», «Көміринвест», «Қарағанды маргарин зауыты», «Қарағанды-нан», «Қарағанды кәмпиті», ауыр машина жасау зауыты жұмыс істейді. Негізгі мамданған саласы-кокстелетін тас көмір өндіру. Онда 60 шахта, 2 ірі көмір алабы жұмыс істейді. (суреттер көрсету)

Жеңіл өнеркәсіп салалары тігін және трикотаж өнеркәсібі шахтерлерді киім-кешекпен қамтамасыз етеді. Құрылыс материалдарынан темір, бетон конструкциялары, блок жасау, кірпіш, әктас, шыны өндірістері дамыған. Қарағандыда ауыр машина жасау зауыты жұмыс істейді. Онда көмір өндіруге қажетті кеніш-шахта құрал-жабдықтарын, бұрғылау машиналарын, комбайндар мен крандар шығарады.

Қарағандының мәдени орталықтары: мұнда көптеген театрлар, мұражайлар, цирк, оқу орындары бар.Қалада демалыс саябақары, аквапарктер мен этнографиялық парктердің орны ерекше. Ескерткіштер көп (суреттерін көрсету) –Бұқар жырау ескерткіші, Абай Құнанбаевтың ескерткіші, «Тәуелсіздік монументі», «Шахтер даңқы» ескерткіші.

Оқулықпен жұмыс(егер оқулық болса, бірақ зердесі бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттың өзінде қазақ тілінде басылымнан шыққан арнайы «География» оқулығы жоқ)

Дәптермен жұмыс (алдымен саусақ жаттығуын жасату):

сабақ мазмұнына байланысты қысқаша жаздыру.

V. Жаңа сабақты бекіту.

Кескін картамен жұмыс.

Қарағанды қаласын кескін картада белгілеу.

«Иә, жоқ» ойыны

1. Қарағанды қаласының аумағы 543,3 шаршы километрге тең (иә)
2. Қарағандыда 60 шахта жұмыс істейді (иә)
3. Қарағандыда «Тойота» маркасындағы автокөлік шығарылады? (жоқ)
4. Қарағанды қаласында Аппақ Байжановқа ескерткіш орнатылған (иә)
5. Қарағанды қаласы тундра аймағына орналасқан (жоқ)
6. Қарағанды облыс орталығы (иә)

VI. Сабақтың қорытынды кезеңі:

-Не білдің?

-Не үйрендің?

-Нені білгің келеді?

Бағалау

VII. Үйге тапсырма: Тақырыпты оқу.